


Талас Омарбеков

# Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX-XV ғасырлар)



Талас Омарбеков

ҚАЗАҚ ТҮРКІЛЕРІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІ  
(IX-XV ғасырлар)

*Oқу құралы*

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2014

ӘОЖ 94 (574) (075.8)  
КБЖ 63.3 (5 қаз) я 73  
О 58

*Баснага әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
тарих, археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі  
және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор *Г. Жугенбаева*  
тарих ғылымдарының докторы, профессор *Г.Б. Хабиғсанова*  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент *Е.М. Үзекенов*

**Омарбеков Талас**

О 58 Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX-XV ғасырлар): оқу  
құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 396 б.

**ISBN 978-601-04-0355-0**

Бұл оқу құралында қазақ түркілерінің ежелгі және орта ғасырлардағы  
тарихына қатысты бұрын назардан тыс қалып келген деректер талданған.  
Сол деректер негізінде «Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихы»  
пәні бойынша оқытылатын негізгі курс пен автордың «Қазақтардың ғылыми  
тарихын жасаудағы шежіренін рөлі мен орны», «Орта ғасырлардағы қазақ  
мемлекеттілігі қалыптасуының этно-саяси мәселелері» атты элективті курс  
мәселелері жан-жақты сараланған.

Зерттеуде қазақ түркілерін құрғаған ру-тайпалық бірлестіктер мен Алаш  
қауымдастырылғының ежелгі түркілік тамырлары, олардың мемлекет құруышы  
үлтты қалыптастырудагы елеулі улесі накты айқындалған.

Еңбек тарих, археология және этнология факультеттерінің бакалавр-  
лары мен магистранттарына, сонымен бірге отан тарихына қызығушылық  
танытатын көпшілік оқырманға арналған.

**ӘОЖ 94 (574) (075.8)  
КБЖ 63.3 (5 қаз) я 73**

ISBN 978-601-04-0355-0

© Омарбеков Т., 2014  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

# **МАЗМУНЫ**

---

<b>KІРІСПЕ</b> .....	<b>5</b>
----------------------	----------

## **I ТАРАУ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

1.1. Бізге қазақ рулатының тарихы не үшін керек? .....	8
1.2. Рұлық таңбалар қайдан шықты? .....	13
1.3. Тарап таңбалы қазақ рулатының этностық тамырлары .....	19
1.4. Қазақ ру-тайпаларының ұрандарын білеміз бе? .....	26

## **II ТАРАУ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ФАСЫРЛАРДАҒЫ АРФЫҚАЗАҚ (ПРОТОҚАЗАҚ) ТҮРКІЛЕРІНІН ҚҰРЫЛЫМДАРЫ**

2.1. Қаңдының көне тарихы .....	34
2.2. Дулуу (Дулат) елі .....	42
2.3. Шанышқылы .....	52
2.4. Сарыуйсін қайдан шықкан? .....	60
2.5. Сіргелі тайпасының ежелгі тарихына көзқарас .....	69
2.6. Шапырашты тайпасының шығу тегі .....	79
2.7. Ошақтының тарихи тамыры: «Ошақ» па, жоқ әлде «Үш оқ»па? .....	88
2.8. Ыстының орта фасырлардағы тарихы .....	97
2.9. Албан тайпасының аргы тарихы .....	106
2.10. Ежелгі Сұан .....	116
2.11. Байырғы Керей (кереиттер) .....	125
2.12. Ежелгі Шато түркілері немесе Уақ бабалары .....	133

## **III ТАРАУ «АЛАШ» ҚАУЫМДАСТЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ЭТНО-ӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗДЕР**

3.1. «Жалайыр» этнониміне жаңаша көзқарас .....	145
3.2. Жалайылардың ежелгі этностық тарихы .....	160
3.3. Ежелгі Жалайыр тайпасы .....	195
3.4. Байырғы Конырат (олқұноуттар) .....	202
3.5. Тайпалардың Алшын атаяуна біргеуінің басталуы .....	218

3.6. «Бай» тайпалар бірлестігі қалай шыкты? .....	245
3.7. «Адай» этнонимі немесе тайпаның арғы тегі туралы .....	262
3.8. «Қара» атанған рулардың этностық бастаулары .....	289
3.9. «Найман» тайпалық бірлестігі .....	303
3.10. «Аргын» этнонимінің тарихи тамырлары .....	346
3.11. Қыпшактардың түркі тайпаларына этно-саяси ықпалдары .....	353
3.12. «Алаш» атауы және Алаш қауымдастыры .....	371
<b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>	<b>388</b>

Тәуелсіз ел болғанымыздың жылдан астам уақыт  
өтсе де қазақ халқының түркі дәуірінен бергі құрделі  
қалыптасу тарихы әлі де жүйелі түрде зерттеле қойған  
жок. Ол бүгінгі орта мектептер мен жоғары оқу орындарында  
білім алғыш жатқан шекірттерді тарихпен тәрбиелеуге сара жол  
аша қоймайтыны анық. Тәуелсіздігіміздің тәжірибесі көрсетіп  
отырғанындағы немесе тарих пәні индустримальық-инновациялық  
әдіспен оқытылу жолына түскен кезде тарихи білімді наси-  
хаттаудың жаңа жолдарын іздестіру алғашқы кезекке шықты.  
Осы түрғыдан қарастырғанда бүгінгі тарихты зерттейтін және  
одан қажетті тағылым алатын жаңа ұрпақ том-том болып жарық  
көрген, тарихымызды байырғы көзқарастармен түсіндіретін  
қасандық да консервативті ұстанымдарды қабылдамайтын болып  
барады. Демек, жаңа жағдайда тарихтан жазылатын еңбектер  
саясиolandыруға бой алдырмауы әрі Қазақстандағы мемлекет  
құрушы – қазақ халқының тарихын зерттеуге баса мән берілуі  
тиіс. Сондағанда қазақстандықтардың жаңа ұрпағы ата-баба  
тарихын білуге, туған халқының бүтінде Қазақстан деп аталатын  
ұлан-гайыр аймақта қалай ел болып қалыптасқанын және мем-  
лекеттіліктің негіздерін қандай қындықпен қалағандарын  
айқын да нақты түсінеді. Осылайша қазақ халқының жаңа  
ұрпағына шын мәнінде елін және туған жерін құрметтейтін  
азаматтар болып тәрбиленуіне жол ашылады деп ойлаймыз.  
Өкінішке орай бүгінгі тарих ғылымы бұл міндетті орындауға әлі  
де белсенділікпен кіріс қойған док. Оның, әрине, себептері көп.  
Олардың ең бастыларының бірі – қоғамымыздығы қазақ халқының  
шешуші рөліне нақты мән берілмей отырғанында. Бүгінгі  
таңда қазақ халқының емес, Қазақстанға кейінрек келіп қоныс-  
танған басқа ұлттардың тарихы басты тақырыпқа айналып кетті.  
Себебі мемлекетіміз саяси түрғыдан қалыптасқанымен оның  
этностық негіздері туралы мәселе назардан тыс қалып қойды.

Бүтінде осы мемлекетті құрған қазақ халқының емес, осы мемлекетте тұрып жатқан қазақтан басқа ұлттардың ауызбірлігі және татулығы алғашқы орынға шықты. Ал мұндай көзқарас тарихымызды көпе-көрнеу саясаттандыруға және интернационалды тарихқа айналдыруға алып келді. Амал қанша, бұл меселе бүтінгі Қазақстан үшін аса маңызды болғанымен, қазақ халқы басым көпшілікке айналатын болашақ Қазақстан және Қазақ елі үшін айтарлықтай шешуші рөл атқармайды. Сондықтан да оқырманға ұсынып отырған еңбекіміз осындай ұстанымнан туындал, қазақ слінің болашағына қызмет етуді көздейді. Осы еңбектің алдында автордың «Қазақ түркілерінің этностық тарихы (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры)» атты көлемді зерттеу еңбегі «Қазақ университеті» баспасынан жарық көріп, оқырманға жол тартқан еді. Ал енді ұсынылып отырған «Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX – XV ғасырлар)» атты бұл еңбекті соның жалғасы деуге болады. Бұл жаңа еңбекте қоғамымыз бүтінгі күнге дейін үрке қарайтын қазақ деген халықты құраған ру-тайпалардың бірқатарының атамыш кезеңнен бергі тарихы қысқаша да тиянақты қарастырылады.

Осылайша біз қазақ түркілері атандып жүрген халқымыздың орта ғасырлардағы қалыптасу тарихына арнағы тоқталамыз. Бұл кітапты оқыған азамат халықты құраған ру-тайпаларға байланысты теориялық-методологиялық ұстанымдар мен арғы қазақтардың (протоқазақтардың) түркі қауымдастығынан қалай бөлініп шығып ел болғанын айқын аңғара алады. Мұндайда қазақ халқын құрауға атсалысқан әрбір рудың және ру тармақтарын халқымыздың қалыптасуында ерекше және өзіндік рөл атқарғанын байқай аламыз. Осы атамыш ру-тайпалар біртіндеп Алаш қауымдастығын құрағанын (үш сан Алаш мыны, алты сан Алаш, он сан Алаш) арнағы талдаймыз. Ежелгі тарих туралы жазбалардың ак-қарасын аңғаруға да өз септігін тигізіп, халық тарихы табанды да терең зерттеуді қажет ететінін және осындай ауыр еңбектің иәтижесінде ғана шындыққа жол ашылып, нағыз ғылыми зерттеулердің болашақта көптелеп жазылуына ықпалдар жасайтынына үмітгенеміз. Еңбекте жеке тарихи тұлғалардың халық өміріндегі орны мен рөлін объективті түрде ашып көрсетуге айтарлықтай баса мән берілді. Ол оқырманда тарихи

тұлғаларға табынуға емес, құрметтеуге шақырады. Егер әңгіме болып отырған бұл еңбек жоғарыда аталған абзал да қасиетті міндегтерді орындауға аз да болса өз үлесін қосса, онда бұл зерттеу өз мақсатына толық жетті деуге болады.

Зерттеуде қарастырылатын мәселелер мерзімді басылымдарда, ғылыми журналдарда, сонымен қатар «Қазактың этностық тарихы», «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» сериясымен жарық көрген көптөмдүк еңбектерде жарияланып, оқырман талқысынан өтті. Қазіргі кезде қазақ халқының шығу тегіне байланысты ғылыми-зерттеулердің жеткіліксіздігін ескере отырып, біз осы бағыттағы ізденістерімізді арнайы кітап түрінде жариялағанды жөн көрдік. Бұл, әсіресе, болашақ кәсіби тарихшыларға аса қажет.

# I ТАРАУ

## МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

---

### 1.1. Бізге қазақ руладының тарихы не үшін керек?

**T**арих ғылымы о бастан мойындап келе жатқан аса маңызды мәселе бар. Ол – қазақ халқының 40-тан астам тайпалардан құралғандығы. Бұл, әрине, тек біздің халқымызға ғана тән қасиет емес. Бұл жолмен дүниежүзінің барлық халықтары жүріп өтті. Алайда олардың көпшілігі отырықшы өмірдің өзіндік ерекшеліктерін бастан кешіп, рулық қауымдастық ортасынан мұлде алыстан кетті және түрлі халықтармен үздіксіз араласып, этностық ассимиляцияға ұшырау үдерістерін бастан өткергендіктен бүгінгі күні өздерін құраган руладар мен тайпалар аттарын ұмытып қалды. Өзінің рулық шежіресін санаудың өшірмей, үрпақтан үрпаққа аманат еткен, кезінде көшпелі өркениеттің сан ғажайыптарына күә болған және осы негізде рулық қауымдастықтың сан ғасырларға созылған жүйелі жолынан қол үзбекен тек қазақ халқы ғана. Солай болса да ресми тарих әлі күнге дейін қазақтың осындай ерекше тарихын назардан тыс қалдырып келеді.

Тарихымызды жазудағы мұндай сәтсіздіктердің орын алудың басты себебі, біздің ойымызша, қазақ халқының өзінің дәстүрлі тайпалық-рулық тарихи даму жолын, сол маңызды да

күрделі мәселесін бүгінгі қоғамымызда кеңестік кезеңнен бастау алып қалыптасқан «рушылдық» піғылдардан сактану психологиясының жолына «құрбандық» етуінде. Рушылдық тәрізді өркениетті қоғамға жараса бермейтін ұнамсыз құбылыстан құтылудың айқын жолы, біздінше, өз руынды, шықкан тегінді, ата-баба шежіресін ұмыту емес (біз бұл жолмен кеңестік коммунистік құрылыш жылдарында жүріп көргенбіз). Керісінше ұзақ тарихи дамуда қазақты ұлт етіп құраған сол рулар мен тайпалардың нақты тарихын терең де жан-жақты білу ғана ортақ ұлттық мұддені ту етіп көтеретін иманды қазақ азаматын қалыптастырады. Яғни ұлттымыздың элеуметтік рулық құрылымы туралы терең білім ғана ұлтты жаңа сапалы деңгейге көтереді.

Рулар тарихын арнайы және тереңдетіп жазу әрбір қазақ азаматына ата-бабаның ерлік істерін, салт-дәстүрін, руханидіни, наным-сенімін күрметтеуге жол ашады әрі ұлтын, елін, туып-ескен жерін жүргегімен сүйетін нағыз патриот болып қалыптасуына зор мүмкіндіктер береді.

Осыны түсінген қазақтың кейбір білімді шежірешілері ата-баба дәстүрін жалғастырып, шежіре мәліметтерін бүгінгі ғылыми тарихтың деректерімен ұштастыра және салыстыра қарастыруға көніл бөлүде. Оған мысал белгілі шежіреші Зайыр Сәдібекұлының түркі халықтарының және қазақ халықының шығу тегі туралы сызбалары дер едік.

Әрине бұл сызбаларда бәрі дұрыс берілген деп айтсақ, артық кетер едік, дегенмен, халықтың тегін зерттеуде осындай нақты сызбалардың және тұжырымдардың жасалынуының және жарық көруінің өзі халықтымыздың тарихындағы этностық тарихи тамырларға тарихи сабактастық логикасы түрғысынан қарауға шақырады. Соңдықтан шежірелік деректерге сүйенген мұндай зерттеулерді балама көзқарастар ретінде тарихтымызға енгізуіміз керек. Мұның өзі ауызша тарихқа негізделген қазақ тарихындағы «ақтандай» мәселелерді анықтай түсуге, яғни тарихи шындықта жақындауға көп көмек көрсетеді.

Рулары мен тайпаларын әлдекашан ұмытқан Батыстың және Еуропаның бүгінгі мәдениетінде ұлттық дәстүрлі құндылықтардың екінші қатарға ысырылуы азғындаған үрпақтың үстемдігіне жол ашып келеді. Мұның нағайып келе жатқан біздің

ұлттымыз үшін қаупі аса зор. Бұған біз өзіміздің дәстүрлі рухани құндылықтарымыз бер үлттық тарихымызды қарсы қойғандаға қорғана аламыз. Егер осы айтылғандарды мойындар болсақ, қазақ қоғамын құраған рулар мен тайпалар тарихын тереңдете зерттеу және менгеру қажеттігі өзінен-өзі туындаиды.

Бұл тақырыптың тарихымыз үшін өзекті де маңызды болатын тағы бір жағы – қазақ халқын құраған әрбір тайпаның немесе рудың өмір жолында ортақ этностық, саяси-әлеуметтік заңдылықтармен қатар өзіндік ерекшеліктері де аз емес. Оларды зерттеп-білу ұлт тарихының толыққанды болып жазылуына, тарихымыздағы «ақтаңдақтарды» жоюға және жалпы қазақ халқының күрделі тарихи жолындағы оған тән құбылыстар мен процестерді айқындауға үлкен ықпал жасары сөзсіз.

Мұндайда мынаны да айтпасқа болмас: қазақтың әрбір тайпасының немесе руының тарихында қайталанбас тарихи оқиғалар орын алды. Тіктен жалпы ұлттымызға ортақ үдерістерде де, шиеленісті тарихи құбылыстарда да әрбір қазақ тайпасының немесе руының өзіне ғана тән үлесі бар. Жағдайдың мұндағы болуына рулар кінәлі емес, керісінше, бұл ұзак мерзімді қамтитын тарихи-географиялық, әлеуметтік-саяси, этностық-мәдени ахуалдардың нәтижесі.

Тарихтың осынау аңы шындығын айналып кету де мүмкін емес. Осы тұргыдан алғанда ұлттымыздың тарихындағы әрбір рудың орнын және рөлін айқындау – тарихымызды түтгендеу ғана емес, халқымыздың ұлттық тарихи ерекшеліктерін ескеру де болып шыгады. Бүтінде әркім өзінің руын ғана дәріптейтін көзқарастың заманы әлдекашан өткен, керісінше, әрбір азamat өзінің рулас, яғни туыстас ата-бабасының ұлттымыздың өркендеуіне косқан үлесін айқындаپ, дұрыс пайымдайтын уақыт басталды.

Оның үстінеге кеңестік жүйеге дейін қазақтың әрбір руының өзіндік ата-қонысы, шаруашылық көші-қон жолдары, ел басқарған ру басылары, от ауызды, орақ тілді шешен-билері, қол бастаған ерен батырлары, ұлттымыздың рухани, діни және мәдени өмірінде із калдырған айтулы сал-серілері, дарынды әнші-қүйшилері, адудынды жыраулары және т.б. болғанын да ешкімнің жоққа шығара алмайтыны айдан анық. Мұндайда олардың, ең алдымен, белгілі бір рудың өкілдері, сонан соң ғана

біртінде тұтас ұлт өкілдері ретінде танылғанын естен шығармағанымыз жән болар. Осыған келісер болсақ, қазақ руларының тарихын білу дегеніміз, тарихи тұлғалардың тарихын анықтай түсу және болашаққа үлгі ету болып шығады.

Рас, біз соңғы ғасырда ірі тұлғаларды рулық емес, ұлттың денгейде насиҳаттауға дағдыландық. Әрине, бұл өте құптарлық нәрсе. Солай бола тұрса да олар белгілі бір тарихи кезеңдерде өздерінің руымен бірге рулық-тайпалық әлеуметтік қоғамда әрекет жасағанын неге ұмытуымыз керек. Мұндай тарихи бейнелер тарихы өзінің туған руының ортак тарихынан жеке-дара және дербес қаралмауы керек. Руды ұмытып, ұлт жасаймыз деу тарихи қателік. Біз рулық-тайпалық ерекшеліктерді есте ұстағанда ғана жаңа зерттеулерде тарихи тұлғаның шынайы да айқын және толыққанды бейнесін жасай аламыз. Бұл мәселе кеңестік тоталитарлық жүйеге дейін біздің қоғамызыда әрқашан ескеріліп келді.

Орыс отарлауы орнықканға дейін қазактар өз есімдеріне ру-тайпа аттарын тіркеп айтқаны, әкелер есімдерінің орнына дәл сол рулар мен тайпалар аттары жазылғаны (Қоңырат Алатау, Шақшақ Бөгенбай, Шапырашты Карасай, Тарақты Байқозы, Албан Райымбек, т.б.) қазақ тарихынан хабары барларға белгілі. Бұл туралы «Оренбургский листок» басылымының 1880 жылғы 10 тамыздағы 33-нөмірінде этнограф Р. Егнатьев арнаійы жазған еді<sup>1</sup>.

Тарихи шындық дәл солай бола тұрса да, бүтінгі тәуелсіздік алған тарихымызда бұрынғы кеңестік кезеңдегі тарихи бұрмалаулардан толық бас тарта алмай, қазақтың кешпелі рулық қауымында өмір сүрген, белгілі бір ру-тайпа ортасынан шыққан тарихи ірі тұлғалардан бірден жалпыұлттық, жалпықазақтық бейнелер жасауға құлышына кірістік. Ниетіміз, әрине, жақсы-ақ! Алайда сондай жақсы ниетке неге тарихи шындықты ескермей баруымыз керек? Ұлттық денгейлердегі алыптарды ортасынан шығарған рулар мен тайпалар жаңа жағдайда неге «ұмыт» қалулары керек? Халықтың тарихи санасында Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай деген есімдермен

<sup>1</sup> Карапыз: Егнатьев Р. Киргизы Оренбургского ведомства в XVIII столетии //Оренбургский листок, 1880, 10 августа. – №33.

қалған ұлттық тұлғаларды жаңа жағдайда неге басқаша атауға тиіспіз. Батырларға өз орталарынан алғашқы жасақтарды жинап берген «қанжығалы» немесе «қаракерей» рулары тарихымызда неге ұмыт қалулары керек деген тәрізді қысынды сауалдар туындайды. Осылардың мазмұнына терендең үнлісек, бұлар сауалдардан гөрі бүгінгі жаңадан жазылуы тиіс этностық, ұлттық тарихымызға қойылатын талаптарға көбірек ұқсайды. Бұдан шығатын қорытынды да біреу ғана – бүгінгі тарихта да бұрынғы рулық қауымда өмір сүрген тарихи тұлғаларды жаңаша есірелемей, бұрынғыша руларымен, тайпаларымен тұтас қарастыруға міндеттіміз.

Қазақ қашанда «жеті атасын білмеген жетесіздерді» құрметтей қоймаган. Мұның астарында ата-бабаға деген шынайы бауырмалдық, туыстық және қандастыққа негізделген абзал сезімдер жатыр. Мұндай зерделілікке шақырудың басқа тұрғыдан алғанда да көптеген артықшылықтары баршылық.

Ұлттымызға тән тағы бір ерекшелік – ағайынды, туысты, құда-жекожатты, дос-жаранды, жиен-нағашыны әрқайсысын өз орнымен қастерлейтін қасиеттердің басымдығы дер едік. Бүгінгі жаһандану заманында ғасырлар бойы қанымызға сіңіп, берік дәстүрімізге айналған осынау асылдарымыздан ажырап қалмаудың жолын тынбай іздестірулеріміз керек. Қазақтың рулық-тайпалық тарихын терең білген азамат бөтен жүрттың алдында өзінің ұлтының жоғарыдағыдан өзіндік, қайталаң бас қасиеттерін мақтаныш етуге және оларды көздің қарашығындағы қорғап қалуға белсенді жұмыс жасайтын болады.

Осы айтылғандар бізді қазақ тарихын жазудың этностық және тың методологиялық бағыты ретінде – ру-тайпалар тарихын көнінен және арнайы зерттеуге ұмтылдырып отырғанын атап көрсетеміз. Қазақ ұлты аман болса келешекте оның тайпалық-рулық тарихының көптомдығы жазылатынына біз күмәнданбаймыз.

Шежірелік тұрғыдан қарағанда да қазақ ру-тайпалары тағдырында анықталмаған мәселелер баршылық. Шежіренің әртүрлі нұсқалары рулар тарихынан құнды мәліметтер берумен қатар, мәселе мазмұнын шатастыра да түседі. Оның устіне шежірелер әртүрлі баламалар түрінде де кездеседі. Мұндайда шынайы да салмақты тарихи талдау ғана көмекке келе алады.

Жалпы көптеген рулардың әртүрлі шежірелік нұсқалары алда өз зерттеушілерін күтіп жатқаны да өмір шындығы. Бұл міндетті рулар тарихын жан-жақты зерттеген ғалымдар ғана жүзеге асыра алатыны да құпия емес.

Қазақ руларының ежелгі тарихына терендеп барғанда түркі тайпаларының ортақ шығу тегін де ұмытпауымыз керек. Алайда жоғарыда атап кеткеніміздей, әрбір түркі халықтарының рулық шежірелерінде ешкімге ұқсай бермейтін өзіндік ерекшеліктер бар екендігін де ұмытуға болмайды. Тіpten тілдік түрғыдан қазаққа аса жақын татарлардың өздерін ежелгі бұлғарлардан, ал қарақалпақтардың өздерін маңғыттардан тарататын айтсақ та жетіп жатыр емес пе. Туыс екенбіз деп ұлттық тарихымызды бұрмалай алмаспыйз.

Иншалла, бүгінде еліміз еңесін тіктеп, өткен тарихына байсалды көз жүгірткен заманда жоғарыда әңгімеленген ұзынсонар тарихымыз неге назардан тыс қалуы керек?! Рушылдықтан қорқамыз деп өзіндік ерекшелігі бар, шын мәнінде, өткені ру-тайпалардың іс-әрекетінен құралған ұлттымыздың тарихын көпе-көрнеу байқамай, қазақ тарихын тайпалар мен рулар тарихын екшелеп алмай-ақ, «ұлттық», «халықтық» деген жалпылама ұрандар тасасында «жауырды жаба тоқып» жаза береміз бе? Рулар тарихын ұлт тарихына қарсы қойғанымыз қалай болады?!

Оқырмандар осы айтылғандарға түсіністікпен қарар болса, алда қазақ халқын қураған рулар мен тайпалар тарихы және олардың туын, өлмес рухын биікке көтерген тарихи тұлғалар туралы біргіндеп кеңінен қызықты әңгімелер қозғау ойынызда бар. Әрі мұндай игі ниетке қолдау көбейе түссе екен деген тілек бар.

## 1.2. Рулық таңбалар қайдан шықты?

Ежелгі және орта ғасырлардағы қазақ тарихының ішіне бүккен құпиялары көп. Соның бірі – қазақ руларының тарихы. Өздерінің құрделі этностық тарихи даму жолдарында нақты деректерді тым аз қалдырған қазақ рулары мен тайпалары өзіндік таңбалармен және ұрандармен ерекшеленеді. Рулық немесе тайпалық таңбаларды және ұрандарды зерттемей, қазақ

халқының қалыптасуының этностық жолын айқындау мүмкін емес екендігін жекелеген зерттеушілер жақсы түсінді. Алайда олар өмір сүрген кезеңдегі саяси-әлеуметтік ахуал және тарихи білімнің жеткіліксіз деңгейі бұл мәселеде іргелі де салмақты қорытындылар жасауга мүмкіндіктер берे қойған жоқ. Сондықтан да рулық, тайпалық таңбалардың шығуы туралы әртүрлі алыпқашпа көзқарастар орын алды. Қысқартып айттар болсақ, бұл тұжырымдар төмендегідей мәселелерді қозғайды:

1. Руларға таңбаны Оғыз ханның баласы және мұрагері Күнхан таратып берген (В. Радловтың ел аудынан жазып алғаны бойынша).
2. Қырғыздар (қазактар) таңбалар мен белгілерді монголдардан қабылдап, Орта Азияға ғана емес, Үндістанға дейін таратса керек (А. Левшиннің айтуынша).
3. Таңбалар мен ұрандарды қырғыздарға (қазактарға) Шыңғысхан таратқан (И. Казанцевтің айтуы).
4. Таңбаларда Шыңғысхан тұқымынан тараған хандар әскерлеріндегі қырғыз (қазақ) тайпаларының пайдаланған қарулатының түрлері бейнеленген (М. Иванин мен А. Харузиннің пікірлері).
5. Таңбаларды малға белгі салу үшін қазақ руларына Тәуке хан таратып берген (Л. Мейердің түсіндіруі)<sup>2</sup>.

Осыншама сандаған, біріне-бірі хронологиялық және логикалық тұрғыдан мүлде жақында майтын пікірлер мен тұжырымдардың орын алуының және осы мәселеге көптеген зерттеушілердің назар аударуының өзі рулық және тайпалық таңбалардың халқымыздың қалыптасу тарихындағы маңызды орнын тағы да дәлелдей түседі.

Алайда жоғарыда айтылған зерттеушілер пікірлерінің ғылыми тұрғыдан әбден шатасқандығын Н. Аристов Күлтегін жазуында (732 жыл) түркі тайпалары хандарының таңбаларының бейнеленгенін, мұндай таңбалардың одан да ертеректегі Орхон бойынан табылған тас плиталардан кездесетінін дәлелді түрде айту арқылы көрсетіп берді<sup>3</sup>. Ол аталмыш Орхон-Енисей жазуларындағы 38 әріптің 29-ының қазақ рулары

<sup>2</sup> Қараңыз: Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – 408-410-б.

<sup>3</sup> Сонда, 410-6.

пайдаланатын рулық-тайпалық таңбаларға ұқсас екендігін айта келе: «қырғыз-қазақ таңбаларын руларға қандай да бір болмасын билеуші берген жоқ және қандай да бір жеке тұлға немесе жиналыш ойлап тапқан жоқ. Ол мал бақсан елдің халықтық өмірінің тарихи-органикалық жемісі болып табылады...», – деп ескерткен еді<sup>4</sup>. Фалымның ойынша рулық танба – рулық меншік белгісі. Егер осы қорытындыны мақұлдар болсақ түркілердің ру-тайпалық таңбаларының тарихи бастаулары Орхон-Енисей жазуларымен замандастар болып шыгады. Н. Аристовтың пікірінше, рулық таңбалар адамзат қоғамында жеке және жанұялық меншік шыға қоймаған, мал тек белгілі бір рудың меншігі болған рулық қауымдастықта пайда болған<sup>5</sup>. Зерттеушінің бұл пікірін әлі ешкім байсалды түрде теріске шығара алмағанын ескерер болсақ, қазақ руларының тарихы тереңнен басталғанын мойындауға тура келеді.

Алайда бұл айтылғандар жоғарыда эңгімеленген рулық-тайпалық таңбалардың генезисі туралы әртурлі пікірлерді мұлде теріске шығарады деуден аулықпрыз. Олай дейтін себебіміз, Н. Аристов айтып отырган Орхон- Енисей жазулары нақты хәріптерден құралады да, ал қазақ руларының таңбалары ешқандай да хәріптік магынаны білдірмейді. Бұдан шығатын қорытынды, қазақ руларының таңбалары Орхон-Енисей жазуларынан көп кейін қолданысқа енген және рулар атальыш жазулардың мазмұндық мәнін емес, сыртқы кескіндерін ғана қабылдаган десек тарихи шындыққа жақындей түсеміз. Тегінде рулық таңбалар Орхон-Енисей жазулары қолданыстан шығып, ұмытыла бастаған 1X-X ғасырлардан бастап өмірге енгізілсе керек. Бұл пікірімізді раdstайтын тағы бір мәселе дәл осы тұстан бастап кейінгі қазақ руларының этнонимдері, яғни тарихи атаулары тарих сахнасына шыға бастады. Олардың қатарында Дулу (Дулат), Жалайыр, Меркіт, Керейт, Найман, Коңырат, Қыпшак, Алшын, Аргу (Қаракесек), Адай, Табын тәрізді біраз ежелгі тайпалар бар еді. Рулар таңбаларының олар шықпастан бүрүн пайда болмасы бесенеден белгілі емес пе?

<sup>4</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 413-б.

<sup>5</sup> Сонда, 410-б.

Егер рулық таңбалардың өмірге келуіне байланысты осындағы тұспалдаулар жасар болсақ, руладар тарихының белгілі бір кезеңінде рулық таңбаларды жақадан пайда болған руладарға жеке тарихи тұлғалардың таратып беруі де әбден мүмкін нәрсе екендігін ескереміз. Бұл туралы тарихи мәліметтер де барышылық. Мысалы, Оғыз ханның алты баласынан тараған 24 ұлына үлестірген рулық таңбалар Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағында» шынында да көрсетілген<sup>6</sup>. Бұл нақты тарихи дерек. Десек те осы деректің өзі де қазақ руладарының таңбалары Оғыз ханның балаларынан бастау алады деп айтуда негіз бола алмайды. Бұл жерде Оғыз хан үрпағы бұрыннан түркі тайпаларында бар таңбаны үлестіру салтына мемлекетті нығайту құралы ретінде мән беріп отыр дегеніміз дұрыстау болар.

Ал енді қазақ ру-тайпалары рулық таңбаларды монғолдардан немесе Шыңғысханнан алды деген пікірге тоқталсақ, бұған негіз болған шағатай тіліндегі ежелгі дерек екенін байқаймыз<sup>7</sup>. Онда Шыңғысхан өзіне бағынған көптеген билеріне «таңбалар, ерекше құстар, ерекше ағаштар» үлестірген. Шыңғысханнан осындағы белгілер алған билер арасында кейін қазақты құраған тайпалардың билері Сепкіл Қоңырат би, Майқы би, Тама би, Керейт би тәрізді кісілер бар. Алайда олардың байырғы заманда Шыңғысханнан алған таңбалары кейінгі қазақ тайпаларының рулық таңбаларына сәйкес келмейді. Мұндайда біз маңызды тарихи деректі мүлде теріске шығарудан аулақпыш. Аталған билердің Шыңғысханнан белгілер алуы шынында да әбден мүмкін нәрсе. Шыңғысты Ұлы хан сайлағандар арасында байырғы түркі тайпаларының көп болғаны тарихтан белгілі нәрсе. Алайда осылай болғаның өзінде қазақ тайпаларының рулық таңбалары Шыңғысханнан бастау алады деп айтуда тарихи дәлелдер жеткіліксіз.

Біздің ойымызша, осы тұжырымдардың өзі рулық таңбаларды erte ортағасырлардағы түркілер өмірінің саяси-шаруашылық қажеттіліктері тұтынған дегенге ақиқат жақын тұр. Десек те, қазақ ру-тайпаларының ішіне бүккен жұмбақтары аз емес.

<sup>6</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – Т.І. Кн.1. – М.-Л., 1952. – 86-90-6.

<sup>7</sup> Қараныз: Автобиография Тимура. Богатырские сказания о Чингиз-хане и Аксак Темире / Перевод В.А. Панова. – М.: Академия, 1934. – 268-270-6.

Қазақ руларының кейбірінде қосынды (крест) + түріндегі рулық таңбалардың кездесулері де қазақ руларының шығу тегін тәнірге табыну дәуірінен іздестіруге итермелейді. Мұндай таңбалар қазактың төртқара, телеу, сіргелі, керей, адай тәрізді руларында кездесетін белгілі<sup>8</sup>. Алтай түркілерінің ежелгі тарихына белсенді қалам тартып жүрген Мұрат Аджи қосынды (крест) белгісінің тәнірге табыну кезеңінен бастау алатынын, яғни б.з.д. IV-III ғасырлардан б.з. VII ғасырына дейін алтайлық түркілер арасында таралғанын, оны Еуропаға ғұндар апарғанын тәтпіштеп баяндайды<sup>9</sup>. Мұндай белгілер көк түріктердің руна жазуарында да бар.

Әрине өрте түркі дәуіріндегі тайпалар аттары кейініректе таралған қазақ ру-тайпаларының аттарынан өзгешелеу болып келеді. XI ғасырдағы М. Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-турік» атты еңбегінде бешенек, қыпшақ, оғыз, имек, башғырт, басмыл, қай, иабаку, татар, шігіл, тохсы, иағма, ұфрақ, жаруқ, жомыл, ұйғыр, танғұт, хытай, табғаш (машын) тайпалары картада сыйып көрсетілген<sup>10</sup>. Бұлардың арасында қыпшақ, башғырт, татар, ұйғыр тәрізділер ғана кейінгі ғасырларда атауларын өзгертуей сақтап қалды. Алайда кейінірек қазақ халқын құраған рулар тек бұлармен ғана емес, жоғарыда аталған түрік тайпаларының көбісімен тығыз саяси және этностық байланыстарда болғанына құдіктенуге негіз жоқ. М. Қашқари өкінішке орай, бұл тайпалардың ішіндегі руларды атап көрсете қоймайды. Ол өзі жақсы білетін оғыз тайпасындағы 22 ұрықты (руларды) ғана рулық таңбалармен қоса нақты көрсетті. Бұлардың аттары да кейінгі қазақ руларымен сәйкес келе қоймайды. Оғыздардың негізгі мекен-тұрағы қазіргі Орта Азия республикаларының жері екендігін, олардың Батыс және Оңтүстік Батыс Қазақстан аймағына ғана таралғандығын ескерер болсақ, олардың құрамында кейінгі қазақ руларының неге аталмайтынын түсінгендей боламыз.

Дей тұрсақ та, Махмұт Қашқари келтірген оғыз руларының таңбалары мен қазақ рулары таңбаларындағы үқсастықты аңға-

<sup>8</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч.І. – Алма-Ата, 1959. – 12-14-б.; Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарынской области. – Т.І. – 4-8-б.

<sup>9</sup> Аджи М. Европа, тюрки, Великая степь. – М., 2004.

<sup>10</sup> Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-турік). – 1-том. – Алма-Ата, 1978. – 54-55-б.

пар едік. Мысалы, оғыздардың қынық-қынықтарының рулық таңбасынан қазақтың садыр, матай руларының таңбаларына үқсастықты байқасақ, осылайша қайықтардан – қаңылаларға, ыстыларға, тіліктеге; байұндурден – қоңыраттарға, сарыүйсіндерге, керейлерге, балталыларға; ибалардан – сұнақтарға; салғұлардан – адайларға, алшындарға; афшарлардан – есентемірлерге; бектілілерден – шөмекейлерге; иазғылардан – алтындарға, тәртқараларға; ігдірлерден – таздарға, жаппастарға; тұтыртқыдан – шөмекейге, берішке, найманға рулық таңба жақындығын көргендей боламыз<sup>11</sup>. Мұның өзі кезінде, дәлірек айттар болсақ VII-VIII ғасырларда, тоғыз оғыз, сегіз оғыз, үш оғыз, отыз оғыз деген атаулармен шығыстағы, Орхон аймағындағы түркілермен қоян-қолтық араласқан оғыздар бірlestіктерінің байырғы қазак жерін VIII-IX ғасырларда шығыстан батысқа карай көктеп еткенінен болса керек.

Егер қазақты құраған рулар мен тайпалардың генезисіне байланысты нақты деректер мен материалдардың жеткіліксіздігін, тым аз кездесетінін ескерер болсақ, біз әңгімелеп отырған түркі рулары мен тайпаларының казак ру-тайпаларымен таңбалар тұрғысынан жақындығы тарихи мәселенің жаңа қырларын анықтауға мәңзейтінін байқар едік.

Осыны айқын аңғарған, VII-VIII ғасырлардағы Қытай сарайының жылқыларға таңбалар салу тәртібін зерттеген қазақстандық шығыстанушы Ю.А. Зуев: Махмуд Қашқаридің және Рашид ад-Диннің кезіндегі рулық таңбаларды «кейінірек кезеңдегі түркі және монгол тайпаларының таңбаларымен салыстыра қарау Орталық және Орта Азия халықтары этногенезін зерттеп-білуге қажетті аса құнды материалдар бере алар еді», – деп жазған еді<sup>12</sup>.

Бұдан шығар қорытынды: қазак рулары мен тайпаларының арғы тарихын зерттеу дегеніміз, ең алдымен, олардың таңбалық белгілерінің қашан және қалай шыққандарын анықтау болып шығады.

<sup>11</sup> Махмұт Қашқар. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат ит-түрік). – Бірінші том. – Сонда: рулық таңбаларға қараныз. – 85-87-б.

<sup>12</sup> Зуев Ю.А. «Тамги лошадей из вассальных княжеств» (Перевод из китайского сочинения VIII-X вв. – Танхуайю, Т. III. Цзюань 72, 1305-1308-б.) // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. Изд. АН КазССР. – Алма-Ата, 1960. – 97-б.

### 1.3. Тарақ таңбалы қазақ руларының этностық тамырлары

Тарихымыздан белгілі, тарақ таңбасы қазақ төрелерінің, яғни Шыңғысханнан тараған ұрпақ – хан-сұлтандардың меншікті таңбасы болып табылады. Солай бола тұрса да, қазақты құраған басқа тайпалардың да кейбірі осы тарақ таңбасына ие болған. Олардың арасында алдымен ауызға алынатыны Жалайыр тайпасы. Онан соң Тарақтының өзін, Тарақты-Табын және Төлеңгіт тәрізді тайпаларды айта аламыз. Осыған байланысты зерттеушілерді мынадай мәселе ойландырады: біріншіден, неліктен аталған тайпалардың рулық таңбалары төре тұқымының таңбаларына сәйкес келеді; екіншіден, осы тарақ таңбалы түркі тайпаларының өздерінің тарихында өзара қандай жақындықтар бар? Олар қазақтың әртүрлі жүздік құрылымдарына шашырап кеткеніне қарамастан, неліктен ортақ таңбаны, яғни тарақты пайдаланады? Бұл сауалдарға жауап беру оңай емес.

Мәселенің бастаулары Шыңғысханның көшпелілерінің бір орталыққа бағынған мемлекеті кезеңінен де ары, терең тарихи тамырға жетелейді. Мұнда бір нәрсе даусыз. Тарақ таңбасын иемденген жоғарыда аталған қазақты құраған түркі тайпалары, олардың ішінде Тарақты да бар, өзара және монголдармен жақын қарым-қатынаста болған. Енді осы мәселені нақтырақ қарастыруға күш салайық. Алдымен әңгімені Жалайырдан бастаймыз. Кезінде Шыңғысханнан екі ғасырдан бұрын жалайырлардың тайпалық бірлестігі 10 рудан тұрганын Рашид-ад-дин атап көрсеткен еді. Олар: джат, тукраун, кунксаут, кумсаут, уят, нилкан, куркин, тулангит, тури, шанкут рулары<sup>13</sup>. Бұл рулардың қайдан шыққанын, тарихи тамырларын біз Жалайырдың тарихын арнайы зерттеген ұжымдық монографиялық еңбегімізде атап көрсеткенбіз<sup>14</sup>. Жалайырдың тарихын зерттеу барысында аңғарғанымыз, X-XI ғасырларда-ақ жалайырлар жаңадан қалыптаса бастаған монғол бірлестігінің солтүстік шығысындағы ең жақын көршілерінің бірі болған. Сондықтан монголдарға жалайырлар о бастан-ақ қоңсы болды.

Аталарына адал қызмет еткен жалайырларды Шыңғысхан да өзінің бауырына тартты. Нәтижесінде жалайырлар Шыңғысхан

<sup>13</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. – Т.ҮШ. – 1-кітап. – Алматы, 2007. – 117-б.

<sup>14</sup> Сонда, 93-222-б.

тұсындағы әлемдік жаулау жорықтарында монголдардың ең сенімді серігіне айналып, Шыңғысхан өзінің әскерлерінің бірқатар беліктерін жалайырларға баскарты. Мұның өзі Жалайырдың бұрынғы рулық құрамының күйреп, дүниежүзіне шашырап, ақырында аман қалған жұрнақтарының Шуманақ (Шудың күзетшісі), Сырманақ (Сырдың күзетшісі) деген рулық атаулармен жаңа құрылымға бірігуіне алыш келді. Бұл XIV ғасырда орын алған тарихи процесс деп жүрміз. Осындай жаңа бірlestіктермен жалайырлар жергілікті жерлерде монголдардың әкімшілік нұсқауларын жүзеге асыратын сенімді тайпа ретінде тарих сахнасына жаңа сапалық құрылыммен шықты. Мұның өзі кейінгі Қазақ хандығы тұсында, әсіресе, Есім ханның ықпалымен Қазақ хандығы «Есім ханның ескі жолы» аталған реформаның негізінде жүздік құрылымдарға бөлініп, мемлекетті басқарудың жаңа жүйесі енгізілген кезде жалайырлардың Ұлы жүзге «нокта аға» атануына алыш келді.

«Нокта аға» мәртебесінің белгілі бір жүзде шешуші, жетекші рөл атқаратын, яғни қазақтың хан-сұлтандарына жақын ықпалды тайпаларға берілгені белгілі. Рулық таңбаны зерттеу жалайырлардың монголдармен ғана емес, жоғарыда аталған, ішінде Таракты да бар, қазақты құраған басқа тарақ таңбалы тайпалармен де әлеуметтік-этностиқ байланыста екендігін көрсетеді. Соларға нақтырақ тоқталар болсақ, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, тарақ таңбалы төлеңгіттер (тулангиттер) ежелгі Жалайыр тайпасын құраған 10 рудың бірі болып табылады<sup>15</sup>. Төлеңгіттер кейінгі VIII-IX ғасырлардағы Ұйғыр қағанатының құрамына да «доланго» деген атпен енгенін жақсы білеміз. Төлеңгіттер тарихы зерттеуші Л.П. Потаповтың монографиялық зерттеуінде арнайы талданған болатын. Онда айтылған мәселелерді жүйелейтін болсақ, төлеңгіттердің ата-тегін Тарактымен байланыстыру қажет екендігін түсіне бастаймыз.

Тарақтылардың Орта жүзге ру болып табылатындығы туралы ел арасында таралған аңыз-әңгімелерді Г.Н. Потанинің «Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки» атты еңбегінен табамыз. Мұнда тарақтылардың Орта жүзге кіру тарихы және шежіре бастаулары туралы деректер баршылық<sup>16</sup>.

<sup>15</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. Т. VIII. – 1-кітап. – 117-6.

<sup>16</sup> Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. – Петроград, 1917. – 56-57-, 62-6.

Қазақ шежіресі бойынша Тарақты Орта жүзде «ноқта аға» және арғынның жиені болып есептеледі. Бұл, әрине, кейінгі қазақ шежіресінде қалыптасқан тарихи мәліметтер. Ал Тарақтының шығу тегі және оның қалыптасу тарихы мүлде басқаша болуы мүмкін. Өкінішке орай, шежіреден басқа Тарақтының шығу тегі туралы тарихи мәліметтер сақталмаған. Кезінде Н.А. Аристов осыған байланысты былай деп жазған еді: «Происхождение собственно... Тараклы остается неизвестны»<sup>17</sup>. Бұған таңданудың қажеті жоқ. Тарих сахнасына XIII-XIV ғасырларда қазіргі атауымен шыққан Тарақты тәрізді бірқатар қазақты құраған тайпалардың тарихы туралы мәліметтер шынында да сақталмаған.

Осы мәселені кезінде теренірек зерттеген Н.А. Аристов Таракты туралы осылай дейді. Ал ол атап көрсеткен рудың атына және рулық таңбаға келетін болсақ, Таракты руының аты бір қызығы оның рулық таңбасына сәйкес келеді.

Жалпы қазақ халықын құраған тарақ таңбалы бес тайпаның ішінде (төре, жалайыр, төлеңгіт, тарақты-табын, тарақтының өзі) ежелгі тарихы терен, ұлыс ретінде белгілі тайпалар кімдер дер болсақ, алғаш төлеңгіттерді аузымызға алар едік. Оның себебі, ежелгі Қытай деректерінде жоғарыда аталған тарақ таңбалы тайпалар арасында алғаш ауызға алынатыны және басқа Таракты тайпаларынан бірнеше ғасыр бұрын тарих сахнасына шыққаны осы төлеңгіттер. Деректер төлеңгіттердің VII ғасырдағы Құйғыр одағында жеке ұлыс болғандығын дәлелдейді. Олардың әскерлерінің саны 10 000 адамды құрауы бұл тайпаның жауынгерлік қуатын көрсетеді. Айта кеткен жөн, Қытай деректеріндегі Байырқы тәрізді үлкен тайпалардың өздері де 10 000 әскер ғана шығара алатын. Оларда 60 000 тұтін, яғни жанұя бар еді. Сондай-ақ, Бүркіт атты 30000 тұтіні бар ірі тайпа да 10000 әскер ғана шығара алған<sup>18</sup>. Егер ежелгі Қытай мемлекетінің солтүстігіндегі түркі тайпаларының арасында соңғы аталған екі тайпа ең беделді және қуатты тайпалар болғанын әскерер болсақ, онда солармен шамалас әскери бар төлеңгіттің де оңай болмағанын байқар едік.

<sup>17</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. – Вып. III-IV. – 95-б.

<sup>18</sup> Сонда, 215-216-б.

Ұйғыр қағанаты талқандалып, оны Қидан мемлекеті ауыстырығаннан соң төлеңгіттер Жалайыр одағына ауысты. Сейтіп ежелгі жалайырларды құрайтын беделді он рудың біріне айналды. Осы кезеңнен бастап төлеңгіттерді Жалайырдың төлеңгіті (тегелеті) деп атайды болды. Дегенмен де, шын мәнінде төлеңгіттердің тарихы жалайырлардан да терең және олардан бұрын ұлыс болған дегенді тағы да айта аламыз. Бұл басымдық төлеңгіттер Жалайыр одағына кіргеннен соң да сақталған тәрізді.

Шынғысханга және оның бабаларына жалайырлар адаптызмет ете бастаған кезде төлеңгіттер де жалайырлар тәрізді монголдарға сенімді серік болды деуге негіз бар. Сондықтан Шынғыс тұқымдары қазақты құраған түркі тайпаларына таңбалар үlestіргенде төлеңгіттер де терең тұқымының өзінің таңбасы тарақты иемденді. Таңбасы біз әңгіме етіп отырған кейінгі Таракты тайпасыменен бірдей болғандықтан, ал шығу тарихы Жалайырдан да әрі жатқандықтан, төлеңгіттерге байланысты бұрын Жалайыр тарихын зерттегендеге айтқан пікірлерімізді осы жерде тағы да еске сала кетсек, артық болмас деп ойлаймыз.

Ежелгі жалайырларды құраған төлеңгіттердің (тулангиттердің) тарихи тағдырлары біршама айқын. Сондықтан С. Аманжолов «қазіргі қазақ және алтай төлеңгіттері ежелгі жалайырлардың төлеңгіттеріне сәйкес келеді» деген батыл пікірді айтады<sup>19</sup>. Төлеңгіттердің жалайыр құрамында болғанын Лубсандаңзанның «Алтын тобчысында» кездесетін «Жалайырдың Тегелеті» деген сөздердің кездесуі де дәлелдеп түрғандай<sup>20</sup>.

Башқұрт тарихшысы Р.Г. Кузеев «Таварих-Гузида» дерегінде мәліметке сүйене келе төлеңгіт, урасут және коштеми (урянкат) тайпаларының биш кавм – бес тайпа деген атпен белгілі болғанын бұларды кезінде қырғыздармен соғыс кезінде Шынғысханның бағындырғанын атап көрсетеді<sup>21</sup>. Мұнда айтылатын Алтайдағы төлеңгіттер мен жалайырлардың арасын Байкал көлі бөліп жатқан тәрізді. Тайпалардың көлді айнала көшіп жүргендерін ескерер болсақ, жалайырлар құрамына кірген

<sup>19</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. 1. – 46-б.

<sup>20</sup> Қазақстан тарихы туралы монгол деректемелері. Т. II. – 105-б.

<sup>21</sup> Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. – М., 1974. – 276-б.

төлеңгіт осы аталған бес тайпа құрамындағы төлеңгіттердің бір бөлігі деп айтуға негіз бар. Биш кавм, яғни бес тайпа бірлестігіне кіретін төлеңгіттерді Р.Г. Күзеев монғол тобына, тіптен «орман тайпаларына» жатқызады. Ол құрамында төлеңгіттер бар биш кавм тайпа бірлестігінің кейінректе башкұрттардың бишул тайпасының этногенезіне ықпал жасауы мүмкін дей келе, сонымен қатар бұл этнонимнің қазақтардың Ұлы жүзінде, өзбектерде, ногайларда кездесетініне назар аударады<sup>22</sup>. Осының бәрі бізді төлеңгіттер жекелеген түркі халықтарының және олардың кейбір тайпаларының, соның ішінде жалайырлардың да қалыптасуына ықпал еткен деп айтуға итермелейді.

Алайда кейінгі қазақ төлеңгіттері туралы айтқанда мынаны да ұмытпаған жөн: XX ғасыр басында төлеңгіттер туралы шағын еңбек жазған Ф. Зобнин «төлеңгіттер деп бұрын және қазір қырғыздардан (қазақтардан – Т.О.) шыққан, кедейшіллікке және т.б. жағдайларға байланысты өздеріне пайда түсіргенше сұлтандарға әрқашан жақын көшіп, онан соң оларды тастап, өздеріне тиімді басқа жаққа кетіп қалатындарды айтады»<sup>23</sup>. Осы еңбегінің келесі бетінде автор төлеңгіттерге мұнан гөрі анығырақ түсініктеме береді: «төлеңгіттер деп сұлтандар басқа болыстардан қысымнан немесе кедейліктен қашып, сұлтандарды паналаған қырғыз (қазақ – Т.О.) кірмелерін қабылдады. Төлеңгіттер деп сұлтандар әртүрлі қызметке дайын адамдарды таныды. Бірақ төлеңгіттер сұлтандарға зорлықпен емес, өз еріктерімен қызмет жасады және олар сұлтандарды мойындармай, әрқашанда тастап кете алды»<sup>24</sup>.

Жалайырлар тәрізді төлеңгіттер де кезінде монғолдарға қызмет еткендіктен, моғол (монғол) атанаип кеткені тарихымыздан жақсы белгілі. Оны біз емес, Рашид-ад-дин де, Қадырғали Жалайыр да мақұлдан отыр.

Бұл айтылғандардан қандай қорытындылар туындаиды? Біздің ойымызша, алғашқы орта ғасырларда Алтайда өзіндік тайпа бірлестігін құрган төлеңгіттер этностық құрамы біртекті болмагандықтан әртүрлі тайпаларға ыдырап кірме атанды.

<sup>22</sup> Күзеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. – 276-б.

<sup>23</sup> Зобнин Ф. К вопросу о невольниках, рабах и тюленгутах в Киргизской степи. 1902. – 43-б.

<sup>24</sup> Сонда, 43-б.

Олардың кейбір рулары осылайша ежелгі жалайырлар құрамынан көрінді. Бірақ монголдарға қызмет ету барысында төлеңгіттер ыдырап кетті. Олар бұрынғыша Шыңғыс тұқымдарына (төрелерге), сұлтандарға қызмет етумен болды. Осылайша Ф. Зобнин тарихын жазып отырған XIX ғасырдың алғашқы жартысында төлеңгіттер ежелгі тайпадан біргінде әлеуметтік топқа айналды»<sup>25</sup>.

Осы айтылғандардан аңғаратынымыз, біріншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, төлеңгіттер кезінде ежелгі түркі дүниесіне кеңінен мәлім үлкен арыс болған. Әртүрлі тайпалық одактар, қағанаттар және мемлекеттік құрылымдар құрамына енген, жалайырлардың X-XIII ғасырлардағы тайпалық одағын нығайтқан; екіншіден, біз білетін төлеңгіттер тарихы екі үлкен дәуірден тұрады. Оның алғашқысы – Шыңғысханға дейінгі төлеңгіттердің жеке арыс ретінде өмір сүрген қуатты кезеңі. Екіншісі – монгол жорықтарынан кейін жалайырлар тәрізді монголдарға адал қызмет жасаған және әртүрлі жорықтар барысында әртүрлі қолбасшылардың қарауына түсіп, бытырап кеткен төлеңгіттер. Енді Төлеңгіт ұлыс ретінде өмір сүруден қалды. Алайда олардың ұрпақтары ата-бабадан қанға сіңген қасиет бойынша бұрынғысынша билеушілерге қызмет етуден бір тандады. Төлеңгіттердің шашырап кеткен соңғы ұрпақтарының жұрнақтары әлеуметтік топтар ретінде кейінгі қазақ хандарынан да қызмет етті. Тегінде билеуші төрелерге қызмет етуге бейім түрған төлеңгіттердің монголдардан бұрынғы бабалары байырғы төлеңгіт рулары жалайырлармен бірге монгол жаулауы түсында ыдырап, қайта қалыптасқан кейбір қазакты құраған түркі руларының аргы тегін құрайды десек жалған сөйлей қоймаспзы.

Тағдырдың талқысынан түсіп, монголдарға қызмет жасаған жалғыз төлеңгіттер мен жалайырлар ғана емес. Кезінде монголдармен бірге көшіл-қонып жүрген көрші тайпалар монголдардың қүшесінде байланысты оларға құл, жалши, тіптен малай болуға мәжбүр болды. Сонымен бірге түркі тайпаларының тағы бір белігі тарих сахнасына Шыңғысхан тәрізді ерекше дара тарихи тұлға шыққан кезде, монголдармен шайқастарда женіліске

<sup>25</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. – Т. III. – 1-кітап. – 128-130-6.

ұшырап, еріксіз оларға багынуға және қызмет етуге тиісті болды. Керейттер мен наймандардың тағдыры осының айқын көрінісі. Біздіңше, жалайырлар мен төлеңгіттер алғашқы топтағы монголдарға өз еркімен берілген түркі тайпаларының шоғырына жатады.

Ежелгі төлеңгіттердің жүрнақтары ежелгі жалайырлар тәрізді монгол жаулауынан кейін бөлшектеніп кеткенін жоғарыда айттық. Осындай құрделі этностық-саяси үрдістер барысында бұрын түркі тайпалары одағында болған, өздері де түркіге жатағын төлеңгіттердің қалдықтары монгол, кейінректе қалмақ құрамынан көрінетін болды. Бұл туралы Рашид-ад-диннің, Әбілғазының және Қадыргали Жалайырдың жазғандарында біршама баяндалған. Төлеңгіттердің ХVIII ғасырда қазақ хандары мен сұлтандарының Алтайды жаулау барысында құлдық-қа айналдырылған ру болып табылатынын Н.А. Аристов та атап көрсеткен еді<sup>26</sup>. Осы төлеңгіттер тегінде біз әңгімелеп отырған орта ғасырлардағы, монгол жаулауынан бұрынғы төлеңгіттердің жүрнақтары болса керек. Ал тарақ таңбалы жалайырлардың ежелден-ақ монголдарға қоңсы болып, қызмет жасағанын жоғарыда айттып кеттік. Сонымен катар Тарақты-табынның да шығу тегі Орта жүзде «ноқта аға» Тарақты тайпасымен байланысып жатыр. Тегінде Тарақты-табындардың Тарақты тайпасынан бөлінгені туралы пікірдің қисыны бар тәрізді. Осы айтылғандардың бәрі жоғарыда кестеде келтірілген тарақ таңбалылардың тарихи тамыры монголдарға жақын «ұнаған воол» тобына алып баратындей.

Тарақ таңбалылардың ішінде, әсіресе жоғарыда айтқанымыздай, төлеңгіттердің (долангалаардың) тарихи тамыры теренде болғандықтан және олар X-XII ғасырларда Жалайыр одағында елеулі рөл атқарғандықтан, осы аталған екі тайпа барлық тарақты таңбалы тайпалардың атасы және тарихи тамыры десек кателесе қоймаймыз. Олай болса, Орта жүздегі Тарақтының да түп атасы Төлеңгіт (Доланга) деген тұжырымға келсек, тарих тамырына нақтырақ бойлағандай болар едік. Ежелгі төлеңгіттер (долангалаар) Жалайыр одағына қосылғандықтан, олардың түркі

<sup>26</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина, вып. III-IY. – 98-б.

тайпасы екендігі құдік тудырмауы тиіс деп ойлаймыз. Ал монғол, қалмақ атанып жүрген төлеңгіттер осы этностар құрамына ежелгі төлеңгіттер ыдыраған соң кірме болып кіргендер десек тарихи шындыққа жақындағандай болар едік.

Сонымен бұл айтылғандардан шығатын «тоғыз ауыз сөздің тобықтай түйіні» жоғарыда аталғандай, қазакты құраган тарап таңбалы ру-тайпалар ежелден-ақ монғолдарға жақын болған, оларға қызмет жасаған «ұнаған воол» тобына жататындар десек жалған сөйлемеспіз. Өйткені ата-бабасынан бері, сандаған ғасырлар бойы монғолдарға қызмет жасаған, өздерімен мал-жаны араласып жатқан түркі руларына Шыңғысхан ұрпағы, яғни төре тұқымдары өздерінің тарап таңбасын берді.

Кейінгі қазақ қоғамында бұл таңба ерекше қадірлі болды және осы таңбага ие болған рулар жүздік бөліктерде «ноқта аға» рулар ретінде құрметтелді. Олардың қатарында Ұлы жүзге «ноқта аға» атанған Жалайыр тайиасы, одан бөлініп шығып, Орта жүзде осындағы мәртебеге ие болған Тарақты, сондай-ақ, Тарақтыдан бөлініп, Табынға барып қосылған, және Кіші жүзге «ноқта аға» атанған Тарақты табын тайпасы бар. Тарихи деректер тарихтың бұралан жолдарында Кіші жүзге Тама тайпасының да осындағы мәртебелерге қол жеткізгенін байқатады. Рулық таңбаларға жүргізілген зерттеулер бізді міне осындағы қорытындыларға алып келді.

#### 1.4. Қазақ ру-тайпаларының ұрандарын білеміз бе?

Қазақ ру-тайпаларының тарихы туралы сөз еткенде ешбір зерттеуші ру-тайпаларға қатысты жүз, таңба, ұран мәселелерін айналып ете алмайды деуге толық негіз бар. Бұл рас, солай бола тұрса да өкінішке орай, әлі күнге дейін қазақ ру-тайпаларының ұрандары туралы мәселе мен арнайы түрде ешбір зерттеуші айналысқан емес. Осы орайда жекелеген зерттеушілер енбектері мен олар құрастырған материалдар жинақтарында ғана қазақтың ру-тайпаларына қосымша ретінде олардың таңбалары, қай жүзге қарайтындығы, қысқы-жазғы қоныстары және ұрандары атальп өтеді. Біз төменде қолымызда бар деректерге сүйене отырып, жалпы ұран жөніндегі ой-пікірлерімізді білдіреміз, сондай-ақ

қазақ ру-тайпаларының ұрандарын талдай отыра, олардың рулар тарихының кейбір тұстарын айқындауға тигізер көмегі көп деп ойлаймыз.

Алдыменен «ұран» сөзінің анықтамасына көніл аударсақ. «Ұран – халықты, кейде жеке адамдарды да жеңіске, ерлікке шақыратын атау. Оған «...жауға қарсы аттанғанда руластарды жігерлендіріп, олардың рухын көтеру үшін ұран шақыру – халықтардың бәрінде болған әдет», – деген энциклопедиялық анықтама берілген<sup>27</sup>. Сондай-ақ, ұран «рулық, тайпалық құрылышы жағдайына байланысты пайды болған», «халықтың немесе рудың, тайпаның ұраны аса құрмет тұтатын ата-бабаның, асыл ананың немесе сол халық табынатын табиғи күштің атынан шығады» деген тұжырым қалыптасқан<sup>28</sup>. Ұранға байланысты кеңестік дәуірде ғылыми түрғыда берілген анықтама осындай. Біз бұл анықтаманы жоққа шығармаймыз, алайда толық мағыналы деуден де аулақпаз. Бұған қатысты төмендегідей қисындарымыз да баршылық.

Түркі тілдес халықтардың, оның ішінде қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалар тарихын зерттеуде үлкен еңбек сініріп, іргелі еңбек жазған орыс ғалымы Н.А. Аристов қазақ ру-тайпаларының ұрандарына байланысты да бірер пікірлер айтқан еді. Зерттеушінің рулық ұрандардың шығуы туралы тұжырымдары біз жоғарыда келтірген энциклопедиялық басылымдағы анықтамамен үндес, сәйкес болғандықтан оны біз қайталауды жөн көрмедік. Дегенмен де, ғалымның ру-тайпалар тарихын зерттеуде ұрандардың қаншалықты маңызды екендігі жөнінде айтқан пікірлеріне құлақ қойған жөн сияқты. Н.А. Аристов Ұлы жүздің Жалайыр, Дулат, Қанлы, Шанышқылы, Шапырашты, Сіргелі, Шымыр, Сиқым, Ботбай, Жаныс секілді ру-тайпаларындағы ұрандарды салыстыра келе, аталған рулар мен тайпаларда, әсіресе Дулат руларында екі ұраниның қатар қолданылғанын айтады<sup>29</sup>. Нақты айтар болсақ, мысалы, Шымыр руының ұра-

<sup>27</sup> Қазақ Совет Энциклопедиясы. – XI том. – Алма-Ата, 1987. – 389-б.

<sup>28</sup> Сонда, 389-б.

<sup>29</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 408 б.

ны – Шымыр, ал бәйгеде – Қойгелді, Сиқым руынікі – Сиқым, бәйгеде – Ырысбек, Ботбайларда – Ботбай, ал бәйгеде – Сәмен, Жаныстарда – Жаныс, ал бәйгеде – Төле болып келеді<sup>30</sup>. Мәселені талдай келе зерттеуші: «Ұрандарға қарап қай атаның қай руга немесе қай бөлімшеге жататынын анықтауға болады», – деп қорытынды жасайды<sup>31</sup>. Шынында да кез келген ру-тайпаның жекелеген бір атасы белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты басқа жүзге, басқа бір тайпа құрамына еніп кетсе, ол жөнінде аныз-әңгімелер мardымды ештене айта алмаса, жазба деректер де жоқ болса, онда Н.А. Аристовтың ұсынған әдістің – ұрандарды талдаудың, сол атаның түбін анықтауға жәрдемін тигізері сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда қазақ ру-тайпаларының ұрандарын білудің және зерттеудің маңызы зор деп білеміз. Басқаша айтқанда таңбалар секілді ұрандар да қазақ ру-тайпаларының шығу тарихын зерттеуге айтарлықтай жәрдем бере алады.

Ұрандарға қатысты келесі бір мәселеге – оның негізіне, қандай тұлғаның есімі алынатындығын анықтау жатады.

Біз алдыңғы беттерде ру ұраны ретінде әдетте халықтың немесе тайпаның аса құрмет тұтатын ата-бабасының, киелі анасының немесе дүйім ру табынатын тұлғаның есімі алынатындығын айтқанбыз. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс деректерінде кездесетін көптеген тарихи тұлғалар, батырлар, ру-тайпа басылары, билер есімдерінің кейінгі тарихи кезендерде ру-тайпалар ұрандарына айналып кеткендігін байқаймыз. Соған қарағанда, ұрандар да ескіріп, жаңарып, ауысып отыратын се-кілді. Мысалы, XVI-XVII ғасырларда болған ру ұранының өзгеруі туралы айтқанда мынаны ескерген жөн: біріншіден, сол рулардың есіп-өніп көбейіп, өзара жіктелуіне байланысты, екіншіден, жекеленген рулар көсемінің, батырының, аруақты-әулиелі тұлғасының ру үшін жаңа кезенде маңызды сипат алуы жаңа ұранға жол ашады.

Кезінде қазақ руларын жан-жакты зерттеген Л. Мейер рулар ұрандарының өзгеруіне байланысты төмендегідей пікірлер айт-

<sup>30</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 408 б.

<sup>31</sup> Сонда, 408-409-б.

қан еді: «Эти слова однако не так строго сохраняются как тамги и изменяются от времени, вследствие разных причин; иногда ураном становится имя известного человека, управлявшего долго родом или отделением, иногда он изменяется вследствие вражды с родом, имеющим тот же уран. Наконец, по мере замирения степи, значение этого отличительного знака само собою должно было уменьшиться»<sup>32</sup>.

Ерине, Л. Мейер айтқандай, ұрандардың өзгеруіне рулар арасындағы жауласулардың ықпал еткені рас болар. Алайда бұл ұрандардың өзгеру себептерінің бірі ғана. Қалай десек те жаугершілік заманда казақ руларының ұрансыз өмір сүрмегендегі бүгіндегі анық мәселе. Оның себебі ұрандардың сапалық мазмұнында.

Ұранды қолдану, пайдалану – жауга шапқанда әскерді рухтандыру, жігерлендіру үшін ғана емес, ұранға айналған кісінің аруағына сыйыну, одан қосымша қолдау, күш сұрау да ұрандаушыға тән қасиеттер. Сол себепті де қазақ ру-тайпаларының ұрандарында батырлармен қатар әулиелі-аруақты тұлғалар есімдері де кездеседі. Кейбір ру-тайпалардың ұрандары қаншама ғасырлар өтсе де, өзгермей келе жатыр. Мысалы, арғындардағы – Ақжол, тамалардағы – Қарабура ғасырлар сыйынан өткен ұрандар. Ақжол – XIV ғасырдың соны – XV ғасырдың бірінші жартысындағы Арғын тайпаларының атақты, аузы дуалы, аруақты тұлғасы болса, Қарабура – XII ғасырда өмір сүрген, Қожа Ахмет Яссайдің шәкірті әрі серігі болған киселі тарихи тұлға. Мұндай адамдар есімдерінің қаншама ғасырлар өтсе де ұран ретінде руға қызмет етуі – олардың, ең алдымен, әулие ретінде бағалануында. Арғын мен Тама тайпалары өз орталарынан қаншама ру басылар, көсемдер, батырлар шығарса да, олардың биік беделі Ақжол би мен Қарабура әулиенің қасиетті рухынан аса алмай тұр. Кеңестік дәүірдегі әдебиеттерде ұрандарға анықтама бергенде, жоғарыда айтқанымыздай осы жағы айтылмай қалған еді. Біздің ойымызша, тарихи тұлға есімінің ұранға айналуы

<sup>32</sup> Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генштаба. – Ч.1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства. – СПб., 1865. – 94-б.

үшін, ең алдымен, оның әулиелігі, киелілігі басым түсіп, халық сеніміне ие болады. Ал оның батырлығы, көсемдігі мен шешендігі айтылған қасиеттерден соңғы кезекте тұрады.

Мұндайда мынаны да ескерген жөн: кез келген бір рудың ұраны болған батырдан соң уақыт өте келе әлдеқайда беделді тағы бір атақты батыр шықса, жаңа батырдың есімі бірте-бірте ұранға айналады да, бұрынғы ұран-есім ұмытыла бастайды. Н.И. Гродеков мұны аңғарып, 7-10 буындардағы тұлға есімі ұран ретінде қызмет етеді де, жаңа кезеңде жаңа тұлға есімі ұранға айналады дегі жазады<sup>33</sup>. Бұл пікірде шындық бар. Кептеген деректерде қазақ ру-тайпалары ұрандарының бірнеше болып кездесуін ескі рулық ұрандардың әлі де ұмытылмағандығымен және жаңа ұрандардың катар қолданылуымен түсіндіреміз. М. Тынышпаев құрастырған қазақ ру-тайпаларының ұрандары мен таңбалары атты кестеде<sup>34</sup> Дулат тайпасындағы Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр руларында, Жалайыр, Арғын, Найман тайпаларында бірнеше ұрандардың көрсетілуі біздің осы айтқан ойларымызға дәлел бола алады.

Айтылғандарды корыта келе, қазақ ру-тайпаларының ұрандары жөнінде мынадай тұжырымдар жасай аламыз: біріншіден, тарихи тұлға есімі ұранға айналуы үшін оның әулиелік, батырлық, көсемдік, шешендік қасиеттері жарқырап көрінуі керек. Екіншіден, кейбір ұрандар 2-3 ғасырға ғана төтеп беріп, онан соң жаңарып, өзгеріп отырса, қайсыбір ұрандар – Қарабура, Ақжол тәрізді уақыт сыннына ұзақ шыдаған. Үшіншіден, ру-тайпалардың тарихын зерттеуде дерек ретінде көмекші қызмет көрсете алады.

<sup>33</sup> Гродеков Н.И. Киргизы и каракоргизы Сыр-Дарынской области. — Том первый. Юридический бытъ. Приложения №1. — 1-2-б.

<sup>34</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. — 106-108-б.

# Қазақ ру-тайпаларының ұрандары мен таңбалары

## I. КІШІ ЖҰЗ

ҰРАНДАР					
№	Тайпалар	М. Тынышпаев бойынша <sup>35</sup>	Н.И. Гродеков бойынша <sup>36</sup>	Л. Мейер бойынша <sup>37</sup>	Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров <sup>38</sup> бойынша
1.	Адай	Бекет		Тегелен	Бекет, Тегелен
2.	Беріш	Ағатай		Ағатай	
3.	Алтын	Баймұрат		Баймұрат	
4.	Жаппас	Баймұрат	Баймұрат	Баймұрат	Баймұрат, Бақтыбай
5.	Таз	Бақай		Ақман	Бақай
6.	Есентемір	Алдонғар			
7.	Тана	Тана		Шүлен	
8.	Байбақты	Дәүкара	Дәүкара	Дәүкара	Дәүкара
9.	Маскар	Каратай			Каратай
10.	Алаша	Байбарақ	Алтыбас	Байбарақ	
11.	Қызылқұрт	Жиенбай		Байжайын	Жиенбай
12.	Шеркеш	Шағырай		Жакау	
13.	Ысық	Бәйтерек	Бәйтерек	Бәйтерек	
14.	Қаракесек	Ақпан	Ақпан	Айыртау	

<sup>35</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. -- 106-108-б.

<sup>36</sup> Гродеков Н.И. Киргизы и каркиргизы Сыр-Дарынской области. – Т. 1. – 4-7-б.

<sup>37</sup> Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. – Ч. 1. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб., 1865.

<sup>38</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хакында. – Алматы, 2000.

15.	Шекті	Бақтыбай Жанқожа	Айыртау Бактыбай	Бақтыбай
16.	Төртқара	Айыртау	Айыртау	Айыртау
17.	Карасакал	Алдақар	Алдақар	Алдақар
18.	Шемекей	Дәйт	Дәйт	Дәйт
19.	Кете		Майлыбай	
20.	Керейт	Ақсакал Үнгүм	Ақсакал Үнгүм	Ақсакал
21.	Кердери	Қожахмет	Қожахмет	Қожахмет
22.	Табын	Тостаган	Тостаган Серкө	Серкө, Тостаган, Алаш
23.	Тама	Карабура	Карабура	Карабура
24.	Телеу	Аргымак Тұлпар	Тұлпар Аргымак Ханзада	Аргымак Телеу
25.	Жағалбайлы	Малатау	Манатай Бағажам	Манатай
26.	Рамадан Дулат Кайғұлым	Дулат	Кайғұлым	Дулат

## II. ОРТА ЖҰЗ

1.	Арғын	Ақжол, Қарақожа	Ақжол, Қарақожа		Ақжол
2.	Керей	Жаубасар	Ақжол, Қарақожа		Ошыбай
3.	Уак	Бармак	Жаубасар		Жаубасар
4.	Найман	Қаптағай	Қаптағай	Қаптағай	Қаптағай
5.	Қоңырат	Алатау	Алатау		Алатау Мукәммол
6.	Қыпшақ	Ойбас	Ойбас	Айбас	Ойбас

### III. ҰЛЫ ЖҰЗ

1.	Дулат	Бактияр	Бактияр		Бактияр
2.	Албан				Райымбек
3.	Суан				Байсуан
4.	Сары үйсін				Байток
5.	Шапрашты	Қарасай	Қарасай		Қарасай
6.	Ысты	Жауатар	Жауатар		Жауатар
7.	Ошакты				Бактияр
8.	Сіргелі	Тұғанас	Тұғанас		Бактияр
9.	Жалайыр	Бактияр Қабылан	Бактияр		Қаблан Бактияр Берібай
10.	Қанұлы	Бәйтепек	Бәйтепек		Бәйтепек Айырылмас
11.	Шаньшқылы	Айырылмас	Айырылмас		Айырылмас Шаньшқылы

Біздің ойымызша, тарихымыздағы рұлық-тайпалық мәселе-лерді арнағы және терендете зерттемей кең көлемді, көптомдық қазақ тарихы да толық сипатта жазылмақ емес. Осыны өткен ғасырдың 20-жылдарында жақсы түсінген М. Тынышпаев А.П. Чулошниковты қазақ тарихына арналған еңбегінде қазақ «руларының іс-әрекетін бір-біріне деген қарым-қатынастарын талдамағаны» үшін қатты айыптаған, оның еңбегін басып шығаруға ұсынбай қойған еді<sup>39</sup>. Мұны бүгінде қатты ескеруіміз керек.

<sup>39</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. – 66-б.

## **II ТАРАУ**

# **ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АРҒЫҚАЗАҚ (ПРОТОҚАЗАҚ) ТҮРКІЛЕРИНІҢ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ**

---

### **2.1. Қанұнының көне тарихы**

**Қ**азақта «Қанұлдан хан сайла» деген көне мақал бар. Мұның өзі ежелгі Қазақстан аймағында қанұлымдардың аса ықпалды тайпа болуына байланысты өмірге келсе керек. Осыған байланысты қазақ тарихынан хабардар боламын деген адам алдымен Қанұл тарихын жақсы білулері керек. Бұл айтуға ғана оның нәрсе. Табанды түрде жүйелі зерттеулер ғана Қанұл тарихын тарих қойнауынан жарыққа шығара алады. Кезіндегі Канға, Кангар, Кангюй, Кангх, тәрізді әртүрлі атаулармен тарих саҳнасында көрінген бұл тайпаның тарихы да аса күрделі. Мәселе ежелгі тарихқа жетектейтінің білуіміз керек.

Зерттеушілер қанға атауының ежелгі «Авестада» кангюй, сондай-ақ Фердоусидың «Шахнамасында» кангх деген атаулармен кездесетініне назар аударған еді<sup>1</sup>. Кейінгі зерттеуші Б.И. Вайнберг бұл атаулар ежелден-ақ жергілікті мәдениеттің белгісі ретінде көрініс берген деген пікірді айтады. Ол С.Г. Кляшторныйдың бұл

атаулардың мәселені зерттеуде шешуші рөл атқармайтындығын атап көрсеткен пікірімен өзінің келісегендігін айта отырып, сонымен бірге осындай этномимдердің ежелгі деректерде кездесуінің өзі зерттеушілердің еріксіз назар аударуын қажет етеді деп мойындаған еді.

Айта кеткен жөн, Фирдоусидың Кангхасы қытай деректерінде айтылатын Қаңлының орналасу аймағына сәйкес келеді. Б.И. Вайнберг осы пікірлерді макұлдай келе, кандайдің байырты жерінің Сырдарияның орта ағысының (Испиджабтың) төңірегінен солтүстікке қарай созылып жатқандығын растай түседі. Сонымен бірге Фердоусида және Тұран туралы жазылған ортағасырлық ежелгі авторларда Тұран – ежелгі ирандық тұрларды ауыстырган түркілердің отаны болып табылатыны осы ғалымның енбегінде тағы да атап көрсетіледі<sup>40</sup>.

Шындығында да Тұран аталған елдің Қаңлы аталған елмен шекараларының сәйкес келетіндігі, олардың мекендерінің солтүстік Каспий аймағынан Ферғанаға дейін созылып жататындығы «Шахнама» мен «Авестаны» салыстырып оқығанда айқын байқалады.

Б.И. Вайнберг В.Г. Тизенгаузеннің осы екі атауға байланысты пікіріндегі мынадай мәселеге назар аударады: Тұран деген тарихи түсінік ежелгі Кангюй атауына қарағанда өзінің маңызы жағынан кеңірек түрде қолданылса керек. Мұндай (кең түсінік) ортағасырлардың өзінде-ақ жүзеге асырылған тәрізді<sup>41</sup>.

Ежелгі қаңлының орналасу территориясы туралы әңгімені қозғаган кезде біз Кангх, Кангюй (Қаңлы), Каңғар деген атаулардың өзара қатысы туралы мәселеге тағы да қайта оралуға мәжбүр боламыз. Өйткені осы атаулар тіптен қытай деректерінің өзінде де әртүрлі географиялық аймақтарда кездеседі. Ең бастысы «қаңлы» атауы қытай жылнамаларында Самарқан деген атаумен белгілі. Бұл туралы қытай деректерінен мынадай үзінді келтіруге болады: «Кан мемлекеті Ми мемлекетінің (Маймурқ – Ж.О.) онтүстік-батыс жағында 300 ли жерде. Оның тағы бір аты Самарқан деп аталады. Ол жердің топырағы

<sup>40</sup> Вайнберг Б.И. Этногеография Турана в древности. VII в. до н.э. – VIII в. н.э. – М., 1999. – 280-б.

<sup>41</sup> Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т.І. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1984. – 243-б.

құнарлы, халқы аса бай, шағын ғана мемлекет. Онда киелі жерлер мен қасиетті мекендер де өте көп, сондай-ақ небір ғажайып хикаяттарды шығарушылар мен оны таратушылар да көбінесе осы өңірден шығады»<sup>42</sup>.

Көріп отырымыз, «кан» атауымен аталатын шағын мемлекет Самарқаның айналасындағы өңірді жайлап жатыр. Ежелгі қытай саяхатшысы Ду Хуанның VIII ғасырда «Батысқа саяхат естеліктерінен» алынған мәліметке зерттеушілеріміздің берген түсінігінде Самарқанды қытай деректемелерінің көбінесе қысқартып, Кан деп атағаны атап көрсетіледі. В.В. Бартольд бұл қала туралы айтқан кезде Самарқаның Мәуреннахрдағы ең үлкен қала болғандығын да ескерткен еді<sup>43</sup>.

Қытай деректемелерінен Самарқаның Кангюй (немесе Канцзюй) деп аталғанын айқын анфарамыз. Мұндай дерек авторлары бірнешеу. Кейбір қытай авторларында Самарқан Канго деген атпен де әйгілі<sup>44</sup>.

Бұдан байқайтынымыз, қаңлылардан батысқа қарай тағы да бір «кан» деген атпен белгілі Самарқан төңірегіндегі елді біріктірген мемлекетінің орналасқаны. Тегінде бұл мемлекеттің Сырдарияның орта ағысынан шығысқа қарай қоныстанған кангюйлердің (қаңлылардың) этномімін тығыз байланысы байланысы бар, бәлкім әңгіме бір мемлекет туалы болып отырса керек. Мұндайда Самарқан өңірін кангюйлардан шыққан билер билеген болар десек артық айта қоймаймыз. Бұған таңдануға болмайды, Сыр өңіріндегі көптеген қалаларда негізгі тұрғындар қышишқтар бола тұрса да, биліктө қаңлылардың отырғаны белгілі. Осы өңірге кейінірек аяқ басқан әйгілі Шыңғысхан сондықтанда монғолдар билігін қаңлылар билігімен ауыстыру үшін Жетісудан Орта Азия өңіріне дейін қаңлыларды қынадай қырып отырған. Мұның өзі қаңлылар сандарын күрт азайтып, олардың басқаларға ықпалын темендепті. Дегенмен де «кан», «кангюй» және «қаңғар» этномімдерінің Орта Азияның әртүрлі өңірлерінде кездесетіні тарихи шындық.

Осы атауларды салыстырмалы түрде талдар болсақ, кангюй (қаңлы) атауының Шу, Сырдария бойындағы елге қолданылға-

<sup>42</sup> Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. – Т.1. – Алматы, 2005. – 43-6.

<sup>43</sup> Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. – Т.1. – 46-6.

<sup>44</sup> Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. – Т.1. – 166-167-6.

нын, ал қанғар атауының Алтайдың оңтүстігіндегі бұрынғы динлиндерден бастау алатын теглектерге, немесе кейінгі гаогюйлерге қолданылғанын аңғарамыз. Осылайша, үш түрлі Қаңлы атауымен аталатын елге немесе жерге және қалаға кездесеміз. Бір қызығы, бұлардың мән-мағынасы да бір-бірінен алшақ жатыр. Дегенмен, мәселені талдаудан бұрын осы атаулардың барлығы ортақ бір түбірден – Кан атауынан шыққан деген пікірге тоқталымыз келеді. Тегінде жоғарыда аталған этномидердің бәрі зерттеуші Н.А. Аристов айтқандай, Алтайдағы Шарыш өзенінің тармағы Кан өзенінің атауынан бастау алатын тәрізді<sup>45</sup>. Бұл қаңлылар динлиндер одағында көшіп жүрген тұста өмірге келген этномидер тәрізді. Айта кеткен жөн, «динлин» атауының уақыт ағымымен өзгерістерге ұшырауларын былай көрсетуге болады: «динлин»-«дили»-«теле»-«телеуіт». Атаулары осылайша өзгерген тайпалар бірлестігі құрамында қаңлылардың бабалары да өмір сүрді. Олардың шығыста қалғандары кейіннен «гаогүй» деп те аталды. Оны анықтауға әрекеттенгенде «Солтүстік әулеттер тарихын» ежелгі қытай тілінен аударған қытайдағы қазақ бауырларымыздың еңбегінен төмендегідей жолдарды оқымыз: «Қанға жұрты он екі арыстан тұрады. Олар: біріншісі – Қыбыл, екіншісі – Тала, үшіншісі – Итан, төртіншісі – Тайлан, бесіншісі – Құртқа, алтыншысы – Тарба, жетіншісі – Алұн, сегізіншісі – Бақұн, тоғызыншысы – Іrbін, оныншысы – Бебекір, он біріншісі – Қыруан, он екіншісі – Ғұшқұбат делінеді»<sup>46</sup>.

Егер Н.Я. Бичурин көрсеткен гаогүйліктер бабаларының 12 руын қаңлылардың 12 арысымен, яғни руымен салыстырып қарар болсақ, олардағы рулар атауларының шынында да ұқсас екендіктерін аңғарамыз.

Ал кейінірек қанғалар біртіндеп Сырдың орта ағысына дейін барған және кейіннен өздеріне көрші қытай жылнамаларында айтылатын бес аймақты басып алған кандықтар (қаңлылар) Сырдарияның орта ағысына өздерінің есімдерін берді.

Осылай байланысты қазақстандық зерттеуші ағамыз Ә. Қайдар мынадай пікір айтқан еді: «демек, басқа да түркі тайпалары сияқты,

<sup>45</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – 67-б.

<sup>46</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275 -840 жылдары). – 2-кітап. – 106-б.

қаңлы тайпасының да «қаңлы» деп аталудан әлдекайда бұрын Алтайды жайлапандығы дау тудырмаса керек. Бірақ көптеген дерек көздері Алтайдан жөңкіле көшіп, жан-жаққа тараған Алтай этностық қауымының түркі тайпаларының ішінен ең ерте, есте жок есік дәүірлерде Сыр бойы мен Қаратая алқабына көшбасы болып, алғаш келгенде қаңлы тайпасы екендігіне күэлік береді»<sup>47</sup>.

Бірте-бірте қаңлылардың алғы көші Афрасиаб жеріне дейін барып, ондағы түрларды ығыстырып, ежелгі Афрасиабты өздерінің есімдерімен Самарқан деп атауға мәжбүрледі. Әрине, бұл айтылғандарымыз нақты деректерге негізделген ғылыми болжамдар ғана. Дегенмен де, біз әңгімелеп отырған кезеңдегі «Авестада» және «Шахнамада» айттылатын қангхалар (қаңлылар) туралы мәліметтер біздің осы болжамымызға сәйкес келетінін де айтпасқа болмас. Оның устіне бұл деректік шығармаларда Кангх атауы әрі қала-астана атауы ретінде ғана емес, елдің атауы ретінде де көрініс береді. Және де қаңлылардың жоғарыда айтқанымыздай, орналасу аймағының ежелгі Тұран елінің шекарасымен сәйкес келіп жатуы да осы айтқанымызды қолдай түсетіндей. Дәлірек айттар болсақ, бұрынғы иран тілдес Тұран елі шығыстан келген қаңлылардың басып алуына байланысты енді кангха немесе кангюй (қаңлы) елі деп аталатын болды. Осылайша, Алтайдағы Кан өзенінен шыққандар, Араг бойына дейінгі үлкен кеңістікті өздеріне қаратты. Қытай деректерінде «үздіксіз көшіп-қонып жүретін көшпелілер» ретінде көрсетілген қаңлылардың мұндай үлкен кеңістікті өздеріне бағындыруына таңдануға болмайды.

Алайда Қаңлының біздің заманымызға дейінгі кезеңде кангюй деген атпен мәлім болғаны белгілі. Алғаш рет бұл этномимге байланысты тарихи дерек қытай елшісі Чжан Цзяннің (Жан Чян) жазбалары арқылы мәлім болды. Онда мынадай жолдар бар: «Дад-уаннның солтүстігінде – Қаңлы (бөліп көрсеткен біз – T.O.), батысында Ұлы Нұкіс, онтүстік-батысында Бактрия, солтүстік-шығысында Үйсін, шығысында Уағме, Ұдұн елдері бар. Ұдұнның батысындағы өнірлерде су батыска ағып Батыс тенізге, Ұдұнның шығысындағы өнірлерде су шығыска ағып,

<sup>47</sup> Қайдар Ә. Қаңлы (тарихи шежіре). – Алматы, 2004. – 166-6.

Тұзкөлге құяды»<sup>48</sup>. Осы мәліметтер ұзак жылдар бойы кейінгі тарихшылардың ғылыми талдауларына үшірап, күні бүтінге дейін олардың арасында әртүрлі пікірлер мен көзқарастар туындастып, Жаң Чян айтқан елдердің орналасу аймағы әлі де таластартыс туғызып отыр.

Қытай тарихнамашылары Араг бойындағы Каспий жағалаудындағы сармат, алан тайпаларының қанлыларға тәуелді екенін атап көрсетеді. Оларға байланысты Қытай жылнамаларынан мынадай жолдарды оқимыз: «Соғд Қанлы еліне тәуелді. Таңдаулы жылқы түрі, сиыр, қой және жүзім тәріздес толып жатқан жемісжидек өседі. Жері сулы, топырағы құнарлы, сондықтан олардың жүзім шарабының атағы жер жарады.

Ниям елі Аорстың солтүстік жағында Қанлыға қарайды, шетелге тышқан терісін шығарады.

Аорс елінің аты Аланляу (Алан) деп өзгерілген, Дазен қаласында (Жер қала) тұрады, Қанлы еліне қарайды. Климаты жылы. Бұржын, қарагай, ақ шеп көп өседі. Халқының әдет-ғұрпы, киім-салымы қанлылармен ұқсас»<sup>49</sup>.

Тарихи деректер қанлылардың ғұндарға және аландарға іле-сіп, Кавказ аймағына дейін барғандарын нақты дәлелдеп береді. Зерттеуші Б.И. Вайнберг қангюйлердің (қанлылардың) оқтын-оқтын өздеріне Қазақстанның орталық және шығыс аудандарын (Тарбағатайға дейін) бағындырғанын және сол тұста осында жылжып келе жатқан хуннұларды кездестіргенін және батыста яныңайлардың (аландардың) территориясын бағындырғандарын атап көрсеткен болатын<sup>50</sup>. Көшпелі тайпаларға жатқандықтан, қанлылардың жауынгерлік рухының үстем болуы әбден түсінікті нәрсе. Сонымен бірге нақ осы көшпелі тұрмыс қанлылардың бөлшектеніп кетуіне де басты себепкер болды десек, тарихи шындықтан көп ауытқи қоймаспаз. Тегінде алғаш Алтайдағы динлиндердің кейіннен теглектердің және гаогүйлердің, онан соң генғұндар мен құйғырлардың тайпалық одақтарына мүше болған қанғарлар осы біз әңгімелеп отырған қангюйлардың

<sup>48</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б. 177-б.з. 222 жылдары). – 1-кітап. – 48-49-б.

<sup>49</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б. 177 -б.з. 222 жылдары). – 1-кітап. – 203-б.

<sup>50</sup> Вайнберг Б.И. Этнogeография Турана в древности. VII в. до н.э.-VIII в. н.э. – М., 1999. – 282-б.

байыргы бір бөлігі болса керек. Олардың географиялық орналасу аймағы да ежелгі динлиндердің мекенінен қашық емес. Дегенменде, мәселенің байыбына баруға кедергі жасайтын үлкен бір нәрсе, қаңғар деген атаудың қангюй (қаңлы) деген атаудан басқаша мағына беретіндігі. Қытай жылнамаларында қаңғаларды «олар биік донғалақты арбалармен оттың сонысын, судың тұнғыбын қуып көшіп жүрді, мал басы қауырт өсті» деп көрсетеді<sup>51</sup>. Осыдан келіп «қаңлы» деген сез аталған тайпаның көші-қон көлігі, қаңқылдан дауысы шығатын үлкен донғалақты, биік шабақты арбалардың аты екен деген түсінік қалыптасып кеткен болатын. Десек те бұл мәселені «дәл осылай еді» деп дәлелдеу оңай емес.

Дегенмен де, жоғарыдағыларды қорыта келе уш маңызды мәліметке баса назар аударамыз. Оның алғашқысы – Қаңлының бұрын Қаңға немесе Қанғу деп аталғаны; екіншісі – қанғулардың бұрын Келентаудың солтустігін мекендергендері. Бұл Шығыс Тәніртауы, яғни бүгінгі Шығыс Тянь-Шань. Үшіншісі және ең маңыздысы, ғұндар талқандалған соң қаңғулардың, аталған аймақтан батысқа ауып, Көгарт (Памир) тауынан асып кетулері және сонда мемлекет құрулары. Қытай дерегінен мұнда қаңлылардың астанасы «Сарбу судың» бойында болғанын байқаймыз. Тегінде әңгіме бұл жерде Қаратай баурайындағы Сарысу өзені туралы болып отырса керек. Жоғарыда айттық, ғұндардың сәнбелерден (сянъбилерден) жеңіліп батысқа жылжулары біздің заманының III ғасырында басталады. Алайда қанғулардың негізгі бөлігі б.з.д. ғасырларда-ақ батысқа қоныс аударып, Сырдария өңіріне дейін жеткен деуге негіз бар. Қанғулардың батысқа қоныс аударулары кейін де жалғасты.

Кангюй империясы туралы соңғы мәліметтер 270 жылға жатады. Бұл кезде Қытайға Кангюй патшасынан елиші келді. Алайда бытыраңқылыққа ұшыраған бұл ел біртіндеп әлсірей берді. V ғасырдың орта шенінде Кангюй әңгімеленгенде эфталиттерге бағынған бірнеше ондаған басқа мемлекеттер арасындағы шағын иелік ретінде ғана айтылады<sup>52</sup>.

<sup>51</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). – 2-кітап. – Алматы, 2006. –30-б.

<sup>52</sup> Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – 174-б.

Монгол жаулаулары тұсындағы қаңлылар туралы деректер аса аз. Жоғарыда айттық, Шыңғысқанға Орта Азиядағы қаңлылардың ықпалдары, әсіресе олардың қуатты Хорезмшах мемлекетімен құдандалы, же жеткіттік қарым-қатынастары тіптен де ұнамады. Сондыктan да ол Қаңлы тайпасын бөлшектеуге және қырғынға ұшыратуға үлкен мән берді. XIII-XIV ғасырлардағы тарихи зобалаңдар да қаңлыларға ауыр тиді. Түркілер оларды бұрынғысынша қадірлеп, құрметтей тұрса да Шыңғыс тұқымынан шыққан төрелердің үстем күшке айналулары қаңлылардың қоғамдағы саяси ықпалдарын төмендетуге алыш келді. Енді тарақ таңбалы тайпалар хан тұқымына жақын болатын заман туды. Оның үстіне Көшпелі өзбектер мемлекетін билеген Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани қазақ хандығынан жеңіліп, қашқан кезде өзімен бірге Орта Азияға қаңлылардың біраз бөлігін алыш кетті. Бұл тұста әбден ыдырап біткен қаңлылар өздерінің байырғы рулық шежірелерін ұмыта бастады.

Байырғы қаңлылардың қалдықтары Қазақ хандығы тұсындаған қайта бірігіп, ел-жүрт болуға мүмкіндік алды. Бәрін қайта бастауға тұрақ келді. Сондыктan да XVI-XVII ғасырларда шежірешілер қаңлының жана рулық шежіресін қалыптастыруды. Бұл шежіре ежелгі қаңлының байырғы рулық құрамындағы рулардан мүлде хабары жоқ жана шежіре еді. Дегенмен де, жана шежіреде ежелгі қаңлының кейбір «жүрнәктары» ескерілді. Нактырақ айттар болсақ, VIII ғасырда қаңлылар Сары Қаңлы және Қара Қаңлы, Сары Үйсін, Қарекесек, Тертқара атанған Түргеш қағанатына қараған немесе көрші орналасқан тайпалар тәрізді екі топқа жіктелді. Тарих түргештердің де «сары» және «қара» атанғандарынан жақсы хабардар. Егер Үйсін бірлестігі осы тұста сары түргештерден құралған сары үйсіндер мен қаралар бірлестігінен құралған (Албан, Суан, Дулат, Шапырашты, Ошақты, Ысты тәрізді іргелі рулар) болса, ал Сары қаңлылар Миялды (Миям), Ақбота, Омыртқа, Әлсейіт, Ақбарақ, Телқожа, Ақынқожа, Құйысқансыз, Бозым, Ешкілі, Шанышқылы, Шоқпарлы, Турке тәрізді ру тармақтарынан, ал Қара Қаңлы Тоғызбай, Онбай, Тоганбай, Бақа, Бадырақ, Еңке, Таңта, Оразымбет, Ерезен, Қоспан, Қараманас секілді ру тармақтарынан тұрады. Кейінгі шежіре арғы жағы белгісіз болғандықтан Қаңлының өзін де Табей биден (немесе Үйсіннен) таратып, одан

туған Бәйтерекке бала етіп көрсетеді. Сондықтан да осы «Бәйтерек» бірнеше ғасырлар бойы Қаңлының тайпалық ұраны болып келді және XVI ғасыр сонында Еңсегей бойлы ер Есім Тәшкентте хандық құрып, қатағандар мен шанышқыларды билеп тұрган Тұрсын ханды өлтірген соң ол жақтан қашып келіп Сыр бойындағы қаңлыларға қосылған шанышқылармен бірге ынтымақтасып, жаңа «Айырылмас» деген ұранды да қабылдады.

Қаңлы – түркі дүниесіне кеңінен тараған тайпа. Сөзіміздің дәлелі қаңлыдан тараған әйгілі селжүктөр әулетінің Кавказ және Кіші Азия жеріне дейін барып, кейін Осман империясының негізін қалаулары, әйгілі Қыпшақ тайпасының кезінде осы Қаңлы бірлестігінен бөлініп, жеке тайпа болулары және т.б. Кейінгі мәселені қаңлы (I) мен қыпшақтың (II) рулық таңбаларын өзара салыстара қарағанда және ежелгі жазба деректерді талдағанда байқауға болады.

№	Ру-тайпалар аттары	М.Гролековтың мәліметтері (1889 ж.)	М.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	Н.Мынжапының мәліметтері (1987 ж.)	Х.Арғынбаев М.Мұханов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	А.Сейдімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2 Қаңлы	3 	4 	5 	6 	7 	8 

## 2.2. Дулу (Дулат) елі

«Түркі» этнонимінің «бас киім» деген мағынаны білдіретінін соңғы кезде зерттеушілер көбірек айтып жүр. Осы тұрғыдан алғанда, әсіресе, көне қытай тілін жақсы білестін тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынхан Зәкеннің осы пікірді

дәлелді түрде мақұлдауы еріксіз назар аудартады<sup>53</sup>. Қытай жылнамаларында Алтынтаудың (Алтайдың) алыстан дулығаға, яғни бас киімге ұқсайтындығы атап көрсетіледі<sup>54</sup>. Бұл деректен түсінгеніміз, осы тауды мекендереген Ашына түркілері сондықтанда дулығалар немесе дулулар деп атала бастаған екен. Біздің ойымызша, алғаш нөнелерді (жужандарды), онан соң 40 мың үйлік түркі тілдес Телені жауап алған Ашына әuletі басқарған Дулыға түркілері кезінде, яғни IV-V ғасырларда өмір сүрген Йүрпапан (Юебан) мемлекеті құрамында болып, ол ыдыраған соң Дулу конфедерациясын құрған деуге негіз бар. Осы Дулу бірлестігі Батыс Түркі мемлекетінің этно-саяси негізі болды<sup>55</sup>. Шу өзенінен шығысқа қарайғы аймақта нығайған осы конфедерация немесе зерттеуші Н.Ф. Катановтың сөзімен айтқанда «Дуглас патшалығы б.з. VI ғасырынан VIII ғасырына дейін, Тарбағатайда және онтүстік Монголияда 200 жылдай өмір сүрді. Бұл мемлекеттің астанасы Алтайдың табанында жатты. ...Рундар немесе Сібір жазулары осы дутластардікі еді. Дутластар Еуропада обрлар немесе аварлар деген атпен белгілі болып VIII ғасырда тіптен Францияны да мазалаған жужан тайпасын ішінара бағындырып, ішінара ығыстырыды. Дулгас патшалығын ұйғырдікі ауыстырыды»<sup>56</sup>. Бұл жерде Н.Ф. Катановтың Батыс Түркі аймағында Дулу тайпалық одағының әртүрлі қағанаттардың, яғни саяси билікке түрлі тайпалар өкілдерінің келулеріне қарамастан әрқашан да үстем және шешуші этностық бірлестік болып қалғандарын айттып отырғанын аңғару қыын емес. VIII ғасырга дейін Дулу атанған бұл бірлестіктің өзі мекендереген Жетису аймағында аса ықпалды этностық күшке айналып, ал келесі ғасырдан бастап Дулат деген атаумен қуатты этностық одақ ретінде тарих сахнасында көрінгені белгілі.

Дулу бірлестігінің о бастан-ақ аса қуатты болғанын олардың бір бөлігінің батысқа ауған солтүстік ғұндармен бірге Дунайға

<sup>53</sup>Қайыркен Т.З. Қоған түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (VII-XIV ғ.). – Өскемен. – 70-6.

<sup>54</sup>Қытай жылнамаларындағы қазак тарихының деректері (б.з. 275 – 840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 109-6.

<sup>55</sup> Ма Манли. Үйсіндердің Көгартқа аузы жайлы таластар // Ежелгі Үйсін елі. – Үрімжі, 2005. – 148-6.

<sup>56</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч.1. – Алма-Ата, 1959. – 34-6.

дейін барып, онда олардың билігі әлсіреген соң Дуло (Дулу) династиясын басқарған Құбыраттың және оның балалары Батбайдың, Қотырақтың (Котрагтың), Аспарұхтың 632-668 жылдары Ұлы Болгария мемлекетін құргандары белгілі<sup>57</sup>. Аспарұх сонынан қалмай қойған хазарлардан құтылу үшін Дунайдың арғы бетіне өтіп кетіп, сондағы Балқан аймағындағы славян тайпаларын дулуларға бағындырыды. Аспарұх басқарған Дуло (Дулу) әuletін 700-753 жылдар аралығында оның мұрагерлері Тербел, Қөрмесі (Кормесси), Севар тәрізді тарихи тұлғалар жалғастырды<sup>58</sup>.

Ал енді өздерінің отандарында тұрактап қалған дулуларға келер болсақ, құрамына дулулар кірген IV-V ғасырларда Іле өзенінен солтустік батысқа қарайғы аймақтарда өмір сүрген ежелгі ғұндардан қалған Юебань (Йұрпан) мемлекетін Гаогүйлер басып алған соң, дулулардың бір бөлігі Тулу деген атпен олардың құрамында қалып қойса, ал негізгі көпшілік рулар батысқа жылжып, Жетісу аймағында жаңа тайпалар бірлестігін құрды. Бес тайпадан тұратын дулулар үстем жағдайда болған бұл одақ «Он оқ бодұн», яғни «Он оқ елі» деген атпен белгілі. Мұндай жағдай Батыс Түркіні билеген Түркі (Дулу) қаған қайтыс болғаннан кейін төрт жыл өткен соң қалыптасты. Бұл қағаның кезінде Дулу деген қосымша атпен жүргенін белгілі синолог Н.В. Кюнер жазып кеткен болатын<sup>59</sup>. Ашына әuletінен шынқан белгілі қағаның Дулу атануының өзі бұл әuletтің дулулармен тікелей байланыстылығын және қағандар әuletінің Дулу тайпалық бірлестігіне деген ерекше құрметін байқатады. Осы жерде ескертे кетер бір мәселе, Дулу тайпалық одағы өмір сүрген осы аймақта Түркі (Дулу) атанған қаған екеу. Олардың соңғысы билікті 641 жылдан бастап қолға алған болатын. Н. Аристов эйгілі Ақыртастың құрылышын салуды қолға алған осы екінші Түркі (Дулу) деген пікірде<sup>60</sup>.

Сонымен алғашқы Түркі (Дулу) қағаннан кейін іле-шала таққа отырған оның інісі Ышбара Теліш елді басқару ісіне

<sup>57</sup> Плетнева С.А. Кочевники средневековья. Поиски исторических закономерностей. – М., 1982. – 48-б.

<sup>58</sup> Успенский Ф.История Византийской империи. – СПб., 1889. – 768-б.

<sup>59</sup> Кюнер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – 1961. – 191-б.

<sup>60</sup> Аристов Н.А. Усуны и кыргызы или кара-kyrgyзы. – Бишкек, 2001. – 280-б.

реформа жасады. Қытай жылнамаларында бұл туралы былай деп жазылған: 638 жылы «әуелде Батыс Түркінің Теліш қағаны мемлекетін он ұлысқа бөліп, әр ұлысқа бірден ағаман тағайындал, оларға бірден оқ берді де, мұны Он оқ деп атады. Одан соң сол-он қанаттарға бөлді. Сол қанатты Бес Түркі деп атап, оларға бес тай чор қойып, Суябытың шығысына ірге тентірді. Оң қанатты Бес Нұшбе деп атап, оларға бес тай іркін тағайындағы да, Суябытың батыс жағына орналастырды. Олар жалпылай Он оқ деп аталды»<sup>61</sup>. Мұндағы Бес Түркі делініп отырған шын мәнінде Бес Дулу тайпалық бірлестігі болып табылады. Осының өзі жоғарыда атап көрсеткеніміздей, «Дулу» этнонимінің «Түркі» этнониіне синоним болып табылатынын тағы да дәлелдей түседі. Қытай жылнамаларында Бес түркі Дулуға төмендегідей ұлыстар жатқанын нақты атап көрсетеді: «Түркі бес шор еді: бірінші, Шөмекен лы чор, екінші, Құлік Құл чор,... үшінші, Шеп –шад Тон чор, төртінші, Тұргеш Қалаш чор, бесінші, Шаныш Шапан чор». <sup>62</sup> Бұл атаулардың кейінректе пайда болған этнонимдерге ұксайтынын аңғару қызын емес.

Алғаш Батыс Түркі қағанаты құрамына енген бұл бірлестік Бес түркі дулулар құрамындағы Ту Шиши Хелоши (Түркеш Алаш) ұлысының Батыс Түркіні билеп келген Ашына әuletі-нің өкілдерін тақтан тайдырып, билікке келуіне байланысты қайта құрылған Түркеш (Сарығүйсін) қағанаты құрамына енді. Қазақ шежіресі бойынша Тұргештер деп жүргеніміз сарығүйсіндер екендері белгілі. Зерттеулер тұргештердің о баста онтүстік Алтай аймағын мекендеп, сол кездің өзінде дулуларға көрші тайпа болғандарын аңғарта түседі. Жегісуға біржолата қоныс аударған олар осында әртүрлі тайпалық бірлестіктерді өздеріне қосып күшейіп алған өздеріне туыстас дулулар одағына кірді. Құрамында ежелгі үйсіндерден қалған мұрагер рулар басым болғандықтан олар Сарығүйсін деген атпен Дулу одағында ерекше құрметтеді. Осында тұргештер екіге бөлініп, сарытұргештер және қаратұргештер атанды. Сарытұргештер дегендер шын мәнінде Сарығүйсін руларын біріктірсе, ал қаратұргештер Дулу одағына кіретін басқа руларды біріктірді.

<sup>61</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 241-б.

<sup>62</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 143-б.

А. Бернштамның зерттеулеріне назар аударап болсақ, сарытүргештерді о баста Сака (Согэ) қаған (708-737) басқарса, ал қаратүргештерді Сұлу қаған (717-738) биледі.<sup>63</sup> Зерттеушілердің қаратүргештерге Аз деген тайпаны жатқызатындарына қарағанда осы тайпа олардың арасында үстем жағдайда болса керек. Сұлу қаған өз билігінің басында Тұргеш мемлекетін нығайтуға көп күш жұмсады. Нәтижесінде оның мемлекетіндегі халықтың саны 200 мың адамға жетті. Дегенмен де ол, кейбір қақтығыстарға қарамастан Тан империясымен, яғни Қытаймен дипломатиялық қарым-қатынасты дұрыстауға көп күш жұмсады. Оның билігі тұсында Орта Азияны жауап алған арабтар Талас бойындағы Дулу мекендеріне қауіп төндірді. Мұндай шайқастарда бірсеке арабтар женсе, бірде түргештер жеңіске жетіп, шиленісті жағдай қалыптасты. Осындаида арабтардан қашқан соғылар да Тұргеш қағандығы аумағына келіп қоныстанды. Алайда Сұлу қаған өз билігінің соңғы жылдарында ішкі саясатын өзгертип, дулуларға салынатын салықтарды көбейте түсті. Оның үстіне соғыстан тұскен олжаларды бұрынғыдай әділетті үлестірмей, оларды өзі иемденіп кетуді әдетке айналдырыды. Мұның өзі жергілікті дудулардың қағанға деген наразылықтарын өршітіп жіберді. Оның нәтижесінде Баға тархан мен Дұмаш 738 жылды оны өлтіріп тынды<sup>64</sup>.

Айта кетер бір маңызды нәрсе, осындағы Баға тархан (Мохә Даган) шежіре деректеріне жасаған талдаулар нәтижесінә қарағанда ауызша деректерде айтылатын Бәйдібек баба болса керек. Рас кейбір зерттеушілер Бәйдібек бабаның өмір сурген кезеңін XIV-XV ғасырлар тоғысына апарып жүр. Қазақ шежіресінے терендеп барғанда мұндай пікірлердің негіzsіз емес екендігіне көз жете түседі. Тарихи аныздар да оны алғашқы қазақ хандары заманына апарады. Сондықтан да болар, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы тәрізді сол заманың шежірешілерінің мәліметтерінде Бәйдібек баба есімі кездесе коймайды. Дегенмен де, Қазақ хандығы тұсында реформаланған дәстүрлі шежіре деректерінде Бәйдібек Тұргештің Баға қағаны заманына апарылады. Дәлірек айттар болсақ, Бай Баға қаған кейінгі шежіреде Бәйдібек

<sup>63</sup> Бернштам А.Н. Памятники старинны Таласской долины. – Алма-Ата, 1941. – 28-б.

<sup>64</sup> История Киргизии. Т.1. – 103-б.

аталып кеткен. Деректерді салыстыра қараган зерттеуші осы тарихи кезеңде кейінгі Бәйдібек баба есімінің Дулулар одағын билеген ортағасырлардағы Баға қағанмен ауыстырылып отырғанын анғара алады дең ойлаймыз. Ол Қытай деректерінде Баһадұр деген атпен де белгілі болып, осы қытайлар қаған етіп жіберген Ашина әүлетінің соңғы ұрпағы Ашына Қынды Құлан қаласында өлтіріп, өзін Он оқ еліне қаған жариялауга қол жеткізді<sup>65</sup>.

Оз атынан тенге соқтырғанына қараганда Бай Баға қаған түргештер арасында аса беделді болса керек. Бірақ ол түргештердің Сары және Қара болып бөлінуін бәрібір тоқтата алмады. Билікке қол созған дулулар бастаған Түргеш рулары 742 жылы Ел Етміш Құтлық білгені қаған көтерсе, ал 753 Тәңірі Елемішті қаған көтерді. Түргештердің бұлай бөлшектенуін Қытай барынша қолдан отырды. Осындағы қызын ахуалға қарамастан туған жерге берілген дулулар қытайлардың да, арабтардың да отарлау саясатына көнбеді. 751 жылы арабтар Талас бойындағы Дулу еліне келіп жетті. Осында олар қытайлықтармен кездесіп қалды. Атлах шайқасы деген атпен белгілі қырғын соғыс кезінде дулулар басқа да Түргеш руларымен бірге арабтарды қолдады.

Күйрей женілген қытай эскері шегінуге мәжбүр болды. Бірақ Дулу жерінде арабтар да тұрақтап қала алмады. Орта Азияда басталған наразылық оларды да кейін шегінуге мәжбүр етті.

Алайда түргештердің екіге бөлініп өзара қарсы түрулары 766-779 жылдар аралығында дулуларды осында қоныстанған қарлықтарға тәуелді етті. 940 жылы Жетісудағы билік Қарахан әүлетінің қолына көшті. Саяси биліктің ауысуы дулулар өміріне айтартлықтай өзгерістер енгізе алған жок. Қарлық мемлекетін нығайтуға атсалысқан Дулу рулары енді қарахандар билігін нығайтуға үлес қосты. Дегенмен де, рухани өмірде едәүір елеулі өзгерістің орын алғаны рас. 955 жылы Қарахан әүлеті исламды қабылдады. Мұның өзі Дулу руларының да осы дінге кіруіне жол ашты. 1128 жылы Қарахан мемлекетінің шығыс жағын қидандардың жауап алударына байланысты дулулар жаңа биліктің қол астына қарай бастады. Енді олар Дулат атанды. Соңғы

<sup>65</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275- 840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 195-196-б.

«т» харпі монғол тілінде «лар», «лер» көптік жалғауларын аңғартатынын ғалымдар дәлелдеп берген болатын. Сондықтан да Дулат атауын монғол тіліндегі сез ретінде қабылдау негізсіз деп ойлаймыз. Кезінде Рашид ад-диннің Доголан деген монғол тайпасы туралы айтқан мәліметтеріне сүйенген В.В. Бартольд дулаттарды монғол тайпасы ретінде қабылдаған болатын. Бұл пікір ешқандай нақты дәлелге сүйенбей айтыла салған болатын. Өйткені В.В. Бартольд өзі де байқамай, былай деп жазады: «...слово дуглат в настоящее время не встречается в этом значении в Монголии; следовательно или все дуглаты полностью покинули Монголию в XIII в., или там остались лишь незначительные части этого племени, которые впоследствии смешались с другими племенами»<sup>66</sup>. Ия, В.В. Бартольд өзі де байқамай тарихи шындықты айтып отыр. Дулаттар бұрын да, кейін де және ешқашан да Монғолия аймағында болған емес. Өйткені түркі тілдес тайпа болғандықтан олар Оңтүстік Алтайдан ары барған да емес. Дулаттар деп жүргеніміз шын мәнінде Жетісу-дағы «Он оқ елі» құрамында болған дулаттардың мұрагерлері. Қазақ шежіресі де дулаттарды монғолға жатқызбайды. Ол бойынша Дулат Бәйдібек бабаның (Бай Баға Дағанның) үшінші әйелі Бибажардан (Домалақтан) туған Жарықшактың баласы. Оның ұрпақтары Қарауїсін деп аталады<sup>67</sup>. Қазақ шежіресі бойынша Дулат қалмаққа қарсы соғыста аты шыққан әйгілі Өтеген батырдың 38-бабасы.

Бұлай болса Дулат қалай монғол тайпасы болмақ?

Дулат тайпасының рулық ұраны «Бақтияр». Шежіре де-ректері бойынша Бақтиар Үйсін Майқы бидің үлкен ұлы. Одан Ойсыл мен Үйсіл туған. Үйсілден Ақсақал (Абак), одан Қараша би, одан Бәйдібек, Байдуыл. Соңғысынан Шақшам атты сандары көп емес тайпа бөлініп шыққан. Ойсылдар жаугершіліктен ыдырай бастағанда Бәйдібек бүкіл Үйсінге (Ойсылдан және Үйсілден тарағандарға) билік құрды. Оныңмұндай беделге ие болуына бәйбішесі Зереп те (Сары бәйбішे) үлкен үлес қосса керек. Өйткені ол ескі Үйсін елінен болатын<sup>68</sup>. Осы айтылғандарға

<sup>66</sup> Бартольд В.В. Дуглат // Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 2002. – 533-6.

<sup>67</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 940-б.

<sup>68</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. – Ташкент:Ўзбекстан, 1994. – 68-б.

талдау жасасақ, әңгіме Шыңғысхан тұсындағы Майқы би туралы емес, ежелгі Үйсінді билеген алғашқы Майқы би туралы болып отырғанын аңғарғандай боламыз. Ал Бақтиарға келер болсақ, ол әрине, өмірде болған адам. Өйткені Бәйдібекten тараған Ұлы жүздің жеті тайпасын айтпағанда, Алаш қауымдастығының үлкені болып есептелетін Жалайыр тайпасының өзі де Бақтиарды өзінің жауынгерлік ұранына айналдырғанын білеміз. Ұлы жұз тайпалары кезінде бәрі де жауға шапқанда «Бақтиарлан» ұрандайтын. Бұл ұран Түргеш дәуірінде Үйсінге ұран болған «Алаштың» орнына келді. Қалмаққа қарсы соғыстың екінші кезеңінен соң ғана, әр тайпа өздерінің мақтаныш етерліктең батырларын шығарған соң ғана, «Бақтиардың» орнына «Қарасай», «Жауатар», «Тоганас», «Байтөк», «Рысбек», «Төле», «Сәмен», «Райымбек», «Байсуан», «Қойкелді», «Бөрібай», «Айырылмас» тәрізді ұрандар келді.

VIII ғасырдың 60-жылдарынан бастап күшейіп Жетісуда билікке келген қарлықтар, онаң соң 940 жылды билікті осы қарлықтардан тартып алған Қарахан әuletі, ақырында 1128 жылды осы аймакқа басып кірген қидандар (қарақытайлар) мұнда, негізінен алғанда, Тохси, Чигіл, Яғма тәрізді тайпалардың рөлін көтерді. Мұндағы басты мақсат – Батыс Түркі қағанаты тұсынан бері «Он оқ елінде» аса ықпалды болып келген бұрынғы дулуулар бірлестігін ыдырату және өздерінің алдында ғана қарахандар тұсында билікте болған тайпаларды өздеріне қарату еді. Жүйелі түрде жүргізілген бұл саясат біршама жемісін берді. Бұрынғы дулуулар жоғарыда атап кеткеніміздей, қидандар тұсында «Дулат» аталағып, жаңа рулық түзілістер құрады. Жетісудағы халықтың едәуір көпшілігін құрай тұrsa да дулаттар осылайша биліктен аулақтатылды. Бұл билік үшін тартыстарда тайпалар арасында бола беретін әдеттегі жағдай болатын. Мысалы, билікке Сатұқ Богра хан бастаған Қарахан әuletінің келуіне байланысты бұрынғы билеуші тайпа қарлықтар да ығысып, Жетісудың солтүстік аймактарына жылжыды. Дегенмен де, жергілікті халықтар, негізінен, бұрынғы қаратүргештер одағындағы тайпалардан құралатындықтан билікке келгендер де халықпен тіл табысу үшін өздерін жергілікті халықтың қаралықтар (қарлықтар), қарахандар, қарақытайлар деп атауларына мойын ұсынуға мәжбүр болды. Бұрынырақ Монғолия аймағын

жаулағанда қидандар аталған халық енді қарақидандар немесе қарақытайлар атанды. Мұның өзі бұрын қаратүргештер одагында болған және жаңа тайпалар биліктері ауысканда да қалың бұқараны құрап қалған бұрынғы Дулу бірлестігіне кірген руладың Жетісу аймағында шешуші саяси күш болып сақталып қалғанын аңғартатын еді. Дулулардың Жетісу жерінде Найман ханзадасы Күшліктің саяси билікте болуына мүмкіндік берді. Алайда монгол жаулауы көп кешікпей-ақ оның да түбіне жетті.

Басқаларды жат санамауга әртүрлі қағанаттар билікке кезек-кезек келгенде әдеттеніп алған дулаттар Шыңғысханды да бейбіт қабылдады. Сондықтан да Жетісудағы Тараз, Баласағұн тәрізді көптеген ірілі-ұсақты қалалар монголдарға қарсылықсыз бас иді. Мұның өзі жаңа билеушілерді жергілікті тайпалардың көпишлігін құрайтын дулаттарға құрметпен қарауға итермеледі. Тегінде 1219 жылы жазды Ертіс бойында өткізген соң қазақ даласында Шыңғыстауда, Хан тауында осындағы ру-тайпалардың колдауымен тагы да хан сайланған деген пікірде тарихи шындық бар деп ойлаймыз. Өйткені аталмыш таудың алғаш Наймантау, онан соң барып Шыңғыстау аталғаны деректерден белгілі. Оның үстіне Шыңғысханның онтүстіктеңі жауы Хорезмшах кейін қазақ деген елді құраған керейт, қоңырат, жалайыр, меркіт, найман, қарлық, үйғыр, арғын, дулаттан әскер пайдаланғанын Рашид ад-дин атап көрсетеді<sup>69</sup>. Мұнша тайланың батырлары мен билеріне өзінді мойыннату үшін алғаш өзінді олардың ханы ретінде мойыннатуын керек болатын.

Дулаттар мекендейтін аймақ Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайдың билігіне берілгенде ол Дулат әмірі Өртөбеге ерекше жағдай жасап, оған Қашғар аймағын, яғни Маңлай Сұбені сыйға тарты. Содан бері XVI ғасыр басына дейін Маңлай Сұбе мен Жетісуга Дулат тайпасының көсемі Өртөбенің үрім-бұтактары ұлысбегі болған»<sup>70</sup>. Осылайша монголдар билеген алғашқы қырық жылда дулаттар тыныш мамыражай өмір кешті. Алайда ұлы хан билігі Хұбылайға көшкен соң жағдай өзгеріп сала берді.

<sup>69</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей. – Т.1. – Кн.2. – 274-275-6.

<sup>70</sup> Дулати М.Х. Тарих-Рашиди. – Алматы, 2003. – 45-6.

Билік үшін қантөгістер мен қыргындар басталды. Мұның өзі дулаттардың саяси белсенділігін арттырып, оларды Жетісу, Қашғар аймағындағы билікті қолға алуға мәжбүрледі.

Мұның өзі олар мекендейтін аймақта XIV ғасырдың 40-жылдарының сонына қарай Моголстан деп аталатын дербес мемлекеттің құрылуына алып келді. Егер бұрын Шағатай тұсында Дулат Өртөбеден өрбіген Әмір Тулақ, Әмір Болатшы, Әмір Шамседдин, Әмір Қамар ад-дин, Әмір Шейх Дулат тәрізді кісілер дулаттарды басқарған болса, осылардың арасында Әмір Болатшы мен Әмір Қамар ад-диннің орны бөлек еді. Бұлардың алғашқысы Моголстан жерінің мұсылман дінін қабылдауын үйімдастырса және ұлы тарихшы Мұхаммед Хайдардың алтыншы атасы болса, ал екіншісі Жетісу аймағын әйгілі Әмір Темірден қорғау ісіне үлкен үлес қосты<sup>71</sup>. Айта кеткен жөн, Қамар ад-дин бастаған дулаттардың қарсылығын жоюға Әмір Темір көп уақыт және көп күш жүмсады. Сандаған жорықтардан кейін ғана және Қамар ад-дин Дулат қайтыс болған соң ғана Әмір Темір женіске жете алды. Соның өзінде де дулаттар басқаратын Моголстан аймағы Әмір Темірдің өзіне де, оның ұрпақтарына да тәуелсіз аймақ болып қала берді.

Дулат әмірлері Шыңғысхан заманында-ақ жеті түрлі артықшылықтарға ие болды. Кейінірек Тоғлық Темірханың тұсында бұл артықшылықтар алғаш, тоғызға, онан соң он екіге жеткізілді. Олардың кейбіріне назар аударар болсақ, хан кеңесіне қарумен кіруге дулат әмірлері ғана құқықты болды. Дулат әмірлері ханың жанына отырғанда басқалардан «бір жебе» бойы жоғары отырды. Дулат әмірлері әскерлерді басқаратын мыңбасыларды ханың рұқсатынсыз-ақ ауыстыра алды. Ханға жақын Дулат Болатшының ұрпақтары тоғыз қылмыс жасағанға дейін жазаға тартылмады. Өзімен бірге төрт-ақ мың әскер алып келген Шағатайдың дулат билеушілеріне сүйенуден басқа жолы да болған жоқ. Оның ұрпақтары Дулат әмірлерімен құдандалы-жекожат болып араласып кетті<sup>72</sup>.

Қазақ хандығының алғашқы қазығы да осы дулаттар мекендейтін аймақта құрылғанын айтпай журміз. Көшпелі өзбектер

<sup>71</sup> Дулати М.Х. Тарих-Рашиди. – Алматы, 2003. – 189-6.

<sup>72</sup> Дулати М.Х. Тарих-Рашиди. – Алматы, 2003. – 92-6.

ұлсыны билеген Әбілхайырдан Жәнібек пен Керей қашып келіп «қашақтар (қазақтар атанған)» кезде де, олар өздеріне бауырлас Дулат тайпасының атамекендері Шу мен Талас өзендерінің аралығына орналасты. Моголстанның сол тұстағы ханы Есенбұға шын мәнінде Дулат әмірлері қолындағы қыыршақ хан болатын. Дегенмен де, осы Қазақ хандығының тұсында да біраз уақыт Моголстан мемлекеті құрамында қалып қойған дулаттар Алты Алаш қауымдастығына кейінрек қосылды. «Алты Алаш» тайпалары қатарында олардың атының атала бермейтіні де сондықтан. Әртүрлі тарихи зобаландарға қарамастан Дулат – Ұлы жүздегі есіп-әнген тайпа. Бір жағынан, бұл оның ежелгі дуулулар бірлестігінен бастау алуына да байланысты. 1867 жылғы мәлімет бойынша олардың сандары 40 мың тұтінге жуықтады<sup>73</sup>.

№	Рұ-тайпалар аттары	M.Гролековтың мәліметтері (1889 ж.)	M.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	C.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	N.Мырқаппыштың мәліметтері (1987 ж.)	X.Арғынбаев М.Мұқанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	A.Сейдімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2 Дулат	3	4	5	6	7	8

## 2.3. Шанышқылы

Бұл тайпаның арғы тарихын анықтау деректердің жетіспеушілігіне байланысты үлкен қындықтар туғызып келеді. Шежіре деректері бұл мәселені айқындал берудің орнына одан ары ша-тастыра түседі. Мысалы, әйгілі этнограф ағамыз X. Арғынбаев жинақтаған шежіреде Төбе биден тараған төрт ұлдың –

<sup>73</sup>Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. –398-6.

Майқының, Қоғамның, Қойылдырдың, Мекрейілдің Қоғамынан Қаңлы, Шанышқылы, Қатаған тарайды<sup>74</sup>. Бұл мәліметтің XIX ғасыр соңында Диканбай батырдан жазылып алынғаны белгілі<sup>75</sup>. Ал әйгілі жазушы Қ. Салғараұлының ақсақалдардан іздестірген шежірелік деректері бойынша Шанышқылы Қоғамнан емес, Қойылдырдан тарайды<sup>76</sup>. Шежірелердің осы екі үлгісі де шанышқылардың арғы тегін шешіп бере алмайды. Осында көрсетілген Майқы бидің Шыңғысханның замандасы болып табылатыны нақты тарихи деректерден белгілі. Ол Рашид аддиннің мәліметіне қарағанда Жошы әскерінде қолбасы болған<sup>77</sup>. Олай болса онымен ағайынды кісілерден тарайтын Шанышқылының өзі де XII-XIII ғасырдың замандасы болып шығады. Алайда шежіредегідей Шанышқылыны Қаңлымен немесе Қатағанмен бірге туған ағайынды етіп көрсету XVI-XVII ғасырлардағы шежірешілердің қиялынан туған. Өйткені Қаңлының түп-тамыры біздің заманымызға дейінгі III ғасырга барады да, ал Қатаған болса V ғасырдан бері белгілі. Десек те мұндай тұжырымдар бастауында нақты деректердің де тұрғандарын айтпасқа болmas. Ортағасырлық (XVI ғасырдағы) «Маджму ат-таварих» дерегінде жеке ру ретінде қатағандар да, шанышқылылар да аталмайды. Бұл кезде олар әлі де қаңлылардың тасасында қалып койса керек. Ал кейінректегі «Тухват ат-тауарих-и хани» дерегінде және өзбек ғалымдары жинастырған қолжазбадағы тізімде шанышқылылар тағы да жоқ. Мұның өзі Ш. Үәлихановтың шанышқылармен қатағандарды бір тайпа ретінде қарастыруына алып келді<sup>78</sup>. Тегінде түрлі зобалаңдардан әбден бөлшектенген шанышқылылар бұл тұста қатағандар қатарында қалған. Қатағандар аталған тізімдерде 18-болып кездессе, ал қаңлылар бұл тізімдерде 25- және 29-орындарды жайланаған<sup>79</sup>. Қатағандардың соңғы тізімдерде ежелгі қаңлылардан жогары түрү себептері олардың Шыңғысхан тұқымы шағатайлықтарға

<sup>74</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі қақында. – Алматы, 2000 – 111-б.

<sup>75</sup> Шанышқылы // Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Алматы, 1978. – Т.12. – 178-б.

<sup>76</sup> Салғараұлы Қ. Қазақтың килем тарихы: Роман-эссе. – Алматыб 1992. – 188-б.

<sup>77</sup> Источниковоедение истории улуса Джучи (Золотой Орды) От Калки до Астрахани. – Казань, 2002. – 316-317-б.

<sup>78</sup> Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. – Т.17. – 452-б.

<sup>79</sup> Материалы по истории кыргызов и Кыргыстана. – Бишкек, 2002. – 228-232-б.

жақындықтарынан. Бір кездері, ертеде елді билеген қанлылар енді монголдардың тақталас ашық жауына айналып, Хорезмшах тұсындағы саяси биліктен амалсыз ажырап қалды. Енді Шыңғыс тұқымына сенімді тайпалардың мерейі үстем бола бастады. Олардың қатарында шағатайлықтарға ілесіп шығыстан келген және шанышқылар ортасына қоныс тепкен қатағандар да бар еді. Деректерде шанышқылардың жеке тайпа ретінде көрсетіл-меулері зерттеушілерді шатастырды.

Осы айтылғандардың өзі шанышқылардың ерте орта ғасырларда-ақ жеке ру тармағын құрағанын көрсететін тәрізді. Ежелгі деректерді салыстырмалы түрде қарастыру олардың арғы бабалары қанлылар мен ежелгі түркілер тәрізді тым ертектегі динлиндерден бастау алған және кейіннек «дили» «теле» «теглек» атанған тайпалық бірлестіктер құрамында бой көтеріп, кейіннен өсіп жетілген деп айтуда итермелейді. Олардың мұнан арғы тағдырын Н. Аристовты сөзбе-сөз қазак тіліне аударып оқығанда айқынырақ аңғара түсеміз: «Монгол Алтайның батыс қыраттарында көшіп жүрген кейбір теле тайпалары Батыс түркі хандарына бағынды және дулулардың бес аймағы құрамына кірді. ...Олардың құрамындағы шу рулары, хұндар батысқа кеткен соң I ғасырдың сонында немесе II ғасырда осында қалып қойған дулу рулары Юебань иеліктерін құрады. Олардың күштілігі сондай, жужандарды жауап алды және V ғасырда оларға қарсы Қытаймен одактасты. V ғасырдың сонында юебаньдарға басып кірген гаогюйлер бұл иеліктің өз бетінше өмір сүруіне мүмкіндік бермеді және сондықтан гаогюй руларының құрамында тulu қалып қойды. Түркі түкюлардың күшеюіне байланысты гаогюйліктер Селенгага және Хангайға қайтып келді, Юебанның байырғы халқы түргештердің, кергештердің және тагы басқа дулулардың бес аймақтарының араласқан тайпаларын құрады»<sup>80</sup>. Бұл айтылғандардан анғаратынымыз, о баста қанлылардың бабалары болып табылатын телелер құрамында болған қазіргі шанышқылардың бабалары Алтай аймағынан келіп, дулулар тәрізді Юебань мемлекеті құрамына еніп, V ғасырдың сонына қарай Жетісу жерінде Шуга жақын маңайға орналаскан.

<sup>80</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. -- 24-б.

Ежелгі деректерде аты аталағанымен Шанышқыға ұқсас және оның түбірін құрайтын «Шаныш» атауын көне қытай деректерінен кездестіреміз. Кейбір зерттеушілер айтып жүргендей бұл кейінгі қазақ шежіресіндегі дулаттың Жанысы емес, дурудың Шанышы. Кейінгі XVI-XVII ғасырлардағы шежіре бір кездері Шаныш есімді тарихи тұлғаның дулаттар бабасы дулулар құрамында болғаны туралы көне естелікті ескеріп, оны Жаныс деген есіммен қазақ шежіресіне енгізуі де мүмкін, немесе кейінгі Жанысымыз алғашқы Шаныш бабасының құрметтіне қайта аталаған тарихи тұлға болуы да мүмкін Дегенмен де, арада көлтеген ғасырлар өткендіктен және арадағы 20-дан астам аталар есімдері зобалаң оқигалар арнасында ұмытылғандықтан, VI ғасырдағы Шанышты дәлме-дәл дулат құрамындағы Жаныс деп қабылдау оңай емес. Ол заманда Жаныс түрмәқ «Дулат» атты этномимнің өзі де тарих сахнасына шыға қоймаған еді. Осы Жетісу жерінде, V-VI ғасырларда Шу және Талас өзендері аралығын мекендейген Бес түркі Дулу бірлестігіндегі Шаныш шор басқаратын ұлыс, яғни ру туралы Ежелгі Қытай деректерінде айтылады. Онда мынадай жолдар бар: «Түрік бес чор еді: бірінші, Шемекен Лы чор, екінші, Құлік Құл чор, Ашна Қара қызын соған ұзатқан, үшінші, Шеп-шад Тон чор, төртінші, Түргеш Қалаш чор, бесінші, Шаныш Шапан чор»<sup>81</sup>. Сандаған ғасырлар бойы Жетісу және оңтүстік Қазақстан жерінен қозғалмай отырғанына қарағанда шанышқылылардың арғы бабаларының Он оқ елі құрамындағы Бес түркі Дулу бірлестігіне кіруі әбден мүмкін нәрсе. VI-VIII ғасырлар аралығында ол осы бірлестіктен Түргеш қаганаты құрамына, ал онан соң Қарлық мемлекеті қатарына кірді және Қарахан әулеті қол астына қарады. Кезінде Монғолия аймағын мекендейген чаншиуттар (chanшиуттар) Жетісу жеріне келген соң Шаныш атанса керек. Жетісудағы қаңлылар құрамында жүрген ру аталарының Чаншиут аталарының есімімен осы ұлысты құрағандары туралы профессор Берёзиннің Рашид ад-динге сүйеніп айтқан пікірін X. Арғынбаев атап корсеткен еді. Монғолдың көне дереғіне сүйенген Н. Аристов та шанышқылылардың арғы аталары

<sup>81</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275 – 840 жылдары). Екінші кітап. – 143-б.

Чанкшиkit руларынан тарауы мүмкін екендігін айтқан еді<sup>82</sup>. Алайда мұнан шанышқылардың түп атасы монғолдар деген қате қорытынды туындаулыры керек. Монғолдар тарих сахнасына кейін X ғасырда ғана шыға бастады. Оған дейін бүкіл монғол жері түркі тайпаларының қол астында еді. Рашид аддиннің Монғолия аймагындағы және кейінгі қазақты құраған Жалайыр, Найман, Керейт, Меркіт, Қоңырат тәрізді іргелі түркі руларын кезінде монғол тайпаларына жатқызып, мәселені шастаstryғаны белгілі. Сондай-ақ, Чанкшиут руын монғолдың қият тайпасынан шығаруға тырысатын пікірлерді де негісіз деп ойлаймыз. Деректерге назар аударсақ, Шанышқылының Қият және Қатаған тайпаларымен туыстық жақындастулары кейініректе, Алтынорда ханы Жәнібектің ұлы Бердібектің өзінін жақын туыстарын қырғынға ұшыратқан зобалаңынан кейін орын алғанын анғарар едік. Осы бүліншіліктен қашқан қият Мамай туыстарымен Қырымға кетсе, ал қалған қияттарды жетектеген қият Исадайдың немересі Теніз бұға Сырдария өңіріне қоныс аударады<sup>83</sup>. Міне, осы соңғы топ шанышқыларға көрші орналасып, ажырамас ағайын-туысқа айналды. Енді шанышқылының жаңа шежіресінде оның Сұрым, Қатаған, және Қият руларына жақындығы және қыз альспайтындығы негізделе бастады<sup>84</sup>. Алайда аталған тайпалардың ежелгі түп тарихы бөлек және дербес. Сондықтан да олардың рулық таңбалары да мұлде өзгеше. Қият руының ежелгі рулық таңбасы айқастырылған екі найзага ұқсайтынын (крест-свастика) «Идел» журналында татар галымдары жариялаған «Чингизнама дафтари» тарихи дерегінен көрген болатынбыз<sup>85</sup>. Бұл рулық таңбаны Шыңғысхан Буданджароглы Қиятқа өзі берген. Бұл би Шыңғысты хан сайлауға тікелей мұрындық болған он бес бидің ішінде, тізімде бірінші түр.

Сонымен айтылғандарды қорытындылар болсақ, кезінде монғол тілінде бүрмаланып Чаншиут, онаң соң ежелгі Қытай

<sup>82</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 107-б.

<sup>83</sup> Утемис-хаджі. Чингиз-наме. – Алматы, 1992. – 108-б.; СМИЗО. – Т.2. – 129-б.

<sup>84</sup> Омарұлы М. Шанышқылының шежіресі. – Ташкент, 2000. – 61-б.

<sup>85</sup> Ахметжанов М. Ногайская Орда и ее роль в этнической истории татар // Идел. – 1991. – 34-35-б.

деректерінде Шаныш атауларымен тарихқа белгілі болған ру біртіндеп шаруашылықта және жаумен ұрыста үздіксіз қолданған құралдарының атымен X-XI ғасырларға қарай алғаш Шанышқы онан соң басқа қазакты құраған түрік рулары тәрізді «лы» жүрнағы қосылып, шанышқылар деп аталса керек. Мұның өзі оларды дулаттарға да жақындаға түсті.

Ал енді Шанышқыларының Қаңлымен туыстығына келер болсақ, Шанышқыларының Жетісүудиң сары қаңлылары құрамында жеке ата болып кездесуі және оның Сырдың сары қаңлылары арасында кездеспеуі еріксіз ойға қалдырады. Кезінде Дулу бірлестігінде болған Сары түргештердің де осы Жетісу жерін мекендерінде және оларға Дулу құрамына кірген Шаныш тайпасының да көрші орналасқандары белгілі. Тегінде қаңлылардың бір тобының Сары қаңлы атануы көршілері түргештердің Сары түргештер атануларымен тығыз байланысты болса керек. Кейбір шежіре деректерінде айтылғандай, Келдібек атасын бірінші әйелі Сары бәйбіshedен тугандар Сары қаңлы атальпты деген пікір негізсіз<sup>86</sup>. Қазақ, аналары қанша данышпан болса да тайпа атауларын әйел есімімен байланыстыра қоймаған. Мұны кеменгер Домалақ анадан тараған ұрпактардың есімдері айғақтай түседі. Пікірімізге дәлелді Сары қаңлыларға көрші Сары түргештер тарихынан да таба аламыз. Деректерге қарасақ, Сары қаңлыларға көрші Шу өзені бойындағы түргештердің Сары түргештер, ал Талас өзені бойындағы түргештердің Қара түргештер деп аталғанын байқар едік<sup>87</sup>. Бір халықты бұлайша екіге бөлгендер билікке таласуыш топтар еді. Көп томды Қазақ тарихынан осыған байланысты мынадай жолдарды оқимыз: «Дау-жанжалдар Қара түргештер мен Сары түргештердің билеуші топтары арасындағы құреске ұласты. 738 жылы Сұлу қаған өлген кезден бастап бұл құрес ете-мөте шиленісе түсті. Шежіреде айтылғанында, Түргеш қағанатында «Сөгенін (Сақалдың ұрпактары сары рулар (Сары түргеш) деп, ал Сұлу (Сұлық) ұлысын қара рулар (Қара түргеш) деп атайды, (олар) бір-бірімен жауласады, біріне бірі сенбейді». ...Қағанаттың ордалары Таласта және Суябта болған Қара түргештер мен

<sup>86</sup> Сары қаңлы //Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Алматы, 1977. – 43-б.

<sup>87</sup> Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1977. – 345-б.

Сары түргештерге бөліну жүйесі қалыптасты. Алайда VIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап бұл принцип іс жүзінде енді сақталмайтын болды. Бытыраңы тайпалар 751 жылы қытай шабуылына тек сыртқы күштердің көмегімен ғана тойтарыс бере алды. 756 жылы қағанат түрік тілді қарлук тайпасының тегеурініне шыдай алмай құлады.<sup>88</sup> Міне, осындаі зобаландар кезінде алғаш дулулар бірлестігінде болып, кейіннен түргештерге бағынған шанышқылылардың байырғы аталары Шаныштар батысқа ойысып, Сары қанлылармен бірге көшіл-қонып жүретін болды. Л.Н. Гумилов ертеректе, осы оқиғалардан бір ғасырдай бұрын, VII ғасырдың орта шенінде Шаныштардың Іле бойындағы түргештердің батыс жағында орналасқандарын растайды<sup>89</sup>. Мұның өзі Шанышқылыны Қаңлыдан тарататындардың пікірлерінің негізсіз екендіктерін тағы да дәлелдей түседі. Біз жазушы К. Салғараұлының ақсақалдардан естіген: «Қаңлы мен Шанышқылының бұлайша бір аталуы олардың бір кіндіктен тараған бауырластығынан емес, керісінше, екі елдің ауылды аралас, қойы қоралас үнемі көрші отырғандықтарынан. Осындаі жақын көрші отырғандықтан олардың жауы да ортақ болған, бірлесіп оған қарсы тұрган, бірлесіп жорыққа шыққан. Сондықтан да олар жауға шапқанда «Айырылмас» деп үн қосар ортақ ұрандары да осы тату көршіліктен, өзара түсініскең ынтамақ бірліктен туған секілді», – деген пікірін макұлдаймыз<sup>90</sup>.

Олай болса Шанышқылы неге Жетису қанлылары құрамында жүр деген сауалға жауап іздер болсақ, айтарымыз: біріншіден, шанышқылылардың бабалары жогарыда айтып кеткеніміздей, бұрындары осы өлкені мекендереген; екіншіден, қаңлылардың атамекендері де осы маңнан қашық емес. Мұның өзі жаугершілік жағдайда шанышқылылардың жіңі-жіңі Жетісудағы Сары қанлыларға бірігіп кетулерін туғызды. Бұл өнірде қаңлылардың үздіксіз қозғалыста болғаны туралы тарихшы О. Қараев былай дейді: «Қарахандар мемлекеті аймағында қаңлылардың бір бөлігі өмір сүріп жатты. Олар шешуші рөл атқармаса да, осы мемлекеттің құрамына кірген тайпалар қатарында болды. Оның

<sup>88</sup> Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1977. – 345-б.

<sup>89</sup> Гумилов Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 265-б.

<sup>90</sup> Салғараұлы К. Қазақтың қылы тарихы: Роман-эссе. – 189-6.

оыйнша, деректердің мәліметтеріне қарағанда, Ыстықкөлден, Алмалықтан басқа тайпалардың, соның ішінде қаңылардың да қысымымен түрікмендер кеткен соң, қаңылар жиі-жі Х ғасырдың сонында, XI ғасырдың алғаш Жетісу өңіріне, онан соң Орталық Тянь-Шяньға баса көктеп кіре бастады». Сонымен қатар зерттеуші: «тілтен, қаңылар Орталық Тянь-Шянь мен Жетісуға XI ғасырдан кейін кірген болса да, бәрібір олар қарахандар тарихындағы оқиғаларға қатысушылар болып табылады», – деп атап көрсеткен еді.<sup>91</sup> Біздің ойымызша, шанышқылардың бабалары осы тұста қаңылармен бірге жүрген.

Халық шежіресі мен ақыздары шанышқылардың шығу тегін Бақтиярдың өкіл баласы болып табылатын қатағандармен де байланыстырады. Аз ғана деректерді талдай келе мұндай пікірдің де негіzsіз екендігіне көз жеткіземіз. Осы орайда X. Арғынбаевтың: «...қатағандар Туркістанда тек Шыңғыс дәүірінде, Шағатай сарбаздарының құрамында соларға қызмет етіп, пайда болды деп топшилауға болады. Эрине олардың саны онша көп емес еді. Сырдарияда қатағандар жергілікті қаңылар мен шанышқылар құрамынан тұрып, әлде бір қатағанның әйтілі бегін қорғау үшін соларға қосылғандар болатын»<sup>92</sup> деген пікірінің негізділігін айтпасқа болмайды. Шанышқылардың рұлық ыдырауларына оларды билеп, Та什кентте билік құрған Тұрсын хан мен Еңсегей бойлы Ер Есімнің өзара соғыстары ықпал етті. Бұл соғыста қатағандарды қолдаған шанышқылар жеңілістен соң және осы, XVII ғасырдың алғашқы жартысындағы Еңсегей бойлы Ер Есімнің зобалауынан соң, онсыз да аз санды қатағандармен бірге көрші рулар құрамына бытырап тарап, елеулі тайпа болудан қалды. Олардың едәуір болігі өздеріне бұрыннан жақын қаңылар орналасқан Сыр бойына көшіп барды. Осылайша кейінгі тарихта шашырап кеткен шанышқылар қазактарда ғана емес, қарақалпактар, өзбектер және қыргыздар құрамында да кездесетін болды.

<sup>91</sup> Караев О. История Карабаннайдского каганата. – Фрунзе, 1983. – 82-83-6.

<sup>92</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазак шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 106-б.

№	Ру-тайпалар аттары	M.Гролековтың мәліметтері (1889 ж.)	M.Тынышбаевтың мәліметтері (1925 ж.)	C.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	N.Мынжаның мәліметтері (1987 ж.)	X.Арнынбаев М.Мұранов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	A.Сейдімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2 Шаныш- қылы	3 ↓ ↗	4 ↑ ↓	5 ↓ ↗	6 ↑ ↓	7 ↓ ↑	8 ↓ ↑

#### 2.4. Сарығүсін қайдан шыққан?

Қазақ ру-тайпалары арасында саны аз болғанымен жолы үлкен, сондықтан да беделі жоғарылардың бірі – Сарығүсін. Мұның басты себебі олардың ежелгі «үйсін» этнонимін сақтаған, қазірге дейін жеткізулерінде болса керек. Қазақ шежіресіне жүгінсек, әйгілі Майқы биден Бактиярдың, ал одан Ойсыл мен Үйсіннің, Үйсіннен – Ақсақал, одан Қараша би, Қараша биден – Бәйдібек баба тарайтынын көреміз. Ал Сарығүсін осы Бәйдібектің бірінші әйелі – Сарыбәйбішеден туады.<sup>93</sup>

Ұлы жуз курамына кіретін барлық руларды қазақ шежіресі үйсіндерге жатқызатынына қарағанда үйсіндердің тамыры тарих теренінде, яғни біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта жатқанын тағы да байқағандай боламыз. Әрине, шежіре деректеріне көзі дәлдік жүмыш сене беруге болмайды. Онда әртүрлі бүрмалаулар да жеткілікті. Сондықтан да олар басқа деректермен салыстыра қарастыруды және нактылай түсуді аса қажет етеді. Мысалы Ұлы жуз шежіресін талдан зерттеген М. Тынышбаев Үйсінге барлық Ұлы жуз рулары емес, Албан, Суан, Дулат, Сарығүсін, Шапырашты, Ошақты, Ысты, Сіргелі жататынын атап көрсеткен еді.<sup>94</sup>

<sup>93</sup>Арғынбаев X., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 38-6.

<sup>94</sup> Тынышбаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-Шубырынды). – Алматы, 1991. – 6-б.

Ежелгі үйсіндерге мұрагер болып табылатын осы тайпалардың біразының негізгі ұрандарының «Бақтияр» екендігін байқауға болады. М. Тынышбаевты<sup>95</sup>, Н. Гродековты<sup>96</sup> және Х. Аргынбаевты<sup>97</sup> салыстыра қарастырсақ, кейінгі қазақтың Дулат, Ошақты, Жалайыр, Сіргелі, Қанлы тайпаларының кезінде жауга «Бақтиярлап» шапқандарын айқын аңғарамыз. Деректер Майқы бидің заманында үйсіндерде бір ғана ортақ ұран – «Бақтиярдың» үстем болғанын айтады<sup>98</sup>. Мұның өзі М. Тынышбаев айтқандай, үйсіндерге Ұлы жүздің бір тармағы ғана емес, барлық ру-тайпалары жататындығын нақты дәлелдейді деп ойлаймыз. Осыған байланысты XVIII ғасырда Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлының: «...қазақтағы Иусин аталатын Бақтияр ұрпағы бес жұз жил бүрін 690 минг адам икен. Сонда Төбей биден тараған, бугинги исимимен атағанда Сариусин, Шапрашты, Исти, Ошақты, Албан, Суан, Дулат, Кангли, Шаншикили, Сиргели, Шақшам бир милион бир жұз минг адам болған», – деп атап көрсеткен еді<sup>99</sup>. Ия, көріп отырғанымыздай, шежіреге сәйкес Бақтиярдан тарағандардың бәрі үйсіндер ұрпағы регінде саналған.

Шежіре деректерге үнілсек, үйсіндердің Сарыүйсін, Алуйсін (Қызылүйсін), Қараүйсін болып ушке бөлінгендерін байқаймыз. Осыған байланысты «Бәйдібектінг ұш ұғлы, Сириқт тұқмы Сары Иусин, Жалмамбет тұхмы Ал Иусин, Жариқшақ тұхмы Қара Иусин болип тауарихқа солай түскен кези де болған»<sup>100</sup>. Ал енді бұлардың арасында бізге қатыстысы Сарыүйсін болғандықтан соған арнайы көңіл бөлуімізге тұра келері түсінікті болса керек.

Кезінде VI-VII ғасырлардағы дулулар бірлестігіне кірген бес түркінің бірі – Тұргеш Алаш шор осындайда еріксіз еске түседі.

<sup>95</sup> Тынышбаев М. История казахского народа. – 106-108-б.

<sup>96</sup> Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарынской области. – Т.1. – 4-7-б.

<sup>97</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазак шежіресі қақында. – Алматы, 2000. – 38-б.

<sup>98</sup> Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, ес-телік. – Алматы, 2008. – 55-б.

<sup>99</sup> Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, ес-телік. – Алматы, 2008. – 81-б.

<sup>100</sup> Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, ес-телік. – Алматы, 2008. – 70-б.

Бұл ежелгі қытай жылнамаларында жазылған нәрсе<sup>101</sup>. Тегінде біздің Сарыүйсін деп отырғанымыз осы Тұргеш Алаш шордың үрпақтары. Егер Қазбек бек Таусарұлын тыңдасақ, Сарыүйсіннің осылай аталуы оның тұған кезде «сап-сары үрпек бас болуынан» екендігін аңғарамыз. Осыған байланысты ол былай деп жазады: Алғаш Сары (Сергексары) атанған баланы «...байлифина орай тағы да иусин ат жалғап Сарыиусин аталған. Әйтпесе өзининг әкеси қулағина айғайлап айтқан аты Тұргеш екен»<sup>102</sup>. Тұргеш (Сарыүйсін) билеген елдің тарихта Тұргеш қағанаты атанғаны тарихтан жақсы белгілі. Оның басында сарытұргештердің яғни сарыүйсіндердің болғаны тағы белгілі. Бұл тұста дулулар, яғни қараүйсіндер осы сарыүйсіндерге бағынды. Осы мәселенің басын аша түсетін қытай деректерін жақсы білетін Нығмет Мыңжанда мынадай жолдар бар: «Түркештер Батыс түркі қағандығындағы бес арыс ел Дулаттың белді тайпасы. Дулаттар ежелгі үйсін күнбі Елжау бидің органшы ұлы Дулының (Даионның) ұлесіне тиген он мың үйден өсіп-өрбіген дұлы (дұғлу) ұлысы дегеннен дулат (дұғлат) атанған. Демек, түркештер ежелгі үйсін дұлы ұлысының үрпағы. Олар шежіре деректерде «Сарыүйсін» деп те аталады. Қазіргі казақ ішінде (Қанлы ұлысында) Тұркес (Тұргеш) деген тайпа аты сақталған»<sup>103</sup>. Бұған не айтуға болады. Біреулер айтып жүргендей, үйсіндер көп бытыраса да мұлде жойылып кете қоймаған. Олар алғаш бес түркі Дулу одағына енсе, онан соң осы одақтан шыққан Тұргеш қағанаты құрамына топтасқан. «Тұргеш» атауы сондықтан да Сарыүйсінді еске түсіреді. Кезінде Шанышқылы тайпасының тарихын жазғанымызда былай деген едік: «деректерге қарасақ, Сары қаңлыларға көрші Шу өзені бойындағы тұргештердің Сары тұргештер, ал Талас өзені бойындағы тұргештердің Қара тұргештер деп аталғанын байқар едік»<sup>104</sup>. Бір халықты бұлайша екіге бөлгендер билікке таласуышы топтар еді. Көп томды Қазақ тарихынан осыған байланысты мынадай

<sup>101</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275 – 840 жылдары). Екінші кітап. – 143-б.

<sup>102</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйланнан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 66-б.

<sup>103</sup> Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 126-б.

<sup>104</sup> Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1977. – 345-б.

жолдарды оқымыз: «Дау-жанжалдар қара түргештер мен сары түргештердің билеуші топтары арасындағы құреске ұласты. 738 жылы Сұлу қаған өлгендегін кезден бастап бұл құрес ете-мөт шиленісе түсті. Шежіреде айтылғанындей, Түргеш қағанатында «Сөгениң (Сакалдың ұрпақтары сары рулар (Сары түргеш) деп, ал Сұлу (Сұлық) ұлысын қара рулар (Қара түргеш) деп атайды, (олар) бір-бірімен жауласады, біріне бірі сенбейді». ...Қағанаттың ордалары Таласта және Суябта болған қара түргештер мен сары түргештерге бөліну жүйесі қалыптасты»<sup>105</sup>.

А. Бернштамды оқысақ, біз жоғарыда айтып кеткен қытай жылнамаларындағы деректер тағы да еске түседі. Олар бойынша Сака (Согэ) (708-717 ж.) ханды жақтайдындар сары түргештер аталса, ал Сұлу ханды (717-738 ж.) жақтаушылардың қара түргештер аталғанын айтып кеткен едік<sup>106</sup>. Бұл жерде «Түргеш» атауының ру аты ретінде емес, тайпалар одағының, тіптен қағанаттың аты ретінде қарастырылып отырғанына назар аударуымыз керек. Осындайда айта кеткен жөн, сары түргештер құрамындағы рулардың бірі сарығайсіндер еді де, ал қара түргештер дулуулар, яғни кейінгі дулаттар және көрші қырғыздарды құраған аз және т.б. тайпалар болатын. Бұдан аңгаратынымыз, ру-тайпаға бөлініп өзара тартысу сол кездері де орын алған. Н. Аристов түргештердің «сарыға» және «қараға» бөлінуі туралы айта келе, алғашқысы патшаларды жақтайдын аристократ ру-тайпаларға, ал соңғысы тәменгі, екінші қатардағы топтарға жатқызылғандарын атап көрсеткен еді<sup>107</sup>. Тегінде бұл ежелгі үйсіндер бірлестігінен бері қарай қалыптасқан Үлкен үйсін күнбіне және Кіші үйсін күнбіне бөлінетін дәстүр жалғасы еді деп ойлаймыз. Жергілікті халықтың өздері менсінбейтін, тіптен жек көретін елді де кейінректе «қарақидандар», «қарақытайлар», «қарақалмақтар» деп атагандары белгілі<sup>108</sup>. Айта кеткен жөн, сарығайсіндердің Жетісудағы Үйсін рутайпалары арасында мереійлерінің үстем болғанын шежіре деректер де мойындаиды. Бәйдібек балалары ішінде Түргеш

<sup>105</sup> Казак ССР тарихы. – Алматы, 1977. – 345-6

<sup>106</sup> Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. – Алма-Ата, 1941. – 28-б.

<sup>107</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 28-29-б.

<sup>108</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 28-б.

Сарыүйсіннің жолы үлкен. Өйткені ол Сарыбәйбіше Мараудан тұған және сондықтан да оның ұрпақтары Бәйдібектің басқа әйелдерінен тарағытын Жәлменде мен Жарықшактың балалары Шапыраштыдан, Ошақтыдан, Істыдан, Албаннан, Суаннан, Дулатттан әрқашан да үстем, «аға баласы» жағдайында болып келді<sup>109</sup>. Бұл айтылғандар тарихи деректердің қазақ шежіресімен салыстыра талдап пайдаланған зерттеушілердің тарихи шындықса жақындаған түсетіндегі тағы да дәлелдей түседі.

Алайда VIII ғасырдың ортасында қалыптасқан саяси ақуал Түргеш Сарыүйсін ұрпақтары пайдасына шешіле қойған жоқ. Қытайдың жазба деректеріне жүгінсек, Таң Сузұң заманында 756-757 жылдардан кейін «түргештер әлсіреп кетті. Сарылар мен қаралар алды-алдына қаған тағайындал, бірімен-бірі жау болды. Кіндік қағанаттың ел ішінде тұған оқигаларға байланысты оларды тізгіндеуге мұршасы келмеді. (Таң Сузұң заманы) чянюан жылдары (758-759) қаралар қағаны Ата Бойла сарайға баяғысындаған елші жіберіп тұрды. (Таң Дәйзұң заманы) дали жылдарынан кейін (766-779) Қарлық нығайып, Сұяб өзенінің бойына қоныс аударды, сарылар мен қаралар әлсірей келе, қарлықтарға кірімтал болды»<sup>110</sup>. А.Г. Малявкинде түргештердің мемлекетінің әлсіреуіне қатысты тәмендегідей жолдар бар: «Да-ли (766-780) басқаруынан кейінгі әрада қарлықтар құшайді және Сүйе өзеніне қоныстанды, екі есімнен тұратын ұрпақтар (сары және қара түргештер – A.M.) күйреуге ұшырады және қарлықтарға бағынды...»<sup>111</sup>. Алайда, қарлықтар тұсында да, қарахандар мен қарақидандар, тіктен монғолдар билеген кездерде де сарылар жойыла қойған жоқ. Рас қаралар біртіндеп «жете» атанды. Бұл Мұхаммед Хайдар Дулат бабамыздың еңбегі «Тарих-и Рашиди» де<sup>112</sup>, халықтық шежіреде де айтылған<sup>113</sup>. Шежіре бойынша Үйсілден Сақал мен Жете

<sup>109</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазак шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 38-б.; Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы. Тұп-тұқыйланнан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 66-67-б.

<sup>110</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275 – 840 жылдары). Екінші кітап. – 196-б.

<sup>111</sup> Малавкин А.Г. Уйгурские государства в IX-XII вв. – Новосибирск, 1983. – 201-б.

<sup>112</sup> Мірза Мұхаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди. – Ташкент, 1966. – 184-б.

<sup>113</sup> Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы. Тұп-тұқыйланнан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 63-б.

тарайды<sup>114</sup>. Сарылардың Сақалдан бастау алатынын айттық, ал Қаралар осы Жетенің ұрпақтары болса керек.

Айта кетер тағы бір нәрсе, Н. Аристов Жетісуга қарлықтардың басып кірулеріне байланысты түргештердің каша көшіп, батысқа және солтүстікке бытырап кеткендерін, осылайша «түргеш» этномимінің тарих сахнасынан кетіп, біржолата жогалғанын атап көрсетеді. Қазақтың ру-тайпаларының шығу тарихын зерттеуге қыруар еңбек сінірген зерттеушінің бұл жерде қателесіп, тіптен өзіне-өзі қарсы келіп отырғанын айтпауға болмайды. Шын мәнінде Түргеш одағына біріккен тайпалардың басым көпшілігі, дәлірек айтар болсақ, Түргеш Сарыгүйсін, Қара Түргеш Шу рулары, Қара Түргеш Дулу, Қара Түргеш Аз, Қара Түргеш Тұхси, Қара Түргеш Қырғыз жана Қарлық бірлестігіне бағынды және мүше болып кірді. Ал енді «Түргеш» этномимінің жойылып кетуіне келер болсақ, түргештердің биліктен айырылып қалулары және қарлықтардың билікке келулері «Түргеш» атауын біртіндеп қолданыстан шығарып таstadtы. Осыған байланысты В. Бартольд түргештердің қарлықтар тұсында аталуы құдік туғызатынын айта келе, өйткені «...Түргеш қағандығын 740 жылдарға қарай-ақ арабтар жойып жіберген еді; 756-757 жылдардан кейін түргештердің ешқандай да саяси маңыздары болған жок» дегені бар. Зерттеушінің бұл жерде мәселеге этностық тұрғыдан емес, саяси тұрғыдан келіп отырғанын айта кеткен жән. Шын мәнінде қарлықтар билігі орнықкан соң Түргеш ру-тайпалары емес, «Түргеш» этномимі ғана жойылды.

Осылайша Түргеш Сарыгүйсін енді тек Сарыгүйсін, ал Қаратүргеш Дулу енді Дулу деп ғана аталатын болды. Әрине, Қарлық жауалаудан бұрын да, билік үшін өзара ішкі тартыстар, Қытайға және шығыс түркілеріне қарсы жаңкешті соғыстар Түргеш сарыгүйсіндердің бытырап және ыдырап кетулеріне алып келді. Мұның өзі бұрын Үлкен Үйсін құнбиіне бағынған Түргеш сарыгүйсіндерді күйзеліске ұшыратып, олардың сандарының азая тұсуперіне тікелей ықпал етті. Түргештердің арғы тегінің ежелгі үйсіндер екендігін, ал кейінгі Ұлы жүздегі қазақтардың олардан тарағандарын Түргеш қағандары теңгесіндегі рулық таңбаны талдағанда айқынырақ біле түсеміз.

<sup>114</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқылайнан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 63-6.

«Бұл таңбаның жеке сыңары «коқ» «» қазақтың Шанышқылы тайпасында, көлденең сыйық  Уйсін тайпасында сакталған. Түркеш қағандығының жазу мәдениеті болған, олар алдымен көне түркі (Орхон) жазуын, онан соң соғды жазуын қолданған»<sup>115</sup>. Рас, сарыуйсіндердің рулық таңбасы өздерінің ата тегі үйсіндерден де, түргештерден де өзгешелеу. Н. Аристов мұны олардың қырғыздар арасында ұзак уақыт болуарымен түсіндіреді. Оның ойынша, бұл руға «сары» деген атаудың косылып айтылуының өзі олардың ежелгі үйсіндерден бастау алатындарын айқындаі түседі. «Ежелгі үйсіндер динлиндерден сары түсті шашты қабылдап алған болатын»<sup>116</sup>. Осы тұрғыдан алғанда Сары түргештердің де ежелгі сары шашты үйсіндерден бастау алатындары қисынға келеді деп ойлаймыз.

Сондықтан да сандары аз болғандарына қарамастан халықтық шежіре сарыуйсіндерді ежелгі үйсіндердің қалдықтары ретінде қарастырады. Тегінде олар кезінде Уйсін одағында қолдарында билікті ұстаған әүлетті және рулық топты құраған болса керек. Кейіннен Уйсін одағы құлаған соң өздерінің билігін және үстемдігін біржолата жоғалтқан соң сарыуйсіндер үрпағы қара қырғыздар арасынан кетіп, алғаш қаңлыларға, ал онан соң Тянь-Шань өңіріндегі елде Дулат одағы үстем күшке айналғанда оларға қосылды<sup>117</sup>. Осы одақта алғаш Түргеш деген атпен белгілі болған олар, кейіннен осы қағанаттағы билікті қолға алған соң Сары Түргеш атанды. Ал түргештерге жау қарлықтардың билікті тартып алуы Сары түргештердің қайтадан Сарыуйсін аталуларына тікелей ықпал жасады. Мұнда ескеретін тағы бір маңызды мәселе сарыуйсіндер өздерінің атауларына бірігіп жазылатын, ежелгі үйсіндердің ұлы одағынан бастау алатын «Сары» деген ұғымды әртүрлі бірлестіктерге кіргенде де жоғалтпаған. Сондықтан да Жетісұдың Сары қаңлыларындағы бір ата Түркес (Түргеш) деп аталады<sup>118</sup>.

Уақыт ағымына қарай әртүрлі соғыс жанжалдардан ең алдымен билікке жақын тұрған сарыуйсіндер азап шекті. Осыған

<sup>115</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – 133-134-б.

<sup>116</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 463-б.

<sup>117</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 464-б

<sup>118</sup> Арынбаев Х., Мұжанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 101-б.

байланысты Қазбек бек Таусарұлы төмөндегідей пікір айтқан еді. «Кейінірек Сары Иусиннинг бираз ағаины Тұргеш соғи- симен қитайда қалғанин жоғарыда айттим. Соnimen олар Шин илине йағни қитай илине сингип кетипти. Өтен (*Өтеген батыр* – *T.O.*) қолға түсип; қанғип Шин мен Машинди тегис аралап, Бейжинге барип жүргендеге, бұларды көрген... Өтенинг айтуна қарағанда олар мұсылмандықты қабұлдамай әлде тас хұдайға, әлде тангир динине құлшилиқ қылса керек. Олардан бизге жеткен әнгимеге қарағанда Сұлу деген хан шиғип бираз уақыт Алтайдағы қазақтарды билеген, бирақ қитайлар көпти- гин истеп, оларды өздернеге бодан иткен»<sup>119</sup>. Шындығында да Тұргеш қағанаты тұсында Сұлу деген ханның биліктегі болғаны рас, яғни дерек ақиқатты айтып отыр.

Жалпы сарыуейсіндердің шығу тегі туралы айтқанда олардың шежірелік деректеріндегі мәліметтерге тоқталмауға бол- майды. Оларды Қазбек бек Таусарұлы, Н. Аристов, Жалайыр Спандияр, Х. Арғынбаев әртүрлі таратады. Бұлардың арасын- да біздің ойымызша тарихи шындыққа жақыны Қазбек бек Таусарұлының шежіресі. Ол бойынша **Сақалдан** екі бала **Абақ** (Ақарыс), **Тарақ** (Жанаарыс). Абақтан **Майқы** (Майып немесе Бабыралы), одан **Қараша**, одан **Бәйдібек**, **Жәнібек**, **Мәдібек** (немесе **Үш Қараш**), **Бәйдібектің** сары бәйбішесі **Мараудан** **Байтоқты** (Сирыкты немесе Сыйлықсары), одан **Тұргеш** (не- месе Сергексары, Сарыуейсін), одан **Мырзакызы**, одан **Қалша**, **Жақып** (Жездем). Қалшадан **Ұшлақ**, одан **Қаралақ**<sup>120</sup>. Осы шежіреден Сарыуейсін әuletіне рулық ұран болған Байтоқтыны (қысқартып айтқанда Байтоқты кездестіреміз). Ал енді **Жақып-** тың «жездем» деген қосымшамен берілу себебін Қазбек бек Таусарұлы былай түсіндіреді: Бәйдібектің Сары бәйбішесі **Марау** «...Қалшамен бирге тұған Күнайимди күшик күйау болип колина кирген кисиге бирмек болипты... ишкимге синге алмай жүрген жигити **Жағқұп**, Марау бәйбішенинг колина кирип, Күнайимге жұпты болған»<sup>121</sup> Шежірені одан ары өрбітер болсақ,

<sup>119</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыпаннын өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 67-б.

<sup>120</sup>Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыпаннын өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 63-67-б.

<sup>121</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыпаннын өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 67-б.

Қалшадан Қайқы мен Сопы; ал Жақыптан Баба, Жаулантай, Жанай, Солтанқұл тарайтынын көреміз<sup>122</sup>.

Қазақтың Ұлы жүзінде аса беделді болғандарына қарамастан, сандарының аз болуы сарығүйсіндердің ықпалды тайпа болулатына мүмкіндік бере қойған жоқ. Н. Аристов көлтірген мәлімет бойынша сарығүйсіндер 1885 жылы Верный уезінде 1187 тұтінді құраған<sup>123</sup>. Ал енді рулярға шағып есептер болсақ, көрсетілген жылы Алатау округтік басқармасының мәліметі бойынша Сарығүйсін руладының саны төмендегідей болды: Құлымбетте 100 тұтін, Жанайды 100 тұтін, Жолай-Танайды 100 тұтін, Жандосайда 200 тұтін, Құлеке мен Қырықта 200 тұтін, барлығы 700 тұтін<sup>124</sup>. Бұл деректер сарығүйсіндердің санын ғана емес, олардың Жақыптан тарайтын аталарын да көрсетіп отыр деп ойлаймыз.

Біздің ойымызша, сарығүйсіндер қарлықтарға бағынғанға де-йін аса ықпалды ру болған. Олай болмаса олар билікке де келе алмаған болар еді.

№	Ру-тайпалар аттары	M.Гродековтың мәліметтері (1889 ж.)	М.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	X.Арғынбаев М.Мұрзанов B.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	A.Сейдімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2 Сары- үйсін (Сары Үйсін)	3 	4 	5 	6 	7 

<sup>122</sup> Сарығүйсін // Казак Совет Энциклопедиясы. – Т.10. – Алматы, 1977. – 48-6.

<sup>123</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 398-б.

<sup>124</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 422-б.

## 2.5. Сіргелі тайпасының ежелгі тарихына көзқарас

Қазақтың Ұлы жүзінің он бір арысының бірі – Сіргелі тайпасы екенін елдің бәрі біледі. Шежіре деректері бойынша ол Үйсіннің (Үйсілдің) бауыры болып табылатын Ойсылдың ұлы. Қазбек бек Таусарұлының атасы Матай қарттың шежіресі бойынша Сіргелінің шежіресі төмендегідей таратылады: Арыс (Анарыс) – Ақ (Ақарыс) – Киікбай (Кейкі) – Төбей – Бақтиар – Қотан – Үйсін – Бай – Шора – Есен – Асаяу – Жұз – Дәу – Елсауби (Күнби) – Нулы – Абыл – Қайыр – Бақ – Тан – Пәр – Мән – Майқы би – Ұзын – Сақ – Ал – Иба – Райым – Он – Тағар – Озбай (Оразды) – Онбай – Игін – Азбан – Әшеке хан, одан Үйсіл мен Ойсыл. Ойсылдан Сіргелі, Шакшам тараиды<sup>125</sup>.

Бұл шежірені теріске шығаратындағы немесе макұлдайтындағы дәлел біздің қолымызда жоқ. Оның үстіне мұнда аталған кейбір кісілер басқа деректерде де кездесетін тарихи тұлғалар. Мысалы, Елсау би (кейбір деректерде Елжау би) біздің заманымыздан бұрынғы 177-104 жылдар шамасында өмір сүрген үйсіндердің билеуші Күнбі<sup>126</sup>. Сонда Елжау биден Сіргеліге дейін VI ғасырдан астам уақыт өткен немесе Сіргелі атты тарихи тұлғаның өзі біздің заманымыздың VI ғасырында дүниеге келіп, өмір сүрген болып шығады. Деректерде мұндай тарихи тұлға туралы айтылмайтындықтан мұндағы тұжырымды біз мақұлдай алмаймыз. Эрине тайпаның негізі осы заманнан бастап-ақ қалана бастауы әбден мүмкін. Алайда, жогарыдағы шежіредегідей бүгінгі Сіргелі тайпасының бәрі бір ғана кісінің кіндігінен тараған дер болсақ, шындықтан аулақ кетіп қалар едік. Тегінде Сіргелі атауының өзі де кейіннен, тайпаның жанама атауы ретінде пайда болған деуге негіз бар. Өйткені «-лі» журнағының кейінгі казак қауымдастыры тұсында жалғанғаны белгілі. Ал енді Сіргелі шежіресінің білгірі З. Сәдібековты тыңдар болсақ, Сіргелінің Байұлы және Үштаңбалы деп аталатын екі тармақтан тұратынын байқаймыз<sup>127</sup>. Алғашқы Байұлы Сіргелі Ойсылдың бір баласы Бораштың әйелі Алшын қызы-

<sup>125</sup>Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, ес-телік. – Алматы, 2008. – 37-63-б

<sup>126</sup>Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 83-6.

<sup>127</sup>Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. – Ташкент:Ўзбекстан, 1994. – 50-6.

нан тұған баласы Қобысайдың ұрпақтары Батыр, Жайдақ, Қарабатыр, Шалдар, Байжігіт, Елібай, Жаңабай, Айтбозым тәрізді сегіз атадан құралады. Осылардың ішінде Байжігітten тараған Тоганас батырдың бүкіл Сіргелі тайпасына ұран болуы Сіргелі тайпасын құрауда алышындардың, соның ішінде Байұлының үлкен рөл атқарғанын көрсетеді. Осы аталар төнірегіне жиналған ағайын-туысқан және қоңылар мен кірмелер де өз-дерін Байұлы қауымдастығына мүше сезінді. Осылайша Байұлы атанған Сіргелінің рулық тармағы қалыптасты. Мұның өзі Сіргелі тайпасының ежелгі тарихын қарастырганда Алшын тарихына да назар аударуды қажет етеді.

Жоғарыдағы шежірелік есімдер арасындағы ең белгілісі және Сіргелінің арғы бабасы Мәннің ұлы Майқы би болып табылатыны белгілі. Бұл Шыңғысханмен замандас Төбейұлы Майқы би емес. Башқұрттардың Қаратабын руының тұп атасы болып табылатын<sup>128</sup> және қазақ шежіресіндегі Майқы би мен біз әңгімелеп отырған Мәнұлы Майқы бидің арасында сандаган ғасырлар жатыр. Екеуі екі тарихи кезеңнің адамдары. Қазбек бек Тауасарұлының бабасы Матай ақсақалдың шежіресінде мынадай жолдар бар: «...Хижренинг жилдаунан бұрин Ғайса пайғамбар тумастан он ики жил бұрин таққа Мән баласы Майқы отырды. Ил астанасы Үш Қарастан астиндағы Шигу қаласы иди...»<sup>129</sup>. «...Атамиз Майқы осы жазбанинг игесинен бир минг жети жұз жил бұрин ғұммир кеішкен. Мен мұны қазақ болған сонгайтты демеске керек. Бизден 600-700 жил бұрин ғұмыр сүрген Фирдоуси, Махмуд жазбаларинан да осины кездестірдім»<sup>130</sup>. Деректерді талдау зерттеушілерді алғашқы Майқы би Мән баласы шамамен б.з.б. 178 – 89 жылдары өмір сүрген деген қорытындыға жетелеген еді<sup>131</sup>. Бұл дегеніңіз алғашқы Майқы би Сіргелі тайпасының ғана емес, бүкіл Үйсін бірлестігіне кіретін тайпалардың тұп атасы деген сөз.

<sup>128</sup> Нәзерголов М.Х. Қара – Табын ырыуы шәжәрәһе // Башкирские шежере. – Уфа, 1985. – 77-б.

<sup>129</sup> Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы. Тұп-тұқыпаннын өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 45-б.

<sup>130</sup> Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы. Тұп-тұқыпаннын өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 33-34-б.

<sup>131</sup> Майқы би // Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. – Т.6. – Алматы, 2004. – 314-б.

Ал енді шежіреге емес, накты деректерге жүгінер болсақ, алғаш ежелгі Үйсін одағындағы бабаларынан бастау алған сіргеліктердің кейінірек, негізінде, оғыздар және қыпшақ-қанлылардың бабалары болып табылатын IV-VIII ғасырларда өмір сүрген Теле тайпалық одағында қалыптасулары әбден мүмкін. Кезінде бұл тайпалық одақтағы жетекші тайпа Сір тайпасы болғаны, олардың Енда тайпасын басып алған Сір-Енда (европалық деректерде Сеяньто) аталғаны белгілі. IV-VI ғасырларда Алтайдан оңтүстік батысқа қарайғы аймақты мекендейген Сір тайпасы шын мәнінде қыпшақтардың бабалары ретінде ғылыми түрғыдан дәлелденген<sup>132</sup>. Ал енді ежелгі қыпшақтар мен біз әңгімелеп отырған Сіргелі бабаларының бірге жүргендегі туралы тарихи деректер жоқ. Рулық таңбалар мен ұрандар да бұл екі тайпаны тікелей туыстастыра алмайды. Алайда сіргелілердің крест таңбасы кезінде бабалары Теле тайпалық одағында болған қазақтың Телеу және Керей тайпаларында кездеседі. Ал мұның өзі біз әңгімелеп отырған сіргелілердің бабалары осы соңғы екі тайпаның бабаларымен бірге ежелгі Теле одағында болған деп айтуга итермелейді. Олай болса осы одақ құрамында болған басқа тайпалар тарихына да көңіл бөлгениміз жән болар. Тайпадан тұратын Теле бірлестігінде жетекші тайпа Сірендадан басқа Баиси (Байшы) тайпасы туралы да деректер кездеседі. Кейінгі қырғыздарда Байсу тайпасының болуы және IX ғасырдағы Арас манындағы оғыздарда Баяут тайпасының кездесуі Байұлы тайпасының ежелгі бастауы Теле одағынан басталады деп айтуга итермелейді. Мұны біз сіргелілерде Байұлы тармағының болуына байланысты әңгімелеп отырымыз.

Ежелгі үйсіндердегі таққа таласқан тартыстардың оларды екі бөлікке бөліп жібергендері белгілі. Осындағы жағдайда Сіргелі бабаларының біртінде ығысып, алғаш батысқа жөңкілген ежелгі хұндардың қалдық мемлекеті Юебанның құрамына еніп, онан соң IV ғасырдан бастап ұйысқан, біз әңгімелеп отырған Теле мемлекеттік бірлестігіне қосылулары мүмкін. Айта кеткен жөн, Юебань мемлекеті құрамына бұрынғы Үйсін ода-

<sup>132</sup> Поздннеев Д.Исторические очерки уйголов:по китайским источникам. – СПб., 1899. – 46-6.

ғына кірген Дулу, Албан, Суан тәрізді тайпалардың бабалары да кірген еді. Бұлар, әрине, сіргелерге туыстас тайпалар болатын.

Ал енді Теле одағында жоғарыда айтып кеткеніміздей, VI ғасырдан бастап Сір және Енда тайпалары үстемдік етті. Алайда бұл тайпаны сіргелердің бабалары ретінде қарастыру қыйсынға келе қоймайтын тәрізді. Дегенмен де, олардың осы тұста Теле тайпалар одағында қосынды (крест) таңбасын рулық таңба ретінде қабылдағандарын байқау қыын емес. Осының нақты мысалы Теледен тікелей тараған және Жетису жері арқылы батысқа қоныстанған кейінгі қазақтың Телеу тайпасының да, онан соң ұзақ уақыт осы аймақты қоныс еткен Керейттің де, Уақтың да бабалары Теленің Баегу тайпа одағында болған кейінгі Төртқараның да және өзіміз әңгімелеп отырған сіргелілердің де бабаларының қосынды (крест) таңбасын рулық таңба ретінде қабылдаулары дер едік. Сіргелілерде крест таңбасының болғаны туралы 1889 жылы М. Гродеков<sup>133</sup>, 1959 жылы С. Аманжолов<sup>134</sup>, 1987 жылы Н. Мыңжан атап көрсеткен болатын<sup>135</sup>. Қазақтың белгілі этнографы Х. Арғынбасевтың өзі де оларда қосынды (крест) таңбасы болғанын макұлдайды<sup>136</sup>. Крест таңбасы сондай-ақ Сарыгүйсінде де, Дулу одағына кірген Сыйқым, Ботбай, Сәмбет, Қоралас тәрізді руларда да кездесе береді. Кезінде Дулудың Ашина (Ашын) әuletінің бастауымен Телені бағындырғаны белгілі. Бұл олардың кезінде бірге көшіп қонғандарын дәлелдей түседі. Бабаларымыздың VIII ғасырда арабтар Жетісү өңіріне аяқ басқанға дейін басқа діни ағымдар ықпалында болғандарын мойындауымыз керек. Оның үстіне қазақтың құраған тайпалардың бабалары X ғасырдан, яғни қарахандар кезеңінен бастап ғана мұсылман дінін жаппай қабылдай бастады. Қосынды (крест) таңбасының тәнірғе табыну дәүірінде орнығып, б.з. VII ғасырына дейін алтайлық түркілер арасында таралғаны белгілі<sup>137</sup>.

<sup>133</sup> Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Даринской области. – Т.1. Юридический быт. – Ташкент, 1889. – Приложение №1. – 1-8-б.

<sup>134</sup> Аманжолов С.Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. – Алматы, 1959. – 12-14-б.

<sup>135</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қыскаша тарихы. – Алматы, 1994. – 42-б.

<sup>136</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазак шежіресі хакында. – Алматы, 2000. – 95-б.

<sup>137</sup> Аджи М. Европа, тюрки, Великая степь. – М., 2004.

Сірендә (бұрынғы Теле) бірлестігінде оғыздардың және үй-тұрдың яғлахар тайпаларының күшіне бастауы Сіргелінің бабаларын алғаш, уақытша IX ғасырда Тоғыз оғызы бірлестігінен бөлініп шыққан этностық жағынан өздеріне жақын Уақ-көрейлер (Керейт) бірлестігінде көшіп жүргуте мәжбурледі. Мұны кейінгі Уақ құрамында сіргелілердің кездесулерінен<sup>138</sup> және олардағы рұлық таңбалардың ұқсастықтарынан анғара ала-мыз<sup>139</sup>. Алайда туыстық жақындық сіргелерді бұрынғы Үйсін, кейінгі Дулу тайпа бірлестігіне жақындастыра түсті. Олардың негізгі бөлігі Жетісуда билікке орнықкан түргештермен (шын аты Сарыүйсін) бірге осында мемлекетті, Түргеш қaganатын нығайтуға атсалысты. IX-XII ғасырлар аралығында сіргелілердің бабалары Сарыүйсін (Түргеш) одағына кірген Дулу, Тұхси, Яғма, Аз және тағы да басқа тайпалармен бірге Түргеш қaganатын шығыстағы үйғырлардан қашып келіп басып алған қарлықтардың, онан соң бұл мемлекетті біртіндеп ауыстырған қарахандардың, және монғол тілдес қаракидандардың (қарақытайлардың) кол астында қалды. Айта кеткен жөн, сарыүйсіндердің (түргештердің) одағы оны басқарған Алаш чордың есімімен қытай деректерінде Алаш ұлысы депте аталады<sup>140</sup>. Алайда Алаш-Түргеш ұлысын жоғарыда аталған мемлекеттік бірлестіктердің ауысуларына байланысты және бұл өлкеге XIII ғасыр басында Шыңғысхан бастаған монғол билігінің орнығына сәйкес Алаш атауы біраз уақыт елеусіз, тіптен ескерусіз қалды. Оның есесіне бұл тұста тарих сахнасында Алаш-Түргеш ұлысының жанама аты Сарыүйсін кеңінен танымал бола бастады.

О бастаң-ақ Үйсін одағының белді мүшесі болған сіргелілердің бабалары кезінде Шыңғысханның замандасы Үйсін Майқы бимен бірге Жошы әскеріне ілесіп батысқа кеткен еді. Осында олар үйсіндердің кейбір руларымен бірге Алшын (Ашын) одағына мүше болды. Үйсін рулары алшындарға әрқашан құрметпен қарап келді. Мұның басты себебі Алшын (Ашын) қағандарының VII ғасырда айтартықтай ұзак уақыт

<sup>138</sup> Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. – Алматы, 2001. – 66-б.

<sup>139</sup> Тынышпаев М.История казахского народа. – Алматы, 1993. – 106-108-б.

<sup>140</sup> Қытай жылнамаларындағы казақ тарихының деректері (б.з. 275 – 840 жылдары). Екінші кітап. – 143-, 330-б.

Батыс Түркі қағанатын билеп, Үйсін жерінде орнығуынан болар. Сондықтан да сіргелілердің рулық таңбаларының бірі Алшын таңбасына сәйкес келеді. Тегінде мұнда шежіре дерегінде көрсетілгендей, құдалық, қайын жұрттық қарым-қатынастар да өзіндік ықпалын тигізсе керек. Сіргелілердің бір бөлігінің Байұлы атанатыны да осы тұс. Алайда сарыуйсіндердің (тургештердің) Жетісуудағы билікті тартып алуулары ашындарды батыска ығыстырды. Кейінірек ежелгі батыстағы Алшын жерінде ногайлар үstemдік жасағанда Байұлы құрамындағы Үйсін рулады Серкелі деген атпен тарих сахнасында көрінді. Ноғайлар арасында Серкелі тайпасының Үштаңбалы руының кездесуі осы айтқандарымызды дәлелдей түседі<sup>141</sup>. Сіргелі тайпасын қалыптастыруда оның Үштаңбалы атты рулық тармағының үлкен рөл атқарғанын мойындаған жөн. Осыған байланысты шежіреші З. Сәдібеков былай деп жазған еді: «Үштаңбалыға» Бораштың хан Жәнібектің қызынан туған Кенірдек атты баласы мен Ойсылдың Өтеп батыр деген баласынан туған Сырымбет, Тұрымбет деген екі ұлының ұрпақтары жатады»<sup>142</sup>. Айта кетер тағы бір мәселе, жоғарыда көрсеткеніміздей, Сіргелі тәрізді соңына -лы, -лі жалғаулары жалғанған тайпалар атаулары XVI ғасырдан бастап пайда болды. Бұдан, әрине, бұл тайпалар бұған дейін болған жоқ деген тәрізді біржакты, кате қорытынды шықпауы тиіс. Тайпа қалыптасқан соңғана оған атап берілетінін ұмытпауымыз керек.

Тарихына қатысты деректер аз сақталған Сіргелінің шынайы тарихын қалпына келтіру үшін оның рулық шежіресінде көрсетілген аталар тарихын да қазбалап қарастыруға тұра келеді. Н. Аристовтың Диқанбай батырдан жазып алған шежіресі бойынша Сіргеліден Байжігіт, Қарабатыр, Батыр, Үштаңбалы, Айт-Бозым, Елубай, Торттаңбалы, Жаңабай деген аталар тарайды<sup>143</sup>. Х. Аргынбаевтың Қ. Төлековтен жазып алған шежіресінде Сіргелінің аталары оның алты әйелінен таратылады<sup>144</sup>. X.

<sup>141</sup> Сіргелі // Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Т.10. – Алматы, 1977. – 501-6.

<sup>142</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. – Ташкент:Ўзбекстан, 1994. – 50-6.

<sup>143</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 422-6.

<sup>144</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 93-94-б.

Арғынбаев деректерді өзара салыстырып талдай келе, жоғарыда Н. Аристов жариялаған Сіргелі аталарын Құлшығаш, Жайдақ, Қарақенірдек, Ақкенірдек, Шалдар, Ақсирақ, Карасирак, Тутаңбалы, Қайшылы, Жанай, Бөдене тәрізді аталармен толықтырыды<sup>145</sup>. Тегінде бұлар XIX ғасыр сонында әлі де жеке ата болып бөліне қоймаған аталар болса керек. Сондықтан да олар Н. Аристовқа Диқанбай батыр берген шежіреде атала қоймайды. Ал енді Б. Бақтияровтың Спандиар шежіресінен берген мәліметтеріне назар аударап болсақ, Ойсылдың 30 ұлынан қалған үш ата: Өтеп (Тутаңбалы), Байлы, Бораш екенін көреміз. Өтептен Қарабатыр, Батыр, Айт-Бозым тарайды. Ал Байлыдан Рысби, одан Ақсиық, Қожасиық, Құлышық, Қарасиық өрбиді. Осы соңғы тортеуі Сіргелі аталады. Бораштан да ұрпақ бар. Одан Кенірдек пен Қайшылы тарайды<sup>146</sup>.

Біз келтірген осы шежірелерден де басқа Сіргелі тайпасының шежірелік үлгілері бар. Ол туралы кезінде белгілі этнограф Х. Арғынбаев жазған болатын. Оларды қайталаپ жатпай біз мынаны айтамыз: ауызша тарих айту дәстүрінде Сіргелі шежіресі әбден шатастырылған. Мұның басты себебі Сіргелінің әкесі Ойсылдың да, сондай-ақ Сіргелінің өзінің де көп әйелдер алып, олардан көп ұрпақ көрулерінен және біраз балаларды ағайыннан асырап алуларынан болса керек. Ағайынды адамдардың қалыптасқан жағдайларға байланысты амал жоқ бірінің балаларын екіншілөрінің асырап алуларының, сонымен қатар тайпаға кірмелердің көбеюінің ата-тек шежіресін шатастыруға алып келетіні белгілі. Мұны Х. Арғынбаевтың Т. Бердібаевтан жазып алған аңыз әңгімесінен де айқын аңғара аламыз. Онда Сіргеліге байланысты мынадай жолдар бар: «Жәнібек ханның замандасы, бақуатты Бақтиярдың ұлы Ойсылдың бірнеше әйелі және 30 ұлы болыпты. Олардың арасында ақылмандары да көрікті еркетотайлары мен іскерлері де бар екен. Солардың бірі Жәнібек ханның сұлу қызына ғашық болып, ол қыз екіқабат болып қалады. Бұны білген хан ашуланып, Ойсылдың барша ұлдары мен келіндерін қонаққа шақырып, бәрін қырып тас-

<sup>145</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 94-6.

<sup>146</sup> Сіргелі // Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Т.10. – Алматы, 1977. – 501-6.

тапты. Тек қана Ойсылдың қырда жылқы бағып журген ұлы Өтеп пен оның Ізбике атты екінші атты әйелі Ошақтыда төркіндеп жүріп, аман қалып, Манат атты ұл туыпты. Ол ес жиып, ат жалын тартып мінуге жараган кезде оған Сіргелі тай мінгізіп еліне шығарып салыпты. Ол ата-жұрттына жеткенде көкпардың үстінен шығып, бұл додада өзінің епті, әрі күшті екенін танытып, тайының да тулпар тектес топжарғандығын көрсетіп, жиналған ел-жұртты таңғалдырыпты. Оны енді байқап, бір-бірінен сұрастырып, «Сіргелі тай мінген мына бала кім дегенге келеді. Тойдан кейін экесі Өтептің ағасымен көрісіп табысады. Ол әменгерлік жолмен Ізбикеге үйленіпті. Өтептің ағасынан Туганбалы мен Қайшылыны табады; ал ханның екінші атты Ақкенірдек пен Қаракенірдекке босанғанин кейін, оларды Өтеп пен Ізбике асырап алдыпты. Ал Манат есімі ел ішінде ұмытылып, «Сіргелі» атымен этноним тұрақталып, бүкіл кейінгі әулетке көшіпті. Бұлардың төнірегінде тікелей ұрпактары ғана емес, басқа да туысқандары, тіпті кірмелер де топтасыпты. Аңыз бойынша Сіргелі дәүлетті кісі болып, бірнеше әйел алыш, көптеген бала-шага өрбітіпті»<sup>147</sup>.

Ерине, бұл аңызды түгелдей шындық ретінде қабылдауға болмас, дегенмен де әрбір тарихи аңызда шындық ұшқыны көрініс беретінін зерттеушілер біледі. Оның үстіне осы аңыздың басқаша тағы бір кеңейтілген ұлғасін шежіреші З. Сәдібековте ұсынып отыр<sup>148</sup>. Осы шежірешінің мәліметі бойынша кейбір деректерде Сіргелі атанған Манаттың шежіресі төмендегіше таратылады: Ойсыл – Төбеке батыр – Өтеп батыр – Тұрымбет – Манат – Тутаңбалы. Мұнда Манаттың жанама атының Сіргелі екендігі айтылмайды. Соған қарағанда Манаттан Тутаңбалы руы тарайтындықтан кейбір шежірешілер оны Сіргелімен шатастырса керек. Шежіре деректері тұрғыдан қарастырап болсак, Үйсілмен қатар тұған Ойсылдың балалары мен немерелерін Жәнібек хан заманына апаруға тұра келер еді. Ал енді бұл қазақ ханы, әйгілі Жәнібек болса, онда XV ғасырдан арыға бара алмаймыз.

<sup>147</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 92-93-б.

<sup>148</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. – Ташкент:Ўзбекстан, 1994. – 39-44-б.

Сіргелі тайпасының атауы тарихи әдебиетте алғаш рет Рузбекханның «Михман наме-и Бухара» атты шығармасында аталды. Бұл XV ғасырдың соңында және XVI ғасыр басында жазылған еңбек еді. Мұнда Ноғай ордасы құрамында Үйсінмен бірге көшіп қонып жүрген Серкелі (рудың ногайша аталуы) руы әңгіме болады<sup>149</sup>. Осы орайда айта кеткен жөн белгілі ғалымдарымыз М. Тынышбаев және С. Аманжолов Сіргелі руының аты анасын еміп қоймауы үшін құлынның тұмсығын жауып тұратын ағаштан жасалатын Сіргенің атынан шыққан, яғни ру аты осы сіргенің атымен аталған деген пікірді айтады<sup>150</sup>. Мұнда ескерер бір нәрсе, сірге таңбасы бұл тайпаның бірнеше рулық таңбасының бірі ғана. Тіптен М. Тынышбаевтың өзі де өзінің зерттеуінде осы тайпаның төрт түрлі рулық таңбалары бар екендігін көрсете кетеді. Алайда оларда біз жоғарыда әңгімелеген қосынды (крест) таңбасы көрсетілмеген.

Ноғай ордасы ыдыраған кезде оның құрамындағы кейбір рулар Қазақ хандығын билеген Қасымханға бағынып, онымен бірге 1513 жылы Түркістан және Тәшкент аймақтарына жорықтар жасаған. Тегінде батыстар келген сіргелілердің кейбір рулары осы тұста өздерінің онтүстіктері Ойсылдан тараған бауырларымен қайта қауышса керек. Бұл туралы Абдолла бн Мухаммед бн Әли Насралланың ортағасырлық шығармасы «Зубдат әл-Асада» (1525 ж.) жазылған<sup>151</sup>. XVI ғасыр дерегі «Маджму ат-таварихтағы» 92 рудың ішінде жеке ру ретінде кездеспегеніне қарағанда Сіргелі бұл тұста әлі де Үйсіннің құрамында жүрген<sup>152</sup>. Осылардың бәрін қорыта келе, мынадай тұжырымға келеміз: тарихи тамыры ежелгі Үйсіндер дәүірінен бастау алатын Сіргелілердің бабалары кейінректе XIII ғасырда Үйсін руларымен бірге батысқа қоныс аударған соң, алшындардың Байұлы тайпалық бірлестігіне кірген және өздерінің нағашы жұрты болып табылатын Байұлы руларынан

<sup>149</sup>Ибрагимов С.К. «Михман наме-и Бухара» Рузбекхана как источник по истории Казахстана ХV-ХVI вв. //Новые материалы по древней средневековой истории Казахстана. – Алматы, 1960. – 144-145-б.

<sup>150</sup>Тынышбаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-Шубырынды). – Алматы, 1991. – 39-б.

<sup>151</sup>Юдин В.П.Вводная статья к «Зубдат ал-асар» // Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков: извлечения из персидских и тюркских сочинений. – Алматы, 1969. – 128-132-б.

<sup>152</sup>Материалы по истории кыргызов и Кыргызстана. – Бишкек, 2002. – 231-б.

өздерінің үйсіндермен байланысты тарихи тамырларын, ягни тайпалық ерекшеліктерін ескере отырып, XV ғасыр сонына қарай Сіргелі атауына ие болып, ал батыстағы ногайлар құрамында Серкелі аталған. Байұлы және Үштаңбалы деп атаплатын екі үлкен бөліктен тұратындықтан, және мұндай атаулар басқа тайпаларда да кездесетіндіктен дербестікке ұмтылған Сіргелі тайпасы өзінің таңбасының атын қабылдауға мәжбур болған деген ойдамыз<sup>153</sup>. Шежірепі З. Сәдібеков те Сіргелінің Байұлы тармағына жататын Ойсылдың ұлы Бораш мырзаның Алшын Қыдырбай байдың қызынан тараған сегіз атанды (Батыр, Жайдак, Қарабатыр, Шалдар, Байжігіт, Елібай, Жаңабай, Айтбозым) Сіргелі атаплатының атап көрсетеді. XVI ғасыр басында Үйсін рулады құрамында Қасым ханмен бірге атамекенге қайтып келген олар, Оңтүстік Қазақстанда өздеріне туыс руладың қайта тоғысып, осында біржолата қоныстанып, толыққанды дербес тайпаға айналған. Осы тұста олар қалмаққа қарсы қүресте ортадан шығып, ерекшеленген тарихи тұлға Байжігіттің үрпагы Тоганас батыр төңірегіне топтаса түсті.

№	Ру-тайпалар аттары	M.Гротековтың мәліметтері (1889 ж.)	M.Тынышбаевтың мәліметтері (1925 ж.)	C.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	H.Мынжапашың мәліметтері (1997 ж.)	X.Арғынаев М.Мұқанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	A.Сейдімбек Матінгері бойынша (2008 ж.)
1	2 Сір гелі	3 #, +, % + /	4 +, % /, > ^	5 +, + +	6 +, + +	7 +, % %, % %	8 %, %, + %

<sup>153</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 2001. – 19-б.

## 2.6. Шапырашты тайпасының шығу тегі

Шапыраштының шығу тегін зерттегендे Қазбек бек Таусарұлының атасы Матай қарттың шежіресінің негізгі дерек болып табылатыны күдік тудырмауы тиіс деп ойлаймыз. Ол бойынша Шапыраштының шын аты Досымбет. Ол Бәйдібектің баласы Жалмамбеттің Жұпар (Мапраш) атты әйелінен туған ұлы. Айта кеткен жөн, кезінде Бәйдібектің үш ұлы Сирықты тұқымы Сарығісін (Түргеш), Жалмамбет тұқымы Шапырашты, Ысты, Ошақты Алұйсін (Қызылұйсін), Жарықшақ тұқымы Дулат, Албан, Суан Қарауйсін аталған<sup>154</sup>. Түргеш қағанаты тұсында оған бағынған үйсін руларының «қаралар» және «сарылар» болып белінгенін ежелгі қытай деректері де растиады<sup>155</sup>. Шежірелік деректерге сүйенсек, Шапырашты VIII ғасырдың алғашқы ширегінде дүниеге келген адам болып шығады. Мұны мойындар болсақ, Шапырашты есімінің астына жиналған рудың өзі XI-XII ғасырларда қалыптасса керек деп ойлаймыз. Шапырашты дүниеге келіп, есейген VIII ғасырдың алғашқы жартысы үйсіндердің тарихи отаны Жетісу жеріне қытайлықтардың қызыға көз тіккен кезеңі еді. Үздіксіз жаугершілікке Үйсін-Шығыл (Чигил) елі әбден бейімделіп алған болатын. Қазбек бектің сөзімен айтар болсақ, Жетісу жерінде «мұра болип қалған бир ирекшелік, адам мен малдинг қашанда да, қай кезде де сирттан болатин жаугершиликтің әзирлиги иди. Үйде қанша адам болса, сонша жаунгер деп исептелетин. Бес жасқа дейинги баладан басқаннинг бәри ат үстінде болар иди...»<sup>156</sup>.

Қытайлықтардың азғырған тіліне ілескен ұйғырлар осы тұста Жетісуға, алғаш Азық елінің жеріне баса көктеп кірген. Бұл VIII ғасырдың бел ортасы. Бұл кезде, эрине, Шапырашты атанған ру әлі жоқ, ал бұл ел Абыл елі аталған еді де, Барсыған (Ыстық) көлінің түстік шығысын мекендейген, олардан шығысқа қарай, Тәңір тауынан Мұзартқа дейін туыстас Азық елі мекендейген.

<sup>154</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 70-б.

<sup>155</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 70-б.

<sup>156</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 76-б.

Албан елін қосып бұларды ол тұста Үйсін-Шығыл елі (Чигил) деп жалпылама атаған. Осы жерде ескерте кетер бір мәселе, шежіре деректері бойынша Абыл, Азық және Албан бір атадан ежелгі Үйсін құнбі Елсаубидің Нулы деген баласының ұрпақтары болып табылады. Ал Дулу болса осы Нулының туған інісі. Бұл кезде осы Үйсін-Шығыл елінде Баймен деген кісі хан екен, елді үйымдастырамын деп жауға шапқан оны үйғырлар наизамен шашып өлтіріпті. Қанішерліктерімен ерекшеленген үйғырлар осының алдында ғана шекара бойында орналасқан түріктер-оғрақтарды бесіктегі балаларына дейін бауыздап, қан сасытып қырған. Таңғұттар да үйғырлардың осындай қанды қырғынын бастан өткізген.

Шежірелік деректерді талдап қарастырап болсақ, Шапыраштының батыр атанип, алғаш рет ұрысқа қатысуы осы, біз әңгімелеп отырған 745 жылы (хижраның жыл санауымен 123 жылы) үйғырлармен соғыста орын алғанын көреміз. Кертоғай басындағы Сапы Саты көліне жау жақындағанда өзінің сонынан жинаған қолын ертіп, Шапырашты да жеткен. Оның әскері әлі де Шапырашты атты ру қалыптастағандықтан, ежелгі Үйсіннің құнбі Елсау бидің барлық ұрпақтарының өкілдерінен құралған еді. Олардың арасында Ардың да, Құнның да Қыптың да, Шактың да жасақтары болыпты. Бұл жерде әңгіме, эрине, кейінгі Арғын және Қыпшақ тайпаларын құраған рулар туралы болып отыр.

Шапырашты қолы осы соғыста үйғырларды қырып салып, Мұзарттан да, Тұрпаннан да асырып, өздерінің жерлеріне дейін өкшелей қуып барған және үйғырлардың бес қаласын бағындырған. Қанды қырғынға ұшыраған үйғырлар енді Жетісу жеріне аяқ баспайтын болып ант-су ішкен. «Антининг кефилине үйғир сакманы Туниг өзнинг бес ұғлининг улени Хұзхұрды бирип, кейін үйғирдинг Қошы, Жанбалиқ, Бесбалиқ, Сүллен, Жангабалиқ деген бес балигин, қаласын билеушілери мұны қайталап тұрган»<sup>157</sup>. Қазбек бектің осы мәліметтерін В.В. Бартольдтің зерттеулері де растайды. Ол мысалы, Қошы (Кочо) қаласының орхон және уйғыр жазуларынан белгілі

<sup>157</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзімे шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 77-6.

екендігін ескерте келіп, оның қазір Қара-Ходжа деп аталағының және Турғанға жақын орналасқан Идикут-шари қаласының қиранды орнына сәйкес келетінін, оның сондай-ақ үйғырлардың онтүстік аймағындағы басты қала болып табылғанын атап көрсетеді. Оның ойынша Үйғыр өлкесінің солтүстік аймағының басты қаласы Бешбалық болып табылатыны күмәнсіз. Сонымен қатар В.В. Бартольд М. Қашғаридің еңбегіне сүйеніп, үйғырлардың солтүстік аймағында Сұлми (Сүллен), Жанбалық, Яңгибалық (Жаныбалиқ), Қиғ-Күжү, Бешбалық деген қалалардың болғандарын да растайды<sup>158</sup>. М. Қашғаридан осыған байланысты мынадай жолдарды оқимыз: «Үйғұр: үйғыр. Бес шахарлы бір елдің аты. Зұлқарнайын түркі хақанымен бітім жасасқаннан кейін құрылған. Маган Мұхаммед Шәкір Тоңқаханұлы Низаметдин Ибраһим Тоған Текін бабасынан білгендерін былай хикаялаған еді: Зұлқарнайын үйғыр еліне жақындаپ келгенде түркі халқы оған төрт мың адам жіберді. Олардың бастарындағы биік қалпақтарының қанаттары күтті лашын қанаттарындай еді. Окты алдыға қарай қалай атса, арқасына қарай да сондай шеберлікпен ататын еді. Зұлқарнайын бұларға қайран қалып: «inan hu zhur-ihend-iñen hûdzhûrênd-bûlar basqalarp kîriptar bol-mai өз азығын өздері тауып жейтіндер екен; bûlардан аң қашып құтылмайды; қашан қаласа, сол кезде атып жейді», – депті. Содан бері бұл ел «hu zhur-hûdzhûr» деп атаған екен. Бұл елде бес шаһар бар. Ол елдің түрғындары кәпірлер мен үздік мерген атқыштар. Ол шаһарларды Зұлқарнайын салдырған...»<sup>159</sup>. Жетісудың Сап Саты көліне жақын жердегі осы өлкеге басып кірген осы үйғырлар қырғынға ұшыраған үлкен ойпат кейінгі ұрпаққа «Шапырашты сайы» деген атпен жетті.

Кезінде үйғырларды Жетісу жеріне арандатқан қытайлықтардың өздері де 751 жылы (хижраның жыл санауымен 129 жылы) осы елге басып кіремін деп Таразға жақын Атлах (Атлұқ) қаласының түбінде арабтар қолдаған жергілікті түрғындардан күйрей женілген<sup>160</sup>. Қазбек бек Таусарұлының сөзімен айтқанда

<sup>158</sup> Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 2002. – 83-б.

<sup>159</sup> Махмұт Қашқарі. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. Бірінші томы. – Алматы, 1927. – 142-143-б.

<sup>160</sup> Махмұт Қашқарі. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. Бірінші томы. – Алматы, 1927. – 128-б.

«...Талас, Шу бойында болған соғиста жайау жалпилап жұз минг қолмен келген қитайлардинг көби қирилип, бирсипрасы ғарабтарға қолға түсип, типти жергиликти жұрттарға сингип, шиғиндап қалғанды»<sup>161</sup>. Осы соғысқа да түргештердің, дуулардың, тұхсилардың, аздардың және қарлықтардың қалың қолдары қатысып, олардың қатарында Үйсін-Шығыл (Чигил) әскері құрамында Шапырашты басқарған Абыл тұқымының жасактары да болған, ерліктің ғажайып ұлгісін көрсеткен. Қазбек бек Шығыл атауын Үйсін этнонимінің синонимі етіп тегіннен тегін беріп отырған жоқ деп ойлаймыз. Айта кеткен жөн, Үйсін руларының осы тұста шынында да Шығыл деген атаумен тарих сахнасында көрінгендерін байқаймыз. Махмұд Қашқари Барсығанның төменгі жағындағы қалашақта тұратындарды Шігілдер деп атайдын атап көрсеткен еді. Оның айтуынша, мұндай атау Зұлхарнайынның Арғу еліне келген кезінде шықкан. Алғаш бұл парсы тіліндегі қорған бекет атауы ретінде қолданысқа енген. «Кейін, – деп жазады ол, – сол қорғанда тұрақтан тұрып қалған түркі тайпасы да «Шігіл» деп аталады. Содан бұл атау әр тараپқа тараң кетеді. Оғыздар да сол төніректегі жерлерде тіршілік еткен және шігілдермен үнемі қақтығысып, соғысып отырған, олардың арасындағы алауыз жаулық бүгінгі күнге дейін сақталып келеді. Оғыздар шігіл шегіне келіп кірген өзге де түркі тайпаларының бәрін де «шігіл» деп атайды. Оғыздар Жайхұннан жоғары Шынға дейінгі жердің бәрінде тіршілік ететін түркі тайпаларын түгелдей «Шігіл» деп атайды. Бұл қате». Мұнан ары М. Қашқари «Шігіл» деп аталағын түркі тайпаларының бәрінің бір жерден тарағандарын ескерте кетеді<sup>162</sup>. Зерттеуші Ю. Зуев парсы тілінде «Шігіл» атауының «батпақ» деген мағынаны білдіретінің айта келе, мұның өзі «батпақтан жарапған Адам» туралы діни аңызға алыш баратынын алға тартады<sup>163</sup>. Осы айтылғандар Жетісудағы Үйсін тайпаларын соғдылардың, яғни парсылардың шығыл немесе шігіл деп

<sup>161</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыпайнан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 75-б.

<sup>162</sup> Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диуаны лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. Бірінші томы. – Алматы, 1927. – 402-б.

<sup>163</sup> Зуев Ю.А. О тюркском манихействе //Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы, 2002. – 191-б.

атағандарын анғартады. Шапырашты тәрізді батырларды қолданғандар да осы үйсін-шігілдер еді. Тарихи деректерге назар аударап болсақ, Қарлық қаганатын және Қарахандар әuletі мемлекетін құруға белсенді қатысқан Тухси (тохсы) тайпасының да Шігілге туыстас, тіптен олардың құрамдас болігі екендігіне көзіміз жетеді. М. Қашғари осыған байланысты: «Тохсы: құншығыста тіршілік етегін түріктің бір жұрты. Оларды тохсы шігіл-тохсы шігіл» депте атайды», – деп атап көрсеткен еді»<sup>164</sup>.

Кейінгілерге аныз болып қалған Шапырашты батырдың тағы бір ерлігі – Семізкент қаласын соқақтардан (соғдылардан) қорғап қалуы. Халқымыз «қызылбас» атаған парсылардың әскері осы қаланың түбінде қирай жеңіліп, Шапырашты батыр бастаған Абыл тұхымының абыройы тағы да асқақтаған. Семізкент қаласына кезінде парсылардың, яғни қызылбастардың көз тіккенін Махмуд Қашғари да растайды. Онда осыған байланысты мынадай жолдар бар: «Semiz kend: Семіз кенд-Семіз қала; семіз кент» солай аталған. Мұны парсылар Samar қанд: Самар қанд – Самарқанд дейді»<sup>165</sup>. Жаугершілік заманда Шапырашты батыр өзінің төнірегінде тұрақты, жалдамалы әскер де ұстаған екен. Оларды өзі басқарып, талай жортуылдарға қатысқан оның есімі мақтанышқа айналып, тамам елге жайылған. Ал мұның өзі оның есімімен аталатын жаңа руды қалыптастыруға ықпал еткен.

Шежіре деректері бойынша Шапыраштының кіндігінен төрт бала тараған. Олардың есімдері Ыстық, Қыстық, Абақ, Саяқ. Алайда бұлардан кейінгі Шапырашты руын құраған тек Ыстықтың ұрпақтары ғана. Бұлардың ата қонысы ежелден Барсыған көлі болған. Бұл көл сондықтан да кейіннен Ыстық көл атанып кеткен. Ал Шапыраштының екінші ұлын кайын атасы асырап алып, ол Албан тайпасына сіçіп кеткен. Мұны Албандарда Қыстық ру тармағының болуы растайтындей. Үшінші ұл Абақ есімін иеленген. Сақалдың Ақ деген ұлынан тараған тұқымның ұрпақтары Сарыўйсіннің, Шапыраштының, Ыстының, Ошақтының, Албанның, Суанның, Дулаттың рулық таңбаларының Абақ болып табылатыны белгілі. Шапыраш-

<sup>164</sup> Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диуаны лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. Бірінші томы. – Алматы, 1927. – 483-6.

<sup>165</sup> Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диуаны лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. Бірінші томы. – Алматы, 1927. – 402-6.

тының төртінші ұлы Саяқ екен. Осы Саяқ пен жоғарыда аталған үшінші ұл Абақ екеуі Шапыраштының бәйбішесі Күнайымнан егіз туса керек. Күнайым қырғын соғыстарда шашын төбесіне түйіп алыш, шалбар киіп, Шапыраштыны артынан қорғап жүреді екен. Үйсін тауында (Алатауда) болған үлкен соғыста ол жоғарыда аталған егіз ұлдарын жоғалтып алышты. Абақ Керей тайпасына. Ал Саяқ болса Алтай тауы сыртындағы қырғыздарға сіңіп кетіпти<sup>166</sup>.

XIII-XIV ғасырлардағы жаугершілік жорықтар басқалар тәрізді Шапырашты тайпасына да оңай тиген жоқ. Ыстықтың Дәйіл тұқымынан тарайтын Бәрін, Шорас рулары Масаншы тайшы билейтін ойраттардың қоластына өтіп кетіп, атамекенге қайтпай қалды. Ал Шапырашты Ыстықтың Бейіл балаларынан тарайтын ұрпақтары Көшпелі өзбектер елін басқарған Әбілқайырдың қарауына барып, «өзбек» атына ие болышты.

Қазақ хандығы құрылған соң, әз-Жәнібектің тыныштықты қолдаған саясаты Шапырашты руының Жетісу аймағына тығыз топтаса түсүіне және өзіне бауырлас ел Дулаттармен жақындаса түсуперіне үлкен ықпал жасаған.

Ел аузындағы шежірелік үлгілер Шапыраштыдан тарайтын ұрпақты әртүрлі түсіндіреді. Мысалы, «Қазақ Совет Энциклопедиясындағы» «Шапырашты» атты макалада мынадай жолдар бар: «Диқанбай батырдың шежіресінде Шапыраштыдан Асыл, Шыбыл, Екей, Еміл, Есқожа, Айқым. Бұларды «бесшам Шапырашты» деп те атайды», – деп жазылған<sup>167</sup>. Осыған байланысты белгілі қазақ этнографы Х. Аргынбаев: «Шапырашты руындағы бес ірі аталар – Екей, Есқожа, Шыбыл, Асыл мен Айқымды ел ішінде «Бес Шам Шапырашты» немесе «Бес таңбалы Шапырашты» дегенмен, олардың ерекше белгілері туралы да бізде мәлімет жоқ», – деп жазған еді<sup>168</sup>. Енді осы жоқ мәліметті бізге Қазбек бек Таусарұлы Атасы Матай қарттың шежіресіне сүйеніп, беріп отыр: одан шын мәнінде Бес және Шам деген кісілердің тарихта өмір сүрген адамдар екендерін аңғарамыз.

<sup>166</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйнаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 77-80-6.

<sup>167</sup> Шапырашты // Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Алматы, 1978. – 181-6.

<sup>168</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 69-6.

Шежіре бойынша олар былай тарқатылады: Ұран – Майқы – Именбек - Көркембек – Нарынбай – Ар – Бөрте – Бес – Шам. Шамнан үш бала: Малды, Қалды, Желді тарайды. Осыған байланысты XVIII ғасырда әмір сүрген Қазбек бек былай деп жазады: «Бұл кездери бизди бесшам Шапрашты деседи. Оны кейде жұрт Шамнинг үш баласинан көрген бес немереси итип көрсетпек болады. Ол шамаға келмейтін жаңсақтиқтан шиққан сез. Бестинг баласы Шамнинг баласы деп жүрип, бесшам Шапрашты атандырып жиберген»<sup>169</sup>.

Осыған байланысты белгілі этнограф Х. Аргынбаевтың былай деп жазғанын білеміз: «Шапырашты үш рулық бірлестіктерге бөлінеді, атап айтқанда: 1) Малдыстық, 2) Желдістық, 3) Қылдыстық. Бұл этнонимдер ел аудында ру деп аталмайды, ал келесі ұрпақтар айқын аталар болып кете береді. Мәселен, Малдыстық үш руга: Екей, Еміл, Есқожаға бөлінеді»<sup>170</sup>. Қазбек бек Шапырашты шежіресіндегі осындай тағы бір шатасудың жібін тарқатып берді: «Шамнинг үш баласы Малды, Қалды, Желдини кейде шатастырип, – деп жазады ол, – «Уш Истикинг баласы» немесе «Малды Истиқ, Қалды Истиқ, Желди Истиқ» деседи. Ал Шапраштининг үлкен ұғлы Истиқ пен Малды, Қалды, Желди арасында жиірма сегиз ата жатир, Йағни сонғылары нижре санауынан 950-1000 (біздің жыл санауымыз бойынша 1571-1622 – Т.О.) жылдары ғұмыр сүрсе алдинғы пұстисты Истиқ 150 (біздің жыл санауымыз бойынша 772 – Т.О.) жылдары ғұмыр кешкен. Демек ики ұрпақтинг арасында сегиз жүз жылдай даур бар»<sup>171</sup>. Тағы бір анықталған мәселе, Шамның үлкен ұлы Малдының балалары жоғарыда айтылғандай үшеу емес, екеу ғана. Олар Екей мен Еміл. Ал Есқожа болса Емілдің шәбересі, яғни Емілден Ерен, одан Кошиман, одан Есқожа<sup>172</sup>. Бұл деректерде қайшылық жоқ. Егер Шапырашты батыр біз жоғарыда әңгімелеген ұйғырлармен болған соғыста 20 жастағы

<sup>169</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқылғаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 92-6.

<sup>170</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 67-б.

<sup>171</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқылғаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 93-6.

<sup>172</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқылғаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 94-6.

жігіт болғаның өзінде баласы Ыстық өмірге келген тұста 40-тың үстіндегі азамат болып шығады.

Кейінгі Шапырашты шежіресіндегі шатасулар Қазбек бектің шежірелік деректерін одан ары тарқата тұсуді қажет етеді. Ол бойынша Шамның екінші баласы Қалдыдан жалғыз бала Айқым өмірге келген. Одан үш бала Қайдауыл, Сейітқұл, Қалқаман туған. Ал Шамның кіші баласы Желдіден Асыл, Шыбыл атты екі ұл егіз туған<sup>173</sup>. Асылдан жалғыз ұл Байбағыс қалыпты да, ал Шыбылдан төрт ұл – Иманшаш, Байыс, Ибак, Сары тараған. Осы жерде айта кетер тағы бір мәселе ғалымдар арасында Шыбыл байырғы Шыбыл, ал Еміл байырғы Чумул этнонимдерін білдірегін болар деген болжамдар да бар. Бұл, біздің ойымызша шындыққа қызық қоймайды. Өйткені, біріншіден, шежіре бойынша Шыбыл мен Еміл XVII ғасырда өмір сүрген адамдар болып шығады. Екіншіден, Шігіл атауы жоғарыда айттық, Махмұт Қашқари заманында, яғни XI ғасырда кеңінен таралған атау болған.

Шапыраштылар о баста ру болып қалыптасқанға дейін өздеріне туыс Ошактымен бірге жүрсе керек. М. Тынышбаев көрсеткендегі, оларда тұмар таңбасының болуын осымен ғана түсіндіре аламыз<sup>174</sup>. Сондай-ақ, кезінде Абыл елі құрамында болған олар, дұлылармен (дулаттармен) туыстас екендерін де естен шығармаған. Шапыраштылардың Дулат тайпасына жақын екендіктерін олардың рулық таңбалары да анғартатындей. Жарты ай түріндегі бұл таңба әсіресе Дулат құрамындағы белді Шымыр рулық бірлестігінің таңбасына өте ұқсас. Рулық шежіре де олардың туыстығын макұлдай түседі. Ол бойынша байырғы Үйсінді билеген Елсау биден ағайынды Нұлы мен Дұлы, ал Нұлыдан шапыраштылардың ежелгі атасы болып саналатын Абыл тарайды. Нұлыдан Мән баласы Майқыға дейін жеті ата өткен. Біртінде, Абыл басқарған ел Абыл елі атанып, ал Нұлының екінші ұлы Албан басқарған ел Албан елі атанып, ал Нұлының үшінші баласы Азық басқарған ел Азық елі атанған. Қалай десекте кезінде Ыстыққөл маңын мекендереген

<sup>173</sup> Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы. Тұл-тұқыйланнан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 93-98-б.

<sup>174</sup> Тынышбаев М.История казахского народа. – Алматы, 1993. – 106-108-б.

Шапыраштылардың бабаларының Түргеш және Қарлық қағаннаторы және Қарахан хандығы тұсында Дұлы ұрпағымен, кейінніректе Шымыр басқарған елмен бірге кошіп-қонып жүрсө керек.

Рұлық ұрандардан да шапыраштылар тарихындағы кезеңдерді аңғара түсеміз. Шежіре деректері XVII ғасырға дейін шапыраштылардың жауға «бактиярлап» шапқандарын, ал онан соң, жауға «қарасайлап» аттанғандарын аңғартады. «Бактияр» ұраны ежелгі Үйсін одағының ру тайпаларын біріктіретін Абыл тұқымына ортақ ұран болған. Матай қарттың шежіресі бойынша кейіннен Шапырашты руына ұран болған Алтынай баласы Қарасай батыр 1598 жылы дүниеге келіп, 1671 жылы қайтыс болған, яғни Шапыраштылардың Қарасай батырды рұлық ұранға айналдыруы XVII ғасырдың соңынан бастап жүзеге асқан. XVII ғасырдың өн бойында Шапырашты тайпасының қолын басқарған Қарасай батыр 1618 жылы Арқада Буркітті, Болатты таулары арасында, 1620 жылы Тобыл өзені бойында, 1629 жылы Іле бойында және т.б. аймактарда қалмаққа қарсы қырғын соғыс салған. Қарасайдың данқын асырған тағы бір ірі оқиға, оның 1653 жылы болған қырғын соғыста қалмақтың эйгілі қонтайшысы Батырдың оң қолын шауып түсіруі болды. Осы ауыр жаракаттан қонтайшы араға бір жыл салып қайтыс болды. Шапыраштылардан Қарасай батырдың бес мыңға тарта қол жинаған кездері де болған. Ол тіптен 66 жасқа келгенде де қалмақтарға қарсы қол бастап шығуға мәжбүр болған. Сондай-ақ, ол 1669 жылы тама Тұғынаймен және найман Кеден би мен бірге Ресейге елшілікке де барған екен. Мұның өзі Қарасайды бүкіл тайпа мойындаған ірі тарихи тұлғага айналдырды.

Тарихтың қасиrettі тұстарында алғаш «бактиярлап», кейіннен XVII ғасыр соңынан «қарасайлап» жауға шапқан шапыраштылар көптеген қанды қырғындарды бастан кешсе де айтулы тайпа болып қалды. 1889 жылғы санакта олардың саны 7000 тұтінге жеткен екен. Бұл дегенің 40 000 адамнан асты деген сөз. Өсіп-өнді деген осы да.

№	Ру-тайпалар аттары	М.Гролековтың мәліметтері (1889 ж.)	М.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	Н.Мынжанының мәліметтері (1987 ж.)	Х.Арғынбаев М.Мұқанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	А.Сейдімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2 Чап-рашты (Шапырашты)	3 	4 	5 	6 	7 	8 

## 2.7. Ошақтының тарихи тамыры: «Ошақ» па, жоқ әлде «Үш оқ»па?

Ұлы жүз арыстары ішінде тарихы таратылып жазылмаған тайпалардың бірі – Ошақты. Белгілі қазақ этнографы Х. Арғынбаев осыған байланысты былай деп жазған еді: «Ошақты руы туралы да көне жазба деректерде ешқандай мәлімет жоқ. Тек қана орта ғасырдағы бір мағлұматтa Ошақты емес, оның бір Байлы руы жөнінде XV ғасырга жататын араб саяхатшысы Масуди «Тарихи Абулхайырхани» шығармасында там-тұм ескертіп өтеді», – деп атап көрсеткен еді<sup>175</sup>.

Мұндағы кате – XX ғасыр басында Ошақты ру емес, тайпа. Өзінің үлкен атасы Матай карттың шежіресіне сүйенген, XVIII ғасырда өмір сүрген Қазбек бек Таусарұлы Ошақты тұқымының басқа қазақ руларымен салыстырғанда қаны таза екен-дігіне назар аударған еді. Онда осыған байланысты мынадай жолдар бар: «Ошақты тұхмы қазақы ұру. Онда жаудан қолға түсип шинген ишким жоқ. Шапрастилар сиақты жаудан әкелген құл құттаны жоқ. Бүрінғы қисқа, өспей қалған бұтак-тұптер де мұнда жоқ»<sup>176</sup>.

<sup>175</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазак шежіресі халқында. – Алматы, 2000. – 74-6.

<sup>176</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыпайанның өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 72- б.

Осы айтылғандар Ошақтының рулық тұмар таңбасын қарастырғанда да айқын байқалатындей. Мұндай таңбаның негізінен алғанда Ошақтыда ғана кездесетіндігі ойландырмай қоймайды. Оның үстіне бұл тайпада бұдан өзге, қосымша рулық таңба да кездесе қоймайды. Мұны 1889 жылы М. Гродеков, 1925 жылы М. Тынышбаев, 1959 жылы С. Аманжолов, 1987 жылы Н. Мыңжан, 2000 жылы Х. Арғынбаев байқап өздерінің зерттеулерінде жазған болатын. Сонымен бірге мынаны да айтпасақ болмас. Л. Мейер 1862 жылы ошақтылардағы тұмар таңбасының Кіші жүздің Беріш тайпасында кездесетінін байқаған еді. Беріштердің ерте ортағасырларда шығыстан батысқа Жетісу жері арқылы өткенін ескерер болсақ, бәлкім бұған таңдануға да болмас. Осы мерзімде олардың ошақтылар бабаларынан тұмар таңбасын қабылдаулары әбден мүмкін. Тұмар таңбасының беріштерде қосымша таңба ретінде кездесетінін М. Тынышбаев та растиған еді. Сонымен бірге дәл осы М. Тынышбаев тұмар таңбасының шапыраштыларда да қосымша таңба ретінде кездесетініне назар аударған еді<sup>177</sup>. Бұл логикалық түрғыдан қысынды. Өйткені шежіреге жүгінсек, Жәлмембеттің бірінші әйелі Мапыраштыдан Шапырашты (Досымбет) туған болса, ал екінші әйелі Қараашаштан Ошақты (Атшабар) туған. Бұл екі тайпаның туыстас болып, жақын көшіп қонғанын басқа деректер де растай түседі. Шежірелік мәліметтерден Шапырашты мен Ошақтының жақындығы туралы төмендегідей мәліметтер ала аламыз: Бәйдібектің ұлы Жалманбет Қонырат Қожбанбет бидін қызы Жұфарға(Мапраштыға) үйленіп одан Шапырашты (Досымбет) туады. Алайда Жұфар Жалманбетпен бірақ жыл ғұмыр кешіп қайтыс болады. Осыдан соң Жалманбет оның туған сінлісі Қараашаш сұлуға (Тұмарға) үйленеді. Алайда Қараашаш туған ұлы Ошақтымен (Атшабармен) тұрмай, атасы Шапыраштының үйінде орын тепкен. Осы Қараашаштың айтуымен үлкен үй Шапырашты шаңырағы болып қалған. Шапыраш пен Ошақтан тараған ұрпақтар сондықтан да рулық таңбаларын тұмар түрінде бейнелейтін болған. «Хазирги Аталиқ (Қайназар), Байлы (Байназар), Конгир (Қойназар), Тасжүрек (Қайназар) аталатин ұрулар сол Ошақты Атшабар тұхмы.

<sup>177</sup> Тынышбаев М.История казахского народа. – Алматы, 1993. – 106-108-6.

**Олардинг арасында отиз ата бар (бөліп көрсеткен біз – Т.О.)»<sup>178</sup>. Тегінде кейіннен Ошақтар дербес тайпаға айнала бастағанда туған аналарына құрмет ретінде тұмар таңбасын біржолата иемденіп алған деуге негіз бар. Жалманбеттің екінші әйелі Тұмар сұлудың (Қараашаштың) шапыраштыларға өгей шеше болып келетіндігі де бірте-бірте осы шапыраштыларда Дулаттың Шымыр руы пайдаланатын айтаңбаның тағы бір түрлің пайда болуына ықпал жасаса керек. Тегінде мынаны да ұмытуға болмас: XIV-XV ғасырларда Дулат құрамындағы Шымыр жаннама түрде айтаңбалылар аталып, осы айтаңбалылар қатарында шымырларға туыс шапыраштылар, бестаңбалылар және кейіннен зобаландардан бас сауғалап қыргыздың Саруу руы құрамына кеткен Айтаңбалы ру тармағының да болғанын байқағандай болар едік. Такырыптан ауытқып кетпеу үшін бұл мәселеге төменде қайта ораламыз.**

Ал біз жоғарыда беліп көрсеткен мәліметтеген Ошақты мен оның рулық аталары арасында отыз атанаң жатқанын анғара аламыз. Әңгіме бұл жерде дәстүрлі шежіреде Ошақтыдан тікелей тарайды деп қате айтылып келген Ошақтының жоғарыда аталған төрт атасы туралы болып отыр. Рас бұл аталарды атауда балама пікірлер де кездесседі. Мысалы, кейбір деректерде Ошақтының кіші ұлы делінетін Тасжүректің шын аты Ақназар болып келеді. Бұл қазақ этнографы Х. Арғынбаев жинаған деректерден белгілі<sup>179</sup>. Ал XVI-XVII ғасырлардағы шежіре мәліметтеріне келсек, Тасжүректің Қайназар аталғанын анғарар едік<sup>180</sup>. Біздінше осы соңғысы дұрыс. Қазақтың бірнеше «назарлардан» кейін туған кенже ұлды қалай атарларын білмей, «бұл енді қай назар болады?» деп саяул тастауын түсінуге әбден болады.

Ал енді жоғарыда қозғалған мәселеге қайта оралар болсақ, Ошақтымен оның төрт атасы Аталық, Байлы, Қоңыр, Тасжүрек «арасында отыз ата бар» (яғни 9 ғасыр өткен) деген сез шындықты анғартады. Өйткені Ошақтының бауыры

<sup>178</sup>Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, ес-телік. – Алматы, 2008. – 72-б.

<sup>179</sup>Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хакында. – Алматы, 2000. – 131-б.

<sup>180</sup>Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, ес-телік. – Алматы, 2008. – 72-б.

Шапырашты мен оның шежіресін жазып қалдырган XVIII ғасыр басында дүниеден өткен Матай карттың арасында 41 ата бар<sup>181</sup>. Бұл дегенің 12 ғасырды қамтиды. Осылай есептер болсақ, VIII ғасырда әмір сүрген Ошақ бабаның кейінректегі ұрпактары Аталақ, Байлы, Қоңыр, Тасжүрек XVI ғасырда әмір сүрген болып шығады. Осы айтылғандарды Кенесары көтерілісіне қатысқан Ошақты Панг батырдың жеке рулық шежіресі де дәлелдей түседі. Байлы XVIII ғасырдың алғашқы жартысында әмір сүрген Панг батырдың бесінші атасы, яғни Байлы мен Пангтың арасы 150-160 жылдай<sup>182</sup>.

Шежіре деректерінен Ошақтының өзінің сегізінші ғасыр соңында әмір сүргенін, оның Талас бойындағы 751 жылғы арабтар мен қытайлар арасында болған атақты Атлақ шайқасына қатысқан бауыры Шапыраштымен замандас болғанын аңғара ала-мыз. Егер де Шапыраштының осы тұста ежелгі Елсау бидің баласы Нұлыдан туған Абыл ұрпактарынан жиналған қалың қолды бастап Азықтарды (Аздарды) басып алған ұйғырларға қарсы жорыққа аттанғанын ескерер болсақ, мұндай дүрбелеңдерде Ошақтының да осы Шапырашты жинаған қалың қолдан табылғаны, атальмыш ұрыстарға оның да белсенді қатысқаны құдік туғыза қоймайды деп ойлаймыз. Егерде айтулы да айбынды тұлғаға айналмаса кейінгі төрт ата өздерін Ошақтыдан тарата қоймас еді. Осы жерде айта кетер бір нәрсе, жогарыда атап кеткеніміздей, Шапырашты мен Ошақты есімдеріне жалғанған -ты жалғауы кейінгі XV-XVI ғасырлардың жемісі. О баста, ортағасырларда оларды ешбір жалғаусыз «Шапыраш» және «Ошақ» атаған еді. Көзі шапыраш болып туған ұлдың немесе жау шапқан дүрбелең жағдайда ошақ басында туып немесе кейір бір деректер бойынша осы ошаққа тығылып қалған азаматтың түркі дәүірінде осылай аталып кетулерінен ешқандай оғаштықты көріп отырған жоқпыз. Мұны қырғыз тарихын салыстырмалы түрде зерттесек, айқын байқай түсер едік. Қырғыз этнографы Олжобай Қаратаяев «Очок» ру тармағының қырғыздардағы Саруу руының Айтаңба атасында кездесетінін атап көрсеткен еді<sup>183</sup>. Мұны алғаш байқаған қырғыздардың шығу

<sup>181</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Түп-тұқыйғаннан өзімे шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 113-б.

<sup>182</sup> Тынышбаев М. Великие бедствия... (Актабан-Шубырынды). – Алматы, 1991. – 103-б.

<sup>183</sup> Қаратаяев О. Қыргыз этнонимдер сөздүгү. – Бишкек, 2003. – 153-б.

тариҳын егжей-тегжейлі зерттеген және еңбектері ұзақ уақыт бойы бағаланбай келген С.М. Абрамзон еді<sup>184</sup>. Қырғыздардағы Очок руының қазақтардағы Ошақтымен этностық түп тамырларының бір екендігін көзінде қазақ ғалымы Т. Жанұзақовта нақтылап берген болатын<sup>185</sup>.

VIII ғасырдың орталарында өмір сүрген Ошақтының өзінің бауырлары Шапыраштымен және Ыстымен бірге Алұйсіннен, яғни Қызыл үйсіннен тарайтындығы тағы белгілі. Осыған байланысты Шапырашты Қазбек бектің XVIII ғасырда былай деп жазғаны еріксіз назар аудартады: «...Иусиндер һижре жил саунан жети жұз жилдай бүрин Иусин или үлистан тұрганы малим. Қитай тауарихшилары бұл таифалардинг бастиларин өз тилдеринде көрсетеди. Мысалы Сендалу йағни Сарытаруқ – Сары иусин, Тзодалу Қизил иусин йағни Қизилтаруқ – Алиусин (Шапырашты, Исты, Ошақты тағы басқалар)»<sup>186</sup>. Шежіре деректері бойынша Ошақты Сарыўсінмен, Шапыраштымен, Ыстымен Албанмен, Суанмен, Дулатпен туысқан. Нактырақ айтар болсақ, бұлар әйгілі Бәйдібектің өзіне баба болып табылатын Ақсақалдың ұрпақтары делінеді. Атаны таратқанда Үйсілден (Үйсіннен) Сақал, одан Ақ(Ақдарлы), одан Маиып(Бабыралы), одан Қарааш (Қарааша би), одан Бәйдібек, одан Жалманбет, одан Ошақты<sup>187</sup>. Көріп отырмыз, Ошақтының Ақсақал ұрпағы атандына себеп, оның Үйсілден тараған Сақалдың және оның ұлы Ақтың тұқымы болып келуінен. Ал Сақал болса тарихи тұлға. Кезінде Түргеш қағанатында 738 жылы Сұлу қаған қайтыс болған соң оның орнына билікке келген баласы Сақалдың (қытай деректерінде Сөгенин) жақтаушыларының Сары түргештер немесе Сары үйсіндер деп аталғанын біз Сары үйсіндер тарихына байланысты зерттеуімізде айтып кеткенбіз. Бәйдібектің әкесі Қарааша би осы Сақалдың шебересі болып табылады. Бұл мәліметтер тарихи жазбаларда және халық санаасында сандаған ғасырлар сақталып, бүгінгі күнге жетіп отыр. Сондықтан да оларға күмәндануға ешбір негіздер жоқ деп ойлаймыз.

<sup>184</sup> Абрамзон С.Н. К семантике киргизских этнонимов // СЭ. №3. – 1946. – 126-6.

<sup>185</sup> Джанузаков Т. Очерк казахской ономастики. – Алма-Ата, 1982. – 172-6.

<sup>186</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Түп-тұқылғаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 127-6.

<sup>187</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Түп-тұқылғаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 112-113-6.

Қазбек бек Таусарұлы айтқандай, Ошақтының «таза қазакы ру» екендігі оның рулық ұранын зерттегенде де айқын байқалады. Тегінде Ошақтылар ел арасындағы дау-дамайларға көп араласа бермейтін оқшаша да, тәртіпті, жинақы тайпа. Сондықтан да олардың құрамына қосылған кірмелер жоқтың қасы. Олар өздерінің бауырлары шапыраштылар тәрізді соғыс пен жанжалға алғашқылардың бірі болып ұмтылмаған, соғыс тұтқындарын көптең олжалап, топырлатып әкелмеген, және сондайлар есебінен тайпа санын арттыра түсуге аса мүдделі бола қоймалған. Сондықтан да Н. Аристов келтірген 1885 жылғы мәлімет бойынша ошақтылар Сары үйсіндермен бірге Ұлы жүздің он бір арьсы ішіндегі ең саны аздары болып табылады. Егер Дулаттың саны осы тұста 40 000 тұтінге, ал Албанның саны 15 500 тұтінге жеткен болса, Ошақтының адам саны небәрі 2000 тұтінға наа. Ошақтылардың саны тіптен Жалманбеттен тарайтын жақын бауырларынан да әлдеқайда аз. Бұл тұста Шапыраштылар 7000 тұтінді құраса, ал ІІстылар 6000 тұтінге жеткен еді<sup>188</sup>. Мұнан ошақтылардың әйелдері басқаларға қарғанда аз ұл тапқан деген түриайы қорытынды туынданауы керек деп ойлаймыз. Адамдар сандарындағы мұндай үлкен алшактықтардың орын алу себептері бірнешеу. Олардың ең бастысы тайпа тарихының аргы дәүірлерде жатуында. Н. Аристов «Дулу руы біздің жыл санауымыздан бұрын өмір сүрсе керек деп шамалауға болады», – деген пікірді айтады<sup>189</sup>. Дулулардың (дулаттардың) тіптен VI ғасырда Батыс түркі қағанатының әйгілі тайласы болғаны ежелгі тарихтан жақсы белгілі. Ол кездері дулулар ежелгі үйсіндерден бастау алатын Шу руларының басында тұрды<sup>190</sup>. Ал Албан болса ол тұста осы дулулар басқарған Шу рулары құрамында болған Шубан (Чубан) деген рудан бастау алатын болса керек<sup>191</sup>. Шубандардың бұдан бұрын II-IV ғасырларда Солтүстік Тянь-Шань өнірінде өмір сүрген

<sup>188</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 400-б.

<sup>189</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 400-б.

<sup>190</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 172-б.

<sup>191</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 401-б.

Юеабань мемлекетін құраған рулардың бірі болып табылатыны тарихи деректерден мәлім<sup>192</sup>. Бұл кезде ошактылардың бабалары әлі де дербес рулық бірлестіктерін құрай қойған жоқ болатын. Міне, осындай тереңнен сыр тартатын тарих Ошақты тәрізді рулардың кейінректе қалыптаса бастағанын көрсетеді. Тіптен жоғарыда айтқанымыздай, Ошақ атты тарихи тұлға VIII ғасырда өмір сүрсе де, рудың қалыптасып бітуі Ошақтының төрт атасы аталып жүрген Байлының, Қоңырдың, Аталақтың және Тасжүректің ұрпақтарының өсіп-енуіне байланысты, яғни XVI-XVII ғасырларда жүзеге асқан деуге болады. Алайда Ошақ бастаған ру бірлестігі (әлі тайпа емес) Жетісуда Оғыздар, онан соң Қарлықтар орныққан VIII-IX ғасырларда-ақ тарих саҳнасында көріне бастағанын төменде айтылатын деректер мәліметтерінен аңғарамыз.

Осы жерде кейінгі ұрпақтың, дәлірек айттар болсақ, шежіре бойынша, жоғарыда аталған Ошақтының төрт атасының өздерінің экесі ретінде Атшабарды атап көрсететіні белгілі. Айтпауға болмайтын бір мәселе, мұнда тарихи шындықтан біраз ауытку байқалады. Біздің ойымызша, қазақ шежіресінде Ошақтыны Атшабардың шын аты ретінде көрсету шежірелік деректерді шежірешілеріміздің шатастырынан келіп шықкан. Егер шынында да өмірде болған және Ошақты тайпасының қалыптасуында шешуші рөл атқарған Атшабарды Ошақты тайпасының төрт атасын қалыптастырған тұлғалардың экесі ретінде қарастырап болсақ, бұл шындығында да солай, онда Атшабардың өзі XV ғасырдың соңында және XVI ғасыр басында өмір сүрген. Бұл Қазақ хандығының жаңадан құрылып, нығая бастаған кезі. Ал Атшабардың экесі Жалманбет XV ғасырдың орта шенінде, ал атасы Бәйдібек XV ғасырдың басына дейін елге билік жасаған. Мұндағы айтарымыз, Матай қарттың шежіресінде көрсетілгендей, VIII ғасырда өмір сүрген Ошақ (кейіннен Ошақты атанған) пен оның кейінгі XVI ғасырдағы ұрпағы Ошақты Атшабардың арасында тоғыз ғасырдай үлкен тарихи кезең жатыр.

VIII-XV ғасырлар аралығы шынында да тарихи санада әбден шатасқан дәуір. Бұған басты себеп болған Жетісү өнірінде

<sup>192</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 163-б.

эртүрлі түркі-монгол тілдес ру-тайпалардың көптег қоныстанулары Тұргеш, Оғыз, Қарлық, Қарахан, Қарақидан тәрізді қағанаттардың бірін бірі ығыстырулары және ең бастысы Шыңғысхан бастаған монголдардың осы өнірді күшпен басып алулары. Мұның бері аталмыш аймақта жана тайпалық құрылымдарды қалыштастырып ғана қоймай, байырғы шежірелерді де халық санасынан ығыстырып шығарды. Мұның өзі өзінің атына ежелгі бабасының есімі тіркеліп, «**Ошақты Атшабар**» атандып жүрген Атшабарды шежіре деректерінде байырғы баба Ошақтың өзі регінде тікелей қабылдауға ұласып кетті. Осы жерде тағы бір айтпауға болмайтын нәрсе- зерттеушілердің «**Ошақ**» этнонимін «**Уш оқпен**» салыстыруға тырысулары туралы дер едік. Мұндай болжамды алғаш Н. Аристов айтқан еді. Ол деректерге сүйене отырып, Оғыз немерелері арасында үш ұлдың «**Уш оқ**» бірлестігін құрағандарын айта келе, осы «**Уш оқтың**» кейінгі Ошақтымен байланысы жоқ па екен? деген сауал тастаған еді<sup>193</sup>. Айтартымыз, бұл пікір тарихи шындыққа шынында да жақын тұр. «**Оғыз**» этнонимі қытай жылнамалары арқылы «**Угуан**» деген атпен VI ғасырдан бері белгілі<sup>194</sup>. Мұны зерттеуші В. Мақпировта айтқан еді<sup>195</sup>. Алғаш Шығыс Түркістаннан Ыстыққөл аймағына дейінгі аралықтағы аймақтарды мекендереген оғыздар VII ғасырдан бастап Жетісу мен Сырдария аралығына көше бастады. Олардың көпшілік рулары 766 жылы Жетісуды Қарлықтардың күшпен басып алуларына байланысты Сырдың төменгі ағысына қоныстанды<sup>196</sup>. VII ғасырда Батыс Жетісу мен Ыстыққөл аймағын мекендереген оғыздардың VIII ғаирдың екінші жартысына дейін осы маңда күшті орда құргандары белгілі<sup>197</sup>. Кезінде Рашид ад-дин ежелгі оғыз руларында мемлекеттің сол қанатын «уш оқтар», ал оң қанатын «боз оқтар»(бұзықтар) басқарғанын атап көрсеткен еді. Бұл мәселе Әбілғазы шежіресінде де айтылған<sup>198</sup>. Зерттеушілер Рашид ад-диннің мәлімет-

<sup>193</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 415-б.

<sup>194</sup> Ұлы Түрік каганаты. Қытай деректері мен түсініктер. – Үрімжі, 2006. – 576-б.

<sup>195</sup> Махпиров В.У. Имена далеких предков. Источники формирования и особенности функционирования древнетюркской ономастики. – Алматы, 1997. – 40-б.

<sup>196</sup> Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии X-X вв. – Ашхабад, 1969. – 11-б.

<sup>197</sup> Оғыздар//Қазак Совет Энциклопедиясы. – Алматы, 1976. – 438-б.

<sup>198</sup> Абылгазы. Түрклер шежіресі. – Нөкис, 1994. – 19-б.

теріне сүйеніп, Оғыздардағы Чапна (Чибни) тайпасының рулық таңбасының кейінгі Шапыраштылар таңбасына ұқсастығын атап көрсетуде<sup>199</sup>. Бұл шындығында да солай. Березиннің ойынша Чапна тайпасының аты «шап, шауып түсір» деген мағынаны аңғартады, оның үстіне осы тайпа да «Үш өкітартмен» бірге Оғұздың онекі немересінің қатарында тұр<sup>200</sup>. Осының бәрін әрине, кездейсоқтық дей алмаймыз. Тегінде «Шапыраш» пен оған туыстас «Ошақ» (Ушок) этонимі VIII ғасырдан бастап Жетісу өнірінде кеңінен қоныстанған Оғыз руларымен байланысты дүниеге келген деуге негіз бар. Сонымен қатар ошақтылар тәрізді шапыраштылар да кезінде пайдаланған «тұмар» аталып жүрген рулық таңбаның өзінің де қызыстырыла қойылған үш өкітеске ессе түсіретінін айтпасқа болмайды. Мұндайда «Үш өк» атанған жалғыз Ошақ ғана емес екендігін, VI-VII ғасырларда оларға туыстас және көрші орналасқан дулулардың да «Он өк елі» құрамында «Бес өк» аталғандарын ұмытпағанымыз жен. Сонымен қатар «Үш өк» аталып жүргендердің туыстас, бір атадан тараған Шапырашты, Ошақты және Ысты болып шығуы әбден мүмкін нәрсе. Бұл айтылғандар XIX ғасырда халық арасында кең тараған кеткен Ошақтылар Ошаққа тығызып қалған баладан тараған<sup>201</sup> деген аңыздың негіzsіздігін дәлелдей түседі. Айта кетер тағы бір маңызды мәселе, XIX ғасырдан бұрынғы мәліметтерде ошақтылардың атаянын Ошакпен байланыстыру кездесе қоймайды. Яғни бұл халықтың кейінректе шығарған аңызы болса керек.

Егер мәселені осылай қабылдар болсақ, «Чапна» және «Үш өк» атанил жүргендердің Оғызханға немере болып табылатынына да назар аудармай кетуге болмас. Ал өз кезегінде, қазақ шежіресі бойынша Шапырашты мен Ошақты да Бәйдібекке немере. Тағы бір айта кетегін жай, көптеген түркі халықтары өздерінің рулық шежірелерін осы Оғыз атадан бастайды. Ал Ұлы жұз арыстарының рулық шежіресі өздерін Бәйдібек бабадан таратады. Кейінгі жылдардағы зерттеулер Бәйдібектің XIV-XV ғасырлар тоғысында өмір сургенін айқындалп бергенін ес-

<sup>199</sup> Рашид аддин. Сборник летописей. В 3-х томах. – Т.1. Кн.1. – 88-б.

<sup>200</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 415-б.

<sup>201</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. – Ташкент: Өзбекстан, 1994. – 47-б.

керер болсақ, шежірешілердің VII ғасырда өмір сүрген Оғызханды өз заманында елге билік жасаған Бәйдібек бабамен шастырып отырғандарын аңғарар едік.

№	Ру-тайпалар аттары	M.Гролековтың мәліметтері (1889 ж.)	M.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	C.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	N.Мынжанниның мәліметтері (1987 ж.)	X.Арғыбаев М.Мұсқанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	A.Сейдімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2 Ошакты	3	4	5	6	7	8

## 2.8. Ыстының орта ғасырлардағы тарихы

Ысты тайпасының шығу тарихы шежірелік деректерде әбден шатастырылған. Шежіре бойынша Бәйдібектің ұлы Жалманбеттің алғашқы әйелі Жұпардан Шапырашты тұған болса, ал екінші әйелі, Жұпардың сінлісі Қарашаштан Ошакты туады да, Ысты болса жоғарыдағы Жұпарға ілесіп келген қызметші кәнізак Сыландыдан өмірге келген. XVIII ғасырда өмір сүрген Қазбек бек бұл тарихты шежіреге сүйеніп, темендеғіше баяндайды: «...Ол бир угил тұғипты. Онинг аты Жауатар икен. Силанды киши келин хизметчи болғандықтан ба, әйтеур инисине ете жағимды болған. Оны тұстастары ұнатинқырамай салпынтектеу деп Исты, Исты хатун атандырган. Сондиктан да одан тұған тұқым Исты аталип кеткен»<sup>202</sup>. Алайда халық арасына кең таралып кеткен ел аузындағы осы әнгімеде айтылғандардың берінің дәлмедел шындық екеніне оны қайталап айтып отырған

<sup>202</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйтаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 73-6.

Қазбек бектің өзінің де онша сене койматығыдың аңғарылады. «Бәлким, ...Истины Жауатарға қойлған жанама ат деуге әбден келетин сиақты. Ал менинг ишімнінг бүрип тұрганиндей, бұл шишиемизге имес, Жауатарға қойлған ат ақ болса деймин»<sup>203</sup>. Осында орынды құдікпен қатар, Қазбек бек әйел атынан рулық ата болып тарапатындардың да бар екендігін ескерте кетеді.

Ысты тайпасының шежіресі төмендегіше тарқатылады: «...Силанды, Истыдан туған Жауатардан үш бала қалған. Олар Оіқ, Тилик, Сизиқ. Бұл үшеунинг әкеси Нұртайға дейн Жауатармен арасында 29 ата бар. ...Олардинг шин аты Қосмағамбет, Достмағамбет, Сыдиқ. Ал Оіқ, Тилик, Сизиқ аттары Бәйдібек бай ини бергенде салған ини. Инди рулар солай аталип кетти. Оіқ төрт ата болған. Кизилқұрт, Қекшекөз, Сәйтек, Ауызсұген. Соңғысы аузы үсинген дегеннен алинған болса керек. ...Ал Тилик тұхмы Истик, Мұса, Байқонғұр. Исиқтан Тасжан, Искан. Мұсадан төрт бала Ақмантай, Қамеш, Айтбай, Истек. Ал Дулат Сикимнінг Аққойлы, Қарақойлисімен шатастырип жүретин Истининг Аққойлы, Каракойлисы Камештинг Құралай деген ұғлининг балалары. Үш Истининг биразы Оиқпиз дейдідағы, инди бирсипрасы Истимиз деседи. Ал шининда атасина қарай айтилатин қазақ болса, онда олар Жауатар болар иди. ...Ал икинши бир деректе Исти Жауатардинг жанама аты, Ошақтика уқсан тұрсын деп атапты деген қауесетте бар»<sup>204</sup>.

XVII-XVIII ғасырларда қолданыста болған осы келтірілген мәліметтер, басқа, кейіннен түрлі аңыздар негізінде тольқырылған казак шежірелеріне қарағанда тарихи шындыққа, яғни Ысты тайпасының қалыптасып біткен кезеңіне жақындау тұрғандықтан ортағасырлардағы осы тайпаның өткенін біршама шынайы көрсете алады деп ойлаймыз. Әрине бұларда да ішін-ара бұрмалаушылықтар орын алған. Осындауда айта кеткен жөн, кейінгі XIX-XX ғасырларда белгілі болған шежірелер Ысты тарихын басқаша көрсуге бейім. Белгілі шежірепі Зайыр Сәдібеков Ыстының шығу тарихын шежірелік деректер

<sup>203</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыпаннын өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 74-6.

<sup>204</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыпаннын өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 74-6.

негізінде төмендегіше сипаттайды: «Ысты Жанас деген Ойсылың баласынан туған. Оның шешесі Қоңырат — Мелде бидің қызы Жұпар бәйбіше. Ол кісі оте ренді екен. Таза киініп, иіс майды үзбей пайдаланып, кербез жүргендіктен келін-абысындары тікелей атын атамайтын салтпен «Сыланды ене» атап кетіпті. Хан Жәнібек Ойсыл балаларының барлығын дерлік өлтіріп, олардың ауылын қырғынға ұшыратқанда, Жұпар бәйбіше өзінің Ысты деген баласын аман алыш қалып, қырғыннан қашып құтылады да, сонына ерген адамдармен көп сандальш жүріп Бәйдібек байдың қол астына барып паналайды. Хан қаһарынан қорыққан эйел Бәйдібекке тиеді де, баласын Ойсылың ұрпағы деуге қауіптеніп, Үйсіл Бәйдібектің баласы дейді. Бәйдібек пен Сарыбайбіше Сыландыға күң қатары қарап, баласына үйдің отын жақтырып қояды. Бала ұдайы ыс-ыс болып жүргендіктен Ысты атанып кетеді. (Қазақта жанама атты көбінесе женгелері немесе келіндері қойған)»<sup>205</sup>.

Бұл аңызда ішін-ара тарихи шындықтың негізі бар екендігін мойындауға тұра келеді. Өйткені ол XVII ғасырдан бері түрлі ұлтіде халық арасында айтылып келе жатқан аңыз. Ал енді Ыстыдан ербіген ұрпақтың таратылуы туралы мәселеге келер болсақ, жоғарыда Нұртайдан тараған Ойық, Тілік, Сызық үшеуінің соңғысы, яғни Сызығы кейінгі шежірелерде түсіп қалған, мұлде кездеснейді. Бұл үшеуінің есімдеріне байланысты шежіре деректері былай дейді: «Олардинг шин аты Қосмағамбет, Достмағамбет, Сыдик. Ал Оик, Тилик, Сизик аттары Бәйдібек бай иниши бергенде салған ини. Инди ұрулар солай аталип кетти»<sup>206</sup>. Осы айтылғандар түгелдей шындықты білдіреді деп айтуда болмаса да, Ойық, Тілік, Сызық деген есімдердің рулық таңбалар негізінде шыққандығы рас тәрізді. Мұны олардың таңбаларынан да байқай аламыз.

Шежірелер бастауындағы аталар халық жадында сақталмағандықтан, осы аталған этонимдер рулық таңбаларға байланыстырылып шығарылған деп айтуда негіз бар. Қазақ шежіресі қайта жасалған XVI ғасырда шынында да Қосмағамбет,

<sup>205</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. – Та什кент: Өзбекстан, 1994. – 48-49-6.

<sup>206</sup> Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқыйнаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 73-74-6.

Досмағамбет және Сыдық деген тарихи тұлғалардың өмір сүрулері әбден мүмкін. Өйткені Ойық атандып жүрген Қосмағамбет XYIII ғасырдың соңында және XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген әйгілі Бөлтірік шешеннің тоғызынышы атасы. Бұл шекіре былай таратылады: Ойықтан (Қосмағамбеттен) Зорбай (Ауызсіген), одан Бәйгелді, одан Қосай, одан Малай, одан Сүйіндік, одан Отеген, одан Сабдалы, одан Әлмен, одан Бөлтірік<sup>207</sup>. Алайда Қосмағамбет, Досмағамбет және Сыдық деген кісілердің XYI ғасырда өмір сүрулері мүмкін екендіктерін мойындасақта, олардың қосалқы есімдермен Ойық, Тілік және Сыдық аталғандарына күмәнмен қараймыз. Өйткені соңғы үш этнонимнің экесі делінетін Ысты есімі YIII ғасырда-ақ айтыла бастаған гой. Қосмағамбет, Досмағамбет және Сыдық деген кісілерден ары қарайғы Ысты атаға дейінгі шекірелер әбден шатастырылғандықтан және ежелден келе жатқан Ойық, Тілік, Сызық этнонимдерінің қашан шыққандары айқын болмағандықтан, шекірешілер оларды жоғарыда аталған үш кісінің қосалқы аттары ретінде тіркеп жіберген деп ойлаймыз.

Тағы бір айта кетер мәселе, бұрынғы шекірелерде осы үш қосалқы есім қатар аталса да, кейінгілерде әнгіме тек Ойық пен Тілік туралы ғана болады. Мысалы, белгілі этнограф Х. Арғынбаев жинаған шекірелерде Ойықтан төрт бала – Есім, Малай, Таз, Құланшы тараса, ал З.Сәдібековтың жинаған шекірелері бойынша жоғарыда Қазбек бекте көрсетілген төрт бала қайталанады. Шекірешілер Тілік үрпағын таратуды да шатастырып алған. Мысалы, Х. Арғынбаев жинаған шекірелерде Тіліктен де төрт бала – Тазша, Сексен, Қоныр, Жырымсыз, Ақмолда тарайды ( ал Қазбек бекте үш бала, және олардың есімдері басқаша болып келеді. Оны біз жоғарыда атап көрсеттік)<sup>208</sup>. З.Сәдібеков жинаған шекірелердегі Тілік балаларының аттары тағы да Қазбек бекте аталған есімдерге сәйкес келеді. Бірақ мұнда Ыстық, Мұса, Байқоңырмен бірге төртінші болып Қонқас аталады. Мұнда Қонқас артық берілген дегенді

<sup>207</sup> Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары. – Астана, 2001. – 176-177-б.

<sup>208</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шекіресі хакында. – Алматы, 2000. – 130-б.

айта алмаймыз. Өйткені, шежіре бойынша одан бүкіл ҮІстыға ұран болған Жауатар батыр тарайды<sup>209</sup>.

Жауатардың ҮІстыға жауынгерлік ұран болуы бұрын жауға іісі Үйсінге ортақ ұранмен «Бақтиярлап» шабатын Шапыраштылардың 1745 жылы Сапы-Саты, Қарқара аймағында қалмактарға қарсы алғаш рет «Қарасайлап» шабулары себеп болды. Бұл мәселені Қазбек бек былай түсіндіреді<sup>210</sup>: Осы оқиғадан кейін ҮІстылар да өздерінің жауынгерлік ұрандарына түзету жасап, жауға «Жауатар» ұранын көтеріп аттанатын болды. Біздің есебіміз бойынша Жауатар батыр Жалайыр Қадыргали бидің заманында, әйгілі Қарасай батырдан бұрын өмірден еткен, жауға «Бақтиярлап» аттанған ҮІсты тайпасының батыры. Бүкіл Үйсін әруағына сиыннатын Ежелгі Бақтияр батыр ҮІстының 33-атасы. Ал ҮІсты батыр Жауатар батырдың 30-атасы. Оның ерлігіне тәнті болған кейінгі ҮІсты-Тілік туыстары XVIII ғасырдың 50-жылдарынан бастап Жауатар есімін өздеріне жауынгерлік ұран етіп алды. Бұған дейін Ошақты Санрак батырдың қол астында әрқашан да Ошақтылармен бірге «Бақтиярлап» соғысқан ҮІстылар енді «Жауатар» деп ұрандады.

Өкінішке орай, Ойық пен Тіліктің әкелерінен бастап тарайтын 29 атандың көпшілігінің ұмыт болуы және ҮІсты құрамын кірмелердің толықтырулары шежіре деректерін әбден шатастырған. Кірме дегеннен шығады, ҮІсты шежіресін жинастырған профессор Х. Арғынбаев мынадай ескерту жасаған еді: «Аңыз бойынша ҮІсты ішіне сырттан келген алты татар жігітің бірі – Коңыр руынан қызы алыш, Тілікке сіңген. Ал қалған бесеуі Бұрылдай өзенінің бойына орнығып «Қыбырай-Бестерек» атанды, ҮІсты ішіне сіңіп кеткен деседі»<sup>211</sup>. Бестерек руы тармағы Дулаттың Шымырының құрамында да, ал Қыбырай батырдан тарайтын ұрпақ осы Дулаттың Жаныс руы құрамында да кездеседі. Айта кетер бір жайт, Бестеректер Дулатқа да кірме ру болып табылады<sup>212</sup>, және жоғарыдағыдай, Қазаннан келген бес

<sup>209</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. – Та什кент: Өзбекстан, 1994. – 49-6.

<sup>210</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйнанан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 74-6.

<sup>211</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 130-6.

<sup>212</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 115-, 117-6.

татар жігіті туралы аңызды осы Дулат бестеректері де айтады. Осының өзі бұл мәселе негізінде тарихи шындық жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар Тіліктің рулық тармағында Құралайдан тарайтын Аққойлы және Қарақойлы аталарының кездесуі де еріксіз ойландырады. Мұндай аталар Дулаттың Сиқымында да бар емес пе? Осындайда кім кімге кірме? деген сауал еріксіз туындейдьы. Егер ежелгі дулулардың және оның Сиқым рулық бұтағының тарихының әріде жатқанын ескерер болсақ, Аққойлы және Қарақойлы аталарының кейбір рулық аталарының Сиқымнан Ыстының Тілігіне ауысқанын аңғаруға болады. Өйткені Қарақораз немесе Кораз, Рұстем, Әжі, Наурызбай Томай тәрізді аталар Сиқымның Қарақойлы рулық бұтағында да, Ыстының Тілік рулық бұтағында да кездесе береді<sup>213</sup>. Осыған байланысты профессор Х. Арғынбаев: «Түрікмендердегі Аққойлы, Қарақойлы рулары осы Дулаттан барса керек» деген қорытынды жасаған болатын<sup>214</sup>.

Деректерді салыстыра қарастырганда Ыстының тым ерте-ректе, VIII ғасырдың орта шенінде Шапыраштымен (Шапрашпен) және Ошактымен (Ошақпен) замандас болғанын аңғарамыз. Біздін оймызыша, Ыстының шын аты Жауатар деген сөз шындықты бейнелей алмайды. Мұндай пікірдің қалыптасып кету себебі аталмыш батыр есіміне руының қосақталыш айтылып, «Ысты Жауатар» аталып кетуінен болған. Ыстыдан Жауатарға дейін 29 ата өмірден өткенін жоғарыда шежірелік деректер негізінде екі рет атап кеттік. Бұл мәліметтер бойынша Тілік Жауатар батыр XVI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға болып шығады. Бүгінгі Ысты тайпасының тарихи тамырларының өрте ортағасырларда жатқанын қытай деректері растап отыр.

659 жылы Батыс Түркі қағанатын қытайлар жаулап алған соң, олар бұл аймақты отарлаудың жаңа жүйесін енгізді.

Тұргеш қағанаты тарихынан кандидаттық диссертация корғаған, қытай тіліндегі деректерді түпнұсқадан оқитын қандасымыз Әлімғазы Әділетқан осы аймақты мекендейтін Таң империясы

<sup>213</sup> Салыстырып қараныз: Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 116-, 130-6.

<sup>214</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 116-6.

құрған әкімшілік мекемелеріне тоқтала келе, төртінші мекеменің «Екі өгіз уели мекемесі – Ысты Тон шор ұлысы (бөліп көрсеткен біз – Т.О.) мекендереген бүгінгі Шинжяңың Бұратала ауданына қарасты Бұратала өзені бойында құрылды», – деп жазады<sup>215</sup>. Бұл Түргеш (Сарыйісін) қағанаты әлі құрылмаған кездеңі жағдай еді. Алайда осы деректен алғашқы Ысты ұлысын Тон деп аталатын шордың басқарғанын анғара аламыз. Ал енді ыстыларды басқаратын мекеменің «екі өгіз», дәлірек айттар болсақ екі оғызы аталуы осы тайпаның екі бөліктен тұруына байланысты болса керек. Мұның өзі сонымен қатар ыстылардың ерте-ректе оғыздар одағында болғандығын да анғартатындей.

Ә. Дәuletхан Таң жылнамаларын талдай келе, түргештер күшайген VIII ғасырдың алғашқы жартысындағы оның құрамына енген «Он оқ бұдун елінің» шығысындағы Дулу бірлестігінің бес тайпаларын атап көрсетіп, осы реттегі үшінші тайпаны «Ысты – (Ше шы ти) Тон шор ұлысы – Бұратола – өзені анғарында» орналасты деп жазады<sup>216</sup>. Мұндағы «Тон» осы тайпа көсемінің аты болса, ал «шор» ұлыс билеушісі ретіндегі оның лауазымы. Айта кетер бір нәрсе, кезінде бұл мәселеге алғаш рет көніл бөлген қытайдағы белгілі қазақ тарихшысы Нығмет Мыңжан осы айтылғандарды анықтап берген еді. Одан мынадай жолдарды оқимыз: «Бес тайпалы Дулаттан құралған сол қанат тайпаларының билеушілері «шор» деп аталды. ...Шор – осы адамның лауазымы»<sup>217</sup>. Ол жоғарыда айтылғандарды нақтылай түсіп, «Ысты тайпасы Іле өзенінің шығыс алқабы мен қазіргі Бұратала өнірін мекендереп, қос өзен аймағына қарасты болған», – деп атап көрсетеді<sup>218</sup>. Қытайдағы ежелгі жылнамаларды аударған бауырларымыз бұған толықтырулар жасап, «Екі өгіз – ШҰАР-дағы Арасан ауданы мен Бұратала қаласынан өтіп Ебінор көліне құбытын Бұратала өзені және Бұратала қаласының ежелгі аты», – деп жазады<sup>219</sup>. Бұлардан шығатын қорытынды –

<sup>215</sup> Әлімғазы Дәүлетхан. Түрш қағанаты. Монография. Бірінші кітап. – Алматы, 2005. – 44-б.

<sup>216</sup> Әлімғазы Дәүлетхан. Түрш қағанаты. Монография. Бірінші кітап. – Алматы, 2005. – 38-б.

<sup>217</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 42-б.

<sup>218</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 122-б.

<sup>219</sup> Ұлы Түрік қағанаты. Қытай деректері мен түсініктер. – Үрімжі, 2006. – 549-б.

алғашқы Ысты ұлысын Тон деген кісі басқарған. Тіптен «Ысты» деп жүргеніміз осы, VII-VIII ғасырларда өмір сүрген Тон шордың өзі болуы да мүмкін. Халық шежіресінде мұның бері қамтыла қоймаған рой.

Ыстылардың бұрындары Іледен шығыска қарай орналасқандары туралы әңгіменің де жаны бар деп ойлаймыз. Н. Аристов ыстылар Жетісу аймағына дулаттардан бұрын келген тәрізді, олар алғаш қаңлылармен бірге жүрсе керек, ейткені Ыстының рулық таңбасы Қаңлыға жақын дегенді айтады<sup>220</sup>. Жалпы алғанда оғыздардың да ежелгі қаңғайлар (қаңлылар), кейіннен телелер мекендереген аймақтан шыққандары белгілі. Бұл мәселені нақтылай түскен белгілі шежіреші Зайыр Сәдібекұлы былай деп жазады: «...Аласапыран бір заманда олар (Ыстылар – Т.О.) Қаңлының Байқоныр деген атасының ықпалында болғаны байқалады. Себебі Тіліктің бір атасы «Байқоныр» деп аталады. Шәкәрім қажының «Ысты Қаңлыдан шыққан» деуіне осы жағдай себеп болса керек»<sup>221</sup>. Шәкәрімнің осылай деп айтқаны рас<sup>222</sup>. Қаңлы шежіресі бойынша Қаңлыдан Қоғам би, одан Бұлақбай би, одан Алтай би, одан Қожай би, одан Байқоныр мен Байтерек. Ал Ысты шежіресінде Байқоныр Тіліктің төрт баласының бірі<sup>223</sup>. Біздің есебіміз бойынша Байқоныр XVI ғасыр басында өмір сүрген адам болса керек. Оның үрпактары озбек, қарақалпақ және казақтың Арғын тайпасы арасына таралып кеткен<sup>224</sup>.

Айта кеткен жөн, Ысты тайпасының Ойық және Тілік бұтақтарының тарихын талдағанда зерттеушілер Тілікке көбірек на-зар аударады. Мысалы, профессор С. Аманжолов қазақ рула-рының таңбаларын талдағанда Тілік руын Ыстының өзімен және Қаңлымен қатар қойып, оны жеке көрсеткен<sup>225</sup>. Мұнда Ойық руы туралы мүлде айтылмайды. Мұның себебі, Тіліктің рулық таңбасының Қаңлыдан айнымауында және дәл осы көсөу

<sup>220</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 404-405-б.

<sup>221</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. - Ташкент: Өзбекстан, 1994. – 49-б.

<sup>222</sup> Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қыргыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Астана, 2008. – 72-б.

<sup>223</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. - Ташкент: Өзбекстан, 1994. – 49, 56-б.

<sup>224</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Т.XII: Қаңлы. – Алматы, 2008. – 596-601-б.

<sup>225</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 2001. – 14-б.

таңбасының бүкіл Ысты тайпасына рулық таңба регінде қабылданып кетуіне байланысты болса керек. Тіліктердің рулық таңбасының Қаңзымен бірдей екендігін 1889 жылы М. Гродеков байқады<sup>226</sup>. Ал 1925 жылы М. Тынышбаев бұл таңбаны жатқан көсөу түрінде көрсетті<sup>227</sup>. Профессор С. Аманжолов 1959 жылы<sup>228</sup> және Қытайдағы қазактың білгір ғалымы Н. Мыңжан 1987 жылы бұл таңбаның тік түрган көсөу түрінде екендігін тағы да растиады<sup>229</sup>. Жалпы ғалымдар арасында Тілікке де, Ыстыға да көсөуден басқа рулық таңба қосақталған емес. Рас, М. Тынышбайұлы Ыстыда көсөумен қатар шылбыр рулық таңбасының да қатар қолданыста болғандығына көніл аударған еді.

Ыстыларда тіліктер беделінің жоғары екендігін осы рудан шыққан Жауатардың құллі Ыстыға ұран болуы да айқындей түседі. Кезінде «Қазақ Совет Энциклопедиясына» Ысты тарихы туралы макала дайындаған, осы тайпа тарихына тиянақты талдау жасаған зерттеуші Қожабекұлы Байұзақ Албани былай деп жазған еді: «...Алғашқы жазба дерек Ыстының Тілік тармағы жайында Фахреддин Мұбаракшахтың «Тарихында» айтылады. Бұл дерекке қарағанда, Ысты өзге тайпалармен қатар XIII ғасырда қазақ жерінде Шу мен Талас бойын мекендеп, XV ғасырда Қазақ хандығының құрамына енген, содан кейін өзге тайпалармен араласып, біраз бөлігі Іленің сол жағалауын қоныстанды»<sup>230</sup>. Тегінде ыстылардың батысқа, Жетісу аймағына қарай жылжулары 766 жылы Түргеш қағанатындағы билікті шығыстан келген қарлықтардың басып алудымен байланысты болса керек. Ал қарлықтарды үйғырлардың батысқа ығыстырығандары тарихи деректерден белгілі. Жетісу жеріне осы тұста қоныстанған, және дулаттардың (дулаттардың) рулық таңбаларын қабылдаған бұрынғы басмылдар, кейінгі аргулар (арғындар) тәрізді ыстылардың бір бөлігін құрайтын Ойық өздеріне туыстас дулаттар арасында біртіндеп олардың рулық таңбасын қабыл-

<sup>226</sup> Гродеков Н.И. Киргизы и каркиргизы Сыр-Дарынской области. – Т. 1. – 4-7-6.

<sup>227</sup> Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993. – 106-108-б.

<sup>228</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 2001. – 14-б.

<sup>229</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 42-б.

<sup>230</sup> Қожабекұлы Байұзақ Албани. Тарихи таным тайпалар, рулар, жер жүтқан қалалар. – Алматы, 1994. – 279-б.

дады. Ойықтың кесеумен қапталдастан көз таңбасы тарих саҳнасына осылай шықты.

Тарихтың талай қырғынынан аман қалған Ысты тайпасы 1868 жылғы санақта 7314 тұтінді құрады. Бұл дегенің 40 000-нан астам адам деген сөз. Орта ғасырлардан бастау алатын Ысты тайпасы тарихының кейбір тұстары міне осындай.

№	Рұ-тайпалар аттары	М.Г.Родековтың мәліметтері (1889 ж.)	М.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	Н.Мынжанының мәліметтері (1987 ж.)	Х.Арғынбаев М.Мұсанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	А.Сейдімбек А. мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2	3	4	5	6	7	8
Ысты	М.Г.Родековтың мәліметтері (1889 ж.)	М.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	Н.Мынжанының мәліметтері (1987 ж.)	Х.Арғынбаев М.Мұсанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	А.Сейдімбек А. мәліметтері бойынша (2008 ж.)	

## 2.9. Албан тайпасының арғы тарихы

Албан тайпасының ежелгі шығу тегі туралы әртүрлі тарихи көзқарастар бар. Оның арғы тамырын біздің заманымызға дейін өмір сүрген Йұрлан еліне дейін апаратын тарихшылар да баршылық. Қытайдағы қазақ тарихына қатысты ежелгі жылнамаларды өзіміздің тілімізге аударған қытайлық қазақ бауырларымыз Йұрпанды қытай ғалымы Юй Тэйшаннның аварлармен шатастыратынын, ал Томашектің «оны түрік тілдеріндегі жапан дала деген мағынадағы «ябан» сөзімен қатысты деп қарайтынын», Аристовтың «Чубань» атауымен байланыстыратынын, Бақыт Еженханұлының «Албан» деп корсететінін атап айтады<sup>231</sup>. Біздің ойымызша соңғы ғалым ежелгі «Юебань» этнониміне байланысты еңбегінде нақтырақ дәлелдеп берді<sup>232</sup>. Қытай зерттеушілері

<sup>231</sup> Ұлы Түрік қағанаты. Қытай деректері мен түсініктер. – Үрімжі, 2006. – 480-6.

<sup>232</sup> Карапыз: Еженханұлы Б. Юебан этнонимі туралы. – Шығыс, 2004. – №1.

синолог Го Шилянның сөздігіне сүйеніп, бұл атауды Йұрпан деп альп отыр<sup>233</sup>.

Ал енді албандардың аргы отаны осы Йұрпан елі туралы Қытай деректерінде не жазылған дегенге тоқталалық: «Йұрпан елі Үйсіннің солтустік батысында... Олардың арғы аталары асылында ғұндардың Теріскей Ғұн тәніркүтына қарапты ұлыстан еді. Хән (Қытай – T.O) әuletінің арбалы-аттылар сенуні Доу Шян қуа соққылап Теріскей ғұн тәніркүтын Жин-үей (Алтай – T.O.) тауынан батыска Қангуға (қаңғаларға – T.O.) қарай асырғанда олардың үріккен еліне ілесе алмаған аш-арық адамдары Күсәннің солтустік аймактарын мекендеп қалды. Бұлар 200 мындаі адам еді. Игілігіндегі жері мындаған ли келетін... Бұлардың тұрмыс салты және тілі қаңғалардікімен бірдей болды. Ал олардың адамдары өздерін хулардың қай-қайсысынан таза ұстайтын еді. Олар шаштарының ұзындығын қас сыйығына дейін теңестіріп қылп, оның үстіне тортасы айырылған сармай жағу арқылы жылтыратады. Әр күні үш мәрте жуынып ауыз шайқайды...»<sup>234</sup>.

Қазақстандық зерттеуші Ю.А. Зуев Қытай жылнамаларын зерттеген синологтардың еңбектеріне сүйене отырып, Йұрпан (ол бұл елді Юебань деп атайды) еліне қытайлық қолбасылардың тұтқылдан және әртүрлі жолдармен шабуыл жасап, олардың «шаньюйін үш мың лиден астам жерге дейін қуғындал, киіз үйлерін өртеп, он адамды, яғни басшыларын жерге тірідей көміп, ханшасының қолына кісен салып, думанды айғай шумен кейін оралғандарын» жазады. «..Қатты қорықкан шаньюй, киіз киімдеріне оранып, және қорқыныштан тыныс ала алмай, Усундер жеріне қашып кетті»<sup>235</sup>. Мұнан аңғаратынымыз, ежелгі Йұрпан елі қытайлықтардың ата жауы болған. Эрине, Қытай сияқты үлкен елмен көрші болу оларға оңай тие қойған жоқ. Олар Солтустік Қытай мемлекеттерімен жауласып ғана коймай, елшілік қатынастар да орнатты. Тіктен олармен жужандарға қарсы әскери одак құрып, келісін шарттар да жасады<sup>236</sup>.

<sup>233</sup> Ұлы Түрік қағанаты. Қытай деректері мен түсініктер. – Үрімжі, 2006. – 480-б.

<sup>234</sup> Ұлы Түрік қағанаты. Қытай деректері мен түсініктер. – Үрімжі, 2006. – 14-б.

<sup>235</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы, 2002. – 69-70-б.

<sup>236</sup> Мұхаметханұлы Н. Юебан мемлекеті // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Т.10. – Алматы, 2007. – 113-б.

Осы Йұрпан елін, Қытай жылнамаларын алғаш рет қазақша сөйлемдекен Ныңжан Иобан мемлекеті деп атайды. Оның түсіндіруінше «батысқа қарай босқан һұндер алдымен үйсін жеріне келген, одан соң қаңлы еліне ауып барған. Осы барыста һұндердің талай тайпасы үйсін елінде қалып қалған. Осы үйсін жерінде қалған һұн тайпалары оңтүстік, солтүстік патшалықтары дәуірінде(V-VI ғасырларда) дамып, 200 мыңдай жан саны бар Иобан мемлекетін құрған. Бұл тарихи фактілер 200 мыңдан астам халқы бар, ұланбайтақ өнірге орналасқан Иобан мемлекетінің іргесін үйсін жерінде қалған һұн тайпалары қалағандығын анықтайды...

Иобан мемлекетінің жағырапиялық орны жөнінде «Солтүстік патшалықтар тарихы, батыс өңір шежіресі, Иобан мемлекеті тарауында» былай дейді: «Иобан мемлекеті үйсіндердің батыс солтүстігінде 10 мың 930 шақырым жерде Күшардың солтүстігінде орналасқан». ...Осы екі елдің арасын асқар тау бөліп түрған, бұл таудың оңтүстігінде Күшар елі, солтүстігінде Иобан елі жасаған. Күшар мен Иобанның арасындағы асқар тау Тянь-Шань тауы екендігі анық. Демек, һұндерден қалған тайпалар іргесін қалаған Иобан елі үйсін жерінде құрылған, бұрыннан осы өнірді мекендейген үйсін тайпалары да осы елдің құрамында болған. Ұлы жүз үйсіннің албан тайпасын негіздеуші алғашқы аталар V-VII ғасырларда Жетісу өнірінде құрылған осы Иобан одағына кірген. Қазақ арасында адбан, абдан, адман, атпан деген ру-тайпа аттары да ұшырасады»<sup>237</sup>. Иобан немесе Албан этномінін кейбір зерттеушілер «Тау слі» деп аударып жүр<sup>238</sup>. Ал тарихи шекіре бұл этнонимді жеке тарихи тұлға есімімен байланыстырады.

«Албан» этномінің ежелгі үйсіндер дәуірімен тығыз байланыстырығын XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ шежіресі де расстайды. Оларға сүйенсек, алғашқы Албан атты тарихи тұлға біздің заманымызға дейінгі 177-104 жылдар шамасында өмір сурғен Үйсін күнбіі Елжаку бидің немересі болып шығады<sup>239</sup>. Шекіре бойынша «Илсаудинг Дули мен Нулидан басқа сегиз баласы болған, солардинг ұрпағынан Азиқ, Албан (арғы Албан

<sup>237</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қыскаша тарихы. – Алматы, 1994. – 104-105-6.

<sup>238</sup> Салғараұлы Қ. Қазақтың кілі тарихы: Роман-эссе. – Алматы, 1992. – 216-6.

<sup>239</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қыскаша тарихы. – Алматы, 1994. – 83-6.

Илсау немереси), Санжар (Жөнгше нар) тұхмининг Хауда, Апасақ, Faca, Сақор тұхмы бүгінде Дулат болип кетти»<sup>240</sup>. Осы айтылған есімдердің тарихта болғандығын қытай деректері де растайды. Мысалы, жазба деректе Жөнші би, яғни Санжар б.з.б. 177-104 жылдары өмір сүрген Елжау бидің немересі регінде аталады<sup>241</sup>. Осы деректерден Албан атты адамның екеу болғандығын, кейінгі Албанның алғашқы Албаннан көп кейін өмір сүргенін аңғарғандай боламыз. Егер шежірені қуалар болсак, Албанды былай таратамыз: «Албаннан Жаугаш,, одан Шеру, одан Текти, одан Жақ, одан Борай, одан Илғұлы, одан Шора, одан Мұсак, одан Төлеу, одан Керде, одан Қасқал, одан Бұғы, одан Жандар, одан Әлтей (Алтый), одан Саки, одан Хайлибек, одан Торимтай, (одан Абдал, одан Ақсары, одан Атанқұл), одан Мерки, одан Тұхимбек, одан Татан, одан Кенжек, одан Ғұмарқұл, одан Жарты, одан Иримқұл, одан Көпсадық, одан Ақбота, одан Дархан, одан Сұнгши, одан Ирман, одан Қөген, одан Қарқұтар, асқан шешен адам болғандықтан өз атин жүрт ұмитип Қарғұтар атап кеткен. Қарғұардан Сары, Шибил икі ұл. Хазирғи биз билетин Албан осы Сары мен Шибидинг тұхмы. Сарыдан Сүйерқұл, Сүйменди, Шибидан Бөтей, Өтей, Қекей. Ал сүйерқұлдан Шоған хафиз (абыз)<sup>242</sup>. Шоған абыз XV ғасырдың сонында, XVI ғасыр басында өмір сүрген адам. Яғни кейінгі Албаннан Шоғанға дейін, барлығы 38 ата. Бұл дегеніңіз XI ғасырдан астам кезеңді қамтиды. Бұл шежіре Албанның өмір сүрген кезеңін III-IV ғасырларға апарады.

Айта кетер бір мәселе, Албаннан шыққан ұлы шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы келтірген Албанның арғы шежіресі жоғарыдағы шежіреге сәйкес келмейді. Соған қараганда ежелгі Албаннан тарайтын шежіренің екі бұтағы бар болса керек. Ескерте кетер бір жайт, Өтейбойдақ шежіресі мұндага дейін зерттеушілерге белгісіз болып келді. Қалай десек те бұл шежірелер «Албан» этнонимінің алғашқы Албан атымен байланыстылығын аңғарттатындей. Қытай деректерінде айтылатын Иобан елін билеуші «шаньюйдің» осы алғашқы Албан ата болып

<sup>240</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйнаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 73-б.

<sup>241</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 83-б.

<sup>242</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқыйнаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 265-б.

шығуы әбден мүмкін. Мұндайда «Иобанымыз» шынында да «Албан» болып шығады. Осындаға Қытай деректерін тұпнұсқадан оқи алатын профессор Н. Мухамедханұлының «V-VII ғасырларда Үйсін және Албан тайпалары Юебан (*Иобан – Т.О.*) мемлекеті құрамында болды» деп жазғаны еске түседі<sup>243</sup>.

Жоғарыда айттық, өздеріне бауырлас үйсін руладымен о бастан-ақ еттеге жақын болған Албан ұрпақтары Иобан мемлекетінде үстем рөл атқарған дулулармен (туулармен, яғни кейінгі дулаттармен) қоян-қолтық араласып және қол ұстасып жүрді. Олардың жақындықтарын рулық таңбалары да мойын-дайды. Шежіре деректерінде Албанмен бірге туған деп айтылатын дулулар (дулаттар) шын мәнінде ежелгі үйсіндердің тіке-лей мұрагерлері және IV-V ғасырларда күштегі алған көп тайпалы Теле (кейіннен Гаогүй) бірлестігінде де қуатты тайпа ретінде танылды. Осыған байланысты Н. Аристовтың былай деп жазғаны белгілі: «Юебань мемлекеті қытай деректеріне қарағанда V ғасырда батысқа I ғасырда осы жер арқылы көшіп кеткен ғұндардың қалдықтары мекендеген ел еді. VII ғасырда бұл аймақты ерекше түркі тайпаларына жататын, сондықтан да чұлықтар деп аталған чу-юе, чу-ми, чу-мугунъ, чу-банъ ұрпақтары мекендеген еді. Көп кешікпей-ақ түркі-тукюлардың күшесінде байланысты олардың хандарының ұрпақтары және олардың кең иеліктері екі бөлікке – шығысқа және батысқа бөлінді. Жоғарыда аталған шулық түркі тайпалары және олар мекендеген жерлер Шығыс түркі хандарына бағынды. шулықтар билеген батысқа қарай жатқан жерлер, сондай-ақ, Монгол Алтайының батыс қыраттарында көшіп жүрген кейбір төле тайпалары Батыс Түркі хандарына бағынды және дулулардың бес аймагы құрамына кірді... Осының бәрі дулулардың қуатты ұрпақтары және одағы хұндардың кезінде-ақ олардың батыс бөлігіндегі иеліктерінде өмір сурғен деп айтуға жеткілікті негіз береді. Олардың құрамындағы Шу рулады хұнндар батысқа кеткен соң I ғасырдың соңында немесе II ғасырда осында қалып қойған Дулу рулады Юебань иеліктерін құрады. Олардың күштілігі сондай, жужандарды жаулап алды және V ғасырда оларға қарсы Қытаймен

<sup>243</sup> Мухаметханұлы Н. Юебан мемлекеті // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Т.10. – Алматы, 2007. – 113-б.

одақтасты. В ғасырдың соңында юебаньдарға басып кірген гаогюйлер бұл иеліктің өз бетінше өмір сүруіне мүмкіндік берmedі және сондықтанда гаогюй руладының құрамында тulu қалып қойды. Түркі тукюлардың күшеюіне байланысты гаогюйліктер Селенгаға және Хангайға қайтып келді, Юебанның байырғы халқы түргештердің, кергештердің және тағы басқа дулулардың бес аймақтарының араласқан тайпаларын құрады»<sup>244</sup>.

Қазақ зерттеушісі профессор С. Аманжолов өзінің зерттеулерінде 1894 жылғы Аристовтың зерттеу жұмысында айтылған дулаттардың Монғол Алтайындағы гаогюй тайпалары құрамында тulu деген атпен кездесетінін, ал VII ғасырдан бастап Батыс түркінің бес аймағын билеген бірлестік болғанын, сонымен бірге бұдан сәл бұрынырақ юебань деген түрік елінің құрамында үстем роль атқарғанын атап көрсетеді. Ол өзінің еңбегінде юебаньдар туралы хабардың жоқ болып кетуі гаогюйлердің батысқа жылжуымен және осы юебаньдықтарды басып алудымен байланысты екенін, мұнда да гаогюйлердің құрамындағы тулулардың аталатындығын атай келе, Тянь-Шань және Алтай таулары аралығындағы VII ғасырдағы Чуюе, Чу-ми, Чу-му-гунь, Чу-бань және тағы басқа рулады қытайлықтардың атап көрсететініне назар аударып, «тегінде бұл руладар ерекше шулықтар тобын ұйыстырып, бұрын дулулардың басшылығымен юебань халқын құраган» деген пікірге тоқталады. Осы мәселеде ғалым тағы да бұл руладың дулу аймақтарына кіргендігін айта келе, қытай деректеріндегі «чубань» этнонимінің кейінгі дулаттарға жақын Албан және Суан руладының түп қазығы болып табылатынын, бұл кейінгі чуй рулады катарына жатқандығын чубань деген атпен олардың дулаттар билеген аймақтың құрамында болуы мүмкін екендігін Н. Аристовтың зерттеулеріне сүйене отырып макұлдаған еді<sup>245</sup>.

Әрине, сол кездерде «Иобан» немесе «Чубан» деген атпен танылған тайпаны айна-қатесіз бүгінгі албандар мен суандар деп қабылдауға болмас. Әңгіме аталған қазақ тайпаларының аргы тарихы қандай тайпалық бірлестіктерден бастау алды

<sup>244</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 24-б.

<sup>245</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч.1. – 34-б.

дегенге жауап іздеуден туындаң отыр. Қалай десекте, тарихи-географиялық тұргыдан болса да, «Иобанның» Албанға, ал «Чубанның» Суанға жақындығы байқалып тұр.

Ал енді ежелгі шежірелік дерекке жүгінер болсақ, Албанинан шыққан ұлы шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының қалдырыған шежірелік «Тектелгі» мұрасына тағы да еріксіз назар аударамыз. Бұл дерек Албан тайпасының тарихын біздің заманымызға дейінгі III-II ғасырлардан, яғни ежелгі Үйсін күнбінен бері қарай таратады. Ол бойынша Қазғақ күнбиден Өтейбойдақтың өзіне дейін 71 ата омірден еткен. Егер Өтейбойдақ 1478 жылы қайтыс болған дер болсақ, осы кезеңге дейін Бәйдібек баба да, оның немересі Албан да өмір сүрмеген болып шығады. Ал олай болса Өтейбойдақ өзі туралы неге «...ататегім Ұлы жұз Зарман, Зарман ішінде Албан. Мекенім – Жетісу», – деп жазады? «Тектелгі» шежіреге қарасақ бұған жауапты қиналмай табамыз. Өтейбойдақтың тайпасы Ежелгі Күнбиге немере болып табылатын алғашқы Албанның атымен аталады. Бұл Албан 71 атадан тұратын шежіреде үшінші ата болып тұр.

Батыс Түркі қағанаты құрамындағы «Он оқ елі» нығайып, VII ғасырда билік басына келген түргештер (Сары Үйсіндер) билік басына келгенде, осындағы ықпалды «Бес оқтың» дулулары (алғашқы дулаттар) өздерінің бауырлары албандарды Түргеш Алаш ұлысы құрамында тең жағдайда ұстады. Шежіре мәліметтерінде Албан, Суан, Дулат бабалары «Қара үйсіндер» деп аталады. Ал Түргеш қағанаты тұсында бұл тайпалар «Қара түргештер» аталағы кетті. Албанның дулаттарға жақын екендігі оның рулық таңбасынанда айқын байқалады. XVIII ғасырдың екінші жартысына дейін оларда жауынгерлік ұран да ортақ болып, жауға «актиярлап» шапты.

Сары түргештерді (Сары үйсіндерді) қолдаған Қара түргештер (Қара үйсіндер) «Он оқ» елін билеп отырган Ашына әулетін тақтан күшпен аластады. Олардың қағаны Ышбарадан түргештердің билеушісі Үшелік (Ожелі) жылы билікті тартып алды. Албандар 766 жылы Жетісуда билікке келген қарлықтарға да, онан соң оларды бағындырыған қарахандарға да өздеріне бауырлас басқа Қара үйсіндер тайпаларымен бірге қызмет етті. Дәл осы тұста олар мұсылмандықты да қабылдады. Шежіре деректеріне сәйкес Албанның ұрпақтары Шеруден Жандарға

дейінгі 12 үрпак Шыңғысхан жаулауына дейінгі барлық зобаландарды бастап өткізді. Ал Сары мен Шыбыл, яғни Албан тайпасының екі тармағын бастап беретін тарихи тұлғалар Қазақ хандығының құрылу кезеңінде ел басқарған кісілер деуге толық негіз бар. Ал Сарыдан туған Сүйерқұл мен Сүйменді, және Шыбылға немере, ағайынды Бөтей, Өтей, Қекей XV ғасырдың соңында XVI ғасыр басында өмір сүрген кісілер. Албаннан шыққан батырлардың ататегіне назар аударап болсақ алдымен ауызға алынатыны Сүйерқұлдан туған Шоған әулиенің ұлы Мәмбетке немере болып келетін Сырымбетұлы Ханкелді батыр(шын аты анадан қан шенгелден туғандықтан Қангелді қойылған), және оның ұлken ұлы Тілеуке батыр, онан соң Ханкелдінің кеңже ұлы Түкеден туған немересі бүкіл Албанға ұран болған Райымбек батыр<sup>246</sup>. XVIII ғасырда өмір сүрген Райымбектің жұрт әулие ретінде де бағалайды. Оның атасы Хангелді батыр да көріпкел, әйгілі жауырыныш болған.

Айта кеткен жөн, шежірелік деректерде Албанның Мәмбет атасы кірме ретінде беріледі. Мұны Қазбек бек Тауасарұлы нақты атап көрсетеді. Оның айтуынша Шоған әулие асырап алған Мәмбеттің экесі Токтар Шапырашты Малдының ұлы Емілдің шөбелегі болып табылады. Шоған абыз өзі асырап алған Мәмбеттің атын атамай Алжан атандырған. Осылайша Алжаннан (Мәмбеттен) Сырымбет, Аламан, Шағыр, Қығылық атты ұлдар тараған. Сырымбеттен Мақар, Барак, Хангелді атты үш туған. Бұлардың ішінде Хангелді жоғарыда атап кеткениміздей, қалмаққа қарсы бүкіл Албанның қолын басқарған белгілі батыр<sup>247</sup>.

Шежіре бойынша жоғарыда аталған Сүйерқұлдан – Сегізсары (басқа шежіре ұлғісінде Сүйерқұлдан Шоған, Досалы, Қожбанбет, Жарты өсіп өнген. Бұларды «Төрт шам» дейді), Сүймендіден – Айт, Бозым, Қыстық, Шыбылдан – Қызылбөрік, Коңырбөрік, Құртқа, Мамай (шежіренің басқа ұлғісінде Қызылбөріктің шын аты Бөтей, ал Коңырбөріктің аты Өтей деп көрсетілген, және Мамай мен Құртқа аталмайды). Қызылбөріктен – Молболды,

<sup>246</sup> Елтүтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары. – Астана, 2001. – 128-129-, 158-160-б.

<sup>247</sup> Шапырашты Қазбек бек Тауасарұлы. Тұп-тұқыйнаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 26-б.

Жолболды, Қонырбөріктен – Бөтей, Өтей, Көкей (шежіренің басқа үлгісінде Қонырбөріктен Қалқаман, Жарман, Бойдақ тарайды)<sup>248</sup>. Шежіредегі осындай шатасулар кейде тарихи шындықты айқындей түсуге қындық келтіреді.

Албан атауының шығы тегі бойынша қөптеген ғалымдар өз тұжырымдарын келтірген. Мысалы, О. Сүлейменов ол туралы былай ой түйген: «...Например, термин *alban* – «пошлина», «налог», участвовал в названиях территорий, где существовали пограничные, таможенные службы.

Например, на границе с Китаем обитает казахское племя албан, которое, возможно, имело когда то отношение к такого рода деятельности. Страна на западном берегу Каспия (где сегодня территория Азербайджана) в III в. н.э. называлось *Alban*. Думаю, там проходил один из маршрутов Пути: порт на Мангышлакском берегу, где возможно, находилась одна из Gotu (но не германцы). Оттуда на баржах груз переправлялся в *Alban*. И далее на верблюдах и лошадях по Закавказью или в Иран, в Византию. Важный пункт. Местное население тогда могло называть себя албан.

...Тюрки называли Албанией и балканскую страну, где, вероятно также проходил один из маршрутов торгового пути, где надо было взимать пошлину. И народ, которому доверено было это производить, назывался албан. Его связь с тюрками продолжалось почти до XX века, что сказалось и на языке албанцев (их самоназвание *skipetar*), и на религии.

...Но путь разными маршрутами заходил и в германские земли. Один из них Готу? Мы назвали. Были и другие германцы, которые в каком то месте Европы тоже обладали правом таможни. Общались с ними тюркское племя, в языке которого типично чередовались губные согласные б/м. Они и называли сначала этих германцев *alman* (=*alban*). Потом сие прозвище турки распространили на всех германцев. (Фантастика? Воз-

<sup>248</sup> Шежіре деректерін салыстырып караңыз: Қожабекұлы Байзак Албани. Тарихи таным: тайпалар, руладар, жер жұтқан қалалар. – Алматы, 1994. – 181-б.; Сәдібеков Зайыр. Қазак шежіресі. - Ташкент: Өзбекстан, 1994. –73-74-б.; Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқынаннан өзім шейін. Шежіре, естелік. – Алматы, 2008. – 265-б.; Аргынбаев Х., Мұжанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 57-63-б.

можно, но проверить надо, тем более что других этимологий этих тюркских названий пока нет)»<sup>249</sup>.

О. Сүлейменовтың бұл пікірі алғаш оқыған адамға қисынды болып көрінгенімен «Албан» этнонимінің шығуын кеден атауымен байланыстыру этностық негіздеуден алыс жатыр. Мұндайда албандардың көршілері суандардың атын қалай түсіндіруге болады деген пікір туындейды. Албандардың рулық шежіресі де бұл тұжырымға сәйкес келе қоймайды. Оның үстіне албандардың рулық таңбасы өзіне туыстас дулат руларамен және суандармен ұқсас екенін де ұмытпағанымыз жөн. Бұл рулық таңбалардың кедендік мәселелерге ешқандай қатыс жоқ екенін ұмытуға болмас.

Албандар едәүір уақыт еріксізден қалмақтар қоластында болғандарына қарамастан айтартықтай өсіп-өнді. 1889 жылы албандардың саны 15 мындан астам тұтінді құрады<sup>250</sup>.

№	Ру-тайпалар аттары	M.Гролевтың мәліметтері (1889 ж.)	M.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	C.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	H.Мыныжанның мәліметтері (1987 ж.)	X.Арғынбаев M.Мұқанов В.Востров мәліметтері бойына (2000 ж.)	A.Сейдімбек Мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2 Албан	3 	4 	5 	6 	7 	8 

<sup>249</sup> Сүлейменов О. Шелковый путь и тюрки // Монитор. – №40(460). – 11-17 октября 2013 г.

<sup>250</sup> Кожабекұлы Байзак Албани. Тарихи таным тайпалар, руладар, жер жүткән қалалар. – Алматы, 1994. – 181-б.

## 2.10. Ежелгі Суан

Тарихында көптеген жұмбактар бар қазақ тайпасының бірі – Суан. Кейбір деректерге назар аударап болсақ, оның тамыры ежелгі және ортағасырлар дәүірінде жатқанын байқағандай боламыз. Түркі тарихының білгірі Лев Гумилев ерте дүниедегі түркі тайпаларының тарихын әңгімелегендеге Со тайпалық бірлестігі туралы атап өтеді<sup>251</sup>. Ол бойынша Со руы қасқырдан тараған, және барлық түркілердің атасы болып есептеледі.

Қыргыз тарихшысы Олжобай Қаратайев зерттеушілер арасында осы Со тайпасының атауының «Су» немесе «Суан» этномимімен байланысты болуы мүмкін екендігі туралы көзқарастың бар екендігін атап көрсеткені белгілі<sup>252</sup>. Осындай пікірді белгілі зерттеуші С. Атаниязовта айтқан еді<sup>253</sup>. Эрине, «Со» этонимін «Суан» этномимімен тікелей байланыстыру қысынды бола қоймас. Біріншіден Со (Су) тайпасының өмір сүрген кезені тым әріректе жатыр. Екіншіден, Со тайпасы барлық түркілердің бабасы болып табылатын болса, қазақ шежіресі Суанды Бәйдібектің Жарықшақ деген баласынан туғызбаған болар еді, және оған ең болмаса Бәйдібек балалары арасында ерекше орын берген болар еді. Десек те, осындай қорытындылар жасай отырып, мынаны да ескермеуге болмас: протоқазақты (арғы казакты) құраған тайпалар этонимдері аяқ астынан өмірге келген жоқ. Олар өздерінен сандаған ғасырлар бұрынғы этонимдердің өзгеріске түсken, толықтырылған түрлөрі. Осы тұрғыдан қарастырганда ежелгі Со немесе Су этонимінің бірте-бірте, өзгерістерге ұшырай келе, кейінректе Суан этонимінің пайда болуына ықпал етуі де мүмкін. Оны теріске шығара алмаймыз. Бірақ кейінгі Суан тайпасын алғашқы Су тайпасының мулде өзгерген этностық жалғасы ретінде қарастырганың өзінде де, бұлардың тарих сахнасында өз замандарында әртүрлі тайпалар ретінде көрінгендерін де мойындараска болмас. Осының өзі Суан тайпасының тікелей бабаларын басқа этонимдерден іздестіруге итермелейді.

<sup>251</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 23-24-б.

<sup>252</sup> Қаратайев О. Қыргыз этонимдер сөздүгү. – Бишкек, 2003. – 153-б.

<sup>253</sup> Атаниязов С. Словарь туркменских этонимов. – Ашхабад, 1988. – 107-б.

Ежелгі Қытай жылнамасында Алтайдан оңтүстік батысқа қарай орналасқан түркі тайпалары арасында Зыбан атты тайпа аталады. Нақтырақ айттар болсақ одан мынадай жолдарды оқиғымыз: «Алтынтаудың (Алтайдың – Т.О.) батыс күнгейінде сіренда, таринақ, зыбан (бөліт көрсеткен біз – Т.О.), дарқыттар мекендейді. Бұлар да жорыққа 10 мындаі адам аттандыра алады»<sup>254</sup>. Әңгіме бұл жерде V-VI ғасырлардағы тайпалық бірлестіктер туралы болып отыр. Осы деректе аталған Зыбанның орналасу аймағы қазіргі қазақтың Суан тайпасының бұрынғы атамекенінен онша қашық емес. Тегінде жоғарыдағы Со (Су) тайпасы қатарынан бөлінген жаңа сапалы рулар бірлестігінің Зыбан немесе Суан атануы да әбден мүмкін. Мұның өзі тереңдеп барсақ, I ғасырдағы ғұндардың батысқа қарай жылжыуынан басталған үрдіс деп ойлаймыз. Осы кезде пайда болған Йұрпан елі құрамына басқа Дулу руларымен бірге аталмыш Зыбан тайпалары да енген деп ойлаймыз<sup>255</sup>.

Йұрпан елінің ең алдымен Дулулар бірлестігі үстемдік жасаған және Албан тайпасы көп бөлігін құраған мемлекет болғанын Албандар тарихын әңгімелегендеге арнайы айтып кеткен едік. Тегінде осы елдің құрамында суандардың (зыбандардың) да бағалары болған болса керек. Айта кетер бір нәрсе, Дулу (Дулат), Албан, Суан тайпаларының этностық жақындығын қазақ шежіресі де мойындал, оларды тіpten бір анадан туғызады. Бұл, әрине, тегіннен тегін айтыла салған нәрсе емес. Осынау шежірелік деректердің негізінде ақиқаттың жатқаны күмән туғызбауы тиіс. Қытай жылнамаларын қазақ тіліне аударушы Қытайдағы бауырларымыз «Зыбан» этониміне мынадай түсініктеме берген еді: «Зыбан – Мұны Йұрпан елімен қатысты деушілер бар»<sup>256</sup>. Мұның өзі бізге ежелгі суандардың бабаларының бірлестігі батысқа көшкен Ғұн тайпаларының кейбір рулары мен ежелгі Үйсін рулар бірлестігінің бірігуінен пайда болған деп айтуға итермелейді. Алайда біздің бұл пікіріміздің осы мәселені бұрын зерттеген ғалымдар көзқарастарына сыйкес келе бермейтіндігін

<sup>254</sup> Ұлы Түрік қаганаты. Қытай деректері мен түсініктер. – Үрімжі, 2006. – 352-б.

<sup>255</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 23-б.

<sup>256</sup> Шадыман Ахметұлы. // Ұлы Түрік қаганаты. Қытай деректері мен түсініктер. – Үрімжі, 2006. – 561-б.

де айта кету керек. Мысалы, Г.Е. Грумм-Гржимайло Йұрпан (Юебан) мемлекеті о баста кнәздік түріндегі Солтустік ғұндарына тәуелді болған, дегенмен ол мемлекетті ғұндар негізdemеген деген пікірде<sup>257</sup>. Ал В. Радлов көрсінше, Йұрпан (Юебань) мемлекетін батысқа Арал теңізі бойына көшкен қошпелі ғұндарың негізdegenін айтады<sup>258</sup>. В.В. Бартольд осы пікірді макұлдай келе, осы мемлекетті құрган ғұндардың түркі руладына жататындарын нақтыладап атап көрсетеді<sup>259</sup>. Н. Мынжан Йұрпан (Иобан) елін батысқа көшкен ғұндардың қалдықтары негізdegen деген пікірді дәлелдей келе, сонымен бірге V-VII ғасырларда бұл мемлекеттің Жетісу жерінде, яғни Үйсіндер елінде құрылғанын, сондықтан да оның құрамына Албан тайпасы тәрізді Үйсін руладының да кіргендерін атап көрсетеді<sup>260</sup>. Қалай десекте Йұрпан елінің Үйсіндердің солтустігінде көрші орналасулары бұл мемлекетті негізdeuge және нығайтуға Үйсін руладының да атсалысқандарын дәлелдей түседі.

Тарихи деректерге үнілсек, Йұрпан (Юебань) мемлекеті құрамындағы ру-тайпалардың мәдени және рухани деңгейі көршілерінен әлдеқайда жоғары болған. Г.Е. Грумм-Гржимайло тіптен оларды жартылай қөшпелі ел деп санайды<sup>261</sup>. Осының нақты куәсы ретінде қытай жылнамасынан мынадай жолдарды оқымыз: «...йұрпандар нөнемен одақтасу есебімен Йұрпанның ханы Датанмен дидарласу үшін мындаған адаммен нөне (жуҗан) еліне келді. Олардың жеріне жүздеген ли ішкөрілеп кірген Йұрпан ханы нөнелердің кір жумайтындығын, шашын өрмейтіндігін, беті қолын жумайтындығын, әйелдері ыдыстағы жұғынды жалап кетіретіндігін көрді де, жанындағы ұлықтарына ренжіп: «Мені алдаң қайдағы бір иттердің еліне экелгенсіндер» деп атының басын кері бүрдесі. Датан оларды қууга атты әскерлерін жіберді. Бірақ жете алмады. Соңан бастап олар бірімен-бірі жауласып, өзара көп шабысты»<sup>262</sup>. Нөнелерде жужандарда)

<sup>257</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии. – Л., 1926. – Т.2. – 133-134-б.

<sup>258</sup> Радлов В. К вопросу об уйгурах. – СПб., 1893. – 128-б.

<sup>259</sup> Бартольд В.В. Собр. соч. – Т. 2. Ч. II. – 267-б.

<sup>260</sup> Қазақтың көне тарихы. – Алматы, 1993. – 105-б.

<sup>261</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии. – Л., 1926. – Т.2. – 135-б.

<sup>262</sup> Ма Мәнліл. Үйсіндердің Қөгартқа ауу жайлыш таластар // Ежелгі Үйсін елі. – Үрімжі, 2005. – 147-148-б.

Датан 414-429 жылдары билік жасаған еді. Алайда екі елдің арасындағы жаңжал одан кейін де толастай қойған жоқ. Нөнелердің үздіксіз шабуылдарынан қорғану үшін йұрпандықтар біздің заманымыздың 448 жылы оларға қарсы қытай елімен келіссөз жүргізген. Осы кезеңде қытай императорының сараяна келген елшілер арасында йұрпандықтардың (юебандықтардың) да болғандарын байқаймыз<sup>263</sup>. Қытай зерттеушілерінің айтуларынша, бұл йұрпандықтар туралы ең соңғы жазба дерек. Бұдан соң деректердің кездеспен себебі Йұрпан мемлекетін мекендеуші дулулардың, албандардың, суандардың ежелгі бабаларының батысқа көшіп кетугеріне байланысты болса керек<sup>264</sup>. Бізде бұл айтылғандарға күмән келтірерліктей негіз жоқ. Деректерді талдайтын болсақ, нөнелердің (жужандардың) үздіксіз шабуылына ұшыраған Йұрпан мемлекеті біртіндеп ыдырап, оның құрамындағы рулар мен тайпалардың жана тайпалық одакқа кіргенін көреміз.

Бұған басты себеп болған нәрсе, кезінде Теле тайпалық бірлестігі құрамында болған Гаогүй тайпалары V ғасырдың сонында Йұрпан (Юебань) жеріне басып кіріп осы мемлекеттің өмір сүруін біржолата тоқтатты<sup>265</sup>. Профессор С. Аманжолов та тарихи деректерде юебандар туралы деректердің жоғалып кету себептерін жоғарыда Н. Аристов атап көрсеткендей, V ғасырдың екінші жартысында гаогүйлердің батысқа жылжып, юебандар аймағына басып кіруімен түсіндіреді. Осы кезеңнен бастап Гаогүйлер құрамында Тулу (Дулу) тайпасының кездесе бастауы осы болжамды растай түседі. Тегінде гаогүйлердің басып кірулеріне байланысты Юебань елі құрамындағы Дулу, Албан және біз әнгімелеп отырған Суан тайпалары ыдырап, атақоныстарынан батысқа қарай жылжып, жаңа саяси-этностиқ бірлестіктерге бірігүте мәжбүр болса керек. Ал гаогүйлер құрамында жүрген Тулу дулулардың батысқа көшпе алмай қалған бір болігі болса керек.

Ата мекенде Тулу (Дулу) тайпалық бірлестігінің кейбір рулаты ғана емес, зыбандардың (суандардың) да бір бөлігі қалып

<sup>263</sup> Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. – №3. – 1947. – 77-б.

<sup>264</sup> Ма Мәнлі. Үйсіндердің Көгартқа аузы жайлы таластар // Ежелгі Үйсін елі. – Үрімжі, 2005. – 148-6.

<sup>265</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения о их численности. – 24-б.

қойды. Мұны біз осында сәл кейінірек пайда болған Сіренда бірlestігі негізінде пайда болған және кейіннен Тоғыз оғыздардан бөлініп шыққан керейттер (керейлер) құрамында Сыбан руының болуымен түсіндіреп едік<sup>266</sup>. Осы Сыбанымыз біз әңгімелеп отырған Зыбанның өзі дег ойлаймыз. Айта кеткен жөн, кейінгі Керей құрамындағы Сыбан руының құрамында басқа рулармен қатар Рамадан-қожа деген ру да кездеседі. Рамадандардың рулық ұранының «Дулат» екендігін және олардың рулық таңбасының албандармен бірдейлігін ескерер болсақ, рамадандардың сыйбандармен бірге жұру себебін түсіне бастаймыз. Керейлер құрамында Сыбанның жұру себебін Шәкәрім төмендегіше түсіндіреді: «Біздің Орта жүздегі керейлер сол керейт нәсілінен, Ашамайлы деген кісінің – Сибанның Қара би деген екі баласының нәсілі және Қарабидің бір қызын алып, қолында тұрып қалған Абақ деген кісінің нәсілі. Ал Абақтың түбі Сарығүсін»<sup>267</sup>. Көріп отырмыз, керейлердегі Сибан немесе Сыбан ежелгі этноним. Оның үстіне оның түп негізі үйсін рулына алып барады.

Кейбір рулардың бұрынғы Юебань жерінен батысқа көшпей қалулаresының тағы бір себебі – осы өңір қазақ тайпаларының ерте ортағасырларда бабалары мекендереген аймақ және ежелгі Теле, Телеут тайпалар бірlestіктерінің ортақ отаны болып табылады. Н. Аристов Түркі түкіолер күшейіп кеткен соң, гаогуйлердің Селенгаға және Қанғайға қайтып оралғандарын атап көрсетеді. Яғни йұрпандықтар біраз уақыт Түркі түкіолерге бағынған<sup>268</sup>. Ал байыргы Дулу бірlestігінде қалған субандар Түргеш (Сарығүсін), Кергеш (Алаш) және т.б. туыстас тайпалармен бірге Он оқ бодұн құрамына кірген дулулардың бес аймағын құрады<sup>269</sup>. Үшелік қағанның тұсында билікті Ашина әuletінен тартып алған түргештер VIII ғасырда екіге бөлініп, Сары түргештер (сарығүсіндер) және Қара түргештер атала бастады. Тегінде дулулар біrlestігі құрамында болған суандар

<sup>266</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 86-87-б.

<sup>267</sup> Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-казақ һәм хандар шежіресі. – Астана, 2008. – 76-б.

<sup>268</sup> Бічурин Н.Я.Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т.3. –Алматы, 1999. – 32-б.

<sup>269</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 24-, 27-б.

осы тұста Қара түргештер құрамында болды деуге толық негіз бар. Бұлар бұдан біраз бұрын чу рулары деген атпен де белгілі болған болатын. Н. Аристовтың зерттеулеріне сүйенген профессор С. Аманжолов мәселені былай түсіндірген еді: ежелгі қытайлықтардың «Тянь-Шань мен Алтай аралығын VII ғасырда мекендеген Чу-юе, Чуми, Чу-му-гун, Чу-бан және тағы да басқа рулар аттарын сақтап қалғандарын айта келе, бәлкім ерекше чу тобын құраған осы рулар тегінде дулулардың басшылығымен бұрынырақта Юебань халқын құраса керек. Олар, қалай десек те, Дулу аймақтары құрамына кірген. Олардың атауларында Чумугуннен басқа Шуншин-Чубан да кездеседі. Бұл атаудан қазіргі Дулат руы Жанысты байқауға болады. Ал Чубан атауына келсек, қырғыз-қазақтар дулаттарға жақын туыс деп есептейтін Албан және Суан тармақтары Шу рулары болды, және бәлкім, Чубан деген атпен Дулу аймақтары құрамында жүрді»<sup>270</sup>. Осы пікірді нақтылай тұсқен Ә. Марғұлан былай деп жазған еді: «Олар (Чубандар – Т.О.) екі тайпага бөлініп тұрған. Бірі Талас қаласында Шижынның ұрпағында, кейін Түркі қағанаты кезінде Дулат одағына кіріп, Шуніш-чубан аталған: енді бірі қыпшактар төнірегінде болып, кешу-чубан сыған деп белгілі болған (Бичурин)»<sup>271</sup>. Н.Я. Бичурин осы чубандарды билеген Түркі түкюлер Қытайға бағынған соң, чубандардың екіге бөлінген топтaryның бір болігін Тукиши-сояғ-мохә, ал екінші болігін Тукиши-ниши-чубан басқарғанын айтады<sup>272</sup>. Осы жерде Сояғ-мохә басқарғандар – суандар, ал Ниши-чубань басқарғандар – албандар болар деген ой келеді.

Осы деректерді таразылай келе, Суан этнонимінің төмендегідей күрделі жолдардан өткенін аңғарамыз: Со (Су) – Зыбан – Сыбан – Чубан – Суан. Зерттеушілердің «Суан» немесе «Албан» атауларына байланысты көзқарастарын талдаған жазушы Қойшығара Салғараұлы кезінде былай деп жазған еді: «Алб-ан» тау елі, яғни таулықтар; «Суб-ан су елі, яғни су, өзен бойындағы деген мағына береді. Осындағы «алб» «суб» «ан»

<sup>270</sup> Қарағызы: Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 2001. – 44-45-б.: Аристов Н. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды... // Живая старина. – СПб., 1894. – 401-б.

<sup>271</sup> Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аныздар. – Алматы, 1985. – 9-6.

<sup>272</sup> Бичурин Н.И. Собрание сведений... – Т.3. – Алматы, 1999. – 32-6.

сөздерінің тым көнелігіне қарап (тіл білімінде ностратикалық теория шығарған ғалым В.М. Иллич-Свityч еңбегіне қараныз) Албан, Суан атауларының Турان, Қазан және осы тәріздес басқа атаулармен терезесі тен байыргы атау екенін білүмен бірге, осы атауларды иенүшілердің әлімсактандырылғанда да санауымыздың XV ғасырында қайта тірілтіп, Жарықшақтан туған үш баланың екеуінің есімі етіп беріп жатса, оны кездейсоқтық деп қарауға бола ма? Бұл атаулар халықтың санасында сакталып, жалғасын үзбей келе жатқан тарихи сабактастықтың күзегері емесспе. Ендеше этностық құрамына еніп, қазақ халқының халық болып қалыптасуына үлес қосқан бүтінгі Албан, Суан тайпаларын қашаннан осы Жетісүй жерін мекендей, өзара «таулықтар», «өзендіктер» болып екіге бөлінген байыргы қоюе тайпалардың занды мұрагерлері деп ой түйсек шындыққа қиянат жасай қоймаймыз...»<sup>273</sup>. Осы айттылғандарды дәлелдей түсетін тағы бір мәселе, «Субан» этномінің бүтінгі қырғыздар құрамындағы Сары бағыш руы құрамында кездесуі дер едік. Бұл туралы кезінде қырғыздың этностық тарихының білгірі С.Н. Абрамзон жазған болатын<sup>274</sup>. Тегінде Алтай аймағында көшіп жүргенде-ақ суандар Енесай қырғыздарымен тығыз қарым-қатынаста болса керек.

Десек те орта ғасырларда Батыс түркілерінің шығысында, монгол және қытай тілдес тайпаларға жақын орналасқан суандар жаудың соққысын әрқашан да алғашқылардың бірі болып қабылдады. Сондықтан да басқаларға карағанда олардың саны қарыштап өсе қойған жоқ. 1889 жылы олардың саны 3632 түтінді құрады және Жаркент уезінде өмір сүріп, Іле өзенінің онтүстік жағалауын мекендейді<sup>275</sup>. Салыстырмалы түрде айттар болсақ, суандар Ұлы жүздегі саны аз тайпалардың бірі.

Ал енді айта кетер тағы бір мәселе, Суан тарихи үрдістер түсінде Дулу одағындағы бауырластарынан ажырамай, Батыс Түркі қағанаты аймағында өмірге келген сарығүсіндер мем-

<sup>273</sup> Салгараулұ К. Қазактың кілім тарихы: Роман-эссе. – Алматы, 1992. – 216-б.

<sup>274</sup> Абрамзон С.Н. К семантике киргизских этнонимов // СЭ. №3. – 1946. – 129-б.

<sup>275</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 398-б.

лекеті – Тұргеш қағанатындағы дүрбелен оқиғаларға белсене қатысты. Шыңғысхан бастаған монгол жаулауынан кейін де сұндар өздерінің ата қонысынан жылжый қойған жок.

«Суан» этномінің концепті шекірелік деректерге назар аударғанда да көз жеткізе түсеміз. Ол бойынша Суан Дулатпен және Албанмен бірге туған, ол кейбір деректер бойынша тілтен жас жағынан Дулаттан да үлкен. Суан Бекарыс, Тоқарыс, Абылғазы деген тармактарға бөлінеді. Ұлардың алғашқы екеуі бәйбішеден тараған деп есептеледі<sup>276</sup>. Бұл қазіргі шекіре бойынша.

Алайда шекіренің басқа, ертеректегі XVII-XVIII ғасырлардағы үлгісі бойынша «Суанның Бай, Дай деген екі баласы болған. Бай шынымен атына сай өте бай болған да, Байсуан атанған. Дайдан да екі үл болыпты». Қазбек бек Суан тайпасының шекіресін XVIII ғасырда қалмакқа қарсы соғысқан Суан Бағай батырдың ататек шекіресі бойынша төмендегідей таратады: Байсуаннан Шақай, одан Шақай бөрі, одан Томық, одан Сарық, одан Өрдін, одан Омахан, одан Орынхан, одан Кәрмәк, одан Шор, одан Қолуық, одан Бармақ, одан Момбай, одан Оғанбек, одан Құра, одан Таңғұт, одан Фауыт, одан Ертөбе, одан Берікбай, одан Балтабай, одан Құрым, одан Шоғыл, одан Мақатай, одан Нау, одан Тұбіт, одан Майлы, одан Ақтай, одан Арқалды, одан Нақ, одан Текес, одан Арқас. Арқастың Қанбағыс, Досбағыс, Бекарыстан, Тоқарыстан деген төрт ұлы болған. Бекарыстанның Байтүгей деген ұлының Жылкелдісінің Елшібегінің белбаласы – Бағай батыр»<sup>277</sup>. XVIII ғасырда өмір сүрген Бағай батыр шекіре мәліметі бойынша Бәйдібек бабаның 36-ұрпағы болып табылады<sup>278</sup>.

Айта кетер бір мәселе, қазіргі шекірелер Суанның Бай және Дай деген балаларынан тарайтын аталарды естен шығарып алған және сондықтан да Суанинан бірденнен Бекарыс, Тоқарыс, Абылғазы деген аталарды таратады. Шын мәнінде бұл үшеуі Бәйдібектің 31-32-, ал Суанин 33-34-ұрпақтары, яғни бұлар

<sup>276</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шекіресі. – Ташкент: Өзбекстан, 1994. – 76-б.

<sup>277</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұл-тұқылайнан өзіме шейін. Шекіре, естелік. – Алматы, 2008. – 112-113-б.

<sup>278</sup> Шапырашты Қазбек бек Таусарұлы. Тұл-тұқылайнан өзіме шейін. Шекіре, естелік. – Алматы, 2008. – 112-113-б.

XVII ғасырдың бел ортасында өмір сүрген болып шығады. Бұл шежірені қуалап, тарих қойнауына баар болсақ, Суанның өзінің тарихи тұлға ретінде қарастырап болсақ, VIII ғасырда өмір сүргенін анықтай түсеміз. Мұның өзі Суанға ұран болған Байсуанның (Байдың) есімі кем дегенде IX-X ғасырларда-ақ, Суан руына жауынгерлік ұран болғанын байқатады. Бір өкініштің Суанның екінші баласы Дайдан (Дайсуаннан) шежіре таратылмайды<sup>279</sup>. Соған қарағанда одан ұрпақ өсіп-өнбей қалған ба дерсің. Суанның шежересіне қарап, мұндағы Таңғұт, Гауыт, Ертөбе деген кісілердің алды Жетісуды әйгілі Шыңғысханның жаулауының күәгерлері болып, кейінгілері осы монголдар құрған Шағатай ұлысының алғашкы билеушілерінің қол астында Суан руын басқарған деуге болады. Ал енді Тұбіт, Майлы, Ақтай Жетісу жеріне Жәнібек пен Керейдің Арқадан көшіп келгендерінің және олардың бастауларымен алғашкы Қазақ хандығының құрылғандығын бастан өткөрген, және дәл осы заманда Суан тайпасының топтаса түсінен елеулі еңбек сінірген кісілер деп айта аламыз. Арқалды, Нак, Текес, Арқас деген тұлғалар едәуір күрделі және киын заманда өмір сүрді. Бұл қазақ хандарының жиі ауысқан кезеңі болатын. Олардың ішінде биліктө едәуір ұзақ болған Ақназар ханың тұсында (1537-1570) қазақтың Үш жүзге бөліну үрдісі басталып, ол XVII ғасырдың алғашкы жартысында, Есім ханың тұсында аяқталды. Суандар бұрынғыша өздерінің Дулат, Албан бауырларымен қол ұстасып, Ұлы жүз құрамында қалды. Бекарыстан, Байтүгей және Жылкелді Есім хан мен оның баласы Жәңгір ханың XVII ғасырдағы осы аймаққа лап қойған алғашкы қалмақ басқыншылығына қарсы қурестеріне қатысты.

Қалмаққа қарсы соғыста Суаннан даңқты батырлар шықты. Нактырақ айтар болсақ, жылғы Салқам Жәңгір хан басқарған Орбұлақ шайқасына Байтүгейдің баласы Елтінді (Елтынды) батыр қатысып, ерекше ерлік көрсетті. Арапбай батыр да, Ұзын мұрт Ұзақ батыр да осы тайпадан. Жоғарыда аталған Суан Бағай батыр қалмақтың Мұқыры батырын жекпе-жекте өлтірді. Бәлкім, қалмақпен соғыс тоқтап қалмаганда Бағайдың есімі Суандардың рулық ұранына айналар ма еді депте ойлайсың.

<sup>279</sup> Нұржекеулы Б. Суан // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы. 2006. – 65-6.

Тарихы айтарлықтай күрделі Суан тайпасының ежелгі және ортағасырлардағы тағдыры қысқаша баяндағанда міне осындей. Бұл тарихи баян қазақ деген халықтың өткенінің кейбір «жұмбақ» тұстарын тереңірек түсіне түсуге айтарлықтай көмек береді. Сондықтан да оған біз арнағы назар аудардық.

№	Ру-тайпалар аттары	М.Гролековтың мәліметі (1889 ж.)	М.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	С.Аманжоловтың мәліметі (1959 ж.)	Н.Мынжананың мәліметі (1987 ж.)	Х.Арғыпбайев М.Мұқан В.Востров мәліметтер бойынша (2000 ж.)	А.Сейдімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2	3	4	5	6	7	8
Суан							

## 2.11. Байырғы Керей (керейттер)

Керейлер мен керейттер қазіргі түркі халықтарының біразының этностық құрамында кездесетін ру-тайпа түріндегі бірлестіктер. Олар Ноғай, Қарақалпақ, Қазақ, Қыргыз арасында елі бар. Сонымен қатар «Керей» атты рулық бірлестік монголдар құрамында да бар<sup>280</sup>. Мұның езі Керей тарихының түп тамыры байырғы замандардан бастау алғындығын байқатады. О баста керейлердің Керей емес, Керейт атауымен тарихқа белгілі болғаны белгілі. Монгол тілдестерде «т» әрпі көптік мағынада қолданылғандықтан «Керейт» Керейлер дегенді білдіреді. Мұның езі бұл атауды оларға монгол көршілерінің бергендерін аңғартады. Ал енді бұл атау тарих сақнасына қашан шықты дегенге келер болсақ, VIII ғасырдың екінші жартысын атап көрсетер едік. Қолда бар азан-аулақ деректер бізді осылай айтуға итермелейді. Шекерімнің айтуынша, қазақтың Орта жүзіне жататын

<sup>280</sup>Каратасев О. Қыргыз этнонимдер сөздүгү. – Бишкек, 2003. – 105-б.

Керейлер байырғы Керейттердің ұрлағы. «Ашамайлы деген кісінің – Сибанның Қараби деген кісінің екі баласының нәсілі және Қарабидің бір қызын алып, қолында тұрып қалған Абақ деген кісінің нәсілі. Ол Абақтың түбі Сарығисін. Оның тұқымы он екі ру Абақ Керей атанып кетті. Сол Сарығисін Абактың он екі баласы – Жантікей, Жәдік, Жастабан, Шұбарайғыр, Шеруші, Ителгі, Итемген, Молқы, Меркіт, Сарбас, Қарақас, Қенсадық»<sup>281</sup>. Бұл айтылғандардың тарихи шындыққа жақын екендігін басқа тарихи деректер де көрсетті отыр.

XVII ғасырдағы Матай қарттың шежірелік мәліметтері бойынша, Үйсілден Сақал (бұл Түргеш (Сарығисін) қағанатына қаған болған адам) одан екі бала – Ақсақал (Абақ), Жансақал (Тарақ). Осы егіз туған екі бала тоғыз жасқа келгенде, жаугершілікте жоғалып кеткен. Абақты Керейдің Қарамойын Бакыр деген кісісі өзіне ұл қылып алған. Одан тараған тұқым іргелі ел болып, 12 ата Абақ Керей атанған. Меркіттер осы Абақтың бір тұқымы. Ал енді Абақпен егіз Тарақтан Мерке, Жалайыр туған<sup>282</sup>. Керейлердің үйсіндік тегі туралы осы мәселені едөүір нақтырақ зерттеген Қ. Зардыхан былай деп нықтап жазған еді: «Керейттің Үйсін тегі туралы болжам тарихтағы жаңалық емес. Бұл туралы кезінде Н. Аристов, Г. Потанин, Г. Грумм-Гржимайло, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлкей Марғұлан еңбектерінде және 1990 жылы Шынжанда басылған «Қазақ шежіресінде» жазылған»<sup>283</sup>. З. Қиянатұлы керейлердің географиялық жағынан да, рулық таңбалар тұрғысынан да сарығисіндерге жағын екендіктерін макұлдайды. Айта кетер бір маңызды мәселе, керейлердің кезінде сарығисіндермен бірге жүргендерін олардың рулық таңбалары да айқындаі түседі. 1832 жылы мұны алғаш А. Левшин байқаған болатын. Ол өзінің қазактардың тарихына қатысты әйгілі еңбегінде Орта жүздегі керейлер мен Кіші жүздегі керейттердің алғашкы рулық таңбаларының крест түрінде бір болғанын байқаған еді<sup>284</sup>. Керейлерде крест таң-

<sup>281</sup> Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қыргыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Астана, 2008. – 76-б.

<sup>282</sup> Шапырашты Қазыбек бек Таусарұлы. Тұп-тұқіланның өзіме шейін. Шекіре, естелік. – Алматы, 2008. – 63-, 79-б.

<sup>283</sup> Қиянатұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – Астана, 2001. – 14-б.

<sup>284</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996. – 428-б.

басының қосалқы таңба ретінде ілесіп жүретінін кейіннен М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Н. Мыңжан, М. Мұқанов тәрізді қазақ зерттеушілері де жазды. Сонымен қатар осындай крест таңбасының сарығүйсіндерде де кездесетінін алғаш, 1889 жылы М. Гродеков байқаған болатын<sup>285</sup>. Кейін, 1925 жылы мұны М. Тынышбаев та атап көрсетti<sup>286</sup>. Бұл таңбалар керейлер мен сарығүйсіндердің жақын екендіктерін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар олардың ертеректе христиандықты ұстанғандарын да байқатады. Айтпауға болмайтын тағы бір нәрсе, рулық таңбалар Керейдің Сарығүйсіннен шыққанын да дәлелдей түседі. Сарығүйсіннің таңбасы төменгі жағына шағын крест тіркелген төртбұрыш болып келетіні белгілі. Ал керейлер осы төртбұрышты бір сзықпен ортасынан қақ бөлу (Абак) арқылы өздерінің сарығүйсіндерден бөлініп шыққандарын көрсетіп отыр. Ал енді Сарығүйсін деп жүргендеріміздің екінші жанама аты Түргеш екені және белгілі. Жетісудағы Түргеш қағанатында осы сарығүйсіндер биліктегі болды. Олардың мұнда шығыстан дулулар одайымен келіп, ежелгі сақтарды ығыстырып қоныстанғандары, онан соң алғаш Батыс Түркі қағанаты құрамында болып, кейіннен Түргеш қағанатында билеуші тайпаға айналғанын білеміз.

Керейлердің арғы бабаларының осы Түргеш (Сарығүйсін) қағанатымен байланысты болғандарын Н. Мыңжан келтірген деректер дәлелдей түседі. Ол осыған байланысты былай деп жазған еді: «XIX ғасырда Алтай аймағындағы Керей тайпасынан шыққан шежіреші Мәми Керей ұлысының арғы тегін мынадай сегіз тайпадан таратады: шеп, сеп, байлау, қойлау, елдей, кулдей, изен, жусан. Осы Мәми айтқан тайпалардың аты VII-VIII ғасырлардағы Жұнғо жылнамаларында да бар, олардың көбі қазіргі Жонғарияны мекендереген Телі тайпаларының қатарында аталады»<sup>287</sup>. Осы деректерде аталған тайпалардың кейбіреуінің VI ғасырда Батыс түркі қағанаты құрамындағы Бес түркі Дулудың белді тайпалары болғанын байқау қыын емес. Мысалы, Қойлау (Ителі) тайпасы Күліг чордың бастауымен дулулардың

<sup>285</sup> Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарыинской области. – Т. 1. Юридический быт. – Ташкент, 1889. – Приложение №1. – 1-8-б.

<sup>286</sup> Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993. – 106-108-б.

<sup>287</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 158-б.

тайпалық бірлестігіндегі екінші ірі ұлысты құраса, ал кейінгі Керей шежіресінде аты сақталған Чимойын Лұй чордың бастауымен осында үшінші ірі ұлысты құраған. Ал керейлерге туыстас ыстылардың сол тұстағы бабалары шытылар Тон чордың бастауымен дулулардың төртінші ұлысын құраған. Бұл екі тайпаның жақындығын шежірелік деректерден де анғара ала-мыз. Шежіре бойынша керейттерде Бозаншар биден (Ақсақалдан) Ойық пен Тілік таратылса, ал Ыстының Жауатарынан да Ойық пен Тілік таратылады<sup>288</sup>. Мұндай екі тайпа арасындағы рулық байланыстар, әрине, тегін емес және олардың бастауы VI-VIII ғасырлардағы Батыс Түркі қағанаты мен Түргеш (Сарыүйсін) қағанатына алып барады. Айта кетер бір нәрсе, сарыүйсіндер (түргештер) Батыс Түркі қағанатына қараған Дулу одағындағы ең мәртебелі, жетекші ұлыс еді. Оны бұрын Түргеш-Алаш чор ұлысы деп атайдын. Бұл елдің сарыүйсіндер (түргештер) билеген тұста сарытүргештерге (сарыүйсіндерге) және қаратүргештерге (аздар бастаған дулуларға) бөлінгендері және белгілі.

Өздері дулулар одағында болып, VIII ғасыр басында шығысқа бөліне көшкен керейлердің де осы «қаралардан» шыққандары белгілі. Әбілғазы сондықтан да «Керейт» деген сөздің «қарақойлы» («чёрный баран») деген мағынаны білдіретінін атап көрсетеді<sup>289</sup>. Ежелгі дулулардың тікелей мұрагері кейінгі қазақтың Дулат тайпасының шежіресінде осы тайпаның ірі төрт атасының бірі Сиқымнан Аққойлы және Қарақойлы деген екі ата тарайды. Қазақтың белгілі этнографы Х. Арғынбаев осыған байланысты: «Түрікмендердегі Аққойлы, Қарақойлы рулары осы Дулаттан барса керек» деген қисынды қорытынды жасайды<sup>290</sup>. Мұның өзі керейлердің бабаларының да Дулу бірлестігінде болғандарын дәлелдей түседі. Айта кеткен жөн, Қара түргештерден «қара» атауын қабылдағандар жалғыз Керей ғана емес. Сыр бойындағы және Жетісудағы қанлыларда да Қарақанлы және Сарықанлы

<sup>288</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. – Ташкент, 1994. – 99-б.

<sup>289</sup> Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. – М.-Т.-Б., 1996. – 35-б.

<sup>290</sup> Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі қақында. – Алматы, 2000. – 116-б.

рулары кездесетіні осының дәлелі<sup>291</sup>. Айтпауға болмайтын тағы бір мәселе, осы қанлыларға керейлердің жақындығы туралы мәселе. Белгілі зерттеуші А. Қадырбаев көне қытайдың «Мэнүершицзи» дерегінен мынадай үзінді келтіреді: «кереиттер қанлылардың бабалары болатын. Батыстағылар Қанлы, шығыстағылар Кереит деп аталды»<sup>292</sup>. Бұл жерде әнгіме, эрине, біршама бұрмаланған. Өйткені «Керейт» атауынан «Қанлы» атауы әлдеқайда бұрын шыққан. Дегенмен де, бұл екі тайпаның этностық тұрғыдан жақын екендіктері даусыз болса керек деген ойдамыз. Оның үстіне Өтүкендегі Қанғай таулы аймақтарын мекендерген қанлылардың байырғы бабаларының мекендерінде Телек тайпалар одағына кіретін керейттердің жаңа рулық бірлес тіктері қалыптас аbastады. Зерттеуші З. Қиянатұлы қытай тарихшысы Сайшаалдың пікіріне сүйеніп, ханзулар керейттердің қанлыларға жақындығын көрсету үшін оларды «Хэнли» деп атағанын ескерте кетеді<sup>293</sup>. Бірақ бұл пікірлер керейлердің бабалары ежелгі Үйсін бірлестігінен бастау алады деген көзқарасты теріске шығарады деп ойламаймыз. Керісінше, байырғы қанлылардың әрқашан да ертедегі Үйсін ру-тайпаларына әрқашан да жақын, көрші орналасқандары және бірге көшіп-қонып жүргендери тарихи деректерден жақсы белгілі.

Осы айтылғандар керейлердің о бастан-ақ түркі тілдес болғандарын анық дәлелдеп береді. Солай бола тұрса да осы мәселеде зерттеушілер көзқарастарының бұл мәселеде екіге жарылатынын айтпауға болмас.

Біздін ойымызша, Керей руларының Дулу одағынан белініп шығысқа Жонғарияға көшіп кетулері VII ғасыр басында алғашқы Түркі қағандығынан бөлінген Батыс Түркі қағанатында кейбір тайпалардың Он оқ, яғни ең басты он тайпа дәрежесіне енгізілмеуі себеп болса керек. Олардың жағдайы жаңа жерде де жақсы бола қойған жоқ. Енді оларға Шығыс Түркі қағандары тізе батыра бастады. Сондықтан да «VII ғасырдың басында

<sup>291</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазак шежіресі қақында. – Алматы, 2000. – 138-139-б.

<sup>292</sup> Қадырбаев А.Ш. Очерки истории средневековых уйголов, лжалаиров, найманов и кереитов. – Алматы, 1993. – 59-б.

<sup>293</sup> Қиянатұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар. – Астана, 2001. - 13-б.

Жоңғариядағы шеп, сеп, байлау, қойлау тағы басқа тайпалар Шығыс Түркі қагандығының үстемдігіне қарсы көтеріліс жасап, 607 жылы шеп тайпасының бастығы Керін Еркінді хан көтеріп, «Изен Бағақаған» деп атаған. Оның хан ордасы Танхан тауында (қазіргі Богда тауында) болған. Ол Жоңғариядағы тайпаларды бастап соғысып, түркінің Чоро қағанын женіп, Құмыл, Қарашары қатарлы жерлерді бағындырған. Осы Керіннің баласы Хылей қаған атанған. «Таң патшалығының көне тарихында» Хылейдің әкесі Кер (гер) Сүй дәүірінде «мымкты тегін» атағын алған еді дейді. «Кер» деген бұл сөз хандар руының аты. Демек, «Керей» этнонимі жоғарыдағы тайпалардың алғашқы тайпалық одағының көсемі Керін яки Хылей (Керей) хандарының атынан шыққан болуы мүмкін. Өйткені қазақ шежіресінің, Рашид-аддиннің және Жұнғо жылнамаларының деректері арасында осындағы сәйкестік бар»<sup>294</sup>. Тіптен осылай болғанның өзінде де «Керей» этнонимінің «Қара» деген мағынаны білдіретінін ешкім теріске шығара алmas. Олай болса жоғарыдағы Керін басқарған ұлысты жанама түрде Қара ұлысы деп те аталаға болады.

Ғалымдардың күні бүгінге дейін басын қатырып келген тағы бір мәселе, «кереілер монгол тілдес болған ба, жоқ әлде түркі тілдес пе?» деген сауалға жауап іздеу. Айта кеткен жән, оларды түркі тілдестерге жатқызатындар арасында Рашид-ад-дин, Әбілғазы, Н.А. Аристов, Х. Ховорс, Н. Поганин, М. Тынышбаев, Ә. Марғұлан, С. Аманжолов, М. Мұқанов, С. Козин тәрізді кісілер бар болса, ал оларды монгол тілдестер деп ойлайтындар арасында В.В. Бартольд, Б. Владимираев, С. Киселев, Н. Поппе, Г. Санжеев, В. Трапавлов тәрізді ғалымдар бар. Егер андал қарар болсақ алғашқы топты құраушыларды, негізінен, ежелгі түркілердің және кейінгі қазактардың дәстүрлі деректерінен, рулық шежірелерінен біршама немесе жақсы хабардар зерттеушілер құрайтынын байқай аламыз. Ал екінші топтағылар, керісінше, дәстүрлі деректерден алшақ түрғандар болып табылады. Осының өзінен-ак өмір шындығы кімге жақын екендігін аңгартада түседі. IX-X ғасырларда Жалайыр, Меркіт, Кереит, Қонырат, Үақ, Найман тайпаларының арғы бабалары тұңғыс-манчжұр тілдес тайпалармен, яғни кейінгі монголдардың бабаларымен

<sup>294</sup> Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 158-6.

көршілес, аралас өмір сүріп, тіптен қойындасты жатты. Монголдардың да, түркілердің де өздерінің ата-бабаларының шығу тегін Ергенеконды мекендеген тайпалардан шыгаратындары сондықтан. Осыны түсіне алмаған зерттеушілердің осы кезге дейін түркі тілдес тайпаларды монгол тілдестер деп сипаттамақ болған әрекеттері ғылымда ешқандай нақты нәтиже бере қойған жоқ. Оның үстіне IX-X ғасырларда халықтың емес, рулық бірлестіктің атауы ретінде ғана қолданылған «монгол» этнонимін қайта жаңғыртып, оны халықтық этнонимге айналдырған шын мәнінде Темучин (Шыңғысхан) болды. Мұны академик В.В. Бартольдтың өзі де мойындал: «...Темучин объявил себя преемником монгольских каганов, восстановил название рода монгол и принял ханский титул» деп жазады<sup>295</sup>. Шыңғыс төңірегіне алғаш топтасқан рулардың оған дейін шын мәнінде Шибей татарлары деген атаумен белгілі болғаны белгілі. Ал енді Есүй татарлары, Отыз татарлар, Тоғыз татарлар деген тайпалық бірлестіктер құрамында түркі тілдес тайпалардың біразының жүргені де мәлім. Осындай себептер кейбір зерттеушілерді керейттерді монгол тілдестерге жатқызатын қате көзқарастарға ұрындырды.

Керейттердің Тұңғыс-манчжур тайпаларымен о баста көрші, тіптен кейде аралас тұруға мәжбүр болғандарын Рашид-аддиннің мәліметтерінен де аңғара аламыз. Ол керейттердің жайлай-қыстауларының Онон, Керулен, Бүрхан-Халдун, Қалайыр, Селенга, Баргуджин-Токум тәрізді өзендер мен көлдер бойла-рында орналасқандарын атап көрсетеді<sup>296</sup>. Бұл жерлерде монгол тілдестер де көшіп-қонып жүрді ғой. Егер керейттер о бастан-ақ монгол тілдес болған болса онда олар осындай ахуалда бірденмен-ақ монголдарға айналып кетулері керек еді. Алайда олай бола қоймады. Оның себебі керейттер түркі тілдестер ұрпақтары болатын.

Аталған өнірлерден керейттер Шыңғысхан жаулауының алдындағы кезеңдерде де көп жылжи қойған жоқ. Монгол тарихын жақсы билетін З. Қинаятулұның айтуынша XI-XII ғасырларда Тола, Селенге өзендерінен оңтүстікке Монгол шөліне дейінгі

<sup>295</sup> Бартольд В.В. Образование империи Чингиз-хана // Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 2002. – 557-б.

<sup>296</sup> Рашид-ад-Дин. Сборник летописей в трех томах. Т.1. – М.-Л., 1952. – 74-б.

аймақтарда көшіп жүрді. Олар батысында наймандармен, Солтүстігінде меркіттермен, оңтүстігінде ежелгі монголдармен, шығысында Танғұттың Ся мемлекетімен шектесіп жатты<sup>297</sup>. Ия, сандаған ғасырлар бойы монгол тілдестермен қоян-қолтық араласып, көрші, құда-жеккәт болса да керейттер монгол бола алмады. Бола алмайтын да еді. Өйткені олар тек монголдармен ғана көрші болып қойған жоқ, олардың батыстағы және солтүстіктең көршілері түркі тілдестер болатын. Осындайда керейттер кім боламыз деп бас қатырмай, аталған екі тілдеде жақсы сөйлей тұрса да, бәрібір ататегінен айнымай, түркі тайпасы болып қалды.

Керейлер тарихындағы тағы бір елеулі мәселе – Қазақ халқы құрамындағы керейлер мен керейттердің арақатынасына байланысты әртүрлі көзқарастардың орын алулары дер едік. Бұл екеуін бір тайпа ретінде қарастыратын ғалымдар арасында Н.А. Аристов, В.В. Бартольд, М. Тынышбаев, Р.Г. Күзеев, М. Мұқанов бар. Сонымен қатар оларды екі бөлек тайпа ретінде қарастыратын ғалымдар да бар екендігін айта кеткен жән. Олардың қатарына мысал үшін X. Ховорс, Г. Грумм-Гржимайло жатады. Шындығына қошсек, «Керей» этнонимімен «Керейт» этнонимінің арасында елеулі алшақтық жоқ. Соңғысына жалғанған «Т» жүрнағы көптік белгіні білдіретіндіктен, «Керейт» атауы «Керей» дегенді анғартады. Осының өзі-ақ керейлер мен керейттердің тарихи тамырларының ортақ екендігін анғартады. Мұндайда «олай болса бұлар неге және қашан бөлінген?» деген занды сауал туындейды. Бұған жауап іздестіруде де зерттеушілердің пікірлері алшақ кетеді. Олардың арасында Керейт этнонимін III – IV ғасырлардан белгілі деп көрсетіп жүргендер де бар. Алайда жазбаша деректер бұл этнонимін IX ғасырдың басына дейін тарихқа белгілі бола қоймағанын байқатады. Осыған байланысты керейттердің батысқа қоныс аударуларын X-XIII ғасырлармен байланыстыра қарастыру қажеттігі туындейды. Бұл кезенде екі түрлі үлкен тарихи оқиғалардың – монгол тілдес қидандар мен монголдардың өздерінің түркі халықтары мекендейтін аймақтарға баса-көктеп кіргендері белгілі. Бұлардың алғашқысы керейттерді құтындағы қойған жоқ, өйткені бұл тұста

<sup>297</sup> Қиянатұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар. – Астана, 2001. – 12-б.

керейттерде қидандарға елеулі қарсылық көрсете алатындаі іргелі мемлекет қалыптаса қойған жоқ еді. Оның үстіне қидандар Жетісуды басып алушен шектелді. Егер керейттер Қидан жаулауы кезінде екіге бөлініп кеткен болса, онда олар Шыңғысханға қарсы тұра алатындаі мықты хандық құра алмас еді. Осы айтылғандар, Қазақстанның батысындағы, Арап теңізі бойындағы керейттер Шыңғысханның керейлерге жасаған 1203 жылғы жорығынан кейін батысқа бөлініп көшкендер деп жүргендердің пікірінің шындыққа жақын келетінін байқатады.

<b>№</b>	<b>Рұтайналар аттары</b>	<b>3 А.Левшиннің мәліметтері (1832 ж.)</b>	<b>7 М.Гротековтың мәліметтері (1889 ж.)</b>	<b>8 И.Добросмыловтың мәліметтері (1895 ж.)</b>	<b>9 М.Тынышпаевтың мәліметтері</b>	<b>10 С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)</b>	<b>11 Н.Мынжаниң мәліметтері (1987 ж.)</b>	<b>12 Х.Арғыналас М.Мұсанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)</b>	<b>17 А.Сейдімбек мәліметтері бойынша</b>
<b>1</b>	<b>2 Керей</b>	<b>+</b>	<b>■</b>	<b>—</b>	<b>X', +</b>	<b>—</b>	<b>+</b>	<b>+</b>	<b>—</b>

## 2.12. Ежелгі Шато түркілөрі немесе Уақ бабалары

Қазакты құраған белгілі арыстардың бірі – Уақ тайпасы. Солай бола тұрса да өткен тарихы туралы тарихи деректер аса аз кездесетін тайпа да осы Уақ. Сондықтан да болар, осы уақытқа дейін оның тарихына қалам тартқан зерттеушілердің қол жеткізген жетістіктері шамалы. Осыны ескерген тарихшы З. Қинаятұлы «бүгінгі буын тарихшылары біздер үшін Уақты зерттеу төнірегінде жаңа жол, соны бағыт іздестіруге тұра келеді. Меніңше, тарихта мұндай із шалуга жетелейтін бір күнгірт сүрлеу бар. Ол Әлкей Марғұлан мен Нығмет Мынжаның IX-XIII ғасырларда Шығыс Монғол құмын мекен еткен

Онгуттарды «Уақтар» деп атаяуы», – деген еді<sup>298</sup>. Тарихи деректерді қуалап отырсақ, тарих тереңінде кейінгі қазақ уақтарының бабалары ежелгі онқұттардан (онгуттардан) бастау алулары әбден мүмкін екенін байқаймыз. Алайда, Онқұт немесе Онғыт атауының тарихи тамырларының да тым тереңде жатқанын ескермеуге болмайды.

Мәселенің ақиқатына көз жеткізу үшін алғаш, әрине, ежелгі қытай жылнамаларына жүгінеміз. Оnda Мұқыра атты қытайлықтарға 277 жылды тұтқын болған кісі туралы айтылады. Оның ұлы Қалған Нөнелер елін негіздеді және Дештіқұмның онтүстігінде қысталап, солтүстігінде мекендеді. Бұл елді Қалған өлген соң оның баласы Танағүй, оナン соң оның ұлы Бати, оナン соң оның баласы Дасуған биледі. «Дасуған өлгеннен кейін оның елі екіге бөлінді де, үлкен ұлы Пиқыбат әке мұрагері болып, шығыс жақты сұрады; екінші ұлы Онғыт өз алдына батыс жақты биледі». Қытайлық Уй патшалығы 386-395 жылдары Нөнелер еліне жорық жасады, және оның барысында «жорықшылар Онғыт баласы Қатағанды және сол Қатағанның аға-бауырлары Көгіш, Залын, Құқриларды, сондай-ақ басқа да жекөкат-жұрағаты болып жүздеген адамды қолға түсіріп, оларды әкеп ұлыс-ұлысқа үлестірді». Батысқа қашпақ болған әрекеті сәтсіздікке ұшыраған Онғытта амалсыздан қытайлықтардың билігін моянындауға мәжбүр болды<sup>299</sup>. Бұл деректерден біз Онқұт атты тарихи тұлғаның Қатаған атты тарихи тұлғамен туыстас болғанын айқын байқаймыз. Айтуға тура келетін нәрсе, осы екі кісі кейіннен Онқұт және Қатаған аталған екі тайпалы елдің негізін салған тәрізді. Онқұттардан Уақ, бәлкім керейлерді құраған т.б. кейбір рулар бөлініп шықса, ал Қатаған атты тарихи тұлға кейінректе қазаққа ғана емес, Орта Азиядағы түркі тайпаларына шашырап кеткен Қатаған ру-тайпалық бірлестіктерінің негізін қалады деген ойдамыз.

Алайда мынаны да ескермеуге болмайды: Онғұт руы III ғасыр сонында Қытай қорғанынан ішкері өтіп қоныстанған 19 ғұн аталарының біріне жататын теріскей Тиек ұлыстары

<sup>298</sup> Қынайтұлы З.Моңғол үстіртін мекен өткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар. – Астана, 2001. – 179-б.

<sup>299</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. – Алматы, 2006. – 91-б.

қатарында аталағы<sup>300</sup>. Тегінде кейінректе шығысқа, қытай шекарасына жылжыған Уақтың бабалары болып саналатын Түркі Шато, осы ғұндардан тараған онқұттар ұрпақтарына барып қосылған деуге негіз бар. Айта кетер тағы бір мәселе, тарихшылар арасында Онқұт этнонимінің өзінің шығуына байланысты әртүрлі қозқарастар бар. Мысалы, тарихшы З. Қинаятулы бұл сөздің «Онғон мекенін корғаушылар» деген мағынаны білдіретінін айтады<sup>301</sup>.

Әбілғазыда бұл басқашалау түсіндіріледі: қытайлар Ұлы Қытай «қорғанын «унгуг» деп атап, ал қабырғаны қорғайтындарды «унгут» деген»<sup>302</sup>. Әбілғазының айтуынша бұл «унгуттар» түркі руладынан құралған және оларға қорған қақпасын күзеткендері үшін қытайлықтар керек-жақтарын беріп тұрган. Г.Е. Грумм-Гржимайлоның ойынша онқұттар аса жауынгер Шато түркілерінің ұрпағы болса, ал Л. Гумилов оларды «ғұндардың ең соңғы жүрнағы» ретінде қабылдайды. Алайда Л. Гумилов та Шато түркілерінің ғұндардан шыққандарын мойындайды. «Онғұттар, – деп жазады ол, – Ишань тауларында қытай қамалын қуалай тұратын да, Маньчжур императорларының Кинь (Цзинь) әулетіне шекарадағы күзетшілер ретінде қызмет ететін. өзге де көптеген қошпелі тайпалар секілді, онғұттар да қытай цивилизациясының материалдық игіліктерін ықыласпен қабылдайды да, қытайдың рухани мәдениеті мен идеологиясынан үзілді-кесілді бас тартады. Сол себепті де олар несториан дінінің адаптациясы болып шығады»<sup>303</sup>. Бұл жерде ескерткіш кетер бір мәселе, онқұттардың несториан дінін қабылдаудары XI ғасырдың басына жатады. Онқұттардың арғы тегін анықтап алмайынша олардың кейінгі уақтардың тарихи тамыры болып табылатынына көз жеткізу қын. Сондыктан да бұл мәселе аса маңызды.

Осы орайда айта кетер бір мәселе, В. Бартольд, Л. Гумилев тәрізді кәсіби зерттеушілер түркі шатоларды онқұттардың бабалары деп санайды. Алғашқысының ойынша бұлар батыс

<sup>300</sup> Қытай жылнамаларындағы қазак тарихының деректері. – Алматы, 2006. – 8-б.

<sup>301</sup> Қинаятулы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар. – Астана, 2001. – 181-б.

<sup>302</sup> Абуль-Газі-Багадур-хан. Родословное древо тюроков. – Ташкент, 1996. – 36-б.

<sup>303</sup> Гумилов Л.Н. Қиял патшалығын іздеу: «Пірадар Иоанның мемлекеті» туралы ақыл. – Алматы, 1991. – 111- б.

түркілөрі Шөлден шыққан. Қытайлар мұны Чуюе деп жазады. Ал қытайшадан аударғанда Шато «құмды шөл» деген мағынаны білдіреді. Сонымен Шато түркілөрі батыстағы чуюелерден шыққан болып шығады. VII ғасырда Шато Баркөл (Барыскөл) маңын мекен еткен. Алайда мұнда бейбіт өмір сүру тибеттіктердің жойқын шабуылдарына байланысты мүмкін болмады. Осыған байланысты олар батысқа таман ойысып, 712 жылдан бастап Бешбалық маңын мекен етті. 808 жылы осы жерден оларды тағы да тибеттіктер күп шығып, енді олар қытайлар мекендейтін аймаққа қоныс аударуға мәжбүр болды. Жаугершілікпен өмірлерін өткізген олардың өздері де жауынгер болып алды. Сондықтан да қытайлықтар оларды әскери максатқа пайдаланды. Мысалы, Қытайдағы Хуан Чаоның кетерлісін басып-жаныштауда олар белсенділік көрсетті. X ғасырда түркішатолар Хэнань провинциясында бірін-бірі жеделдете ауыстырган үш бірдей династияны негізdedі (923-936 жылдардағы Кейінгі Тан, 936-947 жылдардағы Кейінгі Цзинь, 947-951 жылдардағы Кейінгі Хань). Айта кетер бір нәрсе, түркі шатоларды мұсылман деректері Тоғызы оғызға жатқызады<sup>304</sup>.

Жогарыда айтылғандардан шығатын қорытынды, Батыс түркінің Чуюе немесе Чұлық тайпасына жататын, кейінрек Ұлы Қытай қорған бойын жағалай көшіп жүрген онқұттар бірлестігіне кірген Уақтың байырғы бабалары тарих тәлкегімен амалсыздан шығысқа қоныс аударып, кейінгі Монголияның оңтүстігіндегі қытаймен шекаралық аймақтан орын тебуге мәжбүр болған. Осыған байланысты оларды Рашид-ад-диннің өзі де монғол деп айта алмай, оларды «монголдарға да, ұйғырларға да жатпайтын», «мифтік Оғызхан бабадан шыққан, монғолдарға ұқсайтын далалық тайпалардан» деп көрсетуге мәжбүр болған еді<sup>305</sup>. Айта кеткен жөн, мұндай этностық шығу тегі белгісіздер қатарына Рашид-ад-дин онқұттармен бірге кейінгі қазакты құраған керейттерді, наймандарды да жатқызған болатын<sup>306</sup>. Әрине, ол кезде Рашид-ад-диннің қолында бұл тайпалардың ежелгі түркілерге жататындықтарын бұлтартпай дәлелдерлікте деректер болған жоқ. Сондықтан да ол үзілді-кесілді пікірге бара алмады.

<sup>304</sup> Бартольд В.В. Тюрки (историко-этнографический обзор) // Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 2002. – 580-581-б.

<sup>305</sup> Рашид-эд-дин. Сборник летописей. Пер.И.Н.Березина. – СПб., 1858. – 70-,7-8-,129-б.

<sup>306</sup> Рашид-эд-дин. Сборник летописей. Пер.И.Н.Березина. – СПб., 1858. – 70-,78-б.

Бұғінде ғана бұл тайпалық бірлестіктердің кейінгі орта ғасырлардағы Алаш қауымдастыры құрамын толықтыргандары айқындалып отырғанда, олардың түркілік тегіне күмәндандан арылуға тұра келетінін айта кетуді жөн санаймыз. Пікірімізді Л. Гумилевке сүйене отырып дәлелдеуге мүмкіндік бар. Әйткені Л. Гумилев Рашид-ад-дин тәрізді күмәнді ой тастамай, бұл мәселеде әлдекайда нақты айта алады. Ол біз онқұттардың арғы бабалары деп отырған батыстағы Чуюе (Алты Чу) тайпаларынан VII ғасырдың орта шенінде шатолардың бөлініп шыққандарын жөн қытай жылнамаларында олар түркілердің батыстағы көршілері ретінде көрсетілгендерін атап көрсетеді<sup>307</sup>. Бұл шынында да осылай.

Ал енді арғы бабалары Жетісу аймағында өмір сүрген түркі тілдес онқұттардың бабалары неге шығысқа жылжи бастаған дегенге келер болсақ, мынаны айтуға тиіспіз: Ышбара қаған 633 жылы Жетісудағы Он оқ елін күрудың әкімшілік реформасын қолға алған кезде мыңты тайпалар көсемдерін өзіне шақырып, оларға бір-бірден садақ жебелерін, барлығы он жебе таратты. Кейіннен Тұргеш қағанаты аталған бұл мемлекет әкімшілік басқару тұрғысынан «Он оқ елі» деп те аталағын болды. Қағанның қалауымен оқ, яғни жебе алып билікке қол жеткізгендер арасында қарлықтар, яғмалар, қыпшақтар, басмылдар, сондай-ақ ежелгі хұндардың мұрагерлері Чуюе, Чуми және Шато тайпалары жоқ еді. Әсіреле соңғылар Ышбараның бұл шешіміне қатты наразы болды. Өйткені оларға туыстас Чумуғен және Чубан тайпалары билікке қол жеткізіп, қағаннан жебелер алды. Осыдан соң бұлар шығыстағы Баркөлдің айналасындағы Шато дала-сына қоюыс аударып, қытайлықтармен келіссөз жургізе бастады. Осы кезден бастап бұрын Чуюе атанған түркілер енді Шато түркілер деген атауға ие болды. Дегенмен де, олардың түпкі мақсаты Жетісудағы билікті тартып алу еді. Алайда өзара билікке таласқан қытайдағы Суй және Тан әүлеттері бұларға дер кезінде қолдау көрсете алған жоқ<sup>308</sup>.

711 жылдың сонына қарай тибеттіктер Батысқа жойқын жорықты бастаған кезде олардан қашқан Шато тайпасы өзінің

<sup>307</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 341-342-б.

<sup>308</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 213-214-б.

Баркөл көлі айналасындағы мекендерін тастанап, Жоңғариядағы Бэйтинді қорғап тұрған Қытай императорының қол астына келіп паналады<sup>309</sup>. 790 жылы Шато бәрібір Тибетке бағынуға мәжбур болды. Алайда этностық тұрғыдан мүлде басқа, діни тұрғыдан манихей түркілеріне тіптен жат Будданы ұстанатын тибеттіктермен Шато түркілерінің жақындастулары Л. Гумилевтің сөзімен айтқанда «идеологиялық» тұрғыдан мүлде мүмкін емес еді. Сондықтан да Шато 808 жылы Тибетке қарсы ашық көтеріліске шығып, Қытайдың қол астына өтіп кетті<sup>310</sup>. 821 жылы Тибет пен Қытайдың арасында достық келісім шартының жасалуы<sup>311</sup> және 840 жылы қырғыздардың Қытайдың ата жауы – үйғырларды талқандауы Шато түркілерінің қытаймен шекара-дағы аймақтағы өмірлерін женілдете түсті. Енді олар ешкімге жалтақтамай, қытайлықтардың ықпалындаған өмір суре бастады. Біздің ойымызша, шатолардың Онқұт атанатындары да осы тұс. Тегінде жоғарыда атап көрсеткеніміздей, ғұндардың қалдығы ретінде III ғасырда-ақ Қытай қорғаны маңында өмір сүрген теріскей Тиектен шыққан Онқұт атасы батыстан келген Шато түркілерін өздеріне қосып алыш, олардың да Онқұт аталуларына ықпал еткен тәрізді. Қытайлықтардың тибеттерден қашып келген Шато түркілерін IX ғасырдан бастап татарлар, ал шығыстағы қидандар болса оларды Цзубу деп атағандары да белгілі. Шато түркілері, яғни онқұттар Ақ татар атананды. Осыған байланысты Л. Гумилев былай деп жазады: «Гоби шөлінің түскейінде, қытай қамалын бойлай қонған көшпелілер ақ татарлар деп аталатын. Олардың басым көпшілігі түркі тілді онқұттар (Шато ұрпақтары) болатын. Өз билеушілері – қидандардан, көршілері – қытайлардан айырылыш қалған дербестігінің есесіне, осынау көшпелілер аздал цивилизация элементтерін игереді. Олар жібектен киім киіш, кәрлен және күміс аяқ-табақтан ауқаттанатын, қытайша сауатын ашып, Конфуций философиясын оқып үйренген, билік мұра болып берілетін көсемдері болған»<sup>312</sup>.

<sup>309</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 301-б.

<sup>310</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 454-455-6.

<sup>311</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 416-417-б.

<sup>312</sup> Гумилев Л.Н. Қыял патшалығын іздеу: «Пірадар Иоанның мемлекеті» туралы аныз. – Алматы, 1991. – 109-б.

Х ғасырда қидандардың оңтүстік батысында шатолардың мемлекеті дүниеге келді. Екі күшті мемлекеттің – қидандардың және Тан, онан соң Сун әулеттері билеген қуатты қытай мемлекетінің арасында тұрып, өздерін өздері сақтап қалудың бірден-бір дұрыс жолы жеке мемлекет құру екендігін Шато түркілері дұрыс түсінді. Алайда XI ғасырдың алғашқы онжылдығында ак татарлар мекендейтін көшпелілер (бұлардың қатарында Шато да бар) даласы шығыстағы манчжур тілдес қидандардың Ляо мемлекетінен азап шекті. Қидандар әбден күшейіп алған соң Керейт бабалары құрамына кіретін Қара татарларға да, сондай-ақ, Орхон бойындағы Тогыз оғыздарға да үстемдік жасап, оларды өздеріне салық төлефтіріп койды.

Тілдері басқа болғанымен де көшпелі қидандар Түркі шатолардың, яғни онқұттардың шығыстағы ең жақын орналасқан көршілері еді. Сондыктan да, біздің ойымызша, қидандар өздерінің тілдеріне қосымша түркі тілінде де жақсы сөйлесе алды. Олардың кейіннен батыстағы Жетісуға жылжыған бөліктері сондықтан да ондағы түркілерге сіңісп кете алды. Қидандардан солтүстік шығыста Өмір (Амур) және Сунғари өзендерінен оңтүстікке қарайғы алқапта олардың ата жаулары чжурчжендер орналасқан еді. Бұлар XI ғасыр сонында және XII ғасырдың алғашқы ширегінде әбден күшейіп алып, қидандарға да, олардың оңтүстікегі көршілері қытайларға да тыныштық бермейтін болды. Ақырында осы нюочжиліктердің (чжурчжендердің) үздіксіз шабуылынан 1125 жылы қидандардың қуатты Ляо мемлекеті құлады.

Осының алдында ғана төніп келе жатқан кательлі қауіпті алдын ала сезінген Қидан ханзадасы Елюй Даши бастаған адабан қидандар батысқа қашып кетті. «Ол «Қараөзенді» (Харамурэнді) көктей өтіп, онғұттар арасына барып шығады, олар бұған 400 ат, 20 түйе, мың қой тарту-таралғы береді. Бұл шөлді басып өтуге қажет, болмашы ғана қорек еді. Әрбір сарбаз өзінің ереуіл атынан басқа, бір жүк көлгін және қосар ат алады. Соғыс жабдықтары мен отынды түйелерге артуға болады, ал иен далада қой атаулы – жылжымалы ауқат қорығой. Онқұттардың көмегі арқасында, Елюй Даши сүйт жүріп отырып, Гобиді үш тәулікте басып өтеді де, Қидан империясының батыстағы ең шеткі пункті Хотунь бекінісіне жестеді. Айрықша маңызы

болғандықтан да, бұл бекіністің 20 мың әскері бар болатын, бекініс ләм демей, Елюй Дашиге бағынады»<sup>313</sup>. Күшейіп алыш, мұнан ері Жетісу өңіріне аяқ басқан және сонда қидандардың қарақытайлар мемлекетін құрған Елюй Дашидің осылай нығаюына онғұттар тікелей көмек көрсеткен еді.

Алайда Ұлы даладағы көшпелілерге, оның ішінде кейінгі уақтардың байырғы бабалары онқұттар да бар, қидандарды тықсырған чжурчжендер де үстемдік жасап тұра алмады. Қытайдағы Сун империясына қарсы үздіксіз құрес чжурчжендердің қолын байлады. Олар 1135 жылдан бастап ғана көшпелілерге қарсы белсенді жорыққа аттана алды. Алайда бұл кезде тарих сахнасына шыққан монғолдар көшпелілердің құресін басқарып, 1147 жылы чжурчжендерді біржолата талқандады. Осы кезден бастап Ұлы даладағы көшпендейлер, олардың арасында онқұттар да бар, солтүстіктегі қөршілері монғолдардың саяси қуатты күшке айналғанын айқын сезіне бастады<sup>314</sup>.

Онқұттар, қөршілері қидандар тәрізді о бастан-ақ, өздеріне дәстүр-салттары жақын монғолдардың билігін мойындауға бейім тұрды. Бұл 1202 жылы Шыңғысхан Ақ татарларды талқандаған соң нақты іске аса бастады<sup>315</sup>. Дегенмен де, онғұттар түркі тілдес болғандықтан о бастан-ақ наймандар мен керейттерге жақын еді. Осыны пайдаланған Найманның Таян ханы Кексау Сабрақ батырдың тоқтау салғанына қарамай, онғұттардың билеушісі Алакұска өзінің Торбытас деген елшісін аттандырып, төмендегіше қолқа салды: «Күншығыстағы аздаған монғолдар қыр қөрсетуде. Сен оң қол болып аттан. Мен бұл жерден селбесіп, екеуміз сол аз монғолдың қорамсағын тартып алайық». Бұл ұсыныстан ашықтан-ашық бас тартып, жатқан жыланың құйрығын басудың аса қауіптілігін жақсы түсіне білген онқұттардың басшысы аң аулап жүрген Шыңғысханға өзінің Иокұнан деген елшісін жұмсап, оны алдын ала сақтандырып: «Жауға қорамсағынды алғызбағайсың», – деді<sup>316</sup>.

<sup>313</sup> Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу: «Пірадар Иоанның мемлекеті» туралы аныз. – Алматы, 1991. – 125-б.

<sup>314</sup> Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу: «Пірадар Иоанның мемлекеті» туралы аныз. – Алматы, 1991. – 110-118-б.

<sup>315</sup> Монғолдың құпия шежіресі (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі). – Алматы, 1998. – 94-б.

<sup>316</sup> Монғолдың құпия шежіресі (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі). – Алматы, 1998. – 120-121-б.

1204 жылы Шыңғысхан наймандарды күйретіп жеңді. Арада екі жыл өткен соң, Онон өзені жағасында киіз туырлықты елдер Шыңғысты жинаңгер жариялап, тоғыз туырлықты ту көтергенде, осы салтанатқа қатысқан 95 нојянның қатарында Онқұттық Алақұс та болды. Бұл кезде оның әскері бес мың Онқуттан тұратын, ал оның өзі болса Шыңғысханға күйеу еді<sup>317</sup>. Осы мәселені бүге-шүгесіне дейін тыңғылықты зерттеген З. Қинаятұлы Онқұт Алақұстың Шыңғысханның өзінің қызы Алага бикеге қалай үйленгенін нақты жазады<sup>318</sup>. Ұрыстарда адалдықтарын дәлелдеген онқұттар мен қидандарға Шыңғысхан ерекше сенім білдіріп, әскерлеріне осылардан мыңбасылар тағайындауға тырысты. Онқұттар шынында да Шыңғыска ғана емес, оның ізбасарларына да тиянақты қызмет жасады. XIII ғасырдың сонында Ұлы хан Құбылай мен Жетісуды билеген Хайдудын арасында тартыс орын алған кезде де олар Ұлы ханға адал болып, Хайду әскерлерін Селенгіден асырмай тоқтатып таставды<sup>319</sup>.

Ал енді онқұттардың батысқа жылжулары қалай және қашан басталды деген сауалға жауап іздер болсақ, бұған бірден-бір тинақты жауапты тағы да З. Қинаятұлынан табамыз. Зерттеушінің ойыниша, XIV ғасырдың екінші жартысына дейін онқұттар «қазіргі ҚХР Ішкі Монголияның Хишигтән хонушының Далайинор жағасындағы Инчань қаласы төңірегіне келіп шоғырланды. Мин патшалығы 1388 жылы 130 мың қолмен Инчаньды басып алады да, монгол-туркілер батысқа шегінуге мәжбүр болады»<sup>320</sup>. Бұдан анғаралынымыз, онқұттар осы кезеңде монголдармен ынтымақтарының нығаюына байланысты тағы да солтустік батысқа жылжып, өздерінің байырғы бабалары VII-VIII ғасырлардағы Шато түркілерінің тарихи отанына қарай ығысқан. Мұның өзі онқұттарды керейттерге көрші етіп, олардың саяси және этностық түрғыдан жақындаса түсуперіне негіз

<sup>317</sup> Монголдың құдия шежіресі (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі). – Алматы, 1998. – 142-143-б.

<sup>318</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар. – Астана, 2001. – 181-б.

<sup>319</sup> Гумилов Л.Н. Қырал патшалығын іздеу: «Пірадар Иоанның мемлекеті» туралы аңыз. – Алматы, 1991. – 384-б

<sup>320</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар. – Астана, 2001. – 198-199 -б.

қалады. Түркі тілдес тайпалар арасынан қайта оралу ежелгі қытай тіліндегі Онқұт атауының біртіндеп қолданыстан шығуна ықпал етті.

Тегінде онқұттар XV ғасыр басында керейттермен және арғындармен бірге байырғы Шағатай ұлысының шығыс болігі Моголстан аймағын жайлады және осындағы Ақсак Темірдің ізбасарларына қарсы дүрбелендерге араласуға мәжбүр болды. Өзінің түркі тілдес бауырластарымен бірге жүрсе де уақтар XVI ғасырға дейін Онқұт атанып қала берді. Өйткені XVI ғасырда ферғаналық молда Сайф ад-дин Ахсикенти жазған «Маджму ат-таварихта» («Тарих жинағы») олар 92 баулы өзбек тайпалары арасында керейттерден соң 41-тайпа ретінде аталады<sup>321</sup>.

Ал уақтардың әйгілі «Жаубасар» ұраны XVI ғасырдың соңында және XVII ғасыр басында өмір сурген, қалмаққа қарсы ерлікте ерекше көзге түскен тарихи тұлғаның есімімен байланысты болса керек. Тегінде онқұттардың Уақ атанулары да осы Жаубасар батырдың тұсында жүзеге асқан деген ойдамыз. Өйткені, біріншіден, ұзак уақыт алғаш Алтын Орда, онан соң Ноғай Ордасы құрамында болған онқұттар мүлде қыпшақтанып кеткен еді. Енді оларды бұрынғыша, қытайша Онқұт атаудың өзі де ерсі бола бастады. Екіншіден, Жаубасардың онқұттардан қалмаққа қарсы бастап шыққан эскерінің саны онша көп болмаған тәрізді, олай дейтін себебіміз, «Жаубасарды» қазакта аз санды Уақ тайпасынан басқа Орта жүз тайпаларының ешқайсысы да өздеріне ұран ете қоймаған. Тіптен, 1820 жылдың өзінде де олар көбейе қоймаған. Уақтар бұл кезде Торғай дала-сында 2500 тұтінді құраса, ал Орта жүзде 6000 тұтін шамасында болды<sup>322</sup>. Бұл дегенің 40 мындағы адам дегенді білдіреді. Міне осыған байланысты «аз сандылар» деген тұснік, немесе Уақ этнонимі жарыққа шықты. Үшіншіден, Жаубасардың тек Уақ тайпасына ғана ұран болып қалуы, оның есімінің басқа қазақ тайпаларының рулық шежірелерінде кездеспеуі, және ең соңында, Уақ тайпасының рулық шежіресінің Уақ деген тарихи тұлғадан емес, осы Жаубасардан басталуы жоғарыдағы «Уақ» этнонимі Жаубасар заманынан, яғни XVI ғасыр соңынан бастау алады деген пікірміздің дұрыстығын дәлелдей түседі. Алайда

<sup>321</sup> Материалы по истории кыргызов и Кыргызстана. – Бишкек, 2002. – 230-6.

<sup>322</sup> Уақ // Казак Совет Энциклопедиясы. – 11-том. – 272-6.

бұдан бұған дейін Уақ тайпасы болмаған деген біржакты қорытынды туындауы керек. Оның тарихи тамырларының ортағасырларда ғана емес, ежелгі дәуірде жатқанын жоғарыда нақты материалдармен дәлелдедік емес не?

Уақтың кейін қазақты құраган Орта жүз тайпаларына жақындасу тарихына байланысты кейбір деректерді әйгілі А.И. Левшиннен кездестіре аламыз. Ол Алашаның соңынан ілескен үш жүз жауынгердің ортажүзінің басшысы Дайырқожа-ның өзінің соңына ілескендерді Ор өзені бойына қоныстандырғаны, осында олардың оны хан көтергендері туралы 1820 жылы «Сибирский вестнике» жарияланған аңызды баяндайды. Дайырқожа қайтыс болған соң оның орнын баласы Қарақожа басты және ол өзінің иеліктерін – Арғынға, Найманға, Қыпшаққа, Уаққа, Керейге бөліп берді<sup>323</sup>.

Мұндағы Қарақожаға келер болсақ, оның XIV ғасырда және XV ғасыр басында Әмір сүргені, Тоқтамысханға қызмет етіп, оның атынан Қытайға жорыққа аттанғалы отырған Әмір Темірге елшілікке барғаны белгілі<sup>324</sup>. Егер шежіре бойынша Уақ Жаубасардан таратылса, Жаубасар осы Қарақожадан кейінгі ұрпақтар қатарына жатады, бірақ оны шежіре Қарақожа ұрпағына тікелей жатқыза қоймайды. Мұның себебі, Уақ тайпасының Орта жүз құрамына кейінректе қосылуларынан болса керек. Жаубасардан кейінгі Уақтардың атасы әйгілі Қамбар батыр<sup>325</sup>. Ол XVII ғасыр басында Әмір сүрген тарихи тұғыға. Одан Ер Кекше мен Ер Қосай тәрізді батырлар тарайды. Жаубасар атапарын қалмаққа қарсы шапқыншылықта жауынгерлік ұранға айналдырып жүрген осылар.

Тағы бір айтпай кетуге болмайтын мәселе, Уақ тайпасының Керей тайпасымен туыстығы туралы мәселе, А. Левшин Тәүке ханының жонғар шапқыншылығына байланысты аз санды уактарды керейлерге қосқаны туралы айтады<sup>326</sup>. Шындығында да олардың жауынгерлік ұрандары бөлек болғанымен рулық

<sup>323</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, 1996. – 147-б.

<sup>324</sup> Зимин Л. Подробности смерти Тимура // Тамерлан. Жизнь и деяния. Хроника великих завоеваний. – Алматы, 2003. – 316-317-б.

<sup>325</sup> «Қамбар батыр» // Қазақ Совет Энциклопедиясы. – 6 том. – 440-441-б.

<sup>326</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, 1996. – 290-б.

таңбалары үқсас. Елде сақталып қалған дерекке жүгінер болсақ, Жаубасар өлген соң оның бәйбішесі қайнағасы Ойшыбайға (Керейдің) экесіне тұрмысқа шыққан<sup>327</sup>. Бұл айтылғанды, аңыз бола тұрса да, зерттеушілер әзірге теріске шығара алған жоқ. Онда тарихи шындықтың негізі болуы әбден мүмкін. Ия, бұгінде қазақ халқын құрап отырған Орта жүз арыстарының бірі – уақтардың қалыптасу тарихының қысқаша ежелгі баяны осындан.

№	Ру-тайпалар аттары	3 А.Левшиннің мәліметтері (1832 ж.)	4 М.Гролековтың мәліметтері (1889 ж.)	5 И.Добросмыловтың мәліметтері (1895 ж.)	6 М.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	7 С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	8 Н.Мынжанның мәліметтері (1987 ж.)	9 Х.Арғылаев М.Мұқанов Б.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	10 А.Сейдімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2 Уақ	✓	X	+	✓, X	✓	✓	X	✓

<sup>327</sup>Уақ // Қазақ Совет Энциклопедиясы. – 11-том. – 271-б.

# **III ТАРАУ**

## **«АЛАШ» ҚАУЫМДАСТЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ӘТНО-ӘЛЕУМЕТТИК НЕГІЗДЕР**

---

### **3.1. Жалайыр этнониміне жаңаша көзқарас**

**О** баста Меркі атанған Жалайыр этнонимі тарихшыларымыздың тарихи-зерттеу карталарында X ғасырдан бастап ғана жазыла бастады. Хүннү мемлекеті (б.з.д. III-I ғ.), Сянби мемлекеті (I-IV ғ.), Жужан қаганаты (IV-VII ғ.), Түркі қаганаты (VI-VIII ғ.), Үйғыр қаганаты (VIII-IX ғ.) тәрізді мемлекеттердің тарихи карталарында бұл этноним кездеспейді<sup>328</sup>. Бұдан Жалайыр деген атаумен бұл тайпаның әлі де тарих сахнасына шыға қоймағанын аңғарамыз. Алайда бұдан осы тайпаны құраган көптеген рулар (олар туралы біз алда арнайы әнгімелейміз) X ғасырға дейін тарихта болмаған деген қате қорытынды шықпауы тиіс. Жалайыр тайпасына кірген рулар тарихы теренде жатыр.

Дей тұрсақ та, Жалайыр тайпасы Қидан империясы құрылған тұстан (X-XII ғ.) бастап, өзі осы мемлекетке кірмесе де,

---

<sup>328</sup> Қараңыз: История Монгольской Народной Республики. – М., 1983. – 98-, 104-, 107-, 114-, 117-б.

солтүстік шығыстағы көрші тайпа ретінде тарихи карталарда бейнелене бастады<sup>329</sup>. Мұның себебі – тарихшылар Жалайыр атауын X ғасырдың шыргалаң оқиғаларын баяндаганда ауызға алатын болды. Жалайырлар бұл тұста яғни X-XI ғасырларда қазіргі Монголияның Онон өзені алқаптарын жайлап жатты<sup>330</sup>. Жалайыр этномимінің де әйгілене түсетін тұсы осы кез.

Солай бола тұрса да Жалайыр этномимінің мән-мағынасы бүгінгі тарихқа дейін анықталмай, мұның өзі әртүрлі азыз-әңгімелердің тиегін ағытып келді. Оқырманға алдын ала ескертетін бір мәселе – бүгінгі жалайырлар өздерінің өртедегі шежірелерін ұмытып қалғандықтан, тарихи азыздарда монғол жаулауынан кейінгі және Қазақ хандығы тұсындағы ахуалдар ішінара көрініс беріп отырады. Бұл азыздардың тарихи дерек ретінде маңыздары шамалы болғандықтан олардың мазмұндағына қысқаша тоқталамыз:

Алғашқы азызды жазушы Қойшиғара Салғараұлы келтіреді. Бұл бойынша Жалайырдың шын есімі Құдайберген екен-міс. Ол жауға карсы асығып жүген-ноқтасыз айғырды жайдақ мініп шапқанда, жылқының жалын айырып жіберіпті-міс. Осыдан соң ол Жалайыр атанып кетіп<sup>331</sup>. Жылқының жалын айырған Құдайбергеннің орнына Қабыланның есімін айтатын азыз да бар<sup>332</sup>.

Белгілі қазақ жазушысы С. Мұқанов тағы бір азыз келтіріпті. Ол бойынша Жалайырдың шын аты Жансақал екен. Ол аң аулап жүргенде құлан айғырының жалын сырыпты-мыс.

Содан Жансақал Жалайыр атанса керек<sup>333</sup>.

Жалайырды Үйсіннен немесе Мекіреден тарататын шежіре-азыздар да баршылық<sup>334</sup>. Кейбір шежірлерде Мекіре Меркі деп беріледі. Мұндайда әрбір азызда тарихи шындықтың ұшыны бар екендігін ұмытуға болмайды.

Сонымен қатар бұл азыздар тарихи шындықты толық ашып отыр деп те айта алмаймыз. Азыздардағыдай Жалайырдың

<sup>329</sup> Сонда. – 162-б.

<sup>330</sup> Каратаев О. Кыргыз этномимдер сөздүгү. – Бишкек, 2003. – 67-б.

<sup>331</sup> Салғараұлы К. Қазактың қылы тарихы: Роман-эссе. – Алматы, 1992. – 189-190-б.

<sup>332</sup> Толқынбекұлы Р. Жалайыр: он екі ата. Шежіре. – Алматы, 2000. – 12-б.

<sup>333</sup> Сонда. – 11-б.

<sup>334</sup> Толқынбекұлы Р. Жалайыр: он екі ата. Шежіре. – 12-б.

Құдайберген немесе Қабылан болуы мүмкін емес. Себебі «Құдай» деген ұғымның өзі түркі-монгол дәүірінің сөзі емес, оның «Тәңірінің» орнына қолданысқа кіруі кейінгі парсылардың ықпалымен байланысты. Қабылан атауы да Жалайырды алмастыра алмайды. Өйткені ол Жалайыр тайпасына кейінректе Қазақ хандығы тұсында ұран ретінде қабылданған. Мынаны да ұмытпауымыз керек – алғаш тайпа құралады, атау алады, ал ортақ ұран болса кейіннен қабылданады. Жансақал да кейінгі қазақ шежіресіндегі тұлға, оның есімі сондықтан да Жалайыр бола алмайды. Жалайырды Үйсіннен немесе Мекіреден тарату да қысынсыз. Шынайы тарихта Үйсін этномимі мен Жалайыр этномимі арасында біраз ғасырлар жатыр. Оның үстіне Жалайыр тәрізді іргелі тайпалардың қалыптасуы, тарих сахнасына шығуы да аса құрделі процесс. Ежелгі тайпалар көбіне озен анғарларында, тау баурайларында тоитасқан әртүрлі руларды біріктірген. Сондықтан да бүкіл тайпа атын жеке кісіге телу қысынсыз. Бізге келіп жеткен Жалайырдың ежелгі шежіресі оның әртүрлі рулардан құралғанын көрсетеді. Ертедегі Жалайыр тайпасын құраған ежелгі рулар тарихына үнілгенде, алда біз бұл мәселелерге арнайы тоқтайтын боламыз. Десек те мынаны да теріске шығара алмаймыз: ежелгі жалайырлар ежелгі жалайырлар X-XI ғасырларда Байқөлдің (Байқалдың) шығысында, Оноң өзенінің солтүстігінде мекендеді. Бұл меркіттер мекендеген аймақтың шығысы. Кезенде Меркі атанаған бұлар X ғасырда қидандардың келуіне байланысты меркіттер атанды. Жалайырлар осы тайпалық одактан бөлініп шықты. Сондықтан да жалайырларды Меркіден тарататын шежіре шындықтан алшақ кете қоймайды. Бізге ортағасырлардан келіп жеткен деректерді байыппен, асықпай-аптықпай жіктеи және басқа мәліметтермен өзара салыстырып оқыр болсак, біздің қорытынды-топшылауларымыздың тарихи шындыққа жақын екендігін анғара түсер едік.

Осы тұрғыдан қаастырғанда әңгімені алғаш Рашид ад-дин Фазуллахтан бастаймыз. Ұлы тарихшының «Джами ат-таварихының» I томын орыс тіліне үш ғалымның аударғаны белгілі. Алғашқы аудармашы профессор И.Н. Березин оны парсы тілінен 1858 жылы аударып, Санкт-Петербургте басып шы-

тарды<sup>335</sup>. Екінші рет бұл еңбек 1952 жылы Л.А. Хетагуровтың және И.О. Смирнованың аудармасымен Мәскеу мен Ленинградта толықтырылып қайта басылды<sup>336</sup>.

Бұл басылымдардан Жалайыр этнониміншы шығуын көрсеттің деректерді іздестіргенде Қалайыр немесе Халайыр деген атауларға кездесеміз. Бір қызығы осы атаулар Жалайыр этнониміне тым жақын және үндес бола тұрса да оларға осы уақытқа дейін бірде-бір зерттеуші назар аудармаған. Ал біздің ойымызша дәл осы Қалайыр атауы Жалайырдың этнониміншы пайда болуының түптамыры және негізі болып табылады. Оқырманға мәселе түсінікті болу үшін Рашид ад-диннің И.Н. Березин аударған басылымынан осыған қатысты үзіндіні қаз-қалпында келтірелік. Онда мынадай жолдар бар: «...во множествъ мъстъ лѣтъ-нихъ и зимнихъ кочевьевъ, извѣстныхъ подъ именемъ Монголіи  
کرايت مغولستان  
и принадлежащихъ племени Кераитъ, каковы  
طلاعن کلوران اوونن  
Ононъ, Келурэнъ, Талань-Балджіюшъ,  
کوکهناور بورقان فالدون بالجيوش  
Бурханъ-Халдунъ, Кокэ-норъ,  
کويین قلوقات بوير ناوار  
Боиръ-норъ, Кулукать, Аргуна  
فلابری سلنگه ارکنه  
Халаиръ, Селенга, Баргуджинъ-Тукумъ  
انکوه قلاجين آلت  
Халахынъ алаты и Онту, при-  
мыкающій къ стынъ Китаймкой: да и нынъ они обитають въ  
означенномъ положеніи. Они разъялись по восьмъ областямъ  
Китая چىنْ Индіи, Кашмира, Иранской земли, Малой Азіи ۲۹,  
شام سیریи مصر и Египта, съ силою и величіемъ, преобладаніемъ  
и самовластіемъ, и подчинили себѣ большую часть странъ  
обитаемаго міра. Отъ этихъ племенъ съ теченіемъ времени  
произошло много вѣтвей, во всякое время отъ каждой вѣтви  
являлись (другія) вѣтви; каждая получила имя и прозваніе по  
какой-нибудь причинѣ или случаю ...»<sup>337</sup>.

<sup>335</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей. Перевод с перс. И.Н. Березина // Труды вост. отделения имп. гос. арх. общ.-ва. Часть пятая. – СПб., 1858.

<sup>336</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей. – Т. I. – М.-Л., 1952 / Перевод с перс. Л.А. Хетагурова.

<sup>337</sup> Рашид ад-дин Сборник летописей / Перевод с перс. И.Н. Березина. – 2-3-б.

نوبزناور C جوزواين C جون اردين B كرايت وجواردين A  
 سورقان قالدون A طالان بالجيوش C طالان بالجوس V  
 نوبزناور A كوكه ناورد C كوكه ناورد A توركان وفالدون A  
 سلينكه قلبر C قلاد C كويتن C كوش V كونن A فرقات  
 برقوجин تولوم C بوتودمن توکرم V برقومن توکرم A  
 ارنکوه C فلاخین آلت C فلاسمن الـ ل يكن A زمانى A و B  
 از زمانى A و B از ليكن A و B از ليكن A و B  
 از زمانى A و B از ليكن A و B از ليكن A و B  
 از زمانى A و B از ليكن A و B از ليكن A و B

Бұл жолдарды байыппен оқыған кісі мынадай екі нәрсені аңғара алады: біріншіден, Жалайырға ұқсас атау Халайыр мұнда X әрпінен басталады және ол жайлау немесе қыстау атавы ретінде берілген; екіншіден, автордың «да и ныне они обитают в обозначенном положении. Они рассеялись по всем областям ...» деген келесі жолдарын оқығанда ішінде Халайыр да бар жоғарыда аталған мекендердің сонымен қатар рулар мен тайпалар қауымдарының атаулары да болып табылатынын аңғарамыз.

Мәселенің байыбына бару үшін дәл осы жолдарды Л.А. Хетагуров аударған басылымнан қайталап оқып көрелік: «... в местностях с многочисленными летовками и зимовками, известных под именем Могулистана [т.е. страны монголов – А.С.] и принадлежащих народу керait, как то: [по рекам и озерам] Онон, Кэлурэн, Талан-Балджиус, Буркан-Калдун, Кукаанаур, Буир-наур, Каркаб, Куйин, Эргунэ-кун, Калаир, Селенга, Баргуджин-Токум, Калаалджин-Элэт и Уткух, кои-смежны с Китайской стеной. [Все народности] по настоящее время сидят и сидели [на всех этих] по [искони] обусловленному [древним обычаем] постановлению.

Благодаря [своей] силе, могуществу, власти и завоеваниям, они распространились по всем областям Китая [Чин], Индии, Кашмира, Ирана, Византии [Рума], Сирии и Египта, подчинив себе большую часть государств населенной части мира.

С течением времени эти народы разделились на многочисленные роды, [да и] во всякую эпоху из каждого подразделения

возникали [новые] подразделения и каждое по определенной причине и поводу получило свое имя и прозвище... (Упоминаемые здесь реки и озера: р. Онон – правый приток р. Шилки, из слияния которой с р. Аргун образуется р. Амур; р. Керулен (в рукописях – Калуран) – берущая начало в горах Кентей, протекает в равнинной Монголии и впадает в озеро Далай-нор, или Хулунь; Талат-Балджиус (в ркп. С, Л, И и у проф. Березина – 7 алан, второе слово в Л стоит особо, отделяясь от первого союзом и (ва), в ркп. F, S, С и L читается как Балджиус или Балджиус; в ркп. В – Балхус; у Березина – Балджиуш) – повидимому, современный Долон, гористая местность к юго-западу от Урги, второе название затрудняюсь определить; Буркан-Калдун – возможно, современный горный узел Кентей (Гентей) – «древняя Бурхан-ола» (где есть р. Бурха – правый приток Онона, последняя горной цепью отделяется от р. Куйтун); такое же название носит и незначительная река – по-монгольски Хуйтун, - сливающаяся с Шара-гол, правым притоком Орхона, так что возможно, что приводимый здесь географический термин обозначает Бурхан-Куйтун; Кукана-нор (в ркп. С, Л, И – Кука-наур; в ркп. В и у Березина – Кукэ-наур); Буир-нор – озеро к югу от вышеназванного озера Далай-нор; эти два озера соединяет р. Оршун, вытекающая из северной части Буир-нора и впадающая в Далай-нор. Каркаб (в ркп. В – Каркат; L, S, C, I – Каркат; у Березина – Кулукат) – может быть, соответствует урочищу Хара-хаба в Северной Монголии; Куйин (в ркп. В – Кун?н) – вероятно, соответствует долине р. Куин-гол, правого притока р. Толы, на которой когда-то находилась первая почтовая станция в направлении от Урги к Кяхте, но с другой стороны имеется р. Хойн-гол (Куй-гол), левый приток р. Имин-гол в Барге; Эргунэ (в ркп. С, L – с добавлением Азгунэ-кур; в ркп. И – Азгунэ-кун; у Березина – Аргунэ) – вероятно, р. Аргун (Аргунь), вытекающая из оз. Далай-нор (Хулун) и на севере сливающаяся с Шилкой: Калайр (в ркп. В – Калад; у Березина – Калаири) – быть может, современная долина р. Хайлар; Селенга, река, впадающая в оз. Байкал; Баркуджим-Тукум (в ркп. В – Ииркуджин-Тук?р?м; у Березина – Баркуджин-Тукум, или Баргучин-Тукум, как дальше в тексте) – возможно, современный Баргузин – один из главных притоков Байкала с известной Баргузинской степью; Калалчин-

Алат (в ркп. I – Каладжин; в ркп. В – Калах?н; у Березина – с добавлением – Калахин-Алат) – неизвестная мне местность (быть может, второе слово следует читать олот, ибо арабское начертание допускает такое чтение), и Утқух (в ркп. В и у Березина – Унгух, что Березин читал как «Унгү») – обычно: районы Великой Китайской стены. [См. указания на все это у арх. Палладия: Дорожные зам. На пути по Монголии в 1847 и 1859 гг. С введ. д-ра Е.Бретшнейдера и замеч. проф. А.М. Позднеева. СПб., 1892. Также: E.Bretschneider. Med. Researches, vols I-II (особенно карты при обоих этих трудах). А в отношении названия Утқух см. дальше, стр. 161 с прим б].) ...»<sup>338</sup>.

Бұл аударма аудармашының біршама толықтыруларымен берілгендейтін алғашқыға қарағанда әлдекайда түсінікті болып шыққан. Мұны оқығанда Қалайырдың өзен аты екендігін аңғарғандай боламыз. Алайда төмендегі түсініктемеде бұл атауды Березиннің Қалайыр деп бергені айтылады. Шындығында олай емес қой. Біз оқыған аудармада бұл атау Ҳалайыр деп беріліп отырғанын көрсеттік.

Қалай десек те бұл ертеректегі өзен атауы. Рашид ад-диннің соғы аудармасынан көріп отырғанымыздай, кейінректе бұл өзен Хайлар аталаған көткен тәрізді.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген талантты Сібір тарихшысы Доржи Банзаров Хайлар деген өзеннің Кулун көліне құйғанын жазады<sup>339</sup>. Осы енбекке берілген қосымшада Хайлар өзенінің Аргунның аңгарына және Солтүстік-Батыс Маняжкурия (Баргадағы) жеріне орналасқан өзен екендігі айтылады<sup>340</sup>. Салыстыра қарасақ, Қалайыр өзенінің кейіннен шынында да Хайлар атанғанын аңғарғандай боламыз.

Өкінішке орай, бұл туралы басқа деректер жоқ. Қалайыр деп отырғанымыздың шын мәнінде Жалайыр екенін XVII ғасыр басында өмір сүрген және өзі де осы Жалайыр тайпасынан шыққан Қадыргали Жалайыр бабамыз айтуы керек еді. Оны ден қоя оқысақ мынадай жолдарға кездесеміз: «... Һәр бірі сі нің Могулстан йері, керайт қаумы нечук кім Онан, уа Келуран, уа

<sup>338</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей. – Т. 1. – М.-Л., 1952 / Перевод с перс. Л.А. Хетагурова. – 74-6.

<sup>339</sup> Банзаров Д. Собрание сочинений. – М., 1955. – 202-6.

<sup>340</sup> Банзаров Д. Собрание сочинений. – М., 1955. – 338-6.

Талан, Балжиус, уа Бурқан Калдун, уа Қеканаур, уа Буырнаур, уа Қарқат, уа Куиб, уа Өзгәна, уа Қалайыр, уа Селенга, уа Баркүжин Тар күм, уа Қалачин Алат, уа Өнгүү, кім андың ары бағы сидд Хытай турур. Тамами анларның уругты ол йерлерде олтуур. Уа бу заманға дегөч машшур турур»<sup>341</sup>.

Бұл Р. Сыздықова мен М. Қойгелдиев жариялаған Қадырғали Жалайырдың тексі. Енді осы жолдардың қазақша аудармасына жүгінелік: «... Моголстан жерінде: керейт қауымы одан кейін Онан, Келуран, Талан, Балжиус, Бурқан Қалдун, Кокенүүр, Буырнаур, Қарқат, Қуйб, Өзгәна, Қалайыр, Селенга, Баркүжин Тар құм, Қалачин Алат және Өнгүү, ал оның арғы жағында қытай қорғаны тұрады. Олардың барлық үрім-бұтағы сол жерлерде өмір сүрген, сондықтан осы заманға дейін белгілі болып келді»<sup>342</sup>.

Көріп отырғанымыз, Қадырғали бабамыз Рашид ад-диннің Н.И. Березин пайдаланған нұсқасы тәрізді қолжазбалардың бірін пайдаланған және Рашид ад-диннен осы жолдарды айна қатесіз көшірген. Бұл, әрине, біз үшін жаңалық емес.

Назарды аудартатыны мүлде басқа нәрсе – Қадырғали Жалайырда аталмыш өзенде Қалайыр деп береді. Егер Қалайырымыз Жалайыр болса неге ол Березинде де, Хетагуровта да, Қадырғалида да Жалайыр деп жазылмайды деген занды сауал туындаиды. Бәлкім бұл араб харіпперін транскрипциялауда кеткен қателік болар? Енді соған көңіл аударалық. И.Н. Березин өзі пайдаланған Рашид ад-диннің қолжазбаларынан алғашқы әріпті «Қ» немесе «Х» деп оқығанын аңғарамыз. Қолжазбаларда бұл әріп Ӧ деп берілген<sup>343</sup>. Л.А. Хетагуров бұл харіпті «Қ» деп дұрыс оқымаған. Өйткені Рашид ад-диннің қолжазбаларында «Қ» харпі арабша «ڙ» түрінде беріледі<sup>344</sup>. Ал енді Қадырғали Жалайырдың тексіндегі арабша транскрипциялауға назар аударсақ «Қ» харпінің Ӧ түрінде жазылатынын, ал «Х» харпінің

<sup>341</sup> Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – 129-б.

<sup>342</sup> Жалайыр Қ. Шекірелер жинағы. – Алматы, 1997. – 22-23-б.

<sup>343</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей / Перевод с перс. И.Н. Березина... – 2-3-б.

<sup>344</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей. – Т. 1. Перевод с перс. Л.А. Хетагурова. – 74-б.

«**Қ**» түрінде берілетінін байқаймыз<sup>345</sup>. Орыс тілінде «**Қ**» харпі жоқ болғандақтан Рашид ад-динді орыс тіліне аударғандар амал жоқ «**Қ**»-ның орнына «**Х**»-ны немесе «**Қ**»-ні қолдануға мәжбүр болған. Сонымен осы айтылғандардан шығатын ортақ қорыттынды: біз әңгімелеп отырған өзен Рашид ад-диннің қолжазбаларында «**Қалайыр**» деп көрсетілген, яғни бұл сөзді Қадыргали Жалайырдан қазақшаға аударушылар дұрыс оқыған<sup>346</sup>.

Алайда осы жерде Рашид ад-диннің өзі «**Ж**» харпінің орнына қателесіп «**Қ**» әрпін жазып жіберуі мүмкін ғой деген күмәнді ой туындаиды. Оның қолжазбасында Аргунның – Эргене, Майқы бидің – Байку, Орхонның – Оргон деп жазылып кеткені белгілі. Мұнда тағы ескерер алғашқы нәрсе – Рашид ад-диннің қолжазбасында әртүрлі атаулар «**Ж**» әрпінен басталмайды. Мұнда «**Ж**»-ның орнына «**Дж**» қолданылады (Джалайрь, Джант, Джаялдуруй және т.б.). «**Дж**» қолжазбада **Ж** түрінде беріледі. Ал Қадыргали Жалайырда бұл **Ж** түрінде жазылған. Сонымен бірге Рашид ад-динде «**Қалайр**» атауындағы «**Қ**» жоғарыда айтқанымыздай **Ж** түрінде таңбаланады. Таңбаларда «**Қ**» (**Ж**) мен «**Дж**»-ның (**Ж**) арабша жазылтуында ұқсастықтар бар екендігін анфарамыз. Рашид ад-динді көшірушілердің сондықтан да қате жіберіп, бұл әріптерді ауыстырып оқулары әбден мүмкін. Мұндайда «**Дж**»-ның орнына әрине «**Қ**»-нің қолданылып кетуіне таңдануға болмайды. Бұл біз ескерер алғашқы мәселе.

Оның үстіне «**Қалайыр**» және «**Жалайыр**» этнонимдерін салыстыра қарағанда ежелгі түріктерде (яғни оғыздарда және қыпшақтарда) «**Қ**» харпінің орнына «**Дж**» яғни «**Ж**» харпі қолданылатынын да есте ұстағанымыз жөн. Осылайша «**Жалайыр**» шын мәнінде «**Қалайыр**» деп оқыла береді. Ал біз әңгімелеп отырған Жалайыр тайпасының арғы тегінің ежелгі оғұздармен және қыпшақтармен туыстығы ғылымда бұрыннан айтылып келе жатқан мәселе. Оқырманға ескерту: Алда, Жалайыр құрамына енген ертеректегі рулар тарихын талдағанда бұл мәселеге арнайы тоқталатындықтан бұған қазір арнайы көніл бөлмейміз.

<sup>345</sup> Сыздыкова Р., Қойгелдинев М. Қадыргали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – 120-б.

<sup>346</sup> Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. – 22-б.

Біз айтып отырған «Қ» әрпінің орнына «Дж»-ның қолданылуы туралы айтқаңда ғалымдар бұрын да бұл мәселеге назар аударғанын байқаймыз. Мысалы, осыған орай әйгілі С.П. Толстов былай деп жазған болатын: «Языковые материалы, для XI в. с исключительной полнотой и наблюдательностью собранные Махмудом Кашгарским, позволяют заключить вместе с тем, что в языке огузов далеко не последовательно выступают особенности юго-западной тюркской (так называемой «огузской») группы. Так, наряду с закономерными для этой группы т→д, к→х, мы встречаем у огузов й→дж, столь же закономерное для северо-западной (так называемой «кипчакской» группы). С другой стороны, у кыпчаков регистрируются наряду с типично «кипчакским» ч→ш столь же типично «огузским» т→д, к→х »<sup>347</sup>.

Бұл айтылғандардан ежелгі түріктерде «Ж» харпі мен «Й» немесе «Дж», ал «К» – «Х» түрінде жазыла беретінін байқаймыз.

С.П. Толстовтың бұл айтылғандары В.В. Бартольдтың төмөндегі тұжырымдарына негізделген: «Махмуд Кашгарский приводит довольно много сведений об отдельных турецких наречиях; из этих сведений видно, что уже тогда существовали лингвистические особенности,ственные той группе турецких народностей, которую академик Радлов называл западной; главным народом этой группы являются казаки. Говорится об употреблении дж вместо ј в начале слова у огузов и кипчаков, об употреблении ш вместо ч у ягма, тухси, кипчаков и ябаку. Огузам и кипчакам приписываются и такие фонетические черты, которые теперь составляют особенность наречий южной группы (туркменского и переднеазиатских): замена звука м звуком б, звука т звуком д. У огузов, кипчаков и особенно халаджей (раньше других турок, не позднее начала X в., перешедших через Аму-Дарью в пределы Ирана) отмечается замена звука х звуком х, что теперь составляет особенность азербайджанского наречия»<sup>348</sup>.

Сонымен ежелгі түріктерде «Ж» әрпінің орнына басқа әріп жазыла беретінін байқадық. М. Қашғариге үнілсек, шынында да

<sup>347</sup> Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. – 1947. – №3. – 83-б.

<sup>348</sup> Бартольд В.В. Сочинения. – Т. V. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 1968. – 208-б.

«Ж» немесе «Дж» харіптерін «И» харпі ауыстыратынын аңғарымыз.

Енді «Қалайыр» немесе «Жалайыр» сөздерінің ежелгі мағыналарын іздестіріп көрелік. Көне түркі сөздіктерінде немесе этнонимдер тарихы туралы әдебиеттерде «Қалайыр» атауы кездеспейді. Бұл сөздің тубірі «қал» жеке қарастырылғанда да «айыр» сөзімен бірге айтылғанда да белгілі бір мағына бере алмайды. Ал «Жалайыр» керісінше ежелгі түркі дәуірінен мағыналары ешбір өзгермеген «қал» және «айыр» сөздерінен тұрады және оларды біріктіріп оқылғанда «жылқының жалын айырган» немесе өзен болса «жал тәрізді айрылып ағады» дегендей түсініктерді береді. Егер «жал» сөзін көне түркі тілінен аударсақ алғашқы мағынаны қабылдаймыз: « جَل JALЫF ИАЛЫF: жал; жылқының жалы. « جَل Jel: Иал-Жал» деп те айтады. Дұрысы: « جَل Jel: Иел» болады»<sup>349</sup>.

Бұл М. Қашғаридің XI ғасырдағы түсіндіруі. Көріп отырмыз он бір ғасырдай уақыт өтсе де «жал» сөзінің қолданылу мағынасы еш өзгермеген. «Жылқының жалы» бүгінгі казақ тілінде әлі қолданыста. Көне түркі сөздігінде де бұл сөз дәл осы мағынада түсіндіріледі. Онда «жал» сөзіне мынадай анықтама беріледі: «JAL грива; загривок: at jail грива коня; bojun jal bəðüttiy үңқа teg qılıp ты отрастыл шею и загривок, сделав их подобными [шее и загривку] быка»<sup>350</sup>.

Ежелгі дәуірден бері «айыр» немесе «айырылу» сөздерінің мағыналарының да өзгермегенін байқаймыз. «Көне түрік сөздігінде» мынадай жолдар бар: «AJRİS – расставаться (друг с другом): olar ikki ajīısdı они оба расстались [друг с другом]. Ср. aör̄is»<sup>351</sup>.

Осы айтылғандардың бәрін қорытар болсақ, Қалайыр деп жазылған өзеннің шын мәнінде «Жалайыр», яғни жал тәрізді айырылып ағатын өзен екенін айқындағандай боламыз.

Кезінде осы Жалайыр өзеннің бойында тағдыр тауқыметімен ойдан, қырдан тоғысқан оғұздарға, қыпшақтарға, қырғыздарға

<sup>349</sup> Қашғар M. Түрік тілінің сөздігі: (Диуаны лұғат ит-түрік); үш томдық. – Т. III. – Алматы, 1998. – 22-6.

<sup>350</sup> Древнетюркский словарь. – Л., 1969. – 227-6.

<sup>351</sup> Сонда. – 30-6.

және монғолдарға туыстас әртүрлі рулар ортақ жауларынан қорғану үшін Жалайыр тайпа қауымына бірікті. Бұлар өйткені Жалайыр (Калайыр) өзенінің аңғарын ата қонысқа айналдырыған, осында басы біріккен қауым еді. Сонымен қорыта келгенде түйіндеріміз Жалайыр жеке адамның есімі емес, бір тайпа елді асыраған, сақтаған өзеннің аты.

Жалапы алғанда бұған таңданатын ештеңе жоқ. Қазіргі Монголия өнірінде ертеректегі түркі тайпаларының әртүрлі өзендер төңірегінде бас қосып, тайпалы елге айналғанын зерттеушілер өз еңбектерінде айтып жүр. Бұл туралы біз нақтылай түссек басқа тақырыптарға түсіп кетер едік. Алайда әрбір қазақ ру-тайпаларының тарихына арналған біздің зерттеулерімізде де бұл мәселелер арнайы зерттелуде.

Жалайыр өзені бойында IX-XIII ғасырларда топтасып тайпа болған рулар аттары Рашид ад-диннің деректері арқасында белгілі. Олар – Джайт, Ту қраут, Кункаут Кумсаут, Үят, Нилкан, Куркин, Туланкит, Турі, Санкут рулары<sup>352</sup>. Алда Жалайыр тайпасын құраған бұл рулардың шығу тарихы арнайы әңгімеленетін болады.

Жалайыр этномимінің шығуы туралы айтқанда басқа зерттеушілердің пікірлерін назардан шығарып тастай алмаймыз. Қазақстандық синолог Ю.А. Зуев Жалайыр этномиміне байланысты былай деп жазған еді: «Сам термин джалаир (~йалаир) является монгольским вариантом названия «царского» племени Второго уйгурского каганата Йаглакар~йала эр. В пользу этого утверждения имеются и другие доводы, изложенные в одной из ранних статей автора»<sup>353</sup>.

Озінің осы пікірін дәлелдеу үшін Ю.А. Зуевтің арнайы еңбек жазғаны белгілі<sup>354</sup>. Бұл зерттеуде автор Шыңғыс ханнан біраз бұрын (XIII ғасырдың басында) Байкал көлі бойынан шығысқа, Үлкен Хинган тауларының шығысына қоныстанған жалайырлардың ол тұста йалайыр деп аталғанын, олар 840 жылға дейін Орхон аңғарындағы үйірлардың астанасы Карабалгасунға

<sup>352</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей. – Т. 1 / Перевод с перс. Л.А. Хетагурова. – 93-б.

<sup>353</sup> Зуев Ю.А. Ранние торки: очерки истории и идеологии. – Алматы, 2002. – 105-б.

<sup>354</sup> Зуев Ю.А. «Джами ат-Таварих» Рашид ад-дина как источник по ранней истории джалаиров // Письменные памятники востока. Историко-филологические исследования. – М., 1972.

жақын жерді мекендең, Екінші Ұйғыр қағанаты құлаған соң қашып шыққан йаглакарлар болып табылатынын дәлелдеуге күш салған<sup>355</sup>.

Ю.А. Зуев өз пікірін Рашид ад-динге сүйеніп негіздеуге тырысады. Ұлы тарихшының Л.А. Хетагуров парсы тілінен аударған еңбегінде жалайырлардың ұйғыр мемлекетінің билеушісі гур-ханның түйелеріне тамақ ретінде май жұтқызып беріле қызмет жасағандары туралы айттылады. Мұны Рашид ад-дин сөзбе-сөз былай жазады: «Говорят, что их юртом была [местность] Кима [кима] в Каракоруме; у них [столь] слепая преданность, что они давали масло [в пищу] самцам-верблюдам гурхана, который был государем уйголов. По этой причине их называли именем белагэ. Это племя джалаир состоит из десяти больших ветвей, из которых каждая в отдельности стала многочисленным народом; они следуют в таком распределении и порядке: джат, тукараун, кункаут, кумсаут, уят, нилкан, куркин, тулангит, тури, шанкун»<sup>356</sup>.

Осы әңгімеге байланысты Ю.А. Зуев көне түркі тілінде jaila – маймен майлау<sup>357</sup> деген мағынаны білдіретініне назар аударды<sup>358</sup>. Мұнан әрі ол осы сөзден йалакир, ал одан йалағар, одан йаглакар этонимін шығарып, жалайырларды, ұйғырларды билеуші шыққан йаглакар тайпасынан таратады. Бұл жерде біз жалайырлар ұйғыр қағанатында да, кейінректегі Шыңғысханға адал қызмет еткендегі тәрізді беделді де ықпалды тайпа болғанын байқаймыз. Ұйғырларды билеуші қағандарға ықпал еткен (бірақ өздері ұйғыр емес) оғұз, жалайыр тайпасы қалайша ұйғыр қағандары шыққан йаглакар династиялық тайпасына жатқызылады деген сауал тууы мүмкін. Мұнын қысқаша жауабы мынау: Ұйғыр қағанаты құрылған территория бүріннан Тогыз оғуздардың жері болатын. Сондықтанда жаңа мемлекетке билік басында оғұз-жалайырлардың отыруы заңды еді.

Ал енді этноним мәселе сіне келсек, Ю.А. Зуев өзінің болжам пікірін төмендегідей Яглакарды (йаглакарды) Яологэ (йалаға)

<sup>355</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – 292-б.

<sup>356</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей. – Т. 1. – Кн. 1. – 93-б.

<sup>357</sup> Древнестюркский словарь. – 225-б.

<sup>358</sup> Зуев Ю.А. «Джами ат-Таварих» Рашид ад-дина как источник по ранней истории джалаиров // Письменные памятники востока. Историко-филологические исследования. – 294-б.

деп аударатын көне қытай тіліндегі деректерге сүйеніп жазғанын айта керек.

«Е-ло-хэ Ми-ли-э 夜 落 织 密 扎 遇 – Yaylagar Bilga. Род Яглакар, правящий род в каганате, один из девяти родов уйгуров. В «Цзю Таншу» транскрибируется как. Яо-ло-гэ 夜 落 赫, в «Сун ши» в главе 490 транскрибируется как Е-ло-гэ 夜 落 佛 (Hamilton. Les ouighurs ..., o, 160; Фэн Чэн-цзюнь. Географические названия Западного края, с. 71)»<sup>359</sup>.

Көріп отырымыз, көне қытай тілінде «Яглакар» шынында да «Яологэ» деп аударылады екен. Алайда Рашид ад-динде жалайырлар «Яологэ» деп емес, «белагэ» деп айтылатынын ұмытпауымыз керек.

И.Н. Березиннің «Жалайыр» этнонимінің мән-мағынасын көне оғұз немесе түрік тілдерінен емес, манчжур тілінен іздестіруін құптай қоймаймыз. Оның үстіне мұнда «джала» («жала») сөзі ғана негізге алынған. Ал «айыр» деген сөз тіптен де назарға алынбайды. Жоғарыда айттық, бұл сөз ежелден-ақ қазіргі қазақ тілінде қолданылатын мағынаны аңғартып келді.

Лубсандаңзанның «Алтын тобчысынан» «айыр» сөзінің тағы бір қосымша мағынада қолданылғанын аңғара аламыз. Онда Шыңғыс қағанның өзінің тұқым-жұрағатына арнаған жарлығында былай дегені бар:

«Айдын судың балығы,  
Ессіз аңқаулығынан,  
Айырға (бөліп көрсеткен біз – Т.О.) келіп ілінер,  
Сергек ақылды болса,  
Айдын суында тұрығына кірер...»<sup>360</sup>.

«Айыр» мұнда «қайрак» деген мағынада ма? жоқ әлде су ағысының айырығы деген ұғым ба? Мұны тілшілер талдай жатар. Энгіме мұнда емес, «айыр» сөзінің ерте орта ғасырларда сөз қолданысында орын алғандығында. Олай болса біз неге тек «жал» сөзі туралы айтуымыз керек.

<sup>359</sup> Малавкин А.Г. Материалы по истории уйгуров в IX-XII вв. – Новосибирск, 1974. – 152-6.

<sup>360</sup> Қазақстан тарихы туралы монгол деректемелері. – II том. Лубсандаңзан... Алтын тобчы... – 222-223-б.

Зерттеушілеріміз әлі күнге дейін «Жалайыр» этонимін тұсіндіру үшін «жала» сөзіне ғана тұсіндірме берудің біржактылықта ұрындыратынын, мұнда «айыр» сөзі назардан тыс қалмауы керек екендігін естен шығарады.

Жалайыр этониміне байланысты өзіндік қөзқарасты зерттеуші Зардыхан Қинаятұлы айтқан еді. Ол ежелгі жалайырлардағы жетекші ру жаттың атын жалалылар сөзімен байланыстырып «мен осынау «ожат жалалылар» үғымынан «жалайыр» атауы шықты ма деп ойлаймын. Біздің бұл пікірімізді ҚХР-да басылған «Ұлттар туралы анықтама» да растайды. Онда «Жалайыр» атауын «Жалашы» үғымынан шықкан деп көрсетеді. «Жат» сөзі монгол жазбаларында XVII ғасырдың басына дейін кездеседі. Сонынан бұл атау Тунгус тілінің әсерімен «харь» («ожат») мағынасына ауысты<sup>361</sup>, – деп жазады.

Біз жоғарыда атап кеткендей, Екінші Ұйғыр қағанаты тұсында осы қағанатты билеген қидандық гур-ханға қызмет жасаған жалайырлар «белага» немесе «иологэ» деген қосымша атқа ие болды. «Жала» сөзі осы «иологэден» туындауы мүмкін. Бұлай дер болсақ, «жала» сөзі қазіргі қазақ тіліндегіден мұлде басқа мағынаны аңғартады. Ал енді бұдан «Жалайыр» этонимін шығарып алу киын. Оның себебін жоғарыда айттық. Тегінде «белага», «иологэ» немесе «жала» сөздерін ежелгі жалайырдың ең басты руы жаттың қосымша атауы регінде қабылдағанымыз жөн болады. Тіптен біз жоғарыда келтірген Н. Березиннің «джала» («жала») сөзі манчжур тілінде «арғы жак», яғни «бөтөндер» немесе «жаттар» деген мағынаны аңғартқаның өзінде де әңгіме Жалайыр тайпасының емес, оның басты руы «жаттың» аты туралы болып отыр дер едік. Осы түрғыдан алғанда қазақстандық қаламгер Әнес Сарайдың «Сол бір дәуірлерде «Жалайыр» аталған тайпалар бірлестігінің мәнжулердің маңынан әрекіректе немесе белгілі бір өзеннің арғы жағынан орын тепкендігіне, мекендеуіне байланысты осы атауды меншіктенуі ойға оралымсыз деу киын. Қорыта келгенде, бұл тайпа бірлестігі өз атауын мәнжулерден орналасуына қарай алған деп

<sup>361</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соқғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 156-6.

топшылаймыз»<sup>362</sup>, – деген пікірі онша дәл еместігін, әңгіме бұл жерде жалпы жалайырлар туралы емес, оның «жат» деп атап руы туралы болып отыруы мүмкін екендігін атап көрсетеміз. Ал «жат» руының тарихына алда арнайы тоқталамыз.

Сонымен «Жалайыр» этонимі туралы жазылғандарды талдай келе қорытып айтартымыз: 1) тарихи деректе Қалайыр аталып жүрген өзеннің аты шын мәнінде Жалайыр; 2) осы өзен бойында Жужан қағанаты (IV-VI ғ.) және Тұркі қағанаты (VI-VIII ғ.), Үйғыр қағанаты (VIII-IX ғ.) тұсында топтаса бастаған рулар Қидан империясы (X-XII ғ.) кезінде әбден күшейіп, жалайырлар деген атпен тарих сахнасына шықты<sup>363</sup>.

### 3.2. Жалайырлардың ежелгі этностық тарихы

Жалайыр этонимінің мән-мағынасына үңілу бұл тайпа тарихының аса күрделілігін тағы да дәлелдей түсті. Қадыргали Жалайырдың еңбегін<sup>364</sup> терендете зерттеген және Жалайыр шежіресіне алғы сөз жазған<sup>365</sup> белгілі ғалыммызы М. Қойгелдиев: «жалайырлар тарихының мынадай төрт кезеңін бөліп айтуға болады. Олар керулен-түркі дәүірі (шамамен IX ғасырға дейін), монғолдық одақ құрамындағы дәүір (XIII ғасырға дейін), сырманақ пен шуманақ кезеңі (шамамен XVIII ғасырға дейін) және соңғы он екі ата Жалайыр кезеңі (бұл XVIII ғасырдан бергі уақыт)»<sup>366</sup>, – деп атап көрсеткен еді.

Егер осы кезеңдеуді басшылыққа алар болсақ, Жалайыр тайпасының басының, руларының құралу кезеңі «керулендік-түркілік дәүірде» жатқанын байқар едік. Алайда үлкен қыншылық мынада: «Зерттеушілер атап көрсеткеніндей, Жалайыр руы туралы көне қытай жазбаларында да, тіпті IX-X ғасырдағы араб деректерінде де айтартылған мәліметтер жоқ. Ол жайындағы алғашқы мағлұматтар монғол дәүіріндегі XIII-XV ғасырдағы жазбалардаған бар»<sup>367</sup>.

<sup>362</sup> Сарай Ә. Қазак ру, тайпалары атауының торкіні //Ана тілі, мамырдың 13-і, тауық жылы.

<sup>363</sup> История Монгольской Народной Республики. – М., 1983. – 117-б.

<sup>364</sup> Сыздыкова Р., Қойгелдиев М. Қадыргали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы.

<sup>365</sup> Қойгелдиев М. Алғысөз // Толқынбекұлы Р. Жалайыр: он екі ата шежіре.

<sup>366</sup> Сонда. – 6-б.

<sup>367</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000. – 76-б.

Жалайырлар туралы нақтырақ алғашқы деректер Рашид ад-диннің әйгілі еңбегінде айтылатыны белгілі. Ол жалайырлардың ежелден-ақ көп санды болғандарын, олардың әрбір бұтағының жеке әмірлері мен жетекшілері болғандарын атап көрсетеді. Олардың бір бөлігі Онон өзені маңында өсіп-өнді<sup>368</sup>. Бұл түркі, монгол, танғұт және тұнгус-манчжур тілдерінде сөйлейтін тайпалар қойындастып қатар өмір сүріп жатқан аймақ еді.

Жалайыр тайпасын құраган рулардың осы тілдерді жақсы білгені сөзсіз. Көшпелілердің үздіксіз жылжыу жағдайында тіл проблемасы туындаған жоқ.

Ал енді жалайырлардың этностық шығу тегіне келер болсақ, бұл туралы да көзқарастар әртүрлі. Ш. Уәлихановтың еңбегіне берілген қосымшада зерттеушілер Жалайыр руларын ежелгі чумгун және сырманақ немесе оғұздардың Сырдария тайпаларымен байланыстырып, жалайырлардағы қара марқа, ақ марқа руларының ежелгі оғұздарда ақ-қоюнлы, ақ марқа деген атпен кездесетінін атап көрсетіп, осының бәрі жалайырлардың түркі тілдес екендігін дәлелдейтінін атап көрсеткен еді<sup>369</sup>.

С. Аманжолов мұндан пікірдің, негізінен, Н. Аристовтан бастау алатындығын айта келе<sup>370</sup>, «қар марқа» немесе «қара марқа» атауларын ол қарлықтардың «марқа» (кытайша **моу-ло**) деп аталатын II ғасырда өмір сүрген, сондай-ақ Алтайдағы Марқакөл маңын мекендерген руымен туыстастырады<sup>371</sup>. Осы пікіріне дәлел ретінде Н. Аристов қарлықтардың Батыс Тянь-шань өлкесіне Алтайдың оңтүстік-батысынан көшіп келгендерін, сондықтан да Алтайдағы Марқакөлдің атын өздерімен бірге ала келтулері мүмкін екендігін алға тартады. Өзінің жалайырлардың шығу тегі туралы пікірін қорытындылай келе Н. Аристов былай деп атап көрсетеді: «Вообще джалайировское колено большой орды есть союзъ частей родовъ разнаго происхожденія, образовавшійся первоначально подъ главенствомъ какого нибудь

<sup>368</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей. – Т. 1. – 92-98-б.

<sup>369</sup> Валиханов Ч. Собр. соч. – Т. 1. – Алма-Ата, 1984. – 373-б.

<sup>370</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч. 1. – Алма-Ата, 1959. – 43-44-б.

<sup>371</sup> Аристов Н. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой Орды и каракиргизов. – СПб., 1895. – 17-б.

вождя изъ рода джалаиръ и успевшій, подъ вліяніемъ различныхъ обстоятельствъ, окрепнуть и образовать прочное целое, хотя истинныхъ джалайировъ было въ немъ и первоначально немного»<sup>372</sup>.

Бұл жерде Н. Аристовтың жалайырларды этностиқ жағынан ғана емес, туыстық-рулық жағынан да әртекті етіп көрсететінін айта кеткен жөн. Оның ойынша, жалайырлардың бір бөлігі туыстық-рулық тұрғыдан емес, «таза қоғамдық-саяси шығу тегі» негізінде қалыптасқан<sup>373</sup>. Әңгіме бұл жерде туыстық-рулық тұрғыда қалыптасқан жалайырлардың рулық бөлімдеріне басқа жақтан келіп қосылған, яғни кірме болып табылатын рулық топтар туралы болып отыр.

Н. Аристовтың пікірін қорыттар болсақ, жалайырлар құрамында қарлықтармен байланысты рулар бар болғандықтан олардың негізін түркі тілдес рулар құрайды. Алайда жалайырлардың кейбір рулық бөлімшелерін кірмелер құрайды.

Түрікмен тарихшысы С. Атаниязов «джелайырлар – ортағасырлардағы түркі тайпасы», – деп нық сеніммен атап көрсетеді<sup>374</sup>.

Монгол тіліне жетік және монгол тарихының білгірі Зардыхан Қинаятұлы жалайырлардың шығу тегін түркі тайпаларына жатқыза келе олардың XI ғасыр сонында ғана монголдарға кірме болғандарына назар аударады. Оның ойынша, жалайырлардың жетекші жат руының монголдардағы билеуші Қият Боржығындармен жақын қатынаста болуы және монголдардың жаулау жорықтарына белсенді қатысулары оларды монгол атандырып жіберді<sup>375</sup>.

3. Қинаятұлы осы мәселеге назар аудара келіп, арнайы пікір айтқандықтан бұл тұжырымдарды толығырақ келтірелік: «Сөйтіп жалайырлар монголдың үш қолының (жүз) Хадан тайшы билігіндегі орталық қолының құрамына енеді. Міне жалайырларды «монгол» деп қарау осы тұстардан басталады. Әбілғазы-

<sup>372</sup> Аристов Н. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой Орды и каракиргизов. – СПб., 1895. – 17-б.

<sup>373</sup> Сонда. – 57-6.

<sup>374</sup> Атаниязов С. Словарь туркменских этнонимов. – Ашхабад, 1988. – 70-б.

<sup>375</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – Астана, 2001. – 156-б.

ның айтуынша «Шыңғыс хан болғанға дейін барлық жалайырлар тұтқын болған, жалайырларға еліктеп өздерін монғол-қият үлдарымыз дейтін. Жалайырлар он бір атаға дейін яғни, Шыңғыс ханның төртінші ұрпағына дейін (Хувылайдың немересі Тогонтомөрге дейін – К.З.) пенде болып жүрді. Бұл хабарды Қыдырғали Жалайыр растайды. «Ол заманда жалайыр тайпасы мөғол дарликин еді. Яғни монғолдармен бірге еді», – деп жазады ол.

XI ғасырда қидандар «Монгол улс», ал қытайлар «Да Мэнгу» атаған «Хамаг монғол ұлысы» құрылғанда жалайырлар оның сол қанатын құрады. Хотул хан тұсындағы «Хамаг монғолдың» этно құрамы туралы сез болғанда монғол жазбаларында аталмыш тайпа бірлігінің құрамында «Дарлигин» деп аталатын «Өтге біол» (қара сүйектілер) 16 тайпа, «Нирун» аталатын «Алтан ураг» (ак сүйектілер) 16 тайпа, **жалайыр аталатын «унаган біол»** (атадан құл) 10 тайпа және Дайжиуд деп аталатын көп рулы белгілі топ болды деп көрсеткен.

Мұнда жалайырларды «унаган біол.» («Атадан құл») атауының өзі олардың этно тегі монғол еместігін көрсетеді. Өйткені монғолдың этно-әлеуметтік үрдісінде «Өтге біол.» («Қарадан туған») кездесетіні болмаса Монғолдардың өз әүлетінде «унаган біол.» болмаған.

Бірақ батыс және славяндық Монғол және шығыс танушылары бұл нәзік ұғымды соңшалықты ажыратып білмегендіктен қайсы біреулері жалайырды монғол этно тобына жатқызу әлі де кездеседі. Бірақ зерттеушілердің көпшілігі жалайырлар монғолдар үшін жат жаланың түркі текті тайпа екеніне ертеден-ак мән беріп келді.

«Монғолдың құпия шежіресінде» монғолдардың «нирундық» тобына 27 тайпаны, «Төрлохин» тобына үш тайпаны жатқызыса, **Д. Оссон** «Монғол тарихы» атты еңбегінде «нирундық» 21, «Төрлөхиндік» 13 тайпаның атын атайды. Бірақ олардың қайқайсысының қатарында жалайырлар жоқ. Қыдырғали Жалайыр «Шежірелер жинағында»: «...Жалайыр, Меркіт» Татар, Ойрат және басқадай тайпаларды Монғол деп атады, бірақ олардың негізгі аттары Монғол емес еді деп жазды.

Шоқан Уәлиханов өзінің «Қырғыздардың (қазақтардың) ата тегі атты еңбегінде Дулат, Жалайыр, Албан, Суандарды Үйсінің негізгі тайпаларының бірі деп көрсеткен.

Ертедегі ұлы Үйсін дегеніміз сонау біздің жыл санауымыздан бұрын Құндармен қатар аталатын Түркі тайпаларының бірі. Осының бәрін сайып келгенде жалайырдың тегі түркі екендігі дау тудырмайды. Бірақ жалайырлар ғасырлар бойы Монгол әулетінің хандық құрамында аралас-құралас болып келген-діктен басқадай түркі тайпаларына қарағанда монголдарға жақын саналып келгені рас. Олай болуының себебін жоғарыда атап өттік»<sup>376</sup>.

Мәселенің байыбына тереңдеп барап болсак, Жалайырлардың шығу тегіне алғаш рет назар аударған Рашид ад-Диннен мынадай анық сөздерді оқимыз: «Относительно тех тюркских племен, которых в настоящее время называют монголами, но в древние времена каждое из этих племен в отдельности носило [свое] особое прозвище и имя; каждое имело [своего] начальника и эмира; от каждого произошли [родовые] ветви и племена, вроде народов: джалаиры, ойраты, татары и другие, как это будет подробно показано в этой главе.

Их обиталища [йурт] и становища [макам] были в определенных местах. Их внешний облик и язык похожи на внешность и язык монголов, потому что в то [древнее] время монголы были народом, принадлежащим к тюркским племенам; в настоящее же время вследствие их счастья, могущества и величия все другие племена называются этим их специальным именем»<sup>377</sup>.

Көріп отырмыз, Рашид ад-дин жалайырлардың бұрын түркі тайпаларына жатқандығын, тіптен «монголдардың ертеректе түркі тайпаларына жататын халық» болғандарын анық атап көрсетеді. Біздің ойымызша бұған күдіктене қараудың еш реті жоқ.

Белгілі түркітанушы Н.А. Басқаковтың кітабымыздың алғы-сөзінде берілген түрік тілдерінің даму сызбасына назар аудар-

<sup>376</sup> Қиннайтулы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 156-157-6.

<sup>377</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – Т. 1. – Кн. первая. – 92-б.

сақ, Хұн дәуірінен бұрынғы Алтай дәуірінде түрік-монғол тілдерінің алғаш Алтай тілдерінен бастау алғандарын, яғни ортақ тілдік арнадан таралатынын байқар едік.

Біздің ойымызша жалайырларды монголдар ретінде қабылдаудың негізін кейінгі тарихнамада сталиндік концепциямен рухтанып, түркішілдікке қарсы, жаулық көзқарас ұстанған И.П. Петрушевскийдің пікірі бастап берді. Ол, ең алдымен, Рашид ад-диннің өзін сынаудан бастайды: «Өзінің көптеген қатарлары тәрізді, – деп жазады ол, – Рашид ад-дин Азияның барлық көшпелі малшы түркі тілдес және монголтілдес халықтарын түрктер деп атайды, және көптеген халықтарды ол біресе түркілер, біресе монголдар деп атайды»<sup>378</sup>. Орыс ғалымы Рашид ад-динді түркі және монгол халықтарын жіктеуде ортағасырылғы шығыстың тайпа көсемдерінен, хандардан және князьдерден таратылатын генеалогиялық принципін басшылыққа алды деп кінәлады.

Алайда ұлы тарихшы ең алдымен тіл маманы-филолог болғандықтан тіл мәселесінде дөрекі қателеспеуі тиіс еді. Сондыктанда И.П. Петрушевский де «оны жекелеген «туркі халықтарының» лингвистикалық жақындықтары қызықтырғанын» мойындаиды. Рашид ад-диннің монголдардан басқа кейіннен автор өмір сүрген тұста монгол атанып кеткен бірқатар көшпелі тайпаларды екі топқа бөліп көрсеткені белгілі. Алғашқы топқа – **жалайырлар** (*бөліп көрсеткен біз* – Т.О.), татарлар, ойраттар және т.б. жатты. Бұлар саяси жағынан дербес топтасқан, өздерінің тәуелсіз билеушілері бар тайпалар еді. Ал екінші топқа керейттер, наймандар, қарлұқтар және т.б. жатты. Бұлардың ерекшелігі – өздерінің мемлекеттік бірлестіктерін және тайпалық одактарын өздері биледі. Бұлардың билеушілері өздерін аса қуатты сезінген кездер болған<sup>379</sup>.

Осының бәрін мойындаған И.П. Петрушевский атаптап (ішінде жалайыр да бар) көшпелі түркі тайпаларының «сыртқы түрлері және тілдері» жағынан өзара жақындықтары туралы Рашид ад-диннің ескертпесіне назар аударуды да ұмытпайды<sup>380</sup>.

<sup>378</sup> Сонда. – 28-б.

<sup>379</sup> Сонда. – 28-б.

<sup>380</sup> Сонда. – 28-б.

Кезінде қазақстандық ғалымдар В.В. Востров пен М.С. Мұқанов И. Петрушевскийдің жалайырларды монголдарға жатқызына қарсы болған еді<sup>381</sup>.

Осы айтылғандар жалайырлардың о баста түркілерден құралып, кейіннен моңғол империясының қүшесіне байланысты оларға қосылып моңғол атасын кеткенін дәлелдейді. Біздіңше, жалайырлар өздерін ешқашанда моңғол атаған емес. Оларға моңғол атауын моңғолдардан күтін-сүргін көрген басқа тайпалар берді. Монголдармен бірге келіп жауалау соғыстарын жүргізгендер «монгол» атанбағанда қалай атанбақ?

Алайда сталинишіл тарихшы И.П. Петрушевский мұны моянындағы қоймады. Ол жалайырларды «торік» тайпасына жатқызуышылар пікірін ашық айыптаған, оларды «ұлыдержавалық, пантюркистік «концепцияларды» жақтаушылар қатарына жатқызды және татар, керейт, найман, жалайыр, меркіт тәрізді түркі тайпаларын “түркітілдес емес, монгол тілдес” тайпалар деп көрсетті<sup>382</sup>. Сөзбе-сөз айттар болсақ, И.П. Петрушевский былай деген еді: «Сообщения Рашид ад-дина не оставляют места для идеализации родового быта кочевников, которой столь охотно передаются, например, некоторые турецкие буржуазные «историки» – пантюркисты»<sup>383</sup>. Міне, осылайша түркі тілдес тарихшыларға ашық қысым жасалды.

Монгол үстіртінде IX-XIII ғасырларда өмір сүріп, кейіннен қазіргі қазақты және т.б. түркі халықтарын негізделген жалайыр, керей, найман, қоңырат, табын және т.б. рулар мен тайпалар бірлестіктері рулық қауымдастырылған арқасында ғана өсіп-өнді, пісіп-жетілді, және тайпалық одактарға бірігіп этностық-саяси тұрғыдан қазақ халқын құрады. Қазақтың рулар мен тайпалардан құралғаны құпия емес. Олай болса И.П. Петрушевский айтқан екен деп «рулық тұрмыстың» тарихи маңызына мән бермеу – қазақтың этностық-элеуметтік тұрмысына мән бермеу болып шығады.

<sup>381</sup> Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – нач. XX вв.). – Алма-Ата, 1968. – 41-б.

<sup>382</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – Т. 1. – Кн. первая. – 29-б.

<sup>383</sup> Сонда. – 29-б.

Жалайырларды моңғол тайпасына жатқызатын жалғыз И.П. Петрушевский ғана емес, орыстың белгілі шығыстанушысы В.В. Бартольд та осындай қате көзқарас ұстанды. Ол өзінің «Место прикаспийских областей в истории мусульманского мира» деген тақырыпқа арналған лекциясында Персияны билеген ильхандар династиясы туралы айта келе жалайырлардың монголдардан шығып, кейіннен түркіленгенін мәлімдеді<sup>384</sup>. Ол, сондай-ақ, өзінің «Орта Азиядағы түркі халықтары тарихы бойынша он екі лекция» атты еңбегінде де жалайырлардың атауы «алғаш монгол ұлтының атауы» болғанын анықтап көрсетті<sup>385</sup>. Бұларға қосымша ол Жалайырдың әйгілі қолбасшысы Мұқалидың өзін қытайлыктарға «татар адамымын», – деп таныстырганын алға тартады<sup>386</sup>.

Әйгілі шығыстанушының жалайырды алғаш монгол, соңынан түркі жасауын негізсіз және дәлелсіз деп ойлаймыз. Мұның бәрі, біздің ойымызша, Рашид ад-динді дұрыс, байыптаң оқымаудан орын алып отыр. Ол ежелгі жалайырлар шежіресін оғыздан таратады. Бұл туралы біз алда ежелгі жалайырларды құраған он рудың шығу тегін баяндаганда айтамыз.

Ал енді жалайыр Мұқалидың өзін «татар адамы деуіне келер болсақ, татарлардың монголдардың ата жауы болғаны, әртүрлі этностық топтардан құрылған бұл халықтың отыз татар атанғаны белгілі<sup>387</sup>. Мұқалидың өзін монголмын демей, татармын деуінің өзі жалайырлардың монголдарға біріккенге дейін түркі тілдес болғанын дәлелдей түседі деп ойлаймыз.

Жалайырларды осы Отыз татарлардан шығарып, бірақ Отыз татарлардың өздерін де монголдарға жатқызатын ғалым, монголдар тарихын арнайы зерттеген – Л.Л. Викторова. Ол өзінің этностық негізdemесін арнайы схема түрінде береді. Оның көзқарасы оқырманға түсінікті болу үшін біз бұл схеманы оқырманға қаз-қалпында ұсындық.

<sup>384</sup> Бартольд В.В. Соч. – Т. II. – Ч. 1. – М., 1963. – 722-б.

<sup>385</sup> Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 2002. – 172 б.

<sup>386</sup> Сонда. – 255-б.

<sup>387</sup> Викторова Л.Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры. – М., 1980. – 196-б.

## Этническая преемственность

Источники	Время	Тюркоязычные	Монгольские	Время	Источники
«Сокровенное сказание», Рашид ад-дин, «Юань-ши» и др.	XII-XIII вв.	Найман, керент, меркит (изрубу – XII в.), онгуты	Уллиха (восточные урянхайцы)	X-XIII вв.	«Ляоши», «Цзиньчики», «Сокровенное сказание», «Юаньши», Рашид ад-дин, «Минчжул хутхта», «География Тибета»
«Ляоши»	X в. – первая половина XII в.	Хойху, изрубу (найман, меркит?)	Монголы, татары тайчжууты, чжалайры, унгираты, урянхайцы		
«Вэйши», «Чжоушу», «Суйшу», «Ташшу», «Орхонские надписи»	Середина IX в. н. э.	Тухс (порки), юаньхэ (хойху, ойхор), гао-пойны и другие тюркоязычные племена Центральной Азии	Кидани (кара-кытай)	IV-IX вв.	«Бэйши», «Цзю Ташшу», «Синь Ташшу» «Орхонские надписи», «Селенгинский камень», «Сокровенное сказание»
«Шинзи», «Цинь Ханьшую», «Хоу Ханьшую», «Тунцзянь ганму»	III в. до н. э. – середина IV в. н. э.	Западные сяньби (хупу) Хунну	Шивэй (лада, Хоры отуз-татары), улохуу Кидани (кытай) А-ши (тогоны) Тоба, муюн→тогон (таби) Юрьынь Сяньби-ухуанцы Дунхуу	XII III-IV вв. III в. до н.э. – II в. н. э. III в. до н.э.	«Тунцзянь ганму» «Хоу Ханьшую» «Тунцзянь ганму» «Шинзи», «Цинь Ханьшую»

Кестеден көріп отырғанымыздай, жалайырлар (чжалайрлар) мен қоңыраттар (унгираттар) және татарлар монгол тайпаларына жатқызылған. Л. Викторова осындай қорытындыға келіп отырып, озінің осы монографиялық еңбегінің 175-бетінде Рашид ад-диннің төмендегідей пікіріне толық макұлдау білдіреді: «Доминирующее положение монголоязычного населения при его значительной численности на территории Центральной Азии привело к тому, что, как пишет Рашид ад-дин, «найманы, джалайры, онгуты, керейты и другие племена, которые имели каждое свое определенное имя, называли себя монголами из желания перенести на себя славу последних; потомки же этих

родов возомнили себя издревле носящими это имя, чего в действительности не было» [Рашид ад-дин. – 1952. – Ч. 1. – С. 75].

Процесс слияния кочевых монгольских, тюркских, тунгусо-маньчжурских групп в единую монгольскую народность был подготовлен всем ходом событий предшествующего периода истории Центральной Азии»<sup>388</sup>.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұдан шығатын қорытынды, жалайырлар және т.б. түркі тілдес тайпалар Орталық Азияда монғол тілдес тайпалардың үстемдік ала бастауына байланысты оларға бас июіне, яғни монголдармен бірігүте мәжбүр болды. Мұны Л. Викторова да мойындайды. Оның ойынша «жазбаша әдеби және дәстүрлі тарихи протомонғолдық мәдениет пен тілдің ошағын» Орталық Азияда 200 жылдай империялық биліктегі болған қидандар нығайтып кетті, ал «Шыңғыс өзін Ляо атты қидандар империясының саяси және этномәдени мұраларының занды ізбасары ретінде қарады»<sup>389</sup>.

Егер осы айтылғандарға тереңірек мән берер болсақ, бұрынғы негізін түркі тілдес оғыздар құраған жалайырлар қидандар билігі және Шыңғысхан империясы тұсында монғол тілдес тайпалар ықпалына түсіп, монғол атана бастаған болып шығады. Бұл тұста монғол тілі мен түркі тілдері аса жақын болғандықтан жалайырлардың монғол атануы ерекше оқиға емес еді.


Жалайырлардың ежелгі шежіресі олардың тұп атасы оғыз екендігін дәлелдейді және монголдардың оларға жақындығын, әрқашан көрші болғанын көрсетеді. Оқырманға түсінікті болуы үшін Рашид ад-диннің деректеріне негізделген жалайырлардың ежелгі шежіресін төмөндегіше береміз<sup>390</sup>:

<sup>388</sup> Викторова Л.Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры. – М., 1980. – 175-6.

<sup>389</sup> Сонда. – 175-6.

<sup>390</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – Т. 1. – 73-98-6.

**Ежелгі жалайырлар шежіресі**  
 (Рашид ад-диннің мәліметі бойынша)



\*Зерттеушілер ежелгі Жалайырдың құраган тайпалардың әртүрлі атайдындықтан руладың әртүрлі атауларын беріп отырмыз – Т.О.

Жалайырлардың ежелгі шежіресі оларды дәрлікендерден тарапатынын көріп отырмыз. Мұндайда Дәрлікен атасың аты ма, жоқ әлде тайпаның аты ма? деген занды сауал туындейды. Мәселені айқындау үшін, ең алдымен, зерттеушілер пікірлеріне

кулақ түрелік. Монғол-қалмақ тарихын індеге зерттең жүрген зерттеуші В.Ш. Бембеев осыған байланысты былай деп жазады: «Процесс объединения племен и народов Центральной Азии, характерный для эпохи Чингисхана, приводил к смешению этноформаций и образованию новых, из коих наиболее наглядным являлся раздел формации «дарлекин». Учитем специфичность тюркского и монгольского языков того времени и сделаем оговорку: слова при произношении приобретали несколько иное, чем сегодня, звучание и смысловую окраску из-за трансформации отдельных согласных и гласных звуков. Название «дарлекин» должно было читаться по-монгольски «торолекун», что понимается как «родственники, родственные». По Рашид-ад-дину, все 20 подразделений формации «дарлекин-торолекун»: «джалаир, сунит, татар, меркит, курлаут, тулас, булагачин, керемучин, урасут, татамих, таргут (торгоут), ойрат, барг(к)-ут, к(х)ори, теленгут, урянка, курх(г)-ан, сухат...» – всего 18 из двадцати (2 наименования пропущены или самим Рашид-ад-дином, или переписчиками), были родственными. Разговаривая между собой, они все понимали друг друга.

Военно-административные, социально-экономические и многие другие образования, переплетаясь друг с другом, в связи с формированием империи Чингисхана, непосредственно влияли на процесс этногенеза»<sup>391</sup>.

Бұл айтылғандардан байқайтынымыз, «дәрлекен» атауы «туыстар», «туыскандар» деген мағына беретіндігі. Дәрлекіндер құрамында шынында да бұрын Жалайыр бірлестігінде болған төленгіт (теленгут), кори (тури), куркин (курхган), күмсаут (курлаут) тәрізді руладын да болғандығын осы деректен біліп отырмыз. Бұлар өзара сөйлескенде бірін-бірі жақсы түсінген. Мұның себебі, жалайырдың ескі шежіресінен байқалатынЫндей, монғол аталған тайпалар мен оғыз аталған тайпалардың тұптамырлары бір. Яғни ежелгі «дәрлікен» немесе «жалайыр» бірлестігіне оғыз руладымен бірге кейінрек монғолдарды құраган тайпалардың кіріп кеткендеріне таңданудың еш реті жоқ. Сонымен бірге жоғарыда айтылған В.Ш. Бембеевтің пікірі Дәрлекин немесе

<sup>391</sup> Бембеев В.Ш. Ойраты в империи Чингисхана // Вопросы истории. – 2006. – №5. – 158-6.

Жалайыр бірлестігінің негізгі ядросын туысқан Оғыз тайпалары құрап, кейінрек оған Қалайыр (Жалайыр) өзені бойына қоныстанған кірме монгол тайпалары қосылып, бұл тайпа-ның этностық бірлестіктен әскери-әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы бірлестікке ұласқанын байқатады. Шынғысханды жалайырлардың алғашқылардың бірі болып қолдауы және ұлы ханнан оларды көтермелесеуді жалайырлардың әскери түрғыдан тығыз топтасып үлгерген тайпа екендігін тағы да дәлелдей түседі. Бұл процестердің V-VI ғасырлардан бастау алары күмәнсіз.

Жогарыдағы В.Ш. Бембесевтің айтқандарында тағы бір назар аудартар мәселе жалайырлар құрамына кірген дәрлекіндердің “төрелекүн” деп аталғаны. Кейінгі Шынғысхан империясы тұсында Ұлы ханнан тараған ұрпақтың “төре” атануы мен ежелгі шежіредегі “төрелекүнде” тарихи сабактастық бар тәрізді. Өйткені төрелекүндер құрамына түркі тілдес рулармен қатар монгол тілдес рулар да кірді емес пе? Оның үстіне көне шежіре бұл руларды туыстық түрғыдан да жақындастырады. Егер кейінректе Шынғысханды 1206 жылы Ұлы хан ретінде ақ киізге отырғызып хан көтерген 94 тайпа өкілдерінің арасында түркі тілдестердің көптеп кездесетіндерін ескерер болсақ, бұл пікіріміз растала түседі.

Шынғысхан тұсында монгол атангандардың бәрі монгол емес, бұл жалайырларға да тікелей қатысты. И.Н. Березин аударған Рашид ад-Диннің енбегінде мынадай жолдар бар: “Племена, которыхъ ныне называютъ монгольскими, но которыхъ имя въ сущности не было Монголь, такъ какъ это название они предъявили после эпохи ихъ (Монголовъ). Каждая ветвь изъ этихъ ветвей произвела много ветвей, и у всякой явилось определенное имя.

Джалайр	جَلَائِر	Сунит	سُونِيت
Татарь	تَاتَار	Мергить	مَرْكِيت
Тамгалықъ	تَمْغَالِيقْ	Курлутъ	كُورلُوت
Тумэть	تُوْمَات	Тулась	تُولَاسْ
		Булагачинъ	بُولْغاچِنْ <sup>392</sup>

<sup>392</sup> Сборник летописей. История монголов, сочинение Рашид ад-Дина / Пер. с перс. Н.И. Березина // Труды вост. отд. императорск. археологич. общ. – Ч. V. – СПб., 1858. – 7-б.

Түркі тілдес тайпалардың аттары монголдар билігіне түсекен соң өзгере түсті. И.Н. Березин Жалайыр тайпасының қазіргі Монголияда Джейайд деп аталып кеткенін зерттеушілер еңбектеріне талдау жасай отырып атап көрсетеді<sup>393</sup>. Монголдар ықпалымен түркі тілдес тайпалардың атауларының өзгеріске түсінің айқын көрінісі ежелгі жалайырлардың құраған 10 ру аттарының басым көшілігінің монголдың көптік санымен көрсетілуі. Мұны алғашқылардың бірі болып байқаған Н.И. Березин Рашид ад-диннің монголша жазуға бейімдігін атап көрсеткен еді. Жалайыр рулары аттарының монголша берілуі Н.И. Березиннді Рашид ад-дин мәліметтеріне күдікпен қарауға мәжбүр етті. Оның ойынша жалайырлардың осы руларының басқа зерттеушілер енбегінде кездеспеулері Рашид ад-дин еңбектерінде олардың атаулары дұрыс оқылған деп сеніммен айтуға мүмкіндік бере қоймайды. Осының дәлелі ретінде Н.И. Березин ежелгі жалайырлардың құраған рулар атауларын басқа тілде оқу олардың мән-мағыналарын басқаша түсінуге жол ашатынына назар аударады. Ол Жалайырдың құраған руларды манчжур тілінде оқу арқылы тәмендегідей қорытындыға келді: “Въ маньджурскомъ мы находимъ следующія слова для объясненія этихъ названий: чжа, столбъ шатра, или чжай, второй; хунгки, кремень, для Кункаувъ или Хункаутовъ; у, игла на дереве, для Уятовъ; курике, очень ленивый, для Куркиновъ; тури, колыбель, бобъ; кумши, родъ сокола, для Кумсаутовъ; нилуканъ, кроткія слова; тулкунъ, темный, для Тулангить; санкга, очень древній для Санкуть или Санкгутъ. Племя же تُرکى تىللىرىسىنەڭ سلقان قىنقاوەت قىنكىساۋات بىم. تۈركى تىللىرىسىنەڭ سىنقاوەت كوركىن كوكىر بىلقاران بىم.<sup>394</sup> Туракутъ можетъ быть получило название отъ турецкаго прямой. Окончания названий монгольская, но множественное монгольское число могло быть следствием омоноголения Джалаировъ, какъ и другихъ племенъ. – У г. Эрдмана мы находимъ следующие варианты: سلقان قىنقاوەت قىنكىساۋات بىم. سىنقاوەت كوركىن كوكىر بىلقاران بىم.

<sup>393</sup> Сонда. – 226-227-6.

<sup>394</sup> Сборник летописей. История монголов, сочинение Рашид ад-Дина / Пер. с перс. Н.И. Березина // Труды вост. отд. императорск. археологич. общ. – Ч. V. – СПб., 1858. – 227–6.

Әрине, ежелгі Жалайыр руларының атауларын манчкур тілінде ғана емес, көне түркі тіліне де, тіптен біз жоғарыдағы кестеде бергендей, қазіргі қазақ тіліне де икемдеп айтып көруге болады. Онда біз мұлде басқа мағыналарды көрсететін рулар аттарына кезігер едік. Біздің ойымызша, мәселе Рашид ад-дин берген құнды деректерді әр тілде окуда емес, тарихи деректердің өздерінің қайталанбастай сирек кездесетін құндылығында.

Егерде осыны мойындар болсақ, онда ежелгі жалайырларды құраған 10 рудың шығу тегін талдауға нақты назар аударуға тұра келеді.

Жалайырлар тарихында ежелгі және ең басты ру Рашид ад-динде **Джат** деген атпен берілген жат руы. Монғол тіліне жетік қазақ бауырымыз Зардыхан Қинаятұлы осы рудың атымен тұтас Жалайыр этномимін байланыстырады. Ол былай деп жазған еді: «Осы топ монғол әулеті ішінде «Жат жаланың адамы» немесе «жалаалылар» атанды. Мен осынау «Жат жалаалылар» ұғымынан «Жалайыр» атауы шықты ма деп ойлаймын»<sup>395</sup>.

Оның ойынша осы жат руы монғолдарға Шыңғысхан заманынан әлдекайда бұрын жақындастып, тығыз қарым-қатынаста болған. Жат руына кеңірек түсініктеме берген Зардыхан Қинаятұлы өзінің ойын төмөндегіше жалғастырады: «Жалайырлар осылайша монғолдарға кірме болуы XI ғасырдың соңы. Осы тұстан бастап олар Монғол дарликиннің он рулы «Жат жалайыр» тайпасы атанип кетті. Монғол жазбаларында олардың ең белді руы «Жат» деп аталағы. Жалайырдың жат руы монғол ортасында басқа жалайырлардан артық болды. Рашид-ад-дин және қытай тарихшысы То Жидің айтуынша әйгілі Го Ван Мухулей және жалайыр тайпасынан шыққан басқадай әйгілі адамдардың көпшілігі осынау жат руынан шықты. Өйткені олар Қият Боржығындармен етене жақын қатынаста болды»<sup>396</sup>.

Белгілі түркітанушы С. Аманжолов Жат немесе Жайт руы кейінгі қазақтың Кіші жүзіндегі Жүй руына және қырғыздарда Шайтейіт руына таралып кеткенін жазады<sup>397</sup>. Қазақтың белгілі

<sup>395</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 156-б.

<sup>396</sup> Сонда. – 156-б.

<sup>397</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч. 1. – 45-б.

этнограф ғалымдары Х. Аргынбаев, М. Мұқанов, В. Востров Жалайырдың жат руын Жәйіт руы деп көрсетеді<sup>398</sup>.

Қазақстандық синолог Ю.А. Зуев Жалайырдың жат руының атын олардың манихейлік діни нанымды қабылдауымен байланыстырып, «жат» атауын монголдың ча'ат (ак) деген сөзінен іздестіреді<sup>399</sup>. Біздіңшे бұлай түсіндіру дәлелді фактілерге негізделмеген.

Дегенмен де, жалайырлардың Жат руы монголдарға, әсіресе, Шыңғысхан қурган мемлекетке әрқашан адал болып қалды. Жат руының беделі артқаны сондай ол кейде Жалайырдың этномимімен қатар айтылатын болды. Мұны монғол билеушілері байқамады, елемеді десек тарихқа қиянат жасар едік. Жалайырдың жат руының монголдармен қатар жүріп, мемлекет құрысқан тағдыры назардан тыс қалған жоқ. Бұл туралы З. Қинаятұлы былай деп жазады: «Жалайыр аты қаншама «Жат» болғанымен, біріншіден, ежелден «Боржығын дарликин» саналатын, екіншіден, бел монголдардың атамекені саналатын Онон, Хэрлэннің шығысын мекендейтін, үшіншіден, елінің басын біріктіру үшін Шыңғысханның күн-тұн демей ат сабылтып, қан жұтқан жанталасында еш жаттық танытпағандықтан Жалайырдың мекені «Боржығын категориясына» жатқызылып Мухулай бастаған шығыс түмэн билігінде қалды»<sup>400</sup>.

Шыңғыс қаган тұсында Жалайырдың жат руына көрсетілген құрмет оның кейінгі ұрпақтары тұсында да жалғасын тауып жатты. Осының нақты мысалы осы жат руынан шыққан Мунқасар нојанның тағдыры дер едік. Зардыхан Қинаятұлы бұл туралы былай жазады: «Жалайырдың Жат тайпасынан шыққан Мунқасар нојан Тулуй мен оның ұлы Мөңкенің Қыпшақ жорығы барысында көрсеткен іскерлігі ескерліп Мөңке хаған (1251-1259) билігіндегі Империясының Бас жарғышысы немесе әділет министрі болды. Бас әділетшіге алғаш Шыңғысханның артқан жұғі аса ауыр және жауапты еді. Ол Шихихутугты алғашқы бас әділетші етіп тағайындағанда «Күллі мемлекетте әділеттілікті сақтап, өтірік, өсектің алдын алып, жазалануы

<sup>398</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – 76-б.

<sup>399</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы, 2002. – 296-б.

<sup>400</sup> Қинаятұлы З. Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 166-б.

тиістілерді жазалап, басы алынуға тиістінің басы алынатын болсын» және «Мемлекеттік меншік бөлісіне байланысты даудамайларды тиянақтандырып, ол туралы көк дәптерге жазылып отыратын болсын. Шихихутагтың менімен келісіп, кесімін айтып көк дәптерге түсірген заңдық күші бар құжаттарына ұрнақтан-ұрпаққа дейін ешкім қол тигізбейтін болсын» деп кескен. Көк дәптер кейін әлем тарихында, «Шыңғысханның Ұлы жарғысы» («Великая яса») атанды. Бас әділетші Мунхасар ұлы хаған жарлығын бұлжытпай орындады. Өйткені Мөңке Моңгол империясының хаған тағы үшін бір жағынан Өгөдей, Чагатай ұрпағы, екінші жағынан Жошы мен Тулуй ұрпағы арасындағы қақтығыс аса шиеленіскең тұста ұлы хаған тағына отырды. Оған қарсыластары да аз болған жоқ. Осынау шырғалаң тұста ел жағдайын заң жүзінде орнықтыру ісі жалайыр Мунхасар ноянға тапсырылды.

Мунхасар ноян Мөңке хаганның жарлығымен үш мың қолды бастап Мөңкеге қарсы бас көтерген Күйік хаганның інісі Ширэмун және Күйік хаганның ұлы Нахуға қарсы аттанды. Мунхасар жогарыда атапған Ширэмун, Цаху және басқадай 77 ноянды дарға асу туралы жарлыққа қол қояды. Мунхасар Мөңке хаганмен келісілген жарлық бойынша жоғарыдағы бас көтеруге ұйытқы болған Күйік хаганның тоқалы Огул Қаймыш, Күйік хаганның бұрынғы бас уәзірі Қадақ дарға асылады. Ал Күйік хаганның бас кеңесшісі (Чинсан) Чингай орнынан босатылып, оның орнына Булгай Чинсан болып тағайындалады. Мөңкені хаган тағына отырғызуды қолдағаны үшін жәбір көрген барлық адамдарды жазадан құтқару туралы жарлыққа қол қойып, кек дәптерге белгілейді.

Мөңке хаган оның бас әділетшісі Мунхасардың тұсында елді жайлайған бассыз баусыздықты және кеден, салық, көлік, аң аулаушылық жүйелерін зандастырып, бір қалыпқа келтіреді. Тек осылайша ел арасы орнықканнан соң ғана Мөңке хаган ұлы шығыс жорығына аттануына мүмкіндік туады. Мунхасар ноян Мөңке хаганның шығыс жорығында онымен бірге болып ұлы хаганнан бір жыл соң 1260 жылы қытайдың Сычуань өлкесінде дүниесалады. Мөңке ханның тұсында Мунхасардың ұлы Хандукур-ноян отрядын жасақтаап, өзі басқарып Иранға

аттанады. Келесі ұлдары Курмиши, Ел-Тимур кіндік Монғол жерінде әскери қызметте қалады»<sup>401</sup>.

Жат руының Шыңғысхан жаулауы түсінда батысқа жылжығанын байқаймыз. Олар кейінректе, 1429-1430 жылдары Шайбаниханың атасы Әбілхайырдың Ертіс бойындағы Төре қаласында таққа отыруына қолдау жасаған 23 тайпаның катарында болды<sup>402</sup>. Бұл тұста Жат (Джат) руы тайпаға айналып Жалайыр одағынан бөлініп ұлгерген тәрізді. Өйткені осы 23 тайпа ішінде бұрын Жалайыр тайпасы құрамына кірген 10 ру ішінен Курлаут (Куркин) ғана Жатпен қатар аталады. Байқауымызша, бұл тұс Жат руының батысқа жылжыған хитай, ұйғыр, найман, қият және қарлық тайпаларымен бірге көшіп-қонып жүрген кезі.

Тегінде жат о баста Жалайыр одағында ұстем ру болвандықтан, о баста-ақ жеке, бөлек айтылып жүрген. Кейде ол «Жадаран» аталғанын байқаймыз<sup>403</sup>. Ал Көшпелі өзбек ұлысында Жат (Джат) найманмен қатар жеке ру ретінде аталады<sup>404</sup>.

Ежелгі жалайырлар одағына кірген келесі ру тоқырауыт немесе тоқырауын. Бұл ру атауының шығу төркіні туралы Ю.А. Зуев тәмендегідей өзіндік болжам көзқарас білдіреді: “توقراوت токраут; ср. Toqura'ut «Сокровенного сказания» (§213). Возможно, это слово восходит к tokoro/tager (тохар). О юэчжи-тохарах на восточных склонах Большого Хингана говорилось... Они отмечены и в составе восьмиплеменных киданей. В Новой редакции «Истории династии Тан» это племя названо С7404, 2137 духо [Оуян Сю, гл. 219, с. 1537, л. 16]. Транскрипция духо (<d'uk-yuat) отражает tuxar, tugār»<sup>405</sup>.

Тохар (Юэчжи) тайпалық бірлестігінің б.з.д. ғұндар заманында-ақ өмір сүргендері белгілі. Олар солтүстік ғұндары мен үйсіндердің арасында орналасты<sup>406</sup>. Кейінрек тохарлар (юэчжи-лар) батысқа қоныс аударып, біртіндеп Бактрия жеріне дейін

<sup>401</sup> Қынайтұлы З. Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 167-168-б.

<sup>402</sup> Шаниязов К. Узбеки-карлуки (историко-этнографический очерк). – Ташкент, 1964. – 35-б.

<sup>403</sup> Қазақстан тарихы туралы монгол деректемелері. – Т. II. – Алматы, 2005. – 88-б.

<sup>404</sup> История народов Узбекистана. – Т. 2. – Ташкент, 1993. – 6-б.

<sup>405</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – 296-б.

<sup>406</sup> История Монгольской народной Республики. – М., 1983. – 98-б.

барды. Тарихта Бактрияның Тохаристан аталғаны да белгілі. Кезінде Хотан өлкесін мекендерген тохарлардың бір руының кейінірек Жалайыр бірлестігіне кіруі әбден мүмкін. Бұлай болған жағдайда бұрын иран тілдес болған, кейіннен үйсіндерге бағынған бұл тоқарларды тоқырауыт деп қабылдар болсақ, оларды монғол тілдес еді деп айта алмаймыз.

Ю.А. Зуевтің бұл болжамын теріске шығара алмайтын себебіміз, қидандардың кезінде Ұйғыр қағанатын талқандаған қырғыздардан билікті тартып алғып, Шығыс Түркі қағанатының орталығы болған Орхон бойын мекендерендегі белгілі. Бұл жалайырларға көрші аймақ. Мұндайда юэчжи-тоқарларының бір руының Жалайыр одагына барып қосылулары әбден мүмкін.

Ал енді С. Аманжолов айтқандай тоқраут руының атымен Жезқазған жеріндегі Тоқырауын өзенінің атауын байланыстыруға келсек<sup>407</sup>, бұл тегінде кейініректе ежелгі жалайырлардың бір белігі, дәлірек айтсақ, тоқырауттардың Жошы ұлысы аймағына қоныстануының салдары болар. Тоқырауттардың қазіргі Тоқырауын өзені бойын мекендеу мүмкіндігін де теріске шығару қыын. Монғол жаулару туында жалайырлардың осында қоныс аударғаны белгілі ғой.

Шынғысхан дәүіріндегі Жалайырдың Тоқырауын руына келер болсақ, осыған қатысты «Монғолдың құпия шежіресіндегі» мәліметтерді зерттеушілер арасынан алғаш байқаған Зардыхан Қинаятұлының төмендегідей пікірлеріне назар аударымыз: «Жалайырлар Монғол мемлекеті туында Шынғысханның үзенгілес серіктестері түрғысынан белгілі болды. Жалайыр тобы Тэмужин қолының қатарында Меркіттермен болған **«Бугур Кегер» шайқасына қатысты**. Тэмужин бұл жорықта үлкен абырайға ие болып, олжаға батып қайтқаны белгілі екі топқа бөлінгенде жалайырлар Тэмужиннің соңынан ерді. Тэмужиннің тұн жамылған сүйт көшімен ілесе келген ең алғашқылардың қатарында жалайырдың **Тоқырауын тайпасының белгілі адамдары Хачиун, Қарқой, Қарылдайлар** болды және олардың соңынан іле-шала Сәңгэ-Домог келіп жетеді.

«Монғолдың құпия шежіресінде» жоғарыда аты аталған ағайынды үшеуін **«Хачиун-Токураун, Хархай-Токураун, Харалдай-**

<sup>407</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч. 1. – 46-б.

Токураун деп көрсеткен. Бірақ монгол жазбалары мұнда көрсетілген «**Токураун**» ұғымы олардың ата тегін айтып тұрганына соншалықты мән берілмейді. Ойткені монгол ортасында соңғы ғасырларда адамдардың затын ата тегі арқылы ажыратуға үрдісі үзіліп қалған. Бірақ жоғарыдағы «Хачиун-Токураун» атауы «Қыдырғали Жалайыр», «Қаракерей Қабанбай», «Қанжыгалы Бөгенбай», «Мухамед Қайдар Дулати» делініп адамның затын ата тегі арқылы ажырататын Түркілік үрдіс айқын көрініп тұр. Мұндағы «Токураун» он рулы Жалайырдың бір руының аты.

1189 жылы Цэнхэр өзенінің бойындағы Хар жүркеннің Кек көлінің жағасында Нирун монгол үрпақтары Тэмужинді алғаш дүйім монголдың «Шыңғыс ханы» лауазымына көтергенде бұл ұсынысты қолданғандардың бірі жалайырлар еді. Осы жында жалайыр Харахай Шыңғысханның інісі Архай Хасар бастаған сарбаздар қатарына ілінсе, Харалдай Белгуттәйдің билігінде ат көлік жайын реттеу міндетіне ие болды»<sup>408</sup>.

2005 жылы Қазақстанда Лубсанданзанның монголтанушы-аудармашы Жүкел Хамай аударған «Алтын тобчы» (Алтын түйін) қазақ тілінде қайта басылып шықты. Осы еңбекте Төмүчиннің (Шыңғысханиң) түн қараңғылығында езінің әріптесі Жамұқаға сенбей, одан бөліне көшетін жері бар. Онда былай делінген: Төмүчин «сол түнді өткізіп, ертеңінде күн шыққанда қараса, Жалайырдың Қачиғұн тоқырағұн, Қарақай то құрағұн осы уш ағалар, бауырлар түнімен көшіп еріп келген екен». Солармен қатар «Жалайырдың Шира Домақ, Арқай Қасыр, Бала ұлдарымен кеді»<sup>409</sup>.

Мұндағы «токуағұнды» Зардыхан Қинаятұлы пайдаланған деректе «токураун» деп оқымыз. Біз пайдаланған Жүкел Хамайдың аудармасында «тоқырағұн» сөзі «атақ, лауазым, қазіргі қазақ тіліндегі «ожаушы» дегенге ұқсайды», – деп түсіндіреді. Алайда бұл негылған атақ, лауазым, оны кім береді? деген сауалға жауап жоқ. Соған қараганда З. Қинаятұлының пікірі шындыққа жақын тәрізді. Оның үстінен Жүкел Хамайдың аудармасында «тоғырағұн» ұғымының «Монголдың құпия шежіресінде» «токурауын», – деп жазылғаны мойындалған»<sup>410</sup>.

<sup>408</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 158-6.

<sup>409</sup> Қазақстан тарихы туралы монгол деректемелері. – Т. II. – 86-87-6.

<sup>410</sup> Сонда. – 91-б.

Тоқрауын руының кейіннен де Шыңғысханға адал болып қалғанын осы рудың қайраткерлерінің бірі Жошы-Дармаланың тағдырынан да байқай аламыз. Рашид ад-диннің және монголдың «Алтын табчысын» пайдаланған З. Қинаятұлы мұны былай түсіндірген еді: «Жошы-Дармала Қият-Боржығының Дарлакин тармагы саналатын жалайырдың Токураун саласынан еді. Жалайырдың **Жат** және **Токураун** саласы басқалардан гөрі Шыңғыс әuletіне етене жақын болды. Сондығынан болар Шыңғысхан 1190 жылы сол Дармаланың намысы үшін қандас туысы, әрі ант ішікен досы Жамухамен соғысты. Тарихта аталмыш соғыс «Он үш күрен шайқасы» деп аталады. Шыңғысханың жақтасы саналатын Жошы-Дармаланың Сарь-кегерде жатқан жылқысын Жамуханың інісі Тайчар күйп кетеді. Жылқысының ізімен өкшелей күйп жеткен Дармала Тайчарды атып өлтіріп, жылқысын қайтарып алады. Аталған соғыс осы қақтығыстан басталады. Сейтіп Шыңғысхан Дармаланы өзімен аталас Жамухадан қан төгіп арашалап қалды. Осы тұстап бастап Жалайыр Дармала ұрпағы Шыңғыс ұрпағына екі ғасыр бойы қалтқысыз енбек етті. Рашид-ад-диннің айтудынша Дармаланың Кутукты, Кутукдур, Құндағай, Илга және Ерлен атты алты ұлы болған. Аталғандардың ішінен Илга ноян Хулагудың бас уәзірі, Кутуктының ұлы Олқун мың басы болса, Кундуғайдың ұлы Курчи-Бугун ханының Грузиядағы билеушісі Бугунның ұлы Темір-Бұқа Харбандидің сайман қоймасын басқарады»<sup>411</sup>.

Осы мысалдың езі-ақ, тоқырауын-жалайырлардың монгол мемлекетіндегі ықпалды орындарын көрсетіп беретіндей.

С. Аманжолов ежелгі жалайырлардың Оят (Уят) руының қайдан шыққанын анықтау қын екендігін мойындаі келе оны «нағыз түрік сөзі емес деп айтуга болмайтынын» атап көрсете кеткен еді<sup>412</sup>.

Зерттеуші Ю.А. Зуев болса мұны төмендегіше түсіндіреді: “**عىات** – уят - форма множественного числа от **عىان**. В «Истории киданей» зарегистрировано племя вэй-янь ту-цзюе зближающееся с уят Рашид ад-Дина»<sup>413</sup>.

<sup>411</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 169-170-б.

<sup>412</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч. 1. – 46-б.

<sup>413</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – 296-б.

Егер осы болжамды макұлдар болсақ, онда Оят (уят) руының тағдыры да Тоқыраутпен бірдей болып шығады.

Оят пен Тоқраут тайпалары Ю. Зуев айтқандай, жалайырларға қидандар құрамынан барып қосылулары әбден мүмкін. Жалайыр тайпа одағы тарих сахнасына шыққан Х ғасырдың алғашқы ширегінде қидандар Орталық Азияның көп бөлігін жаулап алды. 924 жылы Хуанхэ өзенінен солтүстікке қарайты үлкен аймақты олар өздеріне қаратты. Батыста қидандар мемлекеті Алтай жоталарына дейін барып Шығыс Түркістандағы мемлекеттермен шектесті. 926 жылы олар Бохай мемлекетін бағындырып, Тынық мұхитқа шықты. Ал солтүстіктегі қидандар империясының шекарасы Хинган тауларын жағалап Орхон, Селенга және Толы (жоғарғы және орта ағыстары), орта және төменгі Керулен анғарларына жалғасты. Осылайша қидандар ежелгі жалайырлар мекендейтін аймаққа көрші орналасты. Қидандардың IX ғасырда Онон мен Керулен аралығындағы шивэйлерді (отыз татарлар мен монголдар) жаулауы оларға көрші жалайырларды қидандарға жақындана түсті<sup>414</sup>. Мұндайда жекелеген қидан руладының жалайырларға кірме болулары әбден мүмкін. Жалайырлар мен қидандарды жақындастыратын тағы бір нәрсе – қидандардың тілінің монгол тіліне жақын болуы дер едік. Оның үстінен қидандар алғаш түрктердің қол астында болды, сондықтан оларда ежелгі түркі тілінің кейір сөздерінің қолданыста жүргені белгілі<sup>415</sup>.

Ежелгі жалайырларды құраған 10 рудың қатарында толенгіттер де аталады. Зерттеуші Ю. Зуев төленгіттерге төменде гідей сипаттама береді: طولانْ كاتيـت «толангыт (кит. до-лань-гэ ta-lam-kat<talaŋqat~talanngat) – первоначально племя тиреков и уйгуров; обитало на восточных границах племен тонга и орхонских се-яньюто; в эпоху монголов становится известным на Саяно-Алтае»<sup>416</sup>.

Көрсетілген аймақтар ежелгі жалайырлар мекендерінен қашық емес.

<sup>414</sup> Викторова Л.Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры. – М., 1980. – 143-б.

<sup>415</sup> Сонда. – 153-б.

<sup>416</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – 297-б.

Ежелгі жалайырларды құраған төлеңгітердің (тулангиттердің) тарихи тағдырлары біршама айқын. Сондықтан С. Аманжолов «қазіргі қазак және алтай төлеңгітері ежелгі жалайырлардың төлеңгітеріне сәйкес ке леді» деген батыл пікірді айтады<sup>417</sup>. Төлеңгітердің Жалайыр құрамында болғанын Лубсанданзанның «Алтын тобчысында» кездесетін «Жалайырдың Телегеті» деген сөздердің кездесуі де дәлелдеп түргандай<sup>418</sup>.

Башқұрт тарихшысы Р.Г. Кузеев «Таварих-Гузида» дерегінде мәліметке сүйене келе төлеңгіт, урасут және коштеми (урянкат) тайпаларының биш кавм – бес тайпа деген атпен белгілі болғанын бұларды кезінде қырғыздармен соғыс кезінде Шыңғысханның бағындырғанын атап көрсетеді<sup>419</sup>. Мұнда айтылатын Алтайдағы төлеңгітер мен жалайырлардың арасын Байкал көлі бөліп жатқан тәрізді. Тайпалардың көлді айнала көшіп жүргендерін ескерер болсақ, Жалайырлар құрамына кірген Төлеңгіт осы атап болған бес тайпа құрамындағы төлеңгітердің бір бөлігі деп айтуға негіз бар. Биш кавм, яғни бес тайпа бірлестігіне кіретін төлеңгітерді Р.Г. Кузеев монғол тобына, тіптен «орман тайпаларына» жатқызады. Ол құрамында төлеңгітер бар биш кавм тайпа бірлестігінің кейініректе башқұрттардың бишул тайпасының этногенезіне ықпал жасауы мүмкін дей келе, сонымен қатар бұл этнонимнің қазақтардың Ұлы жүзінде, өзбектерде, ногайларда кездесетініне назар аударады<sup>420</sup>. Осының бәрі бізді төлеңгітер жекелеген түркі халықтарының және олардың кейбір тайпаларының, соның ішінде жалайырлардың да қалыптасуына ықпал еткен деп айтуға итермелейді.

Алайда кейінгі қазақ төлеңгітері туралы айтқанда мынаны да ұмытпаган жөн: XX ғасыр басында төлеңгітер туралы шағын еңбек жазған Ф. Зобнин «төлеңгітер деп бұрын және қазір қырғыздардан (қазақтардан – Т.О.) шыққан, кедейшілікке және т.б. жағдайларға байланысты өздеріне пайда түсіргенше сұлтандарға әрқашан жақын көшіп, онан соң оларды тастап, өздеріне тиімді басқа жаққа кетіп қалатындарды айтады»<sup>421</sup>. Осы еңбе-

<sup>417</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч. I. – 46-б.

<sup>418</sup> Қазақстан тарихы туралы монғол деректемелері. – Т. II. – 105-б.

<sup>419</sup> Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. – М., 1974. – 276-б.

<sup>420</sup> Сонда. – 276-б.

<sup>421</sup> Зобнин Ф. К вопросу о невольниках, рабах и тюленгутах в Киргизской степи. – 1902. – 43-б.

гінің келесі бетінде автор төлеңгіттерге мұнан гөрі анықтау түсініктеме береді: «төлеңгіттер деп сұлтандар басқа болыстардан қысымнан немесе кедейліктен қашып, сұлтандарды паналяған қырғыз (қазақ – T.O.) кірмелерін қабылдады. Төлеңгіттер деп сұлтандар әртүрлі қызметке дайын адамдарды таныды. Бірақ төлеңгіттер сұлтандарға зорлықпен емес, өз еріктерімен қызмет жасады және олар сұлтандарды әрқашанда тастап кете алды»<sup>422</sup>.

Бұл айтылғандардан қандай қорытындылар туындаиды? Біздің ойымызша, алғашқы орта ғасырларда Алтайда өзіндік тайпа бірлестігін құрған төлеңгіттер этностық құрамы біртекті болмағандықтан әртүрлі тайпаларға ыдырап кірме атанды. Олардың кейбір рулары осылайша ежелгі жалайырлар құрамынан көрінді. Бірақ монғолдарға қызмет ету барысында төлеңгіттер ыдырап кетті. Олар бұрынғыша Шыңғыс тұқымдарына (төрелерге), сұлтандарға қызмет етүмен болды. Осылайша Ф. Зобнин тарихын жазып отырған XIX ғасырдың алғашқы жартысында төлеңгіттер ежелгі тайпадан біртіндеп әлеуметтік топқа айналды.

Ал Жалайыр тарихына келер болсақ, монғол билігі тұсында жалайырлардың өздерінің бірнеше топқа бөлініп кетуі олардың құрамына кірме ретінде кірген төлеңгіттердің біртіндеп монғол тайпаларының құрамына ығысуларына ықпал етті деп ойлаймыз.

Ежелгі жалайырларды құраган 10 ру құрамында тури (торы) руы да аталағы. Ю. Зуев бұл туралы мынадай пікір айтады: «**تۇرى** тури; имея в виду соседство этого племени с толанытами, следует, видимо, читать кури»<sup>423</sup>.

Осы дұрыс па? «Тури (торы) руын «кури» деп оқыған ки-сынды ма? Бұтан жауап беру киын. Кури руы төлеңгіттермен қатар орналасқан ру екен. Ал олардың жалайырлар құрамына осы төлеңгіттермен бірге енулері де әбден мүмкін. Мұны теріске шығара алмаймыз. С. Аманжолов «тордан» «торғұл» деп атаптын Алтайдағы татарларды шығарады»<sup>424</sup>. Егер мұны қабылдар

<sup>422</sup> Сонда. – 43-б.

<sup>423</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – 297-б.

<sup>424</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – 45-б.

болсақ, торылар да түркі тілдес болған дей аламыз. Алайда жоғарыда Ю. Зуев көрсектендей «торыны» «қоры» деп оқыр болсақ, Лубсанданзанның «Алтын тобчысынан» Бұрхан Қалдұн тауында аң-құсты басқалардан корып, осында басқаларды жолатпай жүретін адамдардың Қорылар руы деген руга біріккендіктері әңгіме болады. Ж. Хамай аударған «Алтын тобчының» Қазақстанда басылған басылымында қоры руына мынадай түсініктеме берілген: «Gorugli – т. н-да осылай жазылған. Н.П. Шастина бұл сөзді «gorugsun» деп оқып, «дикие звери», деп аударған («Золотое сказание». С. 52.). Ц. Шагдар «булгад хәрәм гөрөө» – «бұлғын, тиін, аң». Б. Базылхан «гөрөө» сөзін: аң, аң құс, айыр түякты аң, деп түсіндірген (Базылхан Б. МҚТ. 138-б.)»<sup>425</sup>.

Бұрхан Қалдұн жалайырлар мекенінен онша қашық емес. Сондықтан Қорылардың Жалайыр одағына бірігуі де мүмкін. Онда «қоры» («кори») деген атпен қабылданатын «торы» («тури») руы монгол тілдес болып шығады. Жалайырлардың да, монгол тілдес тайпалардың да ол тұста өзара еркін сейлесіп түсініскеңін, түркі тілдері мен монгол тілдерінің ол тұста аса жақын болғандарын және жалайырлар да монголдарда ертеректе дәрлікен тайпа одағына мүше болғанын ескерер болсақ, бұған таңдануға болмас.

Ежелгі жалайырларды құраған келесі ру – сангут (санқауыт). Ю.А. Зуев бұл туралы былай деп жазады: « Sangut سانگوت « sangut (вариант шангут شانگوت); сп. тангут. Северные тангуты отмечены как подвластные киданям обитатели области Хуанлун (совр. Нунань) в Маньчжурии»<sup>426</sup>.

«Санғұт» немесе «шанғұт» атаулары «Алтын тобчыда» аталауды. Ал «танғұт» туралы жеткілікті мәліметтер баршылық. «Алтын тобчы» таңғұт жерін үйғыр жерімен қатар атайды. Ондағы мәліметтер таңғұттардың жалайырларға жақын жүргендерін байқаттындей.

Рашид ад-диннің Л. Хетагуров аударған еңбегінде таңғұт еліне мынадай түсініктеме берілген: таңғұттар империясының ортағасырлардағы қытайша аты Си-ся (Батыс Ся) немесе Хэ-си

<sup>425</sup> Қазақстан тарихы туралы монгол деректемелері. – Т. II. – 30-б.

<sup>426</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – 297-6.

(Сарыөзеннің батысы). Таңғұттар елі монғолдарға да Хаши(н) деген атпен әйгілі болған. Таңғұт мемлекеті (Си-ся) X ғасырда пайда болып, 1227 жылға дейін өмір сүрген. Оны Шыңғысхан бағындырыды. IX ғасыр басында ол Қытайдың солтүстік-батыс аймактарында бірқатар ұсақ княздіктерді біріктірген еді<sup>427</sup>.

Рашид ад-диннің айтуынша таңғұттар ежелгі түркі тайпаларының бірі болып табылады. Олар басқа түркілер – «жалайырлар, татарлар, ойраттар, онгуттар, керейттер, наймандар және тағысын тағылар тәрізді» кейіннен Шыңғысханның мысы басып, өздерін-өздері көтермелеп, монғолдармыз дейтін болды. «Ежелгі дәуірде олар бұл атауды мойында маса да осылай болып шықты»<sup>428</sup>. Рашид ад-дин таңғұттарды ежелгі ру тармактарының қалай таралғаны онша анық емес тайпалар қатарына жатқызады<sup>429</sup>.

Тегінде Шыңғысхан империясы құрылардан бұрын IX ғасырда солтүстік таңғұттары монғолдармен және жалайырларды құрай бастаған рулармен тығыз қарым-қатынаста болған. Шыңғысхан тұсында оның төңірегінде таңғұттар өкілдерінің болуы және таңғұттар арасынан монғол әскерлерін басқаратын әмірлердің шығуы осының айқын көрінісі.

Лубсандаңзанның «Алтын тобчысында» таңғұттан шықсан Құйылдыр шешениң Шыңғысханмен әңгімесі берілген:

«Шыңғыс қағанға Таңғұттың Құйлұр (106-а) сечені бүй дейді:

«Таудай алтын жинап,  
Сақтап отырганша,  
Тарыдай білім жинап,  
Жаңын шыкканша сакта!  
Келген келісті  
Жаннан кем түспес,  
Жұз сөз айтса,  
Жігін тауып бірін сакта!  
Тұмен сөзді айтқанша,  
Тұпкі бірін айт!  
Тұмен сөздін,

<sup>427</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – Т. 1. – 132-б.

<sup>428</sup> Сонда. – 102-б.

<sup>429</sup> Сонда. – 77-б.

Тұбі бір.  
 Жүз сөздің  
 Жірі бір!» – деген екен.  
 Шыңғыс қаған:  
 «Алтын тұламды тынық етсем,  
 Алып төрім уыстан кетер.  
 Тұла бойымды тынық етсем,  
 Тұтас ұлысым сандалып кетер.  
 Алтын тұлам қажыса, қажысын,  
 Алып төрім уыстан кетпесін!  
 Тұла бойым шалдықса, шалдықсын,  
 Тұтас ұлысым шашылып кетпесін!” –  
 деп жарлық еткен екен.  
 Шыңғыс қаған Құйлдұр сеченнен:  
 «Мына жанды дүниеде,  
 Арымайтын күлік не,  
 Алдырмайтын шешен не?» – деп сұрағанда,  
 Құйлдұр шешен бүй дейді:  
 «Арқардың жүрісіне шыдар,  
 Жануарда күлік жок.  
 Өз мінезін өзі түзеп журсе,  
 Алдырмайтын шешен жок, дегені – сол! – дейді<sup>430</sup>.

Осы әңгімен таңғұттардың монғолдармен емін-еркін, ашық қарым-қатынаста болғанын айқын аңғарғандай боламыз.

Таңғұттардың Шыңғысхан мемлекетінде аса ықпалды болғанын және олардың жалайырлармен қоян-қолтық аралас-құралас өмір сүргендерін Таңғұт Құйылдыр шешен туралы «Алтын тобчыда» жазылған төмендегі жолдардан тағы да байқаймыз: «... Данышпан Бөғда Шыңғыс қаған Ұлыс еліне келіп, Онанның басына тоғыз тұғырлы ақ туын орнатып, Жалайырдың Мұқұлайына Гүй Уаң Чинсан Тәйжі атағын бергенде, Таңғұттың Құйлдұрының ұлы Мөңке Қалжагу:

«Гүй атағына салмақтанба,  
 Уаң атағына шертиме!  
 Чинсан атағына тояттанба,  
 Тәйжі атағынды саудалама!  
 Шарапқа салынба,  
 Шамаң жеткенше күшінді бер!» – дейді<sup>431</sup>.

<sup>430</sup> Казақстан тарихы туралы монғол деректемелері. – Т.II. – 228-229-6.

Шыңғысханның көрші тайпаларды жауап, таңғұттар мекеніне бет алған сәттегі одан қатты қаймықкан таңғұттардың өздерін таныстырыуы «Алтын тобчыда»былай көрсетілген: «Таңғұт ұлысының Илақу Бұрқаны бүй дейді: «Шыңғыс қағаның атак-данқын естігенде, қобалжып, қатты қорықтым. Енді, міне, айбарлы тұлғанды көзбен көргенде, айбарыңнан қалтырадым. Қорқыныш билеген Таңғұт елі он қолың болып, күш қоссақ дейміз!» – дейді. «Күш қосқанда:

Жатын, жұртта отырған,  
Балишық үйге жиналған,  
Жедел көшүге колайсыз,  
Жорық соғысқа ынғайсыз,  
Қыын-қыстау күн туса,  
Қымылсыз қалатын елміз.  
Сойқан соғыс басталса,  
Сұыт жүріске ілесе алмаспыз.  
Бұйыртсаныз!  
Біз – Таңғұт елі.  
Биік шидің ығына,  
Өсірген қалың түйемізді.  
Шығарып, [қағанға] казына етіп берсек,  
Өрмек тоқып,  
Бұйым етіп берсек,  
Тұқұркай құсты үйретіп,  
Таңдал жақсысын жіберсек!” – деп уәде береді.

Осылай уәде етіп, сол уәдесіне (112-а) жетіп, Таңғұт елінен түйе жинап, үйіп-төгіп алыш келіп береді. Шыңғыс қаған сол жорығында Қытай елінің Алтын қағанын бағындырып, талай асыл бұйымдарын алыш, Шаншин елінің Бұрқанын бағындырып, көп түйе алыш қайтқан екен.

Шыңғыс қаған қой жылғы жорығында Қытай елінің Ақұттай Алтын қағанын бағындырып, Таңғұт ұлысының Илақу Бұрқанын бағындырып, қайтып оралғасын Сағар кегерге түседі»<sup>432</sup>.

Алайда таңғұттар Шыңғысханга берген уәдесінде тұрмады. Олар монголдардан іргесі бөлек, өз ұлысы бар ел екенін байқатты.

<sup>431</sup> Сонда. – 222-б.

<sup>432</sup> Қазақстан тарихы туралы монгол деректемелері. – Т.II – 239-240-б.

Шыңғысхан өзінің елшілерін өлтіріп тастаған Хорезм мемлекетіне жорықта дайындалғанда мұны айқын байқады. Таңғұттар бұл жорықта оны қолдаудан бас тартты. Бұл мәселе «Алтын тобчыда» төмендегіше жазылған: «Сартағұл елі Ұқұна бастаған жүз елшіні мазақ етіп, өлтіргені үшін (115-а) Шыңғыс қаған жарлық болдырып: «Алтын арқанымды Сартағұл еліне үздіріп, қалай қарап отырамын!» – деп Ұқұна бастаған жүз елшінің өшін өштеуге, кегін кектеуге, Сартағұл еліне қарсы аттанады. Шыңғыс қаған аттанарда Таңғұт елінің Бұрқанына елші жіберіп: «Оң қолың болайын деген едің, сен! Сартағұл еліне алтын арқанымды үздіріп алыш, аттанып барамын. Оң қол болып аттан!» – деп хабарлайды. Бұрқан сөзін бастамас бұрын Есен Қамбу: «Әліне қарамай, қаған болғаны несі!» деп шерік бермей қояды, тіпті Қағанға ғайбат сөздер де айтады. Соны естіген соң Шыңғыс қаған бүй дейді: «Есен Қамбудан мұндай сөзді қалай естідім екен. Өуелі алған бетімнен қайтпай, соғысқа кіргенім жөн болар. Басқа елге аттанып бара жатканда, бағытымды өзгертуей, теңіз мұхит тәңірлерге жарылқаныш, алтын тізгінді берік ұстап қайтсам, сол да жетер!» – деп тәуекелге бел байлап, қоян жылы Сартағұл еліне аттанады»<sup>433</sup>.

Бұл жерде аталып отырган Есен Қамбу Керейттің Уаң қағанының інісі еді. Оның бұл жерде таңғұттарға аса ықпалды болғанын байқаймыз. Алайда бұл әрекеті үшін таңғұттар көп кешікпей-ақ қатты өкінді. Жорықтан оралған Шыңғысхан Қытайдағы Алтын қағанының иеліктерін өзінің қолбасшылары Богұрчи мен Мұқұлайға тең боліп берді және Богда Ежен Қытай ұлысын өзіне бағындырыды. Мұны естіген таңғұт елінің қағаны Шидұргу: «оң қолың болып алым өтейін», – деп бағынатының айтып елші жібереді. Алайда өтірікші мен сатқынды кешірмейтін Шыңғысхан тоқтамады. Ол «таңғұт елін ұрпақтан ұрпағына дейін тамтығын қалдырмай қырып» жіберді<sup>434</sup>. Ал ежелгі Жалайыр құрамындағы таңғұттар тағдыры қалай болды? Бұл сауалға нақты жауап табу аса қыын. Дегенмен де, кейінректегі «Маджму ат тауарих», «Тұхфат ат-таварих-и хани» атты деректерде Дешті Қыпшактағы XV-XVI ғасырлардағы 92

<sup>433</sup> Сонда. – 244-б.

<sup>434</sup> Сонда. – 254-259-6.

тайпа қатарында танғұттар Жалайырмен қатар дербес тайпа ретінде берілген<sup>435</sup>. «Насаб-намейи узбек» дерегінде тайпа аты «танкүт» деген атаумен жазылған<sup>436</sup>. Бұдан шығатын қорытынды: ежелгі Жалайыр құрамындағы солтүстік танғұттар монгол қырғынынан аман қалып, жалайырлармен бірге батысқа қоныс аударған және Дешті Қыпшақта өсіп-өнгендіктен дербес тайпага айналған. Тегінде кейінгі Жошы ұлысында да танғұттар бедел-абыройсыз болмаған тәрізді. Өйткені Жошы өзінің Ордана (Ежен), Бат (Бату), Беркеден кейінгі төртінші ұлының есімін Танғұт атаған<sup>437</sup>.

Жоғарыда айтқанымыздай, Рашид ад-дин «танғұт тайпасынан көптеген әмірлер» шыққанын атап көрсетеді. Таңғұттардан келгендер арасында Шыңғысханың өзі алып келген Үчаган-ноян бар еді. Шыңғысхан оны он бес жасынан бастап, өзінің ұлы ретінде тәрбиелеп, оны өзінің бесінші баласы деп таныды. Ол есейген соң Шыңғысханның басты мындығын басқарды. Бұл мындықты ұлы хан ордасынан шыққан және Шыңғысханмен ерекше жақын қарым-қатынастағы адамдар құрайтын еді. Үчаган-ноян Шыңғысхан өлген соң да монгол ордасына адал болып қалды. Үгедей ұлы хан болған кезде Үчаган-нояның Қытаймен шекарада тұрған барлық монгол әскерлерінің бас қолбасшысы етіп тағайыннады. Ұлы ханының бүйрекімен осы шекара аймағындағы барлық ханзадалар мен әмірлер Үчаган-қағанға бағынды<sup>438</sup>.

Танғұттан шыққан тағы бір әмір Буре-нояның тағдыры да ерекше. Ол Шыңғысханның жеке жүздігін басқарды. Үчаган-ноян қолбасшылыққа жоғарылаған кезде Буре-ноян оның орнына ол басқарған мындықты басқара бастады. Ол Шыңғысханның бейбішесі Бөртенің үлкен ордасында аға әмір болды және тағы да басқа үш орданы қадағалады. Оның өмірі былай қалыптасты. Бірде Шыңғысхан аң аулап келе жатқанда өзінің ордасының өгіздерін бағып жүрген балаға кездесті. Ол өзінің қолындағы таяғына өзінің бас киімін кигізіп қойып, қолына

<sup>435</sup> Материалы по истории киргизов и Киргизии. – Бишкек, 2002. – 230-б.

<sup>436</sup> Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии ХVI-ХVIII вв. (Письменные памятники). - Ташкент, 1985. – 131-б.

<sup>437</sup> Казахстан тарихы туралы монгол деректемелері. – Т. II. – 265-б.

<sup>438</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – Т. I. – 145-б.

ыдысын ұстап, құрмет көрсетіп тұрды. «Сен не істеп тұрын, және мынауың не?» – деп сұрады одан Шыңғысхан. Ал ол болса былай жауап берді: «Мен – таңғұттың, сен айдан және тонап әкелген балалар тобынамын, енді жалғыздықтан жапа шегудемін. Мен бас киімімді таяғымның ұшына кигізіп қойып оған былай деймін: «екеуімдің біріміз аға болайық». Бас ағалық жолы жағынан бірінші тұргандықтан міне мен қызмет жасап журмін». Шыңғысханға бұл сөздер ұнады. Ол баланың сезінен қабілеттіліктің және ақылы толысқандықтың белгілерін аңғарды. Баланы өзімен бірге ерткен Шыңғысхан оны өзінің үлкен ордасына, яғни бәйбішесі Бөртеге алып келді. Ол осында ханның асханасында аспаз болып жұмыс жасады. Тағдыр оған күле қарады: Буре біртіндең қызметте жоғарылап, жүздікті басқаратын әмір болды. Осыдан соң ол Шыңғысханның өзінің мындығының әмірі болды. Қытай мемлекеті монғолдарға біржолата бағынған соң, Үгедей хан таңғұт Буреге сондағы аймақты және әскерді басқаруды тапсырды<sup>439</sup>.

Осы мысалдардан таңғұттардың монғолдарға және жалайырларға жақын тайпа екенін тағы да аңғарғандай боламыз. Егер осыны мойындасадақ, онда солтүстік таңғұттарының бір руының IX-X ғасырларда жалайыр одағына кірулере әбден мүмкін. Ал бұл Ю.А. Зуев айтқандай, жалайырлардың қидандармен жақындаусыз кезеңінде орын алса керек.

Ежелгі жалайырларды құраған 10 тайпаның бірі **Куркин** (коркин). С. Аманжолов бұл атаудан курыкан, немесе орхон жазуларапында кездесетін үш курыкан тайпасының атын кореді және оны якуттардың арғы аталарына жатқызады<sup>440</sup>.

XV-XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақты мекендереген 92 тайпаны көрсететін «Маджму ат-тауарихта», «Насаб-наме-ий узбек», «Асами-ий наваду ду фирм-ий узбек» деректерінде **қырқ** немесе каркын деген тайпалар атауларына кездесеміз<sup>441</sup>. Осылар ежелгі жалайырларды құраған куркин (коркин) тайпасының кейінгі мұрагерлері болып шығулары мүмкін. Ал бұлардың арғы бабалары С. Аманжолов айтқандай, курыкан

<sup>439</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – Т. 1. – 145-6.

<sup>440</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч. 1. – 45-6.

<sup>441</sup> Материалы по истории киргизов и Киргизии. – Бишкек, 2002. – 229-230-6.; Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVII вв. – 131-6.

немесе үш курыкан тайпаларынан бастау алулары кәдік. Ежелгі Күлтегін ескерткішінің мәтінінде: «**қырғыз, құрыхан**, отызтатар, қытай (қидан), татабы – бәрі жау еді» дегенді оқимыз<sup>442</sup>. Сонымен бірге дәл осы ескерткіштен Күлтегін дүниеден қайтқанда «**күншығыстағы** бөкілі шөлі елінен, табғач, тибет, абар, үрім, қырғыз, **үш-құрыхан**, отыз-татар, қытай (қидан), татабылардан бұнша халық келіп жылап-сықтады, жоқтады», – дегенді де оқимыз<sup>443</sup>. Бұдан шығатын қорытынды – құрыхандар немесе үш-құрыхандар Күлтегін қағанның билігі кезінде Шығыс Түркі қағанатына бағынышты болған.

Рашид ад-диннің еңбегінде (әртүрлі көшірмелерінде) бұл тайпа бірде курлаут, бірде куркут немесе курку деп жазылатастынын байқаймыз. Ол сонымен қатар өздерін монғол атап кеткен түркі тайпалары туралы айтқанда **Куркан** тайпасына тоқтала кетеді<sup>444</sup>. Оның әңгімелесуінше Шыңғысхан тайджиут тайпасымен соғысқан кезде, ол алдын ала ескер жинағанда бұл тайпа оған келіп қосылған<sup>445</sup>.

Рашид ад-динде жоғарыда айтқанымыздай, бұл тайпа жалайыр, меркіт, татар, төлеңгіт және т.б. көшпелі түркі тайпаларымен қатар аталып, осы топқа жатқызылады<sup>446</sup>. Осының өзі қуркандардың бір бөлігінің кезінде жалайырлар одағында болғандарын дәлелдей түседі. Олар Шыңғысханға қосылған соң ыдырай бастады. Өйткені монғолдарға қызмет жасаған жалайырлардың өздері де Шыңғысхан ескерлері құрамында жанжаққа ыдырап кетті ғой.

Ежелгі жалайырларды құраған келесі ру – **Қанқаут**. С. Аманжоловтың ойынша бұл ру Қанлыдан тараған<sup>447</sup>. Бұған келіссек, қанқаутты қанлының бір тармағы ретінде қарастыруға тұра келетіндей. Рашид ад-дин қанлыларды қыпшақтар, калачтар, қарлұқтар тәрізді түркмен атанған тайпалар қатарына жатқызады<sup>448</sup>. Сонымен қатар ол қанлыны қыпшақтармен,

<sup>442</sup> Жолдасбеков М., Сартқожаұлы К. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – Астана, 2005. – 187-б.

<sup>443</sup> Сонда. – 186-б.

<sup>444</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – Т. 1. – 77-б.

<sup>445</sup> Сонда. – 125-б.

<sup>446</sup> Сонда. – 77-б.

<sup>447</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч. 1. – 45-б.

<sup>448</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – Т. 1. – 75-б.

ұйғырлармен, қарлұқтармен және қалачтармен қатар оғұздың ұрпактарынан тараған тайпалар деп есептейді<sup>449</sup>. Рашид ад-дин ежелгі қаңлылардың мекендерген аймақтарын айта кетеді. Олар оның айтуынша қырғыздарға көрші аймақта Көк-Ертіс бойын жайланаған<sup>450</sup>. Мұның өзі қаңлылардың мекенін шынында да жалайырларға жақындана түседі. Тегінде қаңлылар Моғолстан жерінен Көк-Ертіске дейін көшіп-қонып жүрсе керек. Мұндайда Аргун өзенінен батысқа қарай Онон өзенін бойлап көшіп жүрген ежелгі жалайырлар одағына қаңлылардың бір бұтағы кіруі әбден мүмкін. Жалпы алғанда зерттеушілер Қаңлы мен Жалайырдың о бастан жақын болулары мүмкін екендіктерін теріске шығармайды. Академик Әбдуәли Қайдар өзінің Қаңлы туралы зерттеуінде мынадай пікір айтады: «**Тойды Жалайыр бастайды, Қаңлы бата береді...**» деген ел арасында айтылатын бұл сөздің мәні Қаңлының erteden келе жатқан құрметті де көне әulet (тайпа) екендігіне, ал **Жалайырдың Ұлы жұз рула**рының ішіндегі “*ноқта ағасы*” болып саналуына байланысты болса керек. Бұл дәстүр көшпелі ел арасында әлі сақталады. Қаңлы мен **Жалайыр** болмаған той-жиындарда ғана Үйсін атапарлы той бастап, бата оқу сый құрметіне ие болып, салт-рәсімдерді атқаруға құқықты болатындығын көне көз қарттардың бәрі жақсы біледі. Қазактың ру-тайпаларының иерархиясын санамалап айтқанда да: ертеректе қаңлы, үйсін, қыпшақ, жалайыр ... болып аталса, кейінірек бұл өзгеріп, қыпшақ, үйсін, қаңлы, жалайыр болып та айтылатын болған. Мәселен, Жалайырдың «*Жами'ат-тауарих*» кітабында:

«Анларның ұрғұлары бір бірі сідін  
айрылып, һәр бірі сі бір сабабдың  
тұның дақ аты аталаңды. Мысал:  
Қылпачақ уа қылч, уа қаңқлы, уа  
карлук уа такы өнгін қаум бұлар  
білән бір бірісіне йүкрак ерді...».

Көріп отырғанымыздай, мұнда да **Қаңлы** этонимі түркі әлеміндегі erteden-ақ белгілі екі-үш ұлken тайпаның *Қыпшақ* пен

<sup>449</sup> Сонда. – 80-б.

<sup>450</sup> Сонда. – 137-б.

Қарлұқтың қақ ортасында, яғни Қыпшақтан кейінгі екінші орында аталып тұр. Бұл қыпшақтардың бүкіл «Дешті-Қыпшақ» даласында үстемдігі артып тұрган кезең болатын»<sup>451</sup>.

Ежелгі жалайырларды құраған келесі бір ру – Кумсаут (Кумаут). С. Аманжолов бұл атаудан түркі сөзін көреді, бірақ бұл рудың қандай тайпаға жататынын айта алмайтынын атап көрсетеді<sup>452</sup>.

Жалайыр одағы құрылған X-XI ғасырларға терендең барсак, деректерден бұл ру туралы ешбір мәлімет кездестіре алмаймыз. Ал бұдан да әрі үніле түссек, біздің заманымыздың IV-VI ғасырларында түркі тайпалары билік жасаған Жужань қағанаты тұсында қидандардың оңтүстік батысында өмір сүрген Кумохи тайпасына кездесеміз<sup>453</sup>. Кейіннен Түркі және Ұйғыр қағанаттары тұсында кумохилар қидандарға бірігіп кетті. Жоғарыда айттық, кейінректе қидандар құрамындағы кейбір рулар ежелгі жалайырларға қосылды деп. Осы Кумохидің жалайырларға қосылған құмсаут (кумаут) болып шығуы да мүмкін.

Кумохиларды зерттеушілер кейде татабылар деп те атайды. Ал татабылар туралы Орхон жазуларында нақты айтылған<sup>454</sup>.

Кумохи тайпасы туралы мәлімет Н.Я. Бичуринде бар. Ол қидандардың да, кумохилардың да, сондай-ақ, Онон мен Керулен бойында жалайырларға қоян-қолтық көрші орналасқан шивэйлердің де ежелгі монголдардың дүн-ху деп аталатын тармағынан тарайтындарын атап көрсетеді<sup>455</sup>. Мұндайда кумсаутымыздың кумохи болуы мүмкін деген болжамның іргесінің бекі түсері сөзсіз.

Алайда кумсауттар туралы кейінгі түркілерде дерек жоқ. Қыпшақ диалектісінде сөйлейтін құмықтардың атауы ғана Кумсаут этномиміне жақын естіледі. Бұл әрине тек тұспалдау ғана.

Ежелгі Жалайыр одағына кірген он тайпаның тағы бірі – Нилкан (Билкан). Бұл этномимді анықтау мәселесінде де ғалымдарымыз қиналып келеді. С. Аманжолов «нилкан» этномимінен Иле өзенінә құятын Нилка (Нілкі) өзен тармағының атын

<sup>451</sup> Қайдар Эбдуәли. Қанлы (тарихи шежіре). – Алматы, 2004. – 205-206-б.

<sup>452</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч. 1. – 45-б.

<sup>453</sup> История Монгольской Народной Республики. – М., 1983. – 107-б.

<sup>454</sup> Жолдасбеков М., Сартқожаулы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – 188-б.

<sup>455</sup> Биңурин Н.Я. Собрание сведений о народах... – Т. II. – М.-Л., 1950. – 72-76-б.

көреді<sup>456</sup>. Бұл пікірді қазақ этнографтары да қолдаған сыйнаңда<sup>457</sup>. Жалпы алғанда бұл пікірде ғылыми негіз бар екендігін біздің де атап көрсеткіміз келеді. Іле, Балқаш аймағын VIII ғасырдың екінші жартысында Нигю деген тайпа мекендеді. Л. Гумилев Н. Бичурииннің мәліметтеріне сүйене отырып былай деп жазады: «нигю – племенное название тюрок, обитавших «в древней усуньской земле», т.е. на берегах оз. Балхаш»<sup>458</sup>. Кезінде көшу жолдары Іле бойынан Алтайға дейін созылған бұл өнірдегі тайпалардың IX ғасырларға қарай Жалайыр одағына кірулері әбден мүмкін.

Сонымен ежелгі жалайырлар құрамына кірген тайпалар туралы пікір болжамдарымызды тәмамдадық. Жоғарыда айтылғандарды қорытып, нақтылар болсақ, төмендегідей тұжырымдарға табан тірелміз: 1) Жалайыр этнонимі Рашид ад-диннің еңбегінде аталатын Қалайыр өзенінің атымен қалыптасқан деп ойлаймыз. Өйткені осы өзеннің бойы ежелгі жалайырлар одағының атамекені; 2) Жалайыр тайпасының негізін ежелгі Дәрлікен тайпа одағына кірген тұркі тілдес рулар құрады. Алайда бұл тұркі, монгол, тұнгус-манчжур тілдері аса жақын диалектілерде сөйлеген кезең болғандықтан ежелгі Жалайыр тайпасы құрамына кірген он руларға оғыз, қарлық, ұйғыр, қидан, монгол тайпалар одағына кірген ру тармақтары да енді. Осындағы ерекшеліктеріне байланысты «Жалайырлар құрамына кірген әртүрлі рулар бөтен рулар мен тұқымдар арасында шашырап өмір сүрді»<sup>459</sup>. Бұл сол кезеңдегі тайпалық құрылымдарға тән ортақ көрініс еді; 3) бастаудың түркілік негіз болған ежелгі жалайырлар Шыңғысхан құрган империя құрамына кірген соң басқа тұркі тайпалары тәрізді монгол атасынп кетті. Бұл, әрине, уақытша болған этно-саяси сипаттағы құбылыс еді. Шыңғысхан жаулауы тұсында қазіргі қазақ даласы аумағына қоныстанған жалайырлар қауымы өзінің түркілік ортасына, тамырына қайта оралды; 4) сондықтан да ежелгі жалайырлар шежіресінің кейінгі қазақты құраған жалайырлар шежіресінен

<sup>456</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч. 1. – 45-б.

<sup>457</sup> Аргынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хакында. – Алматы, 2000. – 76-б.

<sup>458</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 162-б.

<sup>459</sup> Владимицов Б.Я. Общественный строй монголов. – Л., 1934. – 63-б.

туыстық-этностиқ байланыстары үзіліп қалды, XIV-XV ғасырлардан бастау алатын кейінгі шежіреде ежелгі Жалайыр шеңіресімен ешқандай байланыс жоқ.

Кезінде Сәбетқазы Ақатай осыған орай былай деп жазған еді: «Өкінішке орай, көне жалайырлар мен қазіргі қазақ жалайырлардың арасында шежірелік-генеалогиялық байланыс жоқ. Мәселен, Рашид ад-дин жазып кеткен ортағасырлық жалайырлардың 10 атасының бірде-бірі қазіргі қазақ жалайырларының шежіресінен орын алмаған»<sup>460</sup>. Алайда бұдан қазіргі жалайырлар бұрынғы жалайырлардың тұқымы емес деген қате қорытынды тумауы керек.

### 3.3. Ежелгі Жалайыр тайпасы

Тарихтың қымқиғаш қатпарында өзіндік орын алған беделді қазақ тайпалары аз емес. Солардың бірі және бірегейі – тамыры тереңнен сыр тартатын Жалайыр тайпасы. Айта кеткен жөн, кезінде осы жолдар авторының ғылыми жетекшілігімен бір топ тарихшылар екі томдық «Жалайыр» атты ғылыми зерттеуді жарыққа шығарған болатын. Бұл енбек мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде де қайта жарық көріп шықты. Алайда басылым саны аз бұл кітаптардың қалың қырыман қауымына жете қоймағаны байқалады. Осыны ескере келе атальмыш тайпаның тарихи бастауларынан сыр шертегін енбегіміздің ықшамдалған нұсқасын қырыманға ұсынып отырмыз.

Тарихтың тереңіне бойласақ, Жалайыр деген атаумен белгілі болған бұл тайпаның X ғасырға дейін тарих сахнасына шыға қоймағанын анғарамыз. Алайда бұдан осы тайпаны құраған көптеген рулар X ғасырға дейін тарихта болмаған деген қате қорытынды шықпауы туіс. Жалайыр тайпасына кірген рулар тарихы теренде жатыр. Олардың қатарында тарихи деректер **Жат, Тоқырауын, Құнсауыт, Құмсауыт, Оят, Төре, Құрқін, Толеңгіт, Нілқан, Шаңғұт** руларын атайды. Барлығы – он ру.

Дей түрсақ та, Жалайыр тайпасы Қидан империясы құрылған түстан (X-XII ғ.) бастап, өзі осы мемлекетке кірмесе де, солтүстік шығыстағы көрші тайпа ретінде тарихи карталарда

<sup>460</sup> Ақатай Сабетқазы. Жалайырлар // Жұлдыз. – 1998. – №9. – 169-170-6.

бейнелене бастады<sup>461</sup>. Мұның себебі – тарихшылар Жалайыр атауын X ғасырдың шырғалаң оқиғаларын баяндағанда ауызға алатын болды. Жалайырлар бұл тұста, яғни X-XI ғасырларда қазіргі Монголияның Онон өзені алқаптарын жайлап жатты<sup>462</sup>. Жалайыр этномимінің де әйгілене түсетін тұсы осы кез.

Жалайырлар тарихында ежелгі және ең басты ру – Рашид ад-динде *Джат* деген атпен берілген Жат руы. Монгол тіліне жетік қазақ бауырымыз Зардыхан Қинаятұлы осы рудың атымен тұтас Жалайыр этномимін байланыстырады. Ол былай деп жазған еді: «Осы топ монгол әuletі ішінде «Жат жаланың адамы» немесе «Жалалылар» атанды. Мен осынау «Жат жалалылар» үғымынан «Жалайыр» атауы шықты ма деп ойлаймын»<sup>463</sup>.

Оның ойынша осы Жат руы монголдарға Шыңғысхан заманынан әлдекайда бұрын жақындастып, тығыз қарым-қатынаста болған. Жат руына кенірек түсініктеме берген Зардыхан Қинаятұлы өзінің ойын төмөндегіше жалғастырады: «Жалайырлар осылайша монголдарға кірме болуы XI ғасырдың соңы. Осы тұстан бастап олар Монгол дарликиннің он рулы «Жат жалайыр» тайпасы атанып кетті. Монгол жазбаларында олардың ең белді руы «Жат» деп аталады. Жалайырдың Жат руы монгол ортасында басқа жалайырлардан артық болды. Рашид-ад-дин және қытай тарихшысы То Жидің айтуынша әйгілі Го Ван Мухулай және Жалайыр тайпасынан шыққан басқадай әйгілі адамдардың көпшілігі осынау жат руынан шықты. Өйткені олар Кият Боржығындармен етene жақын қатынаста болды»<sup>464</sup>.

Жалайырлардың жат руы монголдарға, асіресе, Шыңғысхан құрған мемлекетке әрқашанда адал болып қалды. Жат руының беделі артқаны сондай ол кейде Жалайырдың этномимімен қатар айтылатын болды. Мұны монгол билеушілері байқамады, елемеді десек тарихқа қиянат жасар едік. Жалайырдың жат руының монголдармен қатар жүріп, мемлекет Құрықсан тағдыры назардан тыс қалған жоқ.

<sup>461</sup> Сонда. – 162-б.

<sup>462</sup> Каратаев О. Кыргыз этномимдер сөздүгү. – Бишкек, 2003. – 67-б.

<sup>463</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 156-б.

<sup>464</sup> Сонда. – 156-б.

Жат руының Шыңғысхан жаулауы тұсында батысқа жылжығанын байқаймыз. Олар кейінректе, 1429-1430 жылдары Шайбаниханның атасы Әбілхайырдың Ертіс бойындағы Төре қаласында таққа отырыуна қолдау жасаған 23 тайпаның қатарында болды<sup>465</sup>. Бұл тұста Жат (джат) руы тайпаға айналып Жалайыр одағынан бөлініп үлгерген тәрізді. Өйткені осы 23 тайпа ішінде бұрын Жалайыр тайпасы құрамына кірген 10 ру ішінен Курлаут (Күркін) ғана жатпен қатар аталады. Байқауымызша, бұл тұс Жат руының батысқа жылжыған қытай, ұйғыр, найман, кият және қарлық тайпаларымен бірге көшіп-қонып жүрген кезі.

Тегінде Жат о баста Жалайыр одағында үстем ру болвандықтан, о баста-ақ жеке, бөлеқ айтылып жүрген. Кейде ол “Жадаран” аталғанын байқаймыз<sup>466</sup>. Ал кейінректегі Қошпелі өзбек ұлысында Жат (джат) Найманмен қатар жеке ру ретінде аталады<sup>467</sup>.

Алайда монголдар Темучин (Шыңғысхан) тұсында өздеріне аса жақын Жалайыр тәрізді тайпаларды да бөлшектеп жіберді. Темучиннің бір орталыққа бағынатын қошпелі империя құруды көзделген саясаты, тіптен монголдарға берілген түркі тайпасын да күштейтуге қарсы болды. Сондықтан да монголдардың көрейттер тәрізді жаулары ғана емес, жалайырлар тәрізді достары да өздерінің монгол билігіне дейінгі рулық құрылымынан айрылып қалды. Ал екі-үш ғасыр өткен соң бұрын осы тайпаларды құраған беделді рулардың тарихта атауы да ұмытылып кетті. Енді бұл тайпаларды мұлде жаңа рулар толықтырды. Алайда бұлардың өздерінен бұрынғы осы тайпаға кірген, бірақ кезінде ыдырап кеткен рулармен тікелей қандас туыстық байланыстары сақтала қойған жоқ. Бастауында түркілік негіз болған ежелгі жалайырлар Шыңғысхан құрған империя құрамына кірген соң басқа түркі тайпалары тәрізді монгол атанып кетті. Бұл, әрине, уақытша болған этно-саяси сипаттағы құбылыш еді. Шыңғысхан жаулауы тұсында қазіргі қазақ даласы аумағына қоныстанған жалайырлар қауымы өзінің түркілік ортасына, тамырына қайта

<sup>465</sup> Шаппиязов К. Узбеки-карлуки (историко-этнографический очерк). – Ташкент, 1964. – 35-6.

<sup>466</sup> Қазақстан тарихы туралы монгол деректемелері. – Т. II. – Алматы, 2005. – 88-6.

<sup>467</sup> История народов Узбекистана. – Т. 2. – Ташкент, 1993. – 6-6.

оралды. Дегенмен, жоғарыда айтылған себептерге байланысты ежелгі жалайырлар шежіресінің кейінгі қазақты құраған жалайырлар шежіресінен туыстық-этностиқ байланыстары үзіліп қалды, XIV-XV ғасырлардан бастау алатын кейінгі шежіреде ежелгі Жалайыр шежіресімен ешқандай байланыс жоқ.

Кезінде Сәбетқазы Ақатай осыған орай былай деп жазған еді: «Өкінішке орай, көне жалайырлар мен қазіргі қазақ жалайырлардың арасында шежірелік-генеалогиялық байланыс жоқ. Мәселен, Рашид ад-дин жазып кеткен ортағасырлық жалайырлардың 10 атасының бірде-бірі қазіргі қазақ жалайырларының шежіресінен орын алмаған»<sup>468</sup>. Алайда бұдан қазіргі жалайырлар бұрынғы жалайырлардың этностиқ жалғасы емес деген қате қорытынды тұмаяу керек.

Әрине, монғолдар қысымына ұшыраған халықтар өздерінің руларын сақтап қалуға тырысып, тіптен ру таратылып жіберілген соң да оны қайтадан қалпына келтіру үшін құресті. Жалайырлар да осыған мүдделі болды. Алайда олардың бәрі билеуші монғолдарға тәуелді еді. Сондықтан да кезінде күшпен бөлшектенген жалайырлар, баууттар және т.б. монғол билігі кезінде амалсыздан бытыврап көшіп жүрді<sup>469</sup>. Осылайша жалайырлар біртіндеп негізгі руларынан айырылып, жаңа жерлерге қоныстану барысында мұлде жаңа рулық құрылымдарға бірігуге мәжбүр болды. Жалайырлардың жаңа тайпалық бірлестігі біртіндеп «Манак» атанатын болды. Олардың Шуманақ және Сырманақ атап тарих рулық бірлестіктері осылайша сахнасына шықты.

Тарақ таңбалы қазақ рулары ішінен таңбасы төрелерге аса жақыны да осы жалайырлардікі. Мұның өзі тағы да жалайырлар мен монғолдардың ұзақ уақыт бірге көшіп-қонып жүргенін аңғартады. Оның үстінен Шыңғысханның өзін қолдаған рулар мен тайпаларға таңбалар үлестіретін әдеті бар екендігін ескерсек, оның жалайырларға өзінің тайпасының таңбасын бергеніне тіптен де таң қалуға болмас. Осы айтылғандардың бәрі жалайырларға «манак» атап тарих монғол билеушілері берулері мүмкін деп айтуда итермелейтінін де байқауға болар еді.

<sup>468</sup> Ақатай Сәбетқазы. Жалайырлар // Жұлдыз. – 1998. – №9. – 169-170-б.

<sup>469</sup> Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. – 68-б.

Г. Грумм-Гржимайлоның зерттеулеріне сүйенер болсақ, «миняг» немесе «манақ» атауларының Шыңғысхан дәуірінен әлдеқайда бұрын X ғасырда-ақ монғол тілдес тайпаларға белгілі болғанын ұққандай боламыз<sup>470</sup>. Бәлкім, бұрынғы динлиндердің ұрпақтары болып табылатын дансяндардың монғолша «маннак» аталуына олардың Қытаймен шекарада сақшылар, күзетшілер тәрізді орналасуы әсер еткен болар деп те ойлаймыз.

Осы жерде ескерте кетер тағы бір мәселе, «манак» атауы Г. Грумм-Гржимайлоның жоғарыда айтқанындей, X ғасырдағы динлиндер ұрпағына ғана қолданылып қоймаған. «Худуд ал-Алем» («Әлемдер шекарасы») деп аталатын X ғасырда (982-983 жылдары) жазылған авторы белгісіз, парсы тіліндегі еңбекте «манақ» атауы үш жерде (қолжазбаның 14- және 9а-, 25а-беттерінде) кездеседі<sup>471</sup>. В.В. Бартольд жасаған парсы тіліндегі көрсеткіште осылай. Мұндайда айтпауға болмайтын тағы бір мәселе – мұндағы «манақ» атауын «жалайыр» этнонимімен ша-тастырмаған жөн. Жоғарыда көрсеттік, бұл атау X ғасырда басқа халықтарға да қолданылған.

Г. Грумм-Гржимайлоны байыппен оқысақ «минак» дегеніміз өздерінің бұрынғы бабаларынан, руладынан қол үзіп қалған, әртүрлі, дегенмен де түп негіздері бір, өздерін ортақ атадан тарағанбыз деп түсінетін тайпа бірлестігі екендігін аңғарар едік<sup>472</sup>. Бұл монголдардың әртүрлі руладың басын қосатын ертедегі «аймак» ұғымына жақын<sup>473</sup>. «Аймак» ертеде бөлшектеніп кеткен руладан қалған туысқан жануяларды біріктіретін бірлестік. «Манактың» «аймақтан» айырмашылығы, алғашқылардың кейінгілерге бағынышты болуында.

Сонымен корыта келгенде тағы да айтарымыз, жалайырлардың монғол жаулауынан кейін ғана атамыш Шу және Сыр өзендері бойларына орналасуларына жол ашылды және осы өзендер бойларындағы Шыңғысхан империясының сенімді тірегі – «сақшылары» мен «бакылаушылары» ретінде Шуманак

<sup>470</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – Т. 2. – Л., 1926. – 25-б.

<sup>471</sup> Худуд ал-Алем. – 44-б.

<sup>472</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – Т. 2. – 24-б.

<sup>473</sup> Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. - 136-137-б.

және Сырманақ атала бастады. Бұлар, әрине, біздің пікіріміз. Алайда зерттеушілеріміз бұл мәселелерді өздерінше түсіндіреді. Мысалы, К.А. Пищулина былай деп жазады: «Возможно, что **джалаиры** частично оставались в Семиречье еще со времен Чагатая, но растворились среди тюркской среды, как и барласы в Мавераннахре. Они могли также возвращаться сюда во время упомянутых событий конца XIV в. (следует учитывать, разумеется, что нельзя воспринимать «тысячи», выделенные Чагатаю, буквально). Несомненно, присутствие жалаиров в казахском Старшем жузе связано и с отмеченными событиями, но основной состав **жалаиров** восходит к более раннему времени. В этой связи интересна подмеченная А.Х. Маргуланом связь между фактом наличия среди поздних казахских жалаиров родов чуманак (чуйские манаки) и сырманак (сырдарынские манаки) и упоминанием в «Худуд ад-алам» (Х в.) этнонима *манак* с привязкой его к этой территории, что подтверждает вероятность поглощения чагатаевских джалаиров местной средой и принятия этой средой их имени.

Как видим, Семиречье во время вхождения его в Могулистан в основном было населено автохтонными племенами. Этнический состав населения Семиречья XIV-XV вв. и в последующие столетия в основе своей идентичен составу племен Юго-Восточного Казахстана в домонгольское время, что свидетельствует об исконной принадлежности этой территории казахской народности»<sup>474</sup>.

К.А. Пищулинаның негізгі пікірлерін мақұлдай келе қырғыз тарихшысы О.К. Караев мәселені нактылай түседі: «Джалаиры переселились из Монголии в Чагатайский улус после раздела Чингисханом завоеванных им земель между сыновьями. Впоследствии основная их масса откочевала из Семиречья в район Ходжента.

Вполне возможно, что какая-то часть джалаиров, как и барласов, могла остаться в Могулистане. В пользу этой версии говорит наличие джалаиров в Старшем жузе казахов»<sup>475</sup>.

<sup>474</sup> Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (вопросы политической и социально-экономической истории). – А., 1977. – 242-243-б.

<sup>475</sup> Караев К.О. Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан. Образование киргизского народа. – Бишкек, 1995. – 132-б.

Мұның бәрі дұрыс. Айтылғандар нақты тарихи фактілерге негізделген. Жалайырларды, наймандарды және т.б. Монголиядан Жетісуға қоныстанған түркі тайпаларын қазақтың байырғы, автохтонды халқы емес деп айтуда негіз жоқ. Түркі қағанаты тұсында бұл өлке олардың ата-бабаларының көшу жолдарында жатты емес пе!

Ал енді осында қоныстанған жалайырлар қашаннан бастап Шуманақ және Сырманақ атанды дегенде нақтырақ жауап беріп көрелік.

Жалайырлардың Жетісудан Мәуереннахрга қоныс аударулаты XIII ғасырдың 60-жылдарында Шагатайдың немересі Алғу-хан қайтыс болған сон орын алды.

Ал Ангрен бойына көшіп барған жалайырлар өздерінің көшпелі және жартылай көшпелі өмірлерін қорғап қалды. Олар өздерінің қауымдастығын сақтап орталарынан монгол әкімшілігіне бағынышты әмір шығарды<sup>476</sup>. Сондай-ақ, Жетісудағы өздерінің бауырларынан әрқашанда қол үзбеуге тырысты. Алайда жалайырлардың осы екі бөлігі де монголдардың әскери жорықтарынан қатты күйзеліп шыққан еді. Баяғы Онон бойындағы олардың 10 рулы елі әлдеқашан бөлшектеніп, ыдырап кеткен еді. Олардың Жат, Төленгіт тәрізді кейбір рулары Көшпелі өзбек ұлысында өсіп-өніп, жеке тайпаларға айналып кетті. Ал кейбір рулар жойылып кетті. Аласапыран заманда өздерінің руларынан қол үзіп қалған жалайырларға енді тайпа ретінде мұлде жоғылып кетпеу үшін жаңа рулық қауымдарға бас қосу қажет болды. Мұндай мүмкіндік біздің ойымызша Кебек ханның (1318-1326) билігі тұсында туды. Ол әкімшілік реформаны монголдық дәстүр негізінде жүзеге асырды. Ол бойынша бұрынғы ұсақ иеліктер сақталып қалды. Бірақ олар түмендерге болінді. Бұрынғы ұсақ ұлыстарды билеушілер енді түмендердің әкімдеріне айналды. Бұл билік әкеден балаға берілетін болды<sup>477</sup>.

Міне, осы тұста жалайырларға «манақ» құқы берілді деп ойлаймыз. Бұл бойынша жалайырлар Шу мен Сырдың бойындағы монгол билігін жергілікті жерде жүзеге асыруды қадағалау-

<sup>476</sup> Сонда. – 340-б.

<sup>477</sup> История народов Узбекистана. – Т. 1. С древнейших времен до начала XVI века. – 340-б.

шылар, яғни «сақшылар» рөлін өз қолдарына алды. Осыдан соң, енді жалайырлар өздерінің жаңа шежірелерін Шуманактан және Сырманақтан таратады. Мұның өзі болашақта қазақтың Ұлы жүзінің ноқта ағасына айналатын тайпаны мүлде ыдырап кетуден сақтап қалды. Дегенмен де жалайырлардың едәуір бөлігінің Иран мен Ирак жерінде Жалайыр мемлекетін күргандарын, Мұқалиға ілескен бір тобының Қытайға сіңсіп кеткенін айта кеткен жөн. Мұның бәрі аталмыш тайпаның тарихи тағдырының аса курделі екендігін дәлелдей түседі.

№	Ру-тайпалар аттары	М.Гродековтың мәліметтері (1889 ж.)	М.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	Н.Мынжанының мәліметтері (1987 ж.)	Х.Арғынбаев М.Мұрзанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	А.Сейдімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2 Жалайыр	3 	4 	5 	6 	7 	8 

### 3.4. Байырғы Қоңырат (олқыноуттар)

Қазақ шежірешілері Қоңыратты монғолдың Қият тайпасынан шығарады. Шежіреші Зайыр Сәдібекұлы мұны былай түсіндіреді: «Қияттың Жорлықмерген деген батырының Қоңырат деген баласы өскенде еліне билік құрады. Кейін ел соның атымен Қоңырат атасын кетеді. Олар монғол жеріндегі Құласар деген өзен бойын мекендейді»<sup>478</sup>. Мұндағы қателік – шежірешілер Қиятты Қиянмен шатастырган. Бұл туралы біз алда арнайы айтамыз.

Әбілгазының «Түрік шежіресінің» «Поколение конкиратов» деп аталаатын бөлімшесінен осы айтылғандарды дәлелдей тұ-

<sup>478</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. – Ташкент: Өзбекстан, 1994. – 68-6.

сетін мынадай жолдарды оқымыз: «у одного человека из поколения Кыян было три сына. Старший сын назывался Чурлык-Меркан... У Чурлык-Мерканы был сын по имени Конкират: от его рода произошло все поколение конкиратов»<sup>479</sup>. Көріп отырмыз, бұл жерде «моңғол» деген сөз мүлде жоқ. Әйткені Кыян этнонимі жарыққа шыққан VI-VII ғасырларда «моңғол» деген атау әлі өмірге келген жоқ еді. Ал Қоңырат (бәлкім Қоңыра, немесе Тоңыра) деген тарихи тұлғаның VI-VII ғасырларда өмір сүруі әбден мүмкін.

Қазақ шежіресіне назар аударап болсақ, Қоңыраттың шежіресі Сенке биден басталады. XIV ғасырдың шағатай тіліндегі дерегінде бұл кісі Конграт би углы Сенгелай деп көрсетілген<sup>480</sup>. Бұған қарағанда Сенке немесе Сенгелай Қоңырат деген кісінің ұлы болып шығады. Яғни деректер бойынша: **Ел хан одан Қиян. Қиянның үш ұлы болды. Олар Жорлық мерген, Құбай шыра, Тұсбұдай. Алғашқы Жорлық мергеннен Қоңырат-Сенке-Нағанай болып таратылса, ал Құбай шырадан екі ұл – Енграс, Олхонот (Олқұноут) есіп-өнген. Қиянның үшінші ұлы Таңбұдайдан да екі ұл тараған. Олар – Қаранут және Құнұқтұт. Алғашқысынан тарағандар XIII ғасырда тайпага айналса, ал кейінгісінен Мисар туып, оның екі баласы Қоралас пен Елшыған XIII ғасырда екі рұлы елге айналды**<sup>481</sup>.

Ал енді жоғарыда аталған Қоңыраттан туған Сенке би болса, Шыңғысханды хан көтерген 15 бидің бірі болып табылады. Билердің бұл тізімін Буданджарұлы (Бұртанханұлы) Қият бастайды да ал Сенгелай (Сенке) би Гираят (Керейт) биден соң алтыншы болып аталады. Ия, деректе алғашқы болып Қият би (Қиян емес) аталады. Демек, Қият пен Қиян екі түрлі адам. Әйткені Сенке би Қияннан тараса, ал Қият би Буданджардан (Бұртанханнан) тарайды. Олар Шыңғысханды хан көтеру рәсіміне екі түрлі ру-тайпаның атынан қатысқан. Тарихи деректерге қарағанда бұл хан көтеру рәсімін Үйсін Майқы би басқарған. Ол шынында да тізімде бар. Бірақ ол Қоңырат бидің ұлы

<sup>479</sup> Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное тюрков. – Ташкент, 1996. – 38-б.

<sup>480</sup> Автобиография Тимура. Богатырские сказания о Чингис хане и Аксак Темире. Перевод В.А. Панова. – Академия. – М., 1934. – 268-270-б.

<sup>481</sup> Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное тюрков. – Ташкент, 1996. – 38-39-б.

Сенгелайдан (Сенкеден) кейін жетінші болып тұр<sup>482</sup>. Бұл жерде тағы бір айта кетер мәселе, Буданжарұлы (Бұртанханұлы) Қият Шыңғысханның өзінін руынан болғандықтан да тізімде алғашқы болып көрсетілген. Яғни атапеган деректе билер Шыңғыс билеген қогамдагы өздерінің әлеуметтік-саяси жағдайларына қарай орналасқан. Майқы би билердің ішіндегі аса беделдісі бола тұрса да Шыңғыс әүлетімен құдандалы байланыста болып келген Сенкеке биден жоғары орналаса алмағаны соны байқатады. Үсіндерді билеген Майқы биге қараганда әрқашан Шыңғысханга жақын жүрген Сенкеке би басқарған қоңыраттар қазіргі қазақ даласына алыстағы Үлкен Хинган таулы жосталарының батыс беткейлерінен Ұлы қағанның жорықтарын қолдан қоныс аударып, Сырдария өзені бойына келіп қоныстанды және Шыңғысхан балаларына үлес бөлгөн кезде Шагатайдың қарауында қалды. Айта кетер бір мәселе, атапмыши дерек қазақ шежіресімен де ұштасып жатыр. Қазақ шежіресі бойынша Қоңырат біз әңгімелеп отырған Сенкеке биден тарайды. Бізге жеткен аңыз дерек бойынша жоғарыдағы хан көтеру рәсімі кезінде Шыңғысхан Сенкеке биге қарап, «Әй, Сенкеке, сенің ұраның – Қоңырат, құсың сұңқар, ағашың алма, таңбаң босага «П» болсын депті. Шежіре бойынша осы Сенкеке биден – Наганай батыр туады. Наганайдан 30 ұл туса да олардың Орынбектен басқаларынан ұрпақ өнбекен. Тегінде қалғандарынан өнген ұрпақтар шежіресі ұмытылған болуы да мүмкін. Орынбектен Мелде би мен Жылгалы тарайды. Жылгалы Жиделі Байсында тұрганда қайтыс болып кетеді де одан туган Құлышығаш және Қаракөсө атты екі ұлды олардың аналары Жезбикені әменгерлікке алған Мелде би тәрбиелеп өсіреді. Айта кетер бір нәрсе, бүкіл Қоңырат руын тарататын қазақ шежіресі осы Мелде бидің екі әйелінен тарайтын ұрпақтардан құралған. Яғни Мелде бидің алгашиқы әйелі Орынбебіден Құдайберді (лақап аты – Қотенеш) таратылса, ал оның екінші әйелі Жезбикеден Тәңірберді (лақап аты – «Көктің ұлы») туады». <sup>483</sup> Ауызша тарихи баяндауға негізделген бұл шежірені толық және жүйелі деп айта

<sup>482</sup> Ахметзянов М. Ногайская Орда и ее роль в этнической истории татар // Идел. – 1991. – 34-35-б.

<sup>483</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. – Ташкент: Өзбекстан, 1994. – 102-б.

алмаймыз. Тегінде ерте орта гасырларда өмір сүрген Қоңыра (Тоңыра) деген тарихи тұлға мен Шыңғысханмен замандас Сеңке (Сеңгелай) бидің арасындағы кемі 17-20 атанаң шежіресі ұмытылған. Сондай-ақ, Сеңке биден тұган Наганай батыр мен Орынбектің арасындағы 10-12 ата тағы да ұмытылған. Осының дәлелі Наганай батырдан тұган 30 ұлдың есімдерінің шежірешилерге белгісіз болып қалуы дер едік. Тегінде кейінрек-тегі қоңыраттардың сандарын көбейтіп жіберген осы ұмыт қалған атапардан таралған үрпақтар болса керек. Шамамен қазақ қоңыраттарының жүйелі шежіресі Қазақ хандығы құрылып нығайған XV-XVI гасырлардан басталады. Осы тұстағанда қазақ есімдеріне «бек» және «бай» атапары жалғана бастады. Яғни Қоңырат шежіресіндегі Наганай батыр XIII гасырдың тарихи тұлғасы болса, ал қазақ шежіресінде оның баласы деп көрсетілетін Орынбек – XV-XVI гасырдың адамы. Шежірелік деректерге тән мұндай олқылықтарға таң қалатын ештеңе жсоқ. Монгол дәүіріндегі Шыңғысханның және оның үрпақтарының ұлыстар құрруға байланысты реформалары және осы тұтағы галамат ауқымды жорықтарға қатысу барысында Қоңырат ғана емес, кейіннен қазақтың құраган, алғаш монгол үстіртінің маңында отырған біраз түркі рулары мен тайпаларының рулық құрылымдары түбірінен өзгерістерге ұшыраганы тарихқа жақсы белгілі. Осыған сәйкес рулық таңбалар мен ұрандар да өзгерістерге ұшырады. Осыған дәлел ретінде айта кетер тағы бір мәселе, жоғарыдағы деректе айтылатын рәсімде Шыңғысханның Қоңырат Сеңкеге берген рулық таңбасы жарты ай түрінде бейнеленген. Алайда қазақ шежіресінде бұл таңбаны «Босага» деп атайды. Тарихи деректерді салыстыра қарар болсак, бұл хан көтеру рәсімі 1219 жылы Наймантауда (кейінгі аты Шыңғыстау) орын алса керек деп айтуда итермелейді. Бұл Ұлы қағанның Монголия аймағынан тыс жерде алғаш рет, ал жалпы алғанда үшінші рет хан көтерілуі болса керек.

Әрине, жоғарыда ескерткеніміздей, қоңыраттардың шығу тарихын тек Шыңғысхан заманынан бастауга болмайды. Қоңырат атауы осы кезде кеңінен белгілі бола тұрса да, олардың бабаларының бұдан бұрын басқаша атапыт, өмір сүрген-

дері күдік тұғызыбауы тиіс деп ойлаймыз. Жалпы «Қоңырат» атауы тарих сахнасына X-XII ғасырлар аралығында Қидандар (Қытандар) империясының қүшесінде байланысты шықты<sup>484</sup>. Құнгей шығыстагы манчжур тілдес қидандардың қүшесінде және олардың өздерінде көрши түркі тілдес халықтардың жаулап алуға белсene кірісу түркі руларын жаңа құрылымдарға бірігіп, қорғаныс қамын ойластыруға еріксіз мәжбүрледі. Осылайша жаңа тайпалық одақтар және соган сәйкес жаңа тайпалық атаулар мен этномимдер өмірге келді.

Мұндайда бұрынғы тарихи атаулар да ұмытыла қоймай кейде қосарланы пайдаланды. Әбілғазыны оқысақ, жоғарыда көрсетілгендей, қоңыраттар мен олқұноуттардың бір ру ішіндеңі туыстас екі ата екендіктегін аңғарамыз. Өйткені Қиянның үлкен ұлы Чурлық-Мерканнан (Жорлық мергеннен) Қоңырат туса, ал екінші баласы Кубай-Ширядан (Қубайшырадан) Олқұноут туады. Сонымен қатар үшінші, кіші бала Тасбұдайдан да ұрпақ тараған. Шыңғысханның шешесі Олқұноуттан<sup>485</sup>. Дегенмен де, тарихи деректерде оның руы Қоңырат деп көрсетіле береді. Өйткені жоғарыда аталған Жорлық мергеннің үш ұлынан таралған ұрпақтар кейінірек қоңыраттардың үш атасын құрады. Тегінде Олқұноут XI ғасырдан бастап кейде Қоңырат атана бастаған.

Ал олқұноуттардың да бұрын Қиян атанғандары белгілі. Яғни қоңыраттардың тұп атасының Қиян екендігі Әбілғазы шежіресінде дұрыс айтылған. Осы қияндар кезінде Бұлғашы тайпалық бірлестігі құрамында да көшіп-қонып жүрді. Ал енді қоңыраттардың бұрынғы атаулары жоғарыда аталып кеткен Қиянға тағыда қайта оралар болсақ, қытай жылнамаларына қарағанда Қиян мен Қият екі басқа рулар екенине көзіміз жете түседі. Қиян түркі тілдес Телек тайпалар одағына жатса, ал Қият монгол тілдес Шибей татарлары одағына жатты. Қияндар Керулен өзенінен онғустікке қарай мекендесе, ал Қият Онон мен Керуленнің арасын мекен етті. Қияндар VII-VIII ғасырларда кең таралып, әртүрлі тайпаларға тарап кеткен болса, ал қияттар бұл кезде әлі көзге түсе қоймаған шағын ру болатын. Айта кеткен

<sup>484</sup> История Монгольской Народной Республики. – М., 1983. – 117-б.

<sup>485</sup> Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное тюрков. -- Ташкент, 1996. – 38-б.

жөн, Ергенеконнан жалайырлардың атасы Нұкізбен бірге шыққан Қият емес Қиян, яғни монголдардың емес, қоңыраттардың атасы болып табылады. Бірақ Ергенекон аңызында Қиятты Қиянның баласы етіп көрсету де кездеседі<sup>486</sup>. Біздің ойымызша бұл тарихи шындықта келмейді. Тегінде бұл Елханның ұлы Қиян мен Елханның кіші інісі Нұкүздің баласынан тараған түркі тілдес тайпаларды қөрші монгол тілдес (манчжур тілдес) тайпалармен жақындастыру үшін аңызды бізге жеткізушілердің қосымша ойдан толықтырулары деп ойлаймыз.

Шындығында V ғасырдан бері түркі тілдес Телек тайпалар одағына жататын және айтарлықтай өсіп-өнген қияндардан VIII ғасырдың өзінде-ақ көптеген тайпалар бөлініп, тіптен олар дербес елдерге бөлініп кеткен болатын. Оларды қытай жылнамаларында Қиян, Қиянқа, Нақиян, Салар қиян, Батыс Қиян елдері деп жеке-жеке атайды<sup>487</sup>. Осыны анғармаған кейбір зерттеушілер қателесіп, осы екі руды (Қият пен Қиянды) бір деп білген және «т» жалғауының монголша көптік жалғауды аңғартатынын ескеріп және Әбілғазының «Қият» «Қиянның» көпше айтылғаны деген ескертпесіне теренірек сын көзben бойламаған<sup>488</sup>. Егер «Қиянға» «т» жалғанар болса ол «Қият» емес, «Қиянұт» болуы тиіс еді. Оның үстіне бұл жерде Әбілғазы монголдардың «Қиян» деп Ергенекон аңызында айтылатын тарихи тұлғаны емес, «таудан атқып аққан бұлақты айтатынын» ескерткенін де кейінгі зерттеушілер байқамаған. Мұндайда, «ал онда Қият деп аталағындар кімдер?» деген сауалдың туындауы да занды. Бұған жауапты да Әбілғазының өзі береді: «Шыңғысханның аргы атасы Қабұл ханының алты ұлы болған: олардың бәрі өжет, батыл, жылдым еді. Халық осы батырларды Қият деп атады. Өйткені монголдар таудан атқып аққан бұлақтарды қиян деп атайды...»<sup>489</sup>. Бұдан шығатын қорытынды Қият Қияннан емес, Қабұл ханнан тараған. Қабұлханнан бұрын монголдарда «Қият» деген ру болмаған. Бұл шежіре былай таратылады: Қабұлхан – Бөртанхан – Есугай баһадур – Темучин

<sup>486</sup> Келімбетов Н. Ергенекон //Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Т.3. – 387-388-б.

<sup>487</sup> Қытай жылнамаларындағы қазак тарихының деректері (б.з.275 – 840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 308-309- б.

<sup>488</sup> Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное тюрков. – Ташкент, 1996. – 38-б.

<sup>489</sup> Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное тюрков. – Ташкент, 1996. – 38-б.

(Шыңғысхан). Қабұлханның алты баласынан таралғандар «Кият» деп аталса, көздері қой көз (бурдигин) болғандықтан Есүтей баһадурдың руындағы кісілер Бурдигин-Кият аталған<sup>490</sup>. Әйтпесе, бұлар бұрын Қара татарлар (Шибэй немесе Отыз татарлар) еді. Қытай жазбаларында XII ғасырға дейін тек Киян тайпалары туралы ғана айтылып, Қияттың аталмайтын себебі де осыдан. Ескерте кетер бір нәрсе, қытай жылнамалары «Шибейлерді» «Шығайлар» деп көрсетеді.

Дегенмен де, бұл екі рудың XII ғасырдан бастап-ақ, тығыз құдалық қарым-қатынастар сақтағандары белгілі. Нығмет Мынжан Қият монғолдар мен Киян қоңыраттардың құдандалы жекөкәт болуларын былай түсіндіреді: «ежелгі қошпелі халықтар арасында туыстас ру-тайпалар өз ішінен қыз алыспайтын әдет өмір сүрген, соның үшін олар үнемі өзге тайпалармен қыз алысып, қыз берісіп келген. Қоңыраттар көбінесе Шыңғысхан-ның монғол тайпасымен құдаласып, қыз алып, қыз беріп отырған»<sup>491</sup>. *Ия, шындығында да Шыңғысханның өзінің анасының да Олхұноут, яғни Қоңырат тайпасынан екендігін жоза-рыда атап кептік. Шыңғыстың экесі Есугей батыр өлген соң оның әйеліне, яғни Шыңғыстың шешесіне үйленген Мунлукте (Менлік) осы Қоңырат тайпасынан. Осы дәстүр негізінде Темучин де Қоңыраттан шықсан Бөртеге үйленді емес не?*

Ежелгі ғұндардың үрпақтары болып саналатын қияндарды алғаш сәнбілер, онан соң телектер мен түркілер жауласп алды. Қияндар VI ғасырда Сәнби тайпалық бірлестігінің мұрагерлері түйғындарға ата жау болды. Бұл кезде Қиян руының көсемі Қиянсон деген кісі болған және ол Тұйғын әулегі көсемін қанжармен өлтірді<sup>492</sup>. Осы қияндар алғаш телектерге, кейіннен түркілерге, ал онан соң татарларға бағынуға мәжбүр болды. Монғолдар тарихын нақты зерттеген Л.Л. Викторованиң сыйбасы бойынша Үнгират деп берілетін қоңыраттар монголдармен, татарлармен, тайжиуттармен, жалайырлармен, урянхайлықтармен бірге қарастырылып, олар шибейлерден (дадалар, отыз татарлар) улохеулерден шығарылады<sup>493</sup>. Бұл жерде Улехоу

<sup>490</sup> Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное тюрков. – Ташкент, 1996. – 38-6.

<sup>491</sup> Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1993. – 176-6.

<sup>492</sup> Қытай жылнамаларындағы казак тарихының деректері (б.з.275 – 840 жылдары).

Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 82-6.

<sup>493</sup> Викторова Л.Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры. – М., 1980. – 5-6.

делініп отырғандар қияндардан тараған олқұноуттар. Бұлардың бабалары IX-X ғасырларда татарлардың қол астында болды. Олқұноуттар, яғни қоңыраттар кидандардың билікке келуіне байланысты татарлардан бөлініп шықты.

Рашид ад-дин Хункират тайпасының Ұлы Қытай қорғаны жаңында өмір сурген Ақ татарларға жатқандықтарын нақты атап көрсетеді<sup>494</sup>. Шындығында да Үлкен Хинган таулы жоталарын жағалай орналасып, көшіп жүрген қоңыраттар Есун татарларының онтүстік шығысындағы көршілері еді. Ал «Татар (Дада)» этонимінің тарихқа VIII ғасырдан бері, яғни Орхон жазулары арқылы белгілі. Олар онда «Отыз татар» және «Тоғыз татар» деген атпен әйгілі. Томсонның ойынша татарлар деген атаумен ол кезде монгол тілдес тайпалар аталған<sup>495</sup>. Алайда, біз бұл жерде әнгіме Керулен аймағына дейінгі тайпалар туралығана, яғни Қара(Шибей) татарлары туралы болып отырғанын ұмытпауымыз керек. Шыңғысхан да осылардан шыққан. Ал енді Керулен өзенінен онтүстікке қарайғы, Ұлы Қытай қорғаны маңындағы Ақ (Есун) татарларға немесе олардың құрамында болып келген қоңыраттарға келер болсақ, олар түркі тілдес тайпалар болса керек. Қалай десек те, оларды Н. Аристов түркі тілдес тайпаларға жатқызады<sup>496</sup>. Осы татарлардың кейіннен шығыска қарай емес, батысқа түркі тілдес тайпалар аймағына қарай үдеріле көшулері де олардың түркі тілдестер екендіктерін дәлелдей түссетіндей. Оның үстінен Махмұт Қашғари да тілдерінде өзгешеліктер бола тұrsa да татарлардың түркі тілдес тайпаларға жататындарын нақты атап көрсетеді. «Худуд ал-алам» дерегінде татарлар түркі тілдес Тоғыз оғыз құрамында аталса, ал Гардизи оларды Ертістегі қимақтардың жеті тайпасы қатарында атайды<sup>497</sup>. Осы айтылғандар татарлардың бір бөлігінің, дәлірек айттар болсақ, ақ татарлар атанған кейір тайпалардың түркі тілдес болғандарын дәлелдей түседі деп ойлаймыз. Ал енді тарихи зерттеулерде осы ақ татарлардың тарихи деректерде

<sup>494</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей. – Т.I. – 49-б.; Т.II. – 54-б.

<sup>495</sup> Бартольд В.В. Татары // Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 2002. – 559-б.

<sup>496</sup> Аристов Н.Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей. – 371-б.

<sup>497</sup> Бартольд В.В. Татары // Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 2002. – 559-б.

өздері мекендереген Ониют аймағының атына сәйкес Онқұт аталғандары да атап көрсетіледі<sup>498</sup>. Тегінде онқұттар да ол-құноуттар тәрізді ақ татарлар құрамына енген тайпалық бірлестікті құраса керек. Олардың X ғасырдағы тарихи отаны әйгілі Дешті (Гоби) шөлінің онтүстік шығысында, Хуанхэ өзенінің солтүстігінде, қидандардың батысында, ал қоңыраттардың онтүстік батысында болатын. З. Қинаятұлы Онқұт атауын Онғон мекені атымен байланысты шыққан деген пікірде<sup>499</sup>.

Осы жерде шатастыруға болмайтын, және бұрынғы зерттеушілер байқай қоймаған бір принципті мәселе бар екенін айтуға тиіспіз. «Онқұт» атауын қоңыраттардың қосалқы атауы болып табылатын «Олқұноут» атауымен тіптен де шатастыруға болмайды. Олқұноут жоғарыдағы Л. Викторованаң пікірінде «Улехоу» деп берілген, және унгираттардың (қоңыраттардың) бабалары ретінде көрсетілген. Ал Онқұт болса Керейт, Найман, Меркіт тәрізді түркі тілдес тайпалармен бір топта қарастырылады<sup>500</sup>. Тарихи шындықтың осылай екендігін Монголдың «Күпия шежіресін» байыппен оқыған адам айқын аңғара алады. Онда Темучиннің әкесі Есугей батырдың Олқұноут аймағынан әйел алғаны және кейіннен баласы Темучинге осы аймақтан, яғни оның нағашы жұртынан қалындық айттыруға барғаны анық айтылған<sup>501</sup>. Темучиннің Қияннан емес Қияттан шыққаны және белгілі. Сондықтан да ол Қоңырат емес, Монгол (яғни Шибей татары) болып табылады.

Әрине, бұл заманға дейін қоңыраттардың бабалары әртүрлі этно-саяси бірлестіктер құрамында болып, біраз шырғаландарды бастан өткерді. Олардың арғы бабалары – ғұндар. Бірақ ғұндарды Шығыстан келген сәнбелер талқандаған соң олар осы сәнбелерге кіріптар болды. Одан Теле одағына кіріп, оларды кейінрек билеген Сірендә бірлестігінде, онан соң Ұйғыр қаганатына бағынуга мәжбүр болды. Бұл кезде олар бұлғашылармен бірге журді. Ұйғырларды 840 жылы қыргыздар талқандаған соң,

<sup>498</sup> Бартольд В.В. Н.А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен // Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 2002. – 270-б.

<sup>499</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасырлар. – Астана, 2001. – 181-б.

<sup>500</sup> Викторова Л.Л. Монголы. Происхождение народа и истоки культуры. – М., 1980. – 5-б.

<sup>501</sup> Монголдың құпия шежіресі. – Алматы, 1998. - 33-35-б.

бұлғашылардан бөлінген олар, ақ татарлар (Ақ сеп) бірлестігіне кірді. Олар мекендереген аймақты шығыстағы көрші қидандардың жауап алыш, куатты Ляо мемлекетін құргандары белгілі. Осы тұста олардан ығысқан татар тайпалары түркі руларының құрамдарын толықтырып, жаңа Керейт, Онқұт, Олқұноут және осы соңғылармен аталас туыс Қонырат тайпалық бірлестіктерінің құрылударына тікелей ықпал етті деп ойлаймыз. Ал енді біз әңгімелеп отырған ақ татарлар, яғни олқұноуттар атанған қоныраттардың Тоғыз оғызы құрамындағы татарлармен немесе қимақтар құрамындағы татарлармен байланыстары бар ма? деген сауалдарға жауап іздестіреп болсақ, олардың географиялық орналасу аймақтарына назар аудара отырып, біздің қоныраттар деп жүргеніміз VIII-IX ғасырларда бұлғашылармен бірге жүріп, осы Тоғыз оғызы бірлестігіне уақытша, амалсыз бағынған, бірақ оның тұрақты құрамына кірмеген, негізінен, біраз уақыт ақ татарлар атанып кеткен тайпалық бірлестігінен бөлініп шықсан рулар екендігін аңғарғандай боламыз. Жалпы ақ татарлар деп жүргеніміз XI-XIII ғасырлардағы қоныраттар мен онқұттардың (кейінгі Уақ бабаларының) жанама аттары болып табылады. Бұлар тегінде VII-IX ғасырлардағы Байси, Ақ сеп ұлыстарынан негіз алған, кейінрек Ұйғыр қағанаты талқандалған соң Ақ татар атанған тайпалық бірлестік болса керек. Қоныраттардың Ақ татар бірлестігіндегі олқұноуттардан бөлініп шығуы Шыңғысханның Монгол мемлекетін құруымен және қоныраттарды өзіне жақын тартуымен тығыз байланысты. Оның себебі жақсы белгілі. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Шыңғысханның шешесі Алун да, бәйбішесі Бөрте де осы Қонырат тайпасынан. «Құпия жылнамаға» назар аударар болсақ, Шыңғыстың экесі Есугей батыр Алунға үйленген кезде де, сондай-ақ, ол баласы Темучинге Қоныраттың Тай шешенінің қызы Бөртені айттыруға барғанда да қоныраттар әлі Олқұноут деп те аталатын еді. Дәлірек айтқанда қоныраттар мекендейтін өлке ол кезде Олқұноут аймағы деп аталатын<sup>502</sup>. Осыған байланысты осы өлкені мекендейтін қоныраттықтар да жогарыда атап көрсеткеніміздей бірде Олқұноут атала, бірде Қонырат аталағын жүргеді. Алайда жогарыда айттылған әңгімеден туындаитын мына мәселені де ұмытуға болмас:

<sup>502</sup> Монголдың құпия шежіресі. – Алматы, 1998. – 33-б.

Әбілгазы көптеген деректерді Рашид-ад-диннен алған. Ал Рашид-ад-дин болса Олқұнұтты (немесе Олхонұтты) жоғарыда Әбілгазы шекіресіндегі атаплан Жорлық (Чурлук) мергеннің ұлдарының бірі ретінде атап көрсететіні белгілі<sup>503</sup>. Жалпы алғанда гылыми пікірлерді тереңірек талдар болсақ, Қоңырат этнонимінің шығуын түркі халықтары болмысына жасаңыпайтын әртүрлі пікірлермен түсіндіруге тырысқан ғалымдар да болды. Мысалы, жаңағы Рашид-ад-диннің өзі қоңыраттарды ежелгі аңызға сүйеніп, қайдағы бір алтын ыдыстан туған аты-жөні белгісіз кісінің балалары, немесе ұрпақтары деп көрсетуге тырысса, ал белгілі зерттеуші Н.И. Березин Қоңырат атауын мөңгол тілімен байланыстырып, бұл монголша қарға дегенді аңгартауды дегенге сәйды. Мұндай пікірлердің сол тұстагы көшпелі халықтың рухани немесе әлеуметтік болмысына ешбір қыыспайтыны бұл тарихқа тереңдеп барғанда айқын аңгарыла түседі. Қоңырат атауының осындағы алып-қашты пікірлерге тиек болуы кейінгі жылдары қазақ зерттеушілерінің назарларын өзіне аудара бастады. Ежелгі этнонимдер этимологиясы мен семантикасын зерттеген Н.Ж. Мынбаев мәселені нақтылай түсіп, төмендеғіше атап көрсетті: «Қоңыраттың шығуы туралы екі халықтың этимология бар. Олардың бірі қазақ тілінде негізделген: Қоңырат қоңыр+ат дегеннен шыгады, сөзбе-сөз «қоңырат ат» дегенді аңгартауды, басқашада мөңгол тілі негізінде қаре//хире «қарға» дегеннен туындаиды»<sup>504</sup>. Н. Мынбаев бұл этнонимнің шығуына байланысты зерттеулерді талдай келе мынадай қорытындыға келді: «Қоңырат этностық атауының гылыми этимологиясы әлі жоқ, сөздің түпкі мәні де ашила қойған жоқ. Біздің ойынызша, Қоңырат тілдік мәғынада сөз жоқ, прототүркілерден шыққан, этноним қазіргі фономорфологиялық түрге көне түркілік кезеңде, дәлірек айттар болсақ, оның Батыс және Шығыс қағанаттарына бөліну кезеңінде біржсолата қалыптасты. Лингвистикалық тұрғыдан біз Қоңырат этнонимінің құрылымын төмендеғіше жіктейміз: қ-ен-ер-т. Этноним екі түбірлік морфтың бионимациялануы жолымен пайдада болған; -ен-

<sup>503</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей. – СПб., 1868. – 147-б.

<sup>504</sup> Мынбаев Н.Ж. Этимология и семантика древних этнонимов (на материале общепокской и казахской этнотопонимии). - Алматы, 2008. – 190-б.

«кісі», «адамдар» және –ер- «еркек», «ер адам». Этнонимнің семантикасы мынадай: Қоңырат «жоғары адам», «еркек», «батыр»<sup>505</sup>. Қалай десек те «Қоңырат» атауы ежелгі түркі дәүірінен бастау алады және сондықтан да бұл этноним қазақттан басқа түркі халықтарында да кездесе береді. Жозарыда атаплан зерттеуші Н. Мыңбаев қазақ шеңжіресінде атаплатын Қоңыраттың 33 атасының 29-ның өзбек халқы құрамындағы қоңыраттарда да атаплатынына назар аударған еді. Сондықтан да Алпамыс тәрізді ірі тарихи тұлға да осы халықтарға ортақ және ол туралы жыырлайтын эпос оқығалары да осы елдер шекарасында жеткізген Жиделі және Байсын аймақтарында өрбиді. Зерттеуші Н. Мыңбаев Өзбекстан аймасынан «Қоңырат» атапмен тығыз байланысты 31 этнотопонимдер аттарын өзінің зерттеуінде атап кетеді.<sup>506</sup> Тегінде бұл атаплардың пайда болулары монгол жаулауы барысында осында қоныстанған қоңыраттармен тығыз байланысты болса керек.

Ерте орта гасырлардағы қоңыраттар тарихын тереңірек білуге бүгінгі күні қыргыздар құрамында жүрген Қоңырат тайпасының тарихынан туындайтын мәліметтер де көмек bere алады. Қыргыз зерттеушілері Қоңыратты Қыргыздың ежелгі руларының бірі ретінде қарастырады. Олар ежелгі шеңжірелік деректер бойынша бұлғашылардың рұлық тобына жетады. XIII ғасырда олар бөлек тайпалық одаққа бірігіп, енді Қоңырат атана бастады. Бұл тұста олардың құрамында Инкирас, Олкунұт, Карапанұт, Кункулут тәрізді ірі рулар болды<sup>507</sup>. Бұлғашы рұлық этнонимі қыргыздарда мұнданаға дейін сақталып келді. Мұның өзі Қоңырат тарихында Бұлғашы тайпалық одағы кезінде үлкен рөл атқарғанын байқата түсетіндей. Сондықтан да ежелгі қоңыраттардың этностық тұрғыдан қалыптасу тарихын қарастырганда бұл тарихи терминді айналып кете алмаймыз.

Бүгінгі қыргыз зерттеушілерінің айтудынша, бұл «терминнің келіп шығысы Саян – Алтайдың мифологиялық діни шеңжіресіменен байланысты. Монгол тілді елдерде «булғач» сөзі

<sup>505</sup> Сонда. – 192-б.

<sup>506</sup> Сонда. – 191-193-б.

<sup>507</sup> Қыргыз этнографиясы боюнша сөздүк / Тұз.: О.К. Каратаев, С.Н. Эралиев. – Бишкек, 2005. – 245-246-б.

көтеріліс шығарған ел мәнісін туындағады. Термин-этноним Умай ене атальмының синонимі, байыргы қырғыздар қолданған діни термин. Закамендік буряттардың жаңе олардың шамандарының сыйынушы жері «Бұлған тәэби» деп аталды». Мұндай діни сыйынушы орындарына шамандар қоян терілерін көрінетін жерлерге іліп қойған жаңе ол терілер шамандардың діни ырымдарынан кейін жасас балаларды жаманышылықтан қоргайтын жаңе сақташтын болады деген түсінікті қалыптастырған. Г.Н. Потанин Алеар бүряттарындағы бұл дәстүрдің «Бұлғаша» деген атаумен белгілі болғанын атап көрсетеді<sup>508</sup>. Бұдан шығатыны, тегінде осындағы тарихи дәстүрді ұстанған терістік-тегі рулар кезінде Бұлғашы атанағы кеткен. Алғашқы рулық қалыптасу кезінде біз әңгімелеп отырған қоңыраттардың бабалары да осы рулармен бірге жүрген.

Тарихи деректердің маліметтері бойынша, Бұлғашы XII-XIII гасырларда Байқалга құятын Селенга өзенінің шығысында көшип-қонып жүрді. Олардың оқтұстіктегі көршілері Онон өзенінің бастауларын мекендеген Гурван меркіттері, тайчиуттар жаңе жалайырлар еді. Ал болашақ Қоңырат рулары бұл кездे жалайырларға көрші болып, Шығыстағы Үлкен Хинган тау жосталарын жағалай көшіп жүрді. Қоңыраттардың оқтұстік батысында Ұлы Қытай қорғанын бойлап онқұттардың мекені басталатын еді<sup>509</sup>. Бұлардың бәрі түркі тілдес тайпалар одақтары болатын. Айта кетер бір нарсе, қоңыраттардың батысында жаңе жалайырлардың оқтұстігінде орналасқан татарлар 1202 жылды Шыңғысхан күйрете талқандаганга дейін жеке тайпалық одақ ретінде өмір сүрсе, атамыши қырғыннан кейін өздерінің солтустік батысындағы көршілері монголдарға бірігіп кетті.

Ал енді қоңыраттардың монголдар жағына өтулері «Күпия шежіреде» былай жазылған: «Қалқы өзенінің Бұйра көлге құятын жерінде жайпақ ерлі (жадағай малды – Алтын шешіре) кезбе қоңыраттар мекендейді дегенді естің, Шыңғыс хаган: «Осынау қоңыраттар атамзаманнан Жиеннің жөнімен, Қызының өнімен жақындағы жүріп келеді. Оларға жөнін айтса, бізге ерер.

<sup>508</sup> Кыргыз этнографиясы боюнша сөздүк /Гуз.: О.К. Карадаев, С.Н. Эрдилев. – 119-120-б.

<sup>509</sup> История Монгольской Народной Республики. – М., 1983. – 162-б.

Егер қарсыласса күшпен басып алындар», – деп Жоршыдайға бастатып, Үруыт азаматтарын жібергенде, қоныраттар ықтиярымен қосылады. Шыңғыс хаған өзіне берілген қоныраттарға ешқандай тиіспейді»<sup>510</sup>. Дегенмен де, тарихи деректерге назар аударап болсак, қоныраттардың кейбір руларының табанды түрде Шыңғысханға қарсы күрескендерін де айқын байқай ала-мыз. 1201 жылы біраз тайпалар Кенті өзенінің Ергөне өзеніне құятын жерінде жинальып, Темучиннің қарсыласы Жамуханы қаған көтеріп, Темучинге және Керейт Уаң ханға қарсы аттану туралы шешім қабылдайды. Осы оннан астам тайпалардың ішінде Найман Бұйрық, Меркіт Тоқтабектің баласы Құтымен бірге **Қонырат Терге Емел Алқұй** да болды. Алайда олардың мұндай жасырын келісімін Қоралас тайпасы кесемдерінің бірі Темучинге дер кезінде жеткізіп үлгерді. Жеделдете өзінің одақтасы Керейт Уаң ханға хабар берген Темучин Едикурган деген жерде өзіне қарсы одақ құрған тайпалармен қырғын соғыс жасады. Нәтижесінде женілген Жамуха қашып кетті де, ал **Алқұй бастаған қоныраттар** Темучинге бағынды. Осыдан соң, 1202 жылы Темучин татарларды талқандады<sup>511</sup>. Алайда қоныраттардың негізгі бөлігі Темучинді бәрібір мойындаі қойған жоқ. Ол 1204 жылы Найман хандығына қарсы соғыс бастағанда қоныраттар тағы да наймандарды қолдап, Шыңғысханға қарсы шықты. Алайда ұрыс Шыңғысханның пайдасына шешілді және осыдан бастап қоныраттар Шыңғысханнан бөлінген жоқ.

Ал енді 1206 жылы Онон өзені бойында киіз туырлықты 95 тайпаның өкілдері Шыңғысханды хан көтергенде осы салтанатқа Қонырат атынан Алшы күйесу қатысты. Бұл олқұноуттардың да біржолата Қонырат атанған кезі. Бұл кезде Алшының соңынан ілескен Қонырат руларының жасағы үш мың адамды біріктірген екен. Дегенмен де, өзінің әрі нағашы, әрі қайын жұрты болып келетін қоныраттарға Шыңғысхан ерекше құрмет көрсетті. Барлық қошемет монголдардың үлкен сеніміне ие жалайырлардан соң қоныраттарға багышталды. Жалайыр Мұқали Шыңғысханның тапсырмасымен жиырма үш мың әскерді бастап 1217 жылы Қытайға аттанды. Осы әскердің құ-

<sup>510</sup>Монголдың құпия шежіресі. – Алматы, 1998. – 108-б.

<sup>511</sup> Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. под названием Юань Чао Би Ши. – 120-, 124-125-б.

рамында екі мың Жалайыр, бір мың Қонырат бар еді<sup>512</sup>. Жалпы Шыңғысханның шығысқа жорығына бес мыңға жуық Қонырат қатысты<sup>513</sup>. Қазіргі қазақ жеріне қоныраттар Шыңғысханның баласы Жошының бастауымен келді.

Монголиядағы татарлардың, яғни «дадалардың» Қара, Ақ және Су татарлары деп атағандары белгілі. Профессор С. Аманжолов деректерге сүйене отырып, қоныраттар мен қатағандардың Шыңғысханның Қара татарлары (монголдары) тәрізді «Кек тәңірісіне» табынғандарын атап көрсетеді. Ал Ақ татарлар бірлестігіне жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Олқұноут және Онқұт тайпалық одактарына кіретін Қонырат, Қатаған және Уақ тәрізді тайпалар бірікті. Айта кетер бір маңызды нәрсе, ғұлар да Қара монголдар тәрізді кек тәңірісіне табынды. Қазақ шежіресінде қоныраттардың екі атасы бірінің осылайша «Кектің ұлы» аталуы сондықтан деп ойлаймыз. Осы Кектің ұлынан тарайтын руладардың Құлшығаш, Қаракесе, Қара, Абад-Жабад аталулары да орта ғасырлардағы қаратүргештер, қарахандар, қарақытайлар заманын еріксіз еске түсіреді. Оның үстіне әйгілі шежіреші Зайыр Сәдібекұлы Абад-Жабадтан тарайтын «Оразкелді ішіндегі Көлеген деген елдің Сұнақпен туыс, ескі соғдылардың ұрпағы» болып табылатындарын атап көрсетеді<sup>514</sup>.

Сонымен қатар Тәкірге табыну үрдісі қоныраттардың ежелгі бабалары ғұндардан бастау алатынын да ұмытуға болмас. Осыған байланысты кезінде қытай императоры былай деп жазған еді: «Мына Сір-енда мен онын арғы бабалары Ғұн, аспан мен жер жарапқанда жарыққа шыққан адам нәсілінің бір бұтағы ретінде Ұлубалықты жауап, патшалармен үзенгі қағыстырып, өздерін тәнірдің еркесіміз деуші еді, ғарышта шахналық жұлдызызды аспанды бөлісіп еді, жорық туындағы бескем шашққа қарап, патшалармен елдік салтын теңестіруге дέ ұрынушы еді, арғы тарихқа үнілгенде, оларды құшпен бағындыра алғандар жоқ еді»<sup>515</sup>. Десек те, біз әңгімелеп отырған ерте орта ғасырларда «Кектің ұлы» атауы, негізінен, қытай патшаларының

<sup>512</sup> Д' Оссон К. От Чингизхана до Тамерлана. – Алматы, 2003. – 230-б.

<sup>513</sup> Аристов Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей. – 371-б.

<sup>514</sup> Сәдібеков Зайыр. Қазақ шежіресі. - Ташкент: Өзбекстан, 1994. – 103-б.

<sup>515</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275 – 840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 150-151- б.

қосымша аты болатын. Тегінде ежелгі қоныраттар осы қытайға географиялық жағынан жақын орналасқандықтан және Ұлы қытай қорғанының арғы-бергі жағына көшіп жүргендіктен басқа Телек тайпаларына қарағанда қытай ықпалын қатты сезініп, өздерін «Көктің ұлдарымыз» деп санаған кездері де болды. Сондықтан да ежелгі қоныраттарды құраған руладың бір тобы өздерінің шежірелерін осы «Көктің ұлынан» бастайды. Мұның өзі Қонырат тайпасын құраган және тәнірге табынған руладың тарихи тамырларының теренде екендіктерін ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар олардың қалыптасу тарихының аса құрделі екендігін де дөлелдей түседі. Қытай деректеріне назар аударсақ, Қоныраттың екі атасының бірі «Көтеншінің» атының шығуның «Көктің ұлы» атауымен байланысты екендігін анғарғандай боламыз. Қытай жылнамашылары өздерінің теріскейінде орналасқан көрші ру-тайпалар туралы айта келе «олардың қайсы бірі **Көктің ұлына көтеші болып істесін** (бөліп көрсеткен біз – T.O.) деп балаларын ақ үйлі аманатқа берді, кейбірі көпшір тапсырып, таралғы ұсынды», – деген жолдарды оқимыз<sup>516</sup>. Тегінде мұндағы «көтеші» немесе «көтенші» деген сөз «көмекші» деген мағынаны аңғартса керек. Қоныраттар шежіресі өзінің екі атасының бірін осы қытайға амалсыздан көтенші болғандардан бастайтынын да айта кеткен жөн. Бұл, біздің ойымызша, біраз уақыт қытайдың қол астында еріксіз бағынышты болғандардан таралған руладың ұрпақтары. Яғни бұл қоныраттар шежіресінің бастауларын біздің заманымыздың VI ғасырына апаратын атаяу. Мұның өзі қазір біз айтып жүрген қазіргі Қонырат тайпасының шежіресінің Көтенші мен Көктің ұлы аталарымен XV ғасырда өмір сүрген Құдайберді мен Тәнірберген екеуіне дейінгі аралықта, кем дегенде, 32-33 атасыңнан аттары есте сақталмағанын көрсетеді. Сондықтан да шежірешілер Көтеншіні Құдайберді, ал Көктің ұлын Тәнірберді деп шатастырады<sup>517</sup>. Бұндай есте сақталмаған аталардың аттарын қалпына келтіретін деректер, өкінішке орай, біздің қолымыздың жоқ. Мұнда бізге белгілісі жоғарыда аталған Шыңғысханның замандасы Сенкі би мен оның аталары ғана. Жоғарыда көрсеткеніміздей, ол

<sup>516</sup> Қытай жылнамаларындағы қазак тарихының деректері (б.з.275 – 840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 20-б.

<sup>517</sup> Халидуллин О.Х. Қазактың біртұтас шежіресі. Қонырат. – Алматы, 2005. – 61-б.

Қоңыраттың баласы. Бір деректер Сенкі бидін баласын Наганай батыр деп көрсессе<sup>518</sup>, екінші бір деректер Наганайды Қоңыраттың өзінен таратады<sup>519</sup>. Ал бүгінде біз айтып жүрген Қоңырат шежіресі XV ғасырдан бергі қарайғы кезеңді ғана қамтиды.

№	Ру-тайпалар аттары	М.Гролковтың мәліметтері (1889 ж.)	М.Тыныспашевтың мәліметтері (1925 ж.)	С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	Н.Мынжанының мәліметтері (1987 ж.)	Х.Арғынбаев М.Мұқанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	А.Сейлімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)
1	2 Конрат (Қоңырат)	3	4	5	6	7	8

### 3.5. Тайпалардың Алшын атауына бірігуінің басталуы

«Алшын» атауы қазаққа жақсы таныс. Әдетте, Кіші жүз қазақтарының үш бөліктен тұратын құрылымы, яғни Байұлы, Өлімұлы және Жетіру ортақ атпен жанама түрде Алшын атлатыны белгілі. Қазақстанда жарық көрген «Атырау энциклопедиясында» осыған байланысты мынадай жолдар бар: «Алшын – Кіші жүз руларының атасы. Соңдыктан да бірқатар тарихи деректерде Кіші жүзді кейде Алшын деп те атайды. Жазба шешірелік деректерге қарағанда, Алшын есімді адам басқарған бір бөлек тайпаның ежелгі мекені бүкіл түркі тайпалары сияқты осы күнгі Алтай өлкесі деседі»<sup>520</sup>.

Міне, алшындардың қазіргі отанындағы жергілікті тарихшылардың өздері «алшын» атауын осылай түсіндіреді. «Алшын»

<sup>518</sup>Халидуллин О.Х. Қазактың бірлугас шежіресі. Қоңырат. – Алматы, 2005. – 61-б.

<sup>519</sup>Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі қақында. – Алматы, 2000. – 216-б.

<sup>520</sup>Атырау: энциклопедия. – Алматы, 2000. – 63-б.

атауының бір кездері, дәлірек айтсақ, Қазақ хандығы құрылған алғашқы ғасырларда этоним ретінде де әрекет еткенін байқаймыз. Кіші жүздің рулары ежелгі ортағасырлық деректерде ортақ «алышын» атауымен көрініс береді. Мысалы, «алышын» атауы XV-XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақ тайпалар құрылымын көрсететін «Маджму ат-тауарих»<sup>521</sup> және «Насаб-наме-ий узбек», «Асами-иі наваду ду фирм-айи узбек»<sup>522</sup>, «Тұхфат ат-тауарих-и хани»<sup>523</sup> секілді деректер қатарында жеке тайпа атауы ретінде берілген.

Дегенмен де, бұл деректерде «Маджму ат-тауарихтан» бастап алшындар жалайырлармен, аргындармен, қоныраттармен, наймандармен, қыпшақтармен, қанлылармен және т.б. қатар берілсе, кейіннен Жетіруды құраған тайпалар, дәлірек атап айттар болсақ, керейіт, табын, тама, рамадан, телеу, кердере Алшын одағынан бөлек, сонымен қатар жеке тайпалар ретінде көрсетілген. Мұның өзі Алшын одағына, шын мәнінде, алғашқы кезде Байұлы мен Әлімұлы рулар бірлестігі мүше болған, ал Жетіру Тәуке ханының тұсындаған қалыптасып, бір тайпа бірлестігін құрап, Кіші жұз құрамына кірген деп көрсеткен М. Тевкелевтің дерегі дұрыс екендігін байқатады. Дегенмен де, бірте-бірте Жетірудың Алшынға кірме екені ұмытылып, бүкіл Кіші жұз рулары Алшын деген ортақ атаумен аталатын болып кетті. Бір сөзben айтқанда, Алшын шежірелік деректерде бүкіл Кіші жұздің тұп атасы ретінде көрсетіледі.

Тегінде, бұл атап тым ертеде Батыс Тұркі қағанатының тұсында өмірге келсе керек және ол Батыс Қазақстан территориясында біртіндеп орныққан тәрізді. Халықтың тарихи санаы ежелгі тұркі дәуірінен кейінгі Қазақ хандығы тұсына дейін Алшын атауын әрқашан да құрметтеп, қастерлең келді. Соңдықтан да бұл этоним ел арасында аңызға айналған.

Мәселені аңызға айналдыруда қазақ шежіресі де өзіндік үлес қосады. Ол бойынша, Алшыннан жалғыз ұл – Қыдуар есімді бала дүниеге келген. Қыдуардан Әлқожа, Асанқожа туды.

<sup>521</sup> МИКК. – Бишкек, 2002. – 217-220-6.

<sup>522</sup> Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. (Письменные памятники). – Ташкент, 1985. – 130-131-6.

<sup>523</sup> Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). – М., 1982. – 46-6.

Әлқожадан – Нәдірқожа, Сәдіркожа туады, Асанқожадан – Ерқожа, Қыдырқожа, Елтай, Естай, Ата, Қалпақ туады. Нәдірқожадан алты аталы Әлім, Сәдірқожадан жеті аталы Жетіру тарайды. Ерқожадан – Ожырай, Жаппас, Қыдырқожадан – Қыдырсыңық, Сұлтансыңық, Бақытсыңық, Ысыңық, Мысыңық, Майса туады. Елтайдан – Адай, Естайдан – Беріш, Атадан – Есентемір, Қалпақтан – Таз туады. Қыдырсыңықтан – Шенеш, Шеркеш, Сұлтансыңықтан – Алаша, Масқар, Байбакты, Тана, Қызылқұрт туады. Бақытсыңықтан бала болмай, інісі кей шежіреде – қызының баласы делінеді. Ысыңық бала ретінде тәрбиелеп, одан Ысыңық Бақытсыңықтан тараған болып есептеледі.

Қыдырқожадан он екі бала туған. Осы Қыдырқожа тарихи деректерде Байұлы деген атпен белгілі. Бұл он екі ата Беріш, Байбакты, Адай, Есентемір, Алтын, Алаша, Қызылқұрт, Тама, Таз, Жаппас, Ыстыңық, Серкеш (Шеркеш, Черкес) деп тараплады. Сонымен бірге Қыдырқожадан Байсары, Әлім, Шемен деген балалар дүниеге келген. Осылардың үлкені Байсарыдан – Бозанишар, Майлыйбай, ал екіншісі Әлімнен – Жаманақ (Шекті), Қарамашақ (Төртқара), Айныңық, Ұланыңық, Тегінболат, Тайқожа (Тоққожа) деген балалар тараған. Ал үшінші бала Шөменнен – Шөмекей, Дойт туған<sup>524</sup>.

Ерине, казақ шежіресі негізінен алғанда XVI-XVII ғасырлардағы ауызша тарих айту дәстүрінің інтижесі болып табылады. Сондықтан да онда түп атаға байланысты деректер бірнеше аталық буындарды тастан кету арқылы айтыла береді. Әңгіме бұл жерде «калышын» атауы туралы. Тарихшылардың және ататек шежіресімен айналысатын зерттеушілердің ғылыми сәбектері бұл атаудың тарихи тамырының шынында да тереңде жатқанын мойындайды. Осы тұрғыдан алғанда, «калышын» атауының шығуына байланысты әртүрлі көзқарастар бар. Олардың ең көннесі тарихтың атасы атап Геродоттың пікірі. Ол б.з.б. V ғасырда Қара теңіздің жағалауларында өмір сүрген Алазон (алазонес) тайпасы туралы айтқан еді. Бұл тайпа оның түсіндіруінше скифтердің тайпалық одағына кірген<sup>525</sup>.

Осы пікірді кейінгі зерттеушілер, дәлірек атап айттар болсақ, М. Тынышпаев толық қолдап, езінің «Қазақ халқының тарихына

<sup>524</sup> Атырау: энциклопедия. – 63-б.

<sup>525</sup> Геродот. История в девяти книгаах. – М., 1972. – 191-б.

материалдар» деп аталаатын еңбегінде алшын атты түрік тайпасының Алтай тауынан біздің жыл санауымыздан бұрын V ғасырға дейін батыска жылжып, қоныс аударғанын атап көрсетеді. Бәлкім, бұл Геродоттың «алазоны» болар деген пікірге келеді ол. Сонымен бірге М. Тынышпаев өртедегі Плинийдің «асокий» атты тайпасын да осы алшын болар деген болжам айтады<sup>526</sup>.

Бұл пікір назардан тыс қалған жоқ. Егер М. Тынышпаев алазондарды алшын болса керек деген тәрізді болжам жасаған болса, ал қазақтың әдебиетші ғалымдары осы алазонның алшын екенін дәлелдеуге тырысты. Мысалы, қазақ ономастикасын зерттеп жүрген белгілі ғалыммызыз Т. Жанұзақов өзінің зерттеулерінде «бәлкім «алышын» қазақ этнонимі, Геродот атап көттегі алазонестің фонетикалық ұлғісі болар дегенді айта келіп, тәмендегіше ой қорытады: «Оның бөлшектерін талдаң көрейік. Ежелгі тайпа атауы алазон екі дербес бөліктегінде тұрады. Алғашқы бөлік «аланы» Алтайдағы және ежелгі түркі тілдеріндегі көптеген этнонимдарда және топонимдарда анықтаушы ретінде кездестіреміз, мысалы: ала даг (шорлықтарда), ала яр (алтайлықтарда), ала шаһар (османдықтарда), ала чаам (округтың аты). Ала сөзі көптеген түркі тілдерінде үлкен, алып, ұлы мағынасында кездесе береді; мысалы: башқ, оло, якут, улахан, каз. Ала (Алатай), қырғыздың ұлы «великий» Алатоо. Екінші бөлік – зон монгол және тұңғыс-манчжурлардың тілдерінде, сондай-ақ түркі тілінде, халық, тайпа деген мағынаны білдіріп, әртүрлі (жогарыда көрсетілгендей) фонетикалық ұлғілерде кездесе береді. Үшінші морфобөлік -с үндіеуropa тілдерінде көпшілік санның көрсеткіші болып табылады. Бұл жерде фонетикалық өзгеріс сызбасын тәмендегі түрде көрсетуге болады: алазон < ализон < алзон < алсын < алшын. Алғашқы бөліктің дауысты «а» сөзі үндіеуropa тілінде, оның ішінде орыс тілінде лабиальды и-ге көшіп, соңынан гаплоглифияға ұшыраған.

Ұзын бөлігінің бастауши дауыссыз зәрі түрік тілінде дауыссыз с ~ ч ~ш дауыссыздарына өзгерген. (с-ның ш-ға кезектесуі түркі тіліндегі занды құбылыс). Айтылғандарды жинактай келе, «алышын» этнонимі алғашқы алазон сөзінің тайпалар

<sup>526</sup> Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз казахского народа. – Ташкент, 1925. – 23-6.

жиынтығы, көпсанды, үлкен тайпа деген тәрізді өзгеріске ұшыраған түрі болып табылады»<sup>527</sup>.

Осы жерде мынадай ой келеді, алшындардан таралатын Қаракесек (Өлім) тайпасының аты да қара, яғни көп деген ұғымды береді деп жазатын зерттеушілер де бар. Мұны біз алдағы «қаракесек» этнониміне байланысты пікірлерімізде нақтырақ айтатын боламыз.

Бұл айтылғандармен жалпы алғанда келісу киын. Өйткені Алазон тайпасы географиялық жағынан Геродотта Қара теңіз бойындағы тайпалар ретінде сипатталған. Егер де б.з.б. Үғасырда алазондар Қара теңіз бойында жүрген болса, ал Қазақстанның батыс территориясындағы қаңыллар, онан соң печенегтер қол астына қараған тайпалар неге алазондар аталаған? Тіптен олардың бұрынғы атауы Алазон емес, Алан екенін де білеміз. Аландардың көрісінше, амалсыздан батысқа қарай ығысып, Каспийдің солтүстік-батысында өздерінің мемлекетін құрғаны белгілі. Егер алазондарды емес, аландарды бұрмалаңқырап, «алын» деп алсақ, «калышын» этнониміне жақындай түсер едік. Алайда «аланның» «алын», ал «алынның» «алышын» болып табылатынын дәлелдеу де оңай болмай түр. Анығы – қазіргі алшындардың мекені бұрын аландардың тарихи отаны болған. Оларға немесе олардың көршілері Хазар қағанатына алазондардың билік жасағаны туралы тарихи деректер жоқ, бірақ оның есессіне, бұл аймақта дәл осы кезеңде түркілердің жана рулары баса көктеп кіріп, біргінде біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Ашина руы үстемдік жасаған. Бәлкім, әңгіме осы ашиналар туралы болар.

Екіншіден, Т. Жанұзақов алазон сөзін талдаған кезде, грамматикалық түрғыдан оны екі бөлікке бөліп, «ала» сөзін ежелгі түркі тіліндегі ұғымдармен байланыстырады. Бірақ бұл жерде мынаны ескеру керек еді, алышын атауында «ала» деген түбір сөз жоқ, бірақ ол «алаша», «алаш» тәрізді атауларда шынында да бар. Ал енді қайталап айтартымыз, алышын атауында «ала» деген ұғым мүлде қолданылмаған. Соңдықтан да «ал» деген ұғымды «ала» деген ұғыммен шатастырмау керек деп ойлаймыз. Сонымен бірге зерттеуші ғалым осы атаудың «zon» деп аталатын

<sup>527</sup> Джанузаков Т. Очерк казахской ономастики. – Алматы, 1982. – 66-67-6.

екінші бөлігін монғол және тұңғыс-манчжүр тілдерінен іздестіреді. Ал үшінші морфокомпонент «ес» ұғымын ұндіеуропа тілінен қарастыру әрекеті байқалады. Соңда түсінгеніміз, «кала-зонның» алғашқы бөлігі ежелгі түркі тілінен алынса, қалған бөліктері ұндіеуропа және монғол, тұңғыс-манчжүр тілдерінен күралған екен. Мұның өзі, шынын айтқанда, ешкімді сендіре қоймайтын түсініктеме. Оның үстіне, аталған тілдер Қазақстанның батыс өңірінде әртүрлі кезеңдерде әрекет жасаған. «Алазон» деген этноним бірнеше тарихи дәуірлерді басынан өткізді дегенге ешкім илана қоймас. Өйткені, бұл атау бір ғана Геродотта қолданылған және басқа тарихи кезеңдердегі деректерде мүлде кездеспейді.

«Ала», «алаша» атауларын «алышын» этнонимімен шатастыратын жалғыз Т. Жанұзақов емес. Қазақтың кейбір әдебиетшілері «ала» атауының мағынасына жүгініп, бұл сөздің «екі, қос, жұп» деген мағынаны білдіретінін дәлелдемек болады. Сонымен бірге олар М. Кашқаридың сөздігіне де жүгініп, онда да «ала» этнонимі тек, тайпа, ел деген мағынаны білдіретіні, яғни будан «қос ел», «одақтас тайпа» мағыналары шығатынын айтып жүр.

«Ала»-ны этноним деп алып, оған «ажа» деген айқындаушы сөзді және қаған деген ұғымды қосақташ жазып, *ала ажса қаган* деген сөздің Алаша хан немесе екі елдің, одақтас тайпалардың билеушісі деген мағынаны білдіретінін атап көрсетегіндер де бар. Алайда мұндай ұсыныстардың логикалық түрғыдан тарихи қисынға келе қоймайтынын байқаган авторлардың өздері де «бұл жорамалды ғылыми түрғыдан дәлелдеу қыын» деген пікірді айтып жүр<sup>528</sup>.

Тілдік түрғыдан осылайша әртүрлі жалғаулар жалғап, «ала-дан» әрине, «алашаны» да, «алышынды» да шығара салу қыын емес. Бірақ, мұның бәрі қисынсыз болып шықпай ма? Оның үстіне, «ала» деген нақты ұғымының «алышын» атауына жақындығын ешкім де дәлелдеген жоқ. Солай бола тұrsa да «Алат» атауынан да «Алаш» этнонимін шығаруға талаптанатын зерттеушілер баршылық. Мысалы, татар тарихшысы Дамир Исқақов

<sup>528</sup> Қошым-Ногай Б., Ізімұлы М. Алышын // Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы, 2002. – 132-б.

осыған байланысты төмөндеңідей пікір айтқан еді: «...Несколько труднее трактовать вопрос о топониме Алат. Тут надо заметить, у этого топонима есть еще один вариант – Алатырь (Алат + ор-ыр). В данном случае ор-ыр это укрепление, крепость. Опираясь на историка XVI в. Утемиша-хаджи, я уже высказывал предположение, что более раннее укрепленное поселение с названием «Алат» находилось южнее... Далее должен заметить, что топоним «Алат» имеет непосредственное отношение к этнониму «алат». Последний известен по казахским материалам: согласно казахским легендам, один из легендарных предков этого народа – Алач (алаш – Алац)...был родственным народу алат... Такой этноним (алат, аллат и арлат) известен и у узбеков... Полагаю, что этноним «алат» является всего лишь вариантом этнонаима «алаш» (алач – алац), возможно, возникнув на основе монгольского форманта «т», восходя, в свою очередь, к раннему кипчакскому этнониму «улаш» (отсюда – улаш-оглы, Улашевичи), у которого могли быть и варианты «олаш» – «алаш» – «алач».<sup>529</sup> Мұнда татар зерттеушісінің «алатты» ешбір нақты дәлелсіз «алашқа» айналдырмақ болған әрекетін мақұлдай қою қысындау. Егер ұксас сөздердің бәрін жақын вариантар ретінде қарастыра берер болсақ, олар тым көп болып шығады және бұл тарихи шындықтан біздерді алыстата түседі. Бұл жерде, әрине, «ала» атаяу Кіші жүздегі Алаша, Жағалбай (жағал) және Телеу тәрізді іргелі тайпалардың және жалпы алғанда, Кіші жүздің көлтеген тайпаларының қалыптастыруышы бастауы болғанын теріске шығармаймыз. Алайда «ала» немесе «алаша» этнонимін «алшын» этнонимімен шатастыруға ешбір негіз жоқ деп ойлаймыз. Аталған рулардың ешқайсысының Кіші жүзде басқалар табынатында, пір тұтатындағы биік және біріктіруші этноним бола алмағаны белгілі. Ал «Алшын» этнонимі болса, өзінің қасиеттілігімен және барлық Кіші жүз рутайпаларын біріктіретін, олардың бәрі бірауыздан арғы тегіміз, ата-бабамыз деп мойындаған қастерлі атаяу. Сондықтан да Алшын әрқашан да Алашадан биік, бірақ барлық казақтың

<sup>529</sup> Исхаков Д. О ранних кипчакских этнонаимах среди Волго-Уральских татар (по материалам топонимов и другим данным) // Древнотюркский мир: история и традиции. – Казань, 2002. – 63-б.

алғашқы атавы – «Алаштан» төмен болған. Өйткені Кіші жүздегі Алаша руының өзі арғы тектерінің Алышын екенін мойындаиды. Осы тұрғыдан алғанда, тағы да қайталап айтарымыз, «ала» түбірінен басталатын этнонимдерді «Алышын» этнонимімен шатастырмaganымыз жөн.

Үшіншіден, Т. Жанұзаковтың және оның алдындағы М. Тынышпаевтың мына мәселені ескермегендері назар аудартады. Оларда «Алазон» этнонимі скиф тайпалық одағының атавы, ал қазақтың дәстүрлі шекіресінде және алышынға байланысты тарихи аныздарда Алышын скиф тайпасының емес, жеке тарихи тұлғаның аты болып табылады. Сондықтан да Кіші жүздің ру-тайпалары өздерінің бастапқы атасын Алышын атадан таратады. Біздің ойымызша, осы келтірілген деректер «алазон» атавының «алышын» атавына ешқандай қатысы жоқ екендігін дәлелдесе керек.

Зерттеушілердің екінші бір тобы «алышын» атавын «алақышын» атавымен байланыстырады. Бұл мәселені кезінде С.М. Абрамзон<sup>530</sup>, Ю.А. Зуев<sup>531</sup>, Н.В. Кюннер, Д.Г. Савинов, Әбліғазы, Г.Е. Грумм-Гржимайло, Л.Н. Гумилев<sup>532</sup> және тағы басқалар арнайы зерттеген болатын. Өйткені «алақышын» атавы шынында да «алышын» атавына жақын естіледі. Олардың рулық таңбалары да ұқсас. Бірақ бұл сөздердің «ала» немесе «ал» деген сөздерден тұратын түбірлерінің мағыналары мүлдем басқаша түсініктер беретінін де байқамау мүмкін емес.

Зерттеуші К.И. Петров «алақышын» атавын топо-этнонимдер тобына жатқызған еді. Мұнда ол сөздің түбірі «аладан» басталатынына назар аудараады және XVI-XVII ғасырларда Бёрюз жеріндегі Қырғыз облысының осылай аталғанына назар аудараады. Рашид-ад-Дин алақышындарды Енисей мен Ангара өзенінің

<sup>530</sup> Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Фрунзе, 1990.

<sup>531</sup> Зуев Ю.А. Тамги лошадей из вассальных княжеств // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – Алма-Ата, 1960. -124-б.

<sup>532</sup> Кюннер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – М., 1961. – 52-53-б.; Савинов Д.Г. Основные этапы истории алатов // Историческая этнография. Вып. III. – Л., 1985. – 31-33-б.; Абуль Гази. Родословное древо тюрков. – Казань, 1906. – 40-б.; Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Уральский край. Т.II. – 59-б.; Гумилев Л.Н. Динлинская проблема // ИВГО, Т.XCI. – М.-Л., 1959. – 18-20-б.

қыылышқан тұсына орналастырган еді. Бұл халыктың неліктен «алақышын» аталғанын кезінде ол былай түсіндірген еді: «Говорят, что лошади (жителей этой области) все пегие (ала), каждая лошадь сильная как четырехголовый верблюд; все инструменты и утварь из серебра»<sup>533</sup>.

К.И. Петров дәл осындаи топо-этнонимнің және аныздың қытай жылнамаларында да кездесетініне назар аударған еді. Шынында да VIII ғасырдағы Ду Ю «Саяси жинағында» және «Жаңа Таң тарихы» жылнамасында жылқыларының бәрі ала болып келетін бұл елдің қытай тілінде – «Бомалар елі» (сөзбесөз аударғанда – «ала аттар») аталатыны нақты атап көрсетілген<sup>534</sup>. Осы сирек кездесетін тарихи деректі кейінгі зерттеушілердің бәрі өздерінің тұжырымдарына дәлел ретінде толықтыра және өрбіте жазып, пайдаланып келеді. Мысалы, XVI ғасырдың әйгілі авторы Әбілғазы өзінің «Түрік шежіресінде» былай деп жазады: «Олардың көптеген тайпалары елдің шығысындағы қырғыздар елінен өткенде көптеген майда өзендерді қосып алғып, суын молайтқан Ангара-Мурэннің жағалаулымен көшіп жүретін. Бұл өзеннің аңғарында теңіз жағалауында төңірегінде көлтеген елді мекендер бар және көшпелі тайпалар орналасқан үлкен қала бар. Олардың жылқылары сондай тамаша... Олардың бәрінің түсі ала болып келеді, басқалар кездеспейді. Бұл қалаға жақын маңда Алакчин деп аталатын күміс кен орны болды. Сондықтан да барлық қазандар, ыдыстар және вазалар... күмістен жасалған еді. Бұл ел туралы әңгімелегендеге өзбектер былай дейді: «Барлық жылқылары ала, ал ошақтары алтыннан жасалған ел бар»<sup>535</sup>.

А. Левшин алакчиндер елі туралы мәліметті Сібір татарларымен байланыстырады. Тегінде оның айтуынша, бұлар бір ел болған, кейіннен ішкі келісімнің болмауынан бөлініп кетсе керек<sup>536</sup>. Ала атты алакчиндер туралы жоғарыда айтылған қытай деректері де бұл айтылғандарды толықтыра түседі. Олардың мәліметіне қарағанда, алакчиндер солтүстікке қарай

<sup>533</sup> Рашид ад-дин. Сборник летописей. – М., 1952. – Т. I. Кн. 1. – 102-б.

<sup>534</sup> Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т.1. – М., 1950.

<sup>535</sup> Абуль-Гази-Баһадур-хан. Родословное древо тюроков. – М.-Т., 1996. – 34-б.

<sup>536</sup> Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1832. – 27-б.

теніз жағасында киргуттармен қатар орналасқан. Осыған байланысты қытай жылнамаларынан Ю.А. Зуев мұнадай мәліметті келтірген еді: «Жағал аттылардың шаруашылығын сипаттауға келер болсақ, Таншу төмөндегін мәлімдейді: «Тү-цюэден солтүстікте тұрады; астанадан 14 000 ли қашықта орналасқан. Шөпті және суды қуалап жүреді (яғни көшеді), бірақ, негізінен, тауларды мекендейді. Сапка тұратын әскері 30 000 адам, онда әрқашан қар басып жатады және ағаштар бүршік жармайды. Жерді жылқылармен жыртады, жылқылардың бәрінің түсі ала. Сондықтан мемлекетке де осындан атау берілген. Солтүстікте теңізге жақын өмір сүреді. Жылқылары бар болса да, салт атпен жүрмейді. Олардың сүтін тағамға пайдаланады. Цзе-гумен жиі соғысады»<sup>537</sup>.

Зерттеушілер алакчиндердің тағдырын ежелгі динлиндермен де байланыстырады. Осыған байланысты Оңтүстік Сібір халықтарының ежелгі түркі дәүірін зерттеген Д.Г. Савинов төмөндегідей пікір айтқан болатын: «Егер динлиндер дегеніміз теле болса, онда олардың аясында ежелгі түркі дәүірінің үйір, сеяньто және т.б. ірі халықтарының онан эрі қалыптасуы өзара байланыста көрсетілуі тиіс...»<sup>538</sup>.

Қыргыз зерттеушілері алакчиндердің ежелгі қырғыздар мемлекетімен көрші болғаны туралы мәліметтер айтып жүр. Бұл белгілі қытайтанушы Н.В. Кюннердің еңбектерінде де көрсетілген дедік. Н.В. Кюннер алакчиндердің қыргыз өлкесінің және елінің құрамына кіргені туралы болжам айта келе, былай деген еді: «Байкал қөлінің тұтас жерлерін мекендеген алакчындар қырғыздар мемлекетімен соғыс жағдайында болғандығы жөнінде мәліметтер бар»<sup>539</sup>. Д.Г. Савиновтың айтуына қарағанда, Ангара өзені арқылы жана қыргыздарға бас иген шығыстағы басқа руларменен (қыштындар) алақышындардың аралығында табиғи шекара өткен, – деп көрсетеді<sup>540</sup>.

<sup>537</sup> Зуев Ю.А. Тамги лошадей из вассальных княжеств // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – Алма-Ата, 1960. – 124-б.

<sup>538</sup> Савинов Д.Г. Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху. – Л., 1984. – 13-б.

<sup>539</sup> Кюннер Н.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. – М., 1961. – 52-53-б.

<sup>540</sup> Савинов Д.Г. Основные этапы истории алатов // Историческая этнография. Вып. 3. – Л., 1985. – 31-33-б.

Қырғыз зерттеушілері осы мәліметтерге нақты назар аудара отырып, алакшындар солтүстік-батыс жағында қырғыздармен, шығыс жағында құрыхандармен шектескен деген пікірді айтады. Олар бұрынғы құрыхандардан тараған сақа якуттардың «Олонхо» дастанында Аан Алакчын атты жердің кездесетініне назар аударған еді. Мұның өзі олардың ойынша, сақа якуттардың ата-бабалары болған құрыхандардың алакшындармен байланысын растай түседі. Алакчындар туралы пікірді Г.Е. Грумм-Гржимайло да талдай келе, оларды бома деген атпен белгілі динлин руларының бір бұтағы регінде қарастырған болатын<sup>541</sup>. Сондай-ақ, Л. Гумилев та осы бомаларды (алакшындарды) өз алдына мемлекеті болған ел регінде қарастырады<sup>542</sup>. Сонымен бірге Л.Н. Гумилевтің бомаларды екі жерге орналастыратыны бар. Олардың бір бөлігі Саян-Алтайда «Ди» деген атпен белгілі болса, ал солтүстік Қытайдағы Ганьсу аймағында олардың екінші бөлігі орналасқан еді дегенді айтады. Бұл пікірді К. Шаниязов та мақұлдаған еді<sup>543</sup>.

Сонымен бірге қырғыз зерттеушілері байырғы «алакчын» (қытайша – бома) этнонимін балама атауы бүгінгі күнгі қырғыздарда ғана сакталып келе жатқанын атап көрсетеді. Олардың этностық бөлік регінде қырғыздар құрамына кіруі VII-VIII ғасырлардан бастап орын алған деген пікір қырғыз ғалымдары арасында орнықсан. Сонымен бірге қазактардағы, қаракалпактардағы Алшын атауының түп тамырын жоғарыда айтқанымыздай, алакчыннан іздеңстіретіндер бар. Дегенимен де, қырғыз зерттеушілері алак+чын атауының бурят-монгол тілдерінде жалғаулар негізінде адамдар өмір сүрген аймақтың аттарын білдіретініне назар аударған еді<sup>544</sup>. Осының нақты көрінісі Баргуджин-Токум (баргулар өмір сүрген аймақ) және тағы басқалар. Сонымен қатар қырғыз ғалымдары «қалакчин» деген терминнің билік басындағылардың мансабын да көрсеткенін атап көрсеткен еді<sup>545</sup>. Эйгілі зерттеуші С.М. Абрамзон

<sup>541</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Уральский край. Т.II. – 59-6.

<sup>542</sup> Гумилев Л.Н. Динлинская проблема // ИВГО, Т.ХСI. – М.-Л., 1959. – 18-20-6.

<sup>543</sup> Шаниязов К.Ш. К этнической истории узбекского народа. – Ташкент, 1974. – 31-6.

<sup>544</sup> Бертагаев Т.А. Об этнонаимах «кермучин» и «курамчин» // Этнонимы. – М., 1970. – 127-129-б.

<sup>545</sup> Каратаев О. Қыргыз этнонимдер сөздүгү. – Бишкек, 2003. – 19-20-6.

Алакчының қырғыздардағы сол қанаттағы саруу рулар бірлес-тігіндегі ірі рулардың бірі екендігін атап көрсеткен еді.<sup>546</sup> Мұндағы назар аудартары – «алакчин» атауының қырғыздарда көне дәуірден-ақ ешбір өзгеріссіз қалып, бүгінгі күнге бүрмаланбай аман-сау жеткені ғана емес, қазактарда дәл осындай тарихи атаудың жоқ екендігі де болса керек. Егер біздің «алашын» деп отырғанымыз байырғы «алакчин» атауы болса, ол неге бізде қатты өзгеріске үшыраған? Ал қырғыздарда неге каз-қалпында бүрмаланбай қалып қойған? Ия, өкінішке орай бұл сауалдарға күні бүгінге дейін жауап жоқ.

Осы айтылғандардың барлығы, әсіресе, қырғыз ғалымдарының пікірі «алакчин» атауының шын мәнінде қазактарға емес, қырғыздарға тән екендігін дәлелдей түседі. Жоғарыда айтылғандай, бұл атау қаз-қалпында қырғыздарда сақталып келеді еken. Олардағы саруу руында әлі күнге дейін алакчин атты ірі ру бар<sup>547</sup>.

Н. Акеров осы мәселенің төңірегінде өз пікірін айта келе: «Ортағасырлық алакчиндердің тұқымдары қырғыздардың, қазақтардың құрылымдарында алакчин, алаш және алышын деген атаулармен сақталып қалған»<sup>548</sup>, – дейді. Мұндай көзқараспен келісе қоймайтынымызды жоғарыда айтып кеттік. Шын мәнінде «Алаш» атауы «Алышын» атауынан әлдеқайда кең мағынада қолданылатыны, кейінгісінің қазақтың Кіші жүзінің аталары ретінде қолданылса, ал алғашқысының ісі қазақ атаулының түп атасы түрінде бағаланатыны кез келген қазақ зиялышына жақсы белгілі. Мұны біз жоғарыда да айтып кеттік.

Алайда бұл айтылғандарымыз байырғы алакчындарды қазақ алышындарынан мүлде оқшаулауды көздең отырған жоқ. Кейінгі қазақ Кіші жүзінің түп аталарының ежелгі Алтай-Саян өнірінде алакчындармен аралас-құралас болып көшіп-қонып жүргендерін біз теріске шығармаймыз. Кезінде өзіміздің «Телеу» тарихына арналған монографиялық еңбегімізде бұл мәселеге байланысты мынадай пікір айтқан болатынбыз: «біз үшін, әсіресе алакчиндерді, боманы Кіші жүз тайпаларының жинақы аты –

<sup>546</sup> Каратаев О. Кыргыз этнонимдер сөздүгү. – Бишкек, 2003. – 19-б.

<sup>547</sup> Сонда. -19-б.

<sup>548</sup> Акеров Т.А. (Табылды Актергін). Древние кыргызы и Великая Степь (по следам древней кыргызских цивилизаций). – Бишкек, 2005. – 29-б.

Алшынмен туыстастыру аса маңызды. Ежелгі Алакчин тайпасының қазақ тайпалары, әсіресе Кіші жұз тайпалары, оның ішінде ішінара Жетіру тайпаларының құрылуына белсендегі қатысқанына біз сенімдіміз. Осы орайда Н. Аристовтың Калча Қадыр туралы қазақтар аңызын өзінің белгілі еңбегіндегі атап көрсеткені еске түседі. Бұл аңыздан алакчиндердің қазақ халқын, әсіресе алшындарды қалыптастыруды маңызды рөл атқарғанын байқаймыз. ...Енді Н. Аристовтың еңбегіндегі осы аңыздың нұсқасын келтірейік: «Улкен Орданың аңызы бойынша, Сарыүйсіннің Қалша деген баласы болыпты. Илья Казанцевтің қырғыз қазақтарының Қалша Қадырдан тарайтындығы туралы келтірген аңызы сарыүйсіндерге тікелей қатысты екенін көреміз: Қалша Қадыр белгісіз бір басқыншының қырғыз даласы арқылы өткен әскерінің қолбасшыларының бірі екен. Шөлден және аштықтан қаталаған ол әскерден қалып қойыпты және өлім аузында жатыпты. Бірақ оны аспаннан қалықтап түскен ақ қаз (қаз-ақ) құтқарып алышты. Ол ете мейірімді екен және Қалша Қадырмен жанаасыпты; олардың ұрпактары қазақ атала бастапты. Қалшаның есімінен басқа ертегіде ешнәрсеге назар аударылмайды»<sup>549</sup>.

Бұл жерде «калча» атауының «алышын» атауына ұқсастығы назар аудартады. Дегенмен де, ежелгі алакчин тайпасының қазақтың кейінгі рулық-тайпалық құрылымына ықпалы туралы айтқанда кейбір зерттеушілеріміз «Алакчин» этнонимін «Алаш» атауына ұқсас екендігін естен шығарып алатын тәрізді. Ал «Алаш» немесе «Алаша» атаулары шынында да қазақ ру-тайпаларының біразының этнонимдерінің тарихи тұрғыдан қалыптасуладына айтарлықтай маңызды ықпал жасады. Бұл туралы біз, өзіміздің осыған дейін жарық көрген әйгілі монографиялық зерттеулерімізде, дәлірек айтсақ, «Телеу»<sup>550</sup> және «Жағалбайлы»<sup>551</sup>, сондай-ақ «Дулат»<sup>552</sup> тәрізді іргелі ғылыми еңбектерде біршама нақтырақ жазған болатынбыз. Мұнда аталған тайпалардың тарихи тағдырында «Алаш» атауының ұлкен рөл атқарғаны айтылған еді. Сондай-ақ, Кіші жүзде Алаша

<sup>549</sup> Аристов Н. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой Орды и каракиргизов. – СПб., 1895. – 35-б.

<sup>550</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. VI том. Телеу. – Алматы, 2006. – 112-134-б.

<sup>551</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. V том. 1-кітап. Жағалбайлы. – Алматы, 2006. – 120-126-б.

<sup>552</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. XI том. Бірінші кітап. Дулат. – Алматы, 2008. – 252-б.

руының бар екені белгілі. Мұнда да біз, айтылған атауға байланысты тарихи тамырды айқын анғарғандай боламыз. Осының бәрі «Алакчин» атауының Алшын емес, «Алаш» этнониміне жақын екендігін дәлелдей түсетіндей. Бұдан шығатын қорытынды, «Алшынды» «Алашамен» салыстыру тарихи шындықты дәлме-дәл береді десек, қателікке ұрынуымыз мүмкін.

Бір сөзбен айтқанда, түбірі «ала» сезінен басталатын «алакчин» атауы қалай десек те, «алаш» немесе «алаша» этнонимдеріне жақын естіледі. Ал «ала» атауымен басталатын этнонимдер жоғарыда атап көрсектеніміздей, қазақ ру-тайпаларының атауларында айқын байқалады. Бұдан шығатын қорытынды, «алакчин» дегеніміз «алшын» атауынан айтартыстаі алыс жатқан этноним болып табылады.

Сонымен бірге зерттеушілер арасында Алтыр және Алт-асар деген ұлыс-княздіктер атауларын «алаш» атауына байланыстыра келе, одан «алачин» атты сөзді шығаруға тырысатындар да бар. XVI ғасырда Енисей қырғыздарында өмір сүрген Алты-сар княздігін алға тартқан зерттеушілер осы этнонимдер түбірінің ортақтығы туралы пікірлер айтады. Бірақ XVI ғасырдың басында орыстар әрқашан да алтыр деп қырғыздарды айтатын. Бәлкім, алтыр мен Алты-сар XVII ғасырға қарай Алакчын аймағынан қырғыздарға келіп қосылған болуы. К.И. Петровтың айтуынша, Алакчын тайпасы ұзақ уақыт бойы ежелгі Қырғыз мемлекетінің құрамында болып, соңғыларға әрқашан жақын журді. Алакчын тайпасының құмандар-половцылар құрамында аталған өнірден батыска қарай жылжуы I және II мыңжылдықтардың киылысқан түсінде орын алса керек. Бұл айтып отырғанымыз, Ю.А. Зуевтың пікірі<sup>553</sup>. Дегенмен де Ю.А. Зуевтың осы пікірі ешбір дәлелсіз айтыла салғандай әсер етеді. К.И. Петров осыған байланысты: «В переселении алачинов на запад ранее рубежа первого – второго тысячелетий, как полагает Ю.А. Зуев, мы сомневаемся»<sup>554</sup>, – деген еді.

Алакчын тайпасының бір бөлігі XVII ғасырдың басында Обь өзеніне жақын жерде Ала ордасының құрамында болса, ал тағы бір тобы Тянь-Шаньдағы қырғыздар құрамында да журді.

<sup>553</sup> Зуев Ю.А. Из древнепоркской этнонимики по Китайским источникам. – 113-6.

<sup>554</sup> Петров К.И. К этимологии термина «қырғыз» // Советская этнография. – №2. 1964. – 88-6.

К.И. Петров ала-құла жылқылар туралы аңыздар және олардың «ал-та» атауынан шыққандары туралы әңгімелер тегінде, топо-этнонимдердің «алатыры» тәрізді үлгілерінің жалғауларын бұрмалап жазудан, дәлірек айтар болсақ, «алатырды» «ал-аты» деп қате көрсетуден шықса керек<sup>555</sup>.

Осы айтылғандардың өзі «алакчын» атауын «алатыр» немесе «алашы» үғымдарынан бұрмалап шығарудың тарихи шындықты бұрмалай түсетінін дәлелдейтіндей.

Зерттеушілердің аз ғана тобы «алшын» этнонимі туралы айтқанда, «ашын» немесе «ашина» атауын еске алуды ұмытпайды. Осыған байланысты қытай тілін терең менгерген бауырымыз Тілеуберді Әбенайұлы былай деп атап көрсетеді: «Алшын» жөнінде сөз сәл ұзақтау. Ен алдымен, бұл – атау. Кіші жүздің үлкен бір арысының атасы болуымен иісі қазаққа таныс. Ол кезінде Кіші жүз сынды тұтас ұлыстың есіміне балама болған. «Алшын» – өте байырғы ел есімдерінің (этноним) бірі. Қытайдың «Сүй нама» деректерінде: түркілердің тегі «а-шы-на»

(维希纳) деп жазылған. Осындағы соңғы пішік хат «на»-ны қазақша «-н» (-ын) деп алсақ, сондай-ақ «алшын» сөзіндегі (қытайшага баламалағанда) «лы» буынның түсіп қалу мүмкіндігін ескерсек, «а-шы-на» елесімін алшын деп аударуга әбден болады»<sup>556</sup>. Қалай десек те, тіл білімі саласында өзіндік дәлелді тұжырым айтып отырган Тілеуберді ініміздің пікірін теріске шығарардай дәлел біздің қолымызда жоқ екендігін де айта кеткеніміз жөн болар.

Дегенмен де, оған қарсы пікір білдірушілер де баршылық. Олар VI ғасырда Алтайда түркілердің басын біріктірген Ашын руын және осындай атпен аталған жеке тарихи тұлғаны «Алшын» этнонимімен байланыстыруды қысынсыз деп ойлайды. Мұндай пікір айтушылардың арасында қазақтың көне тарихының күрделі тақырыптарына әдебиетші регінде қалам тартып жүрген қазақ зиялышлары да бар. Мысалы, жазушы К. Салғараұлының «Қазақтың қылы тарихы» атты елге танымал, тарихи-публицистикалық еңбегінде осыған байланысты былай

<sup>555</sup> Петров К.И. К этимологии термина «кыргыз» // Советская этнография. – №2. 1964. – 88-6.

<sup>556</sup> Әбенайұлы Т. Шынына кош тарих! Шыңғысхан кім? – Алматы, 2008. – 22-6.

дейді: «VI ғасырда Алтайдан шығып тарихқа танылған, әйгілі Тұрік қағанатының негізін қалаған көне түріктердің ұйтқы тайпасын «Ашина» деп атайдыны белгілі. Осы «Ашинаны» біраз ғалымдар алшын деп атап, кейбір ғылыми еңбектерге енгізіп те жүр. ...Ашинаның бөрі деген сөз екенін әлем зерттеушілері бірауыздан мақұлдаған. Солай деп ғылым қабылдаған. Енді оны әкеліп Алшынға телудің ешқандай реті жок. Бұл және ғалымдар айтты, енді оны қозғауға болмайды деген тоңмойындық емес, ашинаны алшын деушілердің дәлелдеу пайымының дәйексіздігін, ой түйіндеуінің тұщымсыздығын білгенмен кейін айттылып отырған пікір. Сондықтан бұл арада ашина сөзі алшын этнонимінің шыққан торкіні емес деп дәлелдеп жату артық жұмыс, босқа уақыт алу болмак»<sup>557</sup>.

Кезінде қытай деректерін орыс тілді аудармалар негізінде қазақшаға тиянақты аударған, қытай тілін білетін бауырла-рымыздың көмегіне сүйеніп, казақ тарихына қатысты қытай деректерін әдеби тілде сөйлеткен, осылайша халқымыздың тарихи санасын кеңейтуге айтарлықтай үлес қосқан дарынды жазушының мәселеге терең, арнайы зерттеу жүргізбей, үзілдікесілді «ашына» мен «алшын» сезінің байланысы болуы мүмкіндігін теріске шығаруын құптаі алмаймыз. Оның үстіне мәсленің бояуын онан әрі қоюлатқан жазушы Қ. Салғараұлының «Алшын» этнонимі қазақтың «алсын» деген сезінен шыққан болса керек<sup>558</sup> деген пікірді ғылыми дәлелдеусіз айта салуы дер едік. Бұл, әрине, маман тарихшының көзқарасы емес. Мұндай маңызды мәселеде кез келген, алшынға ұқсайтын сезіді оның бастауы, негізі ретінде қолдана беруге болмас. Мұндайда мынадай қарапайым сауал туындайды: егер де «алсын» сезі «алшынға» айнала берер болса, ал «алшын» неге «ашын (Ашына)» бола алмайды?

«Алсын» деген атаудың бұл жерде қайдан шығып отырғанын М. Тынышпаевты оқығанда айқын анғарасыз. Мысалы, ол өзінің осы мәселеге байланысты пікірлерінде мынадай ойды айтады: «Пропуски замечаются и в киргизском языке; например,

<sup>557</sup> Салғараұлы Қ. Қазақтың қылы тарихы: Роман-ессе. – Алматы, 1992. – 286-6.

<sup>558</sup> Салғараұлы Қ. Қазақтың қылы тарихы: Роман-ессе. – 286-6.

говорят «ачы» вместо «алчын» (возьми), «аккель» вместо «алып кел» (принеси) и. т.д.»<sup>559</sup>.

Алайда, М. Тынышпаевтың осы пікіріне жоғарыдағы айтылған «алсын» туралы ұсыныста көркем шығарма болғандықтан, сілтеме жасала қоймаған. Дегенмен де, М. Тынышпаевтың өзі де бұл мәселені болжам түрінде айтып отырғанын түсінуіміз керек. Қалай десек те, бұл жерде «алшын» неге «алсын» аталады деген сауалға нақты жауап жоқ. Тіптен, кейінгі тіл өзгерістеріне байланысты жиі сөз қолданысындағы «алсын» неге қазак тілінде кездеспейтін «алшынға» айналады деген сауал тағы да туындаиды. Егер керісінше болса, бұл тұжырыммен келісуге болар еді. Яғни «алшын» атауы біртіндеп қазақ тіліне икемделіп, кейіннен «алсын» (возьми) деген түсінікті ұғымға орын берген болса, мұның өзін дәлелсіз бола тұрса да, логикалық түргыдан қабылдауға болар еді. Ал енді мәселенің керісінше қойылып, бәрімізге түсінікті қазіргі қазақ тілінде қолданылатын «алсын» сөзі бәрімізге мұлде түсініксіз «алшын» атауына қалайша айнала алады? Міне, осыны дәлелдеу әдебиетші тіл мамандарына ете қыын.

Окінішке орай, кейбір зиялды қауым өкілдерінің осындай мұлде қарапайым сауалға тиянақты жауап іздеу қажеттігін, өздері «алшын» этнониміне байланысты зерттеу жүргізген бұрынғы тарихшылардың бәрінің дерлік пікірлерін біліп және кітаптарында олардың көзқарастарын тәптіштеп айтып отырса да түсіне қоймағандарын, мәселеге ғылыми түргыдан мән бермегендерін байқаймыз.

Ал енді «Алшын» этнонимінің ежелгі «Ашина» этнонимімен байланыстылығын дәлелдеуге тырысқан ғалымдар арасында, әсіресе, профессор С. Аманжоловтың көзқарастары назар аудартады. Ол кейінгі қазақ алшындарының тілдік диалектісін талдай келе, бұлардың тілінің көптеген түркі халықтарының тілдерімен байланыстылығын, оның себебі қазақ алшындарының арғы тарихи тамырлары ежелгі Алтай өнірінен, дәлірек айтсақ, VI-VIII ғасырлардағы Батыс Түркі қағанаты құрамына енген түркі тайпаларының тарихи тағдырларынан бастау алатындығын, яғни Орхон-Енисей жазуларындағы түркілер тілінің

<sup>559</sup> Тынышпаев М. Материалы истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1925. – 21-б.

кейінгі алшын диалектісінің түп тамыры болып табылатынын дәлелдеген болатын. Шынында да, профессор С. Аманжолов айтқандай, ежелгі қытай деректерінде ашындардың тайпасы туралы нақты айтылады. Қытай жылнамасы «Сүйнаманың 84-бумасы 49-баянында, Теріскей тиек – Тұрік» бөлімінде мынадай жолдар бар: «Тұріктердің аргы аталары Пинлянда тұрған кірме ғулар еді. Олардың Әулет есімі – Ашна. Соңғы Уй әулетінің патшасы Тәй-у сақаларды жойғанда, Ашна бес жұз отбасымен Нөнеге кірімтал болды да, Алтынтауды мекендей, темір қорытумен шұғылданды. Алтынтаудың пішіні дұлығаға келіңкірейді. Дұлыға тұрік деп те аталады. Сондықтан бұл олардың аты болып қалды. Былай деп те айтады: **Олардың аргы аталары Батыс теніздің жоғарғы жағында мемлекет құрып еді** (бөліп көрсеткен біз – автор). Кейін оны көршілес мемлекет талқандады да, адамдарын ер-әйел, кәрі-жас демей түгел қырды»<sup>560</sup>.

Бұл деректегі «Батыс теніз» қай теніз? Қалай десек те, ашыналардың аргы бабалары географиялық жағынан қазіргі алшындар мекендереген аймаққа жақындаған түседі.

Шынында да Ашинаның бастауымен 439 жылдың біраз халықтардың Ханғай және Алтай тауларына тығызып, кейіннен түркілер (түркіттер) аталғаны белгілі. Олар өздерінің аргы бабаларын аңызға айналған хұндардан таратады. Осы тайпалық одактың атақты ханы Бумын 552 жылды I Ұлы Түркі қағанатын (552-630) құрған болатын. Көп кешікпей-ақ оның иеліктері Алтайға ғана емес, Орталық Азияға, сондай-ақ төменгі Еділ, Азов жағалауларына және Солтүстік Қара теніз аймақтарына таралып кетті. Ашина руынан шыққан түркі қағандарының билігі VII ғасырдың орта шенінде дейін созылған болатын<sup>561</sup>.

Осы аталған аймақтарда Ашина руының үстемдігі, олардың Жетісуудағы Он оқ бодұн мемлекетінде ғана емес, батыстағы Хазар қағанаты тәрізді іргелі мемлекеттерде де билік жасауы

<sup>560</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. – Алматы, 2006. – 65-б.

<sup>561</sup> Сабирзянов Г.С. Народы Среднего Поволжья и Южного Урала в панораме веков / Синхронистические очерки этнокультурного и политического взаимодействия с начала новой эры до второй половины XVI века. – Казань, 1995. – 11-, 13-б.

және Қазақстанның батыс өңірімен батысқа жылжыған аландарды (аорстарды) билеуі кейінгі қазақ алшындарының алғашқы түркі дәүіріндегі ру-тайпалық ұйыстыруыш тарихи бабалары қалай десек те ашиндар екенін мойындауға тұра келеді. Мұны жоғарыдағы қытай жылнамасы да «туріктердің аргы атапарының...әүлет есімі Ашина» деп айдан анық жазып отыр емеспе? Бұдан артық қандай дәлел керек. Сонымен бірге бұл жерде профессор С. Аманжоловтың мынадай пікірлерін де назардан тыс қалдыруға болмайды: «...Кіші ордадағы қазіргі алшындардың құрамындағы көптеген рулар мен тайпалар түгелдей Алтайдан келген келімсектер емес. Мынадай тайпалар – кердері, телеу, тама, тана, әлім, адай, рамадан, қызылқұрт, есентемір және тағы басқалар аборигендер (жергілікті халық) болып табылады. ...Алшындар арасында кезінде Батыс Түркі қағанаты құрамында болған тайпалар да кездеседі. Дәлірек атап айттар болсақ: чу-ми тайпасы. Оны Н. Аристов қазіргі шөмекейліктер (шөмекейлер) ретінде көрсетеді»<sup>562</sup>.

Сонымен бірге алғаш «ашын» деп аталған, кейіннен түркі тілінің өзгерістеріне байланысты алишин атанған тайпа С. Аманжоловтың ойынша, «казақтың Кіші ордасының ұйымдастыруышы ядросына бұрындары билік жасаған монғол династиясының құлауына байланысты айналса керек. Олай болмаған жағдайда ол осы одаққа кіретін барлық рулар мен тайпалардың үлгілік бейнесіне айнала алмаған болар еді»<sup>563</sup>.

Профессор С. Аманжолов алшындардың бір бұтағы болып табылатын Байұлы тайпасының кезінде половцы-командармен тайпалық одақта болғандығын айта келе, олардың кейбірінің кезінде Байұлы қыпшақтары атанғанын да атап кетеді. Дегенмен де, ол алишин диалектісін коман тілімен салыстыра талдау негізінде қазақ тілі коман-қыпшақ тілінен емес, ежелгі түркі тілінен, дәлірек айтсақ, ежелгі Орхон, Селенга-Талас түркілерінен (V-IX ғ.) бастау алатынын, бұл алшын диалектісіне де тән екендігін зерттеу негізінде атап көрсеткен еді. Мұның өзі шынында

<sup>562</sup> Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата, 1959. – 98-б.

<sup>563</sup> Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – 98-б.

да қазіргі алшындардың кейбір руладын тіл мәселесіндегі мемлекеттігінің орталығы Жетісу өңірінде болған ежелгі ашиндармен байланыстырады<sup>564</sup>.

Біздің ойымызша, аталмыш ғалымның бұл пікірлері кейінгі қазақ Алшын руладарының кейбірінің байырғы тарихи тағдырында бір кездері Ашына руының басқарушы және билеуші рулық әulet ретінде шешуші рөл атқарғанын дәлелдей түседі. Осындағыда ежелгі түркілер тарихының білгіре Л.Н. Гумилевтың төмендегідей пікірі еріксіз еске түседі: «слово «Ашина» значило «волк». Протюркски волк – бури или каскыр, а по-монголски шоночино (беліт көрсеткен біз – автор). «А»-префикс уважение в китайском языке. Следовательно, «Ашина» значит «благородный волк».<sup>565</sup> Бұл айтылғандардан ангаратынымыз, «ашыно» немесе «алшыно» ұғымдары ежелгі түркі (хұн) және байырғы монгол (сяньби) тілдерінің қосылуы нәтижесінде пайда болған аралық тілдің туындысы. Оған ежелгі қытай тілінің де ықпалы болған тәрізді. Сондықтан да тарихи тамыры диалектологиялық түрғыдан әбден шатаскан «Алшын» атауының дәлме-дәл мағынасын күні бүгінге дейін өзіміздің тіл мамандарымыз анықтап бере алмай отыр. Мұның өзі «Алшын» этнонимінің тарихи тамырларының ежелгі түркі дәуірінің алғашқы бастауларында жатқанын тағы да дәлелдей түсетіндей.

Тағы бір назар аударапымыз, «Алшын» этнонимін «ашын» этнониміне жақыннататын фактор – ол жеке тұлға мәселесі. Тарихи деректерде, әсіресе, тарихи аңыздарда Алшын да, Ашын да жеке және түркі руладын басқарушы тарихи тұлғалар болып табылады. Қазақ шежірелері сондықтан да өздерін Алшын атты нақты кісіден (тайпадан емес) таратады. Түркітердің мемлекеттің ұйыстырған да Ашын (Ашина) есімді дара бейне. Жалпы осы кісілердің дүниеге келіп, есеюіне байланысты тарихи аңыздарға назар аударап болсақ, мазмұны ұқсас әңгімелерге кездесіміз. Сызба түрінде олардың мағынасын төмендегіше салыстыруға болады:

<sup>564</sup> Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – 98-б.

<sup>565</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 22-23-б.

<b>Ашина туралы аңыз<sup>566</sup></b>	<b>Қалша (Алшын) Қадыр туралы аңыз<sup>567</sup></b>
Аңыз – түркіттерге (түркілерге) қа- тысты	Аңыз – Сарыүйсінге катысты
Ашина – Батыс теңіздің жоғарғы жа- ғындағы мемлекет билеуші рудың баласы	Қалша Қадыр – Сарыүйсіннің ба- ласы болыпты
Түркіттерді көршілес мемлекет тал- қандаған соң, адамдарын қырып, бір ер баланы ен далаға тастап кетіпті	Қалша (Алшын) шөлден және аш- тықтан қаталап, ескерден қалып көйіпты және өлім аузында жа- тыпты
Бір канышқа қасқыр үнемі ет әкеліп беріп тұрды, соны өлжал еткен бала, өлмей аман қалды	Бірак оны аспаннан қалықтап түс- кен ак каз (каз ак) құтқарып алғып- ты
Кейін келе ол қасқырмен жақын- дасып, оны буаз қылды	Ақ каз өте мейірімді екен және Қалша Қадырмен жанасыпты
Қасқырдан туған он үлдің біреуінің әүелт есімі Ашына еді	Қалша Қадырдың осыдан туған урпактары казак атала бастапты

Бұл аңыздарды тағы да жақындата түсетін нәрсе, Ашына да, Қалша (Алшын) Қадыр да өте ақылды, сондықтан да болар олар ел басқарушылар (хандар) болып табылады. Мазмұны жағынан аса жақын бұл аңыздардың шын мәнінде, ортақ мағынаны білдіретінін байқау қыын емес деп ойлаймыз. Ежелгі түркілердің кезінде шамамен VI-VII ғасырларда шыққан Ашына туралы аңыз кейіннен бұл рудың биліктен кетуіне байланысты, тіптен Ашына руы басқа түркілермен араласып, тарих сахнасынан кеткен IX-XIII ғасырларда да халық санасында аңыз түрінде сақталып қалған. Алайда XV-XVI ғасырларда Қазақ хандығының орныға бастауына байланысты бұл аңыз жаңа жағдайға сәйкес түрленіп, өзгерістерге ұшырап, толықтырылып берілетін болған. Мұндайда мынаны да ұмытуға болмас: ежелгі түркілерде қасқыр, дәлірек айттар болсақ көк бөрі адамдар табынатын тотемдік жануар болған.<sup>568</sup> Сондықтан да алғашқы аңызда Ашынаны асырап-сақтаушы осы көк бөрі. Түркі қағанаттарының XIII ғасырға дейін тарих сахнасынан кетуіне және монғол

<sup>566</sup> Қытай жылнамаларындағы қазак тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. – 65-б.

<sup>567</sup> Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды и каракиргизов. – СПб., 1895. – 35-б.

<sup>568</sup> Козьмин Н. Н. Хакасы. – Иркутск, 1925. – VII 6.

билиеушілерінің жаңаша саяси жүйеге негізделген билігінің орнығына байланысты, халықтың қасқырдан таралғаны туралы аңыз біртіндеп ұмытыла бастаған. Тіптен, аңыз тұрмақ бұл заманда Ашына руының әйгілі елі – түркітердің өздерінің атауы да мұлде дерлік ұмытыла бастады. Халықтың санасында сақталып, жадында ұмытылмай қалған нәрсе – ол түркілердің бабасы болып табылатын Ашынаның қалай өмірге келіп, адам болғаны туралы аңыз гана еді. Алайда жаңа жағдайда жаугершілік қарым-қатынастың азая түсүіне байланысты ұшқан құсты табынатын тотемге айналдыру кен тарала бастады. Осындаға қасқырдың орнын енді киелі құс – ақку, онан соң ақ қаз ауыстыра бастады. Осының нақты көрінісі – қытайдың «Сүй-шу» жылнамасында айтылатын ағайынды төрт ұлдың бірінің аққуға айналып кеткені туралы аңыз әңгіме. Осы мәселені талдаған Н. Аристов бұл жерде аңызға айналған ұлдың көшіп-конған тайпаны білдіретінін атап көрсеткен еді<sup>569</sup>.

Мәселенің байыбына нақтырақ бару үшін Қытайдағы бауырларымыз тікелей қазақ тіліне аударған осы аңыздың толық нұсқасын «Солтүстік әулеттер тарихының 99-бумасындағы» «Түрік, Батыс Түрік, Телек» тарауынан келтіре кетелік. Онда мұнадай жолдар бар: «былай деп те айтады: түріктердің арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шықты. Олардың ұлыс кесемі Абам бек деп аталды. Олар жетпіс ағайынды еді. Оның біреуі – Іді Нышида деген, ол қасқырдан туды. Абам бектер тұмысынан ете ақымақ болды да оның мемлекеті жоғылып кетті. Ал Нышиданың табиғаттың өзгеше қасиетін сезетін қасиеті бар еді. Ол күнді жауғызып, жел соқтыра алатын еді. Нышида екі әйел алды. Оның бірін жаз бер қыс тәнірінің қызы дейді. Ол бір жолда төрт егіз ұл атпты. Оның бірі *аққуга* (бөліп көрсеткен біз – автор) айналды. Біреуі Абасу мен Кем езендері арасынан Қырғұр деген мемлекет құрды; енді бірі Чатша судың бойынан мемлекет құрды; тағы бірі Басчаташ тауында мекендеді. Бұл оның үлкен ұлы еді. Осы тауда Абам бектің ұрпақтары да болды. Олар көбіне аш-жалаңаш жүруші еді. Үлкен ұлы от шығарып олардың бойын жылдытты, асырады,

<sup>569</sup> Петров К.И. К этимологии термина «кыргыз» // Советская этнография. – №2. 1964. – 89-6.

барлығына қолғабыс тигізді. Осылайша олар үлкен ұлды құрметтеп, өздерінің көсемі етіп сайлады. Бұган «Түрік» деген атақ берілді. Оның өз аты-Нағыд Түрік шад еді. Түріктің он әйелі болды. Балаларының барлығы шешелерінің әүлет есімімен аталды. Ашына (бөліп көрсеткен біз – Т.О) – оның кіші әйелінің баласы еді. Түрік өлгеннен кейін, он әйелдің балалары өздерінің ішінен біреуді таққа отырғызуды үйгарды. Олар бір бәйтеректің түбіне жиналды. Олар «қайсысымыз осы бәйтерекке жоғары секірсек, сол таққа отырады» деп уәделесті. Ашына жасының кішілігіне қарамай, бәрінен биік секірді. Соナン бауырлары оны Ағын шад деген лауазыммен қошеметтеп, таққа отырғызыды. Айтылуы әртүрлі болғанымен, бұл аңыздардың барлығының түйіні Түріктің арғы тегі қасқырдың тұқымы дегенге саяды»<sup>570</sup>.

Сонымен бұл аңыздан да байқап отырганымыз, «түріктердің арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі Сақ елінен шыққан» Іді Нышіда деген екен, оның төрт ұлының бірі ақкуга айналып кетіпти-мыс. Осы ұлдардың үлкенінің есімі – Нағыт Түрік шад екен. Оның он әйелінің ең кішісінен Ашына туып, ол патша тағына Ағын шад лауазыммен отырыпты. Біздің байқауымызша, сандаган ғасырлардан кейін, халық санасында есімі сакталған Түріктің кіші әйелінен тұған, осы Ағын кейіннен Алшын деген атаумен қазактың Кіші жұз руларын біріктіруші рухани тұлғаға айналдырса керек.

Жаңа жағдайда қазақ халқының ел болып басының бірігуіне байланысты Қазақ хандығының алғашқы қезеңінде екі нәрсе аса маңызды болды. Бірінші мәселе – қазақ деген халықтың шеңжірелік атасы кім? Екінші мәселе – «қазақ» атауы қайдан шықты немесе қазақ қалай халық болды? Алғашқы мәселе туралы айтқанда, міндетті түрде қазаққа ата болатын Қалشا (Алшын немесе Ағын) туралы түсінікті тілмен халыққа негізделеп беру қажет болды. Екіншіден, бұл әңгіменің тарихи тамыры тереңде жатуы және бұрынғы тарихи шындықпен негізделуі тиіс болды. Үшіншіден, бұл әңгімеде халық атауының, біз әңгімелеп отырған жағдайда «калшын» атауының (немесе бұрынғы Ашына атауының) біртіндеп қалай қазақ атауына айналғанын айқындей

<sup>570</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. – 109-б.

тұсу қажет болды. Осындағы міндеттерді алға қойған халықтың рухани басшылары ежелгі түркі дәуіріндегі түркіттердің көсемі болған Ашына (Ағын) туралы аңызды жаңа жағдайда ақ қаз құтқарып алған Қалшаның есімімен байланыстырылды. Мұнда жоғарыдағы үш міндеттің үшеуі де назардан тыс қалмаган. Оның үстіне халық жадында ғасырлар бойы сақталып келген Ашына туралы тарихи аңыз бірнеше ғасырдан кейін түркілердің үрпағы – қазақтарға қайта оралып, олардың тарихи санасын жаңғыртып отыр.

Бұл аңыздың жаңаша түрленген мағынасында тағы бір ұтымды берілген мәселе – Қалшаны, Алшынды (бұрынғы қазақ руларының ортақ атауын) ептілікпен жаңа қазақ атауына ауыстыра білу болса керек. Дегенмен де, бұл аңыздың қисынсызыдығы және құшпен бұрмаланып жасалғандығы бір ғана мәселеден айқын көрінеді. Қазақ тілінде «ақ қаз» атты құсты еш уақытта керісінше айналдырып, «қазақ» деп айтпайтынын аңызды ойлап шығарғандар және бұрмалағандар байқай қоймаган. Өкінішке орай, мұны кейінгі қолтеген зерттеушілеріміз де аңғармай отыр. Тегінде бұл жерде әңгіме ақ қаз туралы емес, ежелгі түркі аңызында айтылатын, біз жоғарыда мазмұнын қытай жылнамасы негізінде баяндаған аққу туралы болса керек. Дегенмен де, осындағы қорытындыны жасай отырып, жоғарыда айтылған түркі халқының шығу тегін қасқырдан немесе аққу, ақ қаз тәрізді құстардан тарататын мұндай аңыздардың деректік түрғыдан негіzsіз емес екендіктерін де айтпай кетуге болmas. Ежелгі Байкал бойындағы түркілердің кейбір руларының бірнеше аң-құстардан әртүрлі тәнірлер жасап, политеистік бағыттар ұстанғандарын кезінде Л.Н. Гумилев нақты жазған еді. Мысалы, буряттар осындағы 99 тәнірге сыйынған екен. Атапмыш ғалым осыған байланысты өзінің пікірін тәмендегіше негіздейді: «С такой развитой системой политеизма сопрягается реминисценция тотемизма, священнослужитель (которого назвать шаманом нельзя) носить на одежде бляху с изображением зверя (например, волка, лебедя, гуся и т.д.). Это изображение указывает лишь на принадлежность к данному роду, восходящему к мифическому прародителю-зверю»<sup>571</sup>.

<sup>571</sup>Гумилев Л.Н. Древние тюрки. -- 81-6.

Сонымен қорытып айтар болсақ, жоғарыда әңгімеленген «алшын» этнониміне байланысты ғылыми тұжырымдарымызды төмөндегіше нақтылап қойғанымыз жөн болар:

Біріншіден, «ала» анықтауыш ұғымынан туындаитын руларды (алакчин, алаша, түргеш-алаш, жағалбайлы және т.б.) «алшын» атауымен шатастырмағанымыз жөн. Мұнда «ала» деген сөздің қазак тілінде нақты мағынаны білдіретінін де ұмытпау керек. «Ала» сөзі соңғы әрпі түсіп қалып, «ал» сөзіне айналып кетті деп айтуға грамматикалық тұрғыдан ешқандай да негіз жоқ деп ойлаймыз. Тайпалар атауын өзгерту барысында түркі халқы және кейінгі қазак елі «ала» атауын «ал» сөзіне ауыстыруға байланысты қажеттілікке мұқтаж бола қойған жоқ. Сондықтан да қазақта «Алты Алаш» тәрізді ұғымдар «Алаша» атауымен қатар қолданылып, өмір сүріп келеді. Бұл туралы нақтырақ білгісі келетін оқырманға кітабымыздың алғашқы тарауындағы «Алаш атауы туралы не білеміз?» деген атаумен берілген тараушаны окуды ұсынар едік. Онда «алаш» атауының ежелгі «аласа» сөзінен таралғаны айтартықтай дәлелденген. Түргештердің «алаша» атануы, олардың Түркі қағанатынан кіші екінші қатардағы мемлекет болуымен тығыз байланысты екендігін біз сонда айтқанбыз. Онда біз мынаған назар аударған едік: VIII ғасырға дейінгі тайпалық одактарда Түргештен басқаларын «алаш» деп атамаған. «Алаш» этнонимінә өзі алғаш рет Түргеш ұлысының жанама атауы ретінде белгілі болды. Батыс Түркі қағанатының ішінен құрылған Түргеш шынында да шағын ұлыс болатын. Шын мәнінде, ол Бес түркі ұлысының бірі ғана еді. Сондықтан да қытай деректері де түргештерді Аласа ұлыс, яғни Алаш ұлысы ретінде мойындал, кейіннен әкімшілік реформалар жасаған кезде, Кертау тұтықтығында Түргеш-Алаш ұлысы деген әкімшілік аудан құрған<sup>572</sup>.

Қытай жылнамаларында Түргеш қағанаты көбіне Алаш ұлысы деп аталады. Бұл мәселеге байланысты кеңірек түсініп алу үшін жоғарыда айтқанымыздай, алғашқы тараудағы біздің «алаш» этнониміне байланысты түсіндірулерімізге көніл аударуға болады.

<sup>572</sup> Қытай жылнамаларындағы қазак тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. – 167-192-б.

Біз әңгімелеп отырған Алшын бірлестігіне енетін бірқатар рулардың тағдыры кезінде осы Тұргеш-Алаш ұлысымен тығыз байланысты болғандықтан, «Алаш» этонимі батыстағы рулардың этонимдерінде сақталып қалды. Дегенмен де, осы жерде тағы да қайталаپ айтартымыз, «Алаш» этонимін «Алшын» этонимімен шатастыруға тілтен де болмайды.

Мәселеге байыптаап қарасақ, сондықтан да қазақтың тіл байлығында «алшын» мен «алаш» атауын екі түрлі мағынада қолданады және оларды жақыннатуға байланысты әрекеттер болған емес. Өйткені бул сөздер шын мәнінде, түбірлік түрғыдан да және нақты мағынасы жағынан да бөлек атаулар болып табылады.

Екіншіден, алакчинен тараған қазактағы және қырғыздагы кейбір жоғарыда аталған рулар аттарын «Алшын» этонимімен шатастырмаған жөн деп ойлаймыз. Өйткені «Алшын» этонимі шын мәнінде, ежелден бастау алатын түркіттердің ашын (ашина) руының атымен үндесіп жатыр. Оның үстіне жоғарыда айтқанымыздай, бұл атауларды жеке адамның есімі регінде қарастырақ та және аңыз-деректерді тарихи салыстырмалы түрде зерттеп, талдасақ та, олардың жақын және уақыт өте келе аздал өзгеріске түскен сөздер екендігін байқай түсеміз. Мұндай өзгерістің орын алуына байырғы ашындардың Қазақстанның батыс территориясында биліктен кетіп, бірнеше ғасырлар бойы олардың шын мәнінде, жеке тайпа регінде өмір сүруден қалып, тарихи санада аңызға айналған түсінік регінде сақталып қалуы ықпал жасаған деп ойлаймыз. Сондықтан да кейінгі Қазақ хандығының ұйысуының алғашқы кезеңіндегі Қазақстанның батыс территориясындағы ордаежендік тайпаларды колдаған қазақ ру-тайпаларының осы аймақты билеуші манғыт және ноғай тайпаларына қарсы күресінде қалыптасқан тайпалардың жаңа бірлестігін ежелгі тарихи санадағы түсініктің негізінде «Алшын» деп атай бастағанын мойындауымыз керек тәрізді. Уақыт өте келе, Жәнібек пен Керей бастаған Қазақ хандығының Қазақстанның батыс территориясына қанат жая бастауы алшындардың (Байұлы және Әлімұлы тайпаларының) осы мемлекеттік құрылым құрамына еніп, қазактар атана бастағанын аңғаруға болады. Дегенмен де, Батыс Қазақстандағы аталған тайпалар бірлестіктері (Байұлы, Әлімұлы) жаңа мемлекеттің – Қазақ хандығының құрамында да өздерінің «Алшын» атауынан ажырай

қойған жок. Оның үстіне, Тәуке ханның тұсында Алшын одағына Жетіруға қуралған тайпалар кірме болып кіріп, алшындардың қатарын көбейте түсті.

Қазақтың XVI ғасырдың орта шенінен бастап XVII ғасырдың басына дейінгі кезеңде үш ордаға бөлінуінің аяқталуы да «Алшын» этнонимінің Кіші жүз территориясында сақталып қалуына жағдай жасады. Сондықтан да Алшын атауын жалпы-ұлттық «қазак» этнонимі шын мәнінде ығыстырып шығара қоймағанын, алғашқы атаудың бұрынғысынша тайпа бірлестігінің аты ретінде Кіші жүз қазактарын бірігуте, туысқандыққа және бауырластыққа шақыратын этностық құрылым және ортақ рухани негіз болып сақталып қалғанын ұмытпағанымыз жөн.

Әрине, «қазак» атауының «алшын» атауынан үстемдік алып, қазакты құраған ру-тайпаларының басын біріктіруде ұлken маңызды рөл атқарғанын халқымыздың біртұтас ұлт болып қалыптасуына, ұлттық мемлекетін нығайтуына жол ашқанын, алғышарттар қалағанын ұмытуға болмайды. Сондай-ақ, «алшын» атауының да Қазақстанның батысындағы қазак ру-тайпаларының ынтымағын нығайтуда белгілі бір тарихи кезеңдерде (XV-XVI ғ.) маңызды ұйыстыруушы ықпал жасағынын тағы да ұмытуға болмас.

Сонымен, қорыта келгенде «Алшын» атауының тарихи тұрғыдан сатылап өзгеруін төмендегіше бейнелеууге болады:

Ашина → Ашын (Ашин) → Алшын → Қазақ. Мұнда қазактардың ата-бабаларының қандай этностық құрылымдарға бірігу арқылы үстемдікке ұмтылып, халық болып қалыптасуға қалай қол жеткізгенін айқын аңғара аламыз. Біреулерге алишынды қазақпен алмастыруымыз қисынсыз болып көрінуі де мүмкін. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, Қазақ хандығының алғашқы кезеңінде Ноғай Ордасының құрамында, Әбліхайыр мемлекетінде өздерінің бауырластық құрылымын негіздеуге тырысқан ру-тайпалардың біртіндеп қазактар құрамына еткені айдан анық, дәлелдеуді қажет етпейтін тарихи шындық. Қолда бар тарихи деректердің бері бізді осындағы логикалық тұжырым жасауға итермелейді.

№	Ру-тайпалар аттары Алшын	M.Гролековтың маліметтері (1889 ж.)	C.Аманжоловтың маліметтері (1959 ж.)	H.Мыңжаның маліметтері (1987 ж.)	A.Сейдімбек маліметтері (2008 ж.)
1	2	3	4	5	6

### 3.6. «Бай» тайпалар бірлестігі қалай шықты?

«Бай» этонимі түркі халықтарына кеңінен тараған әрі тарихи тамыры осы атаумен тығыз байланысты көптеген ру-тайпалардың тарихи тағдырларына жақын тәрізді. Түркі халықтарында осыған байланысты кеңінен тараған «бай» элементіне негізделген этонимдер туралы айта келіп, белгілі башқұрт зерттеушісі Р.Г. Кузеев олардың біразын санап шыққан еді. Атап айтқанда: «Бай (ұйғырлар); байбакты, бай-қырғыз-арғын (қазактар); баяндұр (түркмендер); байұлы (башқұрттар, қазактар); байтоғи (өзбектер) және тағы басқалар»<sup>573</sup> шынында да этностық тарихта жиі кездесетінін байқап жүрміз. Р.Г. Кузеев: «Бай» элементіне негізделген этонимдер руникалық ескерткіштерде және шығыс деректерінде көпtek кездесетінін атап көрсете келіп, Құлтегіннің түркілер жорығындағы солтустіктек орнласқан Йир-Байырқу деген ел туралы атап кетеді. Бұл тайпаның Оғыз бірлестігіне жататынын ғалымдардың көпишлігі мойындаған. Құлтегін және Білге қаған жазуларында бұл туралы нақты айтылған. Құлтегін жазуынан: «Одан соң Жер-Байырқу (тайпасынан) Ұлығ-еркін жау болды», – деген жолдарды оқымыз. – Оның тоз-тозын шығарып Түргі-яргун келінде талқандадық»<sup>574</sup>. Сонымен бірге ол Гардизидың Баяндұр тайпасын кимақтардың

<sup>573</sup> Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав. История расселения. – М., 1974. – 328-б.

<sup>574</sup> Жолдасбеков М., Сартқожаұлы К. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана, 2005. – 188-б.

құрамынан кездестіргенің айтады және Әбілғазының Оғыз бірлестігінде Байындыр және Баят тайпаларын атап көрсететінін еске салады. Сонымен бірге «Бай» деген этнонимнің Жайық аймағында кеңінен танымал екенін де, башқұрттардан басқа бұл атаудың қазақтың Қонырат тайпасында, Заравшанның өзбектерінде кездесетінін еске салады, сондай-ақ дәл осы атау Байдар деген атпен XVII ғасырдағы монғолдарда кездесетінін, сонымен бірге Қырым татарларында да осындай этноним бар екендігін Р.Г. Күзеев шүкшія зерттеу нәтижесінде атап көрсеткен болатын<sup>575</sup>.

Р.Г. Күзеев сонымен қатар «Бай» элементімен байланысты тайпалар атауларының географиясының аса ауқымды екеніне назар аудара отырып, олардың этностық тамырларына байланысты өзіндік көзқарастарын да білдіре кеткен еді. Негізінен алғанда осы мәселеге байланысты ол екі түрлі бағыттың бар екендігін атап көрсетеді: біріншіден, Бай тайпалары оның ойынша түрік-монгол тайпалары Орталық Азияда, Алтайда өмір сүрген тұста және олар батысқа, Орталық Азияға, Қазақстан және Шығыс Еуропа аймақтарына жаппай коныс аударған кезенде қалыптаса бастаса керек деген пікірді айтушылар зерттеушілердің алғашқы тобын құрайды. Олардың арасында бірқатар ғалымдар «баяндұр-байдар» этнонимінің монғолдарда баяут (немесе баят) тайпасымен генетикалық байланыста болған деген көзқарасты дәлелдеуге тырысып жүр<sup>576</sup>. Бұл туралы кеziнде Рашид ад-Диннің нактылап жазып кеткені белгілі<sup>577</sup>.

Бұл пікірді талдай келе, Р.Г. Күзеев былай деп жазған еді: «Мұндай салыстырулардың негізі «Байдар» этнонимінің кейінгі орта ғасыр монғолдарындағы рулық-тайпалық этнонимдерде кездесуімен дәлелдене түседі. Егер бұл болжам дұрыс болып шықса, онда сөз жоқ, әңгіме ертеде түркі-монгол тұбірлеріне алып барады»<sup>578</sup>.

<sup>575</sup> Күзеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав. История расселения. – 328-б.

<sup>576</sup> Күзеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав. История расселения. – 328- б.

<sup>577</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.1. Кн.1. – М.-Л., 1960. – 78-, 150-б.

<sup>578</sup> Күзеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав. История расселения. – 328-б.

Сонымен қатар Р.Г. Күзеев жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл мәселеде зерттеушілердің екінші көзқарасы да бар екендігін нақтылай түседі. Ол былай деп жазған еді: «Бай» бабаларының ежелгі Оңтүстік Сібірдегі және Солтүстік Алтайдағы самодий тайпаларымен байланысты болу мүмкіндігін теріске шығаруға болмайды. Дәл осындағы қорытындыға В.Ф. Геннинг Сібір халықтарының этномимиясын талдау негізінде келген болатын. Олардың арасында «Бай» элементімен байланысты атаулар түркілердегіден көп болмаса, аз емес. Б.О. Долгихтың ізінше, В.Ф. Геннинг «байлар» «ежелгі әнц тайпасының атауы болса керек» деген болжам жасайды. Б.з.д. I мыңжылдықта динлин халқы топтарының бірі «Бай-ди» деп аталған. Этноним «бай-ди» Г.Н. Василевичтің және В.Ф. Геннингің пікірлерінше, Алтай аймағындағы Орта Азия тобындағы билердің жергіліктілерінен, нақтырақ айтар болсақ, самодийліктердің «бай» тобымен арасында нәтижесінде құрылса керек. Түркілердің ежелгі тарихының жалпы дамуы және олардың оңтүстік сібірлік және солтүстік алтайлық халықтармен өзара әрекеттесулері осы болжамды шындыққа жақын деп қарастыруға мәжбүрлелітін тәрізді. Мұндай жағдайда байлар (бай-ди – байдар – байлар) этнонимін шығуы б.з.д. I мыңжылдық соңындағы моңғол-түрік-самодийлердің күрделі этностық аралас ортасына алыш барады»<sup>579</sup>.

«Бай» этнонимі туралы айтқанда, әсіресе, «Байырқы» атауы және «Байси» этнонимі ерекше назар аудартады. Өйткені ежелгі тарихи деректерде осы екі тайпа атаулары жиі кездесіп отырады. Байырку елін зерттеген зерттеушілеріміз баршылық, сонымен бірге осы этнонимнің түп тамырына назар аударып жүрген тіл мамандары да кездеседі. Қытайдан оралған Т. Әбенайұлы бауырымыздың айтуынша, «ба-ыр-ху» – Барқұ. Қазіргі тіл өлшемі бойынша – барқы. Абак Керейде барқы атты ұру әлі бар. XIX ғасырда сайланған әйгілі «Төрт бидін» (Абак керейдегі) бірі осы рудан шыққан<sup>580</sup>. Оның ойынша, Байырқы атауы төмендегідей рулар одағымен бірге жүрген: «Барқы, қорай (қоры), туалас (тува). Дестір былай дейді: «бұл ұрулар өзара жақын болып, барлығы Барқы деп аталады. Өйткені олардың

<sup>579</sup> Күзеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав. История расселения. – 328-329-б.

<sup>580</sup> Әбенайұлы Т. Шыныңа көш тарих! Шыңғыс хан кім? – Алматы, 2008. – 22-23-б.

мекені мен тұрагы – Сөләңгі (Селенгі) өзенінің арғы жағында, манғұлдар мекендейтін әрі «барғұжын-түгөм» деп аталатын өлкенің ең қызы шетінде». Ендеше, бұлардың бәрі «барқы» деген үлкен ұрудың тармағы – «барқыт», яғыни барқылар деген ортақ атпен аталатын бір арыс ел болды... Ендігі кезек қорай руында: барқы (байырку), қорай (коры), тұмат деген елесімдер Көлтегін ескерткішінде де кездеседі. Бұдан олардың байырғы ұрулар екенін көруге болады. Аттарының онда да тіркес-тіркес аталуы олардың ежелден-ақ қоныстас, туыстас болғандығын айғақтайты. Рашид ад-динде тұмматты жоғарыдағы үш руға қосуға болады»<sup>581</sup>.

Барлық зерттеулер Байырқудың Байегу деп аталатынын мойындаиды. Тегінде Байырку руы кейінректе түркілердің Телеу одағында жүрген кезінде біртіндеп байырқы атауынан байегу атауына ауысқан тәрізді. Осыған байланысты С.М. Абрамзон өзінің пікірін білдіре келіп, Теленің паегу немесе баегу (байырку) атауының Теле ұрпактары болып табылатынын тағы да атап көрсетіп, сонымен бірге қырғыздың А. Чоробаев деген зерттеушісінің төмөндегідей мәліметтеріне тоқтала кетеді. Ол сөзбе-сөз былай деп жазған екен: «Байгур и Уйгур – родные братья; от Уйгура происходят кашкарлык, от Байгура – таранчи». С.М. Абрамзон Абыске Кёкөевтың ақсақалдан естіген мәліметтері негізінде мынадай пікірді жалғастырып айтады: «Уйгуры – потомство Уйгура, кыргызы – потомство Байгыра» (уйгур – Уйгурдун тукуму, кыргыз – Байгырдын тукуму). Яғни байгур – байгыр этнонимін байегу (байырку) этнонимімен салыстыру қарастыру алдамыш болып шығады»<sup>582</sup>. Яғни байегу немесе байырку тайпасын бұрмалап басқа рулар атына икемдеу абырой бере қоймайды. Өйткені тарихи этнонимдерде бұл атау жоғарыдағыдай екі түрде нақты берілген. Соңдықтан да атальмыш этнонимді кейінгі Байұлымен байланыстыру тарихи шындыққа апармайтынын тағы да атап көрсетеміз.

Ал енді Байси атауына келетін болсақ, оның да Теле бірлестігінде дербес тайпа ретінде өмір сүргенін білеміз. Сонымен

<sup>581</sup> Эбенайұлы Т. Шынына көш тарих! Шынғыс хан кім? – 36-37-б.

<sup>582</sup> Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Л., 1971. – 54-55-б.

қатар байсилер байсу жэне байзу деген атпен қыргыздың саруу руының қырк уул тармағында кейінгі дәүірде де кездесетіні тағы белгілі<sup>583</sup>. Оның езі байсилердің байырқыларға қарағанда кейінгі түркі халықтарына едәуір жақын тұрғанын дәлелдей түсептіндей.

Дегенмен де, бұл мәселенің байыбына бару үшін Байырқы руының тарихи тағдырына тереңірек баруға тұра келер. Жоғарыда атап кеткеніміздей, ежелгі деректерде Байырқы жеке тайпа регінде нақты көрсетілген.

Осы айтылғандарды қытай жылнамалары да дәлелдей түсептіндей. «Таң жарғыларының» 98-бумасында Байырқы елі туралы арнайы айтылады. Айта кеткен жөн, ежелгі түркілер тарихын зерттейтін зерттеушілерге бұл этноним жақсы таныс. Оның үстіне қытай жылнамасы бұл этнонимді әрқашан да қайталап айтып отырады. Байырқы елі деп аталатын Қытай жылнамасындағы мәліметті толығырақ баяндасақ, мәселенің байыбына бара түсеміз. Онда мынадай жолдар бар: «Байырқы бүркіттің шығысында. Олардың соғысқа жарамды адамы 10 мың, халқы 60 мың. Елі бай. Жерінің солтүстік-шығысынан 1000 ли қашықтықта Қанған атты өзен бар. Суына қарағайды бір-екі жыл салып қойса, көкшіл тасқа айталауды. Жергілікті халықтар оны Ҳанған балбалы деп атайды. Олар мұз үстінде шаңғымен бұғы аулайды. Бұл елдің солтүстік-шығысынан 6 күндей жерде киік елі бар. Ол жерде ағаш өскенімен, шөп шықпайды. Елі қой мен жылқы емес, бұғы малданады. Олар арбаға кіндік қағанаттықтарша өтіз бен жылқы емес, бұғы жегеді. Оған 3-4 кісі отырады. Олар бұғы терісін киеді. Бұғы мүкпен азықтанады. Киік елінен шығысты бетке алып 15 күн жүргенде, Үшет еліне жетуге болады. Оның жері кең, халқы көп, әдет-ғұрпы Байырқыға ұқсайды. Жерінде мүйізді ірі қара мен жылқы аз еседі, борша тышқан көп болады. Құтукиік елінің солтүстігінде Тайған елі бар. Олардың қойы мен жылқысында кисап жоқ. Адамдары бойшаш, денелі келеді. Бойы ұзындары бір жаң уш төрт чы келеді. Олардың солтүстігінде Құтшы елі бар дейді. Ол Тайған елімен көршілес, тұтін саны он бес мың, соғысқа жарамды адамы отыз мың»<sup>584</sup>.

<sup>583</sup> Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – 54-б.

<sup>584</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 250-б.

Көріп отырмыз, шынында да байырқулар тұратын ел түркі-монғолдар бабаларының солтустігіндегі баяғы самодий тайпаларымен тығыз байланыста орналасқан. Дегенмен де, кейінгі біздің заманымыздың алғашқы жылдарындағы тарих олардың біртіндеп түркі тайпаларына қосылғанын айқындай түсегіндей.

Зерттеуші Л.Н. Гумилев көне түркілердің тарихын қазбалай келе, Гаогюй бірлестігінің телестердің ата-бабасы болып табылатынын Н. Бичуринге сүйене отырып, мақұлдан, сонымен бірге оларда он екі патриархалдық ру өмір сүргенін және гаогюліктерден шықкан телестердің он бес тайпаны құрағанын атап көрсеткен еді. Осы тайпаларды Л.Н. Гумилев нақтыларап санап та береді. Олардың катарында Юаньгэ (үйғырлар), Сеяньто, Киби, Дубо (тубалар), Гулигань (құрықандар, якуттардың бабалары), Доланьгэ (телеңгітер), Бугу, **Байегу – Байырқу**, Тунло-тонгра, Хунь, Сыгие, Хусие, Хигие, Адие (едіздер), **Байси** тәрізді тайпалар бар<sup>585</sup>.

Л.Н. Гумилевтің бұл пікірлері біздерді мынадай ойға жетелейді: шынында да алғашқы кезенде, яғни біздің заманымыздан бұрын байырқулар және басқа да «бай» атауымен байланысты рулар самодийлермен және динлиндермен тығыз байланыста өмір сүрсе керек. Кейінректе олар онтүстікке қарай жылжып, гаогюйлер бірлестігіне, яғни түркілердің одағына қосылған тәрізді. Тарихи фактілер осы айтылғандарды нақтылай түседі.

Қазақстандық зерттеуші Ю.А. Зуев ежелгі түркілер тарихын зерттей отырып, байырқуларға арнайы тоқтала кеткен еді. Егер де ешбір аудармасыз қаз-қалпында келтірер болсақ, ол былай деп жазған еді: «гочных данных о локализации байарку не имеется. Как полагают, в середине I тысячелетия н.э. пределы распространения его владений можно ограничить средним течением реки Селенги. Судя по археологическим данным, сюда входила горная система восточного Саяна и Хамар-Дабана. На западе они граничили с тюрками, а на востоке с шивэйтатарами, т.е. на западе они доходили до озера Хубсугул, на востоке – до Хэнтэя и верховьев Шилки и Аргуни»<sup>586</sup>. Сонымен бірге кейінректе, тарихымызда жоғарыдағы ежелгі байырқудан

<sup>585</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 62-б.

<sup>586</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы, 2002. – 258-б.

басқа дәл осындай атпен түркі тайпаларының да Оғыз бірлестігін басқарғанын жақсы білеміз. Ол туралы қазақстандық зерттеушілер М. Жолдасбеков және Қ. Сартқожаұлы өздерінің «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» туралы зерттеулерінде нақтырақ атап көрсеткен еді. Онда мынадай жолдар бар: «Оңтүстік шығысы Иньшань жотасынан батыс солтүстікте Аққу көліне (Гусиное озеро) дейінгі созылған үлкен аймақты алғып жатқан Байырку конфедерациясының (КТ.І. 35, 36) жері. Шамамен алғанда 105°-111° бойлық, 42°-51° ендікте орналасқан. VIII ғасырдың басында Байырку деп атای отырып, ішінен тоғыз-оғыз, сегіз-оғыз деп бөліп атаған. Иер-байырку аймағындағы Байырку конфедерациясы 17 ірі тайпадан құралған (Теркін.10). Біріккен Түрік қағанаты орнаған соң, Тур-айын қаған 749-750 жылдары қағанаттың құрылымын жаңадан жасағанда, 17 Азбайыркуды екі бөліп екі қанатқа орналастырған. Тоғыз тайпадан тұратын тоғыз-оғыздарды Төлес қанатқа, сегіз тайпадан тұратын сегіз оғыздарды Тардұш қанатқа енгізген. Кейін тоғыз-оғыздар «Керейіт» атанып кетсе, сегіз-оғыздар «сегіздер» немесе «Найман» атанып кетті»<sup>587</sup>.

Осы үзіндіден байқап отырғанымыз, байыркулар кейініректе оғыздармен тығыз араласып, тіптен, Оғыз бірлестігінің ірі-ірі тайпалардан тұратын біріккен конфедерациясын құраган екен. Ал байыркулардың өзі осы тұста Аз-байырку деген атауға ие болып, тарих сахнасына жаңа этнониммен бой көтерген екен. Байыркулардың түркі Байырқы немесе оғыз Байырку атанатыны да осы тұс.

Л.Н. Гумилев байыркулардың 715 жылды қарлықтармен, Батыс түркілерімен, татарлармен, қидандармен, изгилдермен, ұйғырлармен бірге Түркі қағанына қарсы өздерінің тәуелсіздігі үшін бас көтергенін атап көрсетеді. Бұл тұста Тонықек 70 жасқа келген қарт еді. Сондықтан да қағанатты мұндай жойқын көтерілістен қорғап қалу ісін атақты Құлтегін басқарды. Ол көтерілісшілерді дәлірек атап көрсетер болсақ, қарлұқтарды, онан соң изгилдерді күйрете жеңіп, ұйғырлардың біріккен әскерін төрт рет талқандап, үлкен жеңіске жетті. Дәл осы уақытта Қапаған қаған түркілердің ең

<sup>587</sup> Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана, 2005. – 195-б.

басты жасақтарын басқарып, Тола өзенінде Байырку тайпасын күйрете жеңген болатын. Осы жеңістің буына мастанған хан орман арқылы елеусіз келе жатқанда, алдында ғана талқандалған байырқулардың бір тобы оған андаусызыда бас салып, оны атынан сыпырып түсіріп, басын кесіп алған еді<sup>588</sup>.

Осыған байланысты Ю.А. Зуевтің белгілі деп айтқаны бар: «байарку-оғыздармен қатар байарку-туркілер де белгілі. Олар Х ғасырдың басында ұйғырлық-манихейлік Гуаньчжоу мемлекетінде аса маңызды саяси күш болып табылды»<sup>589</sup>. Сонымен қатар М. Қашқари аргу деп аталатын манихейлер елінде ең жоғарғы құдайдың Баят деп аталатынына назар аударғанын атап көрсеткен зерттеуші осы материал жер құдайы Баяр туралы түсініктің бұрынғыларда орын алғанын дәлелдей түседі деген қорытындыға келген еді. Ю.А. Зуевтің ойынша манихейлік ұстанымды ежелгі түркі тайпаларының көпшілігі, бәрінен бұрын Батыс түркілер, тұргештер және қара тұргештер, сондай-ақ олардың құрамына кірген ас және тұхс, чигиль, чумул, қарлұқ, кимек, байарку, қара-йағма және қара-игиль және тағы басқалары осы тұста мойындаған екен<sup>590</sup>.

В.У. Махпиров өзінің зерттеулерінде Баят тайпасының атауын Рашид ад-Диннің бақытты және толық ауқатты деген мағынада аударғанына назар аударады. Сонымен бірге ол Әбілғазының мұны бай, яғни ауқатты деп аударғанын атап көрсетеді<sup>591</sup>. Монгол тілінен аударушылардың көпшілігі оны дәл осылай аударады. Бірақ Махмұд Қашқариде баят деген сөз аргулардың тілінде құдай деген мағынаны білдіретінін, яғни тайпаның табыну белгісі болғанын көзінде жазып кеткен екен<sup>592</sup>.

С.П. Толстов өзінің зерттеуінде орыс жылнамаларында баят атауының боут деген атпен белгілі болғанын, баяттың М. Қашқарі және Рашид ад-Диннің еңбектерінде 24 оғыз тайпасының қатарында аталатынын, сонымен бірге олардың кейінгі Кіші Азия селжүк ескерткіштерінде де кездесетінін атап көрсете

<sup>588</sup> Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. – СПб.-М., 2002. – 198-б.

<sup>589</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – 258-б.

<sup>590</sup> Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – 259-б.

<sup>591</sup> Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. – Алма-Ата, 1990. – 49-50-б.

<sup>592</sup> Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинения Абу-л-Гази, хана Хивинского. – М.-Л., 1958. – 93-б.

келе, Мұхаммед Насавидың бұл тайпаны йемектердің баяут тайпасымен байланыстыратынына назар аударған еді. Осы тайпадан Хорезмшах Текештің (1172/3 – 1200) әйелі Туркан-хатун шыққан еді<sup>593</sup>. С.П. Толстов 24 оғыз тайпасының тізімін талдай келе, олардың 4 – кайы, баят, баюндор және печенег Оңтүстік орыс жерінің түркі-печенег халқының құрамында кездесетінін, мұнда оларды коуи, боут, берендей және печенег деп атайдының көрсеткен еді. Селжүктөр дәүіріндегі Иран және Кіші Азияның оғыз тайпалары құрамында бұл төрт тайпа ерекше орын алған екен. С.П. Толстов Равендиң түрікшеден аударылған еңбегіне сүйене отырып, жалпы оғыз әскерлерінің оңтүстік қанатын әрқашанда кайы және баят тайпаларынан шыққан бектер басқарғанын айта кетеді. Сонымен бірге ол «Оғыз-намеде» және Рашид ад-Диннің еңбектерінде осы екі тайпаның тайпалар тізімінде алғашқылар қатарында атала-тынына да назар аударады<sup>594</sup>.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды, өздерінің шығу тегі жағынан ғана емес, сонымен бірге рухани ұстанымы жағынан да ежелгі «бай» элементімен байланысты тайпалар әртүрлі этностық тамырлардан бастау алды және біртіндеп Түркі одағына бірігіп, алғаш ежелгі гаогюй, телес және оғыз тайпалық бірлестіктерінде өмір сүру негізінде қалыптасты. Түркілердің мұрагерлері болған кейінгі түркі халықтарының құрамындағы «бай» этонимінен бастау алып, ру-тайпалық бірлестіктердің қалыптасуына дейінгі ұзақ, бұралаң және аса күрделі этностық, сонымен бірге саяси үрдістердің де ықпалына түсken ерекше тарихты бастан өткізді. Сондықтан «бай» элементінен басталатын тайпалардың кейінгі тарихи тағдырлары біріне-бірі ұқсамайтын, тіптен алшақ рулардың да қалыптасуына негіз болды. Олар этностық жағынан ғана емес, тілдік түрғыдан да бірінен-бірі алшақтай бастаған рулық-тайпалық бірлестіктер еді. Бұдан туындастын қорытынды, ежелгі байырқу, байегу және байси тәрізді тайпалар мен кейінгі башқұрт, казақ, өзбек және тағы басқа түркі халықтарындағы «баймен» байланысты кейінгі ру-тайпаларды тікелей байланыста қарас-

<sup>593</sup> Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. – 1947. – №3. – 86-6.

<sup>594</sup> Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. – 1947. – №3. – 86-87-6.

тыруға тарихи үрдістегі күрделі құбылыстар ешқандай мұмкіндіктер бере қоймайды. Біздіңше, осындаған жағдайда ен дұрысы, әрбір халықтағы «бай» элементімен байланысты рутайпаның жеке тарихын арнайы зерттеу ғана тарихи шындықты нақтырақ анықтауға мүмкіндік береді. Осындаған ұстанымды мойындар болсак, біз, бәрінен бұрын, Кіші жұз қазақтарын Байұлы тайпалары ортақ этнонимінің қандай байырғы этнонимдерден бастау алатынын анықтап алуымыз керек.

Жалпы басқа түркі халықтарына қарағанда, «бай» элементінен басталатын этнонимдер қырғыз халқында көп кездесетін тәрізді. Олардың ішінде, мысалы, бай, байбағыш, байқазақ, байқалмақ, байкесек, байконек, байқөчек, байкучук, бай монол, байсогур бай тейит, бай терек, бай төбет, бай чубақ, байге кашка, баймат тукуму, баймырза, байсейит, байсу, байталчы, байым, байыш тәрізді рулар немесе ру тармақтары кездесе береді<sup>595</sup>. Мұның өзі «бай» этнонимінің бастауы қырғыз халқының қалыптасуында үлкен негіз болған-ау деген ойға жетелейді. Әрине, қазакта да, башқұртта да және тағы басқа түркі халықтарында да «байдан» басталатын этнонимдер баршылық.

Зерттеуші С. Атаниязов түрікмен этнонимдерін талдай келе, оларда «байдан» басталатын бай, байгелді, байлым, баймечей, байрамажы, байрамалы, байрамгулы, байрамшалы, байрач, байталлы, байтебер, байтохум, байым, байындыр, бай-эрки тәрізді рулардың кездесетінін нақты атап көрсетіп, сонымен бірге олардың әрқайсысына тарихи талдаулар берген еді<sup>596</sup>. Ол «Бай» атауының түрікмендердегі арсары, ата, гарадашлы, емрели, ёmut, мукры, олам, салыр, сарық және теке руларында кездесетініне нақты назар аударады. Бұл сөзге талдау жасай келе, ол «Бай» сезінің қазактардағыдан ұғымды білдіретінін және бұл этностық терминнің бай/байлар деген атаумен ежелгі түркі-монгол тайпаларының атауы түрінде де тарихта қазіргі қазактарда, өзбектерде, башқұрттарда, қырғыздарда, қырым татарларында, монголдарда және тағы басқаларда сақталып қалғанын атап көрсеткен еді<sup>597</sup>.

<sup>595</sup> Карапаев О. Қыргыз этнонимдер сөздүгү. – Бишкек, 2003. – 31-35-б.

<sup>596</sup> Атаниязов С. Словарь туркменских этнонимов. – Ашхабад, 1988. - 27-28-б.

<sup>597</sup> Атаниязов С. Словарь туркменских этнонимов. – 27-б.

Біз әңгімелеп отырған Алшын тайпасы Байұлы тармағындағы Байбакты деп аталатын үлкен рудың тарихи тамыры да осы «Бай» түсінігіне алып баратыны анық. Бұл этнонимнің шығу тарихын біз алда арнайы және жеке әңгіме қыламыз. Бұл айтылғандар қырғыз және қазак ру-тайпаларының қалыптасында «Бай» этнонимінің үлкен рөл атқарғанын мойындауға итермелей түсетіндей. Оны қырғыз тарихшылары да мойындалп отыр.

Зерттеуші Т. Акеровтың ежелгі қырғыздарға арналған зерттеуінде түркі дәуіріндегі «Бай» этнонимінің бастаулары жанжақты және нақтырақ талданған. Онда ежелгі кезеңде сақтардың «Бай» деп аталатын княздігі болғаны туралы нақтырақ жазылған. Ол Мәде билік жасаған дәуірді талдай келе, «Бай» княздігінің адамдары Шығыс Түркістан көшпелілерімен бірге, дәлірек айттар болсақ, хуге, чили, юйли және тағы басқалармен ғұндар шаньюінін орталық билігіне қарсы көтеріліске қатысқан болса керек деген болқам айтады. Ол өзінің зерттеулерінің негізінде Бай иеліктерінің Бай-Шань (Ақ таулар) тауларына жақын манда Қытайдың солтүстік аймағында орналасқанын атап көрсете келе, осы мандағы Мұзарт-Дарияның солтүстік тармағының және Тарим өзенінің бір тармағының әлі қүнге дейін «Бай» деген атауды сақтап отырганын, дәл осы манда «Бай» деп аталатын қала бар екендігін атап көрсетеді<sup>598</sup>.

Т. Акеров ежелгі қытай деректеріне сүйене отырып, б.з. VII ғасырында Байси тайпасының қырғыздармен (хегулермен) бірге Теле конфедерациясының 15 руы қатарына кіргенін және олардың Орталық Азияның үлкен бөлігін, соның ішінде Шығыс Түркістанды жайлап жатқандарын нақты айта кетеді. Байсiler Шығыс Түркістанда және Жонғарияда өмір сүрді. Зерттеуші қырғыздың Саруу (ашық-сары ру) тайпасының құрылымында ежелгі байсидың байсу түрінде сакталып қалғанын атап көрсетеді<sup>599</sup>. Мұның өзі оның ойынша, қырғыздардың Байси тайпасымен ежелден қалыптасқан этногенетикалық байланыстары бар екендігін тағы да макулдай түсетін тәрізді.

<sup>598</sup> Акеров Т. (Табылды Акертегин). Древние кыргызы и Великая степь (по следам древнекыргызских цивилизаций). – Бишкек, 2005. – 131-б.

<sup>599</sup> Акеров Т. (Табылды Акертегин). Древние кыргызы и Великая степь (по следам древнекыргызских цивилизаций). – 132-б.

Г.Е. Грумм-Гржимайло Теле тайпаларын талдай келе, Байсиге арнасты тоқталған еді. Онда мынадай жолдар бар: «Байси Халханың солтүстігінде байырқулардан оңтүстікке қарай көшіп жүрді. Тун-ло және пу-гу иеліктерімен батыста олардың жері шектесетіндіктен, олар Толы және Керулен өзендерінің жоғарғы тұстарын мекендеді деп санауга болатындей. Кейиніректе се-янь-то Толыға қарай жылжығанда олар шығысқа қарай көшті және Юэ-чжи (Юэ-си?) өзенінің аңғарларын мекендеді. Бұл қидандардың жерінің солтүстігі еді. Юэ-си аймағы Чан-ту-фу мен Мукденнің арасында жататын. Ол туралы мәлімет соңғы рет 660 жылы жазылған»<sup>600</sup>.

Көріп отырмыз, байсилердің шығысқа жылжыуы олардың қидандарға жақындастырыла алғып келді. Тегінде, қидандар батысқа жылжыған кезде байсилер де батысқа бет алуға мәжбүр болса керек. Осында ол Жетісудағы түркі тайпаларымен бірге көшіп-қонып жүргүре мәжбүр болғандай.

Қырғыз зерттеушілері дәлірек айтсақ, С.М. Абрамзон байсуларды қырғыздың Сарру руынан анықтап, бұлардың бұрынғы байсилер екендігін дәлелдеуге тырысқан еді<sup>601</sup>.

Соған қарағанда, VII ғасырдың орта шенінен кейін байсилерді байсу деген атпен іздестіргеніміз жөн сияқты. Қытайдың деректеріне қарағанда, 648 жылы байсилер (байсулар) Теле руларының бірі регінде белгілі болды. Оны біз жоғарыда айтып кеттік. Зерттеуші Ю.А. Зуев байсилерді (байсуларды) қазіргі Эдзин-Голго аймақтарында өмір сүрген дейді<sup>602</sup>. Қырғыз зерттеушілерінің айтуыша, бұл тұста қырғыздар жуан-жуандардың (хүннұлардың) қол астына қарап, қазіргі Монголия аймағының Минусин ойпатында Теле руларымен көршілік қарым-қатынаста болған.

Қазіргі кезде И.Н. Лезина, А.В. Суперанская тәрізді зерттеушілер Қырым түбегінде де Байсу этнотопонимика бар екендігін анықтап отыр<sup>603</sup>. Ал енді Байсу атауының өзі қырғыз

<sup>600</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т.2. – Л., 1926. – 248-249-б.

<sup>601</sup> Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – 109-б.

<sup>602</sup> Зуев Ю.А. Тамги лошадей у вассальных княжеств // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. Труды ИИАЭ АН КазССР. – Алма-Ата, 1960. – 112-б.

<sup>603</sup> Лезина И.Н., Суперанская А.В. Об этнонаимах Крыма // Тюркская ономастика. – Алма-Ата, 1984. – 84-б.

зерттеушілерінің айтуынша VI-VII ғасырлардан бері қарай қырғыздардың этностик құрамында белгілі бола бастаған. Сонымен бірге осы кезеңде қыргыздар құрамына Байырқы Телес (Теле) руларынан теөлөс / дөөлес, төлөк, телек және басқа да этнокомпоненттер кірген екен<sup>604</sup>.

Ежелгі түркілер кезінде Байси иеліктері дулулардың он оқ будунға кіретін Бес тайпалары құрамында болды. Олардың әрқайсысының басында шорлар тұрды. Ежелгі түркі тілінде Шор деген сөздің жауынгер деген мағынаны аңғартатынын және монгол тілінде оның «чериқ» деп аталатынын Т. Акеров тағы да қайталаپ айта кетеді. Оның ойынша «Бай» княздігі ежелгі оңғыттармен тығыз байланысты болған. Ал оңғыттардың түрік шатоларының ұрпақтары екенін және ежелден-ақ Шығыс Түркістаның ежелгі тайпалары қатарына жататынын басқа зерттеулерден де жақсы білеміз.

Т. Акеров өзінің пікірін дәлелдеу үшін дерек ретінде «Манас» дастанынан мәліметтер келтіреді. Оның ойынша, Манастың ежелгі аталарының бірінің есімі Байтур болған. Бай есімін батырдың экесі Жақыптың туыстарының бірі алып жүрген. Бай өзінің Алтайдан қоныс аударған туыстарын іздең, осында көшіп келген және ағайындарының кеңесі бойынша Тянь-Шаньға қайта оралған.

Т. Акеров Әбілхайыр ханының ата-тегін қазбалай отырып, оның уш ұлының Байчоро, Жанчоро, Қарачоро деп аталғанына назар аударады. Шынында да, қыргыздың ежелгі шежіресі бойынша, Арслан биден Байчоро, Жанчоро, Қарачоро тарайды. Т. Акеров С. Аттокуровтың мәліметтеріне сүйене отырып, Ұлы және Орта жұз қазактарының қыргыздардағы Қара чоро руын Бай қыргыз деп атайдынын айта кетеді. Манастың және Семетейдің ногайлармен болған қақтығыста Іле аңғарында Қырғызбайдың басшылығымен соғысқан жасақтар әнгіме болады екен. «Бай» атауының шығуына терең талдау жасай келе, Т. Акеров қыргыз руларының құрамында бірталай рулардың, дәлірек айтар болсақ, тагай, жетиген, черик, чон бағыш, бағыш, сары бағыш, азық (байқючюк) және тағы басқаларының құрамында Бай атауының кездесетінін атап кетеді. Оның ойынша,

<sup>604</sup> Каратаев О. Қыргыз этнонимдер сөздүгү. – 34-6.

«байкююк» этнонимі ежелгі Бай княздігімен осы өлкені мекендеген кучуктердің орта ғасырдан бері қарай аздармен (асигилермен) тығыз байланыста болғаны, бірге қөшіп-конгандарын байқатады<sup>605</sup>. Жалпы «Байкүшік» атауы қазакта да кездесетінін айтпасқа болмайды, Дулаттың Шымыр руының Жаңабайдан тарайтын бір тармағы күні бүтінге дейін Байкүшік деп аталағынын осындауда айта кеткен жөн. Мұның езі қазақ пен қырғыздың кейбір руларының ортақ тарихи тағдырынан жан-жақты хабар етегіндей.

Т. Акеров «Бай» атауымен басталатын этнонимдерді талдай келе, мынадай қорытындыға келеді: «Названия ряда родов, связанные с «бай», можно прикрепить к определенному историческому периоду. Например, к дотюркской эпохе можно отнести роды бай, байсу, байсогур, байкююк, тюркской – байтейт, байкесек; огузовской (тогузгузской) – тогузбай, баймундуз, толбай; карлукской – байбостон, байчубак; карханидской – байчоро, жанчоро, карачоро; кыпчакской – басыз, байрек, баян, баянды; кара китайской – байтобот; монгольской – баймогол, бай черик»<sup>606</sup>.

Қазақ тарихын талдаған кезде де мұндай «бай» элементінен басталатын атаулардың біршама көп кездесетінін анғарғандай боламыз. Такырыптан ауытқып кетпеу үшін алғаш өзіміз әңгімелеп отырған Байұлы атауының қайдан шыққанын және орта ғасырлардағы этногенетикалық тамырлары қайда апартынын нақтылай түскеніміз жөн сиякты. Осы түрғыдан алғанда назарымызды аударатын Т. Әбенайұлының төмендегі пікірі екенін де жасырмаймыз: «Байұлы. Бұл ұрудың аты парсының (бә), (әһ), (и), (әһ) және (тә) харыптарынан құралған. Оны «бәнеуіт» немесе «баяғұт» деп окуға болады. «-т» және «-ты» немесе «-лы» журнактары, түркі тілінің түрлі кезеңінде, иә болмаса бір кезеңдегі түрлі тармақ тілдерде бірінің орнына бірі келе беретінін ескерсек, жоғарыдағы тіркесті мынадай түрлендіруге болады: баяғұт – бяғұты – байғолы немесе байғұлы. Бұл казіргі қазақтың Кіші жүзіндегі Байұлы арысы екенін

<sup>605</sup> Акеров Т. (Табылды Акертегин). Древние кыргызы и Великая степь (по следам древнекыргызских цивилизаций). – 133-б.

<sup>606</sup> Акеров Т. (Табылды Акертегин). Древние кыргызы и Великая степь (по следам древнекыргызских цивилизаций). – 131-133-б.

жоғарыда, «Құпия шежіре» жөнінде тоқталғанда да айтып едік. Дестірде олар екі салаға бөлінеді делінген. Бірі, Жете өзенінің аңгарына орналасқандықтан, «Жете-байұлы (баяғұт)» аталған. Енді бірі, қырда болғандықтан, «Қырын-байұлы (баяғұт)» аталған.

Байұлы да Шыңғысхан әuletімен құда-шатыс өткен екен. Одан шыққан Сорқан-сары (бұрынғы аудармаларда Сорқаншыра) деген көріпкел Шыңғысханның Ұлы хан болатынын ертеден-ақ болжаған. Сондықтан Сорқан-ажеке аталағып, Шыңғысханның құрметіне бөлөнген. Нағай деген жарғышы да сол елден шыққан. Мөңке қағанның Байұғжан атты ханымы осы елдің қызы екен. Бұл жерде «Байұғжан» атауы Баяғұт елінің қызы дегенді білдіреді. Казіргі қазақ тілі бойынша айтқанда, «Байұлы-ханым» деген сөз. Ендеше, әйгілі Мөңке қағанның үрімбұтағының біртегі Байұлы арысы болып келеді»<sup>607</sup>.

Дегенмен де, Байұлының моңғол жаулауының қарсаңындағы тарихы тарихи жазба деректерде нақты сақталмаған. Жоғарыда айтылғандай, егер де түркілік қауымдастағы Байұлының арғы атауын баяғұт деп алсақ, онда есімізге ежелгі баяут тайпасы еріксіз оралады. Қалай десек те, баяут тайпасының кезінде түркі бірлестіктерінде өмір сургені жақсы белгілі. Ал енді байырқының (байегудің) Байұлы бірлестігінің арғы бабалары регінде тарихи орнын негіздеу аса қыын. Оның езі жоғарыда Р.Г. Кузеев атап көрсеткендей, этнотамырларын тарихи тұрғыдан қарастырғанда, солтүстіктегі Бұғы және балық аулап өмір сурген Самодий тайпаларына жетелейтінін байқаймыз. Тіптен, құрамында жартылай түркі рулары болғанына қарамастан, жоғарыда атап кеткеніміздей, Байырқыны этногенетикалық тұрғыдан кейінгі Байұлы бірлестігімен байланыстыру қысынға келе коймас. Ал енді Теле бірлестігіндегі түркі тайпасы Байсидің жағдайы мұлдем басқаша. Осы Байси одағымен баяут бірлестігінің тікелей этногенетикалық байланыстары болуы әбден мүмкін нәрсе. Ал Байсидің өзінің қырғыз зерттеушісі Т. Акеров айтқандай, байырғы Бай тайпалар бірлестігіне алып баруы да мүмкін. Мұны сызба түрінде бейнелер болсақ, былай көрсетуге болар еді: бай – байси (байшы) – қаанбайлы – байлы – байұлы.

<sup>607</sup> Әбенайұлы Т. Шыныңда көш тарих! Шыңғыс хан кім? – 43-6.

Байұлы рулық бірлестігінің Байси тайпасынан бастау алу мүмкін деген көзқарас бар екендігін жоғарыда қырғыз тарихшысы Т. Акеровтің еңбегін талдағанда айтып кеткен едік. Осы тұжырымдар тегінде тарихи шындыққа едәуір жақын тұрган тәрізді. Өйткені байсилар (байшылар) ежелден-ақ Теле тайпалық бірлестігінде өмір сүріп, байыргы түркі руларын біріктірген. Гаогюй одағы құйреген кезде, олар батыска жылжыса керек. Бұл біздің заманымыздың V ғасырының соңында орын алған оқиға. Кезінде осыған байланысты А.Н. Бернштам өзінің пікірін айтқан болатын<sup>608</sup>. Батыска жылжыған байсилер алғаш Дулат одағында болса, онан соң кейінректе қаңылармен жақындасып, Алшын бірлестігіне қосылса керек. Бұл оғыздардың Арап бойына қоныстануына байланысты орын алған тарихи үрдіспен байланысты болуы да мүмкін.

Осы айтқан пікірлерімізді Т. Сұлтанов пайдаланған Эбілхайыр ханның тарихына байланысты рулар мен тайпалар тізімі де мақұлдай түсетіндей. Онда 1428 жылы Эбілхайырды хан сайлауға қатысқан тайпалар арасында Каанбайлы деген тайпа кездеседі<sup>609</sup>. Біздің ойымызша, байси немесе байши, бәлкім байлы атанған осы күні түркі тайпасы қаңылармен біріккен соң, осылай каанбайлы аталған болса керек. Құрамы әртүрлі рулар қалдықтарынан құралған бұл бірлестік Алшын одағына қосылған соң, жеке ру ретінде өмір сүруден қалса керек.

Сонымен Бай элементінен басталатын әртүрлі этнонимдерді талдау барысында төмендегідей қысқаша тұжырымдарға тоқталғанды жөн көрдік.

Біріншіден, «Бай» атауы түркі халықтарында ежелгі дәуірден бері кездесетін этноним. Тіптен, байыргы хун және үйсін дәуірінде осындай өлкенің Шығыс Түркістанда болғаны, оны, негізінен, байыргы түркілердің мекендегені анықталып отыр. Осы «бай» атауының кейінгі бірқатар түркі тайпаларының этнонимдерінде негізгі бастаушы элементке айналғаны байқалады.

<sup>608</sup> Бернштам А.Н. Древнейшие тюркские элементы в этногенезе Средней Азии // Советская этнография. – 1943. – Т.6-7. – 154-6.

<sup>609</sup> Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). – М., 1982. – 15-6.

Екіншіден, ежелгі түркілер дәуіріндегі Теле одағында, яғни б.з. IV-V ғасырларда байырқу – баегу, байси деген тайпалық бірлестіктердің болғанын білеміз. Олардың қайсысы кейін қазақта кездесетін Байұлы бірлестігінің байыргы бабалары болып табылады деген сауалға жауап іздегендеге осы тайпаларға нақтырақ назар аударуға тура келеді.

Үшіншіден, байырқу немесе баегудың жалайырлармен бірге жүргеніне қарамастан, монғол тайпалар одағына қосылып кетуі және кейінгі қыпшақ даласында да олардың монғол тайпалары ретінде қабылдануы аталған тайпалар мен қазақтың байұлының арғы бабаларын байланыстыруды қынданат түседі. Сондықтан да бұл пікірді кейбір ғалымдардың қолдау жасағанына қарамастан, деректік негіздері әлі де әлсіз.

Төртіншіден, байыргы түркі тайпаларының арасында байұлын құраған кейбір рулардың этногенетикалық бастаулары байси одағымен байланысты болуы мүмкін деген тұжырым тарихи шындыққа әлдекайда жақын тұрган тәрізді. Мұны байсилардың о бастан-ақ түркілердің тайпалық одағында өмір сүріп, кейіннен батысқа жылжуы дәлелдей түсегіндей.

«Ашын» этнонимінің шығуы байси этнонимін ығыстырып шығарған деген қорытынды әлдекайда дәлелді тәрізді. Оның үстіне осы тақырыпты зерттеген қырғыз ғалымы Т. Акеровтің қырғыздарды байсилермен туыстастыруы және байсилердің оларды байсу атауымен сақталуы аталмыш тайпаның кейінгі тағдырының да түркілермен тығыз байланысты болғанын көрсетеді. Жоғарыда айтқанымыздай, қырғыздарда да, қазактарда да және т.б. түркі тайпаларында да Бай элементінен басталатын тайпалар мен рулардың көптеп кездесуі осы айтылғандардың айқын куәсі. Қырғыз рулар бірлестігін құрауға қатысқан байсилердің қазақтың Байұлы бірлестігінің негізін қалауы әбден мүмкін нәрсе. Мұны байсилердің тарихи тағдырын қаңылармен байланыстыру арқылы XV ғасырдың алғашқы ширегіндегі Каанбайлы этнонимі түрінде көрсетуге болады деген ойлаймыз. Осы пікірімізді А.А. Семеновтың Шайбан ханының тұқымдары 17 жасар Әблілхайырды хан сайлаған тайпалар тізімін көрсеткенде, келтірген деректері айқындаі түсегін тәрізді. Мұнда оны хан сайлауға қатысқан 24 тайпаның ішінде ушінші болып Қият және Маңғыт тайпасынан кейін Байлы

тайпасы атап көрсетіледі. Зерттеуші осыған байланысты өзінің пікірін былай деп тұжырымдайды: «Эти племена поддерживали юного Абулхаир-хана в его первых шагах на поприще расширения и упрочения своей власти»<sup>610</sup>. Осыдан көріп отырғанымыздай, байырғы телестер құрамындағы байси деген атпен белгілі болған рудың енді сандаган ғасырлардан кейін байлы немесе қаанбайлы деген атпен тарих сахнасында көрініс бергенін және олардың кейінректе қазақтың батыс өңірінде мекендеген көшпелі өзбектер мемлекетінің құрамында айтарлықтай күшті тайпа болып, Әбілхайырды қолдаушылар қатарында белсенділік танытқанын айқын байқап отырмыз.

### 3.7. «Адай» этнонимі немесе тайпаның арғы тегі туралы

#### a) «Дай (Дах)» тарихи атауының «Адай» этнонимімен байланыстылығы туралы мәселе

Байұлының ең саны көп тайпасы – Адай. Сонымен бірге адайдың қалыптасу тарихы басқа осы бірлестікке қосылатын тайпаларға қарағанда өзіндік ерекшелігі бар бөлек тарих. Оның үстіне «адай» этнонимінің шығуына байланысты көзқарастар, пікірлер әртүрлі болып келуімен де ерекшелене түседі. Олардың арасында, әсіресе, «Адай» этнонимін «Дай» атауынан шығаруға тырысатындардың пікірлері сенімдірек естіледі. Бұл істің бастауында белгілі қазақ ғалымы С. Аманжолов тұр. Өзінің зерттеулерінде кезінде оның былай деп жазғанын білеміз: «Нам кажется, что адаи относятся к древним даям, которые упоминаются рядом с саками или массагетами у древнегреческих географов и историков Страбона и Геродота; по их рассказам дай во II в. до н.э. жили у берегов Каспийского моря. Возможно, это название возникло из огузского ада (остров) – адаи (островяне)»<sup>611</sup>. Кезінде осы мәселе мен арнайы айналысқан және С. Аманжоловтың жоғарыдағы пікіріне қолдау жасаған

<sup>610</sup> Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // Материалы по истории таджиков и узбеков Средней Азии. Вып. 1. – Сталинабад, 1954. – 24-б.

<sup>611</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Часть первая. – Алма-Ата, 1959. – 160-б.

қазақстандық В.В. Востров былай деп жазған еді: «Как нам кажется, вполне допустима версия, что дай (дахи) являются далекими предками рода адай»<sup>612</sup>.

Айта кеткен жөн, бұл мәселеге Қытайдағы бауырларымыз да назар аударып отыр. Ежелгі қытай жылнамасын қазақ тілінде сөйлемткен олар да бұл мәселеңі ежелгі «дай» этнонимімен байланыстырады. Сөзбе-сөз айтар болсақ, олар былай деп атап көрсетеді: «Дай, көнеше оқылуы: дад-иек немесе дариек) – ертедегі ел. Бұл жөнінде «Тарихи жазбалардың түсіндірмелі толық аудармасында»: «Дай – шағын мемлекет, орны Әмударияның төменгі алабында. Батыстың тарихи кітаптарында айттылатын Дае болуы мүмкін», – дейді (3199-бет). «Қазақ совет энциклопедиясында»: «Ежелгі грек жазушыларының мәліметтері бойынша Каспий теңізінің шығыс жағын мекендеген көшпелі сақтайпаларының бір тобы. Дайлар коныстанған мекен Иран әдебиетінде Дейстан деп аталған. Дайлар өжет, жауынгер халық болған. Бірсыныра ғалымдар ежелгі дайды осы күнгі қазақ адайының түпкі тегі деп есептейді», – делінген (3-том, 466-бет). «Шынжаң тарихы сөздігі»: «Каспийдың Хорезмге таяу шығыс жағын мекендеген ұлыс. Сондықтан «Тарихи жазбаларда» Хорезммен қатар аталған», – дейді. (17-бет)<sup>613</sup>.

Айта кеткен жөн, қытайдың тарихи жазбаларында осы елден батысқа бірінші болып барған Чжан Цяннның (Жаң Чяннның) және оның серіктерінің алғашқы мәліметтерінде Дай елі және олардың көршілері туралы мәрдымсыз болса да әңгімеленген. Одан мынадай жолдарды оқымыз: «Алғашқыда Хән сарайының елшісі Парфияға барғанда Парфияның ханы 20 мың атты әскеріне шығыс шекарада оларды қарсы алуға бұйырды. Шығыс шекарасы астанасынан бірнеше мың ли қашық еді. Елшілер олардың астанасына жеткенше халқы қара нөпір ондаған қаланы басып өтуге тұра келетін. Парфия ханы Хән әулестінің ұлылығына көз жеткізу үшін, Хән елшілері қайтқанда оларға өз елшілерін қости. Хән патшасына түйсұстың жұмыртқасы мен Александрия сиқыршысын тарту етті. Дад-уанның батысындағы

<sup>612</sup> Востров В.В., Муканов М. С. Родоплеменной состав и расселение казахов(конец XIX-начало XX в.). – Алма-Ата, 1968. – 84-б.

<sup>613</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б. 177 – б.з. 222 жылдары). Бірінші кітап. – Алматы, 2006. – 257-б.

Хорезм, *Дай* (бөліп көрсеткен бізбіз – *T.O.*) және Дад-уаның шығысындағы Каси, Уағме, Сағай және және т.б. ұсақ елдер де Хән елшілеріне қосып өз елшілерін Қектің ұлына қол тапсыруға жіберді. Қектің ұлы бұған мейлінше риза болды»<sup>614</sup>. Мұндағы «Қектің ұлы» – Қытай императоры екендігін оқырман түсініп отырған болар деген ойдамыз. Бұл айтылғандардан байқайтынымыз, *Дай* елі бұл тұста шағын елдер қатарында болған және солай бола тұрса да басқалармен бірге Қытай императорына елшілер аттандырған. Әрине, қытай жылнамашыларының «қол тапсыруға жіберді» дегендерін бас июге немесе бағынышты болуға жіберді деген мағынада түсіну қате болар еді. Қытайлықтар кейде өздерінің жылнамаларында өткен тарихтарын көтермелей келе, басқаларды төмөндөтіп, тіптен қорлап отырғандарын да «байқамай» қалады. Бұл жерде әңгіменің ауанынан қарым-қатынасты жолға қою туралы болып отырғаны айқын көрініп тұр емес пе?

Ия, ежелгі қытай жазбаларынан байқайтынымыз, қазіргі қазақ адайлары орналасқан аймаққа жақын төңіркте ежелгі дәуірде *Дай* деген тайпаның өмір сүргені ақыкат нэрсе. Егер мәселені осылай қабылдайтын болсак, онда жоғарыда айтылған қытай жылнамасындағы «Дай – шағын мемлекет» деген қорытынды да рас болып шығады. Біздің бұл пікірімізді дахтардың/дайлардың басқаларға ылғи да тәуелді халге түсуге мәжбүр болғаны дәлелдей түсетіндей. Өте жауынгер, өжет бола тұрса да, бұл тайпалар саны аз, мемлекеті әлжуаз болғандықтан, көршілерінің шылауына ілесіп, айдауына жүргуте мәжбүр болған болса керек.

Алайда «дай» немесе кейінгі «адай» атаулары арасында этногенетикалық байланыстар бар ма, әлде мұлде жоқ па деген күрделі саяулға бүгінгі тарих ғылыминың мүмкіндігі тұрғысынан тиянақты жауап беру де онай мәселе емес. Мұны бүгінгі зерттеушілер арасындағы осы мәселеге байланысты әртүрлі қайшылықты көзқарастар да айқын байқата туседі. Осыған байланысты қазакстандық Т.А. Инсебаев және Е.З. Қажыбеков тәрізді авторлар «дай» атауының шығу түбірін ежелгі скифтер

<sup>614</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б. 177 – б.з. 222 жылдары). Бірінші кітап. – Алматы, 2006. – 53-б.

мен сактардың және ғұндардың ақыздарындағы итті және көкбөріні қасиет тұтатын түсінікпен байланыстырады<sup>615</sup>. Осы мәселені едәуір нақты талдаған олар, хакас тілінде «адай» деген сөздің «ит» деген мағынаны білдіретінін де ескерте кеткен еді. Бұл пікірді айтушылардың хакас сөздігін пайдаланып айтып отырғаны да белгілі<sup>616</sup>. Алайда аталып отырған ежелгі дәуірде «Адай» этонимінің өзінің қазіргідей қаз-қалпында кездеспеуі, Дай, Адийе, Джадай және т.б. түрдегі ұқсас этонимдер арасында «Адай» деген сөздің өзінің болмауы бұл пікірді қисынсыз етеді. Оның үстіне ежелгі діни таным негізінде дайлардың немесе дахалардың байыргы ата-бабалары «жылан анадан» шықты деген көзқарастың да бар екендігін Серікбол Қондыбайдың зерттеулерін оқығанда айқын аңғарамыз. Осыған байланысты ол былай деп жазады: ««Даха» (даса, дай) этонимі де осындай жолмен пайда болған. Даҳа этносы жылан құлтін ұстанған, яғни олар дей-турктер болатын. Сондықтан біз б.з.д. 2-мыңжылдықтағы, тіпті одан бұрынғы (б.з.д. 4-3 мыңжылдықтардағы) «Жылан-баба» тұтас этносынан енші алыш шыққан (дей-эламдық және дей-дрavidтік топтармен бірге) дей-турктер тармағын біз «дахалар», «дасалар», «дайлар» немесе дей-дайлар (протодайлар) деп атай алатын боламыз. Ал б.з.д. 1-мыңжылдықтағы дахтар немесе дайлар (дах-массагеттер) батыс дей-турк тайпаларының атауы да немесе иранданып кеткен солардың жаңа ұрпағы да болуы мүмкін, дегенмен, осы дайларда (олардың бір тармағынан таралған парфиялық әулеттеге) жылан құлтінің кейінгі ғасырларда да сакталуына қарап, олардың әлі де болса дей-турктік жұрт болғандығын жорамалдауға еркіміз бар»<sup>617</sup>.

Әрине біз мұндай жорамалдарды ақиқат тарихи шындық ретінде қаз-қалпында қабылдай беруді ұсынудан аулақпыш. Дегенмен, тарихи шындықты анықтауға баар жолда нақты де-ректерге сүйенген кез келген балама пікірдің өмір сүруге қаркысы бар екендігін де ұмытпағанымыз жөн. Жалпы алғанда

<sup>615</sup> Инсебаев Т.А., Кажибеков Е.З. Некоторые предварительные результаты сопоставление и анализа названий родоплеменных групп *Адай* и *Сүйіндік* // Туркская ономастика. – Алма-Ата, 1984. – 98-б.

<sup>616</sup> Русско-хакасский словарь. – М., 1961. – 804-б.

<sup>617</sup> Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 6-том. Гиперборея: түс көрген заман шекіресі. – Алматы, 2008. – 370-б.

«Адай» этнонимінің мән-мағынасын тайпаның шығу және пайда болу тарихынан бөліп қарауға болмайтынын осы мәселені зерттең жүрген ғалымдар дұрыс анғарған. Осының нақты көрінісі зерттеуші А. Нұрмамбетовтың Адай этнонимінің шығу тарихын ежелгі Атіе, Адие тайпаларымен байланыстыруы дер едік. Бұл қисынды пікір қытай жылнамасынан алынған. Сонымен қатар зерттеуші осы көзқарасты қолдайтын басқа ғалымдардың пікірлеріне де жүтінеді. Мысалы, В.В. Радловтың ежелгі Гао-гю құрамынан Баे-гүмен қатар Аде руын да кездестіргені белгілі<sup>618</sup>. Л.П. Потаповтың VI-VIII ғасырлардағы Теле бірлестігі құрамынан басқалармен қатар *Адие* руын да атап кеткенін білеміз<sup>619</sup>. Л.Н. Гумилевтың Теле құрамы туралы жазғанда осы *Адіені* кейде *Аде* деп көрсеткенін байқаймыз<sup>620</sup>. Осы тарихи зерттеулерді қамтып жазған А. Нұрмамбетов бұрынғы тарихи деректерден 1425 жылы Адай деген кісінің өзін хан жариялағаны туралы деректі кездестіргенін айта кетеді<sup>621</sup>. Алайда өзі келтіріп отырған осы сонғы дерекке зерттеушінің өзі күмәнданып, былай деп жазады: «...Однако вести род адай Младшего жуза от этого имени было бы неправильным. Как видим, в вышеупомянутых источниках этот этноним встречается в самых различных звуковых вариантах: Ады, Аде, Адие, что не может быть отнесено к фактам случайного характера»<sup>622</sup>.

Ия, тарихта Адай деген тарихи тұлғаның болғаны да, оның өзі басқарған руда аса беделді болғанын да ешкім теріске шығара қойған жоқ. Алайда аталмыш этнонимің монғол жаулауы кезеңінен бұрын тарих сахнасына шығуы шындығында да бұл пікірді қабылдауға кедергі келтіреді. Осыны жақсы туғынген А. Нұрмамбетов *Аде*, *Ада*, *Атіе*, және *Одоют* атауларының фонетикалық заңдылықтар негізінде Адай деген түрге өзгерулері мүмкін екендігін дәлелдеуге тырысады. Ол Одай атты сез түбіріне жалғанған -т, ут жалғауларының монғол тілінде көптік

<sup>618</sup> Радлов В.В. К вопросу об уйгурах. – Спб., 1893. – 90-б.

<sup>619</sup> Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. – Л., 1969. – 151-б.

<sup>620</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1967. – 62-, 266-б.

<sup>621</sup> Нұрмамбетов А. О казахских этнонаимах *Адай* и *Шеркес* // Тюркская ономастика. – Алма-Ата, 1984. – 91-б.

<sup>622</sup> Нұрмамбетов А. О казахских этнонаимах *Адай* и *Шеркес* // Тюркская ономастика. – Алма-Ата, 1984. – 91-92-б.

жалғауларды аңғартатынына назар аударады. Біздің ойымызша, ғалымының осы соңғы пікірі дәлелді де қисынды.

Сонымен қатар зерттеушінің Адай тайпасының ежелгі рулар қатарына жататындығын дәлелдеуін де макұлдаймыз. Қытай деректерінде көрсетілгендей, *Аде* тайпасының Теле бірлестігіндегі *Баегулермен* қатар, бірақ дербес жүргендері де белгілі. Адайлардың алғаш мұлде бөлек ру түрінде өмір сүргендерін қазақ шежіресі мен аңыздары да дәлелдейді деген пікір де қисынды<sup>623</sup>. Алайда Адай тайпасының атауы бүрүн жоғарыда атап көрсеткеніміздей «ада», яғни «арал» деген түсінкті беретін болса, онда тайпаның шығыстан, ешқандай теңіз де, арал да жоқ Батыс Монғолия өніріндегі аймақтан келуін қалай түсіндіріп бере аламыз?

Тағы бір назар аударап мәселе, Вамберидің, Н.А. Аристовтың, С. Аманжоловтың түрікмендердегі Адали руымен ежелгі «ада» атауы арасынан тарихи байланыстар іздестіретіндері<sup>624</sup>. Әрине адайлардың кейбір руларының түрікмендермен қандас туыстықтары бар екені ешбір құдік тұғызыбайды. Алайда ежелден дербес тайпа ретінде өмір сүріп келе жатқан адайлардың тұптамырларын түгелдей түрікмендерден іздестіру де шындыққа апаратын жол емес. Мұндайда адайлар неге түрікмен болып қалмаған, қалайша қазақ болып кеткен деген табиғи сауал өзінен-өзі туындауды емес пе.

Осы жерде айтпай кетуге болмайтын тағы бір маңызды мәселе бар. Еліміздің тәуілсіздік алуы қытайдағы бауырларымызбен ғылыми байланысмызды жолға қоюға мүмкіндіктер берді. Соңғы жылдары Қытайдағы бауырларымыздың көне қытай жылнамаларын қазақ тіліне тікелей аударған еңбектерімен танысуға және оларды ғылыми айналымға қосуға толық мүмкіндіктер алып отырмыз. Олардан аңғарғанымыз, Еуропаның және Ресейдің синологтары Телек тайпасының атын *Аде*, *Ада*, *Атие* деп біржакты жазып жүр. Шын мәнінде бұл тайпаның

<sup>623</sup> Нұрмагамбетов А. О казахских этнонаимах *Адаи* и *Шеркес* // Тюркская ономастика. – Алма-Ата, 1984. – 92-б.

<sup>624</sup> Нұрмагамбетов А. О казахских этнонаимах *Адаи* и *Шеркес* // Тюркская ономастика. – Алма-Ата, 1984. – 92-б.; Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – Спб., 1997. – 82-83-б.; Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата, 1959. – 160-б.

екінші, қосалқы аты *Едіз* екен. Мұны алғаш анықтап көрсеткендердің бірі Л.Н. Гумилев<sup>625</sup>. Ол «Адіе» атауының жаңына жақша ішіне «Эдиз» деп қосымша көрсетіп жазған еді. Бұл ел туралы қытай жылнамасынан қазақ тіліне тікелей аударылған мынадай жолдарды оқимыз: «Едіз» деп те жазылады. Бір кезде байырқылармен бірге сарайға қол тапсырды. Оның жеріне Кеден дуаны құрылды. (Таң Шюанзұң заманы) кәйюан жылдарында Едіз Сетей Түркі Бөгі чорға келіп тізе бүкті. Кейінрек Гуансен, Гуанан соғыстағы ерлігі үшін, үлкен мансапқа ие болды да Ли деген әulet есімі беріліп, шежіреге енді»<sup>626</sup>.

Ия, үзіндіден байқап отырғанымыздай, кезінде едіздер байырқылармен бірге жүрген, алайда олар байырқылар тәрізді қуатты тайпа бола қоймаған. Сондықтан да олардың басшысы Едіз Сетей Шығыс Түркі қағанатын билеуші түркі Бөгі шорға (Қапаған қағанға) келіп тізе бүккен. Осы едіздердің кезінде шығыстағы телектер жерінде он бес тайпа қатарында жүргендерін төмендегідей жолдардан анғарамыз: «Телек – асылы ғұнның бір тармағы. (Таң Гаузу заманы) удының (618-626) алғашқы жылдарында Сір-енда, Қыбыт, Құйғыр, Тыба, Құрықан, Теленгіт, Бұркіт, Байырқы, Тонра, Ғұн, Сегет, Қоксар, Қығыт, Едіз, Ақ септер Манғар шөлдің теріскейіне бытырап қоныстанады. Олар түгелімен Телек ұлысына қарады»<sup>627</sup>. Алайда кейінректе жаңа Сір-енда одағына біріккен Байырқы, Адіе (Едіз) және т.б. Телек тайпаларымен оларға туыстас түркі тайпаларының арасындағы қарым-қатынас мүлде нашарлап кетті. Оның үстіне 745 жылдан бастап құйғырлардың күшесі Телек тайпаларын мүлде ыдыратады. Осындаida олардың батысқа қарай жылжу үрдістері басталды»<sup>628</sup>.

Едіздерге байланысты тарихи деректердің шынайылығы еш күдік тұғыза қоймас. Алайда Адіе (Едіз) деген этнонимнің біз әңгімелеп отырған Адай атауына жақындығын дәлелдеу оңай шаруа емес. Бұдан шығатын корытынды Едізден Адайды шы-

<sup>625</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 62-б.

<sup>626</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б. 177 – б.з. 222 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 217-б.

<sup>627</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б. 177 – б.з. 222 жылдары). Екінші кітап. – 247-б.

<sup>628</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з.б. 177 – б.з. 222 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 293-б.

ғару онша дәлелді бола қоймайды. Ал енді мұндауда Едіз этномимін жоғарыда аталған Дай атауымен салыстыру мүлде қысының болып шығары және түсінікті емес. Мұндауда адайлардың ата-бабаларын телектер құрамындағы Едіз тайпасынан емес, осы бірлестікке енген Баегу (Байырқу) тайпасынан іздестіргеніміз жөн болар. Алайда Баегу мен біз әңгімелеп отырған ежелгі Дай тайпасының тарихи сабактастығын анықтау да онай шаруа емес. Мәселеге терендеңкіреп баар болсақ, ең алғаш «Дай» этномимін, дәлірек айттар болсақ, Дай тайпасының шығу тегін анықтап алған жөн екендігін байқағандай боламыз. Бұл мәселеде европалық және қазақстандық зерттеушілердің сүйенетін ең басты дерегі әйгілі Страбонның «География» атты еңбегі. Ол Дай деп аталатын скифтердің бір бөлігінің Каспий мен Аral теніздері арасында жортып жүретіндерін алғаш рет жазып қалдырган еді. Оның айтуынша, бұл тайпа Апарна, Ксанфия, Писсур деп аталатын үш бөліктен тұрады екен<sup>629</sup>. Осы мәселені тәптіштеп зерттеп жүрген қазақ ғалымдарының зерттеулерінің арасында С.Е. Әжіалидың ізденістері ерекше назар аудартады. Ол «Дай» этномимін шығуна байланысты нақты зерттеулер жүргізген еді. Оның айтуынша, Шығыс Каспий жағалауының өңірінде б.з.б. I мыңжылдықтың екінші жартысында ежелгі дайлар (дахтар) өмір сүргенін парсы және антикалық деректер атап көрсетеді. Оны зерттеген кейбір зерттеушілер массагет конфедерациясының құрамында ахеменидтерге қарсы құресте осы тайпаның құрес жүргізгенін жазып кеткен болатын. Шындығында да бұл айтылған пікірлер С.П. Толстовтың зерттеулерінде біршама нақтыланған. Алайда кейбір тарихшылар массагеттерді және дахтарды екі түрлі халық деп санайтынын және соңғыларының өздерінен бүрынғыларды б.з. 4-ғасырына дейін Маңғышлақтан, Үстірттен және оңтүстік Аral жағалауынан ығыстырып шығарғанын жазып жур. Бұл туралы зерттеуші И.В. Пьянковтың нақты ізденістер жасағанын жоғарыда атап көрсетілген С.Е. Әжіалидың еңбегінен білуге болады<sup>630</sup>. Қолда бар дерек-

<sup>629</sup>Страбон. География. В семнадцати книгах. – М., 1879. – 521-б.

<sup>630</sup>Ажигали С.Е. Очерк этнической истории аридной зоны Арабо-Каспий (в свете проблем этногенеза) // История и культура Арабо-Каспия. Сборник статей. Вып. 1. – Алматы, 2001. – 14-б.

терді талдағанда байқайтынымыз, дахтардың/дайлардың нақты қай жерде шоғырланғанын анықтау өте күрделі, өйткені олардың қоныстанған жерлері туралы мәліметтер айтарлықтай қаррама-қайшы. С.П. Толстовтың тарихи карталарынан олардың шығыстан батысқа қоныс аудару үрдістерін бастап өткөргенін аңғарғандай боламыз<sup>631</sup>.

Геродоттың айтуынша, дайлар парсылардың құрамында өмір сүрген қошпелілер болып табылады. Ал Ксеркстің жазбаларында (б.з.б. 486-464 ж.) олар туралы ахеменидтерге бағынышты халық ретінде айтады. С.Е. Эжіғали осы мәселеге байланысты зерттеушілердің көзқарастарына нақты талдаулар жасаған. Ол кейбір зерттеушілердің дахтардың/дайлардың Каспийдің оңтүстік-шығыс жағалауын мекендегендегі туралы мәліметтеріне назар аудара келе, сонымен бірге дахтар алғашқы кезде солтүстік-шығыс Арас жағалауларында қоныстанған болса керек деген пікірге де тоқтала кетеді. Зерттеуші бұл жерде әйгілі Страбонның осы мәселеге байланысты айтқандарына сүйенеді<sup>632</sup>.

Дахтардың тарихи жылжу жолдарына көрnekі түрде көз жеткізу үшін жоғарыда біз атап кеткен С.П. Толстовтың тарихи карталарына назар аударған жен деп ойлаймыз. Ол Хорезм мемлекетінің және оны коршаған елдердің б.з.б. VI-IV ғасырлардағы орналасу орындарын көрсететін картасында Арас теңізінің шығысында, исседондардың батысындағы көршілер ретінде орналастырған. Оナン дахтардың солтүстігін яксаматтар, оңтүстік шығысын сақтар, оңтүстігін массагеттер, оңтүстік батысын хорасмиилар мекендегенін айқын байқауға болады<sup>633</sup>.

Маңғыстау өнірінің көне тарихына көптеген еңбектерін бағыштаған талантты зерттеуші Серікбол Қондыбай кезінде осы Страбонның пікірін төмендегіше аударған еді: «Страбон: «Каспий теңізінен бастап скифтердің көпшілік бөлігі Дай деп аталады, одан әрі шығысқа қарай тұратындары массагеттер мен

<sup>631</sup> Толстов С. П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.-Л., 1948. – 102-, 142-б.

<sup>632</sup> Ажигали С.Е. Очерк этнической истории аридной зоны Арало-Каспий (в свете проблем этногенеза) // История и культура Арало-Каспия. Сборник статей. Вып. 1. – Алматы, 2001. – 14-б.

<sup>633</sup> Толстов С. П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.-Л., 1948. – 102-б.

сақтар, қалғандарын жалпылай скифтер дейді, алайда әрбір тайпаның өз атаулары бар. Олардың ішінде ең танымалдары – сақтар мен соғыллардан соң Яксарт жағасынан келген астар, пасиактар, тохарлар, сакаравлдар; бұл жағалауды сақтар иеленген». «Страбон осы тайпалардың грек-бактра патшалығының құлауында шешпүші рөл атқарғанын атап көрсетеді. Бірақ ол қытай деректерінде айтылатын, осы патшалықтың құлауына негізгі жазықты – юечжи тайпасы жөнінде ештеңе айтпайды. Антик авторлары дайларды Геродот жазған массагеттерге қарайтын жерлерге орналастырады. Осылардың бәрі де не дайлардың (дахтардың) бастапқыдан массагеттердің солтүстік жағындағы аймақтарға қоныстанғанын, не дайлардың жалпы массагеттік ру-тайпалар конфедерациясына кіргендігін көрсетеді. Мұны біз жоғарыда көлтіріп отырған С.П. Толстовтың картасы бейнелі түрде нақты көрсететінін жоғарыда айтып кеттік. Б.з.д. 3-ғасырдың орта тұсунда дайлар Хасарлы (Каспий) теңізінің (Парфияға шекаралас) оңтүстік-шығыс жағалауындағы аймақтарға, яғни бүгінгі Түркпенстанға қоныстанады, сөйтіп олар тарих сахнасында массагеттердің орнын басады. Сол уақыттан бастап Хасарлы теңізінің шығыс жағында көшпелілер жалпылама түрде дайлар деп атала бастаған»<sup>634</sup>.

Айта кеткен жөн, өзінің осы пікірлерін зерттеуші тарихи деректерге және тарих мамандарының еңбектеріне сүйене отырып, нақты дәлелдеуге тырысқан<sup>635</sup>. Мәселенің байыбына нақтырақ бара тұсу үшін осы өнірге кезінде нақты археологиялық зерттеулер жүргізген әйгілі ғалым С.П. Толстовтың пікірлеріне де назар аударуға тұра келер. Оның Хорезмнің және оны қоршаған елдердің б.з.б. II – б.з. II ғасырларындағы тарихи орналасуларын көрсететін картасынан дахтардың осы тұста Каспий теңізінің оңтүстік шығыс жағалауында, масагеттердің оңтүстік батысында орналасқандарын айқын аңғара аламыз. Бұл кезде олардың оңтүстіктегі көршілері Парфян империясы болды<sup>636</sup>.

<sup>634</sup> Кондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы, 2008. – 320-321-б.

<sup>635</sup> Ермұқанов Б. Орта Азия және қазақстан көшпелілері туралы // «Ана тілі» газеті. – 14 мамыр, 1998; Дандамаев М.А. Иран при первых Ахеменидах // История древнего мира. – 1983. – 115-116-б.; Страбон. География. – XI. 8, 2.

<sup>636</sup> Толстов С. П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.-Л., 1948. – 143-б.

Серікбол Қондыбай Страбонның дайларға байланысты олардың орналасу орнын көрсететін пікірін нақтылай түседі. Ол былай деп жазады: «Страбон былай дейді: «Парны-дат пришли с северных берегов Азовского моря, но тут же он делал оговорку, что не все согласны с тем, что даи есть среди скифов, живущих над Меотидой. Затем Страбон опять подчеркивает, что от этих скифов-даев ведет свой род аршак, затя некоторые считают его бактрийцем (т.е. выходцем из среднеазиатского государства Бактрии)». Зерттеушінің бұл пікірді осы мәселемен айналысқан В. Щербаковтың еңбегінен алып отыргандығы назар аудартады<sup>637</sup>.

Осы айтылған көзқарасқа байланысты С. Қондыбай мынадай тұжырым жасайды: «Егер Геродот пен македондық Ескендір, Страбон заманында гректердің Хасарлы (Каспий) туралы туғаннің ол үлкен мұхиттың шығанағы дегенмен шектелген болса, онда дайлар мекендейді делінетін «выше Меотиды» сияқты аймағы нақты Азаулы (Азов) теңізінің солтүстігі емес, Хасарлы теңізінің солтүстігі болуы да мүмкін.

Ал рим тарихшысы Аммиан Марцеллин **дайларды аландардың ата-бабасы** деп жазыпты. Бұл дай – алан этностиң сабақтастығын көрсетеді<sup>638</sup>. Ал енді аландардың кім екендігін біз жоғарыда арнағы түрде тәптіштеп жаздық емес пе.

Осы айтығандардың бәрі дайлардың негізінен алғанда Каспий теңізінің айналасында өмір сүрген байырғы тайпа бірлестігі екендігін анықтай түсетін тәрізді. Сонымен бірге С. Қондыбайдың зерттеулері бойынша «даха» этонимінің «дай» этонимімен жақындығы салыстырыла баяндалады. Онда мынандай пікір бар: «Даса» этонимінің ежелгі ирандық («авесталық») айтылу нұсқасы – «Даха». «Авестада» кездесетін этонимдер арасында «даха» (Daha) атауы да бар, ол сондай-ақ б.з.д. VI ғасырдағы Ксеркстің «дәулер туралы жазуларында» сақ тайпаларымен байланысты аталады... «Даса» мен «даха» сездері – бір сөздің екі түрлі фонетикалық варианты болып табылады. Сондықтан «Авеста» мен парсы анналдарындағы «даха» (яғни «даса» этонимінің кездесуіне және оның орта-

<sup>637</sup> Щербаков В. Асгард и ваны // Дорогами тысячетелей. – М., 1988. – 88-б.

<sup>638</sup> Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 4-том. – 321-б.

азиялық көшпелі сақ тайпаларымен байланыстырылуына қарап, «даха» (даса) этнонимінің үндістандық жергілікті аборигендерге ғана емес, расында да ортаазиялықтарға қатысты атаяу екендігін анықтауға болады.

Б.з.д. I мыңжылдықтың 2-жартысындағы Орта Азия мен Қазақстан тарихында «даха» (дай) атавы реалды этнонимдік көрсеткіш ретінде көріне бастайды. Ескендір Зұлқарнайын дәүіріндегі Арриан деген автор («Ананбасис») дайларды Сырдарияның оң жағындағы далаларға, яғни бүтінгі Сыр, Ұлытау-Сарыарқа далаларына орналастырса, кейінірек грек географы Страбон (1-ғасыр) дайларды массагеттердің тұрған жерлерінен солтүстікте, «Меотидадан» жоғарыракта» жайлайтынын жазады. ...жеке мәселелерге тоқталып жатпай-ақ тақырыпқа қажетті тоқ етерін айтар болсак, «дай» (даха) этнонимі бірнеше ғасыр бойына, Орта Азия мен Қазақстан көшпелілер кеңістігіндегі ең танымал және іс жүзінде ең реалды тарихи этноним болғаны.

Осы атавуды иемденгендердің соңғы тұяғы – парн (парндей, апарндей) немесе дах (дай) тайпасының көмесі Аршак б.з.б. 243 жылы бүтінгі түрікпен жерінде Парфия патшалығын орнатты. Бұл пікірді С. Қондыбай И. Артамоновтың енбегінен алып отыр<sup>639</sup>.

Сонымен бірге зерттеушінің осы мәселеге байланысты өзіндік корытындылары да қызықты. Ол дәлірек айтсак былай дейді: «Үндіарийлық «Ригведаның», ирандық «Авестаның», антикалық авторлардың мәліметтеріне сенсек, сонымен «даса», «даха», «дай» этнонимі Орта Азия мен Қазақстан жерінде б.з.д. 2-1-мыңжылдықтар бойына, яғни аттай 2000 жыл бойына белгілі болып шыққан! Неткен ұзақ уақыт және деген ұзақ сақталғыштық! Яғни осылардың жайдан-жай емес екендігі анық. Осы жерде айта кетер тағы бір жайт – «даса» (даха, дай) атавының үндіирандықтардың өзіне жау болған бөгде жүрттты атаяу үшін ойлап тапқан аты емес екендігі, бұл атаяу – қазақстандық-ортазиялық жүрттардың өзін-өзі атавы (самоназвание) болып табылады. Ең қарапайым дәлел – антикалық (грек) авторларының қазақстандық, ортаазиялық көшпелілерді парсыларсыз-ақ тіке-

<sup>639</sup> Артамонов И. Сокровище саков. – 1973. – 12-б.

лей «дай» деп атағандығы. Олар өздері естіген реалды этноНимді қағазға түсірген»<sup>640</sup>.

Осы соңғы тарихи пікірді айтушылар дахтар/дайлар Каспий жағалауына б.з.б. 3-ғасырдың орта шенінде ғана, дах тайпалар конфедерациясына кірген парндар Парфян мемлекетін құрған кезде келсе керек дегенді айтқаны белгілі. Зерттеуші дахтардың және дайлардың Арап-Каспий далаларында б.з.б. I мыңжылдықтың 2-ғасырында пайда болуы мүмкіндігі туралы құрделі мәселеге көп тоқталып жатпай, бұлардың өмірінің белгілі бір кезеңі шығыс Каспий жағалауымен байланысты болғанын да ескерте кетеді. Бұл жерде ол тағы да ежелгі Страбонның төмендегідей пікіріне сүйенеді: «Наши современники называют даями кочевников, живущих на побережье *Каспийского моря* (*курсив наши – С.А.*) по левую руку для вплывающего в него и называемых также парнами. Далее в промежутке лежит пустыня, а за нею Гиркания...». Осы пікірге сүйенген С.Е. Әжіғали тегінде дахтардың парн (апарн) тайпасы б.з.б. 3-ғасырдың орта шенінде аршакидтер әулеті өмірге келгенге дейін Балхан тауынан солтүстікке қарайғы аудандарда, дәлірек айттар болсақ, Маңғышлақта, Үстіртте көшіп-конып жүрсө керек. Даҳтарды кейбір тарихшылар дәл осы жерге шоғырландырады дегенді айтады<sup>641</sup>.

С.Е. Әжіғали даҳтардың/дайлардың Каспий жағалауындағы этно- және топонимикада өзіндік із қалдырығандарын атап көрсете келе, бәлкім, Яик (қазақша – Жайық) өзенінің атауы да Птоломейдің картасында көрсетілген «Даикс» атауымен байланысты болар (б.з. II ғасыры) деген болжам айта кетеді. Сонымен бірге ол өз зерттеулерінде бұл мәселеде А. Әбдражмановтың және В.В. Бартольдтың қорытындыларына сүйенеді. С.Е. Әжіғалидың ойынша, егер осыны дұрыс деп қабылдасақ, онда біздің заманымыздың басында-ақ түркілердің этностық топтарының солтүстік Каспий жағалауына қоныстанғандарын мойындауға тұра келеді. Өйткені Птоломейдің картасында көрсетілген «Дайксудың» бойында бұл тұста «аорстар» қоныстанып

<sup>640</sup> Кондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 4-том. – 366-б.

<sup>641</sup> Ажигали С.Е. Очерк этнической истории аридной зоны Арапо-Каспий (в свете проблем этногенеза) // История и культура Арапо-Каспия. Сборник статей. Вып. 1. – 14-15-б.

ұлгерген еді<sup>642</sup>. Мұндай орналасу ежелгі қытай жылнамаларында нақты көрсетілген. Қытай жылнамаларында бұл мәселеге байланысты былай деп жазылған: «Солтүстік айбат елі мен қаңлының солтүстігіндегі леу (лок) және нәм (ням) елдерін атауға болады. Сондай-ақ сармат (эмсай) – алан деп аталатын аорстар да бұларға көрші. Аорстардың эдег салты қаңлылармен ұқсас. Елінің шекарасы батыста Александриямен, оңтүстік-шығыста Қаңлымен шектеседі. Бұлғын, сусар аулап, бағалы ұлпандарын шетке шығаралы. Мал жағдайымен көшіп-қонады. Жер қонысы телегей теңізге таяу. Бұрын қаңлыларға қараған екен, қазір оған қарамайды»<sup>643</sup>. Егер мәселені осылай қабылдайтын болсақ, онда жоғарыда айттылған қытай жылнамасындағы «Дай – шағын мемлекет» деген қорытынды рас болып шығады.

*ә) Баяуыттар кімдер, немесе олармен кейінгі қазақ адайларының бабалары арасында этногенетикалық байланыстар бар ма?*

Ал енді баяутқа байланысты деректерді іздестіретін болсақ, кезінде С.П. Толстов өзінің Хорезм мәдениетін зерттеген іргелі еңбегінде гуздар туралы әңгімелей келе, гуздардың құрамында сарматтардың, аландардың кейінгі ұрпактарының және угрлардың арғы бабаларының, Орта Азия печенегтерінің жұриқтарының болғаны туралы және оларды түркіттердің қағанаттың батыс шекарасына ысырып тастағанын айта келе, осындағы батысқа көшкен тайпалар арасында баяуттардың, баяндұрлердің, кайилардың да болғанын атап көрсеткен еді. Л. Гумилев өзінің зерттеуінде бұл атап тайпаларды сяньби тегіне, яғни ежелгі монғол бабаларына жатқызады<sup>644</sup>. Дегенмен де, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, сяньбilerdің өзін түркілер қатарына жатқызытын М. Закиев тәрізді зерттеушілеріміз де барышылық<sup>645</sup>. Қалай десек те сяньбilerdің хундардың аймағын басып алып, олармен аралас-құралас өмір сүргені белгілі.

<sup>642</sup> Ажигали С.Е. Очерк этнической истории арийской зоны Арало-Каспий (в свете проблем этногенеза) // История и культура Арало-Каспия. Сборник статей. Вып. 1. – 15-б.

<sup>643</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (Б.з.б. 177 – 6.з. 222 жылдары). Бірінші кітап. – 226-6.

<sup>644</sup> Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. – СПб.-М., 2002. – 245-б.

<sup>645</sup> Закиев М.З. Происхождение тюрков и татар. – М., 2003. – 112-б.

Баяуттың шығу тегі туралы мәселе шындығында да аса күрделі. Тарихи деректерге тереңдеп баар болсақ, баяут туралы негізгі мәліметтер Рашид ад-Динде кездесетінің байқаймыз. Сондай-ақ, Рашид ад-Динге сүйене отырып, бұл мәселеге арнағы тоқталған Б.Я. Владимирцев баяуттарды монғол тайпаларымен бірге қарастырады. Шындығында да, Шынғысханның «Күпия жылнамасында» ол өзінің туыстарының біріне баяуттардың Чаншикит және Тархут, Тоқырауыт руларымен және жанұяларымен бірге журіп, ата-бабасына жақын араласқанын әңгіме қылады. Рашид ад-Динде келтірілген осы үзіндіні Б.Я. Владимирцев пайдалана келе, баяуттарды ежелгі монғол тайпаларына қосып жіберген еді<sup>646</sup>. Рашид ад-Дин кейінгі хулагидтер ұлысында баяуттардың ойраттармен, сұлдуздармен, жалайырлармен, керайттармен, бекриттермен және т.б. бірге көшіп-қонып жүргенін әңгімелейді<sup>647</sup>. Рашид ад-Дин Ергенеқоннан шыққан тайпаларға талдау жасаған кезде негізгі монғолдардың біртіндеп екі бөлікке бөлінгенін, алғашқы бөлікке жататындар арасында Ергенеқонда болған және содан шыққан тайпалар арасында баяутты да атап кетеді. Бұл жерде баяутпен бірге нұксуз, урянхат, қоңырат, қоралас, және т.б. тайпалар айтылады<sup>648</sup>.

Баяутқа жақын естілетін Баят этнонимі тарихи деректерде былай түсіндіріледі: «Vajat (МК, 1, 56). По Рашид-ад-дину – «счастливый и полный благодати» (Березин, там же, с.25), по Абу-л-Гази – богатый (Кононов, 1958, с.53). Большинством исследователей *vajat* < *bajan* – монг. «богатый», «богатство» + *t* (аффикс мн. числа). По Махмуду Кашгарскому, *bayat* на языке племени аргу означало «бог» (МК, III, 126) и, вероятно, как тотем служило названием племени (Самойлович, 1936, с.31-32); (Кононов, 1958, с.93)»<sup>649</sup>. Бұл деректер Баят атауының монғолдардаған емес, түркілерде де кездесетінің анғартатындай.

Сонымен бірге Рашид ад-Дин қыргыз тайпасына арналған өзінің тарауашасында олардың көршілері ретінде Баргуджин-

<sup>646</sup> Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. – Л., 1934. – 57-б.

<sup>647</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.І. – М.-Л., 1952. – 29-б.

<sup>648</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.І. – 78-б.

<sup>649</sup> Махмиров В.У. Древнетюркская ономастика. – 49-50-б.

Токумды мекендейтін бір топ тайпалар арасында баяутты да атай кетеді. Н.И. Березинде осы жолдар байұқ деп аударылған, яғни баяуттың аты байұлының атауына жақындай түседі<sup>650</sup>. Сонымен бірге Рашид ад-Диннің баяут тайпасына арнайы тоқталғанын да айтпасқа болмайды. Ол сөзбе-сөз былай деп жазады: «Это племя имеет несколько ветвей, но (но из них) известны две ветви: одну (называют) джадай, ее (же) называют (и) баяут, а другую – кэхэрин-баяут. Джадай – речная долина в Монголии. Так как стойще их было там, то они и относятся к этой местности и (ее название) стало их собственным именем. А тех, что сидят в степи называют кэхэрин-баяут. Юрты их по реке Селенге»<sup>651</sup>.

Осы жолдардан байқап отырғанымыздай, баяут тайпасының екінші аты – *джадай* (*бәліп көрсеткен біз* – T.O.), яғни біздің қазақтың құрамындағы кейінгі адай тайпасының атының «джадай» атауына өте жақын естілетінін мұндайда аңғармау мүмкін емес. Оның үстіне адайлар кейінгі Байұлы бірлестігіне кешірек қосылғанын, бұрынғы тарихта едәуір уакыт дербес тайпа ретінде әмір сұргенін және олардың аталған Байұлы бірлестігінде ең саны көп тайпа болғанын да білеміз. Осының өзі джадайды, яғни баяуттың кейінгі қазактағы Байұлы бірлестігінің арғы тарихи этногенетикалық тамыры болып шығуы шынында да мүмкін-ау деген ойға жетелейді. Сонымен бірге баяуттардың монғол тайпаларына сенімді одақтас болғанын тағы да айтпасқа болмайды. Рашид ад-дин Шыңғысханның жас кезінде ол көптеген тайпаларды біріктіру соғысын бастағанда, әсіресе, тайджиут тайпасына қарсы құресте оның жинаған әскерлерінің көпшілігі біз жоғарыда әңгімелеген баяут, яғни джадай тайпасынан болып шықты.

Рашид ад-Дин Шыңғысханның заманында сол қанаттағы әмірлердің ішінде Бұқа гургэн деген әмірдің аса ерекшеленгенін айта келе, Шыңғысханның оған өзінің қызын бергенін, ал бұл тарихи тұлғаның «Баяут-джадай» тайпасынан екендігін айта кетеді. Сонымен қатар Рашид ад-Дин Үнгуз деп аталағын беделді мыңбасы әмірді айта келе, оның Борағұл ноянға қолбасы

<sup>650</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.І. – 150-б.

<sup>651</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.І. – 175-6.

болғаның және оның өзінің кәхэрін-баяут тайпасынан шыққандығын атап көрсетеді. Ноқай атты белгілі тарихи тұлғаның да арғы бабаларының баяуттардан, яғни джадай тайпасынан шыққанын Рашид ад-Дин атап жазады. Осы Ноқайдың арғы шежіресін баяндаған ол, Шыңғысханның экесі атанған Сорхан деген тарихи тұлғаны айта келе, оның жоғарыда аталған Ноқайға екес болып табылатынын атап кетеді. Мұның өзі баяут, яғни жадай тайпасынан шыққан тарихи тұлғалардың кейінректе Шыңғысханға аса жақын жүргенін айқын байқата түседі<sup>652</sup>.

Осы жерде айтпай кетуге болмайтын тағы бір маңызды мәселе бар. Кейбір зерттеушілер «Адай» этонимінің шығу тегін джадай – бауыттардан емес, ежелгі меркіттерден іздестіреді. Мысалы, Ә. Нұрмамбетов Рашид ад-диннің «Меркіттер жалпы алғанда одоют болып табылады» деп жазғанын айта келе кейінгі адайлардың арғы бабаларын меркіттерден іздестіреді<sup>653</sup>. Алайда Л.А. Хетагуровтың аудармасымен берілген Рашид ад-диннің еңбегінен «одоют» деген сөзді кездестіре алмайсыз. Онда сөзбе-сөз мынадай жолдар бар: «Племя меркит. Их также называют племенем удуит (бөліп көрсеткен біз – T.O.), хотя некоторая часть монголов называет меркитов мектитами, но смысл обоих названий один и тот же»<sup>654</sup>. Көріп отырымыз, тексте «Одоют» емес, «Удуит». Шын мәнінде түпнұсқа қолжазбада – «Удуг». Ал бұл соңғы сөз «Адай» атауына мұлде жақындағамайды ғой. Оның үстіне меркіттер бұған дейін өзінің атауын сақтаған және адайлармен тікелей байланыста болмаган тайпа екендігін тарихымыздан жақсы белеміз. Ал енді И. Березиннің аудармасына жүгінер болсақ, оның меркіттерді «Ороют» деп аударғанына көз жеткіземіз<sup>655</sup>. Мұнда да «Адай» этониміне үқастықты таба алмайсыз. Бұл айтылғандар адайлардың арғы бабаларын меркіттерден іздестірудің қисынсыз екендігін тағы да дәлелдей түседі.

<sup>652</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.І. – 176-б.

<sup>653</sup> Нұрмамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. – Алматы, 1978. – 18-6.

<sup>654</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.І. – 114-б.

<sup>655</sup> Сборник летописей.История монголов, сочинение Рашиль-Элддина. – Спб., 1858. – 70-6.

Бұл айтылғандардан гөрі адайлардың арғы бабаларын Джадай-Баяуттан іздестірудің әлде қайда қысынды болып шығатынын тағы да анғара түскендей боламыз.

Сонымен қорыта айтқанда, баяуыттардың үлкен бір бөлігі монголдарға ежелден-ак джадай немесе жадай деген атпен жақсы мәлім және аса жақын болғанын байқап отырымыз. Ал енді осы баяуыттардың үлкен бір тобы кезінде телектерден билікті тартып алған сір-енда тайпалық бірлестігін құйғырлар (үйғырлар) талқандаған тұста, яғни VIII ғасырдың орта тұсында батысқа қарай ығыса тұсті. Бұл баяуыттарды зерттеушілер оғызбаяуыттар деп жазып жүр. Тегінде осы тұста баяуыттардың сяньビルеге жақын, монгол тілдес рулары белініп, батысқа көшкен оғыз-оғыз баяуыттарға ілеспей шығыста қалып қойғанын анғару қыын емес. Ал енді осы монгоодарға жақын баяуыттардың өзі қайдан шыққан тайпа еді деген сауалға жауап іздейтін болсақ, Рашид ад-Диннің оларды Шыңғысхан руына құлдар ретінде бағалағанын байқаймыз. Сөзбе-соз айттар болсақ, ол былай деп жазған еді: «Большинство племен баяут, которые являются рабами уруга Чингиз-хана, принадлежат к потомкам (насл) этого мальчика»<sup>656</sup>. Рашид ад-Диннің бұл жерде айтып отырған «баласы» баяут деген тайпадан шыққан Баялық деген адамның ертіп келіп, Шыңғысханның арғы анасы Алан-Гоа анаға тарту еткен бала туралы. Яғни осы баладан кейінірек Баяут тайпасы өсіп-өнне түскен.

Осы айтылғандардың бәрі Баяут тайпасының едәуір көпшілігінің ежелгі монголдарға жалайырлар тәрізді құл, яғни бағынышты тайпа болғанын, олардың Шыңғысханың руына шын мәнінде сырттан келіп, серік болғанын жалайырлар тәрізді монголдарға адал қызмет еткен, бірақ өздері нағыз монголдар қатарына жатпайтын тайпа болғанын байқатады.

Б.Я. Владимирцевті оқығанда баяуыттардың бытыранқы түрде көшіп жүргенін, олардың бір бөлігінің Шыңғысханмен, ал бір бөлігінің Тайчиут тайпасымен көшіп-қонғанын байқаймыз. Фалым жалайырлардың да дәл осындай әртүрлі руларды біріктіріп, бытыранқы түрде көшіп жүргенін атап көрсеткен еді<sup>657</sup>.

<sup>656</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.1. Кн. 2. – М.-Л., 1952. – 10-б.

<sup>657</sup> Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. – 63-б.

Сонымен бірге Б.Я. Владимирцев баяуттардың да жалайырлар тәрізді «ұнаған бол» яғни құлдар категориясына жатқанын, сондықтан да олардың монголдың әртүрлі руласына тәуелді болып, бытыраңқы көшіп-жүргенің нақты атап көрсеткен еді<sup>658</sup>. Мұның өзі ғалым айтқандай, жалайыр, баяут және тағы басқа тәуелді тайпалардың ататек шежіресін «Құпия жылнамадан» іздеуді қыындана түседі. Бұл дерек қозінің негізінен алғандаб аристократиялық руладың генеологиясын қамтып, ал екінші қатардағы баяут тәрізді тайпаларды назардан тыс қалдырығанын жақсы білеміз<sup>659</sup>.

Тегінде құрамында монголдардың ғана емес, түркілердің де (оғыздардың да) болуы баяуттардың о бастан-ақ біртұтас ынтымақта болуына кедергі жасаған тәрізді. Ол тіптен кейінректе де байқалды. Шыңғысханның тұсында баяуттар мен жалайырлар алғаш бытыраңқы түрде Шыңғысханның қарсыласы Жамұқаны қолдаса, кейіннен олар ішінәра одан кетіп, Шыңғысханның жағына өткенін көреміз<sup>660</sup>. Тіптен, баяуттардан мықты тұлғалар шыққан кездің өзінде де Шыңғысхан оларды құл ретінде ғана көтермеледі. Мысалы, баяуттардан шыққан Сурхан деген белгілі тұлғаны құрметтей отырып, Шыңғысхан оны байырғы құлдар өкілі ретінде әспеттеген болатын<sup>661</sup>.

Сонымен Рашид ад-Диннің жоғарыда атап көрсеткеніміздей, баяуттарды ежелгі монгол тайпасы ретінде сипаттағанына қарамастан, олардың географиялық орналасу аймағы да, сондай-ақ монголдарға құл ру ретінде ерекшеленуі үларды таза монгол тайпалары ретінде қабылдауға мумкіндік бере қоймайды. Оның үстіне күдігімізді арттыра түсетін нәрсе, баяут-дұглат тайпасының өмір сүргені туралы. Рашид ад-Диннің өзінің жазғандарына қарасақ, бұл тайпаның аты кейде Баяут-дұглат деп те аталады екен<sup>662</sup>. Өзінің еңбегінің тағы бір жерінде Рашид ад-Дин

<sup>658</sup> Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. – 68-б.

<sup>659</sup> Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. – 78-б.

<sup>660</sup> Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. – 84-б.

<sup>661</sup> Владимирцев Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. – 85-б.

<sup>662</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.І. Кн. 2. – 236б.

Баяут-қоралас тайпасы туралы әңгімелейді. Бұл тайпаның да екінші аты Баяут-қоралас болған тәрізді<sup>663</sup>.

Дулаттардың Рашид ад-Динде монғол тайпалары ретінде қате сипатталғанын жақсы білеміз. Шын мәнінде, дулаттар о бастаң-ақ ежелгі үйсіндерден тараған және байырғы дулулардан өсіп-өнген ежелгі түркі тайпасы болғанын біз өзіміздің Дулат тарихына арналған монографиялық зерттеуімізде тәптіштеп және нақтыладпайтын көткен едік<sup>664</sup>. Сол пікірімізді дәлелдей отырып, егер де баяуттар дулат атанған болса немесе олардың бір тармағы дулаттармен бірге жүрген болса, онда баяут руының бір бөлігі немесе кейбір рулары шындығында да түркі тайпалары болып шықпай ма? Оның үстіне Рашид ад-Дин айттып отырган Қоралас тайпасы монғол жаулауынан кейінгі ғасырларда қалыптастанған Дулаттың Ботбай руына кірме болып табылады және қазіргі ботбайлар құрамында Қоралас ру тармағы бар. Мұның өзі де ежелгі Баяут-қоралас руының ежелден-ақ түркілерге жақын ру болғанын дәлелдей түседі емес пе. Қалай десек те, Баяут тайпа одағына кезінде монғол руларымен бірге ежелгі түркі, оғыз рулары да кірген деген жоғарыдағы қорытынды біршама дұрыс. Бұл пікірімізді баяуттардың өз атының джадай немесе бәлкім, адай аталуы да дәлелдей тусетіндей.

Дегенмен де, баяуттарды Байұлына немесе оның үлкен тайпасы Адайға жақындатуға тырысқан жоғарыдағы пікірлеріміз әлі де болса дәлелдердің жетіспеуіне байланысты қудік туғызатынын да айтпасқа болмайды. Жартылай монғол немесе жартылай түркі руларын біріктірген баяуттар немесе баяут-дүгліттар, баяут-қораластар, кейіннен, әрине қазақ даласында біржолата түркіленіп кетті. Бірақ баяуттардың қалдықтарының кейбір деректерде дәлірек айттар болсақ, «Маджмуу ат-Тауарих» бойынша XIV ғасырға дейін Алшынмен бірге көшіп жүргенін байқаймыз. Мұның өзі кейінгі адайлардың кейбір руларының арғы бабалары кезінде біраз уақыт Оғыз одағында болып, баяуттармен бірге көшіп-қонған деген тұжырымымыздың дұрыстығын дәлелдей түседі. Сонымен бірге баяуттар XV-XVI

<sup>663</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.І. Кн. 2. – 376б.

<sup>664</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Дулат. XI том. Бірінші кітап. – Алматы, 2008.

ғасырларда Дешті Қыпшақ тайпаларын атап көрсеткен «Насабнаме-ий узбек», «Асами-ий наваду ду фирмак-ий узбек», «Тұхфат ат-тауарих-и хани» деректерінде мүлде кездеспейді. Мұндайда мынадай фактіге де назар аудармауга болмас. Кезінде қошпелі өзбектерге хан болған Әбілхайырды көтермелеген рулар мен тайпалар арасында баяуыттар кездеспейді. Олар кейінректе Әбілхайырдың немересі Шайбани ханның кезбеке айналып, қаңғырып жүрген тұсында да онымен бірге бола қоймаған. Баяуыттар XVI ғасыр басындағы Шайбани хан әскерлеріне кірген рулар мен тайпалар қатарында да жоқ.<sup>665</sup> Мұның өзі XV ғасырға қарай баяуттар Қыпшақ даласында жеке тайпа ретінде өмір сүруден қалған деген пікірге де итермелейді. Тегінде қалай десек те олар осы тұста бөлшектенген. Олардың бір бөлігі қыпшақ даласындағы зобалаң кезінде башқұрттарды паналаса керек.

Олардың кейбір қалдықтарының Орта Азияға қоныс аударуы да мүмкін. Қалай десек те, баяуттарды алшынға біріктіре алмаймыз. Өйткені Алшынның құрамында Бай элементінен басталатын бір ғана ру – Байбақты ғана белгілі. Ал Байбақты атауының баяуттарға ешқандай байланысы жоқ екенін байқау қыын емес. Осы айтылғандардан туындейтын қорытынды, баяуттарды Байұлының бастауы ретінде қарастыру тарихи шындыққа жеткізетін жол емес. Айта кететін бір нэрсе, мұндай пікірді мақұлдайтын жалғыз біз ғана емеспіз, кезінде зерттеуші А. Нұрмагамбетов өзінің зерттеуінде Кіші жүздің Байұлы атауының тұптамыры Баегу этнонимінен шығаруға күш салған еді<sup>666</sup>.

Ал енді Баегудың Байырқының байырғы атауы болыш табылатынын жоғарыда атап көрсеттік. Тіpten тарихи деректерде Баегу Байырқы атауымен қосақталып жүреді. Оның үстіне өзі түркілердің байырғы IV-V ғасырларда Теле одағынан бастау алатын бұл тайпалық бірлестіктің кейіннен Оғыз тайпаларымен бірігіп кеткені және белгілі. Осылай бола тұрса да, кейінгі Қыпшақ даласындағы түркі тайпалары арасында байырку да,

<sup>665</sup> Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVI вв.(Вопросы этнической и социальной истории). –М., 1982. – 15-б.

<sup>666</sup> Нурмагамбетов А. О казахских этнонимах адаї и Шеркес // Тюркская ономастика. – Алма-Ата, 1984. – 92-б.

баегу да кездесе қоймайды. Олардың он оқ бодун құрамындағы тарихи тағдырының жалғасы тарихи деректерде көрініс бермеген.

Г.Е. Грумм-Гржимайло кезінде нақты зерттеулермен баегу тайпасының тарихына шолу жасаған еді. Одан мынадай жолдарды оқымыз: «Ба-е-гу (Орхон жазуларында байырқу, Hirth Thomsen-нің айтуынша осылай деп көрсеткен дәлірек). Олардың жері өте кең және Гентеядан шығысқа қарай мохэлердің көшу жолдарына қарай, яғни Сунгари өзенінің арнасына дейін созылып жатты. Керулюң өзенінің онтүстігін олар мекендеңген тәрізді; олардың солтүстіктері шекарасына келер болсақ, ол тегінде таулы тайгаға дейін жалғасқан. Өйткені «Тан-шуда» олардың аңшылыққа құмар болғандықтан, шаңғымен қыста бұғыларды қуып жүргені айтылады. Осы ба-е-гудің мұрагерлері камасиндердегі байга және чұлым татарларындағы байгул емес пе екен?» – дейді<sup>667</sup>.

Бұл айтылғандар жоғарыдағы Байырқыға байланысты қытай деректеріндегі мәліметтерді ішінара қайталайтынын байқаймыз. Соған қарамастан, беделді ғалым ретінде Г.Е. Грумм-Гржимайлоның өзіндік болжамын да айта кетуді жөн көрдік. Оның баегуларды қазактың байұлымен байланыстыруға тырыспайтындығы назар аудартады. Өте көне дәуірдегі атау болғандықтан, оның бұнысы дұрыс та шығар. Ол тіптен Байұлы тұрмақ, Алшын атауымен де баегуды жақындастыруды жөн көрмейді.

Егер де Баегу кейінректе Алшын тайпалық бірлестігіне қосылған болса, ол жеке ру ретінде болса да осы тайпалық бірлесіктің ішінде өмір сүруі керек еді. Өкінішке орай, Алшын бірлестігінде Байырқының да, Баегудың да атаулары мұлде кездеспейді. Мұның өзі Байұлы атауын Байырқыдан немесе Баегудан шығарудың айтарлықтай дәлелді емес екендігін байқата түссетіндей.

Мұның біз жоғарыдағыдай «Баяут» этнонимін асықпай талдаудың нәтижесінде біршама айқындағы деп ойлаймыз.

Сонымен Баяут тайпасына байланысты зерттеулерімізді қорыта келе мынадай тұжырымға тоқталамыз: тарихшыларымыз

<sup>667</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т.2. – Л., 1926. – 248-249-б.

жің шатастыратын Баяут атауы тарих саҳнасына Жалайыр атауымен бірге X ғасырға қарай шыққанын байқаймыз. Бұлар Рашид ад-Дин атап көрсеткендей, Ергенекон шатқалынан шыққан ежелгі тайпалар болды. Баяуттың құрамында, негізінен, екі тайпа айқын көрініс беретінін жоғарыда атап көрсеттік. Олардың алғашқысы Джадай немесе Баяут деп аталса (баяут-джадай), ал екіншісі қәхэрін-баяут<sup>668</sup> деген атпен белгілі болған. Бұл туралы біз жоғарыда арнайы әнгіме қозғап, баяуттардың сонымен қатар баяут-доғлат, баяут-қоралас деген руларының да бар екенін айта кеткен болатынбыз. Мұның өзі баяуттардың аргы тегінің монғолдармен ғана емес, ежелгі түркілермен де шатастырын айқын байқатады. Сонымен қатар баяуттар жалайырлар тәрізді монғолдарға құл болған тайпа. Осының бәрі кейінгі Байұлының аргы бабалары баяутпен де байланысты болуы мүмкін деген қорытындыға итермелейді. Оның үстіне баяуттың құрамында адайлардың ежелгі бабаларының өмір сүргендігін мақұлдайтын дерекке кездесіп отырмыз. Ол жоғарыда атап көрсеткеніміздей, баяуттардың кезінде «джадай» деген атаумен белгілі болуына қатысты.

Сонымен көріп отырмыз, И. Березиннің жолымен жүрсек те, «Джид» атауы «Адай» этнониміне алып барады. Сонымен бірге Сібірдің талантты ғалымы Д. Банзаров джид атауына төмендегіше түсініктеме берген болатын: «Джидъ, метательное копье. У монголовъ и ныне копье вообще называется не иначе, какъ джисда или джада. Чахоль для лука у русскихъ назывался тохтуй; у монголовъ токтуй или доктуй означаетъ вообще чахоль, а в тесномъ смысле кожаный чахоль, сделанный по форме лука и употребляемый для защиты лука отъ сырости для ношений его на плече»<sup>669</sup>. Мұнда «джид» атауы лақтыратын найза деген мағынаны білдіріп қана қоймай, ол адайларда кездесетін рулық таңба садақтың жебесіне жақын жауынгерлік құрал туралы әнгімелеп отырғанын жоғарыдағы үзіндіден айқын байқауға болады. Олай болса, бұл сөздің мағынасы да адайлардың рулық таңбасына алып баратын болып шығады.

<sup>668</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. I. – 175-6.

<sup>669</sup> Банзаров Д. Черная вера или шаманство у монголов. – Казань, 1846. – 67-6.

Ал енді Баяут атауының кейінгі «Адай» этномімен байланысын дәлелдеудің тағы бір жолы Оғыз тайпаларының рулық таңбасы болса керек. Рашид ад-Дин кезінде М. Қашқаридың еңбектерін талдап жаза келе, Оғыз ханының алты баласының үрпақтары болып табылатын Оғыз рулары арасында адайлардың аргы бабаларына жақын тұрған Баяут руын тағы да атап кеткен еді. Онда баяуттардың дәрлікендерден шыққанын, оларды Шыңғысханның кезінде Оңғұр деген адамның басқарғанын Рашид ад-Дин атап көрсетеді<sup>670</sup>. Бұл, әрине, монголдармен бірге қалып қойған баяуттардың бір бөлігі. Ал енді М. Қашқаридан көрсетілген 24 оғыз тайпасының XII ғасырдағы құрылымы арнағы көңіл бөлуді қажет етеді.

Осында М. Қашқаридан Рашид ад-Дин Оғыздан тараған тайпалар тізімін көлтіргенде, екінші тайпа ретінде Баяут руын атап өтеді. Оның рулық таңбасы көрсегілген<sup>671</sup>. Бұл жерде баяут атауымен берілген рудың шын мәнінде баяут екені ғалымдар арасында ешқандай айтыс тудырмайды. Әрине, әңгіме монголдарда қалып, кейіннен Шыңғысханға қолдау жасаған баяуттар туралы емес, VIII ғасырдың орта шенінде батысқа жылжып, Арап бойынан шыққан оғыз-баяуттар немесе баяуттар туралы болып отыр. Жоғарыдағы таңбадан байқайтынымыз, баяуттардың таңбасында адайлардың таңбасына ұқсастық айқын байқалады. Онда біріншіден – таңбаның бір бөлігі найзага немесе садақтың жебесіне ұқсаса, екінші бөлігі жебесі бар садақтың өзіне ұқсайды. Айта кеткен жөн, А.И. Левшиннің мәліметтері бойынша (1832 ж.) адайлардың таңбаларының бірі жебе салулы тұрған

садаққа ұқсайды ( ↗). Дәл осыған ұқсас таңбаны кезінде

Н. Гродеков ♂ (1889 ж.) және М. Тынышпаев - ↓ (1925 ж.) ез еңбектерінде көрсеткенін білеміз. С. Аманжоловтың 1959 ж. адайларға қатысты рулық таңбаларды бейнелегендегі σ, τ, ψ, Α, Ψ  
ο, олардың бірі осы баяуттардың рулық таңбасына ұқсас

<sup>670</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Кн. 2. – М.-Л., 1952. – 87-б.

<sup>671</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.1. – М.-Л., 1952. – 88-б.

екендігін байқаған болатынбыз<sup>672</sup>. Осылардың бәрі баят немесе баяут тайпасының бірлестігінде кейбір адай руларының арғы бабалары көшіп-қонып жүргенін растай түседі. Баяуттар туралы орыс жылнамаларында да мәліметтер сакталған. Торко-уз тайпасы боут туралы мәлімет әрине баяуттардың әңгімелеп отыр. Сонымен бірге тарихи деректер арасынан йемектер тайпасына жататын баяут руынан хорезмшах Текештің (1172/3-1200) әйелі Туркан-хатун шыққаны туралы Мухаммед Насавидың айтқандары сакталған<sup>673</sup>. Айта кеткен жөн, С.П. Толстов тәрізді еуроцентристік көзқараста қалып қойған белгілі ғалымдар баяуттың бір белгінің оғыздар тайпасына жататынына назар аударғылары келмейді. Тіптен, М. Қашқари мен Рашид ад-Дин баяуттардың (баяуттарды) оғыз тайпасы қатарында көрсете тұрса да, мұндай зерттеушілер баяуттардың шығу тегін тек монголдардан іздестіреді. Баяуттардың тарихи үрдістер барысында бір белгінің оғыз руларынан тұрғандығын естен шығаруға болмайтынын мұндай зерттеушілеріміз ескере бермейді. С.П. Толстов кезінде сөзбе-сөз былай деп жазған еді: «Что касается баят, то монгольское происхождение их почти несомненно: в форме баяут (ср. баяут – племя канглов (йемеков) в XII в., а также род баяут у современных туркмен-гоюланов, боут русских летописей) они в этнографии Рашид ад-Дина выступают как монгольское племя, классифицируемое с коренными монгольскими племенами, которые были в Эргенехоне», и бывшее одним из первых племен, происоединившихся к Чингизхану»<sup>674</sup>. Бұл жерде оғыз тайпалары туралы бір ауыз сөз жоқ. М. Қашқари көрсеткен 24 оғыз тайпасының ішінде баяуттардың аса беделді екінші тайпа ретінде көрсетілген белгілі. Бұл Шыңғысхан жауалауынан біраз бұрынғы кезең. Арап бойына көшіп келген оғыздардың құрамында баяуттардың беделді екінші тұрған үстем тайпа ретінде көрсетілуі тегіннен-тегін болмаса керек. Өйткені Арап өнірі XII ғасырда монголдар билептөстейтін аймақ емес еді. Сондықтан да Оғыз бірлестігінде монгол тайпасы мұндай билеуші үстемдікке ие бола алмайтын

<sup>672</sup> Қазак ру-тайпаларының тарихы. Табын. Т.И. Бірінші кітап. – Алматы, 2006. – 93-6.

<sup>673</sup> Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. 1947. №3. – 86-6.

<sup>674</sup> Толстов С.П. Города гузов // Советская этнография. 1947. №3. – 80-81-6.

еді. Осы мәселенің өзі-ақ түркі тілдес Оғыз бірлестігінде баяуттардың (баяттардың) да түркі тілдес оғыз рулатын біріктігенін айқын байқаймыз. Осы Оғыз бірлестігінде адайлардың аргы бабаларына баяттар ғана емес, басқа да кейбір тайпалар этногенетикалық тұрғыдан жақын тұрғанын анғару қыны емес. Мұны рулық таңбаға жүтінгендеге тагы да байқауға болады. Осының нақты мысалы Қынық тайпасының рулық таңбасы.

Айта кеткен жөн, біз жоғарыда әңгімелеген Қынық тайпасы осы Оғыз бірлестігінде шешуші рөл атқарып, жетекші тайпа болғанын білеміз. Бұл туралы тарихи зерттеулерде нақты пікірлер бар.

Сонымен бірге осы оғыздардың тайпалар тізімінде адайдың рулық таңбасынан айнымайтын таңбасы бар қынықтарға кездесеміз. Бұл руда рулық таңба садақ жебесі жоғары қарап тұр<sup>675</sup>. Ал кейінгі қазақ адайларында дәл осындай қазактың жебесі төмен қарап тұр, яғни қынық пен адайдың рулық таңбасындағы айырмашылық садақтың жебесінің орналасуына ғана байланысты екенін байқамау мүмкін емес.

Осыған байланысты зерттеуші В.У. Махпировтың төмендегідей деректік мәліметтері назар аудартады: «Qупуq – главное племя огузов, из которого вышли хаканы. (МК, 1, 55). По Рашид-ад-дину, «КАНЬЦ» означает «во всяком месте, где бы ни был, будь почтен» (Березин, 1858, с. 29), по Абу-л-Гази «Кынық» – почтенный (Кононов, 1958, с. 54). Нельзя ли соопоставить название племен с купуq – ревностный, устремленный, усердный, перен. сильный, чрезвычайный. Мухаммедова (1971, с. 29) отмечает, что в ряде языков Сибири купуq «усердствовать» и пишет: «Знаменательное значение этнонима, хотя и не совпадающее с толкованиями наших источников, весьма важно. Оно, как правило, имеется в виду при наречии именем»<sup>676</sup>. Ия, келтірілген деректер, тарихтың оғыздармен байланысты кезеңінде Адай бабаларының Қынық оғыздарға жақын жүргендерін байқатады.

<sup>675</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.1. – 90-б.

<sup>676</sup> Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. – Алма-Ата, 1990. – 47-48-6.

			№
			Ру-тайпалар аттары
Адай	1	2	
	3	4	А.Левшиннің мәліметтері (1832 ж.)
	5	6	Л.Мейердің мәліметтері (1862 ж.)
	7	8	И.Казанцевтің мәліметтері (1867 ж.)
	9	10	А.Харузиннің мәліметтері (1889 ж.)
	11	12	М.Гродековтың мәліметтері (1889 ж.)
	13	14	М.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)
	15	16	С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)
	17	18	Х.Арғынбаев М.Мұқанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)
	19	20	Н.А. Окладников (Тәвш ула қола д.)
	21	22	Д.Дорж, Э.Новоградова
	23	24	Д.Цэвээндолж (Цахир, темір д.)
	25	26	Қ.Сартқожаұлы (түрік д.)
	27	28	А.Сейдімбек мәліметтері бойынша

### 3.8. «Қара» атанған рулардың этностық бастаулары

Әлім тайпасындағы Қаракесек, Қарасақал және Төртқара руларының жоғарыда біз әңгімелеген түргештердің «Қара» бөлігіне жататын тайпалармен байланыстылығы күдік туғызбайтын тәрізді. Осыған байланысты «Қара» атауына аз да болса, тоқтала кетуге болады. «Қара» атауына байланысты қырғыз зерттеушілері ездерінің «Қара будун», «Қара будун» бірлестігіне сипаттама берген сөзінде бұл тайпалық одактың VI-XII ғасырлардағы түркі еліндегі халықтың жалпы атауы болғанына назар аудара келе, «Қара» сөзү «қалың», «көп», «улуу» маанисін да туюнткан. Бұл термин руна сымал эстеликтерінде көп кездештей»<sup>677</sup> – деген еді.

Шындығында да Құлтегін бітік тасында Болчуда болған үлкен шайқаста «қағанын сонда өлтірдіміз: елін: алдымызы» деп баяндай келе, «Қара түргеш: бутін (халық): көп ішке енді:», – деп жазылған<sup>678</sup>. Мұнда да байқайтынымыз, қара түргештер санының көп екені айтылып отыр. Дегенмен де, бұл жерде «Қара» атауы түргештердің санына емес, олардың халықтық атауына қолданылған тәрізді.

Сонымен қатар қара түргештердегі «қара» атауын басқаша түсіндіруге тырысатын ғалымдар да бар екенін біз бұрынғы «Дулат» тайпасының тарихына арналған зерттеуімізде атап көрсеткен болатынбыз<sup>679</sup>. Онда осы мәселеге байланысты Г.Е. Грумм-Гржимайлоның төмендегідей пікірі келтірілген еді: «қара» деген эпитет «Орта Азия түркілерінде халықтың кіші, бағынышты бөлігін анықтауға қолданылғандықтан, осындай жағдайда қара түргештер деп Түргеш тайпасының теменгі бұтақтан шыққан билік иелері аталған деп ойлауға болады»<sup>680</sup>. Осы соңғы пікірдің нақты тарихи негізі бар. Сондықтан, эрине, бұл дәлелді пікір, шындында да Орхон-Енисей жазуларында бұл атаудың осындай мағынаны аңғартқанын байқауға болады. Сонымен бірге «қара» сөзі қарапайым халық, қара бұқара деген мағыналарды білдірген жағдайлар да болған. Бұл, әсіресе,

<sup>677</sup> Кыргыз тарыхы. – Бишкек, 2003. - 218-219-б.

<sup>678</sup> Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. – Алматы, 2005. – Т.ІІ. – 73-б.

<sup>679</sup> Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Дулат. – Т. XI. 1-кітап. – Алматы, 2008. – 240-6.

<sup>680</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – Т.ІІ. – 314-б.

түргештердің Сары түргеш және Қара түргеш болып бөлінуінен айқын көрінеді. Бұл жерде сары түргештер бұрынғысының Ашына қағандарын және олардан шыққан әулетті билік иелері ретінде мойындаған болса, ал қара түргештер Сұлудан бастап ашыналарды мойындаудан бас тарта бастады. Енді қара түргештер өздерін билейтін қағандарды Ашына әулетінен емес, өз араларынан шыққан жергілікті бектерден тағайындастын болды. Дегенмен де, Ашына әулетін мойындаамай, екінші қатардағы қара бұқараға айналған қара түргештер, өздерінің байыргы бабаларының Ашына руының басшылығымен ел болғанын ұмыта қойған жоқ. Осыған байланысты Ашына рулық әулеті қаралардың санасында арғы бабалардың бейнесі ретінде тарихи түрфыдан сақталып қалды.

Л.Н. Гумилевтың VII ғасырдағы қара түргештерді апар, яғни абар түркілерінен шығаратыны белгілі. Ол «сары» түсінігі биліктегілерді сипаттаса, ал «қара» түсінігінің Азияда халық деген мағынаны анғартаттынына назар аударған еді. Дегенмен де, VIII ғасырға қарай ата-бабадан қалған бірін-бірі жактырмайтын және қабылдамайтын ұстаным мен айырмашылықтар жойылып, олар өзара бірігіп кеткендей еді<sup>681</sup>. Алайда сарылар мен қаралар өздерінің ағайыншылыққа негізделген жеке, дербес бірлестіктерін бәрібір сақтап қалды деп ойлаймыз. Оларды өз руларымен үйісіп жүргүре сыртқы жаулардың үздіксіз шабуылдары мәжбүрледі. Мысалы, үйғырлар олар үшін осындағы жау еді. VIII ғасырдың орта шенінде үйғырларға бағынбай батысқа жылжыған «қара салт аттылар» дегендердің өздері жекелеген зерттеушілер пікірлеріне қараганда осы қара түргештер болса керек<sup>682</sup>. Бұл пікірмен В.В. Бартольд та келіседі<sup>683</sup>. Бұл тұста қара түргештер мекені алыштағы Ферғана аймағына дейін созылып жатты<sup>684</sup>. Жалпы түргештердің ғана емес, олардан көп ғасырлар кейін қалыптасқан Әлім тайпасының, яғни қаракесектердің географиялық аймағына орналасқан қанлылардың да кейіннен VIII ғасырдың сонына қарай Қара және Сары қанлылар

<sup>681</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 353-б

<sup>682</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 377-б

<sup>683</sup> Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. – СПб., 1897. – 125-б.

<sup>684</sup> Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 1993. – 377-б

деген атпен белгілі болғанын байқаймыз. Мұндай бөліністі қаңлылар түргештерден қабылдаған болулары мүмкін. Кезінде ежелгі қаңлылардың көшіп-қонып жүрген мекенінің кейінректе құрылған Нұшбе (нусиби) бірлестігінің орналасу аймағына айналғаны және белгілі. Қара түргештер де осыған көрші аймақты жайлаған болатын. Шын мәнінде, қара түргештермен араласып, көрші және қоңсы болып көшіп-қонып жүрген қаңлылардың да қара атанғанын білеміз. Жалпы қаңлылардың қара атануы туралы «Қаңлының» тарихын жазған кезде арнайы баяндаған болатынбыз. Енді сол айтылғандарды қайталап, Қара қаңлылардың аргы тегіне біраз көз жүгіртуге тұра келегін тәрізді. Осыған байланысты қытай жылнамасындағы төмендегідей дерекке көңіл белгендіміз жөн сияқты: «Осы тұста құйғырлардың қағаны Өкей деген адам болатын. Ол жолда торуылдан, генгүндарға бара жатқан Қытай елшісін өлтіріп тастайды. Осыдан кейін құйғырлар мен қытайлықтардың арасы ете шиеленісп кетеді. Қытай құйғырларға қарсы қалың әскер шығарады. Тұтқылдан тұн ішінде баса кектеп келген қалың қолдан шошынған «Өкей әскерін еріксіз шегіндірді. Шы Шюон (қытайдың жасақ басы – автор) Оны Ғуқырған тауына (赤胡山) дейін өкшелей құғанда, Өкей жараланып әзер құтылды. ...олардан салықшы тобының қазына-мұлқі және бұрынғы жарлықнамалар қайтарып алынды. Қаған қалған қолын жиып, Қара қаңғалыларға (бөліп көрсеткен біз – автор) барып паналады»<sup>685</sup>. Онан соң мәселе былай өрбіді: қытайлықтар Өкейді және оның сонынан ілескен құйғырларды өкшелей қууга бұйрық алды. Нәтижесінде, қытайлықтар Қара қаңғалыларға мол пара беріп, Өкейді өлтіртті. Артында қалған Құйғыр халқы оның інісі Атнап тегінді қаған етіп көтерді<sup>686</sup>.

Мұндағы Қара қаңғалылар кімдер деген сауал туындаиды. Қытайдағы жылнамаларды қазақ тіліне аударған бауырларымыз бұған мынадай түсініктеме берген: «Қара қаңғалылар (黑车子) – қара сырлы арбаға отыратындықтан осылай аталған. Толық

<sup>685</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. – 211-б.

<sup>686</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. – 211-б.

аты – Қара қанғалы Шығай немесе Қара қанғалы татар. («Билік ғибратнамасы сөздігі», 1-т., 455-бет.)»<sup>687</sup>. Көріп отырмыз, «Қанға» деген атау – биік арбалылар деген мағынаны байқататыны анық, тіптен жоғарыда айтылғандай, Шығай немесе татар тайпаларының жекелеген рулары да қарамен сырланған арбаға отырғандыктан, қара қанғалылар аталған. Бұдан шығатын қорытынды, Батыс Монғолия территориясындағы қанғаларды батыстағы қанлылармен шатастыруға болмайды. Осылайша, Қанға мен Қанұның екі түрлі тайпалық бірлестік екендігі тағы да анықталып отыр. Алайда бұдан Қанұны мен Қанғаның түп атасы да бөлек деген қорытынды шықлауы керек. Тегінде бұлардың ертеректе атабабаларының түп аталарапының жоғарыда айтқанымыздай, ортақ этностық бұтақтан, ғұндардан және динлиндерден тарауы әбден мүмкін нәрсе.

Ал енді жоғарыда айтылғандай, Қара қанғалылар деп атаптын тайпа бар болса, онда сары қанғалылар да болуы мүмкін бе деген сауал туындейдьы. Алайда мұндай атаумен атаптын тайпа атының қытай жылнамаларында кездеспеуі мұндай сауалға жауап беруді киындана түседі. Дегенмен де, кезінде Қанға аталған құйғырлардың көршілері ғырғыздардың кезінде Шүкір сарылар атанғаны ойлантады. Осылай байланысты қытай жылнамаларында мынадай жолдар бар: «(Таң Сузұң заманында чянюан жылдары (758-760) құйғырлардан женіліп, сонаң кейін кіндік қағанатпен (яғни Қытаймен – Т.О.) барыс-келіс жасай» алмаған генғұндар кейін «тиектердің тілімен ғыргыз деп жаңылыс аталаып кетті. Құйғыр тілінде Шүкір сарылар деген мағына беретін бұл сөз онан әрі бұрмаланып, Қырқыз делініп жүрді»<sup>688</sup>.

Қырғыздардың нұшбелермен (нүши билермен) Жетісу өнірінде көрші орналасқандарын зерттеушілер жазып жүр. Сонымен бірге Сыр бойындағы және Жетісу бойындағы қанұлылардың Қара және Сары қанұлыларға бөлінгені де зерттеушілерге белгілі болып отыр. Бұлар, әрине, шығыстағы қанғалардан бұл кезде этностық және саяси болмыстары жағынан әлдеқайда алыстан кеткен болатын. Сыр бойындағы және Жетісудағы Қара қан-

<sup>687</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. – 337-б.

<sup>688</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2-кітап. – 220-б.

лылар, әрине, біз жоғарыда әңгімелеген Батыс Монголиядағы қаңлылардан (*қаңгалардан – автор*) қол үзіп, шын мәнінде алғаш Батыс түркі қағанатына және кейіннен Түргеш қағанатына қосылған руларға әлдеқайда жақын болып, олармен бірде дос, бірде қас дегендей күн кешті. Бұл туралы Түргеш қағанатына байланысты деректер нақты мәліметтер бере алады. Алайда тақырыптан ауытқып кетпеу үшін біздер қара түргештер мен қара қаңлылардың көрші аймақтарды мекендереп және олардың қара немесе сары атанулары бір тарихи кезенде, яғни түргештердің екіге бөлінуіне байланысты орын алған деп айта аламыз.

Ал енді Алшының Қаракесегіне, Қарасақалына және Төртқарасына келер болсақ, бұлардың арғы бабалары осы Түргеш қағанатынан бастау алатын қаралармен тығыз байланысты деуге негіз бар. Алшын құрамында кейінректе есімдері қарамен байланысты ру тармақтарының шығуна олармен қоян-қолтық араласып жатқан Сыр және Жетісу аймағындағы Қара қаңлылардың да ықпалы аз болмаса керек. Оның үстіне Қара қаңлылардың арғы бабалары Сыр бойында алшындардан әлдеқайда бұрын қоныс тепкенін тарихи деректерден жақсы білеміз. Осының өзі алшындар құрамындағы қара атауымен аталатын Қаракесек, Қарасақал және Төртқара руларының арғы бабалары біз әңгімелеп отырған Қара түргештердің бірлестігінен тарихи бастау алатынын байқатады.

Яғни шежірелік деректерде Әлімнің атасы атанған немесе Әлімнің екінші есімі болып табылатын Қаракесек рулық бірлестігі (құрамында Қаракесек, Қарасақал, Төртқара рулары бар) өзінің арғы бабаларын қара түргештер құрылымынан алады. Осыған қарағанда, біз әңгімелеп отырған Алшын тайпалық бірлестігіндегі Әлімұлы тайпасының тарихы теренде жатыр. Негізінен алты рулық бірлестіктен құрылған бұл тайпа кейін Қазак хандығы тұсында Әлім атауымен жеке тайпа ретінде тарих сахнасына шықкан болса, ал оның құрамына енген рулардың арғы бабаларының тарихи тамырлары Түркі қағанаты дәуірлеріне барады. Әлім құрамына енген рулардың шығу тегіне алғаш рет нақты және ғылыми түрде терендереп барған Н.А. Аристов еді. Ол әлімдердің әртүрлі тайпалық бірлестіктерден құралғандарына назар аудара отырып, өзіндік болжамдар

жасаған болатын. Шежірелік деректер бойынша, Әлімнің өзі кейде Қаракесек деген жанама атпен аталады және ол Қаракесектің ұрпағы ретінде шежірелік түрғыдан таратылады. Сондықтан да «Қаракесек» этнониміне алғаш және арнайы тоқтауымызға тұра келеді.

«Қаракесек» атауы қазак шежіресінде айтарлықтай белгілі этноним. Бұл арғындарда да белгілі ру. Кезінде Н.А. Аристов арғындардың Қарақаралы округтіндегі 17 болыста қаракесектердің кеңінен таралғаны және ондағы тұрғындардың өздерінің «ежелгі күшті қаракесектер ұрпағы» екендіктерін әрбір болыстың мақтаныш ететіндігін атап көрсеткен еді<sup>689</sup>. Мұның өзі Қаракесек руының ежелден-ақ аса беделді бірлестік болғанын аңғартса керек. Сонымен бірге Кіші жүздің Әлімұлты тайпасы да Қаракесек руына аса құрметпен қарайды. Тіптен, жоғарыда атағанымыздай, Қаракесек Әлімнің арғы атасы болып келеді. Н.А. Аристов қаракесектердің арғындар немесе әлімдер құрамында ғана емес, сонымен бірге Сырдарияның арғы жағындағы қарақырғыздардың ичкілиқ руында да қездесетінін ескертеді. Осыған байланысты ол: «Жалпы алғанда бұл ру Алшынға бөтен және тегінде оған кейініректе қосылған, бәлкім арғындардан келген болар», – деген тәрізді болжам жасайды<sup>690</sup>.

Шынында да, кезінде Қаракесек рулық бірлестігі ортақ бір одаққа біріккен ру тармақтарының басын қосқан бірлестік болған тәрізді. Біздің ойымызша, ол кезде ол Арғынға да, Алшынға да кірмеген. Әрине, Қаракесек атауымен бұл бірлестік IX ғасырға дейін тарих саҳнасына шыға қоймаған. Өйткені мұндай тарихи атау бұл кезенде еш жерде кездеспейді. Дегенмен де, қаракесектердің арғы бабалары қара түргештер одағында әмір сүргенін мойындар болсак, олардың Түргеш қағанаты кулағаннан кейін және «Түргеш» этнонимі тарих саҳнасынан кеткен соң, біраз уақыт қаралар деген атаумен Сыр бойында көшіп-конып жүрулеріне тұра келсе керек.

Қара түргештерді қарлұқтар бағындырыған соң, Қаракесек бірлестігі біртіндеп IX-X ғасырларға қарай қалыптаса бастаған

<sup>689</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – 104-б.

<sup>690</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 108-109-б.

болса керек. Тегінде Басмыл тайпалар одағының күйреуі де, VIII ғасырдан соң осы одаққа біріккен тайпалардың ыдырауына байланысты бұл жіктелу үрдісін бастап берген тәрізді. Дегенмен де, монғол жаулауына дейінгі кезенде біз тарихи деректерден «Қаракесек» атауын кездестіре қоймаймыз. Оның есесіне ежелгі түркі рулары арасында «Кесек» этнониміне жақын «Кесе», «Калсер» тәрізді этнонимдер кездесетін белгілі. Бұлардың кейінгі ұрпақтары қазіргі кезде башқұрттар арасында кездеседі. Башқұртың белгілі зерттеушісі Р.Г. Күзеев аталған рулардың кезінде Алтайдағы ежелгі түркілер ортасынан шыққандарын атап көрсеткен еді. Оның ойынша, бұл кесе, калсар атауын алып жүрген рулардың тарихи тағдырлары Алтайдың солтүстігіндегі б.з.б. I мыңжылдықтың басында өмір сүрген угор-самодий қауымдастығымен тығыз байланысты. Белгілі ғалым бұлардың башқұрт немесе қазақ жеріне жылжу жолдарын тәмендегіше түсіндіреді: «В начале и первой половине I тыс. н.э. древние тюрки (в составе, как правило, объединений в этническом отношении неоднородных) устремились на запад, вовлекая в свой состав тюркских и угорских кочевников степей Приаралья и Западного Казахстана. Уже в ту эпоху одни и те же этнонимы (в результате образования и распада различных племенных сочетаний кочевников) могли принадлежать племенам, говорящим и на тюркских, так и на угорских языках... Предки башкир родов кесе, кальсер и юмран поселились в Башкирии во второй половине I тыс. н.э. в общем потоке движения булгарских племен»<sup>691</sup>. Назар аударар тағы бір нэрсе, қырғыздарда жоғарыдағы рулар атауларына жақын, ичкилик тобында кесек<sup>692</sup> ал тувалықтарда кезек-кулар<sup>693</sup> руларының кездесетіндігі. Тегінде осы, кейініректе әртүрлі халықтар арасына таралып, олардың тілдік ерекшеліктеріне сәйкес, атауларында кейбір ерекшеліктер пайда болған жоғарыда аталған ұқсас рулық этнонимдер ежелгі түркілердегі кесе немесе кесек атауларынан бастау алса керек. Осыған сәйкес жоғарыда аталған

<sup>691</sup> Күзеев Р.Г. Прописхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – М., 1974. – 273–274-б.

<sup>692</sup> Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Л., 1971. – 27-б.

<sup>693</sup> Вайнштейн С.И. Тувинцы-тоджинцы. Историко-этнографические очерки. – М., 1961. – 3-б.

белгілі ғалыммызыз, Р.Г. Күзев кезінде мынадай негізді тұжырым айтқан еді: «Означает ли тождественность этнонимов кесе у башкир, кесе (или кичи) у туркмен-салоров, кичи-мерген у локайцев, кесек, кезек у киргизов и тувинцев общность происхождения или общность каких-то древних этапов этнической истории этих образований? Вероятно, да, но появление этнонаима кесе(киши) в Средней Азии и Восточной Европе можно объяснить лишь раннетюркскими миграциями на запад»<sup>694</sup>. Р.Г. Күзев көне венгер тарихын зерттеуші академик Д. Неметтің пікірлері негізінде Кесе этнонимінің ежелгі венгер тайпаларының жетеуінде кездесетініне назар аударған еді. Аталған ғалым сонымен қатар қазіргі Венгрия аймағында Кесе деген атаумен 50-ге тарта этнонимдердің кездесетіндерін, атальмыш этнонимнің түркілік негізі бар екендігін атап көрсеткен болатын.

Қырғыз зерттеушілері өздеріндегі ичкиликтер (Булгачы) рулық тобындағы ең ірі руладың бірінің атауы *кесек* екендігіне назар аударады. Олардың ізденістері кесектердің байырғы қырғыз рулады болып табылатынын және олардың ежелгі Енисей қырғыздары ұрпақтары болып табылатынын аңгарта түседі<sup>695</sup>. Айта кетер тағы бір мәселе, «Кесек» атауы түркі халықтарында, соның ішінде казақ-қырғыз тілдерінде ортақ мағынаны – «бөлек», «нәрсенің бөлігі» деген түсінікті білдіреді. Мұның өзі тайпалық бірлестіктің бір бөлігі немесе мемлекеттің бір бөлігі дегенді аңғартуы да әбден мүмкін<sup>696</sup>. Осы айтылғандарды қорыта келе мынадай тұжырым жасауға болады: Қаракесек руладар бірлестігі о баста Алтай-Саян өңіріндегі және Енисей бойындағы ежелгі түркілер қауымдастырының Кесек атанған одағында қалыптаса бастаған. Кезінде *кесе* немесе *кесек* атанған осы Алтай рулады кейіннен Жетісудағы түргештер құрамында өсіп-өніп, араға бірнеше ғасырлар салып, Қаракесек этнониміне ие болған.

IX-XIII ғасырларда «Қара» атауымен топталып жүрген бұл тайпалар біртіндеп, өздерін басқаратын тарихи тұлғаның атына

<sup>694</sup> Күзев Р.Г. Прописхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – 272-6.

<sup>695</sup> Каратаев О. Қыргыз этнонимдер сөздүгі. – Бишкек, 2003. – 106-107-б.

<sup>696</sup> Каратаев О. Қыргыз этнонимдер сөздүгі. – 107-б.

сәйкес (Қаракесек, Қарасақал) немесе құрамындағы ру тармақтарының санына қарай (Төртқара) жаңа этнонимдерді қабылдай бастады. Мұның өзі кезінде қара түргештер құрамында болған Алшынның Қара руларының жаңа тайпалық тоңтарға бірігу үрдісі аса курделі болып, бірнеше ғасырларға, дәлірек айтсақ, XIII-XV ғасырлардың өн бойына созылғанын байқаймыз. Сонымен бірге тарихы едәүір теренде жатқан, Он оқ бодұн немесе Түргеш қағанаты дәүіріне алып баратын Алшынның қаралардан тұратын тайпалары жоғарыда айтқанымыздай, алғаш Алшын бірлестігінде өмір сүрді. Қазақ хандығының алғашқы ғасырларында қаралардың қазақтарға Алшын тайпалық бірлестігі деген атаумен әйгілі болғанын білеміз. Ол туралы жоғарыда айтып кеттік. Дегенмен де, рулық таңбаларға талдау жасағанда ескерткеніміздей, кейбір Қаракесек бірлестігіне кірген рулардың, дәлірек айттар болсақ, Қарасақалдың Алшын бірлестігімен таңбалас, яғни осы одақта алғашқылардың бірі ретінде өмір сүргенін аңғарамыз.

Егер Қарасақал байырғы «Сақалды» немесе «Сақал» рулық бірлестігінен бастау алады деген тұжырым жасар болсақ, ал мұндай тұжырымды кейбір тарихи дәлелдер қостай түседі, онда оның тарихи тамырлары орта ғасырлардағы түркі дәүіріне барады. Н.А. Басқаков XI-XIII ғасырлардағы Қыпшақ бірлестігінде осындай рудың болғанын жазып кеткен еді<sup>697</sup>. Кезінде осы қыпшақтардың (VII-VIII ғасырларда) Алтай маңын және Ертістің орта ағысын мекендегенін жақсы білеміз. «Соххы» деген атпен хакастар<sup>698</sup>, «Сақалды» деген атпен қырғыздар, «Сокалыг» деген атаумен сары үйғырлар<sup>699</sup> құрамдарында осындай рудың күні бүгінге дейін сакталып қалуы, сақалдардың арғы бабаларының VI-VII ғасырларда Енисей жағалауында өмір сүргендерін дәлелдейтіндей. Тегінде түргештермен бірге Жетісу өніріне қоныстанған осы сақалдар қара түргештермен бірге көшіп-конғандықтан және олармен бірге жүргендіктен Қара сақал атанса керек. Кейінгі қырғыздарда қазактар тәрізді барғы, долос, саяк, солто, суу мұрын руларының құрамына қарасақал-

<sup>697</sup> Басқаков Н.А. Имена половцев и названия половецких племен в русских летописях // Тюркская ономастика. – Алма-Ата, 1984. – 72-б.

<sup>698</sup> Бутанаев В.Я. Этническая история хакасов XVII-XIX вв. – М., 1990. – 60-б.

<sup>699</sup> Карапаев О. Кыргыз этнонимдер сөздігі. – 155-156-б.

дардың таралып кетуі де осыны дәлелдей түсептіндей<sup>700</sup>. Кейін IX-X ғасырларда қарасақалдардың бір белгі Оғыз тайпаларымен бірге Арап бойынан түркмендерге барып қосылса керек. Қазіргі түркмендерде де Қарасақал руының сакталып қалуы осыны дәлелдейді<sup>701</sup>. Сонымен бірге тарихтың белгілі бір кезеңінде қарасақалдар Жағалбайлымен, Телеумен және Шектімен көрші-қоңсызық өмір кешкен тәрізді. Мұны қарасақалдардың екінші рулық таңбасының атаптаған руларға жақындығы дәлелдей түседі.

Ал Кете, Төртқара, Шекті рулары болса, ол кезде бір тайпалық құрылымға бірігіп, Төртқара немесе Шекті тайпалық одағында өмір сүрді.

Қытай тарихи деректерінде Шектінің ежелгі атавы VI-VII ғасырлардағы жылнамаларда кездеседі. Мұның өзі алғаш Шектінің құрамында болған Төртқара рулары кейін Қаракесек бірлестігінә қосылса керек деген корытындыға жетелейді.

Дегенмен де, VII ғасырдың өзінде қытай деректерінде көрініс беретін Шемекен (Шемекей) тайпа бірлестігінің рулық таңбасының бірі – Қаракесектің екінші рулық таңбасына ұқсас кейінгі  – л әрпіне жақын бұл таңба Қаракесекте аяғымен тұрса, ал Шемекейде ол көбінесе бір жағына сұлап жатады . Мұның өзі бұл таңбаның алғаш қаракесектерге тән болғанын, кейін осы таңбаны шемекейліктердің қабылдағанын, бір сезбен айтар болсақ, Шемекей тайпасының қаракесектер құрамына, яғни Алшын одағына кейінрек кіргенін байқаттын тәрізді. Шежірелік деректер де мұны теріске шығармайды. Оларда Шемекей Әлімнің баласы емес және оның інісінен тарайтын туыс. Сонымен катар Шемекейдің рулық таңбасының бірі жоғарыда айтқанымыздай, Алшын тайпа бірлестігінің ортақ таңбасын  еске түсіреді. Мұндағы айырмашылық – Алшын таңбасының ұшы жоғары қарап тұрса , ал Шемекейдің дәл осындай таңбасының жоғары қаралған тұмсығына көлденен сызық қойылған . Мұның өзі Алшын одағындағы Шемекей орнының шектеулі екендігін және оның бұл одаққа кейіннен

<sup>700</sup> Каратаев О. Кыргыз этнонимдер сөздігі. – 155-156-б.

<sup>701</sup> Атаниязов С. Словарь туркменских этнонимов. – Ашхабад, 1988. – 44-б.

қосылған кірме екенін аңғартатында. Осы біз әңгімелеп отырған үрдістер тегінде VII-IX ғасырларда орын алған тәрізді.

Оның үстіне, Шөмекейдің екінші таңбасының Алшынға және Қарасақалға жақын болуы оның бұл одакқа кейінірек қосылғанын тағы да байқатады. Тегінде бұл VIII ғасырға қарай орын алған болса керек. Өйткені Он оқ бодұнның құрамында нұшбелердің емес, дулулардың (Бес түркілердің) одактасы болған шөмекейлер (шөмекендер) кейін Түргеш қағанаты құйрекен соң, Батысқа қарай жылжып, біртіндеп Алшын (Қаракесек) одағына қосылған тәрізді.

Ал енді, өзіміз әңгімелеп отырған Әлімнің Қаракесек тобының жеке тарихына арнайы тоқталатын болсақ, бұл туралы кезінде М. Тынышпаев та өз пікірлерін айтқан еді. Ол Қаракесек тайпалық одағына Шөмекейді және Кетені біріктірген. Олардың ежелден келе жатқан ұраны ортақ. Олар жауға «Дейт» деп ұрандатып шапқан. Осы ұранның мән-мағынасына терендете назар аударған ол, кейінгі кезге дейін Қашқардың онтүстік-батысынан Алай тауларының шығыс бөлігіне дейінгі аралықта қарақырғыздардың Қаракесек және Тойт деген руладының баяғы заманнан бері қатар өмір сүріп келе жатқандарын және бізге келіп жеткен аныз бойынша, олардың өзара туыс екенін атап көрсетеді. Осыған байланысты ол төмендегідей қорытынды жасайды: «Осылайша, Қаракесек және Дейт (тоит) Кіші жуз қырғыздарында (қазақтарында – автор) және қарақырғыздарда қатар кездесе береді. Оның үстіне бұл атаулар онда да, мұнда да өзара байланысты»<sup>702</sup>.

«Қаракесек» этнонимі туралы айтқан кезде өзімізге көрші қырғыз жерінде де дәл осындай атаумен рудың кездесетінін айтпасқа болмайды. Қырғыздың «Оқчу» руынан шыққан Қаракесек «Манас» дастанында эпизодтық кейіншер қатарында қатысады. Ол бойынша қол бастаған Қаракесек Алтайдан Анжиянға келіп, батырлар мен билер бас қосқан үлкен кенеске қатысады. Сонымен бірге Қаракесек хан төңірегінде жүрген ірі батырлар қатарында аталағы<sup>703</sup>. Тегінде осы дерек назар

<sup>702</sup> Тынышпаев М. Материалы истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1925. – 23-25-6.

<sup>703</sup> Каратаев О. Қырғыз этнонимдер сөздүгү. – 92-6.

аударарлықтай мәлімет деп ойлаймыз. «Манас» жырының тарихи тамыры теренде жатқанын ескерер болсақ, осында аталатын Қаракесек атты батырдың қазақ және қырғыз руладының аргы бабаларының басын қосқан көрнекті тарихи тұлға болып шығуы әбден мүмкін. Оның үстіне қазактар тәрізді қырғыздарда да Қаракесек руының құрамында дәл осындай атпен Қаракесек рулық тармағы кездеседі екен<sup>704</sup>.

Қазакта да Әлімнің бабасы Қаракесек тайпасының құрамында Қаракесек руының кездесетінін ескерсек, мұндай ұқсастықтарды кездейсоқтық деп қарай алмаймыз. Тегінде, шамамен VI-VII ғасырларда осындай есіммен аталған тарихи тұлғаның үлкен тайпалық бірлестікке ықпалды тұлға болғаны, бәлкім «Манаста» көрсетілгендей, қол бастаушы батыр болғаны рас болар. «Манас» жырындағы көптеген деректер тарихи шындықты негізге алғанын ескерер болсақ, кезінде Қаракесектің ықпалында болған үлкен рулық бірлестіктің кейіннен шашырап, әртүрлі халықтың құрамында жүруі тарихи үрдісте жиі кездесетін жағдай екенін ескермеуге тағы болмайды.

Н. Аристов 1876 жылы қарақырғыздарды зерттеген әскери ғылым экспедициясының материалдарына сүйене отырып, тәменгі Алай жеріндегі қырғыздың Ичкилиқ руының құрамында 20 бөлімше бар екенін, олардың ішіндегі ірілері – кадырча, қанды, найман, тait, кесек, каратеит және т.б. болып табылатынын атап көрсеткен еді. Сонымен бірге зерттеуші Алышынның біз жоғарыда айтқандай, кейбір руладына жауынгерлік ұран болып жүрген тait (доит) атауының қырғыздардың ичкилиқ руы ішіндегі кеңінен таралған ру тармағы болып табылатынына назар аударған еді<sup>705</sup>.

Тағы бір назар аударатын мәселе, жоғарыда аталғандай, қырғыздардың Тейит руының құрамында Кара тейит деген ру тармағы кездеседі. Қырғыз зерттеушілері бұл рудың атындағы «Қара» деген сез географиялық орналасуға байланысты келіп шыққан деп түсіндіреді. Біздің ойымызша, бұл қаракесектерге жақын ру аты. Өйткені осыған байланысты қырғыз ғалымы

<sup>704</sup> Аттокуров С. Кыргыз этнографиясы. – Бишкек, 1997. – 195-6.

<sup>705</sup> Аристов Н. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой Орды и каракиргизов. – СПб., 1895. – 143-6.

О. Каратаев былай деп жазады: «Манас» эпосында қара тейиттер қырғыздың белгілі руларының бірі, белгілі қаһармандардың руы қатарында саналады. Үлкен Алай жерінде Қара-Тейит атауының топонимикалық атауы бар»<sup>706</sup>.

Осы дерек қазактың Қаракесек одағына кірген руларының Дөйт (қыргыздарда *тейит* – автор) руының есімін жайдан-жай жауынгерлік ұран ретінде пайдаланбағанын байқататындей. Тегінде дөйт руы (қыргыздарда *тейит* – автор) қаракесектердің о бастағы қалыптаса бастаған бірлестігіне беделді тарихи тұлғаның басшылығымен үлкен ықпал жасаған болса керек. Осыған байланысты Қаракесек тайпалық одағының осы атауды өздеріне жауынгерлік ұран ретінде қабылдаулаты әбден мүмкін.

Қытай деректерінде осы «Қара» атауына байланысты назар аудартатын тағы бір мәлімет бар. Одан байқайтынымыз, Он оқ слі күйрегеннен кейін қытайлықтар түркілер аймағына әкімшілік реформасын жүргізген кезде, Қара дуаны деген атпен Қара ұлысында жаңа әкімшілік аудан құрған. Мұның өзі қаралардың саны жағынан да, көлемі жағынан да сол тұстағы Қарлық, Генгүн, Құйғыр тәрізді іргелі елдермен қатарлас тұрғандығын аңғарта түсетіндей. Бір сөзben айтқанда, түркі жерінде құрылған он тоғыз дуаның бірі, осы Қара дуаны болды. Осылайша Түргеш, Қанлы тәрізді мемлекеттер халықтарының қараға және сарыға бөлінуі, тіптен, осындаи «қара» атауымен жеке әкімшілік ұлыстың өмірге келуі, онан соң оны қытайлықтардың қолдан, өздерінің түркілерге ықпалын күшетту мақсатында Қара ұлысын Қара әкімшілік дуанына айналдыруы немесе бір сөзben айтқанда, «Қара» атауының тарихымыздан қалмай, үздіксіз тарихи үдерістерге ілесіп отыруы осы өнірде (Қаратай мен Сырдың аралығында) алғаш Қаракесек деген атпен әйгілі болған, кейін Кіші жұз бірнеше тайпаға (Қаракесек, Қарасақал, Төртқара) бөлінгенде оның ішінде үлкен бір бірлестіктің қалыптасуына алғышарттар қалады деуге әбден болады.

<sup>706</sup> Каратаев О. Қыргыз этнонимдер сөздүгү. – 96-6.

№	Рұ-тайналар аттары	М.Гродеко тың мәліметтері (1889 ж.)	С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	Н.Мынжаныштың мәліметтері (1987 ж.)
1	2	3	4	5
1	Алім (Әлім)	М	М	М

№	Рұ-тайпалар алғары	1	2	3	4	5	6	7	8	9						
Каракисель (Каракесек)	А.Леманнің мәйдандары (1832 ж.)	1	М.Гроеновтың мәйдандары (1889 ж.)	2	И.Доброславчовтың мәйдандары (1895 ж.)	3	М.Тимашевден мәйдандары (1925 ж.)	4	С.Андроповтың мәйдандары (1959 ж.)	5	Ж.Арғынбайев М.Мұсаканов В.Васиров мәйдандары бойынша (2010 ж.)	6	А.Сейдімбек мәйдандары бойынша (2008 ж.)	7	8	9

№	Рұ-тайпалар аттары	М.Горлековтың мәдениеттері (1889 ж.)	И.Добровольсю втын мәдениеттері (1895 ж.)	М.Тынышпаев тәнін мәдениеттері (1925 ж.)	С.Аманжоловт ың мәдениеттері (1959 ж.)	Н.Мыланжаның мәдениеттері (1987 ж.)	А.Сейдабек мәдениеттері бояйнан (2008 ж.)	
1	Карасақал	2	3	4	5	6	7	8

Nº							
1	2	Каракерей	Рыцайланар аттары	3	М.Гирековтын молииметтері (1889 ж.)	4	М.Тиншатасын молииметтері (1925 ж.)
				5	С.Антиковолынын молииметтері (1959 ж.)	6	Б.Макисанын молииметтері (1967 ж.)
				7	Х.Ардынбайев М.Мусаев В.Востров молииметтері бойынша (2000 ж.)	8	А.Садымбек молииметтері бойынша (2008 ж.)

### 3.9. «Найман» тайпалық бірлестігі

Тарихымызда «Найман» этнониміне байланысты әртүрлі көзқарастар орын алғып келеді. Мұның басты себебі, Найман тайпасының аргы тарихы туралы нақты деректердің өте сирек кездесетіні. Сонымен бірге Найман тарихына қалам тартқан зерттеушілер о бастан-ақ өздерінің осы мәселеге байланысты өзіндік көзқарастарын білдіруге тырысты. Ал мұның өзі әртүрлі тұжырымдарға негіз болып, тарихымызды бұрмалауға жол ашты.

Жалпы «Найман» этнонимінің шығуын түсіндіруде алты түрлі көзқарастарды анық байқаймыз. Олардың **алғашқы тобына** бұл этнонимді жеке тарихи тұлғадан таратушылардың пікірлері жатады; **екінші көзқарас** бұл этнонимді өзен атымен байланыстырады; **үшінші көзқарас** Найман атауын монголдың «сегіз» деген сандық көрсеткішінен шығарады; **төртінші көзқарас** «Найман» этнонимінің «найы» түбірінің көне түркі тілінде «дос» деген мағынаны білдіретіні туралы; **бесінші көзқарас** найман атауы «сегіз өзен елі» деген мағынаны білдіруі мүмкін дейді; **алтыншы көзқарас** бұл этнонимді «үлкен мәлін» деген көне түркі сөзі деп таниды.

Көзқарастардың осындай әртүрлілігі кімдікі дұрыс деген сауалға келіп тіреледі.

Өкінішке орай, мұндайда негізгі табан тірейтініміз ежелгі қытай жылнамалары болса, олардан да бұл мәселеге тиянақты жауап таппай отырмыз. Мәселенің шиеленісе түсуіне дәстүрлі тарихи деректеріміз, оның ішінде әсіресе, шежіре өз үлесін қосуда. Тарихымызды жазуда кейінгі жылдары шежіреге баса мән бергендей, «Найман» этнониміне байланысты көзқарасты осы шежірелік деректерден бастағанымыз жөн болар.

Қазақ шежіресі Найманды тарихи тұлға ретінде көрсетуге құмар. Мұны шежіремен айналысқан өткен ғасырлардағы біліктілеріміздің бәрі қолдай түседі. Соның нақты мысалы Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» еңбегіндегі деректер дер едік.

Құрбанғали Халид (1843-1913) өзінің аталмыш еңбегінде Найманға байланысты мынадай пікірді айтады: «Орта жүздің өзінен, яки баласынан Найман тұған. Найманның баласы

Өкіреш, бағзылар Өкіреш лақабы дейді, оған мынадай мәтел де айтады:

Өкіреш атты Найман-ды,  
Қартайғанда қыз құшып,  
Өкіреш атын алған-ды.

Найманның Шұбартай атты жалғыз ұлы болып жасында опат болған. Есті келін деп аталатын оның әйелі ерге шықпай қайын атасы Найманның қолында отырған. Бір күні атасы дәретке шыққанда зәрдің орны көпіріп қалған екен, оны көріп келіні атаманның әлі бір балалық қуаты бар көрінеді деп, атасына әйел алдырған. Ол кезде қарттың жасы 90-нан асып кеткен, сонда әйеліне қосылып болған да қырылдап жатып жан берген. Сонында әйелі бір ер бала тауып атын Өкіреш қойған. Өкіреш өсken соң әлгі женгесіне үйленіп, онан Соқурше туған. Сол кезде Арғынның алты ұлы Шұбартай өлген соң жесірімізді аламыз деп, кезінде көп таластар, дау-дамай өтіп, тіпті дау күшті болғаннан уәзірлер де екі дай болып, ханның өзі араласып, келісімге келтірген. Мұнан қазакта жесір дауы ұлкен нәрсе және ескі заманнан келе жатқан жол, яғни дәстүр деп ұғу керек болады.

Найман дәуірі Орыс хан уақытымен замандас болса керек. Әбул-Файз хан мен Байғара би тұғырлас деп есепке алсақ, ері екеуі 14 атадан барып Найман мен Орыс ханға қосылады. Найманның келіні туралы қазақ арасында ұзак тарихи жырлар да бар, оны бізге жеткізген ақын-жырау, ата-бабалар. Содан келе-келе, баласының аты – Өкіреш, әкесі Найманның лақап атына айналады»<sup>707</sup>.

Әрине, «Найман» этнонимінің шығуын Орыс хан өмір сүрген XIV ғасырдың 2-жартысына әкелу тарихи шындықты мойын-дамау болып шығады. Өйткені барлық беделді зерттеушілер «Найман» этнонимінің VIII ғасырдың 2-жартысында «сегіз оғыз» этнонимін аудыстырғаны туралы мәселенің төнірегінде дауласып жур. Оның үстінен Найман хандығының атақты Шыңғысханға қарсы табанды күрескен мемлекеттік бірлестіктер қатарында саналатыны ежелгі ортағасырлық деректерден белгілі.

<sup>707</sup> Халид Қ. Тауарих Ҳамса (Бес тарих). – Алматы, 1992. – 94-6.

Зерттеуші Б.Н. Бияров өзінің «Кейбір түркі этнонимдерінің этимологиясына шолу» атты еңбегінде осыған байланысты былай деп жазған еді: «Орыс хан 1361-1375 жылдары хандық құрып, Ақсақ Темірмен алдысын өткен адам. Ал «Найман» сөзі VIII ғасырда-ак іргелі мемлекеттік бірліктің аты ретінде қытай жылнамаларына түсіп қойған. К. Халидтың шежіресіне С. Аманжолов та сүйенеді. Найман өмірде болған адам (антропоним) ретінде көрсету кейінгі шежірелерге де тән. Мәселен, Б. Кітапбаев өз шежіресінде «Найман ата», «Найман шал» деп суреттейді. Бұқіл тайпа Найманның 90 жасқа келгенде көрген жалғыз ұлы Белгібайдан таратты-мыс. Осы шежіредегі кез келген бір атаниң қазіргі ұрпағын мысал ретінде алып, әр буынға орта есеппен 50 жыл ғұмыр беріп есептеп көрелік. Мысалы: Қайрат (қазір 30 жаста) – Бабағұмар – Қабылбек – Райыс – Кенжебай – Меней – Мая – Тоқарыстан – Жарылғас – Қожамберді – Шоңмұрын – Қаратай – Қекжарлы – Сарыжомарт (Ергенекті) – Сүтірші – Белгібай – Найман. Шежіредегі осы 17 буынды 50-ге көбейтсек, 850 жыл болады еken. Осы санды 2000 жылдан шегерсек, 1150 жыл шығады. Бұл XII ғасырдың алғашқы жартысы. «Найман» сөзі мен Найман тайпасы VIII ғасырда белгілі болып, Орхон өзеніне Қара Ертістің басына дейін жайылған ұлыс болатын. Сондықтан бір адамның кіндігінен тарату, бертінгі бір мәшінәр тұлғадан бастап санамалап кету, көбінесе, аңыздың желісі. Жалпы алғанда, әр адам өзінен бастап Адам Атага дейін таратып айтып беру мүмкін емес. Мұндай хронологиялық жүйе дүние жүзінде жоқ, оның устінен көшпеніңі халықтардың тарихы мүлде хат танымаганын есте ұстаған жөн. Сондықтан шежірені жазғанда, өзінен бастап, тарих тереңіне қарай журу керек. Ғылыми деректермен дәлелдеп, неше атага дейін таба алсақ таптық, ал одан әрі не болғаны жұмбак күйінде қала бермек»<sup>708</sup>.

Жазушы Қойшығара Салғараұлы өзінің «Қазақтың қылыштары» атты роман-эссеінде Найман атауының шежірелік мәліметтеріне байланысты мынадай пікірді келтіреді: «Кей

<sup>708</sup> Бияров, Б.Н. Кейбір түркі этнонимдерінің этимологиясына шолу. «Байыргы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: (Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана қаласы, 2001. 18-19 мамыр.). – Алматы, 2001. – 319-б.

атаулар жөнінде ел арасына тараған ауыз-әңгімелер бар болғанымен, дәл осы Найман жөнінде ондай ештеме кездеспейді. Шежіреде Найман Орта жүздің тұп аталығы – Жанарыстың алты баласының бірі – Ақкожадан туған баланың аты. Одан Кетбұға, Барыжомарт, Төлегетай. Осының кейін ұрпағы таңбасын жылқының теріс жағына салғандықтан Терістанбалы атанып кеткен. Кетбұғасынан Мәмбет пен Рысқұл; Сарыжомарттан – Бағаналы, Балталы, Көкмарлы, Бура деген балалар тарайды. Халық Сарыжомарттың балаларын Ергенекті-найман деп те атайды. Төлегетайдан Қаракерей, Матай, Садыр. Осы Матайынан туған Қаптағай есімі бүкіл Найманның ұранына айналады. Бір қызығы, жекелеп алғанда, Төлегетай балаларының өз ұраны бар. Мысалы, Қаракерейдің ұраны – Қабанбай, Матайдікі – Берібай, Садырдікі – Алдияр. Ел ұранына айналған бұл үш есім де XVIII ғасырда өмір сүрген нақты тарихи тұлғалар»<sup>709</sup>.

Бұл дерек тағы да Найманды Ақкожадан туған Жанарыстың алты баласының бірі ретінде, яғни жеке тарихи тұлға түрінде көрсететіні корініп тұр.


Мұнда мынаны ескерген жөн. Ақкожа XIV ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға болуы мүмкін. Оның осы тұста Найман тайпасына билік жасаушылардың бірі болуы да мүмкін. Өйткені Арғын шежіресін бастайтын Қарақожа Тоқтамыс ханмен бірге жүрген XIV ғасыр адамы.

Сонымен қатар жазушы Қ. Салғараұлы белгілі ғалымдар С. Аманжоловтың және М. Мұқановтың Найманға байланысты шежіре-деректерінің жогарыда келтірілген шежірелік мәліметтерден өзгешелеу екендігін атап көрсете кетеді. Сонымен қатар ол Ш. Құдайбердіұлының шежірелік деректерінде де бұларға ұқсамайтын мәліметтер кездесетініне назар аударады. Ол сезбе-сөз бұл мәселені былай талдайды: «Мысалы, С. Аманжолов нұсқасы бойынша, Найманнан бір ғана, кейін ел аузындағы Өкіреш деген атымен танылған, Белгібай деген бала туады. Одан – Елте (Ел ата деп те атайды), Бағаналы, Балталы, Сүгірші (Шәкәрімде – Сүкіргі), Сүйініш деген бес бала тарайды. Елтеден – Серікбай, Қоңырат-Найман; осының Серікбайынан – Төлеген, одан Келбұға, Кетбұға»<sup>710</sup>. С. Аманжоловтың бұл мәлі-

<sup>709</sup> Салғараұлы Қ. Қазақтың қылы тарихы: Роман-эссе. – Алматы, 1992. – 253-б.

<sup>710</sup> Салғараұлы Қ. Қазақтың қылы тарихы: Роман-эссе. – 253-254-б.

метті Темірбай Бектасов атты шежірешіден келтіріп отырғаны белгілі. Схема турінде берер болсақ, бұл былай болыш шыгады<sup>711</sup>:



Қ. Халид пен Т. Бектасовтың өзара ұқсас шежірелері негізінде жасалған бұл сұзбага талдау жасай келе, С. Аманжолов былай деп атап көрсеткен болатын: «Айта кеткен жән – Халидовтан (Халид – Т.О.) біз алғаш рет қытай тайпалық одағы туралы мәліметті көреміз. Олар, яғни қытайлар XII ғасырдан бастап Қазақстандағы Талдықорған облысының солтүстік-шығысында және Шығыс Қазақстан облысының оңтүстік-шығысында өмір сүрген». Бұл жерде ғалым Найман шежіресінде орта ғасырлармен байланысты деректер бар екенін алға тартып отыр. Оның айтып отырған қытай тайпасы Орхон-Енисей ескерткіштерінде кездесетін табғаштармен байланысты болуы әбден мүмкін екендігін, сонымен бірге осы ескерткіштерде «қытай» этнонимінің де кездесетінін атап көрсете келе, ғалым осы қытайдан тарайтын Садыр, Матай, Төртүйл және Қаракерей руларының XII ғасырдан кейін ғана наймандар

<sup>711</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. I. – Алматы, 1959. – 59-б.

одағына қосылып, бұған дейін қытай деген жалпылама атпен дербес өмір сүргендерін атап көрсетеді<sup>712</sup>.

Қытай деректерінде қидандардың қытан деп аталғанын да байқаймыз. Сонымен бірге қидандарда VIII-IX ғасырларда Сегіз қидан тайпалық бірлестігінің болғаны «Ляо-шиден» және белгілі<sup>713</sup>.

С. Аманжолов М. Қашқаридың қытай тайпасын түркі тайпалары қатарына жатқызатынына да назар аударады. Бұл пікірді кезінде В.В. Бартольд та қостаған еді<sup>714</sup>.

Жазушы бұл жерде жоғарыдағы деректен өзгешелікті атап көрсете кетеді. Онда Кетбұғадан тікелей Найман тарайтын еді. Сондай-ақ, Сұғаршіден – Сарыжомарт, Төлегетай; онан соң осы Төлегетайдан Қытай, одан Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл өсіп-өрбитін<sup>715</sup>. Шындығында да бұл деректерде айтarlықтай алшактықтар бар. Алғашқысында Төлегетай Найманның бел баласы болса, кейінгі шежіреде оның шебересі. Оның устіне Қаракерей, Матай, Садыр, Төлегетайдың өзінен емес, баласы Қытайдан туып отыр және оларға Төртуыл атты жаңа есім қосылады<sup>716</sup>. Жазушы М. Мұқановтың шежіресіндегі өзгешеліктерге де назар аударады. Осыған байланысты ол былай деп жазады: «Ал М. Мұқановта әлгі Қытайдың баласы Төлегетайдың немересі деген тікелей Найманның өзінен тарайды»<sup>717</sup>.

К. Салғараұлы сондай-ақ Шәкәрім қажы келтіретін шежіредегі өзгешеліктерге де назар аударған болатын: «Шәкәрім қажы Найманнан Сопы мырзаны, одан Өкірешті, одан Домбауыш, Сүкіргі, Сарыжомартты туғызады»<sup>718</sup>. Жазушының бұл талдаулары өзінен бұрынғы М. Тынышпаевтың мәліметтеріне сүйенетінін оның өзі де мойындайды. Осыған байланысты ол былай деген еді: «Жоғарыда айтқан деректерді ойдан

<sup>712</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. I. – 59-б.

<sup>713</sup> История и древности восточной части Средней Азии, от X до XIII века; с приложением перевода китайских известий о Киданях, Джурджихатах и Монголо-Татарах В.П. Васильева // Труды восточного отделения императорского археологического общества. Ч.4. – СПб., 1859. – 172-б.

<sup>714</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. I. – 59-б.

<sup>715</sup> Салғараұлы К. Қазақтың қылы тарихы: Роман-эссе. – 253-254-б.

<sup>716</sup> Салғараұлы К. Қазақтың қылы тарихы: Роман-эссе. – 254-б.

<sup>717 717</sup> Салғараұлы К. Қазақтың қылы тарихы: Роман-эссе. – 254-б.

<sup>718</sup> Сонда. – 254-б.

шығарғаным жоқ. Қазақтың алғашқы білімді зерттеушілерінің бірі М. Тынышпаевтың «Қазақ халқының тарихына материалдар» деген еңбегінен алдым. Ал қолда бар басқа деректердің ішінен қалаудың неге М. Тынышпаев дерегіне түскеніне келсек, оның мынадай сырты бар. М. Тынышпаев мамандығы басқа болғанымен, тарихқа дең қойып, оны ғылыми тұрғыдан зерттеген білікті жан. Оның сыртында осы Найманның Төлегетай аталағынан тараған үрпақтың өкілі»<sup>719</sup>.

Наймандардың қазақтардың, қырғыздардың, өзбектердің және т.б. арасында кездесетіндерін айта келе, зерттеуші Л.П. Потапов Оңтүстік Алтай құрамындағы наймандарға назар аударған еді: «Біздің далалық материалдарымыздың мәліметтері бойынша, – деп жазады ол, – Найман сеогы Алтайға көшіп келушілер қатарына жатады. Оның өкілдері мұнда Тувадан келген. Айта кеткен жөн, қазір ол жақта мұндай рутайпалық ру бұтағы жоқ. Бізге Найман сеоктары туралы әнгімелеп берген алтайлық ақсақалдар наймандардың бұрын (кашан екені белгісіз) Хемчик өзенінің бойында өмір сүргеніне күмәнданбайды. Бірақ кейіннен оның Саянның солтүстік жағында, Абаканда қалай пайда болғаны белгісіз. Әріректе наймандардың Ыргай және Сыргай деп аталатын екі ағайынды бауыры және олардың нағашы ағалары Шыбықтай Телес көліне ұласатын тайганың ішіне терендеп еніп, сонда Пыжи өзенінің тармағына (Бийдің солтүстік жылғасы) Юс сеоктарының арасына қоныстанған. Алайда тувалармен жиі жанжалдаса берген-діктен, олар Чемал өзенінің бойына (Катунның оңтүстік тармағы) көшіп кетіп, ал одан әрі Катунның солтүстік жағалауына 5-Алтай қопасына келіп жеткен. Бұл Зайсан Тодош руының ата-бабасынан қалған жер еді. Ағайындыларының бірінің терісі қара торы екен. Сондықтан одан тараған ру Алтайда қаранаймандар аталды. Екінші бауыры Көгүл-Найман руының басталуына негіз болды. Кейін наймандар соншалықты қебейді және күшейіп алды. Олар тіптен, Зайсанның 7-Алтай қопасына да қоныстанды»<sup>720</sup>.

Л.П. Потаповтың наймандар мекендеғен Пыжи өзені (Бийдің солтүстік жылғасы) туралы айтқандары қазіргі Талдықорған

<sup>719</sup> Сонда. – 254-б.

<sup>720</sup> Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. – Л., 1969. – 39-б.

қаласының онтүстігіндегі тау ішіндегі Быжы өзенінің атын еске түсіреді. Тегінде Алтайдан батыска көшкен наймандар өзен атауын да өздерімен бірге алып келсе керек.

Зінінә осы айтқандарын Л.П. Потапов С.М. Абрамзонның пікірімен нақтылай түседі. С.М. Абрамзон қырғыздардың құрамында қара-найман және көке-найман деген рулық тармақтар бар екендігін атап көрсеткен болатын<sup>721</sup>.

Ерине, мәселені теренде зерттейтін Л.П. Потапов жоғарыдағы ақсақалдар әңгімелеген аңызды шындыққа жатқыза қоймайды. Сонымен бірге ол наймандардың Таулы Алтайда, дәлірек айтар болсақ, Телес көлінің маңындағы аудандарда өмір сүргені туралы деректердің XVII ғасырды баяндайтын Сібір жылнамаларында да айтылатынын атап көрсетеді. «Наймандар, – деп жазады ол, – Алтайға XIV-XV ғасырлар кезеңінде Ақ Орданың феодалдық бөлшектену тұсында келуі мүмкін. Ол кезде көптеген тайпалардың араласуы және қосылуы орын алды және мұның өзі қазақ, өзбек, қырғыз және т.б. халықтардың қалыптасуына қатысуға жол ашты. Олар мұнда ертеректе моңғолдардан бұрын келуі де мүмкін. Өйткені XII ғасырда наймандар Хангайдан Монгол Алтайына дейінгі қоныстарды жайлайды, яғни Саян-Алтай тау қыраттарындағы халықтардың көршілері болды»<sup>722</sup>.

Көріп отырмыз, Л.П. Потапов наймандардың бабаларының Оңтүстік Алтайға қоныстануына байланысты жеке тарихи тұлғалардан туындейтын аңыздарды тарихи шындық ретінде қабылдай қоймайды. Сонымен бірге ол кейбір Найман рулярының бұл өнірге айтарлықтай ертеректе қоныстануы мүмкін екендігін де ескерте кетеді. Қалай десек те, ол байыпты зерттеуші ретінде мәселені ғылыми түрғыда қойып отыр.

П. Семенов пен Г. Потанин күрастырған еңбекте Л. Потапов жазған өнір жан-жақты айтылған. Онда Майма (Найму), Пыжка, Сауысқанды, Шабдар, Уймен тәрізді өзендер жан-жақты сипатталған. Мұнда да атальыш өзиннің бірде Найм, бірде Майм аталағанын байқаймыз<sup>723</sup>.

<sup>721</sup> Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. – 39-6.

<sup>722</sup> Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. – 176-6.

<sup>723</sup> Землевладение Азии Карла Риттера. Т. IV. – СПб., 1877. – 423-425-6.

Сонымен «Найман» этнонимінің шығуын жеке тарихи тұлғалармен байланыстыру ғылыми нәтиже бере қоймайтынын байқаймыз. Яғни жоғарыда айтылған шежірелік деректердің «Найман» этнонимінің шығуын шынайы түсіндіруге берер көмегі шамалы екенін байқау қызын емес деп ойлаймыз. Оларды тіптен басқа жанама деректермен салыстырғанның өзінде қазақты құраған аса ірі және іргелі тайпаны, оның құрамындағы қөптеген руларды бір ғана Найман деген тарихи тұлғадан тарату ғылыми тұрғыдан қысынға келмейді.

Жазушы К. Салғараұлының сезімен айттар болсақ: «Бұл арада кезінде хатқа түсіп, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан қытай жылнамалары секілді нақты дерегіміз болып, олармен салыстыра, тексермегенмен кейін, ананікі, не мынанікі дұрыс деу қызын, тіпті олай деу қателікке ұрындырады»<sup>724</sup>. Ал қытай жылнамаларында «Найман» этнонимінің VIII ғасырға дейін кездеспейтіні және белгілі. Онда Найман аталатын тарихи тұлға туралы ешқандай да мәліметтер жоқ. Сондай-ақ найман атауы ежелгі түркілердің руникалық жазуларында да кездеспейді. Оларда наймандардың бабалары болып есептелінетін «сегіз оғыздардың» өзі VIII ғасырдан бастап қана ауызға алынады.

Найман атауын нақты өзеннің атымен байланыстыратын көзқарас та бар екенін жоғарыда атап көрсеттік. Бұл пікірдің авторы – Н.А. Аристов. Кезінде ол былай деп жазған еді: «Естественное полагать, что имя найманов происходит от реки Найма, притока Катуни, и что на ней они первоначально обитали. Переидя прямо на юг, на западную Монголию найманский род стал здесь после падения Уйгурско-Орхонского ханства, во главе местных родов Теле и турков-тукю и образовал союз родов или племя найманское»<sup>725</sup>.

Профессор С. Аманжолов осыған байланысты өзінің пікірін былай білдірген еді: «Слово «найман», по мнению Аристова происходит от названия реки **Найма** (приток реки Катуни на Алтае). Он также объяснил происхождение имен Аргун или

<sup>724</sup> Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. – 254-б.

<sup>725</sup> Аристов А.И. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897. – 87-б.

Аргын (от реки Аргунь). Дулат (р. Тулати) и Канглы (от реки Кан). Все это вполне возможно и логично»<sup>726</sup>.

Галымлардың мұндай тұжырымдарына ежелгі қазақ тарихына байланысты көркем шығармалар жазып жүрген жазушы Қ. Салғарин мынадай қарсы уәж айтады: «Көшпелілердің, оның ішінде түркі халқының аргы-бергі тарихында далалықтар ешқашанда барған жерінің атымен аталмаған, қайта сол жерге өз атауын беріп отырған. Мекендереген жеріне ат беріп, айдар тағатын сол халықтың өзі ғой. Топонимдік атаудың этнонимдік атаудан кейін шығатынына В.А. Никоновтың «Қысқаша топонимикалық сөздігін» параграф шықкан адамның оп-оңай-ақ көз жеткізуіне болады. Бұл бір.

Екіншіден, Н.А. Аристовтың этностық атауға негіз болды деп отырған өзеннің аты Найма емес, Майма. Қатын өзеніне құбытын бұл шағын өзеннің аты да, оның жағасында орналасқан поселкенің аты да Майма деп аталады. Ал майма – Керей тайпасының бір руының аты. XX ғасырдың алғашқы жартастысында өмір сүрген ақын Арғынбай Апашибетың «Жоғарғы майма, мұңал, бокай, қостай. Екі елді екі айырды құдай қоспай» деп келетін ұзақ өлеңіндегі «окогары» деген сөз Майма руының тауды, дәлірек айтсақ осы Майма өзенінің бойын мекендерегенің көрсетеді. Мұны көне көз қарттар да дәлелдейді. Осы орайда тіпті бұл өзеннің аты бұрын Найма, кейін дыбыс өзгерісіне ұшырап Маймаға айналған шығар, Керей руына содан соң берілген болар деп қарасақ та аталған өзеннің наймандарға ежелгі атамекен болмағанын көреміз. Қытай жылнамаларының, монгол шежірелерінің мәліметі бойынша наймандардың VIII ғасырда Байкал көлінің онтүстігінде, ал IX ғасырда Орхон өзенінің жоғарғы ағысынан Қара Ертіске дейінгі аралықта болғаны аян. Наймандардың Алтай асып кетуі, Сырдария бойына құлауы Шыңғысханның тұсында, оның Таян ханды жеңгеннен кейін басталған жоқ па? Ал бұл XIII ғасырдың басы, яғни 1204 жыл еді ғой. Демек, наймандар Найма өзенінің бойына «найман» деген атпен жүртқа танылғаннан кейін барды. Олай болса, найман атауын қалай Найма өзенінің атынан шықты дей аламыз»<sup>727</sup>.

<sup>726</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. I. – 53-б.

<sup>727</sup> Салғараұлы Қ. Қазактың килем тарихы: Роман-эссе. – 249-250-б.

Зерттеушілер арасында «найман» этнонимінен монголдың «сегіз» деген сандық корсеткішін көрстіндер де бар дедік. Осыны нақтылап айтқан И.Н. Березин болды. Ол былай деп жазған еді: «Название Найман из монгольское числительное



наиман, восемь, и конечно означало союз восьми племен»<sup>728</sup>.

Осы пікірді өзінің зерттеулерінде макұлдаған Л.Л. Викторова монголдың шығыстанушы ғалымдарының осындай пікірді қолдайтынын айта келіп, Н.П. Шастинаның төмендегідей көзқарасына арнағы тоқталады: «Одно из наиболее крупных монгольских племен, кочевавших на обширной территории между Хангаем и горными хребтами Алтай-Нуру, в долине р. Черного Иртыша и оз. Зайсан-нор... Название «найман» по-монгольски значит «восемь». Можно предполагать, что некогда найманы состояли из восьми племен, или родов, объединение которых и стало называться найман. Подобные числовые наименования племен встречаются у монголов»<sup>729</sup>.

Кезінде осы мәселені арнағы зерттеген Л.Л. Викторова өзінің қорытынды пікірін былай деп аяқтаған еді: «Найманы были тюркоязычным народом, которые происходят от огузских племен и составил союз носивших с VIII в. сначала название «секиз-огуз», а позднее «цзу-бу» и «найман» – названия, данные соседними народами»<sup>730</sup>.

Қазақстандық зерттеушілер В. Востров, М. Мұқанов Л.Л. Викторованаң көзқарасын макұлдай келе, өздерінің еңбектерінде мынадай пікір айтқан еді: «Л.Л. Викторованаң «найман» сөзінің шығуы туралы зерттеуі баса көніл белуге тұрады. Шығыстық және руникалық ескерткіштерге сәйкес, секиз оғыздар, түрікше «сегіз оғыздар» VIII ғасырдың орта шенінде Хангайдан батысқа қарай Тарбагатайға дейін, яғни кейіннен наймандар қоныстанған аймаққа қоныстанды. Автор

<sup>728</sup> Сборник летописей. Пер. И.Н. Березина //Труды восточного отделения императорского археологического общества. Ч. 5. – СПб., 1858. – 264-б.

<sup>729</sup> Викторова Л.Л. К вопросу о найманской теории происхождения монгольского литературного языка и письменности (XII-XIII вв.) // Ученые записки ЛГУ. Языки народов востока. – №305. – 1961. Серия востоковедческих наук. Вып. 12. – 138-б.

<sup>730</sup> Сонда. – 155-б.

тариҳтың өте аз зерттелген кезеңіне – Ляо империясының кезеңіне, монғол тілдес қидандар 947 жылы қырғыздарды қазіргі Монголия территориясынан Тарбағатайға дейін күшп шығып, онда өздерінің мемлекетін құрған уақытқа тоқталған.

Дәл осы кезеңде «Ляо-шидың» беттерінде (30, л. 7а; 69, л. 24б.) «Найман» атауы пайда болады, ол тайпаны қидандардан, татарлардан (шивэйлерден), хилардан (татабылардан) және т.б. ерекшелендірді. «Найман» атауын «сегіз тайпаның» одағы ретінде Монголияда және Тарбағатайда қырғыздар кеткеннен кейін қалған монғол тілдес қидандар түріктерге, «сегіз-оғыздарға» таратты. Міне, дәл осы аймакта наймандардың ежелгі мемлекеті пайда болды.

Рашид-ад-диннің жылнамаларындағы мәліметтер бойынша, монголдардан бұрынғы дәуірде-ақ наймандардың өздерінің айтарлықтай құшті мемлекеті болды»<sup>731</sup>.

Б.Н. Бияров «найман» этнонимінің шығу тарихына байланысты жазған өзінің мақаласында осы «сегіз оғыз» этнонимінің шығу тарихына нақтылап шолу жасаған болатын. Онда мынадай жолдар бар: «Найман» монголдың «сегіз» деген сан есімді сезі екенін алғаш жазған араб ғалымы Жувейни. Одан соң Жамал қаршы Түркістанды билеген найманның ержүрек ханын «Әл-Күшлік ас-Сегіз» деп атайды. Наймандарды «сегіз» деп жазатын көне ғалымдардың бірі – Шарафаддин. Ол «сегіз», «сегізман», «қыпшақман», «қаньылман» деп атайдын болған. Шынғыс мемлекеті құрылmas бұрын, наймандардың аты «сегіз ата» деп аталғанын Н.А. Аристов пен Жапония ғалымы С. Мурајма да қостаған еді. Наймандар тарихын жете зерттеген орыс ғалымы Л.Л. Викторова: «Наймандар VIII ғасырда «сегіз оғыз» тайпасы деп аталып, Хангайдан Тарбағатайға дейінгі жерді мекендереген. Олардың көршілері, монгол тілді қидандар «сегіз оғыз» этнонимін өз тілдерімен «найман» деп атайды. Бастаған», – деп жазады.

Күні бүгінге дейін созылып келе жатқан айтыс-тартысты доғарғысы келгендей-ақ, Советқазы Ақатаев былай деп кесіп айтады: «Наймандар VIII ғасырдың орта шенінде Зайсан

<sup>731</sup> Востров В., Муханов М. Родоплеменной состав и расселение казахов. – Алма-Ата, 1968. – 63-б.

шұңқыры мен Орхон су қоймасының аралығында пайда болып, түркіше «Сегіз оғыз», кейіннен тибетше «Цзу-бу» және монголша «Найман» деген атпен белгілі болған түркі тілдес этносаяси бірігу деген тоқтамға келдік».

Дегенмен, бүгінгі күнгі этностық атаулардың басы толық ашылмай тұрғаны байқалады. Мәселен, жоғарыдағы айтылған үзілді-кесілді тұжырымдарға кінәмшіл ғалымдар мынадай уәж айтады. Мейлі «найм», монголша «сегіз» болсын, ал «ман» сыңары (әлде қосымшасы) иені білдіреді? Осыдан келіп дау қайта өршіп жүре береді.

Бұл мәселеде қытай тілін жетік білетін Қытайдағы бауырларымыз да елеулі көмек көрсете алмай отыр. Оның нақты мысалы «Шыңжаң» қоғамдық журнальпінда жарияланған XI-XII ғасырдағы наймандар тарихы туралы пікірлері дер едік. Бұл макала тарих ғылымынан докторлық диссертация қорғаған Бақыт Еженқанұлының осы ғылыми еңбегінен алынған<sup>732</sup>. Осы мақалада мынадай жолдар бар: «Сегіз оғыз» деген атау түрік руни құлыптысынан көшірілген: «Мойыншур құлыптысь» ... Ұйғыр қағандығының 2-ұрпақ қағаны ғана. Қаған мен (747-759 жылдар мансапта болған) сегіз оғыз, тоғыз татарлардың соғысы жазылған. Кейбір зерттеу енбектерде сегіз оғыз бен кейінгі наймандарды табиғи байланыстырады. Жапонның Майданайонори деген ғалымы осылай деген. Ал совет ғалымдарының көбі-ақ осы көзқарасты құптайды. «Қазақ ССР тарихы» мұны тіпті де сәулелендіріп: «наймандар тайпа бірлестігі сегіз оғыз (турік тілінде сегіз тайпа бірлестігі деген сөз) деген атпен әлемге әйтілі болған. 8-ғасырдың орта шенінде Ертіс өзенінің шығысы мен Орхон өзенінің аралығынан бой көрсеткен еді, олар Ханка тауынан Тарбағатай тауына дейінгі жерлерді иеленіп жатты...»

Лиау патшалығы тұсында найман реєсми көрінген. Бұл «найман» әлде батыстағы бу этонимінен дамып келген ру аты болуы керек. Алайда бұл тұста сегіз оғыз бірлестігі үздіксіз жалғасып отырган еді (сірә, монгол тілі семьясындағы қидандар кейін келе оларды «наймандар» деп атаған бұл түрік тіліндегі

<sup>732</sup> Бақыт Еженқанұлы. XI-XII ғасырдағы Наймандар //«Шыңжан» қоғамдық журналы. – 1991. – №3. – 56-6.

«сегіз тайпа бірлестігі» деген сөздің мағынасына жанасады) дейді. Бұл арада осы пікірді қуаттаған автордың... найман деген атау қидандардан келген ба, жоқ па? деген мәселелердегі болмашы фактісінің жоқ екендігін айтпаған күннің өзінде наймандар // сегіз оғыздар деуі күмәнді. Мұлде дәлелдеуге болмайтын «найман» монғұл тіліндегі «сегіз» деуден тыс, талай фактілер «сегіз оғыздың» асылы бір тұлға екендігін түсіндіреді. Жәміс Хамитун Зеглейдтің зерттеуінде аталмыш «сегіз тайпа» амалиатта «тоғыз тайпаның» көлемінде, ол үйғырлардан тыс, тоғыз-оғыздан басқа да сегіз тайпасы болған деген мағынан мензейді. Ең мәндісі сол бүкіл монғұл, Иуан патшалығы дәүіріндегі тарихи деректерден наймандарды асылы, «сегіз тайпа» болған еді дейтін жазылым кездеспейді. Найман ру-ларында аты жағынан түрік, ұғыры тайпалар бірлестігіне ұқсан кететіндері аз емес. Сондықтан «сегіз оғыз» деу де нанымсыз сөз<sup>733</sup>.

Қытайдағы қазақ бауырымыз Бақыт Еженқанұлының бұл пікіріне қарсы қандай уәж айтуға болады? Біздіңше, сегіз оғыздардың наймандардың бабалары болып табылатынына күдікtenудің өзі онша негізді емес. Автордың сүйеніп отырған зерттеушісі Жәміс Хамитунның еңбегі 1972 жылы жарияланған екен. Одан бері талай су акты, талай зерттеулер жазылды және соңғы жылдардағы зерттеушілердің басым көпшілігі наймандардың бұрынғы сегіз оғыздар болып табылуы мүмкін деген көзқарасты мақұлдады.

Ал енді осы тұжырымға қарсы болатын болсақ, онда оған қарсы пікірлер де болуы керек қой. Иә, мұндай пікір Бақыт Еженқанұлында бар. Ол наймандарды қырғыздардан шығарады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін автордың өзінің пікірін келтірелік: «Жоғарыдағы пікірлерді салыстырғанда наймандардың тегі «қырғыз еді» дейтін сөз ақылға сиымдырақ. «Қырғыз еді» деушілердің сиатқа алғындары «Иуан патшалығы тарихы» ертеде қырғыздар мен наймандарды байланыстырып айтатын. «Иуан патшалығы тарихы, жағрапия дерегі» қырғыз тараушасында: «наймандар осы араға қоныстанып келген аңыз деп

<sup>733</sup> Бақыт Еженқанұлы. XI-XII ғасырдағы Наймандар // «Шыңжан» қоғамдық журналы. – 1991. – №3. – 61-62-б.

пайымдалған. Бұл бір аңыз, сірә, негіzsіз болмаса керек. «Жамих ат-тауарихтағы» деректе наймандар мен қырғыздар ортасында жаугершілік ахуалдар болған екен. Солай да олар да туыстық қатынастардың болғаны айқын. Бұйрық хан Шыңғысхан мен Таинханнан жеңілгеннен кейін сонау Алтай маңындағы Шырбылбас (Үліңгір маңы – мақала авторы) деген жерден қырғыздармен аварлар (жужандар) районына қашып барады». «Жамих ат-тауарих» рулар тарихи дерегі қырғыздар тараушында қырғыздар мен аварлар жеріндегілердің «хандарының құрмет аттары Найынал, барлық хандар да өзінің аттары болса, бұл өнірдегі ұлттардың аттары иди» дедінген. Бұдан наймандардың бұл жақтарда қырғыздармен белгілі үқсастықтары бар екендігін көруге болады»<sup>734</sup>.

Бұған не айтуға болады? Бәрінен бұрын мынаны ескеруіміз керек. Наймандарды қырғыздардан шығарып жүрген жалғыз Бақыт Еженқанұлы ғана емес, қазіргі қырғыз ғалымдарының арасында да наймандарды ежелгі қырғыздардың аз тайпасынан таратуға талпынуышылар бар. Бұл туралы біз алда арнайы тоқталамыз. Әзірше айтарымыз, қазақты құраған ең ірі және көп санды Найман тайпасы қырғызы бола алмайды. Олай болған жағдайда қазақ халқының көвшілігі қырғыздан тараған болып шығар еді. Бұл, әрине, мүмкін емес нәрсе.

Екіншіден, автордың өзі айтып отырғандай, кезінде «наймандар мен қырғыздардың арасында жаугершілік ахуалдар болған». Осы сөйлемнің өзі-ақ наймандардың ата тегінің қырғызы еместігінің айқын көрінісі емес пе?

Сонымен бірге Бақыт Еженқанұлы бауырымыздың VIII ғасырдағы наймандарды Күшір (Күшіт) тайпасынан шығармақ болған әрекеті де назар аудартады. Ол осыған байланысты былай деп жазады: «...Осыған қатысты және бір маңызды дерек: наймандардың үстемдік орындағы тайпасы VIII ғасырда Шан өзені аңғарында жасаған. «Иуан патшалығының құпия тарихы» 141-тaraуында Күшіт найманның бұйрығы (ханы)» деген дерек бар. Міне, бұдан Күшіттің Бұйрыққа қарасты тайпа екендігін көруге болады, ол наймандардың үстем тап тайпасы. Бұл

<sup>734</sup> Бақыт Еженқанұлы. XI-XII ғасырдағы Наймандар // «Шыңжаң» қоғамдық журналы. – 1991. – №3. – 62-63-б.

Пелиоттың Дунхуан 1283 номерлі заңзуша жазудан тапқан дерегінде Күшір деген тайпа болған. Лигат пен Муриасутакау қатарлылар осы тайпаны найманның Күшіт тайпасымен салыстырған, Муриасутакау қатысты зерттеу мақалаларында: «Лигат мырза түсіндірген Гұт тибеттердің батыс терістігіндегі Күшір тайпасы, бұлар кейін наймандардың бір белігі ретінде «Иуан патшалығының құпия тарихынан» көрілген Күшір тайпасы екендігі шубесіз» деп жазады. Айта кетуге тиістісі сол: Лигат пен Муриасутакаулар осы мәселеге тоқталғанда «сегізологияз найман» деген пікірдің ықпалына азды-көпті ұшыраған. Бұл жағын есепке алмағанда, олардың салыстырмасы үйлесімді. Бұлар «Иуан патшалығы тарихы, жағрапия дерегіндең» қырғыздар тарауындағы дерекпен қабысып жатады. Десе де, Күшір ең алғаш ұйғыр, қырғыздардан парықты болған. Пул Пелионның 1283 номерлі заңзу тіліндегі жазылымынан, Күшірлердің ұйғырлар жаңа көркейіп келе жатқан шақта олар ұйғырлардан бөлек тіршілік етегін, сондай-ақ ол екі жак бір-біріне жау көзben қатынаста болған. Мурнасу Такау: ол жазылымдағы 3-дерек хордан басталған, бұл хорұйғыр болып табылады» дейді. Ал, бұл документ Күшірді қырғыздардан боліп жазады. Демек Күшір қырғыздарда ұқсамайтындығы түсіндіреді.

Күшіртердің әрекеттері жөнінде тарихи дерек аз. Алайда, күшірлер Шиан өзені маңында жасаған тайпа болғандықтан, оны көркейіп, күшейген Қырғыз қағандығының тайпа құрамына енгізіліп кеткен деп болжам жасауға болады. Осылай болғандықтан қырғыздар онтүстікке ірге кенейткенде, күшіртерде түстікке ауып Алтай тауына барған. Қырғыздар Алтай тауын менгеріп түрғанда, маңында кимақ сынды күшті көрші іргеслес тайпа отырған жағдайда, Алтай районында басқадай тайпалардың едәүір күшті акмиат құрулары мүмкін емес-ті. XI ғасырдың алғашқы жартысында қырғыздар терістікке ауды. Қимақтар ыдырады да, наймандар тайпа бірлестігі біртіндеп Алтай тауы төнірегінен бой көрсете бастады. Бұл тайпалар бірлестігіне басшылық еткен бұрын құдіреттілердің айбарынан көріле алмаған Күшірт тайпасы болды»<sup>735</sup>.

<sup>735</sup> Бақыт Еженқанұлы. XI-XII ғасырдағы Наймандар // «Шыңжан» қоғамдық журналы. – 1991. – №3. – 63-64-б.

Бұл айтылғандарға не деуге болады? Біздің ойымызша, Бақыт Еженқанұлы бауырымыз найманның атасы ретінде көрсетіп отырған Қүшір тайпасы XI-XII ғасырға қарай өмір сүрген бірлестік. Өйткені Бақыт Еженқанұлы бауырымыз келтіріп отырған «Лиау патшалығы тарихы» XI ғасыр тарихын баяндайды<sup>736</sup>. Ол бәлендей қуатты және әлеуетті тайпа емес. Олай дейтін себебіміз, Қытайдағы Мырзахан Жақыпұлы басқарған бауырларымыз көне қытай тілінен аударған екі томдық Қытай жылнамаларында IX ғасырдың орта шеніне дейінгі ежелгі түркі және оғыз тайпалары арасында Қүшір тайпасы ауызға алынбайды. Тегінде бұл сегіз Оғыз бірлестігінен әлдейқайда кейінірек пайда болған тайпа бірлестігі. Бұлардың Найман бірлестігінс негіз болуы әбден мүмкін. Алайда моңғол тілінде «сегіз» деген мағынаны білдіретін тайпаның басым көвшілігі осы құшірлерден ғана тұрған деп айтқанымыз жөн бола қояр ма екен? Тінтен наймандарды Қүшірден шығарғаның өзінде Қүшір қайдан шыққан деген сауал туындайды. Қырғыз тарихшылар мұндағы тайпа туралы өздерінің зерттеулерінде ауызға да алмайды. Олай болса, тарихи деректерде елеусіз қалған қайдағы бір шағын тайпаны наймандардың этностық негізі ретінде қарастырғанымыз дәлелді бола қоймас. Сондықтан наймандардың бабалары болып табылатын сегіз оғыздар туралы нақты деректен бас тартуға ешқандай негіз жоқ деп ойлаймыз. Оның үстіне мынаны да ұмытпағанымыз жөн, сегіз оғыздардың VIII ғасырдағы орналасқан тарихи мекені ежелгі наймандардың орналасқан географиялық орнына сәйкес келеді. Ал сегіз оғыздардың көршілері басқа түркі тайпалары Қытай жылнамаларында нақты атап көрсетілген. Мысалы, сегіз оғыздардың солтүстіктегі байырқулармен, солтүстік-шығыста қыбыттармен, оңтүстік-шығыста ағнилармен, оңтүстіктегі тоғыз оғыз тайпаларымен, батыста ұйғырлармен шектесіп жатқаны Қытай деректерінен белгілі. Мұны біз алда осы деректер негізінде жасалған картамызда анығырақ көрсетуге тырыстық.

Осылайша өзіміздің тұжырымдарымызды нақтылай келе, сонымен бірге басқа зерттеушілердің «найман» этнониміне

<sup>736</sup> Бақыт Еженқанұлы. XI-XII ғасырдағы Наймандар // «Шынжаң» қоғамдық журналы. – 64-б.

байланысты көзқарастарын да елеусіз қалдыра алмайтынымызды атап көрсетеміз.

Кезінде С. Аманжолов «Найман» сөзін көне түркі тілінде кездесетін (Л. Будаговтың сөздігіне сүйеніп) **нажы // найы**, яғни «дос» деген сөзінен пайда болған деген. Мұндағы **-ман//мен** қосымшасы «турікмен» тұлғасындағы сияқты мағына береді.

Араб-парсы – соғды жағынан келген *man* сөзі III-IX ғасырлар арасында Тұран өлкесіне кең тарап, талай этномим құрамына еніп үлгерген тәрізді. Мысалы, түрікмен «туркі елі», найман «сегіз ел»; құбаман / құманды / куманды / «сары (құба) дала елі»; ойман «төменгі (ормандағы) ел» т.б. Бұл құбашаң – қыпшақ этномимін құбаман түрінде өзгергенімен, мағынасы сақталып қалған: «құба дала, құба тұз, сары дала жұрты»<sup>737</sup>.

Жағдайды курделендіре түстетін Н.А. Аристовтың мына пікірі: «Монгольское «восьмерка» мне кажется совершенно невероятным для имени тюркского племени, а что найманы были искони тюрками, это удостоверяется нынешним тюркским языком этого многочисленного племени: отчуждение первоначально монгольских найманов было бы несогласно совсем ходом истории Средней Азии»<sup>738</sup>.

Мұндай қарама-қарсы пікірлер біздің ойымызша, шындықты айқындаі түсуге көмектеседі. Осының айқын көрінісі профессор С. Аманжоловтың Н.А. Аристовтың пікіріне байланысты мынадай тұжырымы дер едік: «В дополнение к мнению Аристова следует сказать, что монголы не могли нумеровать все в соседстве с ними живущие племена. И следа такого акта нумерации племен вообще нет. Поэтому корень слова «найман», возможно состоит из тюркского) «нажы» // «найы» – «друг», плюс **ман // мен** – как это в слове «туркмен». Последний аффикс, по мнению М. Кашгари, означает «подобно» или «похож» (из персидского: **مان**). Возможно еще то, что слово-аффикс **ман**, заимствованное у арабов, вначале означало

<sup>737</sup> Бияров Б.Н. Кейбір түркі этнонимдерінің этимологиясына шолу. «Байыргы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: (Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана қаласы, 2001. 18-19 мамыр.). – 320-321-б.

<sup>738</sup> Аристов А.И. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 87-б.

«человек», потом превратилось в аффикс. Доказательством этому служат еще такие древние слова-термины, как: «атарман» (букв.: «стреляющий человек», стрелок), «шабарман» (посыльный, рассыльный, курьер), «аламан» // «аларман» («войско», букв: «человек, берущий или забирающий» и др)<sup>739</sup>.

С. Аманжоловтың «найы» дос деген мағынаны білдіреді деген пікірін «найман» этонимінің негізі ретінде қарастыруғыны тұрғыдан берік негізді емес деп ойлаймыз. Өйткені «найы» – «дос» сөзі тайпаның аты және көне түркі сөзі болса ол туралы көне руникалық жазуларда неге бір ауыз сез кездеспейді. Жалпы Тонұқық (Тонықек), Күлтегін, Білге қаған, Ел Етміш Білге қаған (Мойын-чұр) және т.б. ескерткіштердің ешқайсысы «дос» тайпалар туралы ештеңе де айтпайды. Керісінше, бұлардың бәрінде түркі тайпаларының өзара және басқа көрші тайпалармен жау болғандары туралы жазылады. Мысалы, бір ғана Білге қаған бітік тасында «жау» деген сез 10 рет кездессе, «дос» деген сез бірде-бір рет кездеспейді. Ол тұста «дос» ұғымының орнына «бүтін халық» деген сез қолданылды. Тек Білге қаған бітік тасының екі қапталындағы мәтіндердің өзінде ғана осы «бүтін халық» сезі 78 рет қайталанады екен<sup>740</sup>.

«Найы» немесе «дос» тайпасы туралы не руникалық, не қытай деректерінде ештеңе айтылмайды. Егер наймандардың о бастаң-ақ Монгол үстіртіндегі іргелі тайпалардың бірі екендігін ескерер болсақ, белгілі әдебиетші ғалымның пікірін қабылдай қою киын.

Оның үстінен «найман» сезінің монголдарда «сегіз» деген мағынаны білдіретінін А. Позднеев өзінің 1892-1893 жылдардағы Монголияға саяхаты кезінде көрсеткен еді<sup>741</sup>. Сөзбе-сөз аудармасы бар сезіді бөлшектеп аударып, одан басқа мағына іздестірудің не қажеті бар.

Алайда «Найман» атауы монгол сезі екені айдан анық бола тұрса да, осы тұтас сезді екіге бөліп тағы да жаңа мазмұн іздестірудеміз. Соның нақты көрінісі зерттеуші Әbdікәрім Хасенов-

<sup>739</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. I. – 53-54-б.

<sup>740</sup> Казакстан тарихы туралы түркі деректемелері. Көне түркі бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). Т. 2. – Алматы, 2005. – 85-99-б.

<sup>741</sup> Позднеев А. Монголия и монголы. Т. 1. Дневник и маршрут 1892 года. – СПб., 1896. – 79-б.

тың мына сөзі: «Шын мәніне келгенде, Найман атауында ешқандай монгол, парсы тілдерінің қоспасы жоқ. Ол көне түркі тілінде «най» – ұлken, «ман» – мәлін деген сөздерден шыққан. Тұба, төлеңгіт, сақа-хақас халықтары Алтай, Саян тауларында кездесетін мәлінді әлі күнге дейін ман дейді. Міне, осындағы аң атына байланысты қараман, ақман, сарыман, көкман, тайман деген ру, адам аттары шыққанын ескергенде, тайпа атының таза түркі тілінде тұрғанында шұбә болмаса керек»<sup>742</sup>.

Бұған не айтуға болады? Адамның аты аңының атымен қойылғанын көріп едік. Ал енді тұтас тайпаны «мәлін» деген онша мәлім емес аңының атымен атағанды әлі кездестірмедік. Егер «найман» «ұлken мәлін» болса, ал «кіші мәлін» қай тайпа деген сауал туындаиды. Егер бұл тайпа шынында да «ұлken» тайпа болса, руникалық жазуларда, қытай деректерінде бұл туралы неге айтылмайды? Ешбір дерекке сүйенбей, сөзбе-сөз аудармағағана сүйеніп, ежелгі наймандарды «ұлken мәліндер» деп қайдағы бір аңға теңеу тарихи шындыққа жеткізе қоймайды. Осыны түсінсек, ары қарай дауласа қоймас едік.

Тағы бір айта кетер мәселе, «найман» этнонимі «сегіз» деген ұғымнан туындағытынын дәлелдеу үшін оларды «тоғыз» санымен байланыстыру. Осының нақты көрінісі Ә. Хасеновтың мынадай пікірі: «Тарихи тоғыз оғыз елінің аты тоғыз таңбалы найман атауында да жаңғырып тұрған тәрізді. Осыған байланысты айтқанда, Л. Викторованың Орхон-Енисей жазуындағы «сегіз оғыздың» орнында отырған жұрт найман деуі ғылыми дәл тұжырым болмаса керек. Бұлай дейтініміз, кез келген жұрт басқа көршілеріне қарағанда өз тегін, өз шежіресін жақсы біледі десек, қазақ ұғымында найманды сегіз арыс ел деп атамайды.

...Сонымен найман атында ешқандай сегіз сөзінің жоқ екенине кез жеткізген соң, енді халық ұғымындағы тоғыз таңбалы сөзінің мағынасын ашу міндегі қойылады. Шежірелердің құптауына қарағанда, найманның тоғыз таңбаға ие болып отырған рулары – бағаналы, шегелі, балталы, қаракерей /жарғақ, жармауыт/, садыр /шато, шүйе/, матай, төртуыл /тоғыс, тухси/, көкжарлы /көкжаймауыт/, сарыжомарт, бура /боғыра, боғыр-ашы/»<sup>743</sup>.

<sup>742</sup> Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. – Алматы, 1996. – 87-б.

<sup>743</sup> Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. – 87-б.

Мұнда автордың «тоғыз таңбалы найман» ұғымын ортағасырлармен байланыстыруы мүлде қате. Өйткені XIII ғасырдағы монгол жаулауына дейінгі найман руларының шежірелік деректері бізге белгісіз. Ол кезеңден наймандардың екі руының ғана аттарын білеміз<sup>744</sup>. Шыңғысхан Найман хандығын талқандаған соң, батысқа қашқан Найман бірлесігінің құрамы жаңа жергілікті рулармен толықты. Жаңа найман құрылымындағылар өздерінің бұрынғы құтын-сүргінге ұшыраған руларын естен шығарды. Тоғыз рудан тұратын найман тайпалық бірлестігі XIII-XVI ғасырлардан бастап қана біртіндеп қалыптасты. Бұларды VII-XII ғасырлардағы монгол жаулауынан бұрынғы найман руларымен шатастырмау керек. Монгол жаулауы монголдардың бұрынғы рулық құрылымын қүйретіп, оларды жаңа рулық бірлестіктерге алғып келді. Сондықтан да кейінгі қазак халқын құраған тоғыз таңбалы найман руларын VIII ғасырдағы тоғыз оғыздардан іздестіру еш нәтиже бермейді. Бұлай жасау оның үстіне тарихты бұрмалау болып шығады. Бұлар туралы кезінде Л. Гумилев: «Уйгурсы назывались токуз-огузы, т.е. девять племен», – деп дұрыс жазған еді<sup>745</sup>.

Тоғыз таңбалы Найман бірлестігінің XIII-XIV ғасырлардан бастап біріге бастағандарын Найман тайпалық одағына кірген рулардың рулық таңбаларының бір-біріне ұқсамауы да дәлелдей түседі. Осылан байланысты кезінде Нығмет Мынжан мынадай пікірді алға тартқан еді: «Енді бір айтушылар тоғыз таңбалы найманға мыналарды жатқызады: қаракерей, төртуыл, садыр, матай, бағаналы, балталы, ергенекті, терістаңбалы және шыршыт.

Найманның таңбасы – «», ұраны – «Қаптағай». Ал найманның ішіндегі кейбір рулардың да өз алдына таңбасы бар.

Мысалы, бағаналының таңбасы – «», балталының таңбасы – «», қаракерейдің таңбасы – «», садырдың таңбасы – «», матайдың таңбасы «», сарыжомарттың таңбасы – «».

Тоғыз таңбалы найман дегенине қарағанда, бұрынғы осы рулардың барлығында да айырым таңба болған сияқты, ше-

<sup>744</sup> Қазақ ССР тарихы. Т.ІІ. – Алматы, 1983. – 46-б.

<sup>745</sup> Гумилев Л.Н. В поисках вымышленного царства. – М., 1992. – 103-б.

жірешілер: «теріс таңбалы» тайпасының аты «Домбауыл» екен, найманның нокта ағасымын деп басқа найман тайпаларына (сегіз тайпага) таңба үлестіріп, өзіне таңба жетпей қалғандықтан, таңбаны теріс басып, содан терістаңбалы атанипты» дегенді айтады<sup>746</sup>.

Рұлық таңбаларға қарап болсақ, «тоғыз таңбалы» деген сөздің мағынасы «әртүрлі» дегенді аңғартатындей. Ал енді Найман руларына «таңба үлестірген» делінетін терістаңбалының таңбасына келер болсақ, оның ❾ ❿ теріс таңба екендігін дәлелдеу қыын. Бұл рудың бұрын Табын тайпасы құрамында болғаны аңғарылады. Кезінде Албан, Рамадан, Табын тайпаларымен бірге X-XII ғасырларда көшіп жургендер арасында осы Терістаңбалы Табын да болса керек<sup>747</sup>. Найманның Терістаңбалысы осы Табынның Терістаңбалысынан кейінректе белінген. Бұлай дейтініміз Табынның құрамында Терістаңбалымен қатар Оңтаңбалы Табын да бар. Оңтаңбалының таңбасы – ❶, ал Терістаңбалы Табындықі – ❷<sup>748</sup>. Жалпы Табынның Кіші жүзге «ноқта аға» екенін ескерер болсақ, Терістаңбалының Найманға «ноқта аға» болу себебін түсінгендей боламыз.

Найман одағына басқа тайпалардан кейін қосылған тек Терістаңбалы ғана емес, сонымен қатар жоғарыда аталған рұлық таңбалары әртүрлі Найман руларының басқа тайпалармен де этностық байланыстары бар. Мұны кезінде белгілі қазақ шешіршісі Зайыр Сәдібекұлы байқап, төмендегідей кесте жасаған еді<sup>749</sup>:

Аталар аттары	Ұқсас немесе туыстас
<u>Найман тайпасы</u>	
А/ Терістаңбалы: Балталы	Жалайыр – сырманак – балғалы – құлмамбет – токырауык – балталы
Бағаналы –Қызылтаз – Елтузэр	Дулат – жаныс – касқарау – елтүзэр
Ә/ Төлегетай:	

<sup>746</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994 – 173-б.

<sup>747</sup> Қазак ру-тайпаларының тарихы. Табын. Т.И. 1-кітап. – Алматы, 2006. – 157-б.

<sup>748</sup> Қазак ру-тайпаларының тарихы. Табын. Т.И. 1-кітап. – 98-б.

<sup>749</sup> Каржани З.С. Шежіре шенбері. – 2002. – 227-228-б.

Кетбұқа – Сарықұл	Шапырашты – екей – бейімбет – сарықұл Албан – шыбыл – қонырбөрік – жарман – сарықұл
Б/ Сарыжомарт: Көкжарлы – Қара	Алшын – байұлы – байбақты – батак – итемген – қара Алшын – байұлы – серкеш – жауқашты – қара Қоңырат – көктіңұлы – қара /осы қарадан алғи, қарасирақ, акқойлы рулары өрбиді/.

Ал рулық таңбаларды қуалар болсак, жоғарыда таңбалары көрсетілген Найман руларының қазақтың басқа жүздеріндегі бірлі-жарым руларға жақындықтарын байқағандай боламыз. Мысалы, бағаналының таңбасы Кіші жүздегі Алашага жақын. Ал Матайдың таңбасы Уақтың таңбасына ұқсайды. Қаракерейдің рулық таңбасы Кіші жүздегі Жағалбайлының немесе Ұлы жүздегі Шанышқылының рулық таңбаларына келеді. Сарыжомарттың рулық таңбасы қазақ қожаларының таңбасына жақын. Ал Найманның өз таңбасы – – Кіші жүздің Алаша , Шеркеш рулары таңбаларына ұқсас.

Осы дәлелдердің өзі-ақ Найман тайпасына XIII-XIV ғасырлардан бастап, бұрын дербес немесе басқа тайпаларға жақын рулар келіп қосылғанын аңғартады. Бұл, әрине, қазір біздің шежірешілер пайдаланып жүрген Найман шежіресінде көрініс таба қоймаған. Өйткені қазіргі Найман шежіресі XV-XVI ғасырлардан таратылады.

Дегенмен де, Найман шежірелерінің кейбір үлгілері ішін-ара болса да рулық таңбаларға байланысты. Мысалы, жоғарыда айттық, шежірелердің бір нұсқасында Найманның Қаракерей, Матай, Садыр, Тортуыл аталары Қытайдан тарайды. Ал рулық таңбаларға жүгінер болсак, қазақтың жоғары таңбалы Қытай немесе Төмен таңбалы Қытай руларының таңбалары Найман тайпасының ортақ таңбасына () ұқсайды. Осыған қарап, XII ғасырда қидандар (қытандар) деген атпен кезінде

ұстемдік орнатқан қарақытайлар немесе қытайлар үрпақтары наймандарға кейбір рулардың бірігуіне ұйытқы болған-ау деген ой келеді. Олардың арасында жоғарыда аталған төрт атанаң болуы әбден мүмкін.

Тағы бір ақиқат нәрсе, VIII-IX ғасырларда-ақ наймандардың бабалары сегіз оғыздардың шығыстағы монгол тілдес тайпалармен аралас-құралас өмір сүргендері. Бұл тарихта дәлелденген. Әсіресе наймандарға қидандардың (қытандардың) ықпалы қатты болды. Сегіз оғыздарды Найман атап жүрген де осылар. Айта кеткен жөн, қытай-қытан атанған осы қидандардың осындағы атаулармен кейінгі башқұрттар, қырғыздар, өзбектер және қазактар құрамында кездесетіндері белгілі<sup>750</sup>. Ал наймандарға келсек, олардың шежіресінде де қытайларға орын берілген. Мұны біз жоғарыда көлтірген найман шежіресінен анық байқаймыз. Онда қытайлар Төлегетайдан тараса, ал Қытайдан Каракерей, Матай, Садыр, Төртуыл келіп шыгады. Осыған қарағанда, Төлегетай батырдың кезінде қара қытайларға (қидандарға) ұстемдік жасап, ал осы қара қытайлар жеке жүрген жоғарыдағы төрт рудың басын найман одагына біріктіруге тікелей ықпал етулері әбден мүмкін.

Осы айтылғандар «Найман» атауын наймандардың бабаларына шығыстағы көршілері берген деген пікірді дәлелдей туследі.

VIII-IX ғасырларда сегіз оғыздардың тоғыз татарлармен (шибэйлермен) одактас болып, бірге көшіп-конғандары белгілі. Ал татарлар болса қидандармен аралас-құралас. Қалай десек те осы тайпалар сегіз оғыздарды найман атап кеткен. Мұнда VIII ғасыр сонында байыркулардың (бүркіттердің) сегіз оғыздар мен тоғыз оғыздар бірлестіктеріне ұстем болып, Байырқу конфедерациясының құрылуы сегіз оғыздарды «сегіздер» немесе наймандар деп атауга алып келді деуге негіз бар.

«Найман» этнонимі туралы айтқанда «сегіз» деген санды өзендердің сандарымен байланыстыратын көзқарас та бар. Мұндай пікірді айтып жүрген Монгол үстіртіндегі IX-XII ғасырлардағы наймандар тарихын тиянақты зерттеген Зардыхан

<sup>750</sup> Күзеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – М., 1974. – 225-б.

Қинаятұлы. Зерттеуші «Найман» этнонимін Рашид ад-диннің Сегіз өзен туралы дерегімен байланыстырып, өзінің көзқарасын төмендегіше түсіндірген еді: «біз ат атаудың шығыстық екінші үрдісі – тайпаның X-XI ғасырдағы жағрафиялық орналасу жағдайына жүтінгенде жән деп таптық. Шынымен наймандар мекен еткен Хангайдан Тарвагатай, Ононнан Кек Ертіске дейінгі аралықта белгілі Сегіз өзен-мөрін бар. Олар: Орхон, Сэлэнгэ, Бүлғын, Идэр, Завхан, Эгий, Цаган гол, Қобда – міне осылар. Бұл наймандардың ежелгі мекені, бірақ аталмыш жағрафиялық жағдай наймандар Кидан билігіне өткен XI ғасырдың басында айқын болды да кидан-монголдар батысындағы сегіз өзен бойын мекендейтін тайпаны «Найман» немесе «Сегіз өзен елі», ал пығысындағы үш өзен: Хэрлэн, Онон Тола бойындағы монголдарды «Үш өзен монголдары» немесе «Ежелгі монголдар» деп атای бастаған ба деген қорытындыға келесін.

Ел, тайпаны оның орналасқан жер, су жағдайына орай атая әлем тарихи үрдісінде көптеп кездесетін жағдай...

Бірақ Рашид-ад-диннан бастап көптеген авторлар аталмыш өзендері (мурендері) ойраттар мекен етті деп көрсетіп келгені кейбір зерттеушілерді адастыруы мүмкін. «Ойраттар, – деп жазады д’Оссон, – Кемге құятын сегіз өзеннің суарылмалы жеріне ие болды». Е.И.Кычанов: «Сегіз мурен бойын ойраттар (Ойн арат) немесе «Орман елі» мекен етті», – деп жазады. Әбілғазы да «Ойраттар сегіз өзен бойын мекен етіп келді» деп баяндайды. Бірақ жоғарыдағы авторлардың қай-қайсысы «Ойн ард» (орман халқы) деп аталағын Ойраттар Шыңғысханға дейінгі уақытта Байкөлден Қөпсу көліне дейінгі нұ ормандарда өмір сүріп «сегіз өзеннен» наймандар құылғаннан кейін сонда келіп» мекен ете бастағаны туралы шындыққа жете мән бермей келді.

...Сайып келгенде найманның «Найман» аталуының сырын осынау сегіз өзен теңірегінен іздеген жән деп қараймын. Меніңше «найман» атасы монголша сегіз» немесе «Сегіз өзен елі» деген мағына береді»<sup>751</sup>.

Бір қарағанда, З. Қинаятұлының бұл пікірлері көңілге қонымды болып көрінеді. Алайда осы болжамның ғылыми негіз-

<sup>751</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – Астана, 2001. – 63-65-б.

дерін іздестірер болсак, айтылғандарды дәлелдей алмаймыз. Өйткені, біріншіден, «найман» монголша «сегіз өзен» емес «сегіз» деп нақты аударылады. «Өзен елі» деген сөздер мұнда артық; екіншіден, наймандар тарихын арнағы жазған Рашид-аддин өзінің еңбегінде Сегіз Мурен (сегіз өзен) туралы айтқанда бұл атауды «Найман» этномимем байланыстырмайды. Мұндай байланыстыру Әбілғазыда да жоқ. Ал бұл Сегіз муреннің ежелгі наймандарға қатысы жоқ екендігін көрсегіп тұр; үшіншіден, «сегіз» атауы өзендер сандары емес, рулар (арыстар) саны екенін Орхон-Енисей ескерткіштерін тереңдетіп оқығанда анық байқаймыз. Осыған нақты мысал, VIII ғасыр ортасында жазылған Білге қаған бітік тасындағы мәтін. Мұнда аталатын ру-тайпаларды тәмендеғіше екі топқа бөліп қарастырлық. Алғашқы бағынада сандық көрсеткіштермен берілетін ру-тайпалар, ал екінші бағынада сандары көрсетілмейтін ру-тайпалар (арыстар) берілген<sup>752</sup>:

<b>Білге қаған бітік тасындағы сандары көрсетілген ру-тайпалар</b>	<b>Осы ескерткіштегі сандық құрамы көрсетілмеген ру-тайпалар</b>
Үш оғыз	Қытан
Тоғыз оғыз	Татабы
Екі Едіз	Қыргыз
Отыз татар	Табғач
Үш құрықан	Түргеш
Он оқ (бүтін) халық	Басмыйл
Тоғыз татар	Таңғұт
	Қарлук

Ру-тайпалардың осынау атауларындағы сандық көрсеткіштер бір ғана бітіктастың мәтінінен алынып беріліп отыр. Он үйғыр, үш қарлық, үш табын, тоғыз байырқу дегендей, бұл этнотиптердің басқа ескерткіштерде де созылып кете баратыны белгілі. Байқайтынымыз, аталмыш сандық көрсеткіштер тайпалық бірлестікке кірген рулар сандарын білдіреді. Ал рулық құрылымының сандары нақты белгілі емес, немесе тұрақсыз, бірақ әбден қалыптасып біткен ірі тайпаларда рулар сандары қосақталып көрсетілмейді.

<sup>752</sup> Қазақстан тарихы туралы түрік деректемелері. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). Т. 2. – 85-99-б.

Мұнда, ең алдымен, мынаны түсініп алғанымыз дұрыс болар еді: Сегіз оғыз одағы үйгірлардың бірлестігін қолдаған тоғыз оғыздарға (арыстарға) қарсы құрылды. Соңғы тоғыз арыстардың аттары қытай жылнамасынан белгілі. Оны біз алда айта аламыз. Фалымдарды шатастырып келе жатқан Сегіз оғыз руларының (арыстарының) аттары. Мұны шамалап болса да айқындауға болады. VIII ғасырдың орта шенінен бастап Сегіз оғыз бірлестігінде Байырқу тайпасы үстемдік жасай бастады. Бұл тайпа туралы қытай жылнамаларында нақты жазылған. Оны біз алда айтамыз. Сегіз оғыз бірлестігі біртіндеп Сегіз байырқу аталғаны белгілі. Бұдан шығатын қорытынды сегіз оғыздар о бастан-ақ байырқуларға көрші орналасқан рулардан құралды. Алғаш бұлардың сандары сегіз ғана болып, өздерінің шығыстағы көршілері тоғыз татарлармен одақтасып, үйгыр билігіне қарсы соғысты. Осында татарлар мен қытандардың (қидандардың) оларды наймандар деп өз тілдерінде атаулары әбден табиғи нәрсе еді. Бұл этноним біртіндеп сегіз оғыздарға (сегіз байырқуларға) орнығып қалды.

Осыған орай монгол деректерінің негізінде ежелгі тарихымызды едәуір жемісті зерттеп жүрген З. Қинаятұлының да наймандардың тұп атасы Сегіз оғыз екендігіне күмән келтірмейтінін айта кеткен жон. Осыған дәлел оның мына пікірі: «Наймандардың этнотегі және ат айдарын анықтауда Жапония фалымы С. Мураяма, Чехия фалымы П. Поуха елеулі үлес қосты. «Найман» атауы «сегіз огуздан» шықты деген пікірді С. Мураяма қолдайды. Әрине, бұл пікірді жоққа шығаруға болмайды. Өйткені, біріншіден, найманның тегі огуздан, оның ішінде сегіз огуздан екені дау тудырмайтын ақиқат болса, екіншіден, ел, тайпа, ұлсыс атын оған біріккен тайпа санымен атау шығыс көшпендейлер үлгісінде қалыптасқан жай.

Тарихтағы «Он оқ будун», «Үш огуз», «Тогуз огуз», «Жеті огуз», «Төрт ойрат» атауы жоғарыдағының айғағы. «Сегіз огуздың» да жөні осыған сай»<sup>753</sup>.

Мәселе осылайша анық бола тұрса да, тарихшыларымызды «Найман» этнонимінің Сегіз оғыздан шығуына байланысты

<sup>753</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 61-62-6.

төмөндегідей сауалдар мазалайтынын байқаймыз: «1. Егер найман «Секиз огуз» сөзінен шыққан болса, бұл тайпаның аты тарихтан IX-XI ғасыр аралығында неге жоғалып кетті? 2. Найман атауы «Секиз огуздан» шықса, онда өзі түркі текстес халық болса онда неге тайпа атауы «сегіз огуздар» немесе «сегіз» күйінде қала бермеді? 3. Монғолдың тайпа бірлігі «Хамаг монгол улс» XI ғасырда пайда болғанға дейін «Монғол» деген халық тарихтан белгісіз. Сөйтеп тұра олар VIII ғасырдан белгілі болған «Секиз огузды» қалай найман атамақ? Міне, осы жағдайлар зерттеушілерді «Найман» атауын тарихтың басқадай қалтарысынан іздестіруге итермелейді»<sup>754</sup>.

Найман тарихын зерттеушілер бұл сауалдарға жауап іздес-тіргенде наймандар бабаларының әр ғасыр сайын жаңа тайпа үстемдігіне түсіп отырғанын, соған орай олардың атауларының да езгеріп отырғанын ұмытпаулары керек. Наймандар бабалары алғаш VII ғасырда Сірәнданың билігіне бағынып, Сірәнда хандығының тайпасы атанса, VIII ғасырда ұйғырлар билеген тоғыз оғыздарға қарсы сегіз оғыз одағын құрды. IX ғасырда бұл екі жау одақты үстем болған Байырқу тайпасы біріктіріп, Байырқу конфедерациясына енгізді. Енді олар Тоғыз байырқу, Сегіз байырқу аталды. Сондықтан да Сегіз оғыз атауы біраз уақыт атамай қалды. Бұл оғыздар одағына негіз болған кезінде Ақтауды қапталдай қоныстанған оғыздар тайпасының негізгі бөлігінің батыска, Жетісу аймағына қоныс аударып, оларды биліктен байыркулардың ығыстырыуынан болған еді<sup>755</sup>. Жоғарыдағы №1 және №2 сауалдарға берер жауабымыз осында.

Байырқу конфедерациясы туралы кезінде М. Жолдасбеков пен С. Қаржаубайұлы төмөндегідей түсініктеме берген еді: «КТ.I.34: 22 «Jerbajyrguu» (КТ.I.34: II. 4) – географиялық атау. Оңтүстік шығысы Иньшань жотасынан батыс солтүстікте Аққу көліне (Гусиное озеро) дейінгі созылған үлкен аймакты алып жатқан Байырқу конфедерациясының (КТ.I.35, 36) жері. Шамамен алғанда 105°-111° бойлық, 42°-51° ендікте орналасқан. VIII ғасырдың басында Байырқу деп атای отырып, ішінен тоғыз-оғыз, сегіз-оғыз деп бөліп атаған. Иер-байырқу аймағындағы

<sup>754</sup> Қинаятұлы З. Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 6- б.

<sup>755</sup> Қытай жылнамаларындағы казақ тарихының деректері. 2-кітап. – 122-6.

Байырку конфедерациясы 17 ірі тайпадан құралған (Теркін.10). Біріккен Түрік қағанаты орнаған соң, Тур-айын қаған 749-750-жылдары қағанаттың құрылымын жаңадан жасағанда, 17 Азбайыркуды екі бөліп екі қанатқа орналастырған. Тоғыз тайпадан тұратын тоғыз-оғыздарды төлес-қанатқа, сегіз тайпадан тұратын сегіз оғыздарды тардуш қанатқа енгізген. Кейін тоғыз-оғыздар «кереіт» атанып кетсе, сегіз-оғыздар «сегіздер» немесе «найман» атанып кетті». <sup>756</sup>

Сегіз оғыздар кірген Байырку бірлестігінің Тардуш қанаты туралы әйгілі Қултегін ескерткішінде мынадай жолдар бар: «...әлсіреген, қансыраған халықты ата-бабам төрінше қайта жаратты, орнатты. **Төлес, тардush (бөліп көрсеткен біз – Т.О.)** халқын сонда құрды». <sup>757</sup>

Осылайша сегіз оғыздар, яғни наймандардың бабалары яғын басқаратын қағанаттың тардуш халқының құрамына қірді. Біріккен Түркі қағанаты тұсында, яғни VIII ғасырдың сонынан және IX ғасырдың орта шеніне дейін сегіз оғыздар осы тардуш құрамында сегіз байырку (оғыз) деген атпен белгілі болды. Бұл жоғарыда айтқанымыздай, байырку тайпасының батысқа көшпей қалған оғыздарға үстемдік жасаған тұсы. Алайда X ғасырда шығыстағы қидандардың билігінің орныға бастауы сегіз байыркулардың цзубулар, немесе наймандар деп атап орын алды. Мұнда бір ескерте кетер нәрсе, жоғарыдай айтқанымыздай, «Найман» этнонимін айналымға енгізгендер монғолдар емес, олардан бұрын Керулен, оның аймағында сегіз оғыздарға көрші, аралас өмір сүрген монғол тілдес татарлар мен қидандар рулады.

Осындай «найман» этнониміне байланысты әртүрлі көзқарастарды тарихи салыстырмалы түрде талдау біздерді мынадай қорытындыға алып келеді.

Біріншіден, найман тайпасының алғашқы қонысын Найм өзені тәрізді шағын өзен бойынан іздестіру онша қисынға келе қоймайтын тәрізді. Өйткені бұл аймакқа оңтүстік Байкал өңірінен наймандар қидандар шапқыншылығы кезінде, яғни X ғасырда қоныс аударды. Ал «найман» этнонимі бұдан әлдеқайда

<sup>756</sup> Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – 195-б.

<sup>757</sup> Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. – 187-б.

бұрын, IX ғасырда белгілі болды. Кейінректе Шыңғысхан құрған қуатты Монгол империясына қарсылық көрсетушілер арасында наймандардың мықты хандығы ерекше әрекет жасады. Мұндай мықты мемлекетті қөптеген ірі рулардан және аристардан тұратын, саны жағынан өсіп-өнген, мемлекеттік құрылышы жаңа сапалық деңгейге жеткен үлкен тайпалық бірлестік қана құра алатын еді. Егер наймандар тарих сахнасына X ғасырда ғана шыққан болса, арада 200 жылдан кейін мұндай қуатты хандықты қалай үйімдастыра алды деген орынды сауал туындаиды. Мұның өзі бұл тайпаның найман атауына ие болмай тұрып-ақ, бұрын да ірі тайпалық бірлестік болғанын байқатады. Мұндай одақ сол тұста, яғни VIII-IX ғасырларда біздің ойымызша, Сегіз-оғыз бірлестігі еді. Ал енді бұл бірлестіктің бастауында Сир-енда (Сеяньто) мемлекеті және одан бұрын қуатты Теле (Телек) одағы тұрған болатын.

Екіншіден, «Найман» этнонимі IX ғасырда кенеттен пайда болған жоқ. Тұркі тайпаларының шығыстағы өзара аралас құралас өмір сүрген монгол тілдес көршілері, дәлірек айттар болсақ қидандар өздерінің тілдеріне икемдеп «Сегіз оғыз» атауын қысқаша «сегіздер», яғни наймандар деп атады.

Үшіншіден, кейбір зерттеушілер айтып жүргендей, қидандар «сегіз оғыздарды» тайпалардың санына байланысты ғана осылай атаған жоқ. Шын мәнінде алғашқы кезде сегіз тайпаның басын біріктірген бұл одақ кейіннен басқа аристарды да қосып алғып, ұзын саны сегізден асып кетті. Солай бола тұрса да, бұл тайпалық бірлестік тарихта сегіз-оғыз атауымен қалды. «Найман» этнонимі сондықтан осы санының монголша мағынасын анғартады. Айта кеткен жөн, VII ғасырдың орта шеніне дейінгі тұркі руникалық жазбаларында «найман» атауы жоқ, оның есесіне «тоғыз оғыз» және «сегіз оғыз» бірлестіктері айтылады.

Осыған байланысты тұріктердің шығыстағы көршілері қидандар бұл тайпалық бірлестіктерді өз тілдеріне икемдеп атауға мәжбүр болды. Бұл жерде әсіресе, сегіз оғыздардың қидандарға және олармен аралас өмір сүрген «тоғыз татарларға» аса жақын болғандығын айтпаска болмайды. VIII ғасырдағы тұркі бітік тастарында сегіз оғыздардың тоғыз татарлармен одактас болып, ұйғырлармен тоғыз оғыздарға қарсы соғысқаны бірнеше рет атап көрсетіледі. Бұдан шығатын қорытынды, IX ғасырга қарай

қырғыздар талқандаған және қалдықтары біртіндеп қидандарға бағынған сегіз оғыздар және тоғыз татарлар бірлестіктері қидан тілінде «Найман» атанип, X ғасырда жана тайпалық құрылым төңірегіндегі көршілеріне осындау этнониммен белгілі болған.

Төртіншіден, наймандардың бабалары Теле тайпалық бірлестіктерінен құралған рулар еді. Олар кейінректе Сір-еңда тайпалық одағында болып, бірінші және екінші Түркі қаганнаторы тұсында мемлекеттегі билікке түркі тайпаларымен қатар тайталасты. Біріккен Түркі қаганаты тұсында наймандардың бабалары үйғырларға қарсы қуресте Сегіз оғыз одағын құрды. Мұндағы «Оғыз» этнонимі, негізінен, наймандардың бабаларының үйғырлардан ажырату үшін қажет болды.

Жалпы тарихи зерттеулерде «Оғыз» этнонимі әртүрлі түсінідірледі. Осыған байланысты В.У. Махпиров кезінде жан-жақты талдау да жасаған болатын. Енді соған кеңірек тоқталайық:

**Оғуз.** О его происхождении существует также несколько мнений:

1. В соответствии с народными легендами, название племени и названия всех его родов восходят к имени родоначальника огузов Огуз-хан и именам его потомков.

2. Некоторые сводят этноним **Оғуз** к апеллятиву **Оғуз** “молозиво”.

3. Подавляющее большинство исследователей видят в **Оғуз** этноним тотемного происхождения: **Оғуз**<öküz “бык”.

4. С.П. Толстов сделал попытку возвести **Оғуз** к названию массагетского племени аугассиев аугалов: **Оғуз**<**ауғас** массагетское племя, **ауғас** «речные», может быть «приморские». «Приняв предположение Толстова, – как справедливо заметил Кононов, – пришлось бы пересмотреть все, основанные на исторических фактах представления о происхождении и составе огузов».

5. По мнению Рамстеда, термин **Оғуз** является тюркским вариантом этнонима ojrat/ojrad.

Если приведенные выше этимологии основаны на рассмотрении слова ооо как единого и неразложимого, то вторая группа исследователей видит в термине **Оғуз**<**оғ** (Q)+**из**.

6. Так, по мнению Маркварта *Оγuz*-oq «стрела» + uz «человек», отсюда *Оγuz* 'Pfeijmänner'. Но, как указывает Кононов, uz не имеет значения «человек», оно значит «мастер», «специалист».

7. Л. Лигети видел во второй части слова аффикс с множественного числа: *Оγuz*-oq «стрела» + uz – аффикс мн. ч.

8. Принцип рассмотрения этнонима *Оγuz* (к) + - uz представляется Кононову наиболее убедительным и обоснованным с точки зрения историко-филологической. Данный принципложен в основе его гипотезы, согласно которой:

*Оγuz* *öγ* + -uz < *ög* «род», «племя», которое в свою очередь находится в прямой связи со старотюркским словом *ög* «матерь», + - uz - аффикс мн.ч. Таким образом, слово *γur* первоначально могло означать просто «племена», «объединение племен», впоследствии превратилось в этническое имя с собирательным значением, получившим в известных случаях определение как необходимый детерменатив: *toquz* *Оγuz* «девять (разных) племен», *üç* *Оγuz* «три (разных) племени».

Бернштам указывает, что «алтаизацией» тюркских племенных и языковых групп Семиречья, начавшаяся в VI в. «...совпадает с утратой ротации, во всяком случае, в этноимах, что приводит к модификации гуров, расположенных на путях по западной миграции по Сырдарье в-гузов, широко известных уже в мусульманских источниках». Нельзя ли связать термины *Оγuz* о *γur?* (ср.: этимологию этнонима *Baškirt* у Н.А. Баскакова).

В генетической взаимосвязи с огузами находились туркмены. В силу сложившихся исторических условий в IX-XI вв. Происходит естественная дифференциация на западных и восточных огузов, называвшихся также туркменами. «До первой четверти XI в. название «туркмен» прилагалось лишь к части огузов. Туркменами тогда именовали тех огузов, которые приняли ислам и ассимилировались с коренным, главным образом ираноязычным населением Средней Азии. Во второй половине XI в. название «туркмен» получает широкое распространение и старое название «огуз» постепенно исчезает»<sup>758</sup>.

<sup>758</sup> Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. – Алма-Ата, 1990. – 43-45-6.

Зерттеуші В.У. Махпиров жоғарыда айтылғандарға қосымша мынадай мәселеге назар аударады: «Оғыздардың атауын Монголиядағы және басқа да елдердегі көптеген рулар алғып жүрді. Тегінде рулық атаудың таралуына көптеген түркі халықтарында Оғызхан туралы аңыздардың таралуы себеп болса керек. Аристов айтқандай, мәселені ежелгі түріктердің өгізге (окузге) табынуымен ғана түсіндіруге болмайды. Бұл мынадай қорытындыға апарады: «Тегінде – бұл құрамы тұрақсыз болған кейбір тайпалар шығып кетуге немесе кейінірек оған қайта кіруге мүмкіндік алған тайпалардың ірі бірлестігі (бұл атынан да көрініп тұр). Сондықтан да, бір жағынан, Махмұд Қашқарда да, екінші жағынан, Рашид ад-Дин мен Әбілгазыда да оғыздардың сандары және құрамдары әртүрлі.

Тағы атап көрсетеріміз, Оғызхан туралы аңызда және тағы да басқа деректерде ірі түркі тайпаларының шығу тегі әрқашан да оғыздармен байланысты болып келеді»<sup>759</sup>.

Бұл айтылғандармен толық келісуге болатынын атап көрсетеміз. Шындығында да «Оғыз» этнонимі түркі тілдес ірі тайпаларға немесе тайпалық бірлестіктерге тән. Наймандар ба-баларының сегіз оғыздардан шығуы бұл бірлестіктің ауқымдылығын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар бұл наймандардың ежелден-ақ түркі тілдес тайпалар болғандығын даусыз дәлелдейтіндей. Мұны Л.Л. Викторованаң мынадай тұжырымдары да бекіте түсетеңдей: «1) б.ә. VII–XIII ғасырларында Тандың Қытайдан солтустікке қарай, яғни қазір МХР-да орналасқан далалық және таулық аймақтарда қытай деректерінде гаогюй (немесе теле) аталған тайпалар өмір сүрді. Солар көптеген тайпаларға белінетін және өздерінің аттары бар болатын, түркі тілдес Орхон ескерткіштері оларды жалпы атаумен оғыздар және түріктер дейтін еді.

2) Мұндайда тағы бір әдеттегі нәрсе, түрік және оғыз атаулары түркі тілдес тайпаларға ғана қолданылды»<sup>760</sup>.

Осы пікірлерге назар аударсақ, наймандардың бабаларының о бастан-ақ түркі тілдес болғанына ешқандай құдік тумайтын

<sup>759</sup> Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. – 53-б.

<sup>760</sup> Викторова Л.Л. К вопросу о найманской теории происхождения монгольского литературного языка и письменности (XII–XIII вв.) // Ученые записки ЛГУ. Языки народов востока. – №305. – 1961. Серия востоковедческих наук. Вып. 12. – 149-б.

тәрізді. Алайда В.В. Бартольд, Б.Я. Владимирцев тәрізді беделді ғалымдар кезінде наймандардың бабаларын монгол тілдес тайпаларға жатқызғанын да айтпасқа болмас.

Оларға қосылған Л. Гумилев наймандардың бабаларын қидандар арасынан іздестіріп, оларды монгол тілдес тайпаларға жатқызған еді. Өзінің пікірін ол темендеғіше түсіндірген еді: «Народа и культуры без истории не бывает, следовательно, предки найманов были членами какого-то иного этноса, и даже можно определенно утверждать, что это были просто кидани.

В Срединной Азии каждый народ имел кроме этнического наименования синоним – число племен, его составлявших. Так, уйгуры назывались токуз-огузы, т.е. «девять племен», карлуки – уч-огузы, или «три племени», басмалы – «сорок племен», тангуты – «семь племен». Восьмипленным народом были кидани, а слово «найма» значит по-монгольски «восемь». От найманского языка сохранились только имена собственные и «культурные слова». И те и другие чаще всего бывают заимствованными у соседей. Зато мы знаем, что при столкновении с керайтами и монголами найманы великолепно с ними объяснялись, что говорит об их монголоязычии. А откуда могли монголоязычные кочевники попасть на Алтай во второй половине XII в.? Только вместе с киданями, а скорее как часть киданей, соратников Елюя Даши»<sup>761</sup>.

Наймандар бабаларының қидандарға көрші болғанын, бірге көшіп-қонғанын теріске шығармаймыз. Қидандардың ұрпақтары біздің бабаларымыздың санасында «қытандар», «қара қытайлар» деген атпен сақталып қалған. Осыдан туындар сауда: наймандар Л. Гумилев айтқандай қидандар болған болса, олар неге «қара қытай» аталмады?

Наймандардың монгол екендігін дәлелдемек болғандар осы сөздің монгол сөзі екендігіне жүгінуден шаршаған емес.

В.В. Бартольд кезінде наймандар – монголдар, ейткені олардың аты монголша деген пікірді ашық айтқан еді. Зерттеушілердің біразы осы пікірді қолдап, бул көзқарас ғылымда біраз уақыт үстемдік жасады. В. Бартольдтың пікіріне қарсы С. Аманжолов өз көзқарасын білдірген болатын. Оның ойынша,

<sup>761</sup> Гумилев Л.Н. В поисках вымышленного царства. – 103-б.

наймандарды монгол тілдес деп айтудың дәлелдері жеткіліксіз. Ол тіптен найман этномінің сөздік түбірінен де түркі сөзін іздестірген болатын. Оның ойынша, «нажы» // «найы» сөздері «дос», қосымша ман жалғауымен бірігіп, ман //мен жалғаулырымен бірігіп, «түрікмен» сөзі тәрізді мағынаны білдіреді. Соңғы аффикс М. Қашқаридың ойынша, «тәрізді» немесе «ұқсайды» деген мағыналарды білдіреді. С. Аманжолов өзінің сөзіне дәлел ретінде «ман» аффиксы қолданылғанда адам туралы түсініктердің қалай өзгеретінін «катарман» («атқыш адам), «шабарман» («хабар тасуши»), «аламан// «аларман» («әскер» және т.б.) сөздерін нақты мысалдарға келтіріп, әңгімелеген еді<sup>762</sup>.

Шындығында да мәселеге осылай карайтын болсақ, академик В.В. Бартольдтың наймандарды монгол тілділер ретінде көрсетпек болған әрекеті негіzsіз болып шығады. Біздің ойымызша, бұл жерде наймандарды түркі тілділер деген профессор С. Аманжолов тарихи шындыққа жақын тұр. Ежелгі наймандарды монгол тілдес тайпа ретінде көрсетуге тырысатындар қатарында Б.Я. Владимирцов та бар дедік. Ол 1929 жылы монгол тілі мен жазуының шығуындағы найман-көрейт теориясын негіздеген еді. Ол наймандар мен көрейттерді монгол тайпалары ретінде көрсете отырып, оларды монгол тілділерге жатқызған еді<sup>763</sup>. Ол осы аталған тайпаларда монголдың жазба тілі Шынғысхан дәуірінен бұрын қолданылған деген болжамдарды айта келе, монголдың әйгілі дерегі «Алтан-тобцидан» алынған аңызға сүйенеді. Бұл аңыз бойынша Тата-тунга атты үйғыр найман ханына хатшы болған және оны үйғыр жазуымен таныстырган, үлкен беделге ие болған бұл хатшы ханның мөріне және ақшаларына ие болып, Найман хандығында зор сыйсияптақа ие болған. Кейіннен наймандар Шынғысханнан женелген соң бұл үйғыр монгол әскерінің қолына түсіп, Шынғысханды осы жазумен таныстырган. Шынғысхан өзінің мемлекеті үшін осылайша дайын монгол әдеби тілін үйғыр әріптерімен қабылдаған. Осыған байланысты Б.Я. Владимирцев, егер де монгол жазуы наймандарда пайда болған болса, онда бұл

<sup>762</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. I. – 53-54-б.

<sup>763</sup> Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. Введение и фонетика. – Л., 1929. – 19-б.

қаралыш отырған диалект ежелгі найман мақамы болып шығуы мүмкін деген болжам айтты<sup>764</sup>.

Тата-тунга туралы дерек «Юань-шиде» шынында да сақталған. Зерттеуші Л.Л. Викторова С. Мурајманың Юань-шиден аударған осыған байланысты жолдарын толығырақ келтірген болатын. Онда былай деп жазылған: «Тата-тунга үйғыр еді. Табиғатынан ол ақылды болатын. Ол тілді де күшті игерген еді. Ол өзінің отанының жазуынан да хабардар болатын. Найман королі Таянг оны қастерледі (немесе құрметтеді) және өзіне мұрагер етті. Ол алтын мөрге және ақшаларға, сондай-ақ, астыққа (немесе «даладағы егіндікке») қожалық жасады. Шыңғысхан батысқа карай жылжыды және Найман мемлекетін ол бағындырып алды. Тата-тунга қолындағы мөрімен қашып кетті. Кешікпей ол тұтқынға түсті, Шыңғысхан одан жауап алды: «Таянгтың халқы және жері менің қолыма түсті. Мерді алып алғып сен қайда бармак болдың?». Ол былай деп жауап берді: «Бұл менің борышым. Мен мөрді өзімнің өміріммен (немесе өз өмірімді қиып) корғағым келеді. Өзімнің бұрынғы қожайынымды іздел тауып, мен оған мөрді тапсыруға міндеттімін. Бұл менің жалғыз тілегім». Король былай деді: «Сен – адад адамсың. Мөр неге тұрады?». Ол былай деп жауап берді: «Ақша мен астық түскен кезде және (біреулерді қызметке) тағайындаған кезде мөр қажет. Осылайша бәрі бекітіледі». Король оның сезін қолдады және оны өзінің жанында қалдыруға бұйрық берді. Осыдан соң алғаш рет жарлықтар жарияланғанда мер қолданыла бастады. Король оған мөрге қожалық етуге нұсқау берді. Король былай деді: «Сен өзінің отанының жазуын жақсы біледі екенсің». Тата-тунга оған өзінің білетінінің бәрін айтып берді. Бұл корольдің ерік-жігеріне сәйкес келді. Король оған өзінің принцтерін оқытуды және ана тілін үйғыр жазуымен жазуды тапсырды»<sup>765</sup>. Осы үзіндіні өзінің еңбегінде дерек ретінде нақты пайдаланған Л.Л. Викторова мынадай

<sup>764</sup> Викторова Л.Л. К вопросу о найманской теории происхождения монгольского литературного языка и письменности (XII-XIII в.в.) // Ученые записки ЛГУ. Языки народов востока. – №305. – 1961. Серия востоковедческих наук. Вып. 12. – 138-139-б.

<sup>765</sup> Викторова Л.Л. К вопросу о найманской теории происхождения монгольского литературного языка и письменности (XII-XIII в.в.) // Ученые записки ЛГУ. Языки народов востока. – №305. – 1961. Серия востоковедческих наук. Вып. 12. – 152-б.

қорытынды жасаған еді: «Юань династиясы тарихынан алынған осы үзінді монголдардың ұйғыр жазуын наймандар арқылы алғаны туралы фактін растьайды. Ал әдеби монғол тіліне келетін болсақ, ол әрине, түркі тілдес наймандарда қалыптаса алмайтын еді»<sup>766</sup>. Бәрі де дәлелді тәрізді. Мұнда наймандардың және оларға туыстас керейттердің бұрыннан-ақ түркі тілдес болғаны көрініп тұр деуге толық негіз бар. Соған қарамастан жоғарыда айтқанымыздай, кейбір беделді зерттеушілер наймандар мен керейттердің Шыңғысханнан бұрын да монғол тілдес болғаны туралы тұжырымды өрбітіп келеді. «Бұл пікір кеңестік және кейбір шетелдік монғолтанушылар арасында қолдау тапты. Мысалы, Н. Поппе былай деп санады: «Жазба монғол тілі XIII ғасырда-ақ сөйлесу тілінен өзгеше болды. Ол бұл кезде ежелгі монғол фонетикасының белгілерін алып журді және 1206 жылға қарай Монғол империясы құрыла бастағанда монғол тайпалары арасында кеңінен таралды және бірінші кезекте сол тұста елеулі рөл атқарған наймандарда пайда болды»<sup>767</sup>.

Н. Поппе өзінің 1937 жылы жазылған тағы бір басқа еңбегінде Шыңғысхан империясының жазба монғол тілі олардан мәдени деңгейі әлдеқайда биік болған керейттерден алынды деген пікірді айтты<sup>768</sup>. Ал енді керейттер де наймандар тәрізді монголдарға батыста көрші орналасқан тайпалар болып табылатындықтан және олар өзара туыстас болғандықтан Н. Поппенің пікірі Б.Я. Владимирцовтың пікірімен негіздес болып шықты. Наймандар мен керейттерді монғол тілдес тайпалар катарына жатқызумен КСРО-ның беделді ғалымдары айналысты. Монголияның және Кеңестер Одағының бір топ белгілі ғалымдары академик А.П. Окладниковтың басқаруымен «История Монгольской Народной Республики» деп аталатын іргелі еңбек жазған болатын. Бұл басылым өндөліп, толықтырылып үш рет Мәскеуде жарық көрді. Онда мынадай жолдар бар: «Найманы считались наиболее культурными из всех

<sup>766</sup> Сонда. – 152-6.

<sup>767</sup> Викторова Л.Л. К вопросу о найманской теории происхождения монгольского литературного языка и письменности (XII-XIII в.в.) // Ученые записки ЛГУ. Языки народов востока. – №305. – 1961. Серия востоковедческих наук. Вып. 12. – 139-6.

<sup>768</sup> Сонда. – 139-6.

**монгольских племен** (бөліп көрсеткен біз – Т.О.). найманская знать, например, пользовалась услугами уйгурских писцов. Однако найманов, знающих уйгурскую письменность, было немного»<sup>769</sup>. Осылайша кеңестік және монголдық тарихнамада наймандардың монгол тайпалары болып табылатыны туралы пікірді беделді ғалымдар орынқтыра түсті.

Қазақ зерттеушісі профессор С. Аманжолов бұл пікірлерге қарсы Рашид-ад-диннің еңбегін пайдаланған еді. Онда наймандар оғыздың ұрпақтары болып саналады және қырғыздармен қатар тұр. С. Аманжолов наймандардың түркі тілді тайпалар болып табылатындығына қосымша дәлел ретінде XII-XIII ғасырлардағы наймандардың хандары мен бектерінің түрікше аттарын алға тартады. Олардың ішінде Уаң хан, Таян хан, Бұйрық хан, Күшлік хан тәрізді тұлғалар мысалға алынады<sup>770</sup>. Сондай-ақ, С. Аманжолов Рашид-ад-диннің еңбегінде наймандардың үйғырларға туыстық жақындығы атап көрсетілгенін наймандар кейде үйғырлар, ал үйғырлар – үйғыр-наймандар деп жазылғанына назар аударады. Ал енді үйғырлардың түркі тілдес тайпа болып табылатындығы барлық зерттеушілер моянындаған нәрсе.

Наймандардың түркі тілдес екендігіне соңғы дәлел ретінде С. Аманжолов олардың аргындармен, қыпшақтармен, керейлермен, уактармен, коныраттармен жақындығын алға тартады. Шындығында да, Орта жүздегі найман шежіресінде аталағын тарихи тұлғалар есімдері арасында монгол атауы кездесе қоймайды. Найманның ежелгі аталарының атаулары байырғы түрік атауларынан тұрады<sup>771</sup>. Осы айтылғандардың бәрі наймандардың ежелден-ақ түркі тілдес тайпа болғандығын дәлелдей түсетіндей.

Нығмет Мыңжан академик Элкей Марғұланның Тамғалы тастағы жазуды зерттеген пікірлерін басшылыққа ала келе, ежелгі наймандардың түркі тілдес екендіктерін төмендегіше дәлелдеген еді: «Наймандар ерте кезде Орхон жазуын, одан кейін көне үйғыр жазуын қолданған. Шынғысхан әскерлері

<sup>769</sup> История Монгольской Народной Республики. – М., 1983. – 124-б.

<sup>770</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. I. – 54-55-б.

<sup>771</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. I. – 55-56-б.

наймандарды талқандағанда, найман Таян ханның бас уәзірі және хатшысы Тататонға Шыңғысханға тұтқынға түсіп, монголдарға көне үйғыр жазуын үйреткен. Найман Инаных Білгі Бұқа ханның тұсында Құбатегін атты әйгілі жырау өмір сүрген. Абахан өзені бойындағы Ашурадан табылған орхон жазуы жазылған таста найман елінің тарихы суреттелген. Онда: «Ел ұлысы Инаных Білгі (Бұқа хан) оғлы аты Құш Оры Оғлан, ератының Өзбек, еліңіз ушун қазғану... яғыға тегмиш сутеги, ети бың оғлан ерти», – деп жазылған. Бұл қазіргі қазақ тілінде «Ел атының өзбек, еліңіз үшін қүресіп... жауына тиіскен әскерлерінің тегі жеті мың ұлан еді» деген сөз. Бұл ертедегі қазақ тілінде жазылған көне мәдениет күәліктерінің тасқа басылған таңбалары «тегінде наймандар маңғол тілдес тайпа еді» дейтін дауларды жоққа шығарады»<sup>772</sup>.

Айта кеткен жен, XIX ғасырдың 2-жартысында және XX ғасырдың басында біраз зерттеушілер (Ховорс, П. Поуха, С. Мурајма және т.б.) өзіндік зерттеулер негізінде монголдардың түркі тілдес тайпа екендігін атап көрсегіт. Олар «Монголдың құпия жылнамасындағы», Рашид-ад-диннің еңбегіндегі және Орхон ескерткіштеріндегі наймандардың есімдеріне байланысты атауларды талдай келе, бірауыздан оларды бірде-бір монгол сөзі кездеспейтіндігін және түркі тілінде әртүрлі баламалары бар атаулар болып табылатындықтарын дәлелдеп шықты. Аталған ғалымдардың арасында есіресе, С. Мурајманың зерттеулері тиянақты да жан-жақты. Сондыктан да оның еңбектеріне Л.Л. Викторова баса назар аударып, арнайы қорытындылар жасаған болатын. Онда мынадай жолдар бар: «Действительно, если бы найманы были монголоязычны, то хотя бы часть языкового материала должна быть собственно монгольской: найманы существовали одновременно с монголами, общались с ними, и если бы они говорили на монгольском языке, то несомненно у них должна была бы произойти хотя бы частичная монголизация культурных терминов, тем более, что в предшествующий трехсотлетний период гегемония на территории Центральной Азии принадлежала монголоязычным киданям. Этой монголизации не произошло. Поэтому сам собою

<sup>772</sup> Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 170-171-6.

напрашивается единственный вывод: тюркский языковой и этнический субстрат на этой территории оказался чрезвычайно стойким»<sup>773</sup>. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды, тарих ғылымындағы «найман» этониміне байланысты айтыс-тарыстар бұл атаудың монголдың «сегіз» деген сезінен пайда болғанын байқатады. Зерттеуші Б.Н. Бияровтың сөзімен қорытындылар болсақ, бұл былай болып шығады: «Қазақ халқының этностық құрамына енген байырғы тайпаның бірі – Найман. Олардың үнемі монголдармен көрші болғанын, атының монголша аталуын («найм» – сегіз) тілге тиек етіп, И.Я. Шмидт, д’Оссон, А.М. Позднев, В.В. Бартольд, В.Г. Васильев. Ш.Ш. Үәлиханов, т.б. ғалымдар наймандарды монгол тектес халық деген шешімге келген болатын. Бұл пікірді Н.А. Аристов, С. Мурајма, П. Поуха, Л.Л. Викторова, С. Аманжолов, Ә. Марғұлан, т.б. ғалымдар теріске шығарып, наймандардың түркі тектес, түркі халық екенін дәлелдеп берді»<sup>774</sup>.

Мысалы үшін наймандардың түркі тілдес екендігін Әлкей Марғұлан өзінің «Тамғалы тас» жазуы<sup>775</sup> атты еңбегінде төмөндегіше қорытындылаған еді: «Керей мен наймандар түрік тілінде сөйлеген бір туысқан елдер. Кейін олар қазақ пен өзбек ұлысына қосылды. Олардың шығу тегі түркі тілінде сөйлеген үңгіттермен бірдей.

Найман мен керейлердің түрік тілінде сөйлеген тайпалар екенін XIX ғасырда әдемі жазып кеткен ғалымдар – Н.А. Аристов, Ю. Клапрот, Ховорс. XX ғасырдағы атақты ғалымдардан найман мен керейлердің түркі тайпасы екенін айқын шешкен ғалымдар – С. Мурајма, П. Поуха, А. Инан. Совет ғалымдарынан – Л.Л. Викторова.

Осы ғалымдардың жаңадан табылған тас жазуларға сүйеніп зерттеу бойынша, несториан (Айса) үлгісіне кірген наймандар, керейлер, үңгіттер, меркіттер бір ғана түрік тілі мен жазатын болған»<sup>775</sup>.

<sup>773</sup> Викторова Л.Л. К вопросу о найманской теории происхождения монгольского литературного языка и письменности (XII-XIII в.в.) // Ученые записки ЛГУ. Языки народов востока. – №305. – 1961. Серия востоковедческих наук. Вып. 12. – 143-144-б.

<sup>774</sup> Бияров Б.Н. Кейбір түркі этонимдерінін этимологиясына шолу. «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: (Қазақстан Республикасы тауелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана қаласы, 2001. 18-19 мамыр.). – Алматы, 2001. – 320-6.

<sup>775</sup> Марғұлан Ә. «Тамғалы тас» жазуы // Жұлдыз. – 1984. – №1. – 138-б.

Соңғы жылдары Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты қазақстандық зерттеушілер қытай тіліндегі деректерді зерттеген Қытайдағы бауырларымыздың енбектерін пайдалануға мол мүмкіндіктер алды. Олардан байқайтынымыз, ежелгі наймандар бұрыннан-ақ түркі тілдес болған деген пікір. Осының нақты мысалы ретінде Қытайдағы бауырымыз Бакыт Ежениңжанұлының «Шыңжан» қоғамдық журналында жарияланған наймандар тарихына байланысты мақаласында айтылған төмендегі тұжырымдарға тоқтала кетелік. Онда мынадай жолдар бар: «Наймандардың тегі жөнінде екі түрлі пікір бар: бірі оларды мұнғолдарға жатады дейтін пікір, енді бірі, түріктерге жатады дейтін көзқарас. Монғолдарға жатады деушілер ең алғаш бір түрлі болжамға негізделген. Бұл болжам «найман» деген атау бәлкім монгол тіліндегі ұқсас дыбысталатын сөзден келген болу керек дейді. Алайда бұны дәлелдейтін бірде-бір материал жоқ. Бізше бұл сынды болжамнан наймандардың арғы тегі Монголға жатады дейтін пікірдің адам назарын аударатыны таяудағы зерттеулер болып отыр. Хуаң Шижиана мұрза, Пиау Гунжин мұрзалар Иуан патшалығы дәүіріндегі тарихи материалдарға негізделе отырып, Иуан патшалығындағы наймандардың монғулға жататындығын дәлеледеген. Олардың басты дәлелге тартатындары – Иуан патшалығы дәүіріндегі материалдар наймандарды ауызға алғанда екінің бірінде «монғұл керейлері» деп атайды. Демек, бұл екі мұрза «Иуан патшалығы тарихы» және Иуан патшалығы тұсындағы жинақтар, шежірелдердегі «монғұл наймандар» және «монғұл керейлер» делінген көптеген деректер арқылы наймандармен керейлер де Иуан патшалығы дәүіріндегілер монғолдар еді деп санайтын асте түсті көздер деп қараған емес дейді. Наймандардың тегі монғулға жатады дегендеріне күмandanуға болады. Тарихи документтерден «монғұл наймандары» деген деректерден көптеген қайшылықты ахуалдарды байқаймыз.

Алдымен Иуан патшалығы үстемдік етушілері наймандарды өздерінің тұқымы деп санаған емес, жоқ дегенде Иуан патшалығы алғашқы мезгілінде осылай болған. Иуан патшалығы тұсында әрқайсы ру-тайпалардың саяси жақтағы кенелетін орны эртүрлі болған. Монғулдардың өздерін ең жоғары қоятын. Егер наймандар мөғұл тұқымынан болатын болса, олардың

әртүрлі саяси ұқыққа кенелуіне күмән тумаған болар еді. Бірақ «Иуан патшалығы тарихы» б-том «Жызу дерегінде»: «Жиуан-ның 5 жылы әр жылдағы Нуйжин, Кидан, Ханзуларды дару хаш мансабынан алып тастады. Хуйхайлар, ұйғырлар, наймандар, таңғұттар бұрынғы орнында қала берді» деп жазылған. Сол кітаптың 82-том «Сайлам дерегі»: «Жиуан 5-жылғы жарлықта мансаптан алынғандар орнына монғұлдарды» қою керек. 6-жыллы әр жылға мансапқа отырғандарды қөзден кешіріп Даруқаштықтан алынып тасталған нуйжин, кидан, ханзулар көп, хуйхай, ұйғыр, найман, таңғұттарды монғұл заны бойынша істетуден тыс, басқалары мансаптан алынып тасталысын, бұрынғы оқымыстыларын ел басқаратын мансапқа отырғызу керек», – деп жазылған. Бұл деректер, хуйхай, ұйғыр, таңғұттар сияқты наймандар Иуан патшалығы саяси тұрмысында 1-дәрежелі орынға кенелген емес, тек ертерек монғұлға бағынғандықтан жақсы мәмлеке ие бола алған.

Екінші, найман тілі, монғұл тілі емес, қайта тұрік тілі есепті. «Ұуғнің жинағы» 34-том «Дарухаш Есенбұқа қабірі хатында»: «Ұуғижианджун Есенбұқаның тегі найман Жиау елінен шыққан... Ол сатып алынып келіп көк болып, атқа мініп садақ тартуға жаттығып, кітап оқып, жарлық, зан білген, сондай-ақ ол монғұл тілін толық білген, жастайынан ішкі жақта атқосшы болған...» деп жазылған. Бұл арада наймандардың «монғұл тілін» жетік білгендігін назарға алғандығын баса дәріптеп отыр. Міне бұл найман тілі мен монғұл тілінде зор парықтың жатқандығын аңғартады. Наймандардың тілінің монғұл тіліне ұқсамайтын фактілері Рашидиннің «Жамих ат-тауарих» атты еңбегінде де көп сөз болады. «Иансунның тың асу дерегі» наймандарды монғұлдың 72 тайпасының қатарына қойып қойғандығымен «Иуан патшалығы тарихы» және мәлім жинақтар, жерлік шежірелерде «Монғұл наймандары» деген жазылым болғанымен, ол қалаймақандастырудан немесе «ұқсас бірдей көруден» болған ахуал. Өйткені наймандар сол деректе монғұлдың 72 тайпасы қатарына тізілгендігімен, 31 «тұсті көздер» ішінде де енгізілген. Сондықтан тұсті көздердің кейде монғұл делініп кетуін түсінуге әбден болады.

Әрине, бейне тарих тарифтерінде монғұлдардың құрылым тұлғасы сияқты этнографиялық мағанадан айтқанда найман

руы немесе тайпа бірлестігі тап-таза бір ғана қайнардан болуы мүмкін емес. Коби терістігіндегі үйғыр қағандығы жойылғаннан тартып монғұл империясының құрылуына дейін ежелгі монғұлдардың дамып, қоныс аударып отырган дәуірі. Шығыстан батыска қарай тайпалардың қоныс аударуы барысында, ежелгі монғұлдардың кейбір факторларының батысындағы тәргі тайпалар қоғамына ала келінуі табиғи, қимақтар ішінде татар тайпаларының болуы (бұл арадағы татарлар жалпы атауды менземейді) бір мысал. Біз наймандарды найман тілін жалпы тұлғадан түрік тілдес тайпаларға саналуға тиіс демекпіз»<sup>776</sup>.

Бұл тұжырымды біздің тарихымызда толық қабылдауға болады деп ойлаймыз. Жоғарыда аталған ғалымдар арасындағы тартыстар наймандардың монғол тілдес екендігін нақты дәлелдеп шығу мүмкін еместігін көрсетіп берді. Барлық негізгі деректер және ғылыми талдаулар наймандарды түркі тілдес тайпалар қатарына алып келеді. Әрине, кезінде кеңестік-тоталитарлық жүйенің рушылдыққа және ұлтшылдыққа айыптайтын ахуалы үстемдік жасап тұрган тұста қазақ ғалымдарының пікірлері естіле қойған жоқ. Оның үстіне ол тұста мәскеулік ғалымдардың тұжырымдары әрқашанда үстем тұрган болатын.

№	Рұ-тайпалар аттары	A.Левшинің мәліметтері (1832 ж.)	М.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	С.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	Н.Мыңжаниның мәліметтері (1987 ж.)	Х.Арғынбаев M.Мұқанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	A.Сейдімбек мәліметтері бойынша
1	2	3 V	4 ○-○, V	5 V	6 V	7 V	8 Y ^ O

<sup>776</sup> Бакыт Еженқанұлы. XI-XII ғасырдағы Наймандар // «Шыңжан» қоғамдық журналы. – 1991. – №3. – 59-61-б.

### 3.10. «Арғын» этнонимінің тарихи тамырлары

Қазақ халқын құраған аға арыстар қатарында Арғынның айтулы орын алатыны белгілі. Сондықтан «Арғын» этнониміне байланысты зерттеушілер арасында алуан түрлі көзқарастар, сан алуан пікірлер орын алғып, осы этнонимді тіptен бұрмалап түсіндіруге де жол берілді. Егер солардың кейбіреуіне тоқталар болсақ, төмендегідей талдаулар жасар едік:

1. «Арғын» этнонимі V ғасырдағы қытай жазбасында ұшырасатын «Алун» этнонимінің сәл өзгерген түрі деп атап көрсететіндер бар<sup>777</sup>. «Алун» ежелгі Гаугуй немесе Гаогюй тайпасының аты. Белгілі қазақ этнографы Х. Арғынбаев байланысты былай деген еді: «Арғындардың арғы тегін «Орхон-Енисей» ескерткіштеріндегі жазуларда кездесетін «ұлық-арғұн», 5-ғасырдағы Қытай жазбаларында ұшырасатын Гаугуй (алун) тайпаларымен, монғол тіліндегі «кон» деген сан есімді білдіретін «арғын» сөзімен байланыстыра қарастыратын пікірлер бар»<sup>778</sup>.

Осындаған пікір бар екендігін көзінде қытайдағы қазақтың белгілі тарихшысы Нығмет Мыңжан да айтқан еді. Мына жолдар сол кісінің жазғандары: «Арғындардың арғы тегі туралы тарихи әдебиетте талай пікір айтылған. Кейбір ғалымдар: арғындарды 5-ғасырға тән Жұнғо жылнамаларында әйгілі болған гаугүй тайпасы «калұн» болса керек дейді. Олар алғашында (5-ғасырларда) Тарбагатайдың шығысындағы Қобық өзенін мекен етіп, одан соң онтүстікке қарай жылжып, шығыс Тянь-Шань өңірін мекен еткен»<sup>779</sup>.

Нығмет Мыңжан өзінің бұл пікірін белгілі қазақ түркітанушысы С. Аманжоловтың тұжырымының қолдай отырып айтқан еді. С. Аманжолов «Алун» және «арғын» этнонимдерін бір сөз ретінде қарастырган еді. Ол арғынның қытай деректерінде «алун» деп берілгенін төмендегіше дәлелдейді: «р» әрпі жоқ болғандықтан қытай транскрипциясында «арғын» сөзі «а-лун» түріндеғана дәлме-дәл беріледі»<sup>780</sup>.

<sup>777</sup> Арғынбаев Х. Арғын // Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Т. 1. – Алматы, 1998. – 429-6.

<sup>778</sup> Сонда, - 429 б.

<sup>779</sup> Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы, 1994. – 189-б.

<sup>780</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата, 1959. – Ч. 1. – 37-б.

Арғынның «калун» немесе «арун» болып қытай деректерінде жазылуы мүмкін деген пікірді М. Тынышпаев та қолдаған еді<sup>781</sup>.

Мәселенің тамырын терендете зерттесек, «калун» деген «арғын» болып табылады деген болжамды алғаш айтқан Н. Аристов екендігін анықтаймыз<sup>782</sup>. Г.Е. Грумм-Гржимайло тәрізді Монголиядағы түркі тайпаларының тарихын жанжақты қарастырган зерттеуші де Н. Аристовтың пікіріне ба-лама, жаңа тұжырым айта алған жоқ<sup>783</sup>.

2. «Арғын» этнонимің шығуна байланысты өзіндік тың көзқарасты қазақ тарихының қадірменді ақсақалы Ә.Х. Марғұлан айтқан еді. Оның пікірінде мынадай жолдар бар: «...ұлы жүзде (алпан, алапан, лабан), кіші жүзде кердере абдал (эфталит), адай, кете, орта жүзде арғын, (аруғұн), қышшақ, қоңырат. Бұлардың барлығы ғұндардың ескі атасы қияттардан тарап, Ергене кең алабынан шыққан елдер»<sup>784</sup>.

Ергенекон (Әлкей Марғұланда – Ергене кең) түркі-монгол жүртінің ежелгі мекені ретінде алғаш рет Рашид ад-динде айтылатынын біз атап көрсеткен едік. Ә. Марғұланның жоғарыдағы пікірі зерттеушілерді «Арғын» этнонимі, яғни «Аргұн» осы ежелгі құтты мекеннің, Ергене кеңнің атынан туындауы мүмкін деген тұжырымға итермелейтінін байқау қын емес. Ергенеден – Аргуне-Арагұн туындауы мүмкін тәрізді.

3. Махмуд Қашқари өзінің әйгілі «Түрік сөздігі» атты еңбегінде түрік тілінде сөйлейтін тайпалар туралы айта келіп, «арғу тайпаларының сондай екі тіл білетіндерге кіретінін» атап көрсетеді<sup>785</sup>. Осыны оқығанда «Арғын» этнонимің тұптамыры «арғу» болуы мүмкін ғой деген ой келеді. Айта кеткен жөн, аргулар туралы Орхон жазуларында кездесетінін зерттеуші F. Айдаров та байқаған еді<sup>786</sup>.

4. Соңғы жылдарды Қытайдагы қазақ бауырларымыз көне қытай тілінен аударған жылнамалар арасынан ежелгі дерек –

<sup>781</sup> Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казацкого народа. – Ташкент, 1927. – 7-б.

<sup>782</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897 // Живая старина. – Вып. 3-4. – 1896. – 92-б.

<sup>783</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урланхайский край. Т. II. – 1926. – 256-б.

<sup>784</sup> Марғұлан Ә. Ежелгі жыл, аныздар. – Алматы, 1985. – 57-58-б.

<sup>785</sup> Қашқари М. Түрік сөздігі. Т. 1. – Алматы, 1997. – 55-б.

<sup>786</sup> Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-Ата, 1971. – 107-б.

«Жаңа Таңнамадан» «Арағұн» деген тайпа атын оқымыз. «Олар Арағу деп те аталған екен»<sup>787</sup>. Бұл атаулардың қазіргі Арғын атауына аса жақын екендігін байқау қының емес.

5. Жоғарыда айтылған Аргу этнонимін көне дәүірдегі Аруг гүн атты ежелгі тайпаның атынан шығаратындар және бұл Арғын этнонимін түп негізі дей ойлайтындар бар<sup>788</sup>.

6. Фылыми-көпшілік әдебиеттің бірінен «Арғын» этнонимінің шығуына байланысты «негізінде дұрысы **арғын** емес, **арғұн** немесе **арғы** (ару) **ғұн** болу керек», – деген пікірді оқымыз<sup>789</sup>.

7. «Арғын» этнонимінің шығуына байланысты Шәкәрім Құдайбердіұлының өзіндік көзқарасы бар. Ол кезінде былай деп жазған еді: «Және менің ойымша, біздің осы орта жүздегі арғының атасы Әбілғазы ханның шежіресінде айтылатұтын Ойрат арғын аға деген кісінің нәсілі болса керек. Оның мәнісі мынау: Шыңғысханның кенже баласы Толу ұлken хақан болған кезде, ойрат атанған елден Арғын аға деген кісіні Хорасан деген жерге хан қойған, сол мұсылманша 440 жылды, орысша 1262 жылды еді. Он жылдан соң Арғын аға өлген соң, Толудың баласы Мәнгү хақан Арғын ағаның орнына өз інісі һөләку, яғни қазақша Әлеке ханды жіберген. Бұл Арғын аға ойрат табынан дейтүғыны бұрынырақ мағолдар, ұйғыр, татарларды жеңіп құғанда жерін қимай отырып қалғандар, қалмақ ойрат атанғандықтан Арғын аға сондағы қалмақ атанип, қалған елдің ішіндегі Байергун яки ұлғұр ергын атанған арғыннан болса керек. Бұл сөзді Әбілғазы кітабынан сез көшіріп алған орыс жазушылары байқамай кеткен болса керек деп ойлаймын. Жердің жузіндегі әртүрлі түрік нәсілді елдерде жүрген арғын, аргинут атанғандар арғын арғын халқынан болса да, дәл осы орта жүз ішіндегі арғындар осы арғын ағаның нәсілі болар. Себебі Арғын аға деген аты да дәл келеді, және біздің ұлken атамыз Құнанбай хажы мархұм Арғын аға хан болған кісі екен деуші еді»<sup>790</sup>.

8. Тарихи әдебиетте «Арғын» этнонимін «ғұн» этнонимінің кейініректе өзгерген түрі ретінде қарастыру орын алған. Осыған

<sup>787</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). Екінші кітап. – Алматы, 2006. – 218-б.

<sup>788</sup> Рымжанов Т. Аргу гүн немесе арғын тайпасының тарихына шолу. – Алматы, 2003. – 43-б.

<sup>789</sup> Қуанғанов Ш.Т. Ғұн немесе аргұн тарихы туралы. – Алматы, 1997. – 5-б.

<sup>790</sup> Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қыргыз-казақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – 40-б.

байланысты «Қазақ Совет энциклопедиясынан» мынадай жолдарды оқымыз: «Арғындар ежелгі Ғұндардан таралып, солардың атын этномим түрінде сақтағаны байқалады.

Тарихи мәліметтерде Арғын аты бірнеше түрде кездеседі: Ғын, Ғұн, Ақ Ғұн, Қара Ғұн, Аруғ-Ғұн, Тағ-Ғұн. Мұндағы Ақ-Ғұн, Аруғ-Ғұн – екеуі бір мәнді сез. Мұндаі аттар ежелгі тайпалар арасында жиі кездеседі. Мәселен, аруғ – тұқым, аруғ (арық) – тыным, Ақ Қаңлы, Қара Қаңлы, Ақ Найман, Қара Найман, т.б. Мұндағы «Ақ», «аруғ» (арық) сөздері «таза», «ару» деген ұғымды көрсетеді. Ерте кезде тайпаларды біріктіріп, оған басшы болған оқтарды осылай атайдын болған»<sup>791</sup>.

9. Арғын арысының Болатқожа (Каракесек) және Тарақты тайпасының шежірелерін жазған Медеу Сәрсекеев төмендегідей пікір айтады: «Қазақтың тұп тегі ерте замандарда өмір сүрген ғұн тайпасы, одан барлық түрік халықтары тарағаны белгілі. Арғын да солардың бірі, ертеден дербес қауымдастық болып топтанған ел. Біздінше, ол ару (бәлкім арух, арулау, иә арукан) және оған ғұн (бәлкім гун) сөзі қосылып, ақыр аяғында А Р F Ы Н болып қалыптасқан. Оның түпкі мәні тегінде «Сұлу ғұн» болса керек: көптеген тарихшы, жазушы, шежірешілердің пікірінше, арғын қауымдастығының қанында, жүзінде монголдың әсері өте аз, қаны араласпаған; тілін де таза сақтаған; көбіне олар ашан өнді боп, бойшаң һәм сұлу туады-мыс...»<sup>792</sup>.

10. «Тарих ғылымында қазақ және басқа халықтар құрамындағы арғын тайпасының тарихы... уархундардан басталады деген пікір бар»<sup>793</sup>. Т. Жүртбаев бұл мәселені кенірек түсіндіріп, төмендегіше жазған еді: Батыс гұн империясы «Уархұн қаганаты деген атпен тарихта IX ғасырға дейін өмір сүрді. Уархұндар кейіннен Қара теңіз жағасына бөлініп кеткен ежелгі туыстарымен қайтадан табысып, құдіреті күшті Византия империясын өзіне алым-салық төлеуге мәжбүр етті. Әсіресе, Баян ханның тұсында қайтадан дәуірледі. Уархұн қаганатының құрамындағы герман тайпалары Франк кәрәлі Ұлы Карлдің қол астына жасырын өтіп кетуге тырысты. Содан барып 791 жылы франк пен Уархұн әскері кескілескен шайқасқа шықты. Гұн

<sup>791</sup> Арғын // Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1972. – 451- 6.

<sup>792</sup> Сәрсекеев М. Таракты және Каракесек шежіресі. – А., 1995. – 6-6.

<sup>793</sup> Рымжанов Т. Аруғ гун немесе арғын тайпасының тарихына шолу.

қағанаты ойсырай женілді де, бірте-бірте тарих қатпарына сіңіп кетті. Хунгрия (Венгрия), Түркия мемлекеті мен былғарлар, аварлар, ғағауыздар ғана түркі тілін сақтап қалды. Олардың біразы батыс түрк қағанаты мен Шыңғыс ханының тұсында солардың әскеріне қосылып, Еділ бойына қайтып оралды»<sup>794</sup>.

11. «Арғын» этнонимін қытай жылнамаларында кездесетін «іркін» немесе «ұлуг-иркін» атауларымен байланыстыру бар<sup>795</sup>.

12. «Арғын» этнонимін «Басмыл» этнонимімен байланыста қарастырып, олар «аралас» немесе «құрама» деген мағынаны білдіреді, яғни «Арғын» этнонимі осы ұғымдардан шығады деп түсіндірушілер бар. Осыған байланысты С. Аманжолов былай деп жазған еді: «В исторической литературе первым об аргынах подробно писал Аристов. Он предполагал, что басмыл то же самое, что позднейшее «аргын», что они оба имеет значение «помесь». Академик Бартольд, соглашаясь с мнением Аристова, писал: «Слово аргын, по интересной и очень правдоподобной догадке г-на Аристова, означало «помесь». Такое значение Марко Поло придавал слову *Argon* и отождествлял его со словом *Gastul*; г-н Аристов, ссылаясь на Потье, приводит свидетельство Дюканжа. (*Glossarium ad medial et infimal scriptores Greacitatis*), что *Basmoule* именовались в византийской империи потомки отца-француза и матери-гречанки; отсюда делается вывод, что «басмылы» орхонских надписей («басими» китайских источников) также были «смесью» многих, вероятно, разного происхождения родов (стр. 91-92). Термин с таким значением мы, как известно, имеем и в новейшей истории тюрков (курама)). Такого же мнения придерживался Г.Е. Грумм-Гржимайло. Он писал: «Эта гипотеза о смешанном происхождении басмылов подтверждается еще и тем обстоятельством, что тогда, как уйгурский народ слагали девять, а карлукский – три рода, басмылы насчитывали у себя сорок родов»<sup>796</sup>.

13. Түркітанушы Г.Г. Мұсабаев «арғын» этнонимі монгол тіліндегі «аргүй» – «мал бағушы» деген ұғымнан шыққан дейді<sup>797</sup>.

<sup>794</sup> Жұртбаев Т. Дұлыға: көне түркі батырлары туралы тарихи әфсаналар. – Алматы, 1994. – 63-б.

<sup>795</sup> Куанғанов Ш.Т. Ғұн немесе аргұн тарихы туралы. – 19-б.

<sup>796</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Ч. 1. – 36-б.

<sup>797</sup> Карапыз: Каратаев О. Кыргыз этнонимдер сездүтү. – Бишкек, 2003. – 24-б.

14. Н.А. Аристов бұл этноним Алтайдағы «Аргун» өзені атынан келіп шыққан деген ойда<sup>798</sup>. Айта кеткен жөн, бұл этнонимді жер-су атымен байланыстырытын жалғыз Н. Аристов емес.

Г.Н. Потанин Сібірдегі Аригэн тайпасының аты Ариг өзенінің атынан шыққанын алға тартады<sup>799</sup>. Бұл пікірді М. Тынышпаев та қолдайды және ол «Арғын» этнонимінің негізіне Алтайдағы Катун өзеніне құттын Аргут өзенінің аты алынған деп ойлады<sup>800</sup>.

15. Т. Жанұзақов, А.Н. Кононов «арга-гүн» термині «агда – көпшілік», «аса көп» деген сөздерден туындаған дегендей пікір айтады<sup>801</sup>.

16. Соңғы жылдары түркітанушылар Енисей ескерткіштерін зерттеу барысында көне түркі құл жазулы ескерткіштерінен «арқырт» деген сөзді оқып, соңғы «ырт» сөзінен «ел» деген мағынаны аңғарғандарын, «арқырт» сөзі «башқұрт» этнонимі тәрізді «архы елі» деген мағынаны білдіреді дегенді айтып жүр<sup>802</sup>. Бұл мәселенің арғын этнониміне жақын естілетіні де рас.

«Арғын» этнонимі көне түріктің «аргун» сөзінен бастау алады деген тұжырымның да негізі бар. «Ежелгі түркі сөздігін» ақтарсақ, осыған байланысты төмендегідей жолдарды оқымыз: «ARQUN II многочисленный, многий (?): inčip arqun aýır ada tuda kelsär жемä ketärü umaz таким образом, если многочисленные и тяжелые беды [на них] обращаются, [оны] не будут в состоянии их отвратить (ТТ YI<sub>263</sub>)»<sup>803</sup>.

Бұған жүгінсек «аргун» дегеніміз «көпсанды», яғни «көп» деген мағынаны аңғартатынын байқаймыз. Бұл жоғарыда айтылған «аралас» деген ұғымға жақын естілетіндей. Алайда бұл түсініктерді қабылдар болсақ, арғындардың этнонимінде ғұн атауымен тарихи байланыс сақталған деген түсініктен де бас тартуға тура келеді. Мұндайда жоғарыда айтылған «арағұн» этнонимін «арғунмен» шатастырмағанымыз да жөн болар. Бұл

<sup>798</sup> Сонда. – 24-б.

<sup>799</sup> Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. 2. – СПб., 1881. – 12-б.

<sup>800</sup> Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1927. – 7-б.

<sup>801</sup> Жанұзақов Т. Очерк казахской онамастики. – Алматы, 1982. – 62-63-б.

<sup>802</sup> Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: (Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалы, Астана қаласы, 2001 жылғы 18-19 мамыр). – Алматы, 2001. – 476-483-б.

<sup>803</sup> Древнетюркский словарь. – Л., 1969. – 54-б.

атаулар кейінгі арғын руының бабаларының әртүрлі тарихи кезеңде өзгерістерге түсken түрлері тәрізді. Тарихи өркендеу барысында этнонимдердің мағыналарының да, аталуларының да өзгерістерге ұшырап отыратынын кез келген тайпа тарихы дәлелдеп бере алады.

Сонымен «Арғын» этнонимінің шығуы туралы пікірлердің алуан түрлі екендігін жоғарыдағы әртүрлі көзқарастар нақты көрсетіп отыр. Олардың кейбірі маман зерттеушілер айтқандықтан негізді. Сонымен қатар сөз үндестігін ғана қуалап, «арғын» атауын сан-саққа бұрмалағы түсіндіретіндердің де кездесетіні өкінішті. Бұдан табар пайдамыз шамалы. Этнонимді әркімнің өзінің ынғайына қарай бұрмалап түсіндіруі шын мәнінде тарихи шындықты бұрмалауға алып келетінін ұмытып кетіп жүрміз.

Ал енді «Арғын» этнонимінің әртүрлі аталуы мәселесіне келер болсақ, біздің ойымызша бұл мәселе тарихи кезеңдерге байланысты жүйеге түсіруді кажет етеді. Арғын атауына байланысты жоғарыда аталған әртүрлі этнонимдерді осылай тәртіппер болсақ, біз төмендегідей сызбаны ұсынар едік:

Этноним	1	Ғұн (Ғулар немесе Хунну)	→ Алун (Қанғу) Алун Арун немесе (гаутүй)	→ Арагұн (Aragy)
Тарихи кезең	2	б.з.д. III – б.з. III ғ.	б.з. II-III ғ. – б.з. IV-V ғ.	б.з. VI-VII ғ.

1	→ Аргу (Басмыл-Карлық) б.з. VII-XIII ғ.	→ Аркенут (Аргун) б.з. XIII ғ. бастап
---	--	--

Тарихи болжамдарға біз қарсы емеспіз, алайда олар қисынды, ғылыми түрғыдан негізді болулары керек емес пе? Әйтеуір арғын атауына ұқсас сөз екен деп арғындардың тарихи іздерін Еуропаның түкпір-түкпіріндегі жер аттарынан іздестіру абырой әпере қоймайтынын түсінгеніміз жөн. «Арғын» атауымен түбірлес, оған сарындағы сөздердің көптеген халықтар тілінен кездестіре аламыз. Алайда бұдан арғындар сол халықтар құрамына енген деген қате қорытынды туындауы туиіс.

№	Ру-тайпалар аттары	M.Гротековтың мәліметтері (1889 ж.)	И.Добросмысловтың мәліметтері (1895 ж.)	M.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)	C.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)	H.Мынжаппайың мәліметтері (1987 ж.)	X.Арғынбаев М.Мұқанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)	A.Сейдімбек мәліметтері бойынша
1	2 Арғын	3 <input type="radio"/> <input checked="" type="radio"/>	4 <input type="radio"/> <input checked="" type="radio"/> <input type="radio"/> <input type="radio"/>	5 <input type="radio"/> <input checked="" type="radio"/> <input type="radio"/> <input type="radio"/>	6 <input type="radio"/> <input checked="" type="radio"/>	7 <input type="radio"/> <input checked="" type="radio"/>	8 <input type="radio"/> <input checked="" type="radio"/>	9 <input type="radio"/>

### 3.11. Қыпшақтардың түркі тайпаларына этно-саяси ықпалдары

760 жылғы ежелгі түркі руналық ескерткіші арқылы «Қыпшақ» этонимі алғаш рет ғалымдар назарына ілікті. Ал мұсылман деректеріндегі қыпшақтар туралы мәлімет араб географы ибн Хордадбектің 846-847 жылдары жазылған түркі тайпалары тізімінде кездесті. Ұйғыр қағанатының басына қойылған VIII ғасырдағы ескерткіште түркі қыпшақтарының ұйғырларға 50 жыл үстемдік журғізгені нақты атап көрсетілген. Мұның өзі қыпшақтардың Монголияның орталық аудандарында өмір сүрген «Тоғыз оғызы» бірлестігіне билік жасағанын айқын көрсетеді. Тарихи деректер қыпшақтардың алғаш Алтай-Саян таулары өнірін мекендеп, онаң соң біртінде қазіргі Казақстан аймағына қоныс аударғанын байқатады.

656 жылы Батыс Түркі қағанаты құлаған соң Алтайдың солтүстігіндегі және Ертіс бойындағы қыпшақтар Кимек қағанатының құрамына кірді. Бірақ XI ғасырда бұл мемлекеттің ыдырауына байланысты кимек, қыпшақ және куман тайпалары жайлайтын бұл өнірдегі үстемдік қыпшақ хандарының қолына көшті. Қыпшақтар мекендеген аймақ біртінде батысқа қарай кеңейді. XI ғасырдың екінші ширегіне қарай қыпшақ тайпалары

Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы оғыздарды қуып шығып, Аral мен Каспий өңіріндегі далаларға үстемдік орнатты. Бұрын Оғыз даласы аталған бұл аймақ, Х ғасырдың екінші ширегінен «Дешті Қыпшақ» (Қыпшактар даласы) атала бастады. Каспий теңізіне дейінгі қазіргі Қазақстан жерін басып алған қыпшактар оңтүстікте Хорезм мемлекетімен шектесті. XI ғасырдың орта кезіне қарай олар Еділден батысқа жылжып, Қара теңіз далаларын, Византия, Венгрия аймағына дейінгі жерлерді бағындырды. Орыстар Еділден дейінгі аймаққа конақстанған қыпшақ тайпаларын «половеңтер» деп атайды. Қыпшактардың бір бөлігі 1071 жылы Кіші Азияның Анатолий қаласына дейін жетіп, Осман түркілері мемлекетінің негізін қалады. Олар Венгрияда – мадьярлар, Молдавияда – гагауздар деген атпен белгілі болды. Батыс Еуропа деректері қыпшактарды «командар» деп атайды.

XI ғасырдың басында Қыпшақ бірлестігі мейлінше күшейіп, Ертістен Қара теңізге және Дон өзеніне дейінгі ұлан-гайыр алқапта Шығыс Қыпшақ қағанатын құрды. Кавказ, Қырым өнірлерінен батысқа қарай Батыс қыпшактарының бірлестігі салтанат құрды. Қазақстан аумағы Шығыс Қыпшақ ұлысына қарады. Осылайша қыпшактар қыпшақ хандарының билеуімен этнос болып қалыптаса бастады.

Қазақстан аймағына келетін болсақ, мұнда қыпшақ хандары билейтін өлке Тараз қаласына дейін жетіп, қарахандармен шектесті. XII ғасырға қарай қыпшақ тайпалары Алтайда және Ертістің жоғарғы жағында наймандармен, қаңылармен, керейтітермен шектессе, солтүстікте олардың көршілері қырғыздар мен хақастар болды. Қазақстан аумағындағы қыпшактар екі қанатка бөлінді. Бірінші қанат – Торғай, Жайық, Еділ өзендері бойындағы қыпшактарды қамтып, ордасы Сарайшиқ қаласы болды. Екінші қанаттағы мемлекет бірлестігі – Орталық және Шығыс Қазақстанды, Сырдариядан Ертіске дейінгі аралықтағы қыпшақ тайпаларын қамтыды. Орталығы – Сығанақ қаласы еді. Бұл екі қанаттың алғашқысы әскери әкімшілік басқару жүйесіне ерекше мән беріп, едәуір күшейді. Қыпшақ хандары саясатында билікті мұрагерлікпен әкеден балаға қалдыру үрдісі қалыптасты. Қыпшактың ең қуатты руы – Елбөрліден хан әuletтері шықты. Орда деген атпен мәлім болған хан қамалында басқару

аппаратының әскери-әкімшілік жүйесі сақталды. Қыпшақ хандары көне түркілерден келе жатқан дәстүрді сақтай отырып, мемлекет билеушісі ретінде хан билігін мойындағы. Ханнан кейін биліктे – тархандар, басқақтар, бектер мен байлар тұрды. Басты байлық жылқы малы болды. Жылқысы көп адам мемлекетте те үстем болды. Археологиялық қазба жұмыстары барысында Қыпшақ обаларынан табылған бағалы ат әбзелдері, жылқы сүйектері де осыны дәлелдейді. Жайылымдардың шұрайлысы да Қыпшақ руының ірі иелеріне бұйырган. Дегенмен, қыпшақ қоғамы басым көпшілігінің еркін де ерікті адамдардан тұрғанын да ұмытуға болмайды. Жалпы Қыпшақ хандығы ежелгі түркі қағанаттарының саяси жүйесін одан әрі дамытып, жалғастырган көшпелілер хандығы болды. Қыпшақ хандарының XI ғасырда Орта Азия елдерімен, орыс жері және бұлгарлармен ішкі және сыртқы саясатында тығыз байланыс орнатқандары байқалады.

1060 жылдан бастап селжүктеги билеушісі Алп Арслан Манғыстаудағы қыпшақ иеліктегіне шабуылдар жасай бастайды. Оларды бағындырганнан кейін Сыр бойы қалаларына жорықтар ұйымдастырып, Селжүк мемлекетіне қосады. Қыпшақтардың Хорезмді бағындыруға тырысқан әрекеттері сәтсіздікпен аяқталып отырды. XII ғасырдың алғашқы жартысына қарай Сырдарияның төмөнгі ағысындағы қалалар қыпшақтар мен Орта Азияны билеуші мұсылман әулеттерінің талас-тартыс аймағына айналды. Хорезм шахы Атсыз солтүстікке бет алып, Манғыстауды бағындырды. Ол қыпшақтарды ойсырата женип, мемлекеттің ыдырауына негіз жасады. Алайда кең-байтак даланы мекендеген қыпшақ мемлекетін түгелдей бағындыру Хорезм билеушілеріне қынға тусты.

XII ғасырдың 2-жартысынан Хорезм мемлекеті Текештің билеуімен қыпшақтардың ықпалды тайпаларының басшылығын Хорезм мемлекетінің билеуші қызметтеріне тартып, оларға әскери атақтар беріп, ислам дініне кіруге үтітеді. Хорезм билеушілері қыпшақтарды өз ықпалында ұстая үшін олармен туыстық, жеюқаттық қарым-қатынастарды нығайтуға күш салды. Олар қанъылар мен қыпшақтардың хан әулеттерінен әйелдер алып, Қыпшақ хандығын өздеріне жақын тартуға тырысты. Мұның өзі қыпшақтардың ішіне іріткі салып, оларды хорезм-

діктердің ықпалына түсуге бейімдеді. Осы саясат ұзақ жылдарға созылып, Хорезм мемлекеті XIII ғасырдың басында Сығанакты қосып алғып, Хорезм шахы Мұхаммедтің кезінде Қыпшақ даласының онтустік аймақтарын өзіне бағындырыды.

Көшпелі дәстүр-салт және ескери аристократиялық жүйеге негізделген мемлекеттік билік қыпшақтардың Еуразия кеңістігіндегі этностық және саяси тұрғыдан кеңінен тарауына алып келді. Осы аймақта өмірге келген көптеген түркі тілдес мемлекеттер өздерінің этностық және саяси дамуында қыпшақ дәстүрін жалғастырыды. Қыпшақ тілі орасан зор аумақты қамтыған түркі халықтарының ұлттық тілінің және мәдениетінің қалыптасуына тікелей ықпал етті. Олардың арасында кейін жеке ұлт болып қалыптасқан қазақ халқы да бар. Қазақстанның орталық және батыс аумақтарындағы тайпалық одактардың тарихи тамырларының осы қыпшақ бірлестігімен тығыз байланысты екендігін ұмытуға болмайды. Қыпшақ тарихы қимақтар тарихымен де тікелей байланысты.

Зерттеуші Б.Е. Қемековтің әл-Идирисидің картасы негізінде келтірген картасында кимақтардың қырғыздармен де көрші болғанын<sup>804</sup>, сонымен қатар тарихымызда VIII ғасырдың басында құрылды делініп жүрген Қимақ конфедерациясында 7 тайпа немесе 7 рудың қатарында қыпшақтар да болғанын көреміз. Б.Е. Қемеков бұл деректерді Гардизидің мәліметі негізінде баяндайды.<sup>805</sup> Бұл, әрине, кейінгі Кіші жұз құрамындағы Жетіру емес.

Айта кеткен жөн, керейттердің 8 рудан құралған бірлестігі өздерінен біраз бұрынғы қимақтардың Жетіру бірлестігінің үлгісімен құрылуы әбден мумкін. Сонымен бірге Гардизи келтіретін қимақтардың жеті руының құрамында имак, ими, татар, байандур, қыпшақ, ланиказ, аджалад тәрізді жеті тайпа бар. Б. Қемеков бұлардың аттарының көпе-көрнеу бүрмаланып берілгенін атап көрсетеді<sup>806</sup>. Бұл пікірді біз де қолдаймыз. Алайда мұнда назар аударуға тұрарлық факті бар екенін тағы да қайталап айтамыз. Ол – алғаш Ертіс бойында құрылып, сонау

<sup>804</sup> Карапыз: Күмеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – 69-6.

<sup>805</sup> Сонда. – 36-6.

<sup>806</sup> Сонда. – 36-6.

VIII ғасырдағы Жетіру бірлестігіне Тама руымен таңбалас және қоныстары көрші қыпшактардың да енүі болып табылады.

Көне Түркі жазуларын шұқия зерттеген С.Е. Малов Енисейдегі түркі жазуларынан «иэти бори» – «жеті бёри» – «жеті қасқыр» деген этнонимді оқып шыққан еді.<sup>807</sup> Л.Р. Кызласов бұл атаудың қазіргі хакастар мен шорлар құрамындағы этностық топтардың «Читі-Пуур» – «жеті қасқыр» деген түсінікпен толық сәйкес келетініне назар аударады.<sup>808</sup> Мындаған жылдар бойы мұндай ұғымның тарихта сақталыш келуі, әрине, тегін емес. Оның үстінде зерттеуші Р.Г. Кузеев этностық Жетіру бірлестігінің бірнеше түркі халықтарында кездесетінін кесте түрінде көрсетеді.<sup>809</sup>

Сонымен қатар мынадай фактіге де назар аудармасқа болмайды: XI-XII ғасырлар қызылсызында Қыпшақ тайпаларының ішінде де «Жеті» деп аталатын тайпа болған. Қазақстандық зерттеуші С.М. Ақынжанов Тизенгаузеннің аудармасымен берілген Аң-Нувейридің мәліметінде ішінде «жеті» (тұп нұсқада «йета») тайпасы да бар Қыпшақтың 10 тайпасының аттарын санап шығады. Бұл тайпа аттары XIV ғасырдың авторы Ибн Халдунда да аздаған езгерістермен қайталанады. Бірақ мұнда тайпалар саны 11 және «жеті» тайпасы «сета» деген атпен беріледі. Орыс жылнамаларын зерттеген С.М. Ақынжанов «йета» немесе «сета» атты қыпшақ тайпасының орыс жылнамаларында «етебичи» немесе «йета» деген атаулармен берілетініне назар аударады.<sup>810</sup>

С.М. Ақынжанов осы «етебичи» – «йета» – «жеті оба» атты қыпшақ тайпасының Жетіру бірлестігі болып табылатынын атап көрсетеді. Оның ойынша «оба» термины одаққа кірген рулық тармақтар атауы болып табылады. Зерттеуші өзінің осы пікірлерін башқұрт ауыз әдебиетіндегі мәліметтермен бекіте түседі. Мұнда ол «Кунғыр буга» атты башқұрт аңызында жеті қыпшақ тайпасының бірігіп одақ құрғаны туралы мәліметтер

<sup>807</sup> Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – М. – Л., 1952. – 33-6.

<sup>808</sup> Кызласов Л.Р. История Южной Сибири в средние века. – 137-6.

<sup>809</sup> Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – 466-467-6.

<sup>810</sup> Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995. – 266-267-6.

бар екендігін башқұрт ғалымы А.Н. Киреевтің «Этногетические предания и легенды башкирского народа» (АЭБ. 1971. Т. 4. – С.60) атты еңбегіне сілтеме жасай отырып, атап көрсетеді. Сондай-ақ, С.М. Ақынжанов етебици – йега – жети оба атауларының Жетіру деген мағынаны білдіретінін С.Г. Агаджановтың «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. (Ашхабад, 1969. – С.104)» және Б.Я. Владимировтың (*Общественный строй монголов... – С.46*) деген еңбектеріне сүйене отырып дәлелдейді<sup>811</sup>.

Бұдан шығатын қорытынды: XI-XII ғасырларда, яғни монғол жаулауына дейін-ақ Тамамен таңбасы бір қыпшақтарда Жетіру бірлестігі болған. Мұндай құрылымды қыпшақтар кезінде өздері құрамына кірген VIII ғасырдағы қимақтардағы Жетіру үлгісімен ұйымдастырулары әбден мүмкін. Ал енді XI-XII ғасырлардағы қыпшақтардағы Жетіру бірлестігіне назар аударар болсақ, оның құрамына қыпшақтармен таңбалас және туыстас Тама руының кіруі де әбден мүмкін. Рас, тарихи процестер барысында қыпшақтар құрамындағы Жетісу құрамы біртіндеп өзгерістерге ұшыраған, яғни оның құрамындағы рулар атаулары ауысып отырған.

Жетіру одағының шығу және қалыптасу тарихын Р.Г. Кузеев былай баяндайды: «...Жетіру тарихи және этностық тұрғыдан Дешті Қыпшақ тайпаларымен тығыз байланысты. Қыпшақтардың өздері бұл топты ұзақ уақыт бойы башқұрттарға емес, қазактарға жатқызады... Онтүстік Башкирияда Ноғай билігі дәуірінде немесе одан да ертеректе Жеті башқұрт тайпа одағы – Ете-ырыу болғандығы туралы аныз кеңінен таралған. Әртүрлі мәлімет берушілер Жетіру бірлестігіне әртүрлі тайпаларды қосады... Ескі аныз туралы П. Небольсин де айтады, бірақ ол Жетіру одағына Тамадан (мәтінде тамъян – Т.О.) басқа тек қыпшақ руларын ғана кіргізеді (*Небольсин П. «О башкирах».* –

*Вестник РГО, 1852. Отделение этнографии. Кн. 4. – С.3).* Тарихи фольклордың мәліметтеріне («Бабсяк және Кубсяк» эпосы) қарағанда, бурзян, усерган, тамъян және тангаур тайпаларын біріктірген тайпалық одақ шынында да XIV-XV ғасырларда Башкирияның онтүстік-шығыс және онтүстігінде болған,

<sup>811</sup> Сонда

алайда «Жетіру» деген атты ол кейін ғана алған. Халық қиялы өзінің өткен тарихының «ерлікке» толы кезеңдеріне әдetteгі этнонимдерді қосып жіберген және олар мүлде жаңа тарихи тұрғыдан баяндалған. Шын мәніндеге «Жетіру» этнонимі башқұрттың негізде де этностық мәнге ие болған. Джеты-ууруу, еди-уруг және жети-урук қырғыздың Сарыбағыш тайпасы (*Абрамзон С.М. Этнический состав киргизского населения северной Киргизии. ТКАЭЭ. Т. IV. М., 1960. – С.37*), түрікменнің Салор тайпасы (*Винников Я.Р. Родо-племенной и этнический состав населения Чарджауской области Туркменской ССР и его расселение. Труды ИИАЭ АН Туркменской ССР. Т.И. Серия этнографии. – Ашхабад, 1962. – С.27*), Кіші жұз қазақтары (*Востров В.В. Родо-племенной состав и расселение казахов на территории Тургайской области (конец XIX-начала XX вв.). – Труды ИИАЭАН Каз ССР, 1962. – Т.16. – С.81.*) құрамына кіреді.

Башқұрттың Жетіру руы этностық тұрғыдан Кіші жұздегі қазақ руы Жетіруға барып жалғасады»<sup>812</sup>.

Р.Г. Күзеевтың бұл айтқандарынан айқын аңғаратыны-мыз, қандай халықтың немесе тайпаның құрамында болса да Жетірудың этностық негізі қыпшақтар одагынан бастау алатындығы болып табылады. Мұның өзі біз жоғарыда С.М. Ақынжановтың дәлелдерінде көлтірілген, шығыс деректеріндегі XI-XII ғасырларда қыпшақтар құрамында «Жеті» деген тайпалық одактың болғаны туралы мәліметтердің қысындылығын көрсетеді.

Жалпы ортағасырлық авторлар санап шығатын қыпшақтардың рулық бірлестіктерінің аттары мынадай: 1) тоқсоба; 2) йета; 3) бурджоглы; 4) бурлы; 5) кангу-олғы, (кангароглы); 6) анд-жоглы; 7) дурут; 8) карборголы; 9) джузман; 10) котян; 11) кара-биркли (бұл Рукнедин Бейбарыстың көрсетуі),<sup>813</sup> немесе 1) тоқсоба; 2) сета; 3) бурджогла; 4) эльбури; 5) канараалы; 6) оғлы; 7) дурут; 8) калабаалы; 9) джерсань; 10) Кадқабиркли; 11) Кунун<sup>814</sup>.

Бұл аталғандар ішінде «йета» немесе «сета» – Жетіру бірлестігін еске түсіретін болса, ал кангароглы немесе канаралы

<sup>812</sup> Күзеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – 115-116-б.

<sup>813</sup> Тизенгаузен В. СМИЗО. Т.І. – 540-541-б.

<sup>814</sup> Сонда. – 541-б.

Қаңлы тайпасының, ал карабороглы немесе кадкабиркли Қаракалпақтың арғы аталарына келеді. Ал қыпшактардың жоғарыда аталған басқа тайпалары туралы болжам айту қындау. XI-XII ғасырлардан бері талай заман өткендіктен орта ғасырлардағы авторлар көрсеткен қыпшақ тайпаларының біршама өзгерістерге ұшыраулары әбден табиғи нәрсе.

Сонымен қатар орта ғасырлардағы қыпшақ тайпалары атауларының тарихшылар мен зерттеушілер арасында күні үргінгеге дейін өзіндік көзқарас, дау-дамай, айтыс туғызып келе жатқандары да белгілі. Мысалы, АҚШ-тың Ратгерс университетінің профессоры П.Б. Голден жоғарыда біз атап кеткен қыпшақ тайпаларына байланысты төмендегідей пікірлер айтады: «Қара бөрікли. Эл-Димашкide, Ибн Халдунда аталады. Түркінің «қара бөріктілер» деген сөзінен шыққан. Мұны орыс деректеріндегі «қара қалпактармен» байланыстырмақ әрекет де байқалады. Бірақ мұның, қарақалпақтардың Киев князьдерінде қызметте жүріп, құмандардың ертеден келе жатқан жаулары болуы себепті кисыны келмейді. Семантикалық түрғыда бұл есім қарақалпактардың атауы тәрізді, не киім кісінен байланысты, не тәуелділік жағдайына қатысты нышаны болуы мүмкін».<sup>815</sup>

Мұнда көріп отырмыз, америкалық ғалым өзінің көзқарасын білдірсе де «қара бөрікли» деген атаудың қарақалпақтармен байланысын анықтай алмаған. Оның «иете-оба» («ожеті оба») тайпасына байланысты да өзіндік талдаулары бар: «Ит-оба. Бұл атау әртүрлі үлгіде Мұбаракшах, эл-Димашки, Ну-вейри, Ибн Халдун жазбаларында кездеседі. Ит-оба – түркіше ит. Мүмкін, иете-оба деп оқылуын орыс жылнамасындағы Етебичимен салыстыруға болар. Мұндай атаудың түркінің йеты (жеті) оба дегенінен де шығуы ғажап емес. Ибн Халдун Итоғлы – «иттің баласы» деген сөзді атайды. Бұл Киев князьдігінің одақтасы ретінде, орыс жылнамаларында түрлі жағдайларға байланысты аталатын Құман князінің (Итоглы) есімі де болып саналады. Бұл термин осы рудың тотемі, тіпті Ит-оба тайпасы көсемінің князьдік дәрежесі де болуы мүмкін»<sup>816</sup>.

<sup>815</sup> П.Б. Голденнің енбегі мұна кітапта берілген: Ермұханов Б.Б. Қазақстан: тарихи-публицистикалық көзқарас. – 118-б.

<sup>816</sup> Сонда. – 117-б.

Бұл пікірлер арасында, біздің ойымызша, ең сенімдісі – «йете-оба» атауының түркінің «жеті оба» деген ұғымына жақындығы туралы пікір деп ойлаймыз. Ал мұның өзі Жетіру атауымен туыстас ұғым.

Ал енді Жетіру қыпшақ даласына қайдан келді дегенге жауап іздеңдеге Р.Г. Күзесев П. Небольсиннің пікірлеріне жүгінеді. П. Небольсин өзінің жоғарыда көрсетілген еңбегінде Жетіруға жататын қыргыз-қыпшак руларының тым ертеректе Сібірден Орал арқылы келгендерін атап көрсеткен еді. Руқн ад-Дин Бейбарс Эльмансуридің қыпшак руларының ішінен «иета» деген тайпаны көрсетуі, ал Ибн Халдунның оны «сета» деп атауы бізді тарихтың терең қойнауына жетелей түседі. Түркі тілінде «жеті» деген мағынаны білдіретін «иета» тайпасының есімі «еда» деген атпен V ғасырдан белгілі. Г. Грумм-Гржимайлоның ойынша, олардың отаны Алтай таулары болған, дәлірек айтқанда «едалар» Алтай тауының онтустігінен Хотанның батысына дейінгі аралықты мекендейген<sup>817</sup>. Олар кезінде ақ хұнндар деген атауға да ие болған. Қытайлықтар оларды түркі тілдес эфталиттерге жатқызып, олардың юәҗилермен туыстас болулаты мүмкіндігін де айтады. Егер осылай дер болсақ, эфталиттердің Сыр және Амудария алқаптарын 425 жылы басып алғандары белгілі.

Эфталиттер немесе юәҗилер құрамында болған «иета» немесе «еда» руының Енисей қыргыздарын қалыптастырыған динлиндермен мидай араласып кетулері де әбден мүмкін. Бұл мәселені шүкшія зерттеген Г. Грумм-Гржимайло олардың Алтайдан келгендері туралы зерттеушілер көзқарастарына байланысты былай дейді: «менің ойымша бұл бірден-бір қабылдауға болатын болжам. Усундердің қысымымен юәҗидің бір бұтағының бөлініп солтустікке кетулері, Ертістен өтулері және Алтай тауларына енүлері мүмкін екендігіне таңданатындей ештеңе де жоқ. Онда олар динлиндер рулары арасында болып, ішінара олармен араласып та кете алатын еді. Олардың терілерінің ашық түстілеу болулаты да осыдан...»<sup>818</sup>.

<sup>817</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Том 2. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии. – 197-б.

<sup>818</sup> Сонда

Жоғарыда айтқанымыздай, ата-бабалары динлиндермен және тубалармен араласып кеткен Енисей қырғыздарының сару (татама) сүйегінде «жеті сары» деген рудың болуы олардың тेңрілері ашық түсті «иета» (жеті) тайпаларымен туыстас, тамырлас екендіктерін дәлелдей түсетін тәрізді. Ал В.В. Радловтың 1862 жылы жинаған материалдары бойынша «сару» «едигеннен» (жетігеннен) тарайды<sup>819</sup>. «Исталардың жойылып кетпей кейінірек XI ғасырда қыпшақ даласынан кездесулері, онан соң Жетіру деген атпен башқұрттар құрамынан кездесуі және оған тамъян (тама) тайпасының мүше болып қалуы осы пікірлерімізді дәлелдей түседі деп ойлаймыз.

Р.Г. Күзеев Жетіру тайпасының башқұрт жеріне қоныс аударуын XIII-XIV ғасырларға жатқызады<sup>820</sup>. Бұл тегінде Ноғай ұлысындағы тайпалардың шығысқа көшірілуімен сәйкес келетін тәрізді.

Қалай десек те, жоғарыда айтылғандардан «жеті» немесе «жетіру», «жеті оба» бірлестігі қыпшақ жерінде XI ғасырда-ақ белгілі болған.

Жетіру бірлестігінің үздіксіз көшіп-қону және күрделі оқиғалар, сондай-ақ әртүрлі этностармен мидай араласу барысында қалыптасқанын, осы одакқа кіретін Жетірудың бесеуін Кіші жүзге кірмелер, яғни туыстық негізде емес, сырттан келіп қосылуышылар ретінде Г.Н. Потанин жинап бастырган азыз деректер де көрсетеді. Кірмелер қатарында, нақты көрсетсек, Тама, Табын, Телеу, Рамадан, Жағалбайлы аталады. Яғни олар Жетірудың басты рулары атапғанымен Кіші жүз одағына кірмелер.

Таманың бұл халық азызындағы кірме ретіндегі орны да ерекше. Азыздың қысқаша мазмұны төмендегідей: Жерұйықты іздеген Хасен ханның тұқымы эйгілі Асанқайғы қыс болмайтын өнірді іздестіріп жүріп, Бұхараның арғы жағындағы Жиделі-Байсын деген аймақта тап болып, өзінің соңында қалған үш елге (үш жүзге) жеті адамды аттандырып, оларды Жиделі-Байсынға қоныстануға шақырады. Дұшпанмен жанталасып

<sup>819</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – 449-б.

<sup>820</sup> Күзеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – 116-б.

соғысып жатқан үш жұз елі Асанқайғыға, Жиделі-Байсын жеріне көшіп келе алмайды. Ал енді көшуге шақырып келгендерді үш жұз өздерінде қалдырып, төмендегіше бөліп алады? Қанлы мен Шанышқылы Үйсінді, Керей мен Уақтты Орта жұз, Табын мен Тілеуді Кіші жұз бауырларына басады. Таманы ешкім ала қоймайды. Сонда мынандай шартқа келіседі: үш жұзден желаяқтарды жарыска қосамыз, кім озып келсе, дауға айналған Таманы сол алады. Кіші жұздің жүйрігі жарыстан озып келеді және Таманы осы Кіші жұз алады. Ал жаңағы Асанқайғыдан келген жеті шабарманның ұрлактары Жетіру аталып кетеді<sup>821</sup>.

Егер әрбір тарихи аңызда тарихи шындықтың бір ұшы жатыр деп келісер болсақ, келтірген аңыз Жетірудың басқа да рула-рының Кіші жұзге кірме екендіктерін тағы да дәлелдей түседі.

Мұнда біз тарихымызда калыптасқан Жетірудың кейінірек Тәуке хан тұсында құрылуы туралы дәстүрлі көзқарасты мұлдем теріске шығарайын деп отырған жоқпыз. А.И. Тевкелев Тәуке ханның (1715 жылы қайтыс болған) кезінде белгілі қолбасы, кейіннен Кіші жұз ханы болған Әбілхайырдан естіген Жетірудың құрылуы туралы мәліметін Петербургке жеткізген еді. Қазақтарда ауызша сакталған бұл дерек бойынша Кіші жұздің Алшын одағы әртүрлі руладан тұрған екен, Тәуке хан осы одақтағы әлсіз жеті руды біріктіріп, оларға Жетіру деген атау берген болса керек. Осыдан соң Кіші жұз екі – Алшын және Жетіру одағына бөлінген тәрізді<sup>822</sup>. Егер бұл деректі шындық деп қабылдар болсақ мынандай занды сауал туындаиды: Тәуке хан әлсіз руладан неге алты немесе серіз руды емес, Жетіруды біріктірді? Бұл сауалға А.И. Тевкелев те, А.И. Левшин де жауап бермейді. Сондықтан бұған өзіміз жауап іздеуіміз керек. Біздің ойымызша, Қазақстанның батыс аймағында сонау қыпшақ дала-сындағы Жетірудың қалдығы («жеті оба» бірлестігі) Тәуке хан заманына дейін жеткен, халықтың жадында сакталған. Тәуке хан осы ежелгі бірлестікті жаңа қазақ руладымен жаңартып, толықтырған. Яғни ескі рулық одақты енді басқа ру атаулары

<sup>821</sup> Потанин Г.Н. Казак-киргизская и алтайская предания, легенды и сказки. – 60-61-б.

<sup>822</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – 513-514-б.

толтырған. XIII-XIV ғасырлардағы башқұрттардағы Жетіру құрамында тамалардың (тамъяндардың) болуы біздің осы пікірімізге нақты дәлел. Р.Г. Күзеев көлтірген ортағасырың әл-Масудидың (Х ғасыр) айтуынша, ежелгі башқұрттар (баджард) басқа да баджанак (печенеги), баджане, наукерде деп аталатын түркі тайпаларымен бірге Арап теңізі өнірінен гуздардың, карлықтардың және кимақтардың біріккен қысымдарымен ығыстырылып шығарылған<sup>823</sup>.

Р.Г. Күзеев түрік ғалымы Н. Кураттың аталған түркі тайпаларының «Джуржаний көліндегі» (Арап теңізі) шайқастан кейін Солтүстік Кавказға хазарлар мен аландар арасына қоныстанғаны туралы мәліметтің көлтіреді<sup>824</sup>. Р.Г. Күзеев жоғарыда аталған төрт түркі тайпаларының Арап аймағын 830-844 жылдары, яғни Абдуллах ибн-Гахир халифтің тұсында тастап кеткендерін шығыс авторларының мәліметтерімен дәлелдейді<sup>825</sup>. әл-Бирунидің, әл-Масудидің, әл-Балазуридің деректері шынында да башқұрттар мен печенегтердің және т.б. түркі тайпаларының Арап алқабындағы далалардан батысқа қалай жылжығанын аңғара аламыз. Р.Г. Күзеев осы түркі тайпаларының, әсіресе, башқұрттардың бұл аудандардағы алғашқы қоныстанған аймақтары Сырдың орта ағысы, онан соң Арап далалары болса керек дегенді айтады. Бұл VII-VIII ғасырлардың әңгімелері деуге ғылыми негіздер бар. Мәселеңі жан-жақты талдай келе Р.Г. Күзеев «842-844 жылдары башқұрт тайпалары бұрынғы жерлерінен әлдекайда батысқа қарай, Арап және Каспий теңізінің аралықтарындағы далаларға, Хазар қағанатына апаратын шығыс аймақтарға қарай көшті», – деп атап көрсетеді<sup>826</sup>.

Бұл пікірге сын көзben қарап, оны әл-Масуди берген мәліметтер негізінде толықтырған қазақстандық белгілі зерттеушілер Б.Б. Ермұханов баджна, баджнак (печенегтер) және баджурд (башқұрттар) тәрізді түркі тілдес тайпалардың Солтүстік Кавказ емес, Нита (Қара теңіз) өнірін мекендеріндеңдерін атап көрсетеді. Бұлардың қатарында Тама руының да болғаны біздіңше күдік

<sup>823</sup> Күзеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. – 134-б.

<sup>824</sup> Сонда. – 134-б.

<sup>825</sup> Сонда. – 135-б.

<sup>826</sup> Сонда. – 136-б.

тұғыза қоймайды. Сонымен бірге әл-Масуди бұл түркі тайпаларының жаппай көшпелі, ал оларға көрші тайпалардың отырықшы болғандарына, сондай-ақ көшпелілердің аса қүштілігіне және жауынгерлігіне назар аударып, Хазария мен Алания жерлерінен батысқа қарайғы өнірлерді мекендегендеп рін жазып кеткен<sup>827</sup>. Бұл туралы өз ойын қазақ тарихшысы Б. Ермұханов былайша қорытады: «Түркі халықтары – қазақ, қарақалпақ, башқұрттардың этногенетикалық байланысын айқындауда Масудидің төрт түркі – баджанак, баджане, баджгород және наукер тайпалары туралы мәліметі назар аударапты. Ол бұл тайпаларды Хазариядан батысқа қарай, яғни Византия шекарасына жетінкіретіп, Қара теңіздің солтүстігіндегі дала-лы алқапқа орналастырады. Масудидің олардың осы манайға көшіп келуі жөніндегі хабары ете құнды. Бұл төрт тайпа, – деп жазады Масуди, – Арап өнірінен ғұздармен, қарлықтармен, кимактармен арадағы соғыс пен шапқыншылықтың салдарынан көшуге мәжбүр болды. Аталған төрт тайпаның ішінде башқұрттар баджордтарға, печенек баджанактарға, наукерді кердерілерге ұқсас, яғни олардың тікелей ұрпақтары екені айдан анық десек, артық болмас. Баджане тайпасының қазіргі мұрағерін табу қындау. Дегенмен, олардың да тарихта із қалдыруғаны дәлелденеді»<sup>828</sup>.

Біз де бұл пікірге толық қосыламыз. Біртінде Қара теңіз алқабындағы этностық ахуал өзгере бастады. Бұған, әсіресе, бұл аймақта Алтын Орда үстемдігінің орнығуы қатты ықпал етті.

Түркі тайпаларының шығыстан батысқа жылжуына байланысты монғол тарихының білгірі, қазақстандық Зардыхан Қинаятұлы өзінің монографиялық зерттеуінде төмөндегідей ауқымды пікірлер айтады: «Монгол жеріндегі түркі текстес халықтардың қолымен іргетасы қаланған әйгілі Қарақорым, Балықтың, Байбалық, Карабалық катарлы ондаған қалалардың орны бар. Әйгілі рүн жазуы ескерткіштері, тас жазу-тамғалары көптеп кездеседі. Монгол жерінде түркі халықтарының мың-

<sup>827</sup> Ирмуханов Б.Б. Хазары и казахи: связь времен и народов. – Алматы: Издательский дом «Наш Мир», 2003. 262-б.

<sup>828</sup> Ермұханов Б.Б. Қазақстан: тарихи-публицистикалық қөзқарас. – 85-б.

мындаған бейіт және бейіт тастары халықтың жортып өткен жолын, басып өткен белін әйгілеп тұр.

Бірақ түркі текстес халықтар бұл мекенде мәңгі баки тұрақтап қала алмады. Хүн, Үйсін, Қаңлы, Иозылардың бұрынғы қөшін айтпағанның өзінде тек IX ғасырдан соңғы уақыттарда екі дүркін батысқа қарай жылжуға тура келді. Алғашқы жылжу Кидан мемлекетінің тұсынан басталды. Бірақ бұл жылжу Монғол жерін Түркі текстес тайпалардан біржола тазарта алмады. Найман, Керейт, Онгууд, Меркіт, Жалайыр қатарлы көп-теген тайпалар жылы орынын сұйттай қала берді».

«XI-XII ғасырларда монғол тілді тайпалар батысқа қарай қоныс аударғанда жергілікті түркі тілді тайпа бірліктерін батысқа қарай бір шама ығыстырып, қайсыбірін өздеріне сіңіріп кеткендері рас, – деп жазды Р.Л. Қызласов, – бірақ монғол даласының шығыс бөлігі, тіптен Хянганның шығысына дейінгі мекендерде түркі тілді ойғырлар, ақ татарлар және басқадай тайпалар XII ғасырға дейін тұрып жатты».

1206 жылы Шыңғысхан ел билігіне қол жеткізгенге дейін «Монғол үстірті» деп аталып келген бул далада монғолдық билік болмады, тіптен «Монғол» аты да аталмайтын. Міне, сондығынан болар, неміс ғалымы П. Рачневский «Монғол тегі, монғолдардың шын тарихы Шыңғысханнан басталады» деп тұжырымдауы тегіннен тегін емес және бұл пікірге ағылшын ғалымы Фальф Фокс, монғол тарихшысы Ш. Нацагдорж да қосылды»<sup>829</sup>.

Зерттеуші П.А. Панов шағатай тілінен аударған ортағасырлық «Шыңғысхан туралы батырлық аныздар» Шыңғысханды хан сайлауда монғол тайпаларымен қатар түркі тілдес тайпалардың да үлкен белсенділік танытқанын дәлелдей түседі<sup>830</sup>. Деректің мазмұнын қысқаша баяндар болсақ, өзара дауласқан әртүрлі руладың біразы Шыңғысты ортақ хан көтергілері келіп оны іздеу туралы шешімге келеді. Мынадай беделді рулық билер – Майқы би, Тама (Тамиен) би, Керейт би, Қоңырат би, Темір-құтлық (Темир-Котлу) би, Тулақ би, Төлеңгіт би, яғни

<sup>829</sup> Кінайатұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – 8-б.

<sup>830</sup> Автобиография Тимура. Богатырские сказания о Чингис-хане и Аксак-Темире. Перевод с тюркского и джагатаиского языков. Вст. статья и коммент. В.А. Панова.

барлығы 10 би Шыңғысты іздең жолға шығуға бел буады. Алайда мәселені талқылау барысында Қоңырат би, Қытай би, Санжұт (Санджут) би, Қыят би бұл сапарга аттанудан бас тартады. Соңғы үш би өздерінің хандарынан қорқып ұнатпағандықтан бармай қалды. Қоңыраттар тарихын жазғанда бұл мәселеге арнағы тоқталамыз.

Майқы би жолшыбай Шыңғыстың шешесі Алангуден оның жүзікке бекітілген мәрін алып алды. Шыңғысты іздестіріп, оны Күркүрлен қара тауынан тапқан билер оған анасының жүзігін көрсетіп, оның сеніміне ие болды.

Осылайша жоғарыда аталаған билер Майқы бидің бастауымен Шыңғысты хан көтеруге қатысады<sup>831</sup>. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында Майқы бидің Байқу деген есіммен «Шыңғысханның оң қолы, ел басқару ісіндегі ақылшысы бас биі болғаны, Жошы хан әскерінің оң қанатын басқарғаны айтылады». Авторлар бұл деректі Рашид ад-Диннің шығармасына сүйеніп жазған<sup>832</sup>. Лувсанданзанның «Алтын шежіресінде»<sup>833</sup> Байқу «Байқұт» деген есіммен кездеседі<sup>834</sup>.

Айта кеткен жөн, біз әңгімелеп отырған шағатай тіліндегі деректің ғалымдар бірнеше балама нұсқаларына кездесті. Татарларда бұл дерек «Чингизнама дафтары» деген атпен XIV ғасырдың әдебиет ескерткіштеріне жатқызылады. Бұл құнды деректі татар ғалымы Ибрагим Хальфин 1819 жылды, ал 1892 жылды Мюндеш Зиганшин осы деректің басқа қолжазбасын жариялады<sup>835</sup>. Кеңестік кезенде «Чингизнама дафтары» дерегін тарих ғылымдарының докторы Миркасим Усманов талдады<sup>836</sup>.

Осы деректің татар нұсқаларында Шыңғысханның Тама (Тамян) биге белгілер үлестіруі басқашалау көрсетілген. Мұнда Шыңғысхан былай дейді: «...Әй, Тамян би, сенің ағашың тerek, құсың қарға, ұраның «Тұтыя», таңбаң мынадай ілгек болсын:

»<sup>837</sup>.

<sup>831</sup> Сонда. – 260-265-б.

<sup>832</sup> Майқы би // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2004. 6-т. – 314-б.

<sup>833</sup> Лувсанданзан. Алтын шежіре. – 45-б.

<sup>834</sup> Автобиография Тимура. Богатырские сказания о Чингис-хане ... – 268-270-б.

<sup>835</sup> Ахметзянов М. Ногайская орда и ее роль в этнической истории татар // Идел. – 1994. – №3-4. – 34-б.

<sup>836</sup> Усманов М.А. Татарские исторические источники XVII-XVIII вв. – Изд. Казанск. университета. – 1972. – 97-133-б.

<sup>837</sup> Ахметзянов М. Ногайская орда и ее роль в этнической истории татар. – 34-б.

Осы соңғы деректен Тама биге берілген ағаштың «тал» емес «терек» болғандығын, ал ұран ретінде «Гұтыя» атавы ұсынылғанын көреміз. Мұнда да Шыңғысханның 15 түркі тайпасы билерінің ішінен Тама биге таңбаны екінші би ретінде үлестіреді. Тама би Қыят биден соң ғана аталаип, қыпшақ, қоңырат, үйсін және т.б. билерден жоғары тұр<sup>838</sup>.

Тағы бір назар аударап мәселе, Шыңғысхан тұсында Тама биге берілген «ілгек» таңбаның 1830 жылы Бекей Ордасындағы тамаларда кездесетіні. Мұны кезінде Илья Казанцев жариялаған еді<sup>839</sup>. Бізге барлығы тамалардың үш таңбасы белгілі. Олардың ішінде Шыңғысхан дәүірінен келе жатқан «ілгек» таңба осы Бекей тамаларында сақталғанын байқаймыз. Тегінде тамалардың әртүрлі таңбаларының болуы олардың әртүрлі аймақтар мен халықтар құрамына ыдырап кетуінен болса керек. Сондықтан да Тама шежіресінде де айырмашылықтар бар. Мысалы, татар ғалымдары тапқан Тама шежіресі, қазактың Тамасының шежіресінен басқаша болып келеді<sup>840</sup>.

Ал енді азыз-дерек – «Чингизнама дафтариңегі» Шыңғысханның Тамъян (Тама) биге үлестірген ілгек таңбасының Бекей Ордасындағы тамаларда көп ғасыр өтсе де сол қалпында сақталуын қалай түсіндіруге болады?

Осы ордадағы қазактар таңбаларын зерттеген А. Харузин кезінде бекейлік таңбалардың ежелгі тарихи тамырлары бар екендігіне назар аударып былай деген еді: «Не верно поступили бы мы, если бы захотели выводить тамги букеевских киргизов от тамгов Левшина (20-30-х годов) или Мейера (50-60-х годов), напротив, в некоторых случаях, имеем мы возможность считать тамги букеевских киргизов благодаря простоте их формы за первоначальные (бөліт көрсеткен біз – автор), а тамги Левшина и Мейера за видоизменившиеся»<sup>841</sup>.

Осы пікірде тарихи шындық болуы әбден мүмкін. Тамалардың тек бекейлік белігінде ғана ілгек таңбасының сақталып қалуы бізді осындай қорытындылар жасауға итермелейді.

<sup>838</sup> Сонда

<sup>839</sup> Казанцев И.О. Описание киргиз-кайсак. – СПб., 1887. – 213-б.

<sup>840</sup> Ахметзянов М. Ногайская орда и ее роль в этнической истории татар. – 53-б.

<sup>841</sup> Харузин А. Киргизы Букеевской Орды (антрополого-этнологический очерк). Вып. первый. – М., 1889. – 149-б.

Кейінрек Тама тайпасының Кіші жүзде ноқта аға ретінде көтермелей айтылуы тегінде Шыңғысханның Тама биге арналы құрмет көрсеткендігі туралы осы деректен өрбіп, қазақтар арасында орнығып қалса керек.

Мұнда тағы назар аударап нәрсе, Шыңғысханды Куркурлен Қара тауынан іздел тауып, оны жабылып хан көтерген билер арасында кейіннен қазақтың Кіші жуз бірлестігіне кірген тайпалардың билері арасынан Тама би мен Керейт би ғана аталады. Оның үстіне аталмыш деректе Керейт би әрқашанда Тама биден соң, кейін айтылады. Бұл, әрине, Тама бидің сол тұста Керейт биден жолының үлкен болғандығын дәлелдесе керек. Осы айтылғандар, біз әңгімелеп отырған шағатай тіліндегі ортағасырлық деректегі мәліметтер, Таманың Кіші жүзде ноқта аға мәртебесінде көріну себептерін біршама түсіндіріп беретін тәрізді.

Сонымен қатар бұл дерек Тама руы бір белігінің Солтустік Батыс Монголиядан батысқа қарай жылжуы Шыңғысханның жорығымен байланысты да орын алтуы мүмкіндігіне көз жеткізе түседі. Бұлай болған жағдайда біз тамалардың VI-VII ғасырлардан кейінгі батысқа бағытталған көштерінің екінші толқынын әңгімелеп отырған болып шығамыз. Мұндағы логика: егер Тама руында ықпалды Тама би Шыңғысханды хан көтеруде белсенділік танытса, тамалардың Ұлы қаганмен бірге оның батыс жорықтарына қатысуы, яғни батысқа қарай екінші рет қозғалуы әбден мүмкін.

Көріп отырмыз, Шыңғысханның монғол тілдес тайпалардың бастарын қосып дүйім монғол мемлекетін ұйымдастыруы осы өлкедегі түркі тілдес тайпалар тағдырына орасан зор өзгерістер әкелген. Түркі тайпаларының монғол тілдес тайпаларға қарсы ерлік құрестері енді Шыңғысхан жорықтары тасасында қалып қойды. Осы орайда, Зардыхан Қинаятұлы өзінің ойын төмендегіше жалғастырады: «Осыған байланысты түркі тектес халықтардың екінші жылжуы тарих сахнасынан Шыңғысхан бастаған монғолдар бой көрсеткен тұстан басталады.

Монғол мемлекетінің құрылуы, әмір Шыңғыс бастаған монғолдар дүйім дүниенің тең жартысын жауап алуды монғолдардың атак данқын асырғаны соншалық әсіресе Азия халықтары-

ның ортағасырлық тарихи процесі монголдардың ықпал болігі, Шынғысханның аруақ даңқымен жазылатын ағын пайда болды.

Осының салдарынан онда өмір сүрген көптеген ұлсыс тайпалар тарихта ескерусіз қалды. Жазылды деген күнде Шынғысхан бастаған Монгол империясы тарихының қыстырмасы, империяның тісіне сыйзық түрғысынан қаралып келді. Мінеки, IX-XIII ғасырларда аталған өлкеде өмір сүрген барлық тайпаларды «монгол» тегіне жатқызып қарау осынау біржактылықтың салдары деп қаралған жөн сияқты. Тарихта осылай бағы жанбаған тайпалардың қатарына Керейт, Найман, Меркіт, Жалайыр, Қоңырат, Уақ қатарлы заты түркі тайпаларын жатқызуға болады.

Аталған тайпалардың негізгі бөлімі келешек Қазақ мемлекетінін шаңырағын көтерісіп, қазақ ұлтының күрамына енді»<sup>842</sup>.

<i>Nº</i>	<i>Ry-tайпалар аттары</i>	<i>A..Левининнің мәліметтері (1832 ж.)</i>	<i>M.Гродековтың мәліметтері (1889 ж.)</i>	<i>И.Добросмыловтың мәліметтері (1895 ж.)</i>	<i>M.Тынышпаевтың мәліметтері (1925 ж.)</i>	<i>C.Аманжоловтың мәліметтері (1959 ж.)</i>	<i>H.Мынжанының мәліметтері (1987 ж.)</i>	<i>X.Арғыбаев М.Мұқанов В.Востров мәліметтері бойынша (2000 ж.)</i>	<i>A.Сейдімбек мәліметтері бойынша (2008 ж.)</i>
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Кыпшак	—	—	—	—	—	—	—	—

<sup>842</sup> Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соғыс түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. -- 9-6.

### 3.12. «Алаш» атауы және Алаш қауымдастығы

«Алаш» этнонимі қазақ халқының ежелгі этностық тарихымен тығыз байланысты атау екендігін қолда бар деректер дәлелдеп отыр. Сондықтан этностық тарихты жазғанда бұл мәселені айналып өте алмаймыз. Тарихымызда тіптен белгілі бір кезеңдерде «алаш» атауының кейінгі «қазақ» атауы қолданылатын мағына арнасында әрекет жасағанын байқауға болады. «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында» «алаш» үғымына мынадай түсініктемелер берілген: «Алаш (ежелгі түркі сөзі – бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген үғым. Ортағасырылғы және одан ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы. Алаш аты тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады. Монгол-татар – қазақ шежірелерінде Алаш (Алашы) хан туралы айтылады»<sup>843</sup>. Бұл айтылғандар тым жалпылама және «Алаш» этнонимінің мән-мағынасын нақты ашып бере алмайды. Мұнда «Алаш» деген не сөз? Осы басты сауалға нақты жауап жок.

«Алаш» атауы көбіне «Алты Алаш» үғымымен катар қолданылды. Осы үғымдардың тарихи тамырларын ежелгі түркі дәүірінен іздестіріп жүрген зерттеушілеріміз де барышылық. Мәселенің мән-мағынасын ежелгі Орхон жазуындағы Білге қағаның кешеніндегі «Алты тақ иегерлері» деген сөздің мағынасынан іздестірген белгілі түркітанушылар М. Жолдасбеков пен К. Сартқожаұлы кезінде Алты ұлыстық бірлестіктер: қыпшақты, тоғыз-оғызды, басмылды, қарлұқты, түргешті, отыз-оғызды атап көрсете келе, былай деп жазған еді: «Түріктер қағанат орталығын Орда деп атаса, хандықтардың орталығын «алачу» (алаш) деп атаған. Олай болса байырғы түріктердің осы алты тайпасы кейін «Алты Алаш» атанып, күні бүгінге дейін халық жадында сақталып қалған. Бұл атау Еуразия құрлығындағы ұлы дала көшпелілерінің ұранына айналған, бүтін оғыз, қыпшақ, қарлұқ, басмыл, он-ок түргештердің кейінгі үрпағы – казақ халқының

<sup>843</sup> Кәрібаев Б., Хасенов Э. Алаш // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.І. – Алматы, 1998. – 246-б.

ұранына айналған. «Алты Алачу» көк түріктердің ұраны болуы да мүмкін. Ол заманда «Алты Алачу» деп ұран салып, ту көтергенде, бүкіл түрік бір тудың астына жиналған да болар. Олай болса алты есірдің (так) Алты Алашы көк Түріктің аналогы болмақ. Біздің бұл ойымыз әлі де теренірек зерттей түсуді, зерделей тусуді қажет етеді»<sup>844</sup>.

Мұндай пікірдің туындауына себеп «есір» атауының мән-мағынасына байланысты. Түркітанушы Н. Базылхан «Тұнық-ұқ бітік тасының мәтінін талдағанда бұл мәселелеге мынадай түсініктеме берген еді: «Көне монгол тілінде <eseri//esiri>исер» – аласа, арқасыз орындық деген мағына білдіреді. Осы орындықта отырған монгол дәүірінің бекзаттарына қатысты бәдіздер жайында монгол археологі Д. Баяр кеңінен зерттеу жүргізіп (қытайша «хучуан» деп аталауды және оны қытайлықтар хүннұлардан үйренген – Г. Сұхбаатардың пікірі) монгол хандарының символы – барыс терісін жапқан орындық ерекше қастерленген деп көптеген тарихи деректер келтіреді. Д. Баяр: «Монгол дәүірінің бәдіздеріндегі орындықты қөшпелілердің «исер» орындығы деп қарастырған орынды және кереге сияқты жиналатын бүктемелі, қошіп-қонуга қолайлыш орындық...», – дейді.

Бұл ұсыныстар негізінде Қ. Сартқожа «Орхон мұралары» енбекінде есір // тақ (хан тағы) деп қарастырған.

Атальмыш пікірлердің ішінде «езир // бұркіт, есир // тапалша, арқасыз бүктемелі орындық, хан тағы» деген болжам орынды. Қайсысы дұрыс екені егжей-тегжейлі зерттеудің барысында жан-жакты дәлелденері сөзсіз»<sup>845</sup>.

Бұл айтылғандар «есір» атауының шынында да «тақ» немесе «орындық» деген мағынада қолданылғанын дәлелдей түсетіндей. Алайда әңгіме хан тағы туралы емес, ханға бағынышты ұлыстарды билеуші туралы болып отыр. Сондықтан да жоғарыда айтылған «алты тақ» иелері аласа орындыққа отырған мемлекетті билейтін ханнан кейінгі ұлыс билеушілері деп қабылдағанымыз жөн сияқты. Дегенмен де келтірілген деректер

<sup>844</sup> Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана, 2005. – 264-б.

<sup>845</sup> Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Т. II. – Алматы, 2005. – 110-б.

ежелгі түркің-моңғол тіліндегі «есір» сөзіменен «алаша» немесе «аласа» ұғымдарының арасында байланыс бар екенін көрсететіндей.

Әрине бұл айтылғандар ғылыми болжамдар ғана. Мұны зерттеушілердің өздері де ішінара мойындан отырғандай. Біздің ойымызша, бұл жерде «Алты тақ иегерлері» деген тұсінікті «Алты Алаш» ұғымы ретінде қабылдауға дәлел әлі де жеткіліксіз.

Тұркі қағанаттары тұсында «Алты Алаш» атауының жазба деректерде кездесе қоймайтыны белгілі. «Алты есір (тақ)» деген ұғымның Білге қаған мәтінінде бар екені рас. Бірақ бұл «Алты Алаш» дегенді аңғарта қоймайды деп ойлаймыз. «Алаш» атауының Орхон жазуларында кездеспеуіне қарағанда бұл ұғым VIII ғасырға дейін әлі де қолданысқа кеңінен ене қоймаған. Тіптен М. Қашқари өмір сүрген кезеңнің (XI ғ.) өзінде де «Алаш» әлі хандық немесе «есір (тақ иегері)» деген саяси мағынаға ие бола қоймаған.

Солай бола тұрса да аталған зерттеушілер «алачу» атауының Махмұд Қашқарі енбегінде де «кіші ордалар» деген мағынаны білдіргенін дәлелдеуге тырысып, бұл тарихи дерек алты кіші хандық құрып тұрган алты үлкен түркі тайпалары одағына қатысты болар деген болжамға жүгінеді. Шынында да М. Қашқарі өзінің әйгілі еңбегінде бұл мәселеге «АЛАШҰ – баспанған, кепе» деген нақты тұсініктеме берген еді<sup>846</sup>. Дәл осыған үқсас мағынаны В.В. Радловтан да кездестіреміз. Ол Алаша деген сөзді «аласа, яғни кіші» деп тұсінідіреді<sup>847</sup>. Бұдан анғаратынымыз, XI ғасырдағы Алашұ диалект түрінде біртіндеп азғана өзгерістерге ұшырап, кейінректе «аласа» деген қазақ сөзіне айналған. Кезінде хан емес екінші қатардағы тұлғаларға түркілер «Алаша» (кіші, аласа) деген есімді берсе, шағындау ұлыстарды да осылай атаған.

Мұнан байқайтынымыз, «алаш» атауы үлкен орданың емес, шағын «аласа (алаша)» баспананың, ал этностық тілмен айттар болсақ, үлкен қағанаттың емес, жеке ұлыстың атауын байқатын тәрізді. Алайда тарихи деректер ешқашанда VIII ғасырға

<sup>846</sup> Қашқарі М. Түрік сөздігі. 3 томдық. I том. – Алматы, 1997. – 166-б.

<sup>847</sup> Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т.1. – СПб., 1893. – 365-366-б.

дайын тайпалық одақтарды (Түргештен басқаларын) Алаш атамаған. «Алаш» алғаш рет Түргеш ұлысының жанама атауы ретінде белгілі болды. Мұның себебі іргелі Батыс Түркі қаганатының ішінен құрылған Түргеш шынында да шағын ұлыс еді. Ол Бес түркінің бірі болатын.

Қытай деректерінде Кертау тұтықтығына Түргеш Алаш ұлысының құрылғандығы айтылады. Сонымен бірге бұл атау кейде Түргеш-Алаш ұлысы деп те беріледі<sup>848</sup>. Бұл мәліметтерден аңғаратынымыз, біріншіден, Түргеш ұлысы (қаганаты емес) кезінде Алаш ұлысы деп те аталған. Және бұл атауды Қытай да мойындан отыр<sup>849</sup>.

Мұндайда мынадай занды сауал туындаиды: Неге Түргеш ғана «Алаш ұлысы» атанған? Онымен бір өдақтағы Бес түркі ұлысы неге түгелдей Алаш аталмаған?

Мәселенің байыбына терендең барап болсақ, Түргештің Алаш аталуы осы ұлысты басқарған Алаш чор атты әскери қолбасының билік жасауымен де тікелей байланысты екенін байқаймыз. Ол бірде Қалаш чор аталса, бірде Алаш чор аталады<sup>850</sup>. Бұл тұлғаның өзі де қаған емес, әскери қолбасы – «чор» деңгейіндегі, екінші қатардағы «аласа» бейне.

Осы «чор» атауына байланысты мәселені айқындалмай, ежелгі «алаш» атауын түсіндіріп беру қын тәрізді. Қытай жылнамасында осыған қатысты мынадай жолдар бар: «(Қаганын) ұлдары мен інілері тегін, өзге ұлыстардың әскербасылары шад деп аталды. Олардың ең ірі ұлығы – **құтлы чор** (бөліп көрсеткен біз – автор), одан кейінгісі – аба, одан кейінгісі – елтебер, одан кейінгісі – тұдын, одан кейінгісі – іркін»<sup>851</sup>. Бұдан байқайтынымыз, құтлы чор мәртебесі қағаның қызметінен кейінгі тегін және шад дәрежелерінен соң тұр. Жеке тұлғаның атының Алаш қойылуына таңданудың қажеті жоқ деп ойлай-

<sup>848</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2 кітап. – Алматы, 2006. –167-, 192-б.

<sup>849</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2 кітап. – 143-, 330-б.

<sup>850</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2 кітап. – 192-, 330-б.

<sup>851</sup> Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері (б.з. 275-840 жылдары). 2 кітап. – 123-б.

мыз. Түркі тілінде бұл атау кіші «баспана» немесе кіші, аласа қамқоршы деген мағынаны аңғартып отыр емес пе?

Сондықтан «алаш» атауы алғаш жеке адамға қолданылып, кейінректе ұлысқа таңылуы да мүмкін. Түркеш ұлысына байланысты айттар болсақ, дәл осылай болып тұр. Тегінде «Алаш» («баспана») деген ұғымды қолданған түргештер оны өздерінің ұлысына қамқоршы тарихи тұлғага есім ретінде беріп, ал бұл кейінрек ұлыс атына ұласса керек.

Дегенмен де бұл тұста, яғни көшпелі түркілерде монғолдар үстемдігі орныққанға дейін «Алаш» атауы кең өрістей қойған жоқ. Біргіндеп ол түркі дүниесінде Түргеш ұлысының жойылуына байланысты тарих сахнасынан ысырылды. XI-XII ғасырларға қарай «Алаш» түркіше тек тұрмыстық мәселеде, «баспана, кепе» деген мағынада ғана қолданылды<sup>852</sup>. Ал монғол билігі тұсында ол тіптен ұмытылды. Енді біргіндеп ойрат-қалмақ тілдеріндегі «Алаш» атауы орныға бастағы. Бірақ бұл этноним енді мулде басқа мағына беретін болды.

Дегенмен, «Алаш» этнонимінің қолданылуының кейінгі тарихы да бұл этнонимінің әрі жеке тарихи тұлғаның, әрі ұлыс атауының мән-мағынасын беретіндігін дәлелдей түсті. Бұл жerde әңгіме кейінректе көптеген ғасырлар өткен соң қазақ атанған халықтың арғы бабалары туралы болып отырғаны түсінікті.

Тағы бір басын ашып алуды қажет етегін маңызы мәселе – «Алаш» атауының қазаққа жауынгерлік ұран болуы туралы. Этнограф В.В. Радлов (1837-1918) «Алаш» ұғымына бірнеше түсінік бере келе, оны «бүкіл қырғыз (қазак) халықының жауынгерлік ұраны» деп атап көрсеткен еді<sup>853</sup>. Бұл рас. Тарихи деректерге сүйенсек, аты «Алаш» ұранына айналуы мүмкін бірнеше Алаш немесе Алаша деген тарихи тұлғаларға кездесеміз.

Тарих дүрбелеңдерінде Алаш атанған қайраткер біргіндеп ұмытылып, ақызға айналса керек. Дегенмен де халық жадында ол жауынгерлік ұран ретінде аныз тұлға түрінде сақталып қалған. Алайда тарихи зерттеулер «Алаш» есімін «Алаща» атанған тарихи тұлғамен де қатар береді. Кейде бұл атаулар бірін бірі ауыстырып та қолданылады.

<sup>852</sup> Қашқарі М. Түрік сөздігі. 3 томдық. Т.І. – 166-б.

<sup>853</sup> Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т.І. – 365-366-б.

Тұркі тіліндегі «Алаш» атауының ұмытылып, оны біртіндең қалмак тіліндегі «Алаш» түсінігінің ығыстырганының нақты көрінісі Сұлтан Ахмед хан. Оның бізге белгілі қысқаша өмірбаяны тәмендегідей: «Сұлтан Ахмет хан, Алачә хан (1465/66 – 1503/04) – Моголстан ханы. Жұніс ханның баласы. Әкесінің саясатына қарсы шықкан ол 1484 ж. мөголдың бірнеше руын басқарып, Мауереннахрдан Жетісуға қоныс аударды. Бірақ жергілікті халық – қазақтар мен қырғыздарды бағындыру оған оңайға түсінен жоқ. Мұхаммед Хайдар Дулаттың жазбасына қарағанда, Сұлтан Ахмед хан арлат, жарас, калучи, т.б. жергілікті тайпаларды бағындырып, Моголстанның шығыс бөлігінде билік құрды. Ол 1490 – 1503 ж. біртұтас мемлекет құру үшін қазақ хандарымен бірігіп, Қашқар мен Жаркентті бағындыру ниетімен Дулат әмірі Мырза Әбу Бәкірмен соғыссып, женіске жете алмады. 1503 ж. Мұхаммед Шайбаниден жеңіліп, Аксуда қайтыс болды»<sup>854</sup>.

Ә. Бекейхановтың Шәкәрім шежіресінде назар аударған мәселесі «Алаш» ұғымының шығуының осы Ахметхан есімімен байланыстырығы туралы. Ол шежіредегі мына жолдарды өз еңбегінде келтіреді: «...қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахметханды Алашы қойыпты. Мағынасы «жан алғыш» дегені, оны есіткен соң Ахметхан қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда «алашылап» шабындар деген соң, қазақтар алашы деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш-алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмады», – деп қазақтың мақтанатұғыны сол.

Осы үзіндіні келтіре отырып Ә. Бекейханов қалмақтың қазақты «Алаш» атағына күдік білдіріп: «Бұл қалай? Алаш деген – біздің қазак сөзі. Алаш қалмақ қойған ат болса, қалмақ өз тілімен қоятын жөні бар емес пе? ...Қалмақша Алаш не сөз? Мұны біздің «Қазаққа» жазатын аға-іні табылар ма?» – деп «Қазақ» газетінің оқырмандарына сауал тастайды.

Айта кеткен жөн, Ә. Бекейхановтың бұл сауалы аяқсыз қалған жоқ. Оған «Қазақ» газеті арқылы Халел Досмұхамедов жауап қайтарды: Орал облысында, – деп жазды ол, – «Уральская казачья воискаға» қараған қалмақтар бар. «Қыр баласының»

<sup>854</sup> Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.8. – Алматы, 2006. – 91-6.

өтініші бойынша, «Алаш» деген қалмақ тілінде сөз бар ма? Мағынасы қазақша не болады дегенімде, қалмақтар айтты: «Қалмақ тілінде «Алаш» деген сөз бар, қазақша мағынасы «өлтірігіш, аямаушы, жаугер» деп<sup>855</sup>.

Алаш деп қалмақтар жақтырмagan орында айтады. Жаны ашымай хайуанатты көп өлтіре беретін аңшыларды да қалмақтар «Алаш» деп атайды. X. Досмұхамедовтың осы пікірін өзінің «Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы» деп аталатын көлемді зерттеу еңбегінде Міржакып Дулатов қайталап келтіріп, мынадай пікір айтады: «Жоғарыда айтылғандай: «алаш» қазаққа ұран болып қалған мәнісі ақылға қонып тұр. Қазақ «алаш», яки «алашы» деген сөздің мағынасы қазақтың бұрыннан ұғынып жүргеніне дәл келуі – бұл ертегінің қисыны барлығын көрсетеді.

«Алаш» этонимі біздін халқымыздың ежелгі этностық тарихымен тығыз байланысты атау екендігін қолда бар деректер дәлелдеп отыр. Сондықтан да этностық тарихты жазғанда бұл мәселені айналып өте алмаймыз. Тарихымызда тіптен белгілі бір кезеңдерде «алаш» атауының кейінгі «қазақ» атауы қолданылатын мағына арнасында әрекет жасағанын байқауга болады.

Дегенмен де ғылыми зерттеулер қалмақтар «Алаш» атаған Сұлтан Ахмед ханды, қазаққа ұран болған тарихи тұлға деп айтуға мәжбүрлес коймайды. Мұның себебі, Ахметханды түркі тайпалары емес, қалмақ тайпалары «Алаш» атаған. Мұндайда ол қазаққа қалай жауынгерлік ұран бола алады? Өзінің Сұлтан Ахметхан деген тәп-тәүір мұсылманша есімі тұрганда ол неге «кісі өлтіруші – Алаш» атанады. Бұл бір. Екіншіден, Сұлтан Ахметхан – Моголстан ханы, оның іс-әрекеті қазақты құраған түркі тайпалары аймағынан шалғайлау жерлерде корінген. Өзі де қазақ даласынан тыс Ақсұда қайтыс болған. Сондықтан да қазақты құраған түркі тайпалары мұндай тарихи тұлғаны ұран етіп ұстанды деу тарихи шындыққа қайшы келеді деген ойдамыз.

«Алаш» атауын жеке тарихи тұлғамен байланыстыру кейінректері (XIV ғасырдың соңындағы) аныздарға да жатады.

<sup>855</sup> «Қазақ» газеті. Алаш азаматтарының рухына бағышталады /Кұраст.: У. Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. – Алматы: «Қазақ университеті» Bas редакциясы, 1998. – 39-б.

Мысалы, бізге мынадай ақыз белгілі: «...хижраның 780-790 жылдары шамасында (XIV ғасырдың соны) түрікше сөйлейтін 32 тайпаның қол астында 500 немесе 600 отбасы болған бір ханның тұтқын әйелінен «ала» аталған бала туады. Хан бәйбішесінің айдан салуымен баладан құтылмақ болып, оны Сырдарияның аргы бетіне апарып тастанды. Мұнда оны бір кедей бала етіп асырап алады. Кейіннен жігіттің батырлық ерліктерімен аты шығып, оның жеңістері туралы хабар ханға жетеді». Бұл аңызға сенер болсак, қазаққа ұран болған «калаш» атауы Қазақ хандығы құрылардың қарсаңында тарих сахнасына шыққан болып табылады. Бұл ауызша шежірелік деректерге де жақын тұр.

Айта кеткен жөн, XV ғасыр мен XVI ғасырлар тоғысында құрделі оқиғаларды баяндайтын әйгілі «Бабурнамеде» Сұлтан Ахмедханың Алашы аталған себебі анық жазылған. Онда «қалмактардың және монголдардың тілінде кісі өлтірушіні «калаш» деп атайдыны атап көрсетілген.

Мұндағы «моғол» ұғымы Жетісу және Қашқар өнірін мекендеген жергілікті халық атауы екені белгілі. Осыны ұлы тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати де атап көрсетеді. Мәселе түсінікті болу үшін Тәшкентте шыққан оның еңбегінің алғашқы орыс тіліндегі аудармасынан үзіндіні қаз-қалпында келтірелік: «Калмыки чрезвычайно боялись его и называли Алачи хан; по-монгольски «алачи» – «убийца», т.е. «хан-убийца». Это прозвище осталось за ханом, люди называли его Алача ханым. Сейчас среди монголов его называют Султан Ахмад хан, а все другие племена говорят «Алача хан». В историях Мирхонда и Хондамира. Харави и в других также написано «Алача хан».

Жалпы алғанда Ахмедханың осылай аталуы туралы көзқарасты қазақ зиялышары теріске шығара қоймайды. Мұхамеджан Тынышбаев «калаш» сөзінің айналасында біраз пікірлер айта келе, бұл ұғымның «алашын», «ногай», «қазақ» және т.б. атаулармен қатар кездесетініне, сондай-ақ «калаш» ұранының көптеген түркі руласына тән екенін айтады. Ол монголша бұл «кісі өлтіруші» деген ұғымды білдірегінін баса айтқан еді. Осы негізде ол «Алаш алаш болғанда» және «Алты алаш» деген түсініктердің бар екендігін де көрсете келіп, олардың мазмұнын түсіндіруге арнайы назар аударады. Сөз сонында М. Тынышбаев

«алаш» ұғымының «Алашадан» бұрын пайда болғанына еш күмән келтірмейді<sup>856</sup>. Бұлардан басқа тарихымызда «Алаш мыңы» туралы дерек Кадыргали Жалайырдың «Шежірелер жинағында» кездеседі. Бұл да арнайы зерттеуді қажет етегін мәселе.

Қазақ зиялыштарының «Алаш» ұғымы төңірегіндегі көзқарастарына біздің нақты баға беруімізді қыындана түсетін тағы бір мәселе – осы ұғымдар айналасында бүтінгі қазақ тарихшылары пікірлерінің де әртүрлілігі дер едік. Жаңаша көзқараспен жазылған «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында Алаша хан және Алаш бакадұр есімдері үш тарихи тұлғага тән екені көрсетілсе, ал тарихшы Н. Мыңжан мұндағы ханның өмір сүру кезеңін VI-XII ғасырлар мен зерттеуші Әбдікәрім Хасенов б.з.б. 1116-1072 жылдармен байланыстырады.

Ал қазаққа ұран болған Алаш бұлардың қайсысы деген сауалға жауап іздегендеге XIV ғасырдың екінші жартысында және XV ғасыр басында өмір сүрген Алаш баһадүрге ерекше назар аударамыз. Ол туралы энциклопедиялық басылымда мынадай мәлімет бар: «Алаш баһадұр (XIV ғасырдың 2-жартысы – XV ғасырдың 1-жартысы) – Дешті Қыпшақтың атақты батырларының бірі, аймақ билеуші. «Тарих-и Абулхайрханида» (XVI ғасырдың 1-жартысы) 16 жасар Әбілхайыр хан (1412-1469) тұтқыннан босап шығып, 1428 жылдың желтоқсан – 1429 жылдың наурыз айларында Алаш баһадүрдің жұртында болады. Дерек авторы Масуд ибн Осман Кухистани Алаш баһадүрдің ең қуатты тайпалардың бірін билегенін айтады. 1429 жылы 17 жасында хан болып сайланған Әбілхайыр көрсеткен енбегі үшін Алаш баһадүрге және оның аймағына сыйлық береді. Өзінің жарлығымен Алаш баһадүрді аймақ билеушісі етіп қалдырады».

Масуд бен Осман Кухистани өзінің аталмыш енбегінде Алаш баһадүрге деген Әбілқайыр сұлтаннның ықыласын төмендегіше атап көрсетеді: «...[Абу-л-Хайр]-султан, обладатель ангельских качеств, в надежде на благополучие и счастье остановился в юрте Алаша-бахадура, калантара большого аймака. Алаша-бахадур и прочие калантары того могущественного султана, опоясались поясом искренней дружбы и служения и с утра до

<sup>856</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. – А.: Санат, 1998. – 145-б.

вечера беспрекословно исполняли службу. Ту зиму хазрат [Абу-л-Хайр-султан] с помощью поддержки и милости божественной провел там...

[А] Алаш-бахадура и его аймак..., проявивших услужение и усердное моление, одарил дорогими халатами и такой царственной милостью, что невозможно представить больше этого, и оставил в его компетентном держании [право] распоряжения [своей] страной и имуществом...». Осы маңызды дерек XIV ғасырдың соңында XV ғасырдың басында болашақ қазақты құраған түркі тайпалары мекендеғен орасан зор аймақта Алаша (Алаш) баһадұр деген беделді тарихи тұлғаның өмір сүргенін аңғартады. Оған Дешті Қыпшактың үлкен бөлігі бағынышты болған. Беделіне батырлығы сай осы аса ықпалды тұлға кейінгі қазаққа жауынгерлік ұран болып қалған деп айтуға толық негіз бар. Осы тұрғыдан алғанда Ұлытаудағы Алаша хан күмбезі де осы тарихи тұлғаның басына қойылған болса керек. Кәсіби маман зерттеушілеріміз бұл мавзолейдің XIV-XV ғасырлар ескерткіші екендігін әлдеқашан дәлелдеді.

Қазақта сакталған «Алаш – алаш болғанда, Ала тай ат болғанда, Таңбасыз тай, енсіз қой болғанда» деген мәқал осы тұста шықса керек. Әбілхайырмен тату қатынаста болған Алаша баһадұр көп жылдар бойы халықтың дәүлетті өмірін, қауіпсіздігін, тыныштығын қамтамасыз ете алса керек.

Кейбір шежірелік деректер Алты Алаштың қатарына түркі халықтарын – өзбек, түрікпен, қарақалпақ, қырғыз, қазақ, ногайды жатқызады. Алайда бұл халықтардың орта ғасырлардағы тарихын зерттеген тарихшылары «Алаш» этнониміне назар аудара қоймайтынын байқаймыз.

Оның себебі «Алаш» атауы ең алдымен ежелгі қазақ тарихына қатысты. Оны кейбір зерттеушілеріміздің басқа түркі халықтарымен байланыстырымақ болған әрекеттері сондықтан да онша сәтті бола қойған жоқ. Бұғынгі күнгі өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, татар, башқұрт және тағы басқа туысқан халықтар тарихшылары «Алаш» этнонимінің мән-мағынасына терең бойлап, «бағстарын ауыртпайды». Өйткені бұл шын мәнінде қазақтың гана халық болып қалыптасуымен тікелей байланысты түсінік.

Қамбар батыр жырындағы «Тамашаға жиылсын, Алты Алаштың баласы», деген жолдар Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқанындағы «Он сан Алаш баласын, жұмсап бір тұрсың қолынмен» немесе Махамбеттің «Алты сан Алаш ат бөліп, тізгінің берсе қолыма», сондай-ақ «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш» деген сөз оралымдары «Алаш» атауының қазаққа тән екендігін тағы да айқындей түседі. Оның тарихи тамырларын басқа түркі халықтарынан іздестірудің қажеті жоқ.

Кезінде Н. Мыңжан: «Алаш» аты ертеде жалпы қазақ қалыптың ұраны болған; қазақтың байырғы шежірелерінде «Алаш» сөзі «Қазақ» атауының синонимі ретінде қолданылған», – дегенді айтқан еді. Мұның өзі «Алаштың» қазақтың қалыптасу тарихына қатысты этноним екендігін аңғартады. Қытайдағы орта ғасырлар тарихын зерттеп жүрген бауырымыз Ж. Мырзахан өзінің зерттеуінде «Алты сан Алаш» атауының қолданылуын XIII-XV ғасырлар аралығына, қазақ халқының қалыптаса бастаған кезеңіне апарады. Нақтырақ айттар болсақ, ол былай деп жазады: қазақты құраған көшпелі тайпалар «...Шыңғысхан тұсында «Алты сан Алаш» (қыпшақ, найман, жалайыр, қоңырат, алышын, қаракесек) аталып, Жошы ұлысына берілгеннен кейін Ақ Орда хандығы құрылғанда үйіткі болады да, оның қарулы күші екі қанатқа бөлінгенде Алаш мыңы деп аталады». Мұндағы «Алты сан Алаш» атауы Шыңғысхан тұсында шықкан дегенге келісу қыын. Өйткені аталып отырға қазақты құраған тайпалардың өзі бұл тұста монғолдар жорығына байланысты ыдырап, қайта құрылу қарсанында тұр еді. Бұл жана қазақ шежіресі басталар қарсанындағы ғасырлар. Сондықтан да қазақты құраған ірі тайпалар жана руларды қалыптастырып, ес жиып, XIV ғасыр сонынан бастап қана «Алаш» атана бастады. Ал олардың «Алты сан Алаш» аталауыны біздің ойымызша, XV ғасырдың алғашқы жартысы. Бұл кезде Жалайыр, Қоңырат, Алышын, Арғын, Найман, Қыпшақ тайпалары әбден қүшейіп, қазақ тәрізді халыққа этностық негіз болуга толық дайын болды. Олардың қарулы қүштері екі қанатқа бөлініп, «Алаш мыңы» аталауыны да осы кез. Осы айтылған пікірді жоғарыда біз атап кеткен Қадырғали Жалайырдың деректері де растай түседі. Онда мынадай жолдар бар екенін білеміз: «...Алач мыңы болады үш сан. ... Алач мыңы

арасында үлкені тарақ тамғалы жалайыр болады. Шыңғысхан заманынан бері бір мәртебеден (үлкендік) Тебребекке (В-би) тиді, одан Шайх-Софы-бекке тиді, одан Айтулы-бекке тиді, одан Итбаға-бекке тиді, одан – Қарач-бекке тиді, одан Тоңқа-бекке тиді. Алач мыңының ағасы болып келген осылар. (Бұл) Өзбекия арасында мағлұм-мәшhур». Бұл деректерден байқайтынымыз, үш санның тұратын Алаш мынын топтастыра бастаған тұлғалар Шыңғысхан заманынан бері қарай белгілі. Қадырғали Жалайыри бабамыз тіптен олардың есімдерін де атап береді.

XVI ғасырда жазылған Сайф ад-дин бен Дамулла Шах Аббас Ахсикентидің «Маджму ат-тауарих» атты еңбегінде Көшпелі өзбек ұлсысындағы 92 тайпа арасында қазакты құраған жоғарыда аталған жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ тайпалары қоғамдағы рөлдері маңызды болғандықтан, тізімдегі алғашқы ондықтың қатарында тұр<sup>i</sup>. Ахсикентидің атальмыш дерегінің мәліметтерін сөзбе-сөз берер болсақ, алғашқы ондыққа кіретін бұл тайпалар төмендегіше көрсетілген<sup>ii</sup>:

1. минг	6. конгурат
мінек	قوغورات
2. юз	7. алчин
боз	الجين (الپین)
3. кырк	8. аргун
قرق	ارغون
4. джалайир	9. найман
حلاير	نیمان
5. сарай	10. қыпчак
سرای	قىچاق (قېچاق)

Сондықтан «Алты сан Алаш» атанған бұл тайпалардың «үлкені» шынында да Жалайыр. Ал енді жоғарыда аталған «үш сан Алаш мыңына» жатқызылған тайпалар осы тізімдегі кейіннен қазакты құраған алғашқы үш тайпа. Дәлірек атап айттар болсақ, жалайыр, қоңырат, алшын еді деуге ғылыми негіз бар. Алайда бұл жерде «үш сан Алаш мыңын» қазақтың үш жүзімен шатастырмауымыз керек деп ойлаймыз. Қазак жүздері кейінрек XVI ғасыр соңына қарай пайда болды. Осындаida кейінгі қазақ қоғамында қалыптасқан Ұлы жүзде Жалайырды «аға баласы» ретінде тану сонау Шыңғысхан дәүірінен бастау

алып, Ақ Орда мемлекеті тұсында «Алты Алашта» көнінен таралса керек деген ой туады. Бұл Қазақ хандығы қалыптасар қарсаңдағы этно-саяси ахуал.

Ш. Үәлиханов кезінде Әмір Темір мен Тоқтамыстың арасында болған қантөгісте осы оқиғаға қатысқан Алаш балалары туралы айта кеткен еді. Осы деректі өзінің зерттеуінде пайдаланған М. Тынышпаев сөзбе-сөз былай деп жазды: «...Тимур во время первого своего похода (в 1391 году) убил детей «Алаша», под детыми «Алаша», как увидим дальше, разумеется «казаки». Нам известно, что в 1391 году Тохтамыш был разбит на левой стороне Волги; значит, дети «Алаша», или «казаки», жили в низовьях р. Волги».

Бұл жерде әңгіме, әрине, «Алаш мыңы» туралы емес, «Алаш балалары» туралы айтылып отыр. Дегенмен де бұл екі сөзді өзара қарсы қойып түсінуге болмайды. Өйткені «Алаш мыңы» деген түсініктің өзі тарих сахнасына бірденмен шыққан жоқ, ол кейіннен казакты құраған түркі тайпаларының ұлыстары Алаш атанғаннан кейін олардың XIV-XV ғасырлардағы этно-әлеуметтік тұрғыдан ірі-ірі алты ұлысқа бөлінуіне байланысты және осы ұлыстардағы әскери жасақтардың бірнеше мыңдықтарға топтасуына сай біртіндеп шықса керек.

Бұл жерде әңгіме жоғарыда аталған Алаш баһадурдің қаруындағы бұрынғы Ақ Орданы мекендеген тайпалар туралы болып отыр деуге толық негіз бар. Алғаш осы баһадурге бағынған аймак «Алаш мыңы» аталған әскери жасақ шығара алса, біртіндеп осы аймақтағы басты-басты ірі тайпалардың өздері де «Алты сан Алаш» атанатын болды.

Шындығында да жоғарыда келтірілген деректер «Алаш» атауының «Алаш – Алаш ұлысы – Алаш мыңы – Алты сан Алаш» тәрізді эволюциялық өзгерістерді бастан кешіргенін тағы да дәлелдей түседі. Бұл әлеуметтік-саяси және этностық өзгерістердегі үрдістердің нәтижесі еді. Алайда мынаны да ұмытпағанымыз жөн, уақыт ете келе «Алаш мыңы» немесе «алты сан Алаш» атаулары мен ұғымдары жаңа атауға – «қазақ» атауына орын беруге мәжбүр болды. Біздің ойымызша, бұл Қазақ хандығының біртіндеп тарих сахнасына шығуына байланысты болған өзгеріс. Бұрынғы Алаш ұлысының аймағында жаңа,

қазақ атанған түркі халқының қожалық жасай бастауы «Алаш» атауын біртіндеп ығыстырып шығарды.

Сонымен Сонымен Қазақ жүздерінің қалыптасуы туралы жоғарыда айтылғандарды қорытындылар болсақ мынадай тұжырымдар жасар еді:

1. Жүздік бірлестіктер бұрынғы Ордалық, яғни ұлыстық басқару жүйесінің жаңа этно-саяси ахуал жағдайында күрделі өзгеріске ұшыраған жаңа әкімшілік үлгілері. Бұл көптеген рутайпаларды біркітірген қазақ халқының қалыптасуынан және оның ішкі, сыртқы саяси жағдайға сәйкес туындаған этно-әкімшілік, саяси проблемаларынан еріксіз туындаған мемлекеттік жүйе.

2. Соңдықтан да «жұз» терминінің мағынасын ұғынғанда «бөлшек», «жақ» деп түсіндіретін ұғымнан бас тартуға негіз жоқ деп ойлаймыз. Әрбір қазақ жұзі тұтас халықтың «ұлы», «орт», «кіші» бейнесін, түрін, яғни жүзін көрсетті. Бұлар тұтас этностын бөліктегі еді.

3. Жүздер бұрынғы Ордалар тәрізді қазақ рулары мен тайпаларының басты-басты үш көшу аудандарында, орталықтарда тоptасып өмірге келді. Бұл көшпелі шаруашылық жағдайында әбден табиғи нәрсе еді. Алайда жүздердің құрылуына экономикалық-шаруашылықтық факторлардан гөрі XVI ғасырдың соңындағы – XVII ғасыр басындағы ішкі-сыртқы саяси, тіптен әскери-соғыстық факторлар басым әсер етті. Бұл қазақтың тәуелсіз ел болуы мен болмауы туралы мәселе шешілген кезең еді. Жаңа әкімшілік жүйе этнос ретінде қазақ халқы қалыптасып үлгерген мерзімде орын алғандықтан халқымызды іштен ажыратушы, ірітуші емес, қайта ел ретінде ұйыстыруыш, тоptастыруыш рөл атқарды. Бұл процестің қазақ тағдырында прогресті ықпалын да мойындауымыз керек.

4. Қазақты қураған рулар мен тайпалар сандаған ғасырлардан бері нақты көшу аудандарында шоғырлана көшіп жургендіктен, шаруашылықтық-территориялық мұдделер ортақ болғандықтан жоғарыдан қазақ хандары жасаған жүздік басқару құрылымын түсіністікпен қабылдады және алғашқы күндерден бастап-ақ өздерін осы жүздік құрылымның табиғи занды мүшелері ретінде сезінді.

5. Жұздік басқару құрылымы Есім ханның ел басқаруының алғашкы жылдарында 1598-1606 жылдары орнықты деп айтуда негіз бар. Бұл жаңа жүйенің негізгі қағидалары бұрынғы ұлыстық (Ордалық) басқару ережелерін жаңа этно-саяси ахуалға икемдеп негіздеген «Есім ханның ескі жолында» корініс тапты. Есім хан реформасының «ескі жол» аталуы да сондықтан.

6. Қорыта келгенде айтарымыз, «алаш» этномінің тарихы қазақтың ежелгі тарихы тәрізді едәуір құрделі эволюциялық жолдардан өтті. Бұл этномим туралы тұжырымдағанда мынадай қорытындыларды оқырманға ұсынамыз: біріншіден, «Алаш» ежелгі түркі сөзі. Алғашқы кезде ол шағындау орда немесе баспана деген ұғымды аңғартатын еді. Осыған байланысты ол кейде «каласа», «төменірек» деген мағынада да қолданылды. Түркі қағанынан кейінгі әскери ұлыс басшыларына сондықтан Алаш есімі берілген жағдай да орын алған. Мұндай дәстүр кейінректе XIV-XV ғасырларда да жалғасын тапты. Бұл ханнан кейінгі Кіші ұлысты билеуші дегенді білдірсе керек.

Екіншіден, «Алаш» есімді тарихи тұлға кезінде VIII ғасырда Түргеш қағанатын немесе ұлысын басқарған, Қытай жеріне дейін әйгілі болған, сондықтан да оның есімі ежелгі қытай жылнамаларында қалған, қағаннан соң аталағын мәртебелі әскери дәрежелердің бірі «шор» лауазымын иемденген. Бұл есім оған әрі елге «қамқоршы», «баспана» болғандықтан да берілсе керек. Өйткені «Алашұ» атауы жоғарыда айтқанымыздай, М. Қашқари сөздігінде үлкен отаудан аласалау «баспана, кепе» дегенді аңғартады. Біртіндеп Алаш шор басқаратын Түргеш ұлысын сондықтан да қытайлықтар, түркі жерін өздерінің территориялық жүйесіне икемдеп, бөлшектеген кезде «Алаш ұлысы» деп ресми түрде атаған еді. Алайда Түргеш ұлысының тарих сахнасынан кетуіне байланысты оның Алаш атауы да, оны басқарған Алаш шор атты тарихи тұлға есімі де біртіндеп ұмыт болды. Дегенмен, «Алаш» атауы түркілер санасында сақталып, жаңа заманда басқаша мағынаға ие бола бастады; үшіншіден, Монгол ұлыстары ыдырай бастаған тұста XIV-XV ғасырлар тоғысында Дешті Қыпшақ даласын Алаш баһадүр атты тарихи тұлға биледі. Ол Әбілхайырдың ықпалды замандасы еді. Алаш баһадүр, әсіресе, кезінде Орда Ежен ұлысына, яғни Ақ Ордаға қараған түркі тайпаларына қадірлі болса керек.

Бұлар, әрине, Әбілхайырды уақытша, амалсыз билеген аймақтың тайпалары еді. Сондыктан ханның өзі де осы Алаш баһадүрмен әрқашан санасуға мәжбүр болды. Болашақ қазақ дала-сында есімі елге әйгілі осы тұлға казакты құраған негізгі түркі тайпаларына беделді болып, оның есімі жауынгерлік ұранға айналды деп ойлаймыз. Қазактың XIV-XV ғасырлардағы баба-сының Алаш аталуы да осыдан болса керек. Сондыктан да Арқа төсіндегі Алаша хан мазары осы тарихи тұлғаның басына орнатылған деуге негіз бар. Төртіншіден, Монгол ұлыстары ыдырар тұста, жаңа әлеуметтік және территориялық бөліністер басталғанда, Алаш ұлысына кіретін түркі тайпалары әскери түрғыдан мындықтарға бөлінді, міне, осыған байланысты «уш сан Алаш мыңы» деген ұғым пайда болды. «Маджму ат-таварих» дерегінде 92 тайпа тізімінде алғашқы жетілікке кіретін үш тайпа – жалайыр, қоңырат, алшын осы «уш сан Алаш мыңы» құраған тәрізді. Мұны Қ. Жалайыр бабамыз өзінің еңбегінде келтірген; бесіншіден, осы «уш сан Алаш мыңы» болашақ қазақ халқының қалыптасуына этностық, әлеуметтік және саяси алғышарт, негіз қалады. Алтыншыдан, қазақ халқының түркілік даму кезеңінде «Алаш» атауы да тарихи өзгерістерге ұшырады. Ол «Алаш» – «уш сан Алаш мыңы» – «калты сан Алаш» тәрізді сатылардан өтті. Байқауымызша, алғаш түркі тіліндегі «Алащұ», яғни «баспана, кепе» деген мағына берген және ұмытылған түркі сөзін, кейінректе біртіндеп «аласа» деген ұғым ауыстырған. Ал монгол және қалмак тілдеріндегі «Алаша» мұлде басқа – «кісі өлтіруші» деген ұғымды беретін біздің тілге бөтен сөз. Сондыктан да кейінгісін алғашқысымен шатастырмағанымыз жән. Қалмақтар жаугершілік кезінде Ахмет ханға осындай атау бергенін атап көрсеттік. Яғни «Алаш» ұфымын түсіндірген кезде, онымен қабаттастыра қалмақ тіліндегі «Алаша» атауын да түсіндіруге тырысуышылық дұрыс бола қоймайды. Оның үстіне тарихымызда түркі тіліндегі «Алашты» монгол-қалмақ тіліндегі «Алашамен» салыстыра қолданута ешбір қажеттілік те, негіз де жоқ деп ойлаймыз. «Алаша», яғни ұнамсыз түрғыда «қанішер» атанған кейінгі тарихи қайраткер тұтас ұлысқа ұран болған деудің өзі де ешбір қисынға келмейді. Жалпы қазақтың жауынгерлік ұраны «Алаша» емес, «Алаш»!

Сонымен осылардың бәрін қорыта келгенде мынаған токталаамыз. «Алаш» этонимі ежелгі түркі сөзі, кейінірек жеке тарихи тұлғаның атына айналыш, ұлыс аты да осыдан шыққан. Қазақты құраған ірі алты түркі ұлысының атауы да осыдан бастау алады. Олар: жалайыр, коңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ. Бұлардың ішіндегі «ұлкені» Қ. Жалайыри бабамыз айтқандай – Жалайыр. Тағы бір ескеретін нәрсе, бұларды VI-VIII ғасырларда қыпшақ, тоғыз-оғыз, басмыл, қарлуқ, түргеш, отыз-оғыз тайпалық бірлестіктерімен шатастырмағанымыз жөн. Осы түркі ұлыстары арасында тек Түргеш ұлысының ғана Алаш атауына ие болғанын ұмытуға болмас. Ал «Алты сан Алаш» атауы XV ғасырга дейін тарих сахнасына шыға койған жок еді, өз өзінің алдындағы «үш сан Алаш мыңы» атты атаудың толықтырылған жалғасы.

**Ж**алпы қазақ халқының рулық-тайпалық қауымдастық арнасында өрбіген тарихын жазудың негізі бүрынғы ғасырлардан бастау алатынын да ұмытпауымыз керек. Қазақ руларының тарихын жазудан қашқатайтын зерттеушілерге П.И. Рычковтың<sup>857</sup>, В.В. Вельяминов-Зерновтың<sup>858</sup>, А.И. Левшиннің<sup>859</sup>, Шәкәрім Құдайбердіұлының<sup>860</sup>, А.И. Аристовтың<sup>861</sup>, Г.Е. Грумм-Гржимайлоның<sup>862</sup>, В.В. Бартольдтың<sup>863</sup>, қырында өзіміздің М. Тынышпаевтың<sup>864</sup> еңбектеріне назар аударыңыз дер едік. Халқымыздың рулық-тайпалық тарихын белсенді, тиянақты әрі терең зерттеген осындей ғалымдар болмаса бүгінгі Қазақстан тарихы толыққанды бола алар ма еді? Әрине, жоқ.

Алайда, осындай салиқалы да байсалды зерттеушілер салған айқын жол кенестік-тоталитарлық жүйе тұсында үзіліп қалды.

Енді қазақ рулары мен тайпалары тарихын жазушылар құғындалатын болды. Бұл бағытты жалғастыру және болашаққа апару тарихымызды жан-жақты толықтыра және байыта түспек.

Бұл міндетті бүгінде тәуелсіздіктің еркін тыныстай бастаған тұсында тарихшылар белсенді қолға алмаса мұнымен кім айналысады. Біздіңше, осыны мықтап ойластыратын кез келді. Кенестік тоталитарлық жүйенің орнығуна дейінгі қазақ хал-

---

<sup>857</sup> Рычков П.И. История Оренбургская (1730-1750). – СПб. 1896.

<sup>858</sup> Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. – СПб., 1864.

<sup>859</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. 2-басылубы. – Алматы, 1996.

<sup>860</sup> Құдайбердіұлы Шәкәрім. Түрік қыргыз-казак һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991.

<sup>861</sup> Аристов А.И. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – СПб., 1897.

<sup>862</sup> Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – Т.2. – Л., 1926.

<sup>863</sup> Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 2002.

<sup>864</sup> Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993.

қының тарихын жазумен әуестенүшілер рулық, тайпалық бірлестіктердің түбөгейлі орнығуының арқасында қазақ деген ұлттың этностық тұрғыда жүйелі түрде ұйысып, қалыптасқанына, әрбір ру мен тайпаның өздерінің туған өлкелерін, көшу жолдарын, жайылымдарын және қыстауларын сыртқы жаулардан белсенді қорғап, оларды үздіксіз ұлғайта берулерінің нәтижесінде, саны көп халықтардан әлдекайда аз болған қазақтардың бүгінде Қазақстан деп аталатын аса ауқымды терриорияны басқаларға бермей ұстап қалғанына баса мән бере қараулары керек деп ойлаймыз. Қазақ ұлттың басын құрап, осындай ұлы да мәрт, ержүрек те дархан және жомарт мінезді ерекше халықты тарихтың көрнекті сахнасына алып шыққан бүгінде бәрімізге белгілі қазақтың 40-тан астам руының ежелгі заманнан бастау алатын шынайы тарихы әлі күнге дейін жүйелі де тұтас жазылған жоқ. Сондықтан да қазіргі кезеңде кітап түрінде оқырман қауымына ұсынылған тарихымыздың жүдеу-жадау, өзге тұрмақ өзімізді де қанағаттандырмайтындей деңгейде қалып отырғаны ешкімге құпия емес. Бұдан, әрине, әркім өзінің қандас руының ғана тарихын жазулары керек деген біржакты тұжырым туынダメуы керек. Қазақ тарихшылары үшін қазақтың кез келген ру-тайпасының тарихы ұлт тарихының құрамдас және ажырамас бөліті болып табылады. Фылыми зерттеуде өзінің руының тарихын ғана меншіктеніп алатын өзімшілдікке, «менін руымның тарихын басқалар жазбауы керек» деген қызғаншактыққа, көреалмаушылыққа орын болуы тиіс емес. Қазақтың әрбір ру-тайпасының тарихының күллі қазаққа ортақ екендігін естен шығаруға тиіс емеспіз. Зерттеуші үшін рудың үлкен-кішісі жоқ. Әрбір, тіптен сандары аз рулардың да ұлттымыздың өмірінде өзіндік орны, үлесі және рөлі бар. Рулар тарихын ғылыми тұрғыда зерттеу арқылы біздер ұлт тарихын толық зерттеуге барамыз.

Қазақ руларының тарихи тағдырларын терендете, жан-жақты зерттеу тарих тауқыметімен шашырай қоныстанған кейбір қазақ руларының өткеніне тән тарихи құбылыстардың тылсым астарларын айқындалп алудымыздың көмек көрсетсе керек.

Шежірелік тұрғыдан қараганда да қазақ ру-тайпалары тағдырында анықталмаған мәселелер баршылық. Шежіренің әртүрлі нұсқалары рулар тарихынан құнды мәліметтер берумен

қатар, мәселе мазмұнын шатастыра да түседі. Оның үстіне шежірелер әртүрлі баламалар түрінде де кездеседі. Мұндайда шынайы да салмақты тарихи таңдау ғана көмекке келе алады. Жалпы алғанда, көптеген рулардың әр түрлі шежірелік нұсқаларының өздерінің зерттеушілерін күтіп жатқандары өміріміздің шындығы. Бұл міндетті рулар тарихын жан-жақты зерттеген ғалымдар ғана жүзеге асыра алатыны да құпия емес.

Қазақтың ежелгі тарихына терендеп барғанда түркі тайпаларының ортақ шығу тегін де ұмытпауымыз керек. Ол арғы түркілер немесе прототүркілер деп аталатын Ғұн, Үйсін, Қаңлы дәүірлерінен бастау алады. Олардың мұрагерлері, әрине, түркілер болып табылады. Қазір ғылымда қабылданған түсінік бойынша, түркі тектес халықтардың ру-тайпаларының қалыптасуы Алтай дәүірінен бастау алады. Бұл, әсіресе, тілдік ерекшеліктерден айқын байкалады. Мұны белгілі түркітанушы Н.А. Басқаков жасаған сызбадан айқынырақ анғарамыз. Мұнда әсіресе түркі тілдес халықтардың тарихи отаны Саян-Алтай өңірі екендігі дәлелдірек көрсетілген. Алайда бұлар көшпелі тайпалар болғандықтан олардың көшу жолдары онтүстіктері Тянь-Шаннан солтүстіктері Алтайға дейін созылып жатты. Яғни алғашқы түркі тайпаларының рулық-тайпалық бірлестіктері және мемлекеттік одактары, негізінен, осындағы Орталық Азияның үлкен аймағында дүниеге келген және қазіргі қазақ жері арқылы батысқа қанат жайған. Бұдан шығатын қорытынды кейінгі түркі халықтарының ата-бабаларының терең тамырлары сонау түркі дәүірлеріне таралып кеткен.


Ежелгі Ҳұн, Үйсін, Қаңлы бірлестіктерінен бастау алған қазақтың этностық тарихы көптеген қылы тарихи кезеңдерді бастан өткізіп, өзінің мемлекеттігін – Қазақ хандығын құра алды. Көшпелі ру-тайпалардың бір орталыққа біріккен мемлекеттің ұйыстырудың өзі сол заманда адамзат тарихындағы ұлы ерлік болды. Бұл мемлекеттің этно-әлеуметтік тірегі, ынтымағы жарасқан, «ел басына күн туып, ат ауыздығымен су ішкен» заманда «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара білген Алаш қауымдастығына біріккен қазақ рулары мен тайпалары болды. Алайда орыс отарлауы және кеңестік тоталитарлық билік қазақтың дәстүрлі қоғамын күйретіп жіберуге жұмыс жасады. Әсіресе XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап қазақ рулары мен


тайпаларына ашықтан-ашық жаулық көзқарас көрініс берді. Қазақтың ру-тайпаларын түгендемек түгіл, адамдардың өздерінің туған ата-бабаларының есімін естен шыгаратын, яғни дәстүрлі тарихи сананы аяқ асты ететін рухсыздану, русыздану және ұлтсыздану заманы басталды. Иňшалла, бұтінде еліміз еңсесін тіктең, өткен тарихына байсалды көз жүгірткен заманда жоғарыда әңгімелентен ұзын-сонар тарихымыз неге назардан тыс қалуы керек?! Рушылдықтан қорқамыз деп, өзіндік ерекшелігі бар – шын мәнінде өткені ру-тайпалардың іс-әрекетінен құралған ұлттымыздың тарихын көпе-көрнеу байқамай, қазақ тарихын күрделі этностық мәселелерді екшелеп алмай-ақ, «ұлттық», «халықтық» деген жалпылама ұрандар тасасында «жауырды жаба тоқып» жаза береміз бе? Рулар тарихын ұлт тарихына қарсы қойғанымыз қалай болады?!


Сонда біз қазақты этностық тұрғыдан құраған әрбір ру-тайпалардың алғаш өзіндік рулық тулары болғанын (Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашидиін» қараныз), олардың жеке рулық таңбалары-белгілері болғанын, кейінірек рулық ұрандардың үстемдік алғанын және т.б. айтудан неге жалтарамыз? Неліктен осындай көптеген этностық мәселелерге катысты тарихымыздың құнды да бағалы жақтарынан қасақана, саналы түрде бас тартуымыз керек? Бұтін мұндай сауалдарға жауаптар батыл және нақты болулады тиіс. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі Қазақстанда қазақ халқының этностық тарихи тамырларына катысты өзіндік талдаулар жасап жүрген азаматтар да баршылық. Олардың кезқарастары мен ұстанымдары жазбаша деректермен салыстыру барысында шындықты айқындауға көмектесулері әбден мүмкін. Солардың бірі және бірегейі ретінде өзіміз жоғарыдағы зерттеу жұмыстарымызды нақты пайдаланған шежіреші Зайыр Сәдібекулының этностық сыйбаларын оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік. Әрине бұл сыйбалар қазіргі этнология ғылымының талантарына толық жауап береді деп айта алмаймыз. Өйткені мұнда да әлі күнге дейін әртүрлі пікірлер мен талас-тартыс тұғызып келе жатқан мәселелер баршылық. Мысалы З. Сәдібекулы «Қазақ» этонимінің шығуын «Қас Сак» атауымен байланыстырады. Бұл, әрине, ғылыми тұрғыдан дәлелденбеген нәрсе. Осындай барлық шежірешілімізге тән ғылыми негізі әлі де нақтыланбаған пікірлер біз

ұсынып отырған сызбаларда барышылық екенін мойындаймыз. Солай бола тұрса да, Зайыр Сәдібекұлының оқырманға ұсынылып отырған сызба зерттеулері қазақ халқының этностық тамырларының түркі және аргы түркі (прототүркі) замандарынан бастау алатынына тағы да көзімізді жеткізе түседі. Соңдықтан мұндай этностық сызбалардың біздің тарихымыз үшін, оған жаңа көзқарасты қалыптастыруда маңызды екенін де түсінгеніміз жөн болар.

Қазақ ру-тайпаларының орналасуы  
XIX ғ. аяғы - XX ғ. басы







Оку басылымы

Талас Омарбеков

**ҚАЗАҚ ТҮРКІЛЕРІНІҢ ШЫFYУ ТЕГІ  
(IX-XV ғасырлар)**

*Oку құралы*

Редакторы *Клара Саркенова*

Компьютерде беттеген *Айша Қалиева*

Мұқабасын көркемдеген *Ринат Сқаков*

**ИБ № 7158**

Басуга 16.06.2014 жылғы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Көлемі б.т.

Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №486.

Таралымы 100 дана. Багасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.